بسم الله الرحمن الرحيم

ТҮРКИЯ ДІНИ ІСТЕР БАСҚАРМАСЫ БАСПАЛАРЫ /
DİYANET İŞLERİ BAŞKANLIĞI YAYINLARI : 1120
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КІТАПТАР / KAYNAK ESERLER: 96

БАС ҮЙЛЕСТІРУШІ / GENEL KOORDİNATÖR
ПРОФ. ДОК. МЕХМЕТ ЭМИН ӨЗАВШАР

БАС РЕДАКТОР / YAYIN YÖNETMENİ
ДОК. ЮКСЕЛ САЛМАН

ҮЙЛЕСТІРУШІ / KOORDİNASYON
ЙЫЛДЫРАЙ КАПЛАН

ҚҰРАН КӘРІМ МӘТІНІН ЗЕРТТЕУ / KUR'AN-I KERİM METİN İNCELEME
ҚҰРАН КӘРІМ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ҚЫРААТ КЕҢЕСІ

ҚАЗАҚША АУДАРМАСЫН ДАЙЫНДАҒАНДАР / ÇEVİRİYİ HAZIRLAYANLAR
МҰХАММЕД ШЫҢҒЫС ҚАЖЫ, ЕРМЕК МҰХАММЕДҚАЛИ

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІ / BİLİMSEL DANIŞMAN
ЕРЖАН ҚАЖЫ МАЛҒАЖЫҰЛЫ - ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ, БАС МҮФТИІ

ЖОБА ЖЕТЕКШІСІ / PROJE BAŞKANI
ОРАЗ СЕРІКБАЙ ҚАЖЫ САТЫБАЛДЫҰЛЫ

РЕДАКТОРЫ / REDAKTÖR
ИМАШЕВ БОЛАТБЕК ҚАЛИҰЛЫ

СОҢҒЫ БАҚЫЛАУ / SON KONTROL
АЙДА УЛУСОЙ

ISBN 978-975-19-6377-2
2015-06-Y-0003-1120
СЕРТИФИКАТ № 12930

ТУЫНДЫ ЗЕРТТЕУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМІ: 08.01.2015/24

1-БАСЫЛЫМ

АНКАРА 2015

БАСПА / BASKI

ERTEM BASIM YAY. DAĞ. SAN. TİC. LTD. ŞTİ.

+90 (312) 640 16 23

ДИЗАЙН - ГРАФИКА / GRAFİK TASARIM
МҮЖЕЛЛА ТЕКИН, ЭМРЕ ЙЫЛДЫЗ, УГУР АЛТУНТОП

© ДІНИ ІСТЕР БАСҚАРМАСЫ
ДІНИ БАСПАЛАР БАС ШТАБЫ
БАСЫЛҒАН БАСПАЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ
ТЕЛ.: +90 (312) 295 72 93 • ФАКС: +90 (312) 284 72 88
ЭЛ-ПОШТА: DINIYAYINLAR@DIYANET.GOV.TR

• KUR'AN-I KERİM KAZAKÇA MEÂLİ

القرآن الكريم

ҚҰРАН КӘРІМ

ҚАЗАҚША АУДАРМАСЫ

DİYANET İŞLERİ BAŞKANLIĞI

ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ ДІНИ ІСТЕР БАСҚАРМАСЫ

1. ФАТИХА СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 7 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Рахман Рахим Алланың атымен.
2. Барлық мадақ әлемдердің Раббы Аллаға тән.
3. Өте рахымды, ерекше мейірімді.
4. Дін күнінің (қияметтің) иесі.
5. Саған ғана құлшылық етеміз және сенен ғана жәрдем тілейміз!
6. Бізді тура жолға бастай гөр!
7. Қаһарыңа тап болғандар мен адасқандардың жолына емес, өзің игілікке кеңелткендеріңнің жолына!

2. БАҚАРА СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 286 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Әлиф, Ләм, Мим.
2. Бұл кітап (Құран) ешқандай шек-шүбәсіз, тақуаларды тура жолға бастаушы.
3. Олар ғайыпқа сенеді, намаз оқиды, өздеріне берілген ризықтан (Алланың жолына арнап) жұмсап тұрады.
4. Олар саған түскен кітапқа және сенен бұрынғыларға түскен кітаптарға сенеді, ақыретке күмәнсіз сенеді.
5. Міне солар ғана Раббыларының тура жолындағылар, солар ғана мұратқа жететіндер.
6. Кәпірлерге ескертсең де, ескертпесең де, бәрібір, олар иман келтірмейді.
7. Алла олардың жүректерін және құлақтарын бітеп қойған, көздері перделенген (ақиқатты естімейді және көрмейді), олар (ақыретте) ауыр жазаға ұшырайды.
8. Адамдардың кейбіреуі: “Біз Аллаға және ақырет күніне иман еттік”- дейді, бірақ олар сенбейді.
9. Олар Алланы және мүминдерді алдамақшы болады, бірақ алданушы тек қана өздері және оны өздері сезбейді.

10. Олардың жүректерінде (екіжүзділік, күншілдік сияқты) дерт бар, Алла олардың дертін көбейтті. Олар жалған сөйлегендіктері үшін қатты жазаға дұшар болады.

11. Оларға: “Жержүзінде бұзақылық істемеңдер” делінсе, “Біз - түзетушілерміз”- дейді.

12. Біліп қойыңдар, анығында, олар бұзақылар, бірақ онысын өздері сезбейді.

13. Оларға “Иман келтірген адамдар сиақты сендер де (шын ниетпен) иман келтіріңдер” делінсе, олар: “Біз де ақымақтарша иман келтіреміз бе?”- дейді. Біліп қойыңдар, шындығында, олар – өздерін өздері білмейтін ақымақтар.

14. Олар мүминдерге кезіге қалса, “Біз де иман келтірдік,”- дейді, ал шайтандарымен оңашалана қалса: “Біз расында сендермен біргеміз, біз оларды тәлкек қылып жүрміз”- дейді.

15. (Тәлкек қылғандықтары үшін) Алла олардың өздерін тәлкекке ұшыратып, олар ды азғындықтары ішінде мәңгірткен күйде қаңғырта береді.

16. Мұндайлар – туралықты беріп, азғындықты сатып алғандар. Сондықтан, олар саудадан пайда таппайды, әрі тура жолға да түсе алмайды.

17. Олар бейне (қараңғыда) от жағып, айналасын жарық қыла бергенде, Алла олардың жарығын өшіріп, тастүнекте қалдырған, адам сияқты ешнәрсені көрмейді.

18. Олар саңырау (жақсылықты естімейді), мылқау (жақсылықты сөйлемейді), соқыр (жақсылықты көрмейді), сондықтан, азғындаған бетінен қайтпайды.

19. Немесе олар қараңғы түнекте күркіреген найзағайлы нөсерде қалып, найзағай түсіп өлуден қорқып, саусақтарымен құлағын басып алған әлдекімге ұқсайды. Алла, кәпірлердің жайын толық біліп тұрады.

20. Найзағайдың жарқылы олардың көз нұрын ала жаздайды, олар найзағай жарқ етіп сәуле түскенде қадам басса, қараңғылық құрсаған сәтте тоқтай қалады. Егер Алла қаласа, олардың естуін және көруін жоқ қылар еді. Алла, шынында, барлық нәрсеге құдіретті.

21. Ей, адамдар! Сендерді және сендерден бұрынғыларды жаратқан Раббыларыңа құлшылық етіңдер, сонда такуаға жеткен боласыңдар.

22. Алла, сендерге жерді төсек, аспанды күмбез етіп жаратты. Аспаннан жаңбыр жаудырып, сендерге ризық болу үшін, жерден алуан түрлі жеміс өсірді. Сендер соны біле тұра Аллаға серік қоспаңдар.

23. Сендер құлымызға (Мұхаммедке) біз түсірген Құранға күмәндансаңдар, онда сендер де сол сияқты бір сүрені келтіріп көріңдерші! Алладан

басқа куәгерлеріңді түгел шақырып, айтқандарыңның хақ екенін дәлелдеңдерші!

24. Егер олай істей алмасаңдар, әрине, мұны істей алмайсыңдар, онда адам мен тас отыны болған, кәпірлер үшін әзірленген, тозақ отынан сақтаныңдар.

25. (Ей, Мұхаммед!) Иман келтіріп, ізгі іс істегендерді өздері үшін іргесінен бұлақтар ағып жататын жәннаттар бар деп қуант. Олар әрқашан жәннаттың жемісімен ризықтандырылған кезде: “Бұл бізге (дүниеде) бұрыннан-ақ бұйырған ризық еді”-дейді. Оларға түрі дүниедегіге ұқсас (бірақ дәмі ұқсамайтын) жемістер беріледі. Әрі олар үшін онда пәк жұбайлар (хор қыздары) бар. Олар сонда мәңгі тұра береді.

26. Алла расында масадай нәрсені, тіпті онан зорғы нәрсені де мысалға келтіруден арланбайды. Мүминдер бұлардың Раббыларынан түсірілген ақиқат екенін біледі. Ал кәпірлер: “Алланың осы нәрселерді мысалға келтірудегі мақсаты не?”- дейді. Алла осы мысалы арқылы талайларды (оған иланбаса) адастырады, талайларды (оған иланса) дұрыс жолға салады. Ал адастырғанда, тек бұзықтарды ғана адастырады.

27. Олар (бұзықтар) Аллаға уәде беріп алып, артынан сол уәдені бұзады, Алланың орнатуға бұйырған нәрсесін (туыстық қарым-қатынасты, татулықты) үзеді, жержүзінде бұзақылық істейді, міне, бұлар – зиян тартушылар.

28. Аллаға қалайша сенбейсіңдер? Әуелде жансыз едіңдер, сендерге жан бітірді, енді (уақыттарың біткенде) тағы өлтіреді де, кейін қайта тірілтеді, сонан соң Алланың алдына (есеп беру үшін) қайта барасыңдар.

29. Алла жер жүзіндегі барлық нәрсені сендер үшін жаратты, соңынан аспанды жаратты да, оны ақаусыз жеті қабат етіп орналастырды. Ол барлық нәрсені біліп тұрушы.

30. Кезінде Раббың періштелерге: “Мен жержүзінде халифамды белгілеймін”-деген еді. (Сонда періштелер:) “Жержүзінде бұзықтық істеп, қан төгетін біреуді жаратасың ба? Ал біз сені ерек деп ұлықтап, пәк деп мадақтаймыз” - деді. Алла: “Ақиқатында сендер білмегенді мен білемін”- деді.

31. Ол Адамға (Адам ғалайһиссаламға) барлық заттардың аттарын үйретті. Онан соң оларды періштелерге көрсетіп: “Егер айтқандарың рас болса, осы заттардың аттарын айтып беріңдер”- деді.

32. Періштелер: “Сен - асқан ұлысың, біз сен үйреткеннен басқаны білмейміз, сен - расында, барлық нәрсені білуші, асқан данасың”- деді.

33. Ол (Алла): “Ей, Адам, оларға мына нәрселердің аттарын айтып бер”- деді. Адам оларға аттарын айтып берген шақта, Алла (періштелерге): “Мен сендерге жер мен көктің ғайып істерін және сендердің жария әрі құпия істеріңді біліп тұрамын демеп пе едім?”- деді.

34. Өз кезінде періштелерге: “Адамға сәжде (тағзым) қылыңдар” - деген едік. Сонда олар түгел сәжде қылды. Жалғыз Ібіліс қана (сәжде қылудан) бас тартты да, астамшылық жасап, дінсіз болды.

35. Біз (Адамға): “Ей, Адам, сен жұбайыңмен екеуің жәннатта болыңдар, ондағы нәрселерден қалағандарыңша ішіп-жеңдер, бірақ мына дарахқа (оның жемісіне) жоласаңдар, жазықты боласыңдар”- дедік.

36. Сонда шайтан бұл екеуін азғырып, жаза басқызды (жеменДер деген жемісті жегізіп жазықты етті), сөйтіп оларды сол мекеннен (жәннаттан) қудырды. Оларға (Адамға, Хауаға, Ібіліске): “Енді бірің мен бірің өштескен бақас күйде (жержүзіне) түсіңдер. Мерзімді шаққа дейін жержүзін тұрақ етіп, жерден пайдаланыңдар”- дедік.

37. Сонда Адам Раббысынан тәлім сөз алды да, (кешірім тілеп) жалбарынды. Раббы оның тәубесін қабыл етті. Өйткені ол тәубені өте қабылдаушы, өте рахымды.

38. Біз (оларға): “Бәрің де бұл арадан түсіңдер, сендерге менен бір тура жол меңзеуші (пайғамбар) келсе, сол кезде кімдер менің нұсқаған тура жолыммен жүрсе, оларға қауіп-қатер, қам-қайғы жоқ”, деген едік.

39. Кәпір болып, аяттарымызды өтірікке шығарғандар – Тозақтықтар, олар онда мәңгі қалады.

40. Ей, Исрайыл ұрпақтары! Сендерге нәсіп еткен нығметімді естеріңде сақтап, уағдаларыңа опа қылыңдар, сонда мен де (сауап беру сынды) уағдамды орындаймын, менен ғана қорқыңдар.

41. Мен түсірген Тәуратты растаушы Құранға сеніңдер, оған, ең алдымен, сенімсіздік білдірмеңдер. Менің аяттарымды аз ақшаға сатпаңдар, менен ғана именіңдер.

42. Хақты нақақпен араластырмаңдар, шындықты біле тұра жасырмаңдар.

43. Намазды толық өтеңдер, зекет беріңдер, рукуғ етушілермен бірге рукуғ етіңдер (Алланың құзырына бас қойып иіліңдер).

44. Басқаларды жақсылыққа бұйырып, өздеріңді ұмыт қалдырасыңдар ма? Сендер кітап (тауратты) оқитын адамсыңдар, мұны түсінбейсіңдер ме?

45. Сабырмен және намаз оқумен (Алладан) жәрдем тілеңдер. Расында ынталылардан басқаларға мұның машақаты мол.

46. Олар (Ынталылар Раббысына шын жолығатындықтарына әрі оның алдына сөзсіз қайтарылатындықтарына кәміл сенеді.

47. Ей, Исрайыл ұрпақтары! Сендерге берген нығметтерімді және (бір кезде) сендерді әлемде үстем қылғанымды есте сақтаңдар.

48. Біреу үшін ешкімнің қайыры тимейтін, біреудің біреуге шапағаты қабылданбайтын, ешкімнен де ақы алынбайтын, жәрдемге қолы жетпейтін сол бір күннен қорқыңдар.

49. Өздеріңді қатты қинап азаптаған, қыздарыңды қалдырып, ұлдарыңды

бауыздаған перғауын тобынан сендерді құтқардық, осының өзі де Раббыларыңның сендер үшін үлкен сынағы еді.

50. Сендер үшін теңізді қақ жарып, сендерді құтқарып, перғауын тобын көз алдарыңда ғарқ қылдық.

51. Мұсаға қырық түнді (сол мезгіл аяқталғанда Тәуратты түсірген) уағда еткен едік. Кейін оның артынан сендер бұзауға табынып, өз бастарыңа залымдық істедіңдер.

52. Сонан кейін шүкірлік етер деп, сендерге кешірім жасадық.

53. Кезінде, сендердің тура жолға түсулерің үшін, Мұсаға дұрыс пен бұрысты ажырататын кітапты (Тәуратты) бердік.

54. Сонда Мұса өз қауымына: “Ей, қауымым, сендер бұзауға табынып, өздеріңді алдадыңдар, енді жаратушыларыңа тәубе қылып, (бұзауға табынбағандарың) бұзауға табынғандарды өлтіріңдер, жаратушыларыңның алдында осылай істегендерің рауа. Алла тәубелеріңді қабылдайды, өйткені, ол тәубені өте қабылдаушы, өте рахымды” деді.

55. Сол кезде, сендер: “Ей, Мұса, біз Алланы көзімізбен анық көрмей тұрып, саған әсте иланбаймыз”-деген едіңдер, сол сәтте сендерге табанда жасыл түсті, мұны өздерің де бақырайып көріп тұрдыңдар.

56. Онан соң шүкірлік етсін деп, сендерді өлгеннен кейін қайта тірілттік.

57. Сендерге бұлтты сая еттік, (аспаннан) құдірет тосабын (Сәлуәні) және бөденені түсірдік те, нәсіп етілген пәк әрі дәмді ризықтардан жеңдер дедік. Бірақ, олар бірге қастық істей алмады, қайта өздері тауқымет тартты.

58. Біз өз кезінде (Мұса арқылы): “Мына қалаға (Байтұлмұқаддасқа) кіріңдер де, ол жерде емін-еркін ішіп-жеңдер, (Байтұлмұқаддас) қақпасынан сәжде қылып, (ия, Раббым) күнәларымызды кешіргейсің деп кіріңдер. Біз күнәларыңды кешіреміз және жақсы іс істегендерге артық сауап береміз” - дедік.

59. Залымдық істеушілер (кешірім сұрау жөніндегі) өздеріне айтылған сөздің өңін айналдырды. Бұзақылық істегені үшін біз залымдарға аспаннан апат түсірдік.

60. Сонда Мұса өз қауымына су сұраған еді, біз оған: “Аса таяғыңмен тасты ұр” - дедік. Сол сәтте одан он екі бұлақ атылып шықты да, әр ру өз суаттарын біліп алды. Оларға: “Алланың несібесінен ішіп-жеңдер, тек жержүзінде жамандық жаймаңдар” - дедік.

61. Бір кезде (Исрайыл ұрпақтары, бөдененің етімен және құдірет тосабымен қоректенген шақтарында) сендер: “Ей, Мұса, бір ғана қорекке шыдай алмайды екенбіз, біз үшін Раббыңа дұға қыл, бізге жердің көкөнісін, қиярын, сарымсағын, бұршағын және пиязын өндіріп берсін” - дедіңдер. (Мұса:) “Жақсы нәрсені жаман

нәрсеге айырбастайсыңдар ма? (Ендеше) бір қалаға кіріңдер, сонда қалағандарың бар” - деді. (Ақыры,) олар қорлық пен мұқтаждықта қалып, Алланың қаһарына тап болды. Мұның себебі, олар Алланың аяттарына қарсы келіп, пайғамбарларды нақақ өлтірген, әрі Аллаға қарсылық істеп шектен шыққан еді.

62. Иман келтіргендер, Яһудилер, Насаралар (христиандар) және Сабииндер (жұлдызға, көкке табынушылар) арасынан Аллаға, Ақыретке сенген, ізгі іс істеген адамдар, Алланың алдында сөзсіз өз сауабын алады. Оларға қауіп-қатер, қам-қайғы болмайды.

63. Біз сол кезде Тур тауын бастарыңа төндіріп тұрып, сендердің уағдаларыңды алып: “(Ақырет азабынан) сақтануларың үшін, біз берген кітапты (Тәуратты) мықты ұстап, ондағы ережелерді естеріңде сақтаңдар” - деген едік.

64. Кейін (уағдадан тайып) бет бұрып кеттіңдер, сендерге Алланың кеңшілігі, қайырымы болмаса, гәп жоқ, зиян тартушылардан болатын едіңдер.

65. Араларыңдағы сенбі күні (балық ауламау жөніндегі) шариғат шегінен шыққандарды сөзсіз білесіңдер. Біз оларға: “Маймыл болып, абыройларың кетсін!” - дедік.

66. Бұл жазаны олардан ілгергі және кейінгілер үшін ғибрат, тақуалар үшін насихат еттік.

67. Бір кезде Мұса өз қауымына: “Алла сіздерге бір сиыр бауыздауды бұйырады”-деп еді. Олар: “Сен бізді тәлкек қылып, мазақтап тұрсыңба?”- деді. Мұса: “Мен қас надандардан (тәлкек етушілерден) болмас үшін, Аллаға сиынамын” - деді.

68. Олар (Мұсаның қауымы): “Біз үшін Раббыңа жалбарынып мінәжәт қыл, бізге оның қандай сиыр екендігін баяндасын”-деді. Мұса: “Алла ол сиырды кәрі де емес, жас та емес, орта жастағы болсын дейді, сендер әмірді орындаңдар” - деді.

69. Олар тағы да: “Сен Раббыңа жалбарын, бізге сиырдың өң-түсінің қандай екенін баяндасын” - деді. Мұса: “Алла оны қарағандардың назар аударатындай әдемі, сапсары болсын деп ” - бұйырды.

70. Олар: “Біз үшін Раббыңа жалбарын, сиырдың түр-түсін ұқтырып берсін, өйткені, ол сиыр бізге күңгірт болып тұр. Егер Алла қаласа, жолымыз болар” - деді.

71. (Мұса:) “Алла ол сиыр егін салуға, су тартуға істетіліп үйретілмеген, дені сау, дағы жоқ, меңсіз болсын дейді” - деді. Олар: “Міне енді нақ айттың” - десті. Олар оны істеуге құлқы тартпаса да, сиырды (тауып) бауыздады.

72. Сол кезде сендер бір адамды өлтіріп, (оны кім өлтіргендігі жөнінде) керіскен едіңдер. Сендердің жасырғандарыңды Алла әшкерелейді.

73. (Алла сендерге Мұса арқылы:) “Оның (сиырдың) кейбір мүшесімен өлікті қағыңдар, (сонда өлік тіріліп, қанды қолды айтып береді)” - дедік. Алла өліктерді сөйтіп тірілтеді, сендерге ой түссін деп өзінің ғаламаттарын көрсетеді.

74. (Ей, Яһудилер!) Осыдан кейін, сендердің жүректерің суынып бейне тастай, тіпті онан да қатты болып кетті. Олай дейтініміз, тас екеш тастың да арасынан бұлақ ағып жататыны бар, тастар жарылып өздігінен қайнарлардың шығатыны бар, кей тастар Алладан қорқып, опырыла құлап түседі ғой (тас жұмсарса да, сендердің жүректерің жұмсап елжіремейді). Алла сендердің қылықтарыңды сезбей қалмайды.

75. (Ей, Мұсылмандар!) Шынымен-ақ, олар (Яһудилер) иман келтіреді деп үміттенесіңдер ме? Олардың бір тобы Алланың сөзін (Тәуратты) естіп, түсінгеннен кейін қасақана өзгертіп жіберді.

76. Олар мүминдерге жолыға қалса: “Біз иман келтірдік” - дейді. Бір-бірімен оңаша бас қоса қалса: “Алланың алдында мұсылмандар сендерге қарсы дәлел көрсету үшін, Алланың сендерге білдірген уахиын (Мұхаммед пайғамбардың Тәураттағы сипаттарын) оларға сөйлей бересіңдер ме?” - дейді.

77. Өздерінің көрнеу және көмес істерінің Аллаға аян екенін олар білмей ме?

78. Олардың арасындағы сауатсыздары кітапты (Тәуратты) білмейді, тек жел сөзді ғана біледі, құр қиялға салынады.

79. Өз қолдарымен кітап жазып, оны аз ақшаға сату үшін, бұл “Алла тарапынан келген кітап” дейтіндерін қайтерсің?! Оны қолымен жазғандықтары (Тәуратты өзгерткендері) өкінішті-ақ! Сөйтіп саудаға салулары (арам мал табулары) да өкінішті-ақ.

80. Олар: “Бізді санаулы күндерде болмаса, тозақ оты күйдірмейді” дейді. (Ей, Мұхаммед!) Сен оларға: “Алла сендерге (солай) уағда берген бе еді? (Егер уағда берген болса,) Алла уағдасынан әсте таймайды. Әлде сендер өздерің білмегенді Алла атынан айтпақсыңдар ма?” - де.

81. Керісінше, жамандықты кәсіп етіп, күнәға батқандар – тозақтықтар, олар онда мәңгі қалады.

82. Ал иман келтіріп, оң іс істегендер – жұмақтықтар, олар жұмақта мәңгі тұрады.

83. Бір кезде, Исрайыл ұрпақтарынан: “Алладан басқаға құлшылық істемеңдер, ата-анаға опалы болыңдар, туыс-туғандармен тату өтіңдер, жетімдерге, кембағалдарға қайырымдылық жасаңдар, адамдарға жақсы сөз сөйлеңдер, намазды толық өтеңдер, зекет беріңдер” - деп, бұл туралы уағда алған едік. Аз сандыларыңнан басқаларың уағдадан тайдыңдар, сендер ежелден уағдада тұрмайсыңдар.

84. Бір кезде: “Біріңнің қа-ныңды бірің төкпеңдер, бір-біріңді

мекендеріңнен қуып жібермеңдер” - деп, сендерден уағда алған едік, мақұл бол-дыңдар, бұған өздерің де куәсіңдер.

85. Кейін келе, сендер (уағданы бұзып) біріңді бірің өлтірдіңдер, іштеріңнен бір бөлім адамдарды мекенінен қудыңдар. Дұшпандық істеп, қылмыс өткізу арқылы қарсы жаққа жәрдемдестіңдер, егер олар тұтқын болып, қолға түссе, бодау беріп құтқарасыңдар. Ал, оларды мекендерінен қуып жіберулерің күнә еді. Сендер кітаптың кей жеріне сеніп, кей жеріне қарсы шығасыңдар ма? Сендерден осылай істегендердің жазасы – фәни дүниеде қорлыққа түсіп, қияметте қатты қинау көру. Алла сендердің қылықтарыңнан ғапыл емес.

86. Міне, осылар ақыретке дүние тірлігін сатып алғандар, олардың жазасы жеңілдетілмейді, оларға көмек те берілмейді.

87. Расында Мұсаға кітап (Тәурат) бердік, одан кейін де артартынан пайғамбарлар жібердік, Мәриям ұлы Исаға мұғжизалар (ғажайып сипаттар) бердік, әрі оны Рух уль-Қудус (Жәбрайл) арқылы сүйедік. Бірер пайғамбар көңілдеріне жақпайтын нәрсе әкелсе, өркөкіректік істейсіңдер ме? Пайғамбарлардың бір тобын (Иса, Мұса ғалайһиссаламдарды) мойындамадыңдар, бір тобын (Закария, Яхия ғалайһиссаламдарды) өлтірдіңдер.

88. “Олар діліміз көмескіленген” - дейді. Олай емес, Алла оларға күпірлік үшін лағнет оқыды, олардың иман келтіретіндері өте аз.

89. Алладан олардағы кітапты (Тәуратты) растайтын кітап (Құран) оларға түскенде (олар оған сенбеді), олар бұрын (Мұхаммед пайғамбарды ауызға алып) кәпірлермен алысқанда, өздеріне бір көмек келуін тілеген еді, бірақ өздері білетін ақиқат (Құран) түскенде, оны мойындамады. Кәпірлерге (оны мойындамаған Яһудилерге) Алланың қарғысы тисін!

90. Олардың Алла түсірген Құранға қарсы шығуы Алланың өз уахиын (пайғамбарлықты) қалаған пендесіне түсіруіне байланысты қызғаныштан болды, олардың өз бастарын саудалауының нәтижесі өте жаман еді. Сондықтан олар үсті-үстіне Алланың кәріне ұшырады. Кәпірлер қорлық көріп жазаланады.

91. Оларға: “Сендер Алла түсірген кітапқа (Құранға) сеніңдер” делінсе, олар: “Өзімізге түскен кітапқа (Тәуратқа) сенеміз” дейді. Кейінгі түскен кітапқа (Құранға) сенбейді. Ал Құран – олардың қолындағы кітапты (Тәуратты) растайтын, ақиқат кітап. (Ей, Мұхаммед!) Сен оларға: “Сендер (Тәуратқа) сенетін болсаңдар, бұрын не үшін Алланың елшілерін өлтіргесіңдер?” - деп айт.

92. Мұса сендерге шынында анық дәлелдер (мұғжизалар) әкелді, Мұса (Тур тауына) кеткеннен кейін, сендер бұзауға табынып кеттіңдер. Сөйтіп, жат ниетті болдыңдар.

93. Біз сендерден шынайы уағда алған едік, әрі Тур тауын бастарыңа

көтеріп тұрып: “Біз түсірген кітапты қадірлеп ұстаңдар және оған құлақ асыңдар”, - деп едік, олар: “Сөзіңе құлақ қойдық, әміріңе қарсы шықтық” деді. Өйткені, олардың күпірлігінен бұзауға деген сүйіспеншілігі жүректеріне ұялап алған.

(Ей, Мұхаммед!) Оларға: “Сендер егер иманды болсаңдар, имандарың сендерді не деген жаман іске бұйырады?” - деп айт.

94. Оларға айт: “Егер ақыреттік тұрақ (жұмақ) Алла алдында басқа адамдарға емес, сендерге ғана тән болса, осы айтқандарың шын болса, (сендерді жұмаққа жеткізетін) өлімнің тезірек келуін тілеңдерші!” - деп.

95. Бұрын өткізген күнәлары болғандықтан, олар ешқашанда тезірек өлуді тілемейді. Алла залымдарды әбден біледі.

96. Олардың өмірде барлық адамнан артық, тіпті мүшриктерден де артық үміттенетінін, мың жыл жасағылары келетінін көресің. Алайда ұзақ өмір оларды азаптан арашалай алмайды. Алла – олардың істеген істерін (қылмыстарын) толық көріп тұрушы.

97. (Ей, Мұхаммед!) Мынаны айтып қой: “Кімде-кім Жәбрайлге қас болса, (ол Алланың дұшпаны), өйткені, Жәбрайл - Алланың әмірімен түскен кітаптарды растаушы, тура жол көрсетуші, мұсылмандарды қуандырушы, Құранды сенің жүрегіңе ұялатушы.

98. Кімде-кім Алламен, Алланың періштелерімен, пайғамбарларымен, сондай-ақ, Жәбрайлмен, Микайлмен дұшпандасса Алла кәпірлермен де қас болады”.

99. Біз саған шексіз айқын аяттарымызды түсірдік, бұларға тек тура жолдан тайғандар ғана қарсы шығады.

100. Әр рет шарт жасасқан кезде, олардың бір бөлігі сол шартты бұзып отырмады ма? Олардың (Яһудилердің) көп сандысы (Тәуратқа) нанбайды.

101. Алла жағынан оларға қолдарындағы Тәуратты растайтын пайғамбар (Мұхаммед) келген шақта, кітап түскен қауымның бір бөлігі оны білмейтіндей-ақ, Алланың кітабын (Тәуратты) арт жақтарына лақтырды.

102. Олар Сүлейменнің патшалық заманындағы шайтандар оқыған нәрсеге (сиқырлыққа) ауып кетті. Сүлеймен (сиқыршы болып немесе сиқыр үйреніп) кәпір болмады, бірақ, шайтандар адамдарға сиқырлық үйретіп кәпір болды. Олар Бабылдағы Һарұт және Марұт деген екі періштеге түскен сиқырлықты үйретуші еді. Ол екеуі әртүрлі жанға сиқырлық үйретуден бұрын: “Біз сынап көреміз, кәпір болмаңдар” деп айтушы еді. Олар осы екеуінен ер мен әйелді араздастыратын сиқырлық үйренетін, бірақ Алланың рұқсатынсыз (сиқырлық арқылы) ешкімге зиян-захымет сала алмайтын. Сөйтіп, олар өздеріне зиянды, пайдасыз

нәрселерді үйренетін. Олар (Тәуратты тастап) сиқырлықты сатып алған адамға ақыретте несібе жоқ екендігін әбден білді. Олар өз бастарын саудалап, сатып алғандарының неткен жаман іс екендігін білсейші!

103. Олар иман келтіріп, (Алладан) қорықса, онда Алладан қайырлы сауап болар-ақ еді, олар мұны білген болса.

104. Ей, мүминдер! Сендер (пайғамбарға) “рағина” деп айтпай, “үнзүрнә” деп (сыпайы) сөйлеңдер, оның сөзіне құлақ салыңдар. Кәпірлер (қияметте) күйзелткіш азапқа ұшырайды.

105. Кәпірлер – кітап түскендер һәм мүшриктер (Алланың серіктері бар дейтіндер), сендерге Раббыларыңнан бір жақсылықтың келуін қаламайды. Алла қалаған пендесіне өз мархаматын (пайғамбарлықты) арнайды, Алла – дарқан қайырым иесі.

106. Қайсы аятты күшінен жойсақ немесе ұмыттырсақ, оның орнына одан да жақсысын немесе сол тектес аятты жібереміз. Алланың барлық іске құдіретінің жететінін білмейсің бе?

107. Көк пен жердің иелігі Аллаға тән екендігін білмейсің бе? Сендерге Алладан басқа пана, жәрдемші жоқ.

108. Олар бұрын Мұсадан сұрау сұрағандай, сендер де пайғамбарға сұрау сұрамақшысыңдар ма? Кім иманына күпірлікті айырбастап алса, шынында ол тура жолдан адасады.

109. Кітап иелерінің көпшілігі ақиқат (діннің шындығы) айқындалғаннан кейін, күншілдік істеп, сендерді иманнан бездіріп, кәпірлестіруді көксейді. Алладан әмір келгенше оларға кешірім ете тұрыңдар, оларды елемеңдер. Ақиқатында, Алланың барлық іске құдіреті кәміл жетеді.

110. Намаз оқыңдар, зекет беріңдер, өздерің үшін істеген жақсылықтарыңды (қалыбын құртпай) Алланың ғұзырынан табасыңдар. Алла – істеген істеріңді толық көріп тұрушы

111. Олар: “Яһудилерден, Насаралардан басқа ешкім жұмаққа кіре алмайды” - деседі. Бұл - олардың қиялы. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: “Сөздерің рас болса, дәлел келтіріңдер”, - деп айт.

112. Олай емес, кімде-кім өзін Аллаға тапсырып, жақсы істер істесе, оның сауабын Алланың алдынан алады, оларға (ақыретте) қам-қайғы, қауіп-қатер жоқ.

113. Яһудилер: “Насаралардың ешқандай негізі жоқ (олар тура дінде емес)” десе, Насаралар да: “Яһудилердің ешқандай негізі жоқ (олар тура дінде емес)” дейді. Бұлардың барлығы да кітап оқитындар (Яһудилер Тәуратты, Насаралар Інжілді оқиды). Білімсіз адамдар (Араб тоңмойындары) да солардың айтқанындай айтты (“Ислам дінінің ешқандай негізі жоқ” деді). Алла, қиямет күні олардың таластары үстінен үкім айтады.

114. Алланың мешіттерінде, Алланың атын ауызға алуға тыйым салған және

мешітті бұзуға ұрынғандардан өтер залым бар ма? Олардың мешіттерге қорыққан түрде ғана кірулері лайық. Олар бұл дүниеде қорлық көріп, ақыретте ауыр жазаға (тозақ азабына) тап болады.

115. Шығыс та, батыс та (бүкіл жержүзі) Алланікі, қайсы жаққа бет берсеңдер де, Алланың жүзі (құбыласы) сол жақта. Алла расында аса кең, толық білуші.

116. Олар: “Алланың баласы бар”-деді (Яһудилер Ғұзайырды, Насаралар Исаны, араб мүшриктері періштелерді Алланың баласы деді). Алла олар ойлағаннан пәк. Керісінше, көк пен жердегі барлық нәрсе Аллаға тән, барлығы Аллаға бойсұнады.

117. Алла – көк пен жерді жаратушы. Алла бір затты жаратпақшы болса, оған “Бол” десе-ақ, ол болып кетеді.

118. Білімсіздер (Құрайыш тоңмойындары): “Алла не үшін бізбен (бетпе-бет) сөйлеспейді? Бізге не үшін бір айқын белгі (мұғжиза) түсірмейді?” - деседі. Олардан бұрынғылар да осыны айтқан, олардың ниеттері де бір-біріне ұқсап кетеді. Расында, біз сенетін қауымға аяттарымызды айқын түсіндірдік.

119. (Ей, Мұхаммед!) Біз сені расында (мұсылмандарға) қуантушы, (кәпірлерге) ескертуші етіп ақиқат негізінде жібердік, сен (иман келтірмеген) тозақтықтар үшін жауапты емессің.

120. Сен олардың дініне кірмейінше, Яһудилер мен Насаралар саған разы болмайды. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: “Ең тура жол – Алланың жолы” деп айт. Саған ғылым (ақиқатты айқындайтын дәлел) келгеннен кейін, олардың зауық-нәпсісіне ілесіп кетсең, саған бірде-бір дос та, жәрдемші де табылмайды.

121. Біз сыйлаған кітапты шындап оқитындар бар, әне, солар сол кітапқа сенетіндер, кімде-кім оны (Құранды) мойындамаса, әне, солар зиян тартатындар.

122. Ей, Исрайыл ұрпақтары! Сендерге бағыштаған нығметімді және сендерді бүкіл дүниеде үстем қылғанымды естеріңде сақтаңдар.

123. Біреудің біреуге титтей де қайыры тимейтін, біреудің біреуге шапағаты қабылданбайтын, ешкімнен де ақы-бодау алынбайтын, (күнәкарлардың) жәрдемге қолы жетпейтін сол бір күннен қорқыңдар.

124. Раббы бір кезде Ибраһимді бірнеше ауыз әмірімен (шариғат әмірлерімен) сынады, Ибраһим оны толық орындады. Алла (Ибраһимге): “Мен сені адамдарға (дін жағынан) басшы сайлаймын” деп еді, Ибраһим: “Менің ұрпағымнан да сайлағайсың”-деді. Алла: “Менің (бастық сайлау) уағдама залымдардың қолы жетпейді” - деді.

125. Бір кезде, Қағбаны адам баласы үшін бас қосатын әрі бейбіт орын етіп белгіледік. Ибраһим (ғалайһиссаламның) орнынан намаз орнын тұтыңдар дедік. Ибраһим мен Исмағилға: “тауаф етушілер, иғтикафта

отырушылар, рукуғ етушілер, бас қоюшылар үшін үйімді (Қағбаны) пәк ұстаңдар” - деп бұйырдық.

126. Сонда Ибраһим: “О, Раббым! Мұны (Меккені) бейбіт қала еткейсің! Тұрғындарынан кім Аллаға, ақырет күніне сенсе, оларға түрлі жемістерді ризық етіп бергейсің!” - деп жалбарынды. Алла: “Кәпір болғандарды да аз уақыт (бұл дүниеде) қамдаймын, кейін оларды (ақыретте) тозаққа айдаймын. Бұл неткен жаман орын десеңші!” - деді.

127. Ибраһим мен Исмағил Қағбаның іргесін көтеріп жатып мінажат қылды: “Ей, Раббымыз! Бізден (еңбегімізді) қабыл еткейсің, сен - (тілекті) әбден естіп те, біліп те тұрушысың.

128. Раббымыз! Біз екеумізді өзіңе бойсұнушы еткейсің, біздің ұрпақтардан да бойсұнғыш үмметтеріңді шығарғайсың, бізге ғибадат ережелерін көрсетіп қойғайсың, тәубемізді қабыл ал. Сен - расында, тәубені қабылдаушы әрі өте мейірімдісің.

129. Уа, Раббымыз! Оларға өз ішінен өзіңнің аяттарыңды оқып беретін, кітабыңды (Құранды) және хикметіңді үйрететін, оларды (күнә мен қылмыстан) тазартатын бір елші жібергейсің. Сен- шынында, жеңімпазсың және хикмет иесісің. (Ибраһим ғалайһиссаламның тілегі бойынша Мұхаммед ғалайһиссалам елші болып келді).

130. Өзін-өзі ақымақ еткендер болмаса, кім Ибраһимнің дінінен безеді? Біз оны бұл дүниеде (пайғамбарлыққа) таңдадық, оның ақыретте жақсылар қатарында болатындығы шүбәсіз.

131. Ибраһим оған: “Бойсұн (Ислам бол)!” - деді. Ол: “Күллі ғаламның жаратушысына бойсұндым” - деді.

132. Бір кезде Ибраһим мен Яғқұб өз ұлдарына өсиет айтып: “Ей, ұлдарым Алла сендерге осы дінді (Ислам дінін) таңдады, сондықтан сендер өлмеңдер, бірақ нағыз мұсылман болып өліңдер” - деді.

133. Яғқұб жан тәсілім қылар шағында сендер жанында бар ма едіңдер? Сол кезде Яғқұб ұлдарынан: “Мен өлгеннен кейін сендер кімге құлшылық қыласыңдар?” - деп сұрады. Сонда балалары: “Сенің және сенің ата-бабаларың Ибраһим, Исмағил, Исхақтардың құдайы болған бір Аллаға құлшылық етеміз, біз соған ғана бойсұнамыз” - деген еді.

134. Олар – дүниеден өткен үмметтер, олардың еңбектері өздеріне, сендердің еңбектерің өздеріңе, олардың істегендеріне сендер жауапкер емессіңдер.

135. Олар: “Яһуди немесе Насара болыңдар, сонда тура жол табасыңдар” - деді. Сен айт: “Олай емес, Ибраһимнің тура дініне ілесеміз, ол құдайға ортақ қосушылардан емес” деп.

136. Сендер: “Аллаға сенеміз, өзімізге түскен уахиға, олардың ұрпақтарына түскен уахиға, Мұсаға түскен (Тәуратқа), Исаға түскен (Інжілге) және

олардың Раббысынан пайғамбарларға түскен кітаптарға сенеміз, оларды бөлмейміз. Біз - Аллаға бойсұнушылармыз” деңдер.

137. Олар сендер секілді сенетін болса, тура жол табар еді. Егер де олар (иманнан) бет бұрса, онда (сендермен) тартысатын болады. Сендерді олардан қорғауға Алланың күші кәміл жетеді. Ол – бәрін де естіп тұрушы, біліп тұрушы.

138. Міне Алланың діні, берік болыңдар, Алланың дінінен артық кімнің діні бар? Сондықтан, біз Аллаға ғана құлшылық етеміз.

139. Оларға айт: “Алла туралы бізбен айтыспақсыңдар ма? Шынын қуғанда, ол - біздің Раббымыз, сендердің де Раббыларың. Біздің істегендеріміз - өзімізге, сендердің істегендерің - өздеріңе. Біз Аллаға шын ықыластымыз”.

140. Әлде сендер: Ибраһим, Исмағил, Исхақ, Яғқұб және олардың ұрпақтары Яһудилерден немесе Насаралардан еді” деп пе едіңдер?

(Ей,Мұхаммед!) Оларға: “(Олардың қайсы дінде екендігін) сендер білесіңдер ме, яки Алла біле ме? Қолында Алладан келген дәлел бола тұрып, оны жасырған адамнан өтер залым бар ма? Алла сендердің істегендеріңді елеусіз жібермейді ” деп айт.

141. Олар – дүниеден өткен үмметтер, олардың еңбектері өздеріне, сендердің еңбектерің өздеріңе, сендер олардың істеріне жауапкер емессіңдер.

142. Кейбір ақымақ адамдар: “Оларды (Мұхаммед пен мұсылмандарды) бұрынғы бет беріп келе жатқан құбыласынан (байтұлмұқаддастан) не нәрсе бұрып жіберді?”-дейді. (Ей, Мұхаммед!) Оларға айтып қой: “Шығыс та, батыс та (төңіректің төрт бұрышы) Алланікі, Алла қалаған адамын тура жолға салады” деп.

143. Адамдарға (бұрынғы үмметтерге) куә болуларың үшін, пайғамбардың сендерге куә болуы үшін, біз сендерді осылайша бір үммет еттік. Сен бет беріп келе жатқан жақты құбыла етуіміз – пайғамбарға ілескендерді сатқындық істегендерден айырып білуіміз үшін еді. Бұл Алла тура жолға салғандардан басқаларға шынында өте ауыр болды. Алла имандарыңды (бұрынғы құбылаға қарап істеген құлшылықтарыңды) зая жібермейді. Алла адам баласына аса күйімпаз, өте мейірімді.

144. (Ей, Мұхаммед!) Сенің (Құбыла туралы бір уахи күтіп) бетіңді аспанға қарата бергеніңді көреміз. Сондықтан, сені сөзсіз өзің разы болатындай құбылаға беттетеміз. (Намазда) бетіңді Мәсжид Әл-Харам жаққа бұр! Қай жерде болсаңдар да, беттеріңді сол Мәсжид Әл-Харам жаққа қаратыңдар! Кітап түсірілгендер құбыланың ауысуын Раббыларынан келген ақиқат деп біледі. Алла олардың істегендерін елеусіз қалдырмайды.

145. Кітап түсірілгендерге барша дәлелді келтірсең де, олар сенің құбылаңа

бағынбайды, сен де олардың құбыласына бағынбайсың. Саған білім (уахи) келгеннен кейін, олардың нәпсісіне тізгініңді берсең, сен сөзсіз залымдар қатарында боласың .

146. Кітап иелері өз балаларын қандай таныса, оны (пайғамбарды) сондай таниды. Олардың бір тобы, расында, шындықты біле тұра жасырады.

147. Ақиқат Раббыңнан келген, оған әсте шәк келтіруші болмаңдар.

148. Әр адамның бет берген бір құбыласы бар. Жақсылыққа асығыңдар. Қайда болсаңдар да, Алла бастарыңды бір жерге келтіреді. Алланың барлық нәрсеге құдіреті жетеді.

149. Қай жерден жолға шықсаң да, (намазда) бетіңді Мәсжид Әл-Харам жаққа қарат, бұл - шынында, Алладан келген ақиқат. Алла сендердің істеріңнен ғапыл емес.

150. Басқа адамдардың (Яһудилердің және Мүшриктердің) сендерге қарсы дәлелі болып қалмасы үшін, сендер қай жерден жолға шықсаңдар да, беттеріңді Мәсжид Әл-Харамға қаратыңдар, қай жерде тұрсаңдар да, беттеріңді солай қаратыңдар. Олардың ішіндегі залымдар ғана мұны дәлел еткісі келеді. Олардан қорықпаңдар, менен қорқыңдар. Бұл (құбыланы өзгертуімнің өзі де) сендерге нығыметтерімді толықтауым әрі сендердің тура жолмен жүрулерің үшін.

151. Сондай-ақ, өз іштеріңнен сендерге аяттарымызды оқып беретін, сендерді (Аллаға теңеу іздеуден және күнәдан) тазартатын, кітапты (Құранды), хикметті (дін үкімдерін) үйрететін, білмегендеріңді білдіретін бір пайғамбар жібергеніміз сияқты.

152. Сендер мені еске алсаңдар, мен де сендерді еске аламын. Маған шүкірлік етіңдер, күпірлік етпеңдер.

153. Ей, Мүминдер! Сабырлықпен және намаз өтеумен менен жәрдем тілеңдер. Ақиқатында, Алла сабырлылармен бірге.

154. Алла жолында өлтірілгендерді өліктер деп айтпаңдар, олар - тірі. Бірақ, сендер мұны сезбейсіңдер.

155. Біз сөзсіз сендерді аздап қорқытып та, ашықтырып та, мал-жандарыңды, шаруала рыңды кемітіп те сынаймыз. Сабыртақат қылғандарды қуандырып қой.

156. Бастары пәлеге дұшар болғанда, оларға: “Біз барлығымыз Алланың иелігіндеміз және сөзсіз оның алдына барамыз” деп айт.

157. Әне, солар - Раббыларының жарылқауына және рахметіне қолы жететіндер. Әне, солар - сара жол тапқандар.

158. Сафа мен Мәруа - шынында, Алланың белгілері. Кімде-кім Қағбаны немесе умраны хаж етіп, осы екеуіне де тауап етсе, еш оқасы жоқ. Кімде-кім өз еркімен жақсылық істейді екен, Алла сөзсіз оның сыйлығын береді, Алла бәрін біледі.

159. Біз адамдарға кітап (Тәурат) арқылы дұрыс жолды айқындап бергенімізден кейін де, біз аян еткен дәлелдермен тура жолды (Құранды) жасырып бүркемелейтіндерге Алла лағнет жаудырады. Лағнет айтушылардың бәрі де (періштелер мен мұсылмандар да) лағнет жаудырады.

160. Тек тәубе қылушылар, (өз істерін) түзеткендер, шындықты айқындағандар ғана бұдан басқаша. Әне, солардың тәубесін қабылдаймын. Мен тәубені қабылдағышпын, е рекше мейірімдімін.

161. Шынында, кәпір болғандар және кәпір күйінде өлгендер Алланың, періштелердің және барлық адам баласының қарғысына қалады.

162. Олар мәңгі тозақта қалады. Олардың жазасы жеңілдетілмейді және оларға назар аударылмайды.

163. Сендердің құдайларың– бір Илаh, одан басқа құдай жоқ. Ол асқан қайырымды, ерекше мейірімді.

164. Көк пен жердің жаратылуында, күн мен түннің кезектесуінде, адамдардың пайдасы үшін теңізде жүзген кемелерде, Алланың көктен жаңбыр жаудырып, сол арқылы өлген жерді жандандыруында, сондай-ақ, онда әр алуан жан-жануарларды таратуында, (бағыт өзгертіп) соғатын желдерді және жер мен көктің аралығындағы бағынышты бұлттарды басқаруында, ақыл иелері үшін (жаратушының бірден-бір екенін дәлелдейтін) даусыз дәлелдер бар.

165. Кей адамдар Алладан басқаны (пұт) құдай көреді де, оларды (мұсылмандардың) Алланы сүйгеніндей сүйеді. Бірақ, мүминдер Алланы артықша сүйеді. Залымдар азапты көрген кезде барлық күш-қуаттың Аллаға тән екендігін, Алланың азабының қатты екендігін көрсе ғой!

166. Ілестірушілер сол кезде азапты көріп, ілесушілерден безеді, олардың себеп болған қарым-қатынастары үзіледі.

167. Ілесушілер: “Әттең, бізге бір рет (дүниеге) қайтар күн болса, олардың бізден безіп кеткеніндей, біз де олардан безер едік” - дейді. Алла олардың істеген істерінің өкінішін (көздеріне) солайша көрсетеді. Олар тозақтан шыға алмайды.

168. Ей, адамдар! Жержүзіндегі халал, пәк нәрселерді жеңдер, шайтанның соңынан ермеңдер, өйткені, ол – сендердің әшкере дұшпандарың.

169. Ол сендерді жамандыққа, жиіркенішті істерге, Алла туралы өздерің білмейтін сөздерді сөйлеуге жетектейді.

170. Оларға (Мекке мүшриктеріне): “Алла түсірген (Құранға) ұйыңдар” делінсе, олар: “Жоқ, біз ата-бабаларымыздан қалған дінге ұйыамыз” - дейді, ата-бабалары еш нәрсе ұқпайтын, тура жолды таба алмайтындар болса да (олар солардың жолын қумақ па?).

171. Кәпірлерді үгіттеуің, айғайды ғана естіп, сөздің мағынасын түсінбейтін

малға айғайлағанмен бірдей, олар саңырау, сақау, соқыр (ақиқатты естімейді, сөйлемейді, көрмейді), сондықтан олар еш нәрсені түсінбейді.

172. Ей, мүминдер! Өздеріңе берілген халал ризықтардан жеңдер, егер Аллаға ғана құлшылық етер болсаңдар, оған шүкірлік етіңдер.

173. Алла сендерге өлексені (бауыздаусыз өлген малды), қанды, доңыз етін, Алладан басқаның атымен бауыздалған хайуанды жеуді арам қылды. Алайда, кім шарасыз жағдайда, еріксізден одан (жан сақтап қаларлықтай) өз лайығындай жесе, күнәға жатпайды. Өйткені, Алла - өте кешірімшіл һәм ерекше мейірімді.

174. Алла түсірген кітаптың (Тәураттың) сөзін жасырып, оны болмашы ақшаға сататындардың жеп, қарнын қампитқаны - тек от қана. Қиямет күні Алла оларға тіл де қатпайды, олардың күнәларын да кешірмейді, олар қатты азапқа дұшар болады.

175. Әне, солар – туралыққа азғындықты, кешірімге жазаны (жұмаққа тозақты) айырбастап алғандар. Олар тозаққа не деген шыдамды?

176. Бұл (қатты азап) Алланың өз кітабын (Тәуратты) хақ түсіргендігінен (олардың Тәураттағыларды жасырғандығынан немесе өзгерткендігінен) болды. Кітап турасында таластартыс шығарушылар өте ұзақ уақыт қарсылықта қалды.

177. Беттеріңді шығысқа не батысқа қаратуларың жақсы іске жатпайды, қайта Аллаға, қияметке, періштелерге, (Алладан түскен) кітаптарға, пайғамбарларға шынайы сену, Алланың ризалығы үшін мал-мүлкінен жақындарына, жетімдерге, міскіндерге, (мал-мүлкінен қол үзіп қалған) жолаушыларға, қайыршыларға, құлдарды азат етуге заттай көмек беру, сондай-ақ, намаз оқып, зекет беру, уағдасына опа қылу, жоқшылыққа, ауруға, (Алланың жолындағы) соғыс зардабына шыдамдылық көрсету – міне, осылар жақсылыққа жатады; нағыз адал адамдар, нағыз тақуалар – міне осылар.

178. Ей, Мүминдер! Кісі өлтіргендерден қан қарызын алу сендерге парыз етілді. Азамат (азат адам) үшін азамат, құл үшін құл, әйел үшін әйел (өлтіріліп қан қарызы алынады). Өлтірілушінің жақын туысы белгілі дәрежеде кешірім еткісі келсе (қан қарызын алудан кешсе), онда өз жөнімен (кесімді құнды) талап етуі, (қылмыскердің де) құнды жақсы мәмілемен толық төлеуі керек. Бұл үкім - Раббыларыңның сендерге істеген жеңілдігі әрі көрсеткен мейір-шапағаты. Осыдан кейін, шектен асып кеткендер (құн алғаннан кейін қанды қолды өлтіргендер) Алланың ауыр жазасына ұшырайды.

179. Ей, ақыл иелері, сендер үшін қысас ішінде өмір бар (біреуді өлтірген адам өзінің өлтірілетінін де біледі, сондықтан райынан қайтады). Бұл (қан төгуден) сақтануларың үшін.

180. Егер сендерден біреу өлер кезінде арына көп мал-мүлік қалдырса, ата-анасына, жақын туыстарына адалдықпен өсиет айтуы керек, бұл тақуалар үшін нақты парыз етілді.

181. Кімде-кім өсиетті (ет құлағымен) естігеннен соң, оны өзгертіп жіберсе, оның күнәсі өзгертушіге жүктеледі. Алла, расында, барлығын естіп, біліп тұрады.

182. Кімде-кім өсиет айтушы ағат кетіп немесе қателесіп қалмасын деп оларды (өсиет айтушы мен өсиет тыңдаушыларды) жарастырып қойса, мұның оқасы жоқ. Алла – асқан кешірімшіл әрі рахымды.

183. Ей, Мүминдер, бұрынғыларға парыз болғаны сияқты, сендерге де (күнәдән) сақтануларың үшін ораза парыз етілді.

184. Ол - санаулы күндер. Сендерден біреу ауру болып немесе жол сапарда болып (ораза ұстамаса), кейін сол күннің орнын толтырсын. Ораза ұстауға дәрменсіздер күніне жоқшылықтағы бір адам тоятындай фидия берсін. Кімде-кім артық берсе тіпті жақсы. Білсеңдер, сендер үшін ораза ұстағандарың әлде қайда жақсы.

185. Рамазан айы сондай бір ай, сол айда адамдарға тура жол көрсететін, дұрыс пен бұрысты айыратын дәлел түріндегі Құран түсіріле бастады. Кім осы айды көрсе, сөз жоқ ораза ұстасын. Егер ауру болса немесе жолсапарда жүрсе, басқа күндерде орнын толтырсын. Алла сендерге жеңілдік тілейді, қиындық тілемейді, (ауыз ашық болған күндердің қазасын ұстап) санаулы күнді толтыруларыңды, сендерді тура жолға салғандығы үшін Алланы мақтауларыңды, Аллаға шүкірлік етулеріңді қалайды.

186. Егер пенделерім сенен мен туралы сұраса, (оларға айтып қой:) Мен оларға жақынмын, маған дұға қылса, дұға қылушының дұғасын қабылдаймын. Олар тура жолмен жүру үшін менің үндеуімді қабылдасын, маған илансын.

187. Оразаның түндерінде әйелдеріңе жақындасу сендерге алал етілді. Әйелдерің - сендердің киімдерің, сендер әйелдеріңнің киімісіңдер (бір - біріңмен араласып, киім денеге жабысқандай жабысып жасайсыңдар), Алла сендердің өздеріңді алдағандарыңды (оразаның түнінде әйелдеріңе жақындасып қойғандарыңды) білді, сондықтан тәубелеріңді қабыл етті, сендерді кешірді. Енді әйелдеріңе жақындасыңдар. Алла бұйырған нәрсені (перзентті) талап етіңдер. Таң атарда ақ жіп қара жіптен айрылғанға дейін (таң күбесі сөгілгенге дейін) жеп-ішіңдер. Сонан кейін кеш батқанша ораза ұстаңдар. Сендер мешітте иғтикафта отырған кездеріңде (күн болсын, түн болсын) әйелдеріңе жақындамаңдар, бұл–Алланың белгілеген шегі, оған жақындамаңдар. (Арам істерден) сақтанулары үшін, Алла адамдарға өзінің аяттарын осылай айқын баяндайды .

188. Бір-біріңнің мал-мүліктеріңді жолсыздықпен алмаңдар, күнә боларын

біле тұрып, басқалардың мал-мүлкін алу үшін әкімдерге пара бермеңдер.

189. (Ей, Мұхаммед!) Олар сенен жаңа туған ай туралы сұрайды. Оларға: “Ай адамдардың (тіршілік істеу, сауда-саттық жасау, ораза ұстау, ауыз ашу қатарлы) істері мен қажылық уақытын есептеуге жаратылған” деп айт. Үйлеріннің артынан (надандық замандағы сияқты ихрамда тесік ашып) кірулерің жақсылыққа жатпайды. (Алладан) имену жақсы іс деп есептеледі. Ендеше (ихрамда) үйлеріннің қақпасынан кіріңдер, мұратқа жетеміз десеңдер, Алладан қорқыңдар.

190. Өздеріңмен соғысқандармен Алла жолында соғысыңдар, бірақ өздерің шапқыншылық жасамаңдар, Алла шапқыншылық жасағандарды ұнатпайды.

191. (Олар бастап соғысса) Оларды кездескен жерде өлтіріңдер, өздеріңді мекендеріннен (Меккеден) қуғандай, оларды да мекенінен қуыңдар. Зиянкестік соғысудан да жаман. Олар өздері сендермен соғыспайынша, сендер олармен Мәсжид Әл-Харам жанында соғыспаңдар. Егер олар соғыс ашса, онда сендер де өлтіре беріңдер. Кәпірлердің жазасы - міне, осы.

192. Егер олар соғысты тоқтатса (сендер де тоқтатыңдар), Алла - кешірімді әрі мейірімді.

193. Қастандық аяқтап, дін Алланың діні болғанға дейін олармен соғысыңдар. Егер олар (соғыстан, күпірден) бас тартса, залымдық ісетеушілерден басқаға дұшпандық жоқ.

194. Құрметті айлар екі жаққа бірдей, құрметтелуге тиісті нәрселер бір-біріне тең дәрежелі. (Яғни, құрметті айларда соғысу не соғыспай құрметтеу екі жаққа бірдей). (Осы айларда) Кім сендерге қаншалық соқтықса, сендер де соншалық соқтығыңдар. Тақуа болыңдар, Алла тақуалармен бірге.

195. Алла жолында мал-мүліктеріңді аямаңдар, (тақыстық істеп) өздеріңді-өздерің ойраншылыққа қалдырмаңдар, жақсылық істеп тұрыңдар, жақсылық істеушілерді Алла, шынында, жақсы көреді.

196. Хажды және Умраны Алла үшін толық орындаңдар. Егер (жаугершілік немесе ауру себебімен) жолда тосылып қалсаңдар, (үш түлік малдан) қолға оңай түскенін құрбандыққа шалыңдар. Құрбандық белгіленген орынға (Минаға) жетпейінше шаштарыңды алдырмаңдар. Кім (осы кезде) ауырып қалса немесе басында бір ақауы болса (шашын алдырмай үш күн) ораза ұстасын не (алты кембағалға үш сағ) садақа берсін не құрбан шалсын. Аман-сау кездеріңде Умраны өтеп болған адам (Хаж міндетін өтеу орайына ие болса) хаж кезінде үш күн, үйіне барғаннан кейін жеті күн ораза ұстасын, сонда толық он күн болады. Бұл үй Мәсжид Әл-Харам маңында болған-дарға тиесілі. Алладан қорқыңдар, Алланың жазасының өте қатты екендігін біліп қойыңдар.

197. Хаж уақыты мәлім айлар ғана (Шәууәл, Зулқағда, Зулхиджаның онына дейін). Кімде-кім осы айларда хаж парызын өтеуді бастаса, әйелге жақындасуына, күнәлі іс істеуіне, жанжал шығаруына болмайды (әсіресе ихрам байлаған кезде). Сендер қандай бір жақсылық істесеңдер де, Алла оны көріп тұрады. Жол азық алып алыңдар, жол азықтың ең жақсысы – тақуалар. Ей, ақыл иелері, менен ғана сақтаныңдар.

198. (Хаж мерзімінде сауда және басқа кәсіп арқылы) Раббыларыңнан ризық талап етсеңдер, ешқандай күнә болмайды. Арафаттан қайтқан кездеріңде Мәшһарил Харамда (Мүздәлифада) Алланы ауызға алыңдар. Алла сендерді оң жолға салғандығы үшін, оны еске түсіріп тұрыңдар. Онан бұрын анық адасушылар едіңдер.

199. Мұнан соң сендер (Арафаттан) адамдар қайтқан жолмен қайта оралыңдар. Алладан кешірім тілеңдер. Алла - шынында, аса кешірімді, ерекше мейірімді.

200. Хаж міндеттерін өтеп болғаннан кейін де, Алланы ата-бабаларыңды еске түсіргендей немесе онан да арман еске түсіріңдер. “Раббымыз, бізге дүниеде ғана несібе бер” деген адамдарға ақыретте несібе жоқ.

201. Кейбір адамдар: “Ия, Раббымыз, бізге дүниеде де жақсылық бер, ақыретте де жақсылық бер! Бізді тозақ жазасынан сақтағайсың!” - дейді.

202. Әне, соларға өздері істеген (жақсы) істері үшін мол несібе бар. Алланың есеп алуы да өте тез.

203. Санаулы күндерде Алланы ауызға алыңдар (намаздарыңның артында тәкбір айтыңдар), асығып (Минадан) екі күн ішінде қайтқандарға күнә жоқ, Аллаға тақуалық етіп кешігіп қайтқандарға да күнә жоқ. Алладан қорқыңдар, біліп қойыңдар, барлықтарың (есеп беру үшін) Алланың алдына жиыласыңдар .

204. (Ей, Мұхаммед!) Кей адамның дүние тіршілігі турасында сөйлеген сөзі сені таңдандырады, көңіліндегісіне (өзінің жат ниетте еместігіне) Алланы куәға тартады, іс жүзінде, ол - (тілі бір, ділі басқа) барып тұрған сұрқияның өзі.

205. Былай шыға бере жер жүзінде лаң салуға, егінді жапырып, жалғастыратын ұрпақтарын қыруға әрекеттенеді. Бұзықтықты Алла сүймейді.

206. Оған: “Алладан қорық” десең, оның тәкаппарлығы ұстап күнәға батады. Оған жаһаннам ғана жеткілікті. Жаһаннам неткен жаман орын!

207. Кей адамдар Алланың разылығы үшін жанын құрбан етеді. Алла пенделеріне өте мейірбан.

208. Ей, мүминдер! Исламға толық кіріңдер, шайтанға ермеңдер. Өйткені, ол - сендердің қас жауларың.

209. Егер сендерге (Ислам дінінің ақиқатын әйгілейтін) айқын дәлелдер

келгеннен кейін жолдан тайсаңдар, біліп қойыңдар, Алла - тым үстем, хикмет иесі.

210. Олар (Ислам дінінен безгендер) Алланың және періштелердің аспандағы бұлт арасымен келуін, (үкім шығарылып, бір топ жұмақтық, енді бір топ тозақтық деп айрылып) істің бітуін күтіп жүр ме? Барлық іс Алланың алдынан өтеді.

211. (Ей, Мұхаммед!) Исрайыл ұрпақтарынан оларға қаншалық айқын дәлелдер жібергенімізді сұра. Кім Алланың өзіне келген нығметін (күпірлік етіп) өзгертіп жіберсе, (Алла оны сөзсіз жазалайды), шынында, Алланың жазасы өте ауыр.

212. Кәпірлерге дүниенің тіршілігі ыстық сезіліп әшекейленді де, олар иман еткендерді мазақтайды. Бірақ, тақуалар қиямет күні олардан үстем болады. Алла қалаған адамына есепсіз ризық береді.

213. Адам баласы (бастапқыда) бір ғана үммет еді (хақ дінде еді, кейін олардың кейбірі иман келтіріп, кейбірі иман келтірмей алауыздыққа түсті), Алла (мұсылмандарға жұмақпен) қуантушы, (кәпірлерге тозақ бар деп,) алдын-ала ескертуші пайғамбарларды жіберді, адамдардың таластартыстары турасында билік айту үшін хақ кітапты түсірді. Кітап жөнінде таластартыс шығарды. Алла өз қалауы бойынша, (азғындар) талас-тартыс еткен хақ жолға мұсылмандарды түсірді. Алла қалаған адамын (сөйтіп) тура жолға салады.

214. Сендер бұрынғылар басынан өткізген ауыртпалықты бастарыңнан өткізбей тұрып, жұмаққа кіруді ойлайсыңдар ма? Олар жоқшылыққа ұшырап, ауырып-сырқады, үрейленді, тіпті пайғамбарлар мен иман келтіргендер: “Бізге Алланың жәрдемі қашан болар екен?” - деді. Естеріңде болсын Алланың жәрдемі, шынында, таяу.

215. (Ей, Мұхаммед!) Олар сенен (Алла жолында) мал-мүлкін қалай сарып қылу туралы сұрайды. оларға: “Қайыр істерде болсаңдар, ата-аналарыңа, жақын туыстарыңа, жетімдерге, жоқ-жітіктерге, жолда қалғандарға беріңдер” деп айт. Нендей қайырлы іс істесеңдер де, Алла оны біліп тұрады.

216. Сендерге соғыс парыз етілді, соғысты жек көрсеңдер де, сендердің жақтырмайтын кейбір нәрселерің өздеріңе хайырлы болуы мүмкін. Сендер жақтыратын кейбір нәрсе сендерге зянды болуы мүмкін. (Ненің пайдалы, ненің зиянды екендігін) сендер білмейсіңдер, Алла біледі.

217. (Ей, Мұхаммед!) Олар сенен: “Хаж айларында соғысу қандай болады?” - деп сұрайды. Сен оларға: “Ол айларда соғысу - үлкен күнә, ал Алланың жолынан тосу, Аллаға күпірлік істеу, Мәсжид Әл-Харамнан (хаждан) тосу, оның тұрғындарын (Меккеден) қуып шығару – Алланың алдында онан да үлкен күнә. Фитна (Зиянкестік) – Адам өлтіруден де үлкен қылмыс” деп айт. Олар шамасы келсе сендерді діндеріңнен айнытқанға дейін сендермен ұдайы соғыса береді. Сендерден кімде-

кім өз дінінен айнып, кәпір болып өлсе, оның жақсылық істері дүниеде де, ақыретте де бір жола жойылып кетеді. Олар – тозақтықтар, тозақта мәңгі қала береді.

218. Иманға кіргендер, (сол үшін қудаланып) босқын болғандар, Алла жолында соғысқандар – міне, осылар сөзсіз Алланың рахметін үміт етеді. Алла – аса кешірімді, өте мейірімді.

219. (Ей, Мұхаммед!) Олар сенен арақ және құмар ойыны туралы сұрайды. Оларға: “Бұл екеуінде де үлкен күнә бар, адамдарға (аз ғана) пайдасы болғанымен, бірақ екеуінің күнәсі пайдасынан үлкен” деп айт. Олар сенен нені садақа ету туралы сұрайды. Сен: “Қажеттеріңнен артығын садақаға беріңдер” деп айт. Дүние мен ақыретке ой жүгіртулерің үшін, Алла өз аяттарын сендерге осылай баян етеді.

220. (Ей, Мұхаммед!) Олар сенен жетімдер туралы сұрайды. “Оларды (тәрбиелеп, мал-мүлкін қорғап) түзелткен жақсы. (Олардың мүддесіне бола) Олармен аралассаңдар, олар сендердің діндес туыстарың. Алла түзеуші мен бұзушыны жыға таниды. Алла қаласа, (сендерді қиын іске бұйырып) михнатқа салып қояды” деп айт. Алла – өте үстем, хикмет иесі.

221. (Ей, Мұсылмандар!) Мүшрик әйелмен ол иманға кірмейінше некеленбеңдер. Оның көркі сендерді таңдандырса да, мүшрик азат әйелден мүмин күң жақсы. Мүмин әйелдерді мүшрик еркектерге ол иманға кірмейінше некелемеңдер, (сән-салтанаты) сендерді таңдандырса да, мүшрик (азат) ерден мүмин құл жақсы. Өйткені, ондайлар (мүшрик еркектер мен мүшрик әйелдер) сендерді тозаққа шақырады, ал Алла өз тілегі бойынша сендерді жұмаққа және кешірімге шақырады. Уағыз-насихат алсын деп, Алла адамдарға өз аяттарын айқын баяндайды.

222. (Ей, Мұхаммед!) Сенен етеккір (әдет көру) туралы сұрайды. Оларға: “Етеккір зиянды, ол мезгілде әйелдеріңнен аулақ болыңдар, етеккірден арылғанға дейін жақындамаңдар, пәк болған кезде Алла өздеріңе бұйырған жерінен жақындаңдар” де. Ақиқатында Алла тәубә етушілерді ұнатады, әрі (арамнан, нәжістен) пәк адамдарды жақсы көреді.

223. Әйелдер - сендердің егіндіктерің (ұрық себетін орын). Егіндіктеріңе қалағандарыңша келіңдер, өз бастарың үшін алдын-ала жақсылық істеңдер. Алладан қорқыңдар, сендер Аллаға сөзсіз жолығатындықтарыңды біліп қойыңдар. Мүминдерді (жұмақпен) қуандыр.

224. Жақсы іс істемеуге, тақуалық етпеуге, татулас-тырмауға ант ішу жолымен (Алла атымен ант ішу арқылы) Алланы көлденең тартпаңдар. Алла – бәрін де естуші, білуші.

225. Мақсатсыз ішкен анттарың үшін Алла сендерді кінәламайды, әдейі

ішкен анттарың үшін айыпты етеді. Алла - өте кешірімшіл, асқан мейірімді.

226. Әйелдеріне жақындамауға ант еткендер төрт ай күтеді (жақындамайды); Егер (осы мерзім ішінде кәффарат төлеп) райынан қайтса (әйелдеріне жақындасқысы келсе), Алла расында кешіреді, рахым етеді.

227. Егер олар әйелдерін талақ етуді ниет етсе, шындығында Алла (олардың сөздерін) естіп, (ниеттерін) біліп тұрады.

228. Талақ етілген әйелдер үш әдет (етеккір) өткенше күтеді. Егер олар Аллаға, ақыретке сенетін болса, жатырларындағы Алла жаратқан затты (бала не қызыл болсын) жасыруы дұрыс болмайды. Осы мерзім ішінде, олар қайтадан жарасып қалуды қаласа, еркектері оларды қайта алуға хақылы. Әйелдердің мойынында еркектердің ақысы болғаны секілді, еркектердің мойынында да әйелдердің белгілі ақысы бар. Бірақ, еркектер (әйелдерге нәпәқа беру, тұрмысын қамдау сияқты істерге міндетті болғандықтан) әйелдерден бір дәреже жоғары тұрады. Алла – аса үстем, хикмет иесі.

229. Талақ екі рет болады, сонан кейін, жол бойынша (әйелді) қайта алу немесе жақсылықпен қоя беру лазым. Алланың (ерлі-зайыптылық) белгілемесін орындай алмайтындай қауіп болмаса, әйелге берген мәһірден бір нәрсе қайтарып алуларың халал болмайды. Егер екі жақтың да Алланың белгілемесін орындай алмау қаупі болса, онда әйел (ажырасу үшін) еркекке (азырақ) бодау берсе, екеуіне де күнә жоқ. Міне, бұл - Алланың белгілемесі. Бұдан аттамаңдар, кімде-кім осы белгілемеден аттаса, сол залым есептеледі.

230. Егер еркек әйелін үшінші рет талақ етсе, әйел басқа бір еркекке некелі болмайынша, оған халал болмайды. Егер кейінгі күйеуі әйелді және талақ етсе, әйел бұрынғы күйеуімен екеуі Алланың белгілемесінде табанды боламыз деп, қайтадан тұрмыстанса күнәға жатпайды. Бұл - Алланың белгілемесі, білетін қауымға Алла мұны баян етеді.

231. Талақ еткен әйелдеріңнің ғиддәті толғанда, олармен жақсылықпен қайта некеленіңдер немесе әдет-ғұрыппен қоя беріңдер. Оларға зұлымдық көрсету мақсатымен зиян болатындай ұстап тұр-маңдар. Кімде-кім осылай істесе - (некелену мақсатында болмай, қасақана ғиддәт мерзімін ұзартып зиянкестік істеуді ойласа) өз басына залал жеткізгені. Алланың аяттарын келеке қылмаңдар, Алланың сендерге берген нығметі мен уағыз-насихат үшін түсірген кітаптарын, хикметтерін (Құранды, сүннетті) естеріңде сақтаңдар. Алладан қорқыңдар. Алланың барлық нәрсені біліп тұратындығын біліп қойыңдар.

232. Егер талақ еткен әйелдердің ғиддәті толып, орынды түрде (біреумен) разылық білдіріскен болса, оларды некеленуден тоспаңдар. Бұл - араларыңдағы Аллаға, ақырет күніне иланғандарға насихат. Бұл -

(насихатты және Алланың әмір-пәрменін орындау) сендер үшін бек тиімді, өте пәк іс. Сендер білмейсіңдер, Алла біледі.

233. Бала емізуді толық аяқтатпақшы болған аналар екі жыл емізуі керек. Қағида бойынша (сол мерзімдегі) аналардың жеп-ішпек, киім-кешегін баланың әкесі міндетіне алуға тиісті. Әркім тек қолынан келетін іске ғана міндеттеледі. Баласы үшін ананы да, әкені де зиян тартқызбау керек. (Әке өлсе) мұрагер де әкемен бірдей (анаға нәпақа беруге, ақысын өтеуге) міндетті. Егер әке мен шеше кеңесу арқылы баланы (екі жыл толмай) емшектен айырмақшы болса, екеуіне де күнә болмайды. Егер балаларыңды сүт аналарға емізуге бермекші болсаңдар, оларға тиісті ақысын толық берсеңдер, сендерге күнә жоқ. Алладан қорқыңдар, Алла сендердің істеріңді көріп тұратынын біліп қойыңдар.

234. Іштеріңнен біреу өліп, әйелі жесір қалса, ол әйел төрт ай он күн ғиддәт күтуі (тұлдық тұтуы) керек. Бұл мерзім толғаннан кейін, әйелдің өз басы жөнінен қағида бойынша істеген істеріне (иегершілік еткендерге) келер күнә жоқ. Алла сендердің істеріңнен хабардар.

235. Ғиддәті толмаған әйелді (ғиддәті толғаннан кейін) алатындықтарыңды астарлы сөзбен білдіріп қойсаңдар немесе мақсаттарыңды құпия ұстасаңдар, сендерге келер күнә жоқ. Сендердің олармен некеленбекші болған ойларың Аллаға мәлім. Бірақ жасырын уәделеспеңдер, өз аймағында ғана сөз айтуларыңа болады. Ғиддәті толғанға дейін некеленуге бел байламаңдар. Біліп қойыңдар, Алла көңілдегілеріңді біліп тұрады. Одан именіңдер, Алла өте кешірімшіл, аса кеңпейіл.

236. Әйелдеріңе жақындамай тұрып немесе мәһірді белгілемей тұрып талақ етсеңдер (жөн некелі болып қана қоя берсеңдер), ешбір күнә болмайды. Бірақ, әркім өз күйіне қарай белгілі шамада тұтыну сома беруі керек, бай да, кедей де өз әліне қарай берсін. (Бұл) Жақсы адамдардың өтеуге тиісті борышы.

237. Егер мәһір белгіленіп қойып, тек қосылмай тұрып талақ етсеңдер, онда белгіленген мәһірдің жартысын берулерің керек. Бірақ әйел кешсе немесе некелесуге келісім жасаған адам кешірім етсе, оның жөні бір басқа. Кешірім ету – такуалыққа жақындағандық. Өзара қарайласуды ұмытпаңдар. Алла сендердің істеріңді көріп тұрады.

238. Намазға мән беріңдер, әсіресе орта намазға. Аллаға мойынсұнып тұрыңдар.

239. Қорқынышты жағдайда, жаяу немесе ат үстінде кетіп бара жатып намаз оқи беріңдер. Бейбіт кездеріңде Алла қандай тәлім берген болса, оны сондай еске алыңдар.

240. Өздері өліп, артында әйелдері қалғандар (өлер алдында) әйелдерін бір жылға дейін киім-кешек, ішпек-жемекпен қамдауды, үйден қуып жібермеуді өсиет етсін. Егер әйелдер өздігінен (үйден) кетіп қалса,

олардың жолды түрде істеген істерінен сендерге келер күнә жоқ. Алла – аса үстем әрі хикметті.

241. Талақ етілген әйелдерге жөн бойынша қамдау сома беру – тақуалардың өтеуге тиісті борышы.

242. Сендердің түсінулерің үшін Алла өзінің аяттарын осылай баяндайды .

243. Сан мың адамның өлімнен қорқып, мекендерінен қашып кеткенін білесің бе? Алла оларға: «Өліңдер» деп бұйырды (олар өлді), сонан соң Алла оларды қайта тірілтті. Алла, шынында, адамдарға өте рахымды. Бірақ, адамдардың көбі шүкірлік етпейді.

244. Алла жолында соғысыңдар. Біліп қойыңдар, Алла – бәрін естіп, біліп тұрушы.

245. Кімде-кім Аллаға жақсылықпен қарыз берсе (Алла жолында шын ықыласты түрде мал сарп қылса), Алла оған көп-көп еселеп қайтарады. Алла (сынақ үшін) кейбіреудің ризығын тарылтады, кейбіреудің ризығын молайтады. Барлығың сол Алланың алдына қайтарыласыңдар.

246. (Ей, Мұхаммед!) Сен Мұсадан кейін Исрайыл ұрпақтарының бастықтарын білмейсің бе? Олар өз пайғамбарына: “Бізге бір патша сайлап бер, біз Алла жолында соғысамыз” - деді. Пайғамбар: “Егер сендерге соғыс парыз етілсе, соғыстан бас тартар ма екенсіңдер?” - деді. Олар “Біз мекенімізден шығарылдық, ұлдарымыздан айрылдық, Алла жолында соғыспайтын бізге не болыпты” - деді. Оларға соғыс парыз бола қалғанда, аз сандыларынан басқасы бұйрықтан бас тартты. Алла залымдарды әбден біледі.

247. Пайғамбары оларға: “Алла сендерге Талутты патша сайлады” - деді. Олар: “Ол бізге қайтіп патша болады? Одан гөрі патшалыққа біз лайық едік, оның үстіне оның жартымды дәулеті жоқ” - деді. Мұса: “Сендерге Алла, шынында, Талутты пайғамбар етті. Оның білімін молықтырып, денесін мықты етіп жаратты, Алла қалаған адамға патшалық береді, Алла - кең, аса білімді” - деді.

248. Оларға пайғамбары: “Оның патшалығының ғаламаты болып сендерге бір сандық келеді. Оның ішінде сендерді орнықтыратын нәрселер, Мұса мен Харунның үй ішінен қалған (Мұсаның таяғы, Харунның сәлдесі, Тәурат жазылған тақталар сияқты) мұралар бар. Оларды періштелер көтеріп келеді. Егер сендер (Аллаға және қияметке) сенетін болсаңдар, мұнда (осы бұйымдар мен Талуттың патшалыққа тағайындалуында) сендер үшін айқын нышандар бар” - деді.

249. Талут әскерлерімен (Байтулмуқаддастан) жолға шыққанда, оларға: “Алла сендерді бір өзенмен сынайды. Кім өзен суынан ішетін болса, ол менің қарамағымда емес; кім өзен суынан татпаса, ол шынында менің қарамағымда болғаны, тек уысымен бірер көсіп алып ішсе, оның оқасы жоқ (бұйрыққа қайшылық жасағандық есептелмейді)” - деді. Бірақ, аз

сандылары болмаса, көпшілігі онан ішіп қойды. Талут және онымен бірге иманға кіргендер өзеннен өткен кезде (жаудың көптігін көріп): “Біз Жалут және оның әскерлерімен соғысуға төтеп бере алмайды екенбіз” - десті. Талуттың қарамағындағы Алланың дидарын көруге сенетіндері: “Алланың жар болуымен аз қол көп қолды жеңеді” - десті. Алла сабырлылармен бірге.

250. Олар Жалутпен және оның әскерімен шайқасқан кезде: “Ия, Раббымыз, бізге қайсарлық бітіргейсің! Бізді табанды еткейсің! Кәпірлер қауымына қарсы бізге медет бергейсің!” - деді.

251. Алланың жәрдемімен олар жеңді, Дәуіт Жалутты өлтірді. Алла Дәуітке патшалық пен хикметті бағыштады. Оған қалаған нәрселерін (білімді) үйретті. Алла адам баласының біреуін біреуі арқылы қорғамай қуған болса, жержүзі былығып кетер еді. Бірақ, Алла бүкіл ғалам үшін мархамат иесі ғой.

252. (Ей, Мұхаммед!) Бұл – Алланың аяттары, мұны саған бұлжытпай оқып беремін. Сен, расында, елшілердің бірісің.

253. Міне, осы пайғамбарлардың кейбіреуін кейбіреуінен жоғары қойды, Алла олардың кейбіреуімен (Мұса пайғамбармен) сөйлесті. Кейбіреуінің (Мұхаммед пайғамбардың) дәрежесін жоғарылаттық. Иса Мәриямұлына (өліні тірілтетін, мылқауды сөйлететін, алапесті сауықтыратын) айқын мұғжизаларды бердік. Оны Рухулқудуспен (Жәбрайл періштемен) күшейттік. Алла қаласа, олардан кейінгілер өздеріне айқын дәлелдер келгеннен кейін бірін-бірі өлтірмес еді, бірақ олар алты бақан, алауыз болды. Олардың кейбіреуі иман кел-тірді, кейбіреуі қарсы шықты. Егер Алла қаласа, олар өзара соғыспас еді, бірақ Алла қалағанын істейді.

254. Ей, мүминдер! Сауда-саттық, достық, жанашырлық болмайтын күндер келуден бұрын өздеріңе берілген мал-мүліктен (Алла жолына) жұм-саңдар. Күпірлік етушілер – (өз басына) залымдық істеушілер.

255. Бір Алладан басқа құдай жоқ; Ол мәңгі тірі әрі күллі болмыстың меңгерушісі; Ол қалғымайды, ұйықтамайды; Көк пен жердегінің баршасы Аллаға тән; Оның құзырында кім оның рұқсатынсыз біреуге шапағат қыла алады? Алла олардың алдындағы істерін де, артындағы істерін де біліп тұрады. Олар Алланың білдіргенінен басқа ешнәрсені білмейді, Алланың күрсісі көк пен жерді түгел қамтиды. Ол екеуін қорғау оған ауыр келмейді, ол бәрінен жоғары, бәрінен ұлы.

256. Дінде зорлық жоқ, туралық азғындықтан айқын бөлінді. Кімде-кім тағұтқа (пұтқа, жын-шайтанға) қарсы болып, бір Алланың өзіне ғана сенсе, ол берік, сынбас бір тұтқаны ұстаған болады. Алла – барлығын естуші, білуші.

257. Алла иман келтіргендердің иесі, оларды қараңғылықтан (күпірден) жарыққа (иманның нұрына) шығарады; Кәпірлердің иесі – Шайтан,

ол оларды жарықтан (иманнан) қараңғылыққа (азғындыққа) жібереді. Міне, осылар – тозақтықтар, олар онда мәңгі қалады.

258. Алла өзіне патшалық берді деп Раббы туралы Ибраһиммен айтысқан адамды (Намрұтты) көрмедің бе? Ибраһим оған: “Менің Раббым (өлгенді) тірілте де, (тіріні) өлтіре де алады” - деп еді. Ол (Намрұт): “Мен де (өлгенді) тірілте аламын, (тіріні) өлтіре аламын” - деді. (Намрұт өлімге үкім етілген екі адамның бірін өлтіріп, бірін қоя берді). Ибраһим (оның ақымақтығын көріп): “Алла расында күнді шығыстан шығарады, ал сен оны батыстан шығарып көрші?” - деді. Әлгі кәпір ауыз аша алмай қалды. Алла залым қауымды тура жолға салмайды.

259. Немесе сен үйлері құлап ойран болған қаладан (Байтулмуқаддастан) өткен адамды (Ғұзайырды) көрмедің бе? Ол таңданып: “Алла бұларды өлгеннен кейін қалай тірілтеді?” - деді. Алла оны жүз жыл өлі күйінде қалдырып, кейін (құдіретінің кемелденгенін көрсету үшін) қайта тірілтті де, (періште арқылы) оған: “Осы күйде қанша жаттың?” - деп сұрады. Ол: “Бір күн немесе одан да аз уақыт жаттым” - деді. (Алла:) “Олай емес, толық жүз жыл жаттың. Ішпек-жемегіңе қара, бұзылған жоқ; Есегіңе қара (оның сүйектері қурап қалған). Сені адамдарға (құдіретімізге) дәлел ету үшін осылай істедік. Енді сүйектерге қара, біз оны қалай құрастырып, оған қайтып ет қондырар екенбіз” - деді. Жоғарыдағы істер оған (Ғұзайырға) айқын болған кезде (шіріген сүйектердің құдірет арқылы құралып, ет бітіп, жанданып түрегелгенін көргенде), ол: Алланың, шынында, барлық нәрсеге күші жететіндігін білдім» - деді.

260. Бір кезде Ибраһим: “Уа, Раббым, өлгенді қайтіп тірілтесің? Маған көрсетші!”- деді. “Маған сенбейсің бе?”- деді (Алла). “Олай емес, (көзбен көріп) көңілім орнықсын” - деді (Ибраһим). Алла оған: “Құстан төртеуін ұстап әкел, оларды (боршалап, бір-бірімен араластырып) жаныңа үйіп қой, одан соң әр төбеге бір-бір мүшесін апарып таста. Одан соң, оларды шақыр, сонда лезде алдыңа жетіп келеді. Алла жеңімпаз, хикмет иесі екендігін біл” - деді.

261. Алла жолында малмүлкін садақа қылғандар жеті дана бас шығарған, әрбір басында жүзден дәні бар дақылға ұқсайды. Алла қалаған пендесіне еселеп сауап береді. Алла – дархан, бәрін білуші.

262. Мал-мүлкін құдай жолына атағандар, соңынан оны міндетсімегендер және (алушыны) ренжітпегендер Раббыларыңның алдында сауапқа ие болады, (қияметте) оларға қауіп-қатер, қам-қайғы болмайды .

263. Жақсы сөз бен кешірімділік артынан ренжітетін садақадан артық. Алла – бай, кең пейіл (жазалауға асықпайды).

264. Ей, мүминдер! Мал-мүлкін ел көзіне көріну үшін жұмсайтын, Аллаға, ақырет күніне сенбейтін адам сияқты, садақаларыңды міндетсіп немесе ренжітіп беру арқылы текке жібермеңдер. Ондайлар бейне үстіне

топырақ қонып, топырағы жаңбырдан кейін шайылып кеткен қатты да жұмыр тасқа ұқсайды. Олар берген садақалары үшін (ақыретте) ешқандай сауап ала алмайды. Алла кәпірлер қауымын тура жолға салмайды.

265. Алланың разылығын алу және көкейіндегі иманын бекемдеу үшін мал-мүлкін садақаға беретіндер жаңбыр тисе екі есе өнім беретін, жаңбыр тимесе де дымқылдық сақтайтын (сонда да өнім беретін) үстірттегі бақшаға ұқсайды. Алла істегендеріңді көріп, біліп тұрады.

266. Араларында құрмалы және жүзімді, іргесінен бұлақ ағып жататын, көп жеміс беретін бақшасы бар, қарттық жеткен және балалары бар біреу қиындыққа жолығып, от араласқан қатты боран келіп бақшасын түк қалдырмай күйдіріп кетуін қалай ма? Алла ой жүгіртулерің үшін, өзінің аяттарын осылайша (ашық мысалдар арқылы) баяндайды.

267. Ей, Мүминдер! Табыстарыңның және біз сендерге өндіріп берген (астық, жеміс сияқты) нәрселердің жақсысынан садақа беріңдер, өздерің де көздеріңді жұмып тұрып, әрең алатын нашарларын іріктеп садақа қылмаңдар. Алланың (сендердің берген садақаларыңа) мұқтаж еместігін, мақтауға лайық екендігін біліп қойыңдар.

268. Шайтан сендерді кедейлікпен қорқытады (садақа берсеңдер кедейленесіңдер дейді), жексұрындыққа (сараңдыққа, зекет бермеуге) бұйырады; Алла сендерге кешірім мен кеңшілдікті уағда етеді. Алла – дархан, ерен білімді.

269. Қалаған адамына хикмет (даналық, білім) бағыштайды. Кімге хикмет бағыштасса, оған қыруар игілік берілген болады. Тек ақыл иелері ғана мұны түсіне алады.

270. Не нәрсені қайыр-сахауат етсеңдер де, (Алланың жолына) нені атасаңдар да, Алла, шынында, оны біліп тұрады. Залымдарға (қатігез, сараң немесе мал-мүлкін күнәлі іске сарп қылушыларға) ешқандай жәрдемші жоқ.

271. Садақаны әшкере берсеңдер, ол жақсы. Егер құпия берсеңдер әрі кедейлерге берсеңдер, тіпті де жақсы. Бұл сендердің кейбір күнәларыңның төлеуі болады. Алла сендердің істеріңнен хабардар.

272. (Ей, Мұхаммед!) Оларды тура жолға салуға сен жауапты емессің. Алла қалаған пендесін өзі тура жолға салады. Малмүліктен нені қайыр-садақаға берсеңдер де, ол - өз пайдаларың, сендер тек Алланың разылығы үшін қайыр-сахауат бересіңдер. Жақсылық жолға арнаған қайыр-сахауаттарыңның сауабы өздеріне толық қайтарылады, сендерге әділетсіздік істелмейді.

273. Өзін құдай жолына атаған, (тіршілік ету үшін) ешқайда баруға шарасыз болған кедейлерге қайыр-сахауат беріңдер. Ахуалды білмейтіндер олардың тіленшілік етпейтіндігіне қарап, оларды бай деп ойлайды,

олардың кейіптерінен де белгілі, олар біреуден қадалып (бір нәрсе) сұрамайды. Не нәрсені қайыр-сахауат етсеңдер де, Алла бәрін біліп тұрады.

274. Мал-мүліктерінен күндіз-түні жасырын немесе әшкере садақа беретіндердің сауабы Алланың алдында дайын. Оларға (ақыретте) қауіп-қатер, қам-қайғы болмайды.

275. Өсім жегендер (қияметте көрлерінен) жын соққан адамдай болып түрегеледі. Өйткені, олар: “Сауда-саттық дәл өсімқорлық сияқты” - дейді. Алла сауда-саттықты халал, өсімді арам етті. Кімде-кім Раббынан (өсімқорлықтың арамдығы туралы) насихат алғаннан кейін райынан қайтса, бұрынғы алғандары өзінікі болады, оның ісі Аллаға тапсырылады. Қайталай (өсімқорлық) істегендер – тозақтықтар, олар онда мәңгі қалады.

276. Алла өсімқорлықты жояды, сауданың берекесін арттырады. Алла барлық ынсапсыз күнәһарды ұнатпайды.

277. Иман келтіріп, түзу іс істегендер, намазды өтеп, зекет бергендер Раббылары алдында сауапқа ие болады, оларға (ақыретте) қауіп-қатер, қам-қайғы жоқ.

278. Ей, имандылар! Алладан қорқыңдар. Шын мүмин болсаңдар, (адамдар мойынында) қалған өсімді алмаңдар.

279. Егер осылай істемесеңдер (өсім алғанды қоймасаңдар), біліп қойыңдар, Алла және оның пайғамбары сендерге қарсы соғыс жариялайды. Егер тәубе қылсаңдар, малдарыңның басы өздеріңе қайтады, басқаларға зиян тарттырмайсыңдар, өздерің де зиян тартпайсыңдар.

280. Егер борыштының қолы қысқа болса, ол ауқаттанғанға дейін күтіңдер және (қиыншылықта қалған борыштыдан алатын қарызды оған) садақа қылып беріңдер, егер білер болсаңдар, бұл сендер үшін тіпті де жақсы.

281. Сендер Алланың алдына қайтарылатын, онан соң әркім өз еңбегінің (жақсы-жаман ісінің) нәтижесін зұлымдықсыз толық көретін бір күннен қорқыңдар.

282. Ей, Мүминдер! Бір-біріңнен мерзімді қарыз беріп, қарыз алсаңдар, жазып қойыңдар. Араларыңдағы хат білетін адам дұрыстап жазсын. Хатшы адам жазып беруден бас тартпай, Алланың тәлімі бойынша жазсын. Борышты адам Раббы болған Алладан қорқып, қарызын кемітпей айтып берсін. Егер борышты кісі ақымақ (есуас, ақылсыз, ысырапқор) немесе әлсіз (кішкене бала немесе өте кәрі) болса, немесе (мылқаулығы, тұтықпалығы себепті) өзі айтып бере алмаса, онда оған иелік етуші турасын айтып берсін. Еркектерден екі адамды куә етіңдер. Егер екі ер адам табылмаса, өздерің разы болатын адамдардан бір ер, екі әйелді куә етіңдер. Бұл екі әйелдің біреуі ұмытып қалса, екіншісі есіне салады. Куәгерлер (куәлікке) шақырылған кезде (куәліктен)

бас тартпасын, қарыз көп болса да, аз болса да оны қайтару уақытын (қосып) жазудан ерінбеңдер. Алла мұны ең әділ, куәлікке толымды, күмән тудырмайды деп қарайды. Бірақ араларыңдағы қолма-қол саудада құжат жазбасаңдар да, сендерге келер күнә жоқ. Саудада тоқтам жасағанда, куәгер қойыңдар. Куәгерді де, жазушыны да зиян-зақыметке ұшыратуға болмайды; егер зиян жеткізсеңдер, онда сендер күнәлі боласыңдар. Алладан қорқыңдар, Алла сендерге (екі дүниедегі пайдалы істі) үйретеді, Алла – барлық нәрсені толық білуші.

283. Егер сапар үстінде (қарыз алып), жазатын адам таба алмасаңдар, (қолхаттың орнына) заттай кепіл берсеңдер де болады. Егер біріңе бірің сеніп, аманат қойсаңдар, аманат қойылған адам аманатты тапсырсын (қарыз беруші адам борыштыға сеніп, одан қарыздың орнына бір нәрсе алмаса, борышты кісі қарызын белгіленген уағында қайтарсын), (қарыздар аманатты қайтаруда) Алладан қорықсын. Куәні жасырмаңдар, кімде-кім куәні жасырады екен, оның жүрегі қылмысты болады. Алла не істегендеріңді толық біледі.

284. Аспандағы, жержүзіндегі күллі зат Аллаға тән. Көңілдегілеріңді жария істесеңдер де, жасырын істесеңдер де, Алла сендерден оның есебін алады. Алла кешіргісі келгенін кешіреді, жазалағысы келгенін жазалайды. Алланың барлық нәрсеге құдіреті жетеді.

285. Пайғамбар өзіне Раббы тарапынан түсірілген кітапқа сенді, мүминдер де сенді. Олардың барлығы Аллаға, Алланың періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына сенді. Олар: “Алланың пайғамбарларын алаламаймыз. Біз (үндеуіңді) естідік және (әміріңе) бойсұндық. О, Раббымыз, сенен кешірім тілейміз, соңғы барар таянағымыз да өзіңсің” - дейді.

286. Алла ешкімді шамасы жетпейтін іске зорламайды. Кімде-кім жақсылық істесе, сауабын өзі көреді, жамандық қылса, сазайын өзі тартады. (Олар былай дейді:) “Раббымыз, біз ұмытсақ немесе жаза бассақ, жазаламағайсың! Раббымыз, бізден бұрынғыларға жүктегендей ауыр жүк жүктемегейсің! Раббымыз, үддемізге ала алмайтындай ауыр жүк (міндет) артпағайсың! Бізді кешіргейсің, жарылқағайсың! Бізді мүсіркегейсің! Сен біздің иемізсің, кәпірлер қауымымен қарсыласқанда бізге медет бергейсің!”.

3. ӘЛИ-ҒИМРАН СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 200 аят.

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Әлиф, ләм, мим (мұның мағынасын Алланың өзі біледі).
2. Алладан өзге ешқандай құдай жоқ, ол - мәңгі тірі, барлық болмыстың меңгерушісі.
3. (Ей, Мұхаммед!) (Алла) бұрынғы кітаптарды растаушы хақ кітапты (Құранды) саған түсірді. Бұрын Тәурат пен Інжілді түсірген еді.
4. Ол (Тәурат пен Інжіл) бұрынғы адамдарға дұрыс жол сілтеуші болды. (Дұрыс пен бұрысты) айыратын дәлелдерді аян етті. Алланың аятына қарсы шыққандар ауыр жазаға ұшырайды. Алла – жеңіс иесі, (қылмыстыларды) жазалаушы.
5. Анығында көктегі, жер-әлемдегі ешбір нәрсе Алладан жасырын емес.
6. Ол сендерге аналарыңның жатырындағы шақтарыңда-ақ, өзі қалаған бейнені береді. Онан басқа ешбір құдай жоқ , ол – жеңімпаз, хикмет иесі.
7. (Ей, Мұхаммед!) Алла саған кітапты (Құранды) түсірді. Онда ашық айтылған аяттар бар, бұлар – кітаптың (Құранның) негізі, сондай-ақ, меңзеп айтылған (жасырын мағынадағы) аяттар да бар. Көңілінде көлденеңі барлар фитна шығарып, өз жорамалдары бойынша түсіндіреді). Мұндай аяттардың ұғымын Алла ғана біледі және білімділер біледі. Олар (ғылым иелері) былай дейді: “Біз оған сенеміз, мұның барлығы - Алладан аян болған аяттар. Мұны тек ақыл иелері ғана түсінеді.
8. Раббымыз, бізді тура жолға салғаннан кейін, ниетімізді басқаға аудармағайсың! Бізді мейір-шапағатыңа бөлегейсің! Сен (пенделеріңе) асқан жомартсың.
9. Раббымыз, расында болатын күмәнсіз күнде (қияметте) адамдардың басын қосушы (есеп алушы) өзіңсің. Алла, шынында, уағдасынан таймайды”.
10. Кәпірлердің мал-мүліктері, балалары Алланың жазасы алдында еш септігін тигізе алмайды. Олар – тозақтың отыны.
11. (Бұл кәпірлердің) Жай-күйі перғауын тобының және онан бұрынғылардың жай-күйі сияқты. Олар біздің аяттарымызды өтірікке шығарды. Сондықтан, Алла оларды қылмыстары үшін жазалайды. Алланың жазасы төтенше қатты.

12. (Ей, Мұхаммед!) Кәпірлерге: “Сөзсіз жеңілесіңдер, (ақыретте) тозаққа жиналасыңдар, ол неткен жаман орын!” деп айт.

13. (Ей, Кәпірлер, Бәдір соғысында) Шайқасқан екі топқа сендер үшін бір ғибрат бар, оның бір тобы – Алла жолында соғысқандар (мұсылмандар), енді бір тобы – Мұсылмандардың тобын өздерінен екі есе көп көрген кәпірлер тобы. (Алла мұсылмандардың аз тобын кәпірлерге өздерінен екі есе көп көрсетті). Алла қалаған адамын медет беріп қолдайды. Қырағы адамдар үшін осының өзінде шүбәсіз ғибрат бар.

14. Қатын, бала, алтын-күміс, бағалы қазына, жақсы ат, түлік мал, егінжай сияқты көз жауын алатын нәрселер адам баласына ыстық көрінеді, бұлар дүние тіршілігінің (аз күндік) рахаты үшін ғана, тамаша жай (жұмақ) - Алланың қасында.

15. (Ей,Мұхаммед!) Қауымыңа: “Сендерге бұдан да артық нәрсенің бар екендігін айтайын ба? Тақуалар үшін Раббының қасында іргесінен бұлақтар ағып жататын, мәңгілік тұрақ болатын жұмақтар бар, сондай-ақ, оларға пәк жұбайлар, Алланың ризалығы бар” деп айт. Алла пенделерін толық көріп тұрады.

16. Олар (Тақуалар): “О, Раббымыз! Шынында, иман келтірдік, күнәларымызды кешіріп, тозақ азабынан сақтағайсың” - деді.

17. Олар – сабырлылар, шыншылдар, бойсұнушылар, (Алла жолына) қайыр-сахауат берушілер, таң сәріде кешірім тілеушілер (таң намазын оқитындар).

18. Алла өзінен басқа ешбір құдай жоқтығына әділдікпен куәлік етті; періштелер мен ғылым иелері де одан өзге ешбір құдай жоқтығына, оның үстем әрі хикмет иесі екендігіне әділдікпен куәлік берді.

19. Расында Алланың алдындағы дін – Ислам діні. Кітап иелері (Яһудилер мен Насаралар) өздеріне ғылым түскеннен кейін өзара күншілдікпен талас-тартысқа түсті (Мұхаммед ғалайһиссаламның пайғамбарлығын, Ислам дінінің ақиқатын айқын дәлелдерден біле тұра, оны қасақана жоққа шығарды). Кім Алланың аятына қарсы шықса, (Алла оны жазалайды), өйткені Алла - расында, тез есеп алушы.

20. (Ей, Мұхаммед!) Олар сенімен (дін туралы айтысса), “мен өзімді де, өзіме ілескендерді де Аллаға тапсырдым” де. Кітап иелері мен надандардан (араб мүшриктерінен): “Сендер мұсылман болдыңдар ма?” деп сұра. Егер олар мұсылман болса, онда олардың тура жол тапқаны. Егер олар бет бұрып кетсе (саған ешқандай зиян жоқ), сенің міндетің - тек жеткізу ғана. Алла пенделерін (байқап) көріп тұрады.

21. Алланың аяттарына қарсы шығушыларды, пайғамбарларды нақақ өлтірушілерді, әділетке бұйырғандарды өлтірушілерді Алланың қатты жазалайтындығымен ескертіп қой.

22. Олар – бұл дүниеде де, ақыретте де еңбектері зая кеткендер. Оларға ешқандай жәрдемші де жоқ.

23. Кітаптан сыбаға берілгендерді (Яһуди ғұламаларын) көрмедің бе? Олар араларындағы (алауыздықтар туралы) Алланың кітабы бойынша үкім шығаруға үнделсе, олардың бір тобы теріс айналады. Олар – шындықтан бет бұрғандар.

24. Бұл олардың “тозақ оты бізді санаулы күнде (бұзауға табынған қырық күнде) ғана күйдіреді” дегендігінен және дін туралы өз ойларынан шығарып жала жабулары олардың өздерін алдағандықтан болды.

25. Шексіз келетін сол бір күнде оларды бір жерге жиялық, әркімге істеген еңбегіне қарай толық сыбағасы берілетін, еш адамға әділетсіздік істелмейтін (сауабы кемітілмейтін, жазасы арттырылмайтын) сол күндерде олардың халі нешік?!

26. (Ей, Мұхаммед!) Былай деп айт: “Патшалықтың иесі болған, ей, Алла! Қалаған адамыңа патшалық бағыштайсың, қалаған адамыңнан патшалықты аласың. Барлық жақсылықтың кілті өз қолыңда. Расында барлық нәрсеге құдіретің жетеді.

27. Түнді күндізге, күндізді түнге кіріктіресің (сонымен күндіз бен түннің ұзын-қысқалығы маусымдар бойынша кезектесіп тұрады), сондай-ақ өліден тіріні, тіріден өліні шығарасың. Қалаған адамыңа есепсіз ризық бересің”.

28. Мүминдер мүминдерді тастап, кәпірлерді дос тұтпасын. Кімде-кім осылай істесе, Алланың достығына оның қолы жетпейді. Бірақ олардан қорыққанынан көріністе дос болғандардың жөні бір басқа. Алла сендерді өз жазасынан қорқытады. Ақырғы барар орын – Алланың алды.

29. Көңілдегілеріңді бүксеңдер де, бүкпесеңдер де Алла біліп тұрады. Тіпті көк пен жердегі күллі затты да біліп тұрады. Алланың барлық нәрсеге құдіреті жетеді.

30. Сол бір күні (қиямет күні) әр адамның жақсы-жаман істері өз алдыларында дайын болады. Олар жаман істерінен өзінің аралығы (айта қалсын) қашық болса екен деп тілейді. Алла сендерді өзінен Әміріне қарсы келуден) абайлатады. Алла пенделерін аялағыш.

31. (Ей, Мұхаммед:) “Егер сендер Алланы дос көрсеңдер, оған еріңдер, сонда ғана Алла сендерді сүйеді және барлық күнәларыңды кешіреді. Алла – асқан кешірімшіл, ерекше мейірімді” деп айт.

32. “Аллаға, пайғамбарға бойсұныңдар” де. Егер бет бұрса, Алла, шынында, (өзіне және аяттарына қарсы шыққан) кәпірлерді сүймейді.

33. Алла Адамды, Нұхты, Ибраһим мен Ғимран әулеттерін (пайғамбарлыққа) таңдап, әлемде ардақты етті.

34. Ол әулеттер бір-бірімен қандас, Алла – барлығын естіп тұрушы әрі біліп тұрушы.

35. Бір кезде Ғимранның әйелі (Фақуза қызы): “О, Раббым, мен ішімдегі перзентті (дүние істерінен) азат етіп, саған атадым, (осы нәзірімді) қабыл еткейсің. Сен, расында, түгел естіп, түгел біліп тұрушысың” - деді.

36. Ол қыз тапты, сол кезде: “О, Раббым, мен қыз таптым” -деді. Оның не тапқанын Алла әбден білетін еді. (Ол аңсаған) ұл қызы сияқты емес қой. (Ғимранның әйелі:) “Мен оған Мәриям деп ат қойдым. Оны және оның ұрпақтарын қуаланды шайтанның кесірінен сақта деп өзіңе сиынамын” - деді.

37. Раббы оның дұғасын жақсы қабылдады және оны келісті, кемел етіп өсірді. Оған Зәкәрияны ие қылды (Зәкәрия оны бағып-қақты). Зәкәрия оны көру үшін михрабқа кірген сайын, оның жанында бір қоректік тұрғанын көреді. (Сонда Зәкәрия:) “Әй, Мәриям, бұл саған қайдан келді?” - дейтін. Ол: “Алладан келді” - деуші еді. Алла, расында, қалаған адамына есепсіз ризық береді.

38. Осы кезде Зәкәрия Раббына жалбарынып: “О, Раббым! Маған да өз жаныңнан бір жақсы перзент бағыштағайсың. Сен сөзсіз тілекті естушісің” - деді.

39. Ол михрабта намаз оқып тұрған кезде, періштелер оған: “Алла сені өзінің кәлимасын (Исаны) растайтын, ел ағасы, нәпсіге тежемді, игі жақсылардан пайғамбар болатын Яхияны нәсіп еткендігімен қуанышқа бөлейді” - деп дыбыстады.

40. Ол: “О, Раббым, мен болсам қартайдым, жұбайым да бала көтермейді, қайтіп ұл сүймекпін?” - деді. (Періштелер:) “Алла осылайша өз қалағанын істей алады” - деді.

41. Зәкәрия: “О, Раббым! Маған (Әйелімнің жүкті болатыдығына) бір нышан көрсеткейсің” - деді. (Алла:) “Сенің нышаның сол: Ишарамен болмаса, үш күн тіл-ауыздан қаласың (тек зікір-тәсбихқа тілің келеді), сондықтан, ертелі-кеш Алланы еске түсіріп, көбірек тәсбих айт” - деді.

42. Сонда періштелер айтты: “Ей, Мәриям, расында, Алла сені таңдады, пәк қылды әрі бүкіл жаһандағы әйел затынан артық жаратты.

43. Ей, Мәриям, Раббыңа бойсұн және сәжде ақыл, рукуғ қылушылармен бірге рукуғ қыл!”.

44. (Ей, Мұхаммед!) Саған уахи еткен осы хабарларымыз – ғайып хабарлары. Олардың әрқайсысы Мәриямға ие болуға қаламдарын тастағанда және өзара таласта қалғанда да, сен олардың жанында жоқ едің.

45. Сол кезде періштелер былай деген еді: “Ей, Мәриям! Алла сенен (Атаның қатысынсыз) өзінің бір кәлимасы арқылы (дүниеге келетін

бір бөбекке) сүйінші сұрайды. Оның аты – Мәсих Мәриям ұлы Иса. Ол дүниеде де, ақыретте де бетті, абыройлы және Аллаға ең жақындардан болады.

46. Ол Иса бесікте де, орта жас кезінде де адамдарға (Пайғамбарлық сөзді) сөйлейді және (тақуалыққа кемелді) шарапатты адам болады".

47. Мәриям: "О, Раббым! Жан пенде маңыма жуымаған болса, қайтіп балалы боламын?"- деп еді, періште: "Алла өз қалағанын өстіп (хикметпен) жаратады. Бір істің болуын қаласа, «Бол!» дейді, сонда ол бола қалады" - деді .

48. Алла Исаға жазуды, даналық – хикметті, Інжілді үйретеді.

49. Оны Исрайыл ұрпақтарына пайғамбар етіп жіберді. (Иса мынаны айтады:) "Мен сендерге Раббыларыңнан (пайғамбарлығымның дәлелі ретінде) хикмет әкелдім: Балшықтан құстың кескінін жасап, оны үрлеймін. Ол Алланың әмірімен құсқа айналады. Тума соқырды және алапесті сауықтырамын, әрі Алланың әмірімен өліктерді тірілтемін және сендер жейтін, әрі үйлеріңде сақталатын жемектіктерден хабар беремін. Міне, осылардың өзінде, егер сенбесеңдер, сендер үшін айқын дәлелдер бар.

50. Мен өзімнен бұрынғы Тәуратты растаушы, сендерге арам болған кейбір нәрселерді адал етуші (ретінде келдім), әрі Раббыларыңнан хикмет (факт-дәлел) әкелдім. Алладан қорқып, маған бойсұныңдар.

51. Шынында, Алла – менің де Раббым, сендердің де Раббыларың. Оған құлшылық етіңдер. Тура жол - осы".

52. Иса олардан (Яһудилерден) қарсылықты (кәпірлік майданында қасарысып, Исаны өлтіруге бекінгенін) сезген кезде: "Алла үшін маған кімдер жәрдем береді?" - деді. Хауарилер (оның қасындағы Аллаға сенгендер) айтты: "Біз Алла үшін көмекші боламыз. Біз Аллаға сендік. Сен куә бол, біз шын мұсылманбыз".

53. "Раббымыз, сен түсірген кітапқа сендік, пайғамбарға ұйыдық. Бізді куә болушылардың (шәһидтердің) қатарына жазғайсың.

54. Олар (Исаға) қулық істетті, Алла да оларға (қарсы) амал істетті. Алла - амал істетушілердің ең шебері (Яһудилер айла-шарғымен Исаны өлтірмекші болғанда, Алла амалын тауып, Исаны аспанға алып шығып кетті).

55. Сол кезде Алла айтты: "Ей, Иса, (уақытың жеткенде) жаныңды аламын және (аспанға) өз қасыма көтеріп әкетіп, кәпірлерден пәк етемін (сені өлтірмекші болған қаскүнемдердің қастандығынан сақтаймын), саған ергендерді қияметке дейін кәпірлерден үстем етемін. Сонан соң менің алдыма қайтасыңдар. Сендер таласқан іс (Иса) туралы мен үкім шығарамын.

56. Ал енді қарсы келгендерге бұл жалғанда және ақыретте қатты жаза

беремін. Оларға (Алланың жазасын тосатын) ешбір қолдаушы шықпайды.

57. Иман келтіріп, ізгі іс істегендердің сауабын Алла толық береді. Алла залымдарды ұнатпайды.

58. Міне, бұлар - саған оқып беретін аяттарымыз және хикметті зікіріміз (Құранымыз)".

59. Расында, Алланың қасында Исаның мысалы да Адамның (Адам атаның) мысалына ұқсайды: (Алла) Адамды топырақтан жаратты, одан соң оған "Бол!" деп еді, ол бола қалды.

60. Бұл – Алладан аян болған ақиқат, (Ей, Мұхаммед!) енді бұдан шүбәланушы болма.

61. Саған (Иса туралы) мәлімет келгеннен кейін, кім саған дау айтса, сен оларға: "Келіңдер, біз де, сендер де ұлдарымызды, әйелдерімізді, өзімізді шақырып бір араға қосып, барлығымыз Аллаға жалынып, Алланың лағынеті өтірікшілерге тисін деп қарғыс айтайық!" - деп айт.

62. (Исаға байланысты) Бұл сөз – шындық қисса. Бір Алладан басқа ешбір құдай жоқ. Алла - сөзсіз, жеңіс иесі әрі хикметті.

63. Олар иманнан бет бұрса (олардың бұзық болғаны), Алла бұзықтарды түгел біліп тұрады.

64. "Ей, Кітап иелері (Яһудилер мен Насаралар), сендер және біздер болып мынадай бір ортақ ауыздылыққа келейік: Бір Аллаға ғана құлшылық етейік, оған ешқандай ортақ қоспайық. Алладан тыс бір- бірімізді тәңір тұтпалық" деп айт. Егер олар мұнан бас тартса: "Біздің мұсылман екендігімізге куә болыңдар " деңдер.

65. Ей, кітап иелері! Ибраһим жөнінде (Оны өз дінімізде деп) не үшін дауласасыңдар? Тәурат пен Інжіл одан (Ибраһимнен) кейін түсірілді, түсінбейсіңдер ме?

66. (Яһудилер және Насаралар!) Сендер өздерің білетін нәрселерің (Иса) хақында таластыңдар. Ал білмейтін нәрселерің (Ибраһим) хақында не үшін таласасыңдар? (Ибраһимнің жай-күйін) Алла біледі, сендер білмейсіңдер.

67. Ибраһим Яһуди де, Насара (христиан) да емес, нағыз мұсылман. Ол мүшрик те емес еді .

68. Расында, Ибраһимге ең жақын болғандар – оған (оның жолына) ергендер, бұлар – пайғамбар (Мұхаммед ғалайһиссалам) және (осы пайғамбардың үмметі болған) мүминдер. Алла – мүминдердің иесі.

69. Кітап иелерінен бір тобы сендерді адастырғысы келеді, олардың мұнысы тек өздерін адастырады. Бірақ мұны өздері сезбейді.

70. Ей, кітап иелері! Алланың аяттарының ақиқат екенін біле тұрып, оны неге мойындамайсыңдар?

71. Ей, кітап иелері! Не үшін ақ пен қараны шатастырып, біле тұра ақиқатты (Мұхаммедтің Тәураттағы сипаттарын) жасырасыңдар?

72. Кітап иелерінен бір топ адам айтады: “Мүминдерге түсірілген уахиға (Құранға) күндіз сеніп, түнде қарсы шығасыңдар, (осылай істесеңдер) олардың (иманнан) беті қайтуы мүмкін.

73. Өз діндестеріңнен басқаға сенбеңдер”деп. (Мұхаммед!) Оларға: “Хақ жол – Алланың жолы” де. “Сендерге берілгендей (уахи) өзгелерге де берілетініне немесе олардың Раббыларыңның алдында сендермен айтысатынына (тіпті жеңіп те кететініне) сенбеңдер” дейді, олар (демек, олар өз дінінде болмаған адамның пайғамбарлығын да мойындамайды).

(Ей, Мұхаммед!) Оларға: “Мол рақым (пайғамбарлық) Алланың ғана қолында. Ол оны қалаған адамына береді” де. Алла – аса кең, бәрін білуші.

74. Ол қалаған адамына ерекше мархаматын айлайды. Алла – дарқан қайырым иесі.

75. Кітап иелерінің кейбіреуіне көп қазына аманат қойсаң да, қайтарып береді, ал ішінара адамдар бір динар аманат қойсаң да, басы-қасында болмасаң қайтарып бермейді, өйткені олар “Надандар жөнінен (біздің дінімізде болмағандардың малына қиянат етсек) бізге қылмыс жоқ” дейді. Олар біле тұра Аллаға өтірік айтады.

76. Олай емес. Кімде-кім уағдаға опалы болса, (күнәдан) сақтанса, расында, Алла да (осындай) тақуаларды жақсы көреді.

77. Аллаға берген серті мен антын аз ақшаға сатқандарға ақыретте сыбаға жоқ. Қиямет күні Алла оларға тіл де қатпайды, оларға көзінің қырын да салмайды және оларды (күнәдан да) ағартпайды. Оларға азапты жаза бар.

78. Олардың (Яһудилердің) бір тобы кітапта болмаған нәрселерді кітаптағы нәрсе деп ойлауларың үшін, тілдерін бұраңдатып: “Бұл Алладан түскен” дейді. Ол Алладан түскен емес. Олар біліп тұрып, Аллаға әдейі өтірік айтады.

79. Алла бір адамға кітап, даналық және пайғамбарлық берген болса, содан кейін оның өзге адамдарға: “Алладан шеттеп, маған пенде болыңдар” деуі лайық емес. Қайта: “Кітапты үйреткендіктерің, оқығандықтарың үшін Раббының шынайы құлы (кемелді дін ғалымы) болыңдар” (деуі лайық).

80. Ол сендерге періштелер мен пайғамбарларды құдай тұтуды бұйырмайды. (Сендер) мұсылман болғаннан кейін, пайғамбарларың күпірді бұйыра ала ма?

81. Бір кезде Алла пайғамбарлардан уағда алып: “Мен сендерге кітап және хикмет бердім. Кейін сендерге берілген (кітап пен хикметті) растау-шы

бір пайғамбар келсе, сендер оған сөзсіз сенулерің және көмектесулерің керек”; Сендер уағдамды қабылдадыңдар ма? Менің осы ауыр уағдамды мойындарыңа алдыңдар ма?” дегенде, олар: “Мойындадық” десті. Ол (Алла): “Ендеше куә болыңдар. Мен де сендермен бірге куәгерлерденмін” деді.

82. Ал содан кейін кім уағдадан тайса, күнәкар болады.

83. Олар (Яһудилер мен Насаралар) Алланың дінінен басқа дінді көксей ме? Аспан әлемі мен жер жүзіндегілердің барлығы ерікті және еріксіз түрде бір Аллаға тәсілім болады және түбінде (қияметте) оның алдына қайтарылады.

84. (Ей, Мұхаммед), Оларға: “Біз Аллаға, өзімізге түсірілгенге (Құранға) Ибраһим, Исмағил, Исхақ, Яқұптарға және олардың ұрпақтарына түсірілгенге, Мұсаға түсірілгенге (Тәуратқа), Исаға түсірілгенге (Інжілге), сондай-ақ, Раббыларынан барлық пайғамбарға түсірілгенге (кітаптарға) сендік, біз пайғамбарлардың ешқайсысын алалап отырмаймыз (яғни кейбіріне сеніп, кейбіріне сенбей қоймаймыз), біз Аллаға мойынсынушылармыз”, - деп айт.

85. Кімде-кім Исламнан өзге дінді көксесе, онікі қабылданбайды, ол ақыретте зиян тартушылардың қатарында болады.

86. Иман келтіріп, пайғамбардың хақтығына куә болғаннан және айқын дәлелдер келгеннен кейін, кәпір болған қауымды Алла қалайша тура жолға салсын?! Алла залым қауымды тура жолға салмайды.

87. Мұндайлардың жазасы – Алланың, періштелердің, бүкіл адам баласының қарғысына ұшырау ғана.

88. Олар мәңгі тозақта болады, олардың жазасы жеңілдетілмейді де, кешірілмейді.

89. Бірақ, артынан тәубе қылып, түзелгендері, мұның сыртында. Алла расында (өте) кешірімді, ерекше мейірімді.

90. Иманға кіргеннен кейін қайтадан күпірлік істеп, қарсылығын арттыра түскендердің тәубесі әсте қабыл болмайды. Міне бұлар – азғындар.

91. Кәпір болып, кәпір күйі өлгендердің ешқайсысы, жер жүзін толтыра алтын төлесе де, қабыл етілмейді. Олар қатты азапқа ұшырайды, оларға (азаптан құтқарып алатын) еш медеткер табылмайды.

92. Сүйген нәрселеріңді (Алла жолында) жұмсамайынша (садақа бермейінше), жақсылыққа қол жеткізе алмайсыңдар. Не жұмсасаңдар да, Алла оны сөзсіз біліп тұрады.

93. Тәурат түсірілуінен бұрын Исрайылдың (Яқұптың) өз басына ғана арам еткен жемтіктерден (түйенің етінен және сүтінен) басқаның барлығы Исрайыл ұрпақтарына халал еді. (Ей, Мұхаммед) Оларға: “Егер шыншыл болсаңдар, Тәуратты әкеліп оқып көріңдер”, - деп айтқын.

94. Осыдан кейін (дәлелдер ашыққа шыққаннан кейін), кімдер өтірік айтып Аллаға жала жапса, әне солар – залымдар.

95. “Алланың айтқаны хақ. (Ислам деп аталған) Ибраһимнің хақ дінін ұстаныңдар. Ибраһим мүшриктерден емес”, - де.

96. Адам баласы үшін (ғибадатқа арналып) тұңғыш салынған үй (Қағба) Меккеде. Ол – берекелі, бүкіл әлемге жетекші жай.

97. Онда айқын дәлелдер (ғаламаттар) және Ибраһимнің мақамы (орны) бар, кім оған кірсе қамсыз болады. Шамасы жеткен адамдардың Алланың разылығы үшін Қағбаны хаж етуі парыз. Кім де кім қарсы келсе, Алла күллі әлемнен беймұқтаж.

98. (Ей, Мұхаммед) Оларға: “Ей, кітап иелері, Алла істегендеріңе өзі куә болып тұрса, неліктен Алланың аяттарын мойындамайсыңдар?”, - де.

99. “Ей, кітап иелері! (Ислам дінінің) туралығына өздерің куә бола тұра, иманға кіргендерді Алланың хақ жолынан тосып, Алланың жолын теріс көрсетпек болуларың қалай? Алла істегендеріңнен бейхабар емес”, - деп айт.

100. Ей мүминдер, кітап берілгендердің бір тобына мойынсұнсаңдар, иман келтіргендеріңнен кейін, сендерді олар қайтадан кәпірлікке қайтарады.

101. Сендерге Алланың аяттары оқылып тұрса, Алланың елшісі де араларыңда болса, қалайша кәпір болмақсыңдар? Кім Аллаға (оның Құранына) жабысса, анығында ол тура жолға түсіріледі.

102. Ей Мүминдер, Аллаға шынайы тақуа болыңдар, (дүниеден кетерде) мұсылман күйінше өліңдер.

103. Алланың арқанынан (дінінен) бәрің де жабыса ұстаңдар, айрылмаңдар (бөлшектенбеңдер). Алланың берген нығметін еске түсіріп тұрыңдар. Бір кезде сендер бір-біріңмен дұшпан едіңдер, ал Алла жүректеріңді достастырып еді, Алланың нығметімен бір таңда өзара туысқандай болып қалдыңдар. Сендер тозақ ұрасының ернеуінде едіңдер, Алла сендерді одан құтқарды. Тура жолға түсулерің үшін, Алла өзінің аяттарын осылай айқын баяндайды.

104. Сендердің араларыңда (адамдарды) жақсылыққа бастайтын, ізгілікке бұйырып, жаманшылықтан шектейтін бір топ жұртшылық болсын. Әне, солар бақытқа кенелетіндер.

105. Айқын дәлелдер келгеннен кейін керісіп, алды-алдына бытшыт болғандар (Яһудилер, Насаралар) сияқты болмаңдар. (Қияметте) Алапат азап, әне соларға түседі.

106. Қияметте кейбір жүздер ағарып, кейбір жүздер қараяды. Сонда жүзі қараларға (періштелер): “Иман келтіргеннен кейін қайта қарсы болдыңдар ма? Ендеше, сол қарсы болғандықтарыңның сазайын тартыңдар”, - деп айтады.

107. Ал, ақ жүзділер Алланың рахметінде (Жәннатта) болады да, онда мәңгі қала береді.

108. Міне, бұл Алланың аяттары. (Ей, Мұхаммед), бұларды саған шындықпен оқимыз. Алла ғаламға зұлымдық істеуді қаламайды.

109. Аспан әлемі мен жер жүзіндегі күллі болмыс Аллаға тән. Барлық іс Алланың алдына қайтарылады.

110. (Ей, Мұхаммедтің үмметі!) Сендер адамзат үшін жарыққа шығарылған, (адамдарды) жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыятын, Аллаға сенетін қайырлы бір үммет болдыңдар. Егер, кітап иелері иман келтірсе ғой, онда олар үшін тағы жақсы болар еді. Олардың ішінде имандылар да бар, бірақ олардың көбі пасықтар.

111. Олар біраз машақат салғаннан басқа саған зәрредей зиян-захмет келтіре алмайды. Егер сендермен соғыса қалса, сендерді соңына түсіреді (артқа шегінеді) және оларға көмек берілмейді.

112. Қай жерде болсын, олардың Алланың немесе мұсылмандардың қолдауында бола алмағандары қорлыққа түсіп, соққы жеді, Алланың ашуына тап болып, мұқтаждықта қалды. Бұл, олардың Алланың аяттарына қарсы шығып, пайғамбарларды нахақ өлтіргендіктерінен болды, сондай-ақ, Алланың аяттарына қарсы келіп, шектен шыққандықтарынан болды.

113. Олардың бәрі бірдей емес. Кітап иелерінің түнде тұрып, Алланың аяттарын оқып, сәжде қылатын бір тобы бар.

114. Олар Аллаға, ақырет күніне сенеді, жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыяды, жақсылыққа асығады. Міне бұлар – жақсы адамдар.

115. Олар қандай жақсылық істесе де, еңбегі еш кетпейді. Алла тақуаларды біледі.

116. Кәпірлерді, малы мен әулеттері, Алланың азабынан құтқармайды. Олар – тозақтықтар, мәңгі тозақта қалады.

117. Олардың бұл дүниеде (риямен) берген садақалары бейне залым қауымның егістігіне тиіп, ойран қылған ызғарлы боранға ұқсайды. Алла оларға зұлымдық істемеді. Қайта олар өз бастарына зұлымдық істеді.

118. Ей, Мүминдер, діндестеріңнен басқаны сырлас тұтпаңдар, олар сендерге қастық істеуден тайынбайды, сендерді машақатта қалса екен деп тілейді. Олардың дұшпандығы ауыздарынан-ақ білініп тұрады. Ал, көкейге бүккендері, одан да жаман. Түсінер болсаңдар, сендерге расында талай аяттарымызды баяндадық.

119. Сендер оларды дос тұтқандарыңмен, олар сендерді дос тұтпайды. Сендер (көктен түскен) кітаптардың бәріне сенесіңдер (сөйте тұра, олар сендерге сенбейді). Олар сендермен кездесе қалғанда: “Біз де

иманға кірдік” дейді. Оңашалана қалса, сендерге кектенгендігінен бармақтарын тістейді. (Ей, Мұхаммед!) “Құсадан өліңдер!”, - деп айт. Ақиқатында Алла көкіректегінің бәрін біледі.

120. Егер, сендерге (молшылық, көмек, олжа сияқты) бір игілік нәсіп болса, олар қайғы шегеді. Егер, сендерге (ауыршылық, ашаршылық, жеңіліс сияқты) бір жамандық келсе, шаттанады. Егер, сендер сабырлы болсаңдар, (сөз-әрекетте) Алладан қорқыңдар, олардың амал айласы сендерге титтей де зиян сала алмайды. Алла олардың істегендерін әбден біліп тұрады.

121. (Ей, Мұхаммед!), сен үйіңнен ерте шығып, Мүминдерді соғыс шебіне (Ұхұдқа) орналастырған едің. Алла (сөздеріңді естіп, жәй-күйіңді) біліп тұрды.

122. Өз кезінде сендерден екі топ (Сәлама тобы мен Хариса тобы, әлсіздік істеуге қорқып соғыс майданынан) шегінуге бет алды. Алла олардың медеткері еді. Мүминдер (барлық жағдайда және барлық істе) Аллаға сүйенсін.

123. Алла сендерге Бәдірде (Бәдір соғысында) расында көмек берді, ал сендер әлсіз едіңдер (сандарың да, құралдарың да аз еді). Аллаға шүкір етер болсаңдар, Алладан қорқыңдар.

124. (Ей, Мұхаммед!) Сол кезде сен мүминдерге: “Раббыларың сендерге үш мың періште түсіріп, медет берсе жетпей ме?”, - деген едің.

125. Әрине, жетеді. Егер, (соғыста) шыдамды болып, (Алладан) именсеңдер, жау дереу сендерге шабуылға өткенде, Раббыларың сендерге бес мың нысаналы періштемен көмек береді.

126. Алла осы көмекті сендерге қуаныш болуы үшін, көңілдерің алаңсыз болуы үшін істеді. Көмек тек бәрінен үстем, хикмет иесі Алладан ғана.

127. (Бұл көмек) кәпірлердің бір тобын жойып жіберу немесе кетеуін кетіріп, күдерін үздіре бетін қайтару үшін берілген еді.

128. (Ей, Мұхаммед!) Ешқандай іс сенің еркіңде емес. Алла оларды не кешіреді, не (бетінен қайтпаса) жазалайды. Өйткені, олар расында залымдар.

129. Көк пен жердегі күллі зат Алланікі. Алла қалағанына кешірім береді, қалағанын жазалайды. Алла – аса кешірімшіл, ерекше мейірімді.

130. Ей, Мүминдер, (саудада) үстем өсім жемеңдер. Мұратқа жетеміз десеңдер, Алладан қорқыңдар.

131. Кәпірлер үшін әзірленген тозақ отынан сақтаныңдар.

132. Рақметке қол жеткізулерің үшін Аллаға, пайғамбарға бойсұныңдар.

133. Раббыларыңнан, жарылқауына және тақуаларға арналған, кеңдігі аспан мен жердей келетін Жұмаққа асығыңдар!

134. Тақуарлар – кеңшілдікте де, таршылықта да (мал-мүлкін) Алланың

жолына жұмсап тұратындар, (кек алуға құдіреті жете тұрып) ашуызасын баса алатындар, (қастандық еткен, қаралаған) адамдарды кешіре білетіндер. Алла жақсы іс істегендерді ұнатады.

135. Тақуалар бір жамандық істесе (күнәлі болса) және өздеріне өздері кесір жасаса, дереу Алланы жадына алып, күнәларына бола кешірім сұрайды. Күнәні Алладан басқа кім кешіре алады? Олар біле тұра, күнәлі істе қасарыспайды.

136. Міне осындай істердің сыйлығы – Раббыларынан кешірім және іргесінен бұлақ аққан Жұмақ. Олар Жұмақта мәңгі тұрады. Жақсылық істеушілердің алатын сыйлығы неткен жақсы десеңізші!

137. Сендерден бұрын да қилы-қилы жолдар (замандар) өтті. Жер жүзін аралаңдар. (Ақиқатты) өтірікке балағандардың соңының не болғанын көзбен көріңдер.

138. Бұл (Құран) – адам баласына бір айқын баяндау, тақуаларға тура жол және уағыз-насихат.

139. (Соғыстан) босаңсымаңдар, қам-қайғыға түспеңдер. Егерде, мүмин болсаңдар, үстемдік табасыңдар.

140. Егер, сендерге жарақат түскен болса, (Ухұд шайқасында өліп не жаралансаңдар), жауға да сондай жарақат түскен еді (Бәдір соғысында жау қырылды, жараланды). Біз осындай күндерді адамдар арасында кезекпен алмастырып тұрамыз (яғни, жеңісті бірде біреуге тән етсек, бірде енді біреуге тән етеміз). Бұлай етуіміздің өзі мұсылмандарды (мұнафықтардан) айырып білуіміз және сендерді шаһидтікке жеткізуіміз үшін. Алла залымдарды ұнатпайды.

141. Әрі мұсылмандарды (күнәдән) кіршіксіздендіруіміз, кәпірлерді жоғалтып жоюымыз үшін (ауыр күнді кезектестіреміз).

142. (Ей, Мүминдер!) Алла сендерден (шынайы) соғысқандарды және сабыр еткендерді нақтап айырмай тұрып, (ауызда иман келтірдік деп қана) Жұмаққа кіруді ойлайсыңдар ма?

143. Сендер өлімді көрместен бұрын өлім тілеуші едіңдер, енді (өлімді) нақ көрген кезде қарап тұрсыңдар ғой.

144. Мұхаммед тек бір елші ғана. Одан бұрын да талай пайғамбар өтті (олардың кейбірі өз ажалынан өлген, кейбіреуін басқалар өлтірген). Егер, ол (Мұхаммед) өлсе, не өлтірілсе, артқа шегінесіңдер ме (иманнан шығасыңдар ма)? Кімде-кім артқа шегінеді екен, Аллаға зәредей де зиян бере алмайды. Алла шүкірлік етушілерді сыйлайды.

145. Алланың ықтиярынсыз ешкім де өлмейді, өйткені (Алла), әр адамның ажал күнін белгілеп қойған. Кім дүние сауабын көздесе, оған оны да береміз (оған ақыреттен сыбаға жоқ), кім ақырет сауабын көздесе, оған да береміз. Шүкірлік етушілерді сыйлаймыз.

146. Талай пайғамбарлар және көптеген құдайшыл ғұламалар бірлікте соғыс

ашты. Олар құдай жолында кездескен қиындықтарға босаңсымады. Әлсіздік істемеді, бас имеді. Алла сабыр етушілерді жақсы көреді.

147. Олар тек: “О, Раббымыз, күнәларымызды, қиғаштық істерімізді кешіргейсің. Бізді (соғыста) табанды еткейсің, кәпірлермен ұстасқанда медет бергейсің”, - дегеннен басқа сөз айтпады.

148. Сондықтан, Алла оларға дүние сыйлығын да, ақыреттің тамаша сауабын да арнады. Алла изгі іс істегендерді сүйеді.

149. Ей, Мүминдер! Егер, кәпірлерге бағынсаңдар, сендерді (діннен шығарып) кері кетіреді. Сөйтіп зиян тартушыларға айналасыңдар.

150. Олай емес. Сендердің иелерің – Алла, ол – ең жақсы медеткер.

151. Ол жөнінде ешбір дәлел түсірмеген нәрселерді (пұттарды) Аллаға теңегендіктері үшін, біз кәпірлердің көңіліне қорқыныш саламыз. Олардың барар орны – Тозақ. Залымдардың орны неткен жаман десеңізші!

152. Алла сендерге берген уағдасын растады да, оның әмірімен жауды қынадай қырдыңдар (Ұхұд соғысында). Деседе, сендер ұнататын олжаны көздеріңе көрсеткеннен кейін әлсіздіктеріңді байқатып, (пайғамбардың) әмірі жайлы жанжалдастыңдар, оған қарсы шықтыңдар. Кейбіреуің фәнилік дүниені, кейбіреуің ақыретті көздедіңдер. Содан соң, Алла сендерді сынау үшін жаудан беттеріңді қайтарды, әрі сендерді кешірді. Алла шынында, мүминдерге мол жақсылық істеуші.

153. Сол кезде пайғамбар шақырып тұрса да, ешкімге мойын бұрып қарауға мұршаларың келмей, ұзап қаша бердіңдер. Сондықтан, қолдарыңнан кеткенге де (олжаға да), сәтсіздікке де тым ашынбауларың үшін, Алла сендерге мұң үстіне мұң берді (Ұхұд соғысында жеңіліспен жазалады). Алла сендердің істегендеріңнен толық хабардар.

154. Сол қайғы-қасіреттен кейін, Алла сендерге тыныштық ұйқысын берді де, кейбіреулеріңді қалғытып қойды, енді бір бөлегіңді өз бастарымен қайғы етіп қойды. Бұлар жаһилият дәуірінің адамдары сияқты Алла жөнінде түрліше тұспал ойларда болды. Олар: “Бізге жеңістен бір үміт бар ма?”, - десті. (Ей, Мұхаммед!) “Күллі іс шынында Алланың еркінде”, - де. Олар өз іштеріне бүккен арамдығын саған әшкерелемейді. Олар: “Бізге жеңістен біраз үміт болса ғой, бұл жерде өлтірілмес едік”, - деседі. Оларға: “Сендер үйлеріңде отырсаңдар да, (араларыңдағы) ажал сызығы толғандар, сөз жоқ, сол ажалы келетін жерге барады”, - деп айтып қой. Алла сендердің жүректеріңді сынау, көңілдеріңді кіршіксіздендіру үшін осылай істейді. Көкейдегінің бәрі де Аллаға аян.

155. Екі қосын ұшырасқанда, араларыңдағы ішінара адамдар бет бұрды, кей қылықтары (пайғамбарға қарсы шыққандығы) себебінен, шайтан

олардың табанын тайдырып жіберді. Алла оларды шынында кешірді. Алла расында кешірімшіл әрі кең пейіл.

156. Ей, Мүминдер! Сапарға немесе соғысқа кеткен туыстары туралы: “Олар біздің қасымызда болса өлмейтін де, өлтірілмейтін де еді”, - дейтін кәпірлердің аяғын құшпаңдар. Алла мұны, олардың көңіліндегі бір қасіретке айналдырды. Алла тірілтеді де, өлтіреді. Алла барлық істегендеріңді көріп тұрады.

157. Сендер Алла жолында өлсеңдер, яки өлтірілсеңдер, сендерге арналатын Алланың кешірімі және рақымы, олардың жиған-терген дүниеліктерінен қымбат.

158. Сендер (өз ажалдарыңмен) өлсеңдер де немесе соғыста өлтірілсеңдер де, сөзсіз Алланың алдына жиналасыңдар.

159. (Ей, Мұхаммед!) Сен тек Алланың рахметімен оларға мүләйім болдың. Егер дөрекі, қатал болсаң, олар сенен алыстап, бет-бетімен кетер еді. Оларға кешірімді бол, және (Алладан) оларға кешірім тіле, олармен әрбір істе кеңесіп тұр. (Кеңескеннен кейін) бір іске бел байласаң, Аллаға сүйен. Алла сөзсіз өзіне сүйенгендерді сүйеді.

160. Алла сендерге медет берсе, сендерге тең келер ешкім болмайды. Егер (медет бермей) тастап қойса, онда сендерге кім жәрдем береді? Мүминдер тек Аллаға ғана сүйенсін!

161. Ешбір пайғамбар ғаниметке (олжаға түскен малға) қиянат етпейді. Кімде-кім қиянат қылса, қиямет күні қиянат еткен нәрсесімен келтіріледі (мойынына көтерткізіп әкелінеді). Сонан соң, әр адамның істегеніне қарай толық сыбаға беріледі (жақсылардың сауабы кемітілмейді, күнәкарлардың жазасы көбейтілмейді), нахақтық істелмейді.

162. Алланың разылығын тілеген адам Алланың кәріне тап болған адаммен тең бе? Оның (Алланың кәріне тап болған адамның) барар жері – Жаһаннам, бұл неткен сұмдық жәй десеңізші!

163. Алланың алдында олардың дәрежелері түрліше болады. Алла олардың істегендерін көріп тұрады.

164. Расында Алла өзінің аяттарын оқып беретін, күнәдан арылтатын, оларға (үмметтерге) кітапты, хикметті үйрететін пайғамбарлар жіберіп, мүминдерге мол қайыр-ихсан жасады. Өйткені, олар бұрын ашық азғындықта еді.

165. Өздеріңе келген сәтсіздік, сендер жауларыңның басына келтірген сәтсіздіктің жартысындай-ақ еді, (Ұхұд соғысында мұсылманнан жетпіс кісі шаһит болған болса, Бәдір соғысында кәпірлерден жетпіс адам өліп, жетпіс адам қолға түскен болатын). Сонда да сендер: “Бұл сәтсіздік қайдан келді?”,-дедіңдер.“Бұл өздеріңнен болды”, - деп айт (ей, Мұхаммед). Алланың баршаға құдіреті кәміл.

166. Екі қосын беттескен күні (Ухұд соғысында) сендерге келген нәрсе Алланың рұқсатымен болды, бұл нағыз мұсылмандарды біліп алу үшін еді.

167. Сондай-ақ, екіжүзділерді айыра білу үшін еді. Оларға: “Келіңдер, Алла жолында соғысыңдар немесе өздерінді қорғаңдар”, - дегенде, олар: “Біз соғысуды білген болсақ, сендерге сөзсіз ілесетін едік”, - деді. Сол күні олар иманнан көрі күпірге жақынырақ еді. Олар жүректерінде жоқты ауыздарымен айтты. Олардың ішке бүккендерін Алла тағы жақсы біледі.

168. Және (үйлерінде) отырып алып туыстарына: “Егер олар тілімізді алған болса, өлтірілмес еді” дегендерге: “Өлімді өз бастарыңнан аулақтатып көріңдерші, айтқандарың шын болса”, - де.

169. Алланың жолында шаһит болғандарды әсте өлді деп ойламаңдар, олар әрине тірі. Олар Алланың жанында ризықтанады.

170. Олар Алла берген мол рахметке қуанады және өздерімен жалғаса алмай артында қалғандарға өзіне қауіп-қатер, қайғы жоқ екендігін қуанышпен хабарлағысы келеді.

171. Сондай-ақ, Алла бағыштаған ырыс пен кеңшілікке, Алланың мүминдердің сауабын зая қылмайтындығына сүйініп қуанады.

172. (Ухұд соғысында) жараланғаннан кейін, Алланың және пайғамбардың шақыруына үн қосқандарға, олардан жақсылық істер істеп, тақуалық еткендерге Алланың алдында үлкен сауап бар.

173. Кей адамдар оларға: “Бағзы біреулер (Құрайыштар) сендерге қарсы қол жинады, олардан қорқыңдар”, - деді. Бұл сөз, олардың иманын күшейтті. Олар: “Бізге Алланың өзі жеткілікті, ол неткен жақсы ие десеңізші!”, - деді.

174. Олар, Алланың игілігіне және мейір шапағатына бөленіп қайта оралды, ешбір зиян-зақымға ұшырамады. Алланың разылығын іздеді. Алла – өте үлкен шарапат иесі.

175. Сол бір шайтан өз достарын (кәпірлерді) қорқытады. Егер мүмин болсаңдар, шайтаннан қорықпаңдар, менен қорқыңдар.

176. Күпірлікке ұмтылысқандар сені қамықтырмасын. Олар Аллаға әсте зәредей де нұқсан жеткізе алмайды. Алла оларға ақыретте ешқандай несібе бермеуді қалайды. Сондай-ақ, оларға (қияметте) үлкен азап бар.

177. Иманын күпірге айырбастағандар Аллаға зәредей де нұқсан жеткізе алмайды. Олар қатты азапқа дұшар болады.

178. Біздің оларға берген (Өмірінің ұзақ болуы, қолдарының кең болуы сияқты) тиімділіктерімізді, кәпірлер әсте өз бастарына қайырлы деп есептемесін. Біздің орай беруіміз, олардың күнәларын үсті-үстіне арттыра түсу үшін болып отыр. Олар қияметте қорлық жазаға дұшар болады.

179. Алла жақсыдан жаманды айырмайынша, мүминдерді сендер болған осы күйде қоя бермейді. Алла сендерге ғайыптан да еш нәрсе білдірмейді, бірақ елшілерінен қалағанын таңдап, соған (мұнафықтардың жай-күйін Мұхаммедке білдіргендей) білдіреді. Сондықтан, сендер Аллаға, пайғамбарларға сеніңдер. Егер сенсеңдер әрі тақуа болсаңдар, сендерге үлкен сауап бар.

180. Алланың өз молшылығынан берген дәулетіне сараңдық еткендер, сараңдықты пайдалы екен деп есептемесін. Қайта, бұл оларға зиянды. Олардың сараңдық еткен нәрселері қиямет күні мойындарына ажырғы етіліп кигізіледі. Көк пен жердің мұрагерлігі Аллада. Алла істегендеріңнен әбден хабардар.

181. “Алла расында кедей, біз баймыз” дегендердің (Яһудилердің) сөзін Алла әлбетте естіді. Біз олардың айтқандарын және пайғамбарларды нақақ өлтіргендіктерін (ғамал дәптеріне) жазып қоямыз. (Кезі келгенде) Оларға: “Күю азабын бір татып көріңдер”, - дейміз.

182. Бұл – сендердің өткізген қылмыстарыңның сазайы. Өйткені Алла пенделеріне зұлымдық істеуші емес.

183. Олар (Яһудилер): “Алла бізге (аспаннан түскен) от жеп кететін бір құрбандық келмейінше, ешбір пайғамбарға иман келтірмеуге бұйырды”, - деді. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: “Бұрын да сендерге мұғжизамен және өздерің айтқан мұғжизамен көп пайғамбар келген еді, егер сөздеріңде тұрсаңдар, сол пайғамбарларды неге өлтірдіңдер?”, - деп айт.

184. (Ей, Мұхаммед!) Олар сені өтірікке ұйғарса, (оған мұңайма), сенен бұрынғы өткен, мұғжизалар мен кітаптарды (Ибраһимге түскен сахифа сияқты кітаптарды) және нұрлы кітаптарды (Тәурат, Інжіл сияқты кітаптарды) әкелген пайғамбарларды да мойындамаған еді.

185. Әрбір жан иесі өлім дәмін бір татады. Сендердің сыбағаларың (істеген жақсылықтарыңның сауабы) қияметте толық беріледі. Кімде-кім Тозақтан аулақтап, Жұмаққа кіреді екен, бұл оның мұратына жеткені. Дүние тіршілігі, құр алданыштан басқа нәрсе емес.

186. Сендер (садақамен, жұтау апатымен) малдарың жайлы сыналасыңдар, кітап иелерінен және мүшіріктерден көп қиянат естисіңдер. Егер (ондайға) шыдамдылық істесеңдер, Алладан қорықсаңдар, онда осының өзі берік ниетпен істелген іс болады.

187 Кезінде Алла “Кітапты (Ондағы Алланың үкімдерін) адамдарға түсіндіріңдер, оны жасырмаңдар”,-деп кітап иелерінен уағда алған еді. Бірақ, олар оны иықтарының артына лақтырды және онымен аз бір бағаға сатып алды. Олардың сатып алғаны неткен жаман десеңізші!

188. (Ей, Мұхаммед!) Істеген (жаман) істеріне мәз болатын, істемеген істерімен мақталуды ұнататындарды, әсте есепке алма, сондай-ақ,

оларды Алланың жазасынан құтылады деп есептеме. Оларға қатты азап бар.

189. Көк пен жердің иелігі Аллаға тән. Алла барлық нәрсеге құдіретті.

190. Көк пен жердің жаратылысында, күн мен түннің кезекпен алмасуында ақыл иелері үшін айқын дәлелдер бар.

191. Олар (ақыл иелері) отырса да, тұрса да, жантайып жатса да Алланы еске алады. Көк пен жердің жаратылысына ой жүгіртеді де, (былай дейді:) “О, Раббымыз! Бұларды бекер жартпадың, біз сені барлық нұқсаннан пәк деп білеміз. Бізді тозақ отынан сақтағайсың!

192. О, Раббымыз! Кімді тозаққа түсірсең, сол қор болады. Залымдарға ешқандай медетші жоқ.

193. О, Раббымыз! Біз, бір шақырушының (Мұхаммед ғалайһиссаламның): “Раббыларыңа иман келтіріңдер!”,- деп шақырған айқайын естідік те, иман келтірдік. Раббымыз, күнәларымызды кешіргейсің, жамандықтарымызды жойғайсың! Жақсылар қатарында жанымызды алғайсың!

194. О, Раббымыз! Бізге пайғамбарлар арқылы уағда еткен нәрсеңді (Аллаға, пайғамбарға бойсұнғандарға берілетін Жұмақты) бергейсің. Қиямет күні бізді қор қыла көрме! Сен сөзсіз уағдаңа беріксің”.

195. Сонда олардың дұғасын Раббылары қабыл етті: “Ер болсын, әйел болсын, мен жақсылық істеушінің амалын зая қылмаймын. Өйткені, сендер бір-біріңнен өсіп-өнгенсіңдер. (Дін жолында) қоныс аударғандардың, мекендерінен қуылғандардың, менің жолымда жапа шеккен, соғысқан, соғыста шәһит болған адамдардың жаманшылықтарын сөзсіз жойып жіберемін, іргесінен бұлақтар ағып жататын Жаннаттарға кіргіземін. Бұл Алладан берілген сауап. Алланың алдында сауаптың жақсысы бар” - деді.

196. Кәпірлердің (ақша, мал, абырой, мансап іздеп) қаладан қалаға кезіп жүруі, сені алдаусыратпасын.

197. Бұл (көзалдағы) кірарзымас пайда. Олардың ең соңғы орны – Жаһаннам. Бұл не деген жаман бесік, ә!

198. Бірақ, Раббыларынан қорыққандар үшін іргесінен бұлақтар ағып жататын Жаннаттар бар. Олар онда мәңгі тұрады. Бұл Алладан болатын күтіп алу болып саналады. Алланың құзырында болу абзал пенделер үшін тіпті де жақсы.

199. Кітап иелері арасында анығында Аллаға сенетін, соған түскенге (Құранға), өздеріне түскенге (Тәурат пен Інжілге) иланатын, Алладан именетіндер бар. Олар Алланың аятын болмашы ақшаға сатпайды. Оларға Алланың алдында сауап бар. Алла расында тез есеп алушы.

200. Ей, Мүминдер! (Қиыншылыққа) шыдаңдар, (жаумен) табандап

күресіңдер, қорғанысқа дайын тұрыңдар. Мақсаттарыңа жету үшін, Алладан қорқыңдар.

4. НИСА СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 176 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ей, адамдар! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан, оның жұбайын (Хауа ананы) жаратқан, ол екеуінен көп ер-әйел адам баласын таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар; Өзара бір нәрсе сұрасқанда, оның атымен сұрайтын Алладан қорқыңдар, әрі туыстық байланысты үзіп қоюдан сақтаныңдар, ақиқатында, Алласендерді бақылап тұрушы.
2. Жетімдердің мал-мүлкін, өз мал-мүліктеріне қосып жеп алмаңдар. Бұл нағыз қасақы күнә.
3. Сендер жетім қыздарға үйленгенде әділеттік істей алмауларыңнан қорықсаңдар, өздерің жақтырған әйелден екіні, үшті, төртті алыңдар. Бұлардың арасында да әділдік істей алмауларыңнан қорықсаңдар, бір әйелмен немесе қол астыларыңдағы күңмен қанағаттансаңдар да болады. Бұл әділдіктен алшақтамауларың үшін ең лайық (әдіс).
4. Әйелдердің мәһірін (көңілділікпен) тарту етіп беріңдер. Егер, олар, ол мәһірдің бір бөлімін сендерге өз разылығымен өтініп берсе, онда сендер қабыл алып, оның қызығын көріңдер.
5. Тіршіліктеріңнің негізі етіп Алла берген малдарыңды ақымақтарға ұстатып қоймаңдар. Оларды тамақтандырып, киіндіріп тұрыңдар, оларға жақсы үгіттер айтыңдар.
6. Жетімдерді балиғатқа толғанға дейін сынап тұрыңдар. Егер, олардан (мал-мүлкіне ие боларлық) естиярлық байқасаңдар, оларға мал-мүлкін тапсырып беріңдер. Олар есейгенше мал-мүлкін шашып, тездетіп жеп алмаңдар. Бай болғандар (жетімге иелік еткендігіне бола) жетімнің малын жемесін, ал кедейлер (оны бағып-қаққан еңбегі үшін) лайығымен жесін. Жетімдердің мал-мүлкін тапсырып берген кезде айғақшы қойыңдар. Есеп алуға Алла жеткілікті.
7. Әке-шешесі, жақын туғандары қалдырған мирастан ерлердің сыбағасы бар. Сондай-ақ, әке-шешесі және туғандары қалдырған мирастан әйелдердің де сыбағасы бар. Қалдырған мирасы аз болсын, көп болсын, әр адам белгіленген үлесін алады.
8. Мирас бөлінген кезде, (мұрагер емес) туғандар, (туыстығы жоқ)

жетімдер және жарлылар басы-қасында болса, оларға да құр қол тастамай, аздап беріңдер. Оларға сыпайы сөйлеңдер.

9. Кімде-кім артында қалған ұсақ балаларынан қандай қамықса, басқалардың жетім қалған ұсақ балалары үшін де сондай қамықсын; (Жетімдер туралы) Алладан қорқып, турасын айтсын.

10. Жетімдердің малын зұлымдық істеп жеп алғандар, ішіне толтыра от жұтып алған болады, олар сөзсіз тозаққа тасталады.

11. Балаларың (олардың тиесілі мирасы) турасында Алла мынаны бұйырады: Бір еркекке екі әйелдің үлесіндей, егер өлген адамның қызы екі не одан көп болса, оларға мирастың үштен екісі тиеді. Егер, мұрагер жалғыз қыз болса, оған мирастың жартысы тиеді. Егер, өлген адамның баласы бар болса, онда әке-шешесіне (өлгеннің әке-шешесіне) мирастың алтыдан бірі беріледі. Егер, оның баласы болмай, мирасқа әке-шешесі ғана мұрагерлік етсе, онда шешеге үштен бірі беріледі. Егер, өлгеннің аға-іні, әпке-қарындастары бар болса, онда шешеге мирастың алтыдан бірі тиеді. (Бұл бөліс) өлген адамның өсиеті орындалып, қарызы төленіп болғаннан кейін орындалады. Сендер, әкелерің мен балаларыңның қайсысы, өздеріңе пайда жағынан жақынырақ екендігін білмейсіңдер. Бұлар – Алланың белгілемесі. Алла расында барлығын білуші, хикмет иесі.

12. Егер (әйелдерің өліп) бала қалмаса, одан қалған мирастың жартысы сендерге (ерлерге) тиеді. Егер, бала қалған болса, сендерге төрттен бірі тиеді, (Бұл бөліс те) өлгеннің өсиеті өтеліп, қарызы төленгеннен кейін орындалады. Егер, сендердің балаларың болмаса, қалдырған мирастарыңнан әйелдеріңе төрттен бірі тиеді. Егер, бала қалса, онда оларға (әйелдеріңе) сегізден бірі беріледі, бұл да өлгеннің өсиеті өтеліп, қарызы ада болғаннан кейін орындалады. Егер, ата-анасы, не ұлқызы жоқ, мирас қалдырушының бір ғана ағасы, не бауыры яки әпкесі, не қарындасы болса, бұл панасыздың мирасынан алтыдан бірі беріледі. Егер, олардың саны бұдан көп болса, онда оларға мирастың үштен бірі беріледі. (Бұл бөліс те) өсиет орындалып, қарыз өтелгеннен кейін орындалады. Өсиет (мұрагерге) зиян жеткізбейтін болсын. Бұл – Алланың өсиеті. Алла – барлығын білуші, аса кең пейіл.

13. Міне, бұлар заң белгілемелері. Кімде-кім Аллаға және оның елшісіне бойсұнса, Алла оны іргесінен бұлақтар ағып жататын Жұмаққа кіргізеді, олар онда мәңгі тұрады. Мұның өзі ұлы табыс.

14. Кімде-кім Аллаға және оның пайғамбарына қарсы шығып, Алланың заңдарынан аттаса, Алла оны тозаққа кіргізеді, олар онда мәңгі қалады да, қорлық азап шегеді.

15. Әйелдеріңнен зинақорлық істегендерге (оларды анықтау үшін) төрт айғақ әкеліңдер. Егер, олар (әйелдің зинақорлық істегендігіне) айғақ болса, онда, әйелдеріңді өлгенге дейін немесе оған Алла бір шығар жол бергенге дейін үйде қамап ұстаңдар.

16. Араларыңнан (ер-әйел) екі адам зинақорлық істесе (немесе екі еркек

бір-бірімен тексіз байланыс жасаса), әр екеуін де айыптаңдар. Егер, ол екеуі райынан қайтып тәубе қылса, сендер де кешіріңдер. Алла ақиқатында тәубені қабылдаушы, өте мейірімді.

17. Кім надандықпен бір жамандық істеп қойып, артынан тез арада тәубе қылса, Алла шынында олардың тәубесін қабылдайды. Алла – барлық нәрсені біліп тұрушы, хикмет иесі.

18. Жамандықты жалғасты істеп, жан алқымға келгенде: “Енді тәубе қылдым” деушілердің, сондай-ақ, кәпір күйінде өлгендердің тәубесі қабыл болмайды. Міне, осындайларға біз (қияметте) азаптың қаттысын дайындап қойдық.

19. Ей, Мүминдер! Әйелдерді зорлық қылып, әмеңгерлік жолмен алу (не басқаға беру), сендерге лал емес. Олар ашық бір зина істемесе болғаны. Олараға берген мәһірдің біраз бөлігін жырымдап алу үшін қысым жасамаңдар, оларға жақсы мәміле ұстаңдар. Егер, оларды жақтырмасаңдар (сабырлы болыңдар), өйткені, сендер жақтырмаған істерде де Алла көп қайырлылық жасап қойған болуы мүмкін.

20. Егер, бір әйелді қоя беріп, орнына бір әйел алмақ болсаңдар, оған (алдыңғы әйелге) көп мал (мәһір ретінде) берген болсаңдар, одан ешнәрсені қайтарып алмаңдар. Оны жалаға жығып, әшкере күнә істеумен алмақсыңдар ма?

21. Сендер бір-біріңмен жастықтас бола тұрып, әйелдер сендерден (неке байлау арқылы) берік уағда ала тұра, қалайша қайтарып алмақсыңдар?

22. Әкелерің некеленген әйелмен некеленбеңдер. Осыдан (аят түсуден) бұрын алып қойған болсаңдар, кешірім етіледі. Бұл барып тұрған арсыздық, жиреніші қылық, анық пасықтық әдет!

23. Сендерге шешелеріңді, қыздарыңды, әпке-қарындастарыңды, әкелеріңмен бір туысқан қыздарды, шешелеріңмен бір туысқан қыздарды, аға-бауырларыңның қыздарын, әпке-қарындастарыңның қыздарын, сүт аналарыңды, (бір сүт анадан) емшектес қыздарды, қайын енелеріңді, өздерің жақындасып қойған әйелдеріңнің (басқа күйеуден болса да) өз үйлеріңде тәрбиеленген қыздарын некеге алу арам етілді. Бірақ (некеленсеңдер де), төсектес болмаған болсаңдар, оқасы жоқ. Және сендерге бел балаларыңның әйелдерін және апалы-сіңілділерді бірдей некеге алуларың харам етілді. Бірақ, осыдан бұрынғыларың кешірім етіледі. Алла расында кешірімшіл, ерекше мейірімді.

24. Қолдарыңдағы күңдерден басқа, некелі әйелдерді алуларың арам етілді. Бұл – Алланың сендерге қойған парызы. Бұлардан (жоғарыдағы некелесуге шек қойылғандардан) басқалар, малдарыңды сарып қылып, адал болып, зинақорлықтан сақтанып, некелесулеріңе адал етілді. Оларды (некелесіп) пайдаланған болсаңдар, баста белгіленген мәһірді беріңдер. Мәһір белгіленгеннен кейін, өзара ризаласып бітіскен

нәрседен (әйелдің разылығы арқылы күшінен қалған мәһір туралы) сендерге күнә жоқ. Алла шынында бәрін білуші, хикмет иесі.

25. Сендерден, әлдекім мүмин азат әйелді алуға ауқаты жетпесе, қол астындағы мүмин күндерден алсын. Сендердің имандарыңды Алла жақсы біледі. Сендер бір-біріңмен діндессіңдер, сондықтан, арлы болуы, зинақорлық қылмауы, өзгемен жымсыма көңілдес болмауы шартымен қожайындарының рұқсаты бойынша белгіленген мәһірін беріп, олармен некелесіңдер. Егер, олар некелескеннен кейін, зинақорлық істесе, оларға азат әйелге берілген жазаның жартысы беріледі. Бұл (неке) араларыңнан зинаға кіріптар болып қалудан қорыққандарға қаратылған. Сабыр қылсаңдар, өздеріне тіпті де қайырлы. Алла - өте кешірімді, ерекше мейірімді.

26. Алла (жақсы-жаманды) сендерге түсіндіруді, сендерді бұрынғылардың сара жолына салуды, тәубелеріңді қабыл етуді қалайды. Алла - өте білгір, хикмет иесі.

27. Алла тәубелеріңді қабыл етуді қалайды. Ал нәпсіқұмарлықтың соңына түскендер, сендердің мүлде ақ жолдан таюларыңды көксейді.

28. Алла сендердің жүктеріңді жеңілдетуді қалайды. Бірақ, адам (нәпсімен күресуге) өте әлсіз жаратылған.

29. Ей, Мүминдер! Разықоштық сауда жолымен болмаса, бір-біріңнің мал-мүліктеріне қиянат қылмаңдар және біріңді-бірің өлтірмеңдер, Алла сендерге расында аса есіркеуші.

30. Кімде-кім осы айтылғандарды (Алла шектеген істерді) егесіп зұлымдықпен істейді екен, сөзсіз оны тозаққа кіргіземіз. Бұл Аллаға оңай.

31. Сендер тиым салынғанның үлкенінен абай болсаңдар, онда, барлық күнәларыңды кешіреміз және сендерді қастерлі орынға кіргіземіз.

32. Алланың біріңді-біріңнен артықша жаратқандағы нәрселеріне ынтық бола бермеңдер. Істеген істерінен еркектердің сыбағасы өзіне, әйелдердің сыбағасы да өзіне. Алланың рақыметін тіленңдер. Алла сөзсіз барлық нәрсені біліп тұрады.

33. Барлық ата-ананың және жақындардың артында қалған мал-мүлкі үшін мұрагер тағайындадық. Сендер (өзара көмектесіп мұра алуға) серт байласқан адамдарыңның сыбағасын да өзіне беріңдер. Алла – барлық нәрсені бақылаушы.

34. Біріңді-біріңнен (күш-қуат, соғысқа қатынасу жақтан, еркектерді әйелдерден) артықша жаратқандықтан және ерлердің мал-мүлкін сарып қылғандығынан (әйелдердің нәпақасы ерлерге жүктелгендіктен), еркектер әйелдердің қорғаушысы болып қалды. Жақсы әйелдер – мойынсынушылар, олар (күйеуі жоқ кезде), Алланың өздерін қорғағаны себебімен жасырын болғанды (арын) қорғаушылар болып саналады.

Сендер (күйеуінен) бас тартады-ау деп сезіктенген әйелдерге насихат беріңдер. (Бұдан өнім бермесе) төсектес болмау арқылы ескерту беріңдер, (бұл өнім бермесе) жеңілірек ұрып көндіріңдер. Содан кейін сендерге мойынсынса, оларға жәбір көрсетуші болмаңдар. Расында Алла тым жоғары, асқан ұлы.

35. Егер, ерлі-зайыптылардың отаса алмауынан қауіптенсеңдер, еркектің туғандарынан бір әділ төреші, әйелдің туғандарынан бір әділ төреші жіберіңдер. Бұл екеуі оларды жарастырғысы келсе, Алла олардың арасына татулық салады. Алла расында бар-лығын білуші, бәрінен хабардар.

36. Аллаға құлшылық істеңдер, оған ешнәрсені ортақ қылмаңдар. Ата-аналарыңа, жақын туыстарыңа, жетімдерге, жарлыларға, туыстығы жақын көршілеріңе, жамағайын көршілеріңе, (сапарлас) жан жолдастарыңа, жолаушыларға, қолдарыңдағы құл мен күңдерге жақсылық істеңдер. Алла тәкаппар, мақтаншақтарды шын ұнатпайды.

37. Олар (тәкаппар, мақтаншақтар) сараңдық істейді, әрі адамдарды сараңдыққа баулыйды Алланың игілік етіп бергенін жасырады. Біз (Алланың кенелткен игілігін жасырған осындай) имансыздарға қорлық азаптарымызды дайындап қойдық.

38. Ондайлар мал-мүлкін адамдарға көрсету үшін жұмсайды, Аллаға, қиямет күніне сенбейді. Кім шайтанды жолдас қылса, оның жолдасы анық сұм-сұрқия болғаны!

39. Олар Аллаға, ақырет күніне сенсе, Алла берген несібесінен тиісті нәпақаларын үлестіріп тұрса, не зияны болмақ? Алла оларды әбден біледі.

40. Алла зәредей де әділетсіздік істемейді, қайта титтей жақсылық болса, оны еселеп арттырады, әрі өз алдынан ұлы сауап береді.

41. (Ей, Мұхаммед!) Әр бір үмметке өз ішінен бір куәгер (пайғамбар) және бұларға (үмметіңнің имансыз бұзықтарына) сені куәгер етіп жіберіп отырғанымызда, олардың қалы не болмақ?

42. Кәпірлер және пайғамбарға қарсы шыққандар қиямет күнінде жермен жексен болуды армандайды, бірақ (өздерінің барлық мүшесі куә болғандықтан) Алладан ешбір сөзін жасыра алмайды.

43. (Ей, Мүминдер!) Сендер мас болып қалғанда өздеріңнің не деп тұрғандарыңды білгенге дейін бойдәретсіз болсаңдар шомылып алғанға дейін намазға жақындамаңдар, жолаушылар мұның сыртында. Науқас немесе сапар үстінде болсаңдар, яки дәретке отырсаңдар немесе әйелдерге жақындасып қойсаңдар, су таба алмағанда беттеріңді, қолдарыңды таза жер жынысымен сүртіңдер (таяммум соғыңдар). Алла шынында аса ғафу етуші, өте кешірімді.

44. (Ей, Мұхаммед! Кітаптан сыбаға берілгендердің (Яһудилердің)

азғындықты сатып алып, сендердің де дұрыс жолдан адасуларыңды көксеп жүргенін көрмедің бе?

45. Алла сендердің дұшпандарыңды әбден біледі. Алла сендерге ие де, медетші де болуға кәміл.

46. Яһудилердің кейбіреулері кітаптағы (Тәураттағы) сөзді өзгертеді де, олар: “ Біз (сөзіңді) естідік те қарсы келдік”, “Сен бізге құлақ сал, біз саған құлақ салмаймыз” - дейді. Дінді кекетіп, қиянаттау тұрғысынан тілін бұрап: “Рағина” дейді. Егер, олар “Естідік әрі бойсұндық”, “Құлақ сал”, “Унзурна” - десе ғой, өте жақсы, әрі дұрыс айтқан болар еді. Бірақ, қарсылығы себепті, Алла оларға қарғыс қылды. Сондықтан, олардың аз сандысы болмаса, көбі иман келтірмейді.

47. Ей, кітап берілгендер (Яһудилер), сендер кей беттерді (мұрын, қас, көздерін жоғалтып, жып-жылмағай етіп) теріс қаратып қойуымыздан бұрын және сенбі күнін құрметтемегендерді (маймыл суретіне айналдырып) қарғыс қылғанымыздай малғұн етуімізден бұрын, өз жандарыңдағы кітапты (Тәуратты) растаушы етіп біз түсірген кітапқа (Құранға) сеніңдер. Алланың үкімі орындалады.

48. Алла өзіне серік қосушылардың күнәсін кешпейді. Онан басқа күнәларды қалаған адамынан кешіре береді. Кім Аллаға серік қосса, оның ауыр күнәға батқаны.

49. Өздерін пәк деп санайтындарды көрмедің бе? Олай емес, қалаған адамын Алла өзі пәк етеді. Оларға титтей де зұлымдық істелмейді.

50. (Ей, Мұхаммед!) Олардың Аллаға жала жапқанын қарашы! Бұл, оларға жеткілікті айдан ашық күнә ғой!

51. Кітаптан сыбаға берілгендерді көрмедің бе? Олар пұтқа, шайтанға сенеді және кәпірлерді көрсетіп: “Бұлар иман келтіргендерден гөрі дұрыс жолда” - дейді.

52. Міне бұлар – Алланың сілесі тигендер. Кімге Алланың сілесі тисе, оған медет беретін ешкімді таба алмайсың.

53. Немесе олардың биліктен алатын бір сыбағасы бар ма? Олай бола қалса, олар адамдарға түк те бермейді.

54. Немесе олар Алланың өз молшылығынан адамдарға берген игіліктерін қызғана ма? Біз шындығында Ибраһим ұрпақтарына кітап, хикмет және ірі патшалық бағыштадық.

55. Олардың (яһудилердің) кейбіреуі оған (Мұхаммедке) сенді де, кейбіреуі одан бас тартты. Оларға жаһаннам ның оты да жеткілікті.

56. Біздің аяттарымызды мойындамағандарды тозаққа саламыз да, азаптың дәмін татқызу үшін, терілері күйіп-пісіп түгесілген кезде басқа бір теріні қаптаймыз. Алла расында тым жеңімпаз, хикмет иесі.

57. Имандылар мен жақсы іс істегендерді біз сөзсіз іргесінен бұлақтар ағып жататын Жұмаққа кіргіземіз, онда олар мәңгібақи тұра береді. Оларға арналған пәк жұбайлар бар. Оларды Жұмақтың саясына саялатып қоямыз.

58. Алла сендерге аманатты иесіне қайтаруларыңды, адамдар арасында билік айтар болсаңдар, билікте әділ болуларыңды бұйырады. Алланың

сендерге айтқан уағыз насихаты қандай тамаша! Алла шынында толық естуші, аса көреген.

59. Ей, Мүминдер! Сендер Аллаға, пайғамбарға, өздеріңнен шыққан әмір иелеріне бойсұныңдар. Егер, бір нәрсе үстінде талас-тартыста қалсаңдар, Аллаға және пайғамбарға жүгініңдер. Егер, сендер Аллаға, ақырет күніне сенетін болсаңдар, осылай істеу әрі қайырлы, әрі жақсы нәтижелі болмақ.

60. (Ей, Мұхаммед!) Саған түскен кітапқа (Құранға) және сенен бұрынғы түскен кітаптарға (Тәурат, Інжілге) сендік деп құры өзеленгендерді көрмедің бе? Олар (шартсыз) қарсы тұруға бұйырылған шайтанға жүгінгісі келеді, ал шайтан оларды әбден аздырып адастыруды көксейді.

61. Өздеріне: “Алла түсірген кітапқа және пайғамбарға таман келіңдер” делінсе, екібеткей мұнафықтардың сенен онан ары шалқайғанын көресің.

62. Істеген қылықтарына қарай бастарына бір пәлекет келгенде, олар алдыңа ант-су іше келіп: “Біз тек жақсылықты және жарасуды ғана тілеп едік” десе қайтер едің?

63. Алла олардың жүрегіндегіні біліп тұрады. Олардан өзіңді тарт, оларға насихат айт, әсерлендіріп жеткізе сөйле!

64. Біз әрбір пайғамбарды Алланың әмірімен (оған) бойсұнуларың үшін ғана жібердік. Олар (мұнафықтар) өз бастарына кесір келтірген кезде, саған келіп Алладан кешірім тілеген болса және пайғамбарлар да олар үшін кешірім тілесе, олар сөзсіз Алланың кешірімін және мейірімін көрер еді.

65. (Ей, Мұхаммед!) Раббыңа серт! Олар өз араларындағы талас-тартысқа сені билік айтуға шақырмайынша, сен төрелік айтқан нәрсеге олардың көңілінен бүкпе жоғалмайынша, саған бүтіндей бойсұнбайынша, иманды бола алмайды.

66. Оларға: “Өздеріңді өздерің өлтіріңдер және мекендеріңнен тайып тұрыңдар!” - деп әмір берсек, олардың аз сандыларынан басқасы, орындамас еді. Егер, олар айтылған насихат бойынша істесе ғой, әрине, өздері үшін қайырлы болар еді, имандары мықтап нығаяр еді.

67. Олай болғанда, оларға үлкен сауапты (жәннатты) бағыштар едік.

68. Оларды оң жолға да салар едік.

69. Кімде-кім Аллаға пайғамбарға бойсұнса, олар Алла нығмет берген шаһиттермен, игі жақсылармен бірге болады. Бұлар неткен жақсы жолдастар десеңізші!

70. Бұл Алладан ғана болатын ілтипат, Алла – (ілтипатына бөленетіндерді) жете білуші.

71. Ей, Мүминдер! Сақтықты күшейтіңдер. Соғысқа топ-топқа бөлініп немесе тұтас аттаныңдар.

72. Іштеріңде сөзсіз (соғысқа) бармай қалып қоятындар да бар. Егер, сендерге бір сәтсіздік келе қалса, олар: “Алла мені шын сақтаған екен, өйткені, олармен бірге болмадым”, - дейді.

73. Егер, сендерге Алланың мархабаты (жеңісі) келе қалса, сендермен оның (мұнафық екі беткейдің) арасында ешқандай достық жоқтай-ақ: “Әттеген-ай, (соғыста) олармен бірге болсам, қырғын табысқа кенелер едім!”, - дейді.

74. Дүние тіршілігін ақырет тірлігіне айырбастайтындар Алла жолында соғысып тұрсын. Кімде-кім Алла жолында соғысып шаһит болса, немесе жеңіске жетсе, біз оған ірі сауап бағыштаймыз.

75. Сендерге не болды? “О, Раббым! Бізді осы халқы залым кенттен шығарып әкеткейсің, бізге өз жаныңнан бір панагер ие жібергейсің!”, - деп Аллаға мінәжәт қылып тұрған қауқарсыз ер, әлсіз әйелдер және сәби балалар үшін қайтіп Алла жолында соғыспайсыңдар?

76. Имандылар Алла жолында соғысады, кәпірлер шайтан жолында соғысады. Шайтанның достарымен соғысыңдар (оларды жеңесіңдер), өйткені шайтан әдіс-амал жағынан әлсіз.

77. (Ей, Мұхаммед!) Көрмедің бе? Оларға (соғысуды талап етушілерге): “Қолдарыңды тартыңдар, намаз оқыңдар, зекет беріңдер” делінген еді. Оларға соғыс парыз етілген шақта, олардың бір бөлегі жаудан Алладан қорыққандай қорқады, тіпті одан арман қорқады. Олар: “Раббымыз, бізге соғысты неге парыз еттің? Бізді неліктен жақын қалған ажалымызға дейін қоя тұрмадың?” - дейді. (Ей, Мұхаммед!) Оларға айтып қой: “Дүниенің пайдасы аз, Алладан қорыққандар үшін ақырет қайырлы. Сендарге титтей де нахақтық істелмейді”.

78. Қай жерде болсаңдар да, тіпті мықты биік қорғандардың ішінде болсаңдар да өлім сендерді тауып алады. Оларға (екібеткейлерге) бір жақсылық келсе: “Бұл Алладан болды” - дейді, егер бір жамандық келсе: “Бұл сенен болды” дейді. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: “Барлығы Алладан”, - деп айт. Бұл қауымның ешбір сөз ұқпайтын болғаны несі?

79. Басыңа келген жақсылық – Алладан (Алланың рақыметі). Ал басыңа келген жамандық – өзіңнен (өз пиғылыңнан). (Ей, Мұхаммед!) Сені адам баласына пайғамбар етіп жібердік. (Пайғамбарлығыңа) Алла жеткілікті куә.

80. Кімде-кім пайғамбарға бойсұнса, оның анық Аллаға бойсұнғаны. Кімде-кім (сенен) бет бұрса, (оның өз еркі), біз сені оларға бақылаушы етіп жібермедік.

81. Олар (екібеткей Мұнафықтар): «Әміріңе құлдық” дейді. Ал сенің қасыңнан былай шыға бере, олардың бір бөлігі (айтқанынан танып)

астыртын кеңес құрады. Алла олардың күңкіл сөздерін (періштелер арқылы) жазып тұрады. Сен олардан өзіңді тарт, Аллаға тәуекел ет. Алла кепілдікке кәміл.

82. Олар Құран туралы ой жүгіртпей ме? Егер Құран Алладан басқа біреуден келген болса, олар сөзсіз ол Құраннан түрлі қайшылықтарды кездестірген болар еді.

83. Оларға мұсылмандарға тән амандықтың немесе қорқыныштың хабары келе қалса, олар (анық-қанығына жетпей) оны жайып жібереді. Егер, олар ол хабарды пайғамбарға, яки өздерінің іс басындағыларына мәлімдесе, олардың ішіндегі байымдай алатындар сол хабардың мән-жайын түсінер еді. (Ей, мұсылмандар!) Сендер Алланың кеңшілігі мен мейірімі болмаса, аз сандыларыңнан басқаларың шайтанның жетегінде кетер едіңдер.

84. (Ей, Мұхаммед!) Алла жолында соғыс, (жеңіс сенікі). Сен өз басыңа ғана жауапкерсің. Мүминдерді (Соғысқа) шабыттандыр. Алла кәпірлердің қарулы күшін тоса алады. Алланың күші төтенше мығым, жазасы төтенше қатты.

85. Кім жақсылыққа болысса, жақсы үлес алады; Кім жаманшылыққа болысса, жаман үлес алады. Алланың барлық іске құдіреті жетеді.

86. Сендерге біреу сәлем берсе, сендер одан да жақсырақ сәлем беріңдер немесе сәлемін өзіндей қайтарыңдар. (Яғни өзгелер “Ассаламуғалайкум” – сендерге есендік болсын десе, сендер “Уағалайкумуссалам уа рахматуллаһи”– сендерге есендік һәм Аллының мейірімі болсын деңдер; Егер, “Ассаламуғалайкум уа рахматуллаһи уабаракатуһу”– сендерге есендік және Алланың мейірімі әрі берекеті болсын десе, “Уағалайкумуссалам уа рахматуллаһи уа баракатуһу”, - деп өзіндей қайтарыңдар). Алла расында әрбір істен есеп алушы.

87. Бір Алладан басқа ешбір құдай жоқ. Шек-шүбәсіз келетін қиямет күні сөзсіз сендерді бір жерге жияды. Алладан артық тура сөйлейтін кім бар?

88. (Ей, Мұсылмандар!) Сендер мұнафықтар жөнінен неге екі ұдай боласыңдар? Алла оларды қылықтары себебінен кері кетірді. Алла адастырған адамды дұрыс жолға салмақсыңдар ма? Біреуді Алла адастырса, оған ешқашан дұрыс жол тауып бере алмайсыңдар.

89. Олар өздері сияқты сендердің де кәпір болуларыңды, сөйтіп, өздерімен бірдей болуларыңды тілейді. Олар Алла жолына көшпейінше, олармен достаспаңдар. Олар (Олар Алла жолына көшуден) бас тартса, оларды қайдан тапсаңдар, сол жерде ұстап өлтіріңдер, оларды дос та тұтпаңдар, көмекші де етпеңдер.

90. Бірақ, сендермен өзара келісім жасасқан қауымға паналағандардың немесе сендермен де, өз қауымымен де соғысуға (батылы бармай),

сендерге келгендердің жөні бір басқа. Егер Алла қаласа, оларды сендерге қожаңдатып өктем қылар еді, сонда олар соғысар еді. Егер олар сендерден аулақ тұрса және соғыспаса, сендерге тізе бүкпесе (келісім талап етсе), Алла сендердің оларға тиісулеріңе әсте рұқсат етпейді.

91. Сендермен де, өз қауымымен де тыныштықта тұруды қалайтын тағы бір түрлі адамдар бар екенін көресіңдер. Олар бұзақылыққа шақырылса, өңмеңдеп кірісе кетеді. Олар сендерден аулақ тұрмаса, бас игісі келмесе, соғыстан қолын тартпаса, оларды қай жерден кезіктірсеңдер, сол жерде ұстап өлтіріңдер. Міне сендер (жаза жорығын жүргізулерің үшін) оларға қарсы айқын дәлелдер көрсеттік.

92. Бір мүминнің бір мүминді жазатайымда болмаса, әдейілеп өлтіруі дұрыс емес. Кімде-кім бір мүминді жазатайым өлтіріп қойса, бір мүмин құлды азат етуі және өлтірілгеннің ақы иесіне құн төлеуі керек. Бірақ, олар жауласқан елден болса, онда өлтіруші бір мүмин құлды азат етуі керек (жау ел болғандықтан құн төлемейді). Егер, өлтірілуші шарт жасасқан кәпір қауымынан болса, онда өлтіруші бір мүмин құлды азат етуі және ақы иесіне құн төлеуі керек. Егер, құл азат етуге шарасыз болса, екі ай үзбей ораза ұстауы керек, тәубені қабылдау Алладан. Алла – Бәрін білуші, хикмет иесі.

93. Кімде-кім бір Мүминді қасақана өлтірсе, оның жазасы мәңгілік жаһаннам. Ол Алланың кәріне және қарғысына ұшырайды. Алла оған ауыр азап әзірлеп қояды.

94. Ей, Мүминдер! Алла жолында жорыққа аттанғанда, тексеріп-анықтап іс істеңдер. Сендерге мұсылманшылығын білдіріп сәлем бере келгендерді дүние-мүлікке (олжаға) қызығып: “Мұсылман емессің” деменде р. Олжа Алланың алдында өте көп. Бұрын сендер де сондай (кәпір) едіңдер, кейін Алла сендерге иман бағыштады. Сондықтан, тексеріп анықтап іс істеңдер. Алла істеген істеріңді әбден біліп тұрады.

95. Мүминдерден үзірсіз (ақсақ, соқыр, ауру болса бір басқа) соғысқа шықпағандар мен Алла жолында мал-жанын қиып соғысқа шыққандар тең емес. Алла жолында мал-жанын атап соғысқандарды Алла соғысқа шықпағандардан бір дәреже үстем қылды. Алла осы екі түрлі адамдарға (соғысқа шыққандарға да, себеппен соғысқа шыға алмағандарға да) жақсылық бағыштауға уәде берді. Бірақ, соғысқа шыққандарға үйде отырушылардан ерекшелеп ірі сыйлық арнады.

96. Алла (оларға) ұлы мәртебе, мағфират, рақмет бағыштады. Алла – асқан кешірімді, ерекше мейірімді.

97. Періштелер өз бастарын кесірге ұшыратқандардың (хижрат етпей кәпірлермен бірге тұра бергендердің) жанын алған кезде, Олардан: “(Дін жағынан) қандай жағдайда едіңдер?” - деп сұрайды. Олар: “Бұл жерде (Меккеде) дәрменсіз едік” - дейді. Періштелер: “Қоныс

аударсаңдар, Алланың жері кең емес пе” - дейді. Міне бұлардың барар орны – Жаһаннам. Ол неткен жаман орын десеңізші!

98. Бірақ, ерлерден, әйелдерден, балалардан бейқайрат болғандардың, жол білмейтіндердің жөні басқа.

99. Міне, бұларды Алла кешіруі мүмкін. Алла кешірімшіл, жарылқағыш.

100. Кімде-кім Алла жолында қоныс аударса, ол жер бетінен ірге тебер тұрақ тауып, қырғын ға батады. Кімде-кім үйінен Алланы және пайғамбарды бетке ала шығып қоныс аударса, сүйтіп жүріп өліп кетсе, оның сауабы Алладан. Алла – аса жарылқаушы, ерекше мейірімді.

101. Жер жүзінде сапарда болған кездеріңде кәпірлердің қастық істеуінен қорықсаңдар, намазды қысқартып оқысаңдар да (төрт рәкағатты екі ракағат етсеңдер де) оқасы жоқ. Шынында кәпірлер сендердің айдан ашық қас жауларың.

102. (Ей, Мұхаммед!) Сен (соғыста) мұсылмандар ішінде болып, олармен бірге намаз оқымақ болған кезіңде, олардың бір бөлегі сенімен бірге намазға тұрсын, қаруларын жанынан тастамасын. Сәжде қылып болғаннан кейін, олар сендердің арттарыңа барып тұрсын (күзетшілік етсін), намаз оқымаған екінші бір топ адам қару-жарағын ала келіп, сақтықты күшейте, сенімен бірге намазға тұрсын. Кәпірлер сендердің құрал-жарақ, керекті бұйымдарыңның жоқ кезінен пайдаланып, оқыстан тап беруді ойлайды. Егер жаңбыр әуресімен немесе ауру себебімен қаруларыңды қойып қойсаңдар оқасы жоқ. Бірақ сақ болыңдар. Алла кәпірлерге қорлық азаптарды дайындап қойды.

103. Намаз өтеп болған кездеріңде, Алланы түрегеп те, отырып та, жамбастап жатып та еске алыңдар. Бейбіт кездеріңде намаздарыңды толық өтеңдер. Намаз мүминдерге сөзсіз уақыты белгіленген парыз.

104. Жауды өкшелей қууда босаңсымаңдар. Сендер қиналсаңдар, жау да сендер сияқты қиналады. Бірақ, олар үміт етпеген нәрсені (шәһиттікті, сауапты, жеңісті) сендер Алладан үміт етесіңдер. Алла – бәрін білгіш, хикмет иесі.

105. (Ей, Мұхаммед!) Сені адамдар арасында Алланың көрсеткені бойынша төрелік айтсын деп саған хақ кітапты (Құранды) түсірдік. Сондықтан, сатқындарды ақтаушы болма!

106. Алладан кешірім тіле! Алла – аса кешірімшіл, ерекше мейірімді.

107. Өз басына кесір-кесапат келтіргендерді жақтаушы болма! Алла қиянатшыл, күнәкарларды ұнатпайды.

108. Олар (қиянаттарын) адамнан жасырса да, Алладан жасыра алмайды. Олар Алла разы болмайтын (қаралау, жалған куәлік беру, жалған қасам ішу сияқты қаскүнемдік) сөзді түнделетіп жоспарлаған кезде, Алла олармен бірге еді (олардың жай-күйлерін біліп, сөздерін естіп тұрушы еді). Олардың істеген істерін Алла толық біліп тұрады.

109. Сендер сондай адамдарсыңдар, дүние тіршілігінде олар үшін дауға түстіңдер, ал сонда қиямет күні олар үшін кім дауға түсе алады немесе кім оларға уәкілдік ете алады?

110. Кімде-кім бір жамандық істесе немесе өзіне өзі кесір істесе, содан кейін (тәубе қылып) Алладан кешірім тіле-се, Алланың асқан кешірімшіл, ерекше мейірімді екенін аңғарады.

111. Кімде-кім бір күнә істесе, оның зияны өзіне. Алла – барлық істі білгіш, асқан дана.

112. Кімде-кім кішігірім қателік немесе үлкен күнә өткізіп, оны екінші біреуге артса, ол шындығында, сол жаланы және айдан ашық ауыр күнәні өзі көтереді.

113. (Ей, Мұхаммед!) Саған Алланың кеңшілігі, мархабаты болмаса, олардың бір тобы адастыруға әрекеттенген болар еді. Бірақ, олар өздерін ғана адастырады, саған қылдай зақым келтіре алмайды. Алла саған кітапты (Құранды), хикметті (Құрандағы хүкімдерді) түсірді. Саған білмеген нәрселеріңді үйретті. Алланың саған сыйлаған кеңшілік, ілтипаты ерен мол болды.

114. Олардың құпия күңкілдерінің көбінде қайыр жоқ. Бірақ, садақаға, ізгілікке, адамдарды жарастыруға бұйырса ғой, оның жөні бір басқа. Кім мұны Алланың разылығын қалап істесе, оған үлкен сауап бағыш етеміз.

115. Ал, біреу дұрыс жол (мұғжиза арқылы) айқындалғаннан кейін, пайғамбармен қарсыласып, мүминдердің тұтқан жолынан басқа жол тұтса, оны қыңырайған жағына бұра береміз де, тозаққа саламыз. Тозақ неткен жаман жай десеңізші!

116. Алла өзіне серік қосуды (мүшіріктік күнәні кешірмейді. Одан басқаны қалаған адамынан кешіреді. Кімде-кім Аллаға серік қосса, оның адасып лағып кеткені.

117. Олар (Мекке мүшриктері) Алладан шеттеп, әйел (атымен аталған) пұттарға табынады, тек қасарысқан шайтанға ғана құлшылық істейді.

118. Алла шайтанға лағнет айтты. Ол (сонда да қасарысып) былай деді: “Құлдарыңның ішінде мен де белгілі санды иелеймін.

119. Сондай-ақ, мен оларды сөзсіз аздырамын, оларды құр қиялға (өмір болса ұзақ, ал қиямет, есеп алу сияқты істер жоқ деген сияқты ойларға) үміттендіремін, төрт түлік малдың (пұттарға арнап) құлақтарын тілуге бұйырамын. Оларды Алланың жаратқандарын өзгертуге (құлдарды пішу, оларға ең салу сияқтыларға) бұйырамын” - деді. Кімде-кім Алланың орнына шайтанды дос тұтса, ол анық өзіне кесір жасаған болады.

120. Шайтан уәде беріп, сары уайымға батырады, оларды алдау үшін уәде қылады.

121. Міне, бұлардың баратын орны – Тозақ. (Қияметте) одан өзге орын таба алмайды.

122. Имандылар мен түзу іс істегендерді сөзсіз іргесінен бұлақтар аққан Жұмаққа кіргіземіз. Олар онда мәңгі-бақи тұра береді. Алланың уағдасы хақ. Алладан артық шын сөйлейтін кім бар?

123. Сендердің құр қиялдарыңмен және кітап иелерінің құр қиялымен ешнәрсе қолға келмейді. Кімде-кім бір жамандық істесе, ол (не дүниеде, не ақыретте) жазасын тартады. Олар өздеріне Алладан басқа ешбір ие де, медеткер де таба алмайды.

124. Иман келтіріп, ізгі іс істеген еркек те, әйел де Жұмаққа кіреді. Оларға титтей де нахақтық істелмейді.

125. Ізгі істер істеп, өзін бүкілдей Аллаға тапсырып, дін жөнінен Ибраһимнің дініне (Ислам дініне) кіршіксіз ілескен адамнан өтер жақсы адам бола ма? Алла Ибраһимді өзіне дос тұтты ғой.

126. Аспан әлемі мен жер жүзіндегілердің барлығы Алланікі (Алланың мүліктері, пенделері, мақлұқтары). Алла – барлық нәрсені толық білуші.

127. (Ей, Мұхаммед!) Сенен әйелдер жайлы пәтуа сұрайды. Оларға былай деп айт: Сендер тиісті мирасын қолына бермей, некелеп қоюды қаламаған жетім-жесір әйелдер, ұсақ балалар жайлы және жетімдерге әділдікпен қамқорлық жасау жайлы Алла пәтуа береді, сендерге оқылатын Құранда да (мирас аяттары сияқты) бұл пәтуалар жазылған. Сендер қандай бір жақсылық істесеңдер де, Алла оны сөзсіз біліп тұрады.

128. Егер бір әйел өз күйеуінің зауықсыз болуынан немесе бас тартуынан қауіптенсе, онда ер-әйел екеуі өзара келісімге келсе, еш зияны жоқ, отасқан ең жақсы. Сараңдық адамдар табиғатына сіңіп кеткен. Егер (әйелдеріне) жақсылық істесеңдер, (зұлымдықтан) сақтансаңдар, Алла істеген істеріңді біліп тұрады.

129. Қанша тырыссаңдар да, әйелдердің арасында тұтастай әділ мәміледе бола алмайсыңдар. Бірақ, біреуіне біржола беріліп кетіп, өзгесін жіпсіз байлағандай екі ортада қалдырмаңдар. Егер түзеліп, сақтансаңдар, Алла расында кешіреді, мейіріміне бөлейді.

130. Егер екеуі ажырасып кетсе, Алла өз кеңшілігіне бөлеп, оларды бір-біріне ісі түспейтіндей етеді. Алла – тым кеңпейіл, асқан дана.

131. Аспан әлемі мен жер жүзіндегінің барлығы Аллаға тән. Сендерден бұрынғы кітап берілгендерге де, сендерге де: “Алладан қорқыңдар!” - деп өсиет айтқанбыз. Егер сендер кәпір болсаңдар, (біліп қойыңдар) аспан әлемі мен жер жүзіндегінің күллісі Алланікі. Алла биқажет, мақтауға лайық.

132. Аспан әлемі мен жер жүзіндегі болмыстың барлығы Алланікі. Оларды басқаруға (Алланың құдіреті) жеткілікті.

133. Ей, Адам баласы! Алла қаласа, сендерді жоқ қылып, орындарыңа басқаларды әкеледі. Бұған Алланың күші толық жетеді.

134. Кім дүние игілігін тілесе дүниенің де, ақыреттің де, игіліктері Алланың қасында. Алла – бәрін естуші, аса көреген.

135. Ей, Мүминдер! Алла үшін куә болуда өз ата-аналарыңның, жақын туғандарыңның зиянына тура келсе де, әділдікте берік тұрыңдар. (Куәлік алушы) бай болса да, кедей болса да, әділ болыңдар. Алла (сендерден гөрі) оларға жақынырақ олардың күй-жайын жақсы біледі). Нәпсінің құлы болып, (дұрыстықтан) ауа жайылмаңдар. Қызыл тілді қалай сүйреңдетсеңдер де, куәліктен қалай бас тартсаңдар да, Алла істегендеріңнен сөзсіз хабардар.

136. Ей, мүминдер! Аллаға, Алланың пайғамбарына, оған түскен кітаптарға сеніңдер. Кімде-кім Алланы, Алланың періштелерін, кітаптарын, пайғамбарларын, қиямет күнін мойындамаса, оның қатты адасқаны.

137. Иман келтірген, артынан кәпір болған, одан соң, тағы иман келтірген, кейін қайта кәпір болған, сол кәпірлігін арттыра бергендерді, Алла кешірмейді, дұрыс жолға да салмайды.

138. (Ей, Мұхаммед!) Мұнафықтарға қатты жаза бар екенін өздеріне хабарлап қой.

139. Олар сондай, Мүминдерді қайырып қойып, кәпірлермен достасады. Олар кәпірлерден ізет, құдірет дәметіп жүр ме? Шын мәнінде ізет, құдірет бүкілдей Аллаға мәнсүп.

140. Алла кітабында (Құранда) сендерге соны аян етті: Алланың аяты теріске шығарылып, келеке қылынып жатқанын естісеңдер, олар кәпірлер) басқа бір әңгімеге ауысқанға дейін, олармен бірге отырмаңдар, әйтпесе, сендер де солардың кебін киесіңдер. Шексіз Алла екі жүзділер мен кәпірлерді түгелдей Жәһаннамға жияды.

141. Олар (Мұнафықтар) сендерді аңдып жүреді. Егер сендерге Алланың жеңісі келсе, олар: “Біз сендермен бірге емес пе едік?” -дейді. Егер кәпірлер жеңістік ала қалса, олар: “Біз сендерге болысып, сендерді мүминдерден қорғамадық па?” - дейді. Алла қиямет күні өзі үкім шығарады. Алла мүминдер зиян шекпес үшін, кәпірлерге ешқандай жол бермейді.

142. Мұнафықтар шынында, Алланы алдамақ болады. Бірақ, Алла олардың өзін алдауға ұшыратады. Олар намазға тұрғанда адамдарға көз қылып, көңілсіз, жалқау тұрады (сауап үміт қылмайды), Алланы ауызға өте аз алады.

143. Олар не онда жоқ, не мұнда жоқ екі ұдай мұсылман мен кәпірдің арасындағылар. Алла адастырған адамды сен дұрыс жолға сала алмайсың.

144. Ей, Мүминдер! Мүминдерді қайырып қойып, кәпірлермен

достаспаңдар, сендер мұны зияндарың үшін Алланың алдында айқын айғақ етпексіңдер ме?

145. Мұнафықтар сөзсіз тозақтың астынғы қабатында болады. Оларды құтқаратын ешбір жәрдемші таба алмайсың.

146. Бірақ тәубе қылып, өзін түзеткен, Аллаға тәуекел етіп, дінде Аллаға ықыласты болғандар – міне осылар Мүминдермен бірдей. Алла тез арада Мүминдерге (жәннатты негіз еткен) үлкен сый арнайды.

147. Егер иман келтіріп (Алланың бергеніне) шүкірлік қылсаңдар, Алла сендерді жазалап не қылмақшы? Алла – шүкірлікті сыйлаушы, бәрін білуші.

148. Алла зұлымдық көрген адам болмаса, (әртүрлі адамның) айғайлап жаман сөз сөйлеуін құп көрмейді (зұлымдыққа ұшыраушылардың шағым айтуына, қарғыс оқуына болады). Алла барлығын естіп, біліп тұрады.

149. Сендер бір жақсылықты әшкере немесе құпия істесеңдер де немесе жамандықты кешірсеңдер де (сауапқа ие боласыңдар), Алла шынында кешірімшіл, тым құдіретті.

150. Аллаға және пайғамбарға қарсы тұрып, Алла мен пайғамбардың арасын айырмақшы болғандар жә не (пайғамбарлардың) кейбіріне сеніп, кейбіріне сенбейміз деп аралық жолмен (мұсылман мен кәпірдің арасында) жүрмекші болғандар.

151. Міне, осындайлар – нақ кәпірлер. Кәпірлерге қорлық азаптарымызды дайындап қойдық.

152. Аллаға және оның пайғамбарларына сеніп, олардың арасын айырмағандарға – міне, осыларға Алла (тиісті) сыйлығын арнайды. Алла - аса жарылқаушы әрі есіркеуші.

153. Кітап иелері (Яһудилер, Насаралар) сенен өздеріне көктен бір кітап түсіруінді сұрайды. Расында, олар Мұсадан одан да зорғысын сұрап: “Алланы көзімізге ашық көрсет”- деген болатын. Осы кесірліктеріне бола, оларды найзағай соғып, ойран қылды. Ал, сонан соң оларға айқын дәлелдер келгеннен кейін де, олар бұзауға табынды. Мұны да кешірдік. Біз Мұсаға айқын дәлелдер (оның пайғамбарлығын сипаттайтын мұғжизалар) бағыш еттік.

154. (Тәуратті қабылдамағандықтан) олардан уәде алмаққа, олардың басына Тур тауын төндіріп тұрып“(Байтулмуқаддас) қақпасынан сәжде қылып кіріңдер!”-дедік.Оларға тағы да: “Сенбі күні шектен шықпаңдар (балық ауламаңдар)!” - деп бұйырдық. Сөйтіп, олардан мықтап уәде алдық.

155. Олардың уәдені бұзғандықтары, Алланың аяттарына қарсы келгендіктері, пайғамбарларды жазықсыз өлтіргендіктері, (Мұхаммед пайғамбарға) “Діліміз перделенулі” дегендіктері себепті (қарғысқа ұшыраттық). Олай емес, күпірлігі себепті, Алла олардың жүректерін

де мөрлеп қойған. Сондықтан, аз сандыларынан басқасы иман келтірмейді;

156. Сондай-ақ, олардың (Иса ғалайһиссаламға) күпірлігі және Мәриямға үлкен жала жапқандығы үшін де;

157. Әрі “Алланың елшісі – Мәриямұлы Исаны рас өлтірдік” дегендіктері үшін де (қарғысқа жолықтырдық). Олар Исаны өлтіре де алмады, шарбаққа да кермеді. Бәлкім, шарбаққа тартқан адамы Исаға ұқсап көрінді. Расында (Иса туралы) талас тартыста қалғандар оның өлтірілгені хақында шүбәлі. Олар істің шын сырын білмейді, тек ойша жорамалдайды. (Олар Исаны) сөзсіз өлтіре алмады.

158. Жоқ, Алла оны өз тарапына көтеріп әкетті (яғни жаудан құтқарып, тірідей аспанға шығарып кетті). Алла – жеңімпаз, хикмет иесі.

159. Кітап иелерінің әрқайсысы өлерінде (Исаға) әрине, иман келтіреді. Қиямет күні Иса оларға (яғни Исаны шарбаққа керіп шегеледік, Иса “Алланың ұлы”дегендерінің жалғандығына) куә болады.

160-161. Яһудилердің зұлымы, көп адамдарды Алла жолынан тосқандығы, тыйым салынған сауда өсімін алғандықтары, адамдардың мал-мүлкін алдап жегендіктері үшін, оларға бұрын адал болған пәк нәрселерді арам еттік. Олардың ішінен кәпір болғандарға қатты азап дайындап қойдық.

162. Бұлардың ішіндегі ғылымға бойлағандарға, саған және сенен бұрынғыларға түскен кітаптарға сенетін имандыларға, намаз оқитындарға, зекет берушілерге, Аллаға және ақырет күніне сенетіндерге - міне, соларға зор сауап бағыштаймыз.

163. (Ей, Мұхаммед!) Біз Нұхқа, одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей саған да уахи еттік, сондай-ақ Ибраһимге, Исмайылға, Ысқаққа, Яғқұбқа және оның ұрпақтарына, Исаға, Аюбқа, Юнуске, Һарұнға, Сүлейменге уахи еттік, Дәуітке Забұрды бағыш еттік.

164. Көп пайғамбарларды жібердік, оның арасында бұрын саған айтқандарымыз да, айтпағандарымыз да бар. Алла Мұсамен тікелей сөйлесті.

165. Алланың алдында адамдарға сылтау болмауы үшін, біз пайғамбарларды (бойсұнушыларға) шаттық хабарын жеткізуші, (қасарысқандарға) ескертуші етіп жебердік. Алла – аса жеңімпаз хикмет иесі.

166. Алайда Алла саған түсірген Құран арқылы (сенің пайғамбарлығыңа) куәлік етеді. Алла Құранды (басқалар білмейтін) өз ғылымымен түсірді. Бұған періштелер де куәлік етеді. (Басқалар куә болмаған күннің өзінде) Алланың айғақтығы-ақ жеткілікті.

167. Өзі кәпір болып, өзгелерді Алла жолынан тосқандар өте азғындап алшақ кетті.

168. Кәпір болып, зұлымдық істегендерді Алла кешірмейді, дұрыс жолға да салмайды.

169. (Оларды) Тек Жәһаннамның жолына түсіреді де, онда мәңгібақи қалдырады, бұл Аллаға оп-оңай.

170. Ей, Адамдар! (Мұхаммед) пайғамбар сендерге Раббыларыңнан ақиқат (дін) алып келді, сондықтан иман келтіріңдер, сендер үшін бұл қайырлырақ. Егер қарсы келсеңдер (Алла сендерді қажет етпейді). Аспан әлемі мен жер бетіндегінің барлығы Алланікі. Алла – бек білгір, хикмет иесі.

171. Ей, кітап иелері, діндерінде шектен шығып кетпеңдер, Алла жөнінде хақ сөзден басқа сөз сөйлемеңдер (Аллаға шек келтірмеңдер). Мәсих Иса Мәриям ұлы – Алланың бір елшісі, Алланың Мәриямға арнаған бір ауыз сөзі (онымен әкенің қатысы жоқ, Алланың “Бол” деген бір ауыз сөзімен пайда болған) және Алладан келген бір рух. Аллаға және оның пайғамбарларына сеніңдер! (Алланы) үшеу деп айтпаңдар (Иса мен Мәриямды қосып). Бұдан (қате иғтиқаттан) тыйылыңдар, бұл сендерге қайырлы. Бұл жаратушы– бір ғана Алла, ұрпақты болудан пәк Алла. Аспан әлемі мен жер бетіндегілердің күллісі Алланікі. Алла – жеткілікті қорғаушы.

172. Мәсих та, Аллаға жақын періштелер де Алланың құлы болудан ешқашан бас тартпайды. Кімде-кім Аллаға құлшылық қылудан бас тартып, әспенсіп кетсе Алла оларды (қияметте есеп алып, жазалау үшін) өз алдына жинап алады.

173. Ал иман келтіріп, түзу іс істегендерге сауабын толық, кеңшілік-рахыметін асыра арнайды. Ал (құлшылықтан) бас тартып, әспенсігендерді қатты азаптап жазалайды. Олар Алладан өзге ешбір ие де, жәрдемші де таба алмайды.

174. Ей, Адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан (қасиетті мұғжизалармен қуаттандырылған Мұхаммед пайғамбар сынды) ашық дәлел келді. Сендерге айдан анық нұрды (Құранды) түсірдік.

175. Аллаға иман келтірген және оған (Құранға) жабысқандарға келсек, Алла оларды өз рахыметіне және кеңшілігіне бөлейді. Оларды дұрыс жолға салады.

176. (Ей, Мұхаммед!) Олар сенен (ата-анасы, баласы жоқ өлгеннің мирасы туралы) пәтуа сұрасады Оларға былай деп айт: “Ата-анасы, баласы жоқ адам туралы Алла пәтуа береді. Бір адам қайтыс болып, оның баласы болмай, тек бір ғана қарындасы не әпкесі қалса, оған мирастың жартысы беріледі. Егер өлген адам әйел болып, баласы болмаса, оның мирасын өзімен бір туысқан аға-бауыры иеленеді. Егер өлгеннің бір туысқан екі қарындасы (немесе әпкесі) болса, ол екеуіне мирастың үштен екісі тиеді. Егер мұрагерлер туысқан бір ер, бір әйел болса, екеуінен ер адамға екі әйелдің сыбағасы беріледі. Жаңылмауларың

үшін Алла сендерге (осылай) даналап түсіндіреді. Алла барлық істі біліп тұрады”.

5. МӘЙДА СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 120 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ей, Мүминдер! Уәделеріңде тұрыңдар. Сендерге (төменде) оқып берілетіндерден басқа хайуандардың барлығы (бауыздап жеуге) адал етілді. Бірақ, сендер арам кезінде (Байтуллада хаж қылғанда) аң аулауды адал деп санамаңдар, шынында Алла (адал, арам турасында) өз қалауы бойынша үкім етеді.
2. Ей, Мүминдер! Алланың (діннің) белгілеріне (хаж ғамалдарына), шектелген айларға, құрбандықтарға, (құрбандық малына) тағылған белгіге, Раббыларының ризалығы мен іл тіпатын тілеп Байтуллаға келгендерге (хажыларға) құрметсіздік істемеңдер. Ихрамнан шыққан соң, аң аулауларыңа болады. Сендерді Масжид Әл-Харамнан тосқанда, елдің дұшпандығы сендердің оларға соқтығуларыңа сылтау болмасын. Жақсылық іске, тақуалыққа көмектесіңдер, күнәлі және дұшпандық іске көмектеспеңдер. Алладан қорқыңдар, Алланың жазасы шынында қатты.
3. Сендерге өлексе, қан, доңыз еті, Алладан басқаның атымен бауыздалған хайуан, суға буылып өлген, ұрып өлтірілген, құлап өлген, сүзіп өлтірілген хайуандар, жыртқыштар жегеннен қалған жемтік арам қылынды. Бірақ, (жаны шықпай тұрып) бауыздалғандары адал; Пұттардың қасына апарып бауыздалған хайуандар арам қылынды; Әзләммен (бал оқтарымен) талай сынауларың (бал ашуларың) арам қылынды, бұлар – Күнәлі іс. Кәпірлер бүгінгі күнде сендердің діндеріңнен күдер үзді. Олардан қорықпаңдар, менен қорқыңдар, бүгін діндеріңді кемелдендірдім. Сендерге арнаған ныҒ-метімді тәмамдадым. Сендердің діндеріңнің Ислам діні болуын қоштадым. Кімде-кім аш қалып, ша-расыз қалса, күнәға бармай (арам делінген нәрселерді жеуі, күнә болмайды), өйткені, Алла шынында кешірімді, ерекше мейірімді.
4. (Ей, Мұхаммед!) Олар сенен өздеріне нелердің халал етілгендігін сұрайды. (Сен оларға айт:) “Сендерге таза нәрселер халал етілді, Алланың өздеріңе үйреткені бойынша аң аулауға үйретілген (бүркіт, тазы сияқты) жыртқыштардың сендерге ұстап бергендерін жеңдер және (аңшы хайуанды аңға жібергенде) «бисмиллә» айтыңдар. Алладан қорқыңдар. Шынында, Алланың есеп алуы өте тез.”

5. Бүгін сендерге таза нәрселер халал етілді. Кітап берілгендердің де (Яһудилердің, Насаралардың да) тамағы (бауыздағандары) сендерге халал қылынды. Сендердің тамақтарың оларға халал. Мүминдерден арлы әйелдермен, сендерден бұрын кітап берілгендерден арлы әйелдермен мәһірін беріп және зинақорлық істемей, астыртын көңілдес болмай некелессеңдер олар сендерге халал. Кім иманнан тайса, оның еңбегі зая кетеді, ақыретте зиян тартады.

6. Ей, Мүминдер! Сендер намаз оқымақшы болсаңдар, жүздеріңді жуыңдар, қолдарыңды шынтаққа дейін жуыңдар, бастарыңа мәсих тартыңдар, екі аяқтарыңды тобыққа дейін жуыңдар, егер бой дәретсіз болсаңдар, (шомылып) тазаланыңдар. Егер науқас немесе жолаушы болсаңдар, не дәретке отырсаңдар немесе әйелге жақындасқан болсаңдар, ондайда су таба алмағанда, таза жерге (топырақпен) тәяммум соғыңдар, онымен жүз-деріңді, екі қолдарыңды сипаңдар. Алла сендерге машақат келтіруді қаламайды. Бірақ, шүкіршілік етулерің үшін сендерді пәк қылуды, сендерге бағыштайтын нығметін толықтыруды қалайды.

7. Алланың сендерге берген нығметін, өз кезінде: “Естідік, бойсұндық” деп Аллаға берген серттеріңді еске алыңдар. Алладан қорқыңдар, Алла шынында көңілдегінің бәрін білуші.

8. Ей, Мүминдер! Алла үшін әділдікпен куәлік беріңдер. Бір қауымға болған өшпенділіктерің (оларға) әділ болмауға мұрындық болмасын, (дұшпанға да) әділ болыңдар. Мұның өзі тақуалыққа жақынырақ. Алладан қорқыңдар, Алла расында істеген істеріңнен толық хабардар.

9. Иман келтіріп, жақсылық іс істегендерге Алла кешірім және үлкен сауап уәде етті.

10. Кәпір болып, аяттарымызды өтірікке ұйғарғандар – тозаққа түсетіндер.

11. Ей, Мүминдер! Алланың сендерге берген жақсылығын еске алыңдар, кезінде бір топ адам сендерге суық қолын созбақ болған еді, бірақ, Алла олардың қолын тосты Алладан қорқыңдар, Мүминдер Аллаға сүйенсін!

12. Шынында Алла Исмайыл ұрпақтарынан уәде алды. Олардың арасынан (он екі аймақтың әрбірінен бірден) он екі бастықты (кепілдік үшін Амалиқа озбырларына) жібердік. Алла оларға: “Мен сендермен біргемін, егер сендер намаз оқысаңдар, зекет берсеңдер, пайғамбарға сеніп, оларға көмектессеңдер, Алла үшін жақсылықпен қарыз берсеңдер, күнәларыңды жойып, іргесінен өзендер аққан пейішке кіргіземін. Ал содан кейін, сендерден кім қарсы келсе, әлбетте, оның дұрыс жолдан адасқаны” – деді.

13. Серттерінен тайғандықтан, оларды қарғысқа қалдырып, тас жүрек етіп қойдық. Олар (Тәураттың) сөздерін өзгертті, өздеріне айтылған насихаттың кейбіреуін ұмытты.

(Ей, Мұхаммед!) Олардың аз сандылары болмаса, көбінің зымияндығын әрдайым көріп жүрсің. Сөйтсе де оларды (тәубе қылса, иманға келсе) кешір, оларға кең бол. Алла шынында жақсылық қылғандарды сүйеді.

14. Өздерін Насарамыз (Христианбыз) дейтіндерден де уәде алдық. Олар (Інжілде) өздеріне айтылған насихаттың бір бөлігін ұмытты, сондықтан, олардың арасына қияметке дейін дұшпандық пен араздық салдық. Алла олардың қылықтарын өздеріне айтып береді.

15. Ей, кітап иелері! Сендерге кітаптан (Інжіл мен Тәураттан) өздерің жасырған нәрселеріңнің көбін ашық баяндайтын, оның көбін кешіретін (әшкерелеп сендерді ұялтпайтын) елшіміз келді. Сендерге Алла жағынан нұр (Мұхаммед ғалайһиссалам) және әйгілі кітап (Құран) келді.

16. Алла өзінен ризалық тілегендерді сол кітап арқылы есендік жолдарына (Алланың шәриғатына және оның үкімдеріне) жетектейді, өз еркімен оларды қараңғылықтан жарыққа шығарады әрі түзу жолға салады.

17. Мәрямұлы Мәсихты (Исаны) Аллаға балайтындар шынымен кәпір болды. (Ей, Мұхаммед!) “Егер Алланың Мәриямұлы Мәсихты, оның шешесін (Мәриямды) және жер жүзіндегі күллі адамзатты типыл қылғысы келсе, Алланың (әмірінен) берер нәрсені тосуға кімнің шамасы келеді” - деп айт. Жер мен көктің және екеуінің арасындағы нәрселердің патшалығы Аллаға тән. Алла қалағанын жаратады, Алланың барлық нәрсеге құдіреті жетеді.

18. Яһудилер мен Насаралар: “Біз Алланың ұлдарымыз және сүйген жандарымыз” - деді. Оларға: “Олай болса, Алла не үшін сендерге күнәларыңа қарай азап тартқызады?” - де. Затында сендер де Алланың жаратқан адамысыңдар. Алла қалаған адамын жарылқайды, қалаған адамын жазалайды. Жер мен көктің және ол екеуінің арасындағылардың иелігі Аллаға тән. Ең соңғы барар таянақ та оның алды.

19. Ей, кітап иелері! “Бізге (сауаппен) қуантушы, (азаппен) қорқытушы елші келмеді” демеулерің үшін, пайғамбарлардың арасы үзіліп қалған бір кезде сендерге елшіміз келді. Сендерге расында қуантушы, әрі қорқытушы елші (Мұхаммед ғалайһиссалам) келді. Алланың барлық нәрсеге құдіреті жетеді.

20. Өз кезінде Мұса қауымына айтты: “Ей, қауымым! Алланың сендерге берген нығметін еске алыңдар. Ол өз кезінде іштеріңнен пайғамбар шығарды әрі өздеріңнен патша шығарды, сендерге дүниеде ешкімге берілмеген жақсылықнығметтерді (теңізді жарып ортасынан жол ашу, бұлтты сая қылу, аспаннан тамақ түсіру қатарлыларды) берді.

21. Ей, Жұртым! Алла сендерге жазған қасиетті жерге (қазіргі Қуддусқа) кіріңдер, артқа шегінбеңдер, әйтпесе (екі дүниеде) қасірет шегіп қаласыңдар” деп.

22. Олар: “Ей, Мұса! ол жерде күші мығым бір ұлт (Ғад елінің қалдығы Амалиқалар) бар, олар шығып кетпейінше, біз ол жерге әсте кіре алмаймыз. Олар шығып кетсе, сөзсіз кіреміз” - деді.

23. Алладан қорыққан және Алланың жақсылығын алған екі адам (Калип Яфұнна ұлы, Юшағ Нұнұлы) оларға: “Қала қақпасынан кіріңдер, қақпадан кірсеңдер-ақ сөзсіз жеңіске жетесіңдер. Егер Мүмин болсаңдар, Аллаға сүйеніңдер” - деді.

24. Олар: “Ей, Мұса! Қасиетті жерде олар тұрғанда, біз ол жерге әсте кірмейміз, сен өз Раббыңмен екеуің барып (олармен) соғысыңдар, біз осы арада отыра тұрайық” - деді.

25. Мұса: “О , Раббым ! Мен тек туыстарым мен өз басыма ғана ие бола аламын, (мына) бұзық елден арамызды бөлгейсің!” деді.

26. Алла айтты: “Олардың қасиетті жерге кіруі қырық жылға дейін арам етілді, олар иен далада адасып жүреді, сондықтан, бұзық ел үшін қайғы шекпе” деді.

27. (Ей, Мұхаммед!) Оларға Адам атаның екі ұлының (Әбіл мен Қабылдың) әңгімесін бұлжытпай оқып бер. Өз кезінде, олар (Әбіл мен Қабыл) құрбан шалған еді, бірінікі (Әбілдікі) қабыл болды, бірінікі (Қабылдікі) қабыл болмады. (Құрбаны қабылданбаған) Біреуі: “Мен сені сөзсіз өлтіремін” деді. Сонда (Әбіл) сен мені өлтіруге қол созсаң да, мен сені өлтіруге қол созбаймын, мен барша әлемнің Раббы болған Алладан қорқамын.

29. Мен сенің өз күнәңмен қоса менің күнәмді да арқалап, тозақтық болуыңды қаламаймын. Залымдардың сыбағасы осы”.

30. Қабылдың нәпсісі, оны туысын өлтіруге итермеледі, сонымен, ол туысын өлтірді де, зиян шегуші болды.

31. Алла оған туысын қалай жерлеуді көрсету үшін, бір қарға жіберді. Әлгі қарға тұмсығымен жерді шоқып қазды. Қабыл (мұны көріп): “Япырай, туысымның өлігін жасыруға, осы қарға құрлы бола алмадым ба?” деді, сонымен, ол өкініште қалды.

32. Сол (Қабылдың Әбілді өлтіруі) себебінен (Тәуратта) Исрайыл әулеттеріне: Кімде-кім жержүзінде бұзақылық қылмаған, нахақ кісі өлтірмеген, біреуді өлтірсе, ол бүкіл адамзатты өлтіргенмен тең; Кімде-кім бір адамды тірілтсе (өлім қатерінен құтқарса), ол бүкіл адамзатты тірілткенмен тең деп үкім жаздық. Пайғамбарларымыз оларға (Исрайыл ұрпағына) шынында анық мұғжизалармен келді. Сонда да олардың көбі (күпірлік етіп адам өлтіріп) жер-әлемде шектен асып кетті.

33. Алламен, пайғамбармен жауласқандардың және жер бетінде лаң салушылардың жазасы: оларды өлтіру немесе дарға асу немесе қол-аяқтарын (оң қолы немесе сол аяғын) шадырлап кесу немесе жер

аударып куу. Бұл олар үшін бұл дүниеде (үлкен) қорлық. Олар ақыретте (одан да) зор қинауға түседі.

34. Сендер ұстап алудан бұрын тәубе қылып, райынан қайтқандар, бұған кірмейді. Алланың шынында кешірімді, рахымды екенін білгендерің жөн.

35. Ей, имандылар! Тілекке жетеміз (ақырет азабынан құтыламыз) десеңдер Алладан именіңдер, оған (құлшылық етумен) жақындасуды қарастырыңдар. Алла жолында күресіңдер. Мүмкін сендер құтыласыңдар.

36. Жержүзіндегінің барлығы, оған қоса және сондай бір есе (мол) нәрселер кәпірлердің қолында болып, оны қиямет күнінің азабынан аман алып қалу үшін төлемге берсе де, қабыл болмайды. Олар азапты жазаға дұшар болады.

37. Олар тозақтан шығуды армандайды, бірақ шыға алмайды. Олар мәңгілік азапта қалады.

38. Алла тарапынан берілген ғибрат болуы үшін, ұрлық қылған еркек пен әйелдің қолын кесіп жазалаңдар. Алла – өте үстем, хикмет иесі.

39. Кімде-кім (ұрлық істеп) зұлымдық қылғаннан кейін тәубеге келіп түзелсе, Алла оның тәубесін қабыл алады. Алла шынында бек кешірімді, ерекше мейірімді.

40. Көк пен жердің патшалығы Алланікі, ол қалаған адамын жазалайды, қалаған адамын жарылқайды, мұны білмеймісің? Барлық нәрсеге Алланың құдіреті жетеді.

41. Ей, Пайғамбар! Аузында ғана “Сендік” деп, көңіл-көкейінде сенбейтіндерден, Яһудилерден күпірлікке асығатындар сені жабыр-қатпасын. Олар өтірік-өсекті құлай тыңдайды, сенің қасыңа келмеген (саған жат) бір қауымның (кейбір Яһудилерінің) сөзіне құлақ асады. Олар (Тәураттың) сөздерін қалпынан өзгертеді. Олар: “Сендерге мынадай үкім берілсе қабыл алыңдар да, ондай берілмесе қабыл алмаңдар” дейді. Алла біреудің азғындауын қаласа, сен оның жолында ешнәрсе өзгерте алмайсың. Ондайлар – Алла (азғындықтан) жүрегін тазартуды қаламаған адамдар. Олар бұл дүниеде қорлыққа түсіп, ақыретте ауыр жазаға дұшар болады.

42. Олар - өтірікке құлақ салушылар, арамды жеушілер. (Ей, Мұхаммед!) Егер олар сенің алдыңа (дауласып) келсе, оларға билік айтсаң да немесе теріс қарасаң да болады. Егер оларға теріс қарасаң да, олар саған зиян тигізе алмайды. Алда-жалда төрелік айтсаң, араларына әділдікпен төрелік айт. Алла шынында әділетті болғандарды сүйеді.

43. Олардың жанында Алланың үкімі жазылған Тәурат бар бола тұра, олар (оған мойынсынбай тұрып) қалайша саған жүгінеді? Олар одан кейін

де сенің билігіңнен бас тартады. Ондайлар – (Тәуратқа да, Құранға да) анық сенбейтіндер.

44. Біз расында (Мұсаға) Тәуратті түсірдік. Онда (туралыққа жетелейтін) жол көрсеткіш және нұр-сәуле бар, Аллаға бойсұнған пайғамбарлар соған сүйеніп, Яһудилер арасында үкім береді, (Яһудилердің) ғұламалары мен ашық ойлылары (өзгертілуден) сақтауға бұйырылған Алланың кітабы (Тәурат) бойынша үкім қылады. Олар (Тәуратты өзгертілуден қорғауға) бақылаушылық етушілер еді. Сондықтан, (Ей, Яһуди ғұламалары!) Адамнан қорықпаңдар, менен именіңдер. Менің аяттарымды аз ақшаға сатпаңдар. Кімдер Алланың аяттары бойынша үкім етпесе, олардың кәпір болғаны.

45. Оларға (Исрайыл әулетіне) Тәуратта былай жаздық: Жанға жан (нахақ кісі өлтіргенді өлтіру), көзге көз (нахақ көз шығарғанның көзін шығару); мұрынға мұрын (нахақ мұрын кескеннің мұрнын кесу); құлаққа құлақ (нахақ құлақ кескеннің құлағын кесу), тіске тіс (нахақ тіс түсіргеннің тісін түсіру), жаралауға жаралау арқылы кек алынады. Кімде-кім (кек алмай) кешірім етсе, бұл оның күнәсіне төлем болады. Алла түсірген аян бойынша билік айтпағандардың өздері залым.

46. Олардың (Бәни Исрайыл пайғамбарларының) артынша өзінен бұрын жіберілген Тәуратты растаушы Мәриямұлы Исаны жібердік, оған тура жол көрсетуші мен нұрды қамтыған Інжілді нәсіп еттік. Бұл өзінен ілгергі Тәуратты растаушы және тақуаларға жол көрсетуші әрі насихат болып табылады.

47. Інжіл иелері Алланың Інжілде аян еткен үкімдері бойынша үкім қылсын! Алла түсірген аяттар бойынша үкім қылмағандар – бұзықтар.

48. (Ей, Мұхаммед!) Біз саған өзінен ілгергі (аспаннан түскен) кітаптарды растаушы әрі (оған) қорғаушы нағыз кітапты (Құранды) түсірдік. Сен олардың арасында Алла саған жіберген Құран сөзі бойынша үкім қыл, өзіңе келген ақиқаттан бұра тартып, олардың зауық-нәпсісіне бой ұрма! (Ей, үмметтер!) Сендердің әрқайсысыңа әр түрлі шариғат және жол-жоба белгіледік. Егер Алла қаласа, әлбетте барлығыңды бір ғана үмбет қылып жаратар еді (бүкіл адамзатты бір ғана дінге қаратар еді), бірақ сендерге берген шариғат, жол-жобаларында сендерді сынау үшін (әр түрлі үмбет қылып жаратты). Сондықтан жақсылыққа асығыңдар, барлығыңда түбінде Алланың алдына барасыңдар, сендер талас-тартыс қылған нәрселерді (оның ақ-қарасын) Алла айтып береді.

49. Олардың (Яһудилер мен Насаралардың арасына Алланың саған түсірген (Құран сөзі) бойынша үкім ет, олардың зауық-нәпсісіне берілме. Олардың сені Алланың өзіңе түсіргендерінің кейбіреуінен баз кештіруінен сақтан. Егер олар (Алла жіберген үкімге) теріс қараса, біліп қой, Алла оларға кей күнәсіне қарай жаза қолдануды қалайды. Күмәнсіз, адамдардың бір талайы бұзық.

50. Олар жәһилият дәуіріндегі үкімдерді көксей ме? (Аллаға) нақ сенетін адамдар үшін Алладан артық әділ үкім айтатын кім бар?

51. Ей, Мүминдер! Яһудилермен, Насаралармен дос болмаңдар, олар өздерімен-өздері дос. Сендерден кім олармен дос болса ол даусыз солардан саналады. Залым қауымды Алла шынында оңғармайды.

52. Көңілдерінде (мұнафықтық) дерті барлардың: (Заман өзгеріп кәпірлер үстемдік етсе) “Өзімізге бір пәлекет келуінен қорқамыз” деп олармен жақындаспаққа ентелегенін көресің. Алла (пайғамбарға және мұсылмандарға) бәлкім жеңіс берер немесе өз қасынан бір әмір берер. Сонда олар көңілге бүккендері (дін дұшпанын дос тұтқаны) үшін өкінер.

53. Ал иман келтіргендер: “Сендермен шын бірге боламыз деп Алланың атымен мықтап ант ішкендер осылар ма?” дейді. Олар (екіжүзділер) қылған барлық еңбектері зая кетіп, өз бастарына кесір жасаушылар болды.

54. Ей, Мүминдер! Сендердің іштеріңнен кімдер діннен шықса, Алла (олардың орнына) өзі сүйетін олар да Алланы сүйетін, Мүминдерге ибалы, кәпірлерге қатал, Алла жолында күрес жүргізетін, жазғырушылардың айыптауынан тайсалмайтын бір қауымды әкеледі. Міне, бұл – Алланың мол рақымы, Алла мұны қалаған адамына нәсіп етеді. Өйткені, Алла – аса кең, (барлығын) білуші.

55. Шындығында, сендердің достарың – Алла және оның пайғамбары әрі шын пейілімен намаз өтейтін, зекет беретін, рукүғ қылатын мүминдер.

56. Кімде-кім Алланы, оның пайғамбарын, мұсылмандарды дос тұтса, (олар Алланы жақтаушы болады), Алланы жақтаушылар расында жеңіске жететіндер.

57. Ей, Мүминдер! Сендерден бұрынғы кітап берілгендерден (Яһудилерден, Насаралардан) діндеріңді мазақтап, ойыншық ететіндерді және кәпірлерді дос қылып алмаңдар. Мүмин болсаңдар, Алладан қорқыңдар.

58. Сендер намазға шақырған (азан айтқан) сәттеріңде, олар намазды (және сендерді) мазақтап, ойыншық етеді, өйткені, олар (намаздың маңызмақсатын түсінбейтін адамдар.

59. (Ей, Мұхаммед!) Былай деп айт: “Ей, кітап иелері! Аллаға, Алланың өзімізге түсірген кітабына және одан бұрынғы (пайғамбарларға) түсірген кітапттарына сенгендігіміз үшін, бізді сөгемісіңдер? Шынында көбің бұзақысыңдар”.

60. Айтып қой: “Алланың қасында сендерге болатын, бұдан да қиын жазаны айтып берейін бе? Алланың қарғысына қалып, қәріне жолыққандарды Алла маймылға, шошқаға айналдырып, шәйтанға

табындырып қояды. Ондайлардың орны өте жаман. Олар – түзу жолдан адасып, лағып кеткендер”.

61. (Екіжүзділер) Жандарыңа келгенде: “Біз иман келтірдік” дейді, іс жүзінде (жаныңа) күпір күйінде кіріп, күпір күйінде шығып кетеді. Алла олардың жасырғанын (арам ниетін) әбден біледі.

62. Олардың (Яһудилердің) көбінің күнә қылуға, дұшпандыққа, арамды жеуге ентелегенін көресің. Олардың қылықтары неткен жаман!

63. Олардың ашық ойлылары мен ғұламалары, не үшін оларды жалған сөзден, арамды жеуден тыймайды? Олардың қылықтары неткен жаман!

64. Яһудилер: “Алланың қолы байлаулы (сараң)” деді, осы сөзді айтқандығы үшін олардың өздерінің қолы байлансын және оларды қарғыс атсын! Анығында Алланың құдірет қолы ашық, тілегеніңді береді. Раббыңның саған түсірген Құраны, олардың көбінің жамандығы мен күпірлігін одан ары арттырады. Біз олардың арасына қияметке дейін жалғасатын дұшпандық пен араздықты салдық. Олар әрқашан (пайғамбарға қарсы) соғыс отын тұтандырмақшы болса, Алла оны өшіреді. Олар жержүзінде мейілінше бұзақылық жасайды. Алла бұзақыларды жек көреді.

65. Егер кітап иелері иман келтіріп, тақуалық қылса, біз, сөзсіз олардың күнәсін өшіріп, өздерін Нағим жаннатына кіргізер едік.

66. Егер олар Тәурат, Інжіл және Раббы тарапынан түсірілген басқа кітаптар (сөзі) бойынша іс жасаған болса, олар үстінен де, аяғының астынан да (ризығын) жер еді (шалқайса үстілеріндегі ағаш миуаларын, еңкейсе аяғы астындағы жер өнімдерін жер еді). Олардың (ілгері де, кері де кетпейтін) бірқалыпты тобы бар, бұлардың көбінің істеген ісі тым жаман еді.

67. Ей, Пайғамбар! Раббыңнан саған аян етілген барлық нұсқауларды жеткіз. Егер жеткізбесең, пайғамбарлық міндетіңді өтемеген боласың. Алла сені адамдардың қастандығынан сақтайды. Алла расында кәпірлер қауымын оңғармайды.

68. Ей, Мұхаммед! Оларға: “Ей, кітап иелері! Сендер Тәурат, Інжіл және өздеріңе Раббыларың тарапынан түсірілген кітап (Құран) бойынша іс істемейінше, есепке алар лықтай дінге сенген бола алмайсыңдар” деп айт. Раббыңнан саған түсірілген кітаптар, олардың көбінің жаманшылығы мен күпірлігін арттыра түседі, (ондай) кәпір қауым үшін қайғырма!

69. Мүминдерден, Яһудилерден, періштеге, жұлдызға шоқынғандардан, Насаралардан Аллаға және ақырет күніне сеніп, жақсы іс істегендерге қорқыныш һәм қам-қайғы жоқ.

70. Расында Исрайыл ұрпақтарынан біз серт алдық, оларға пайғамбарлар

жібердік. Пайғамбарлар оларға жақпайтын үкім әкелсе, олар (пайғамбарлардың) бір бөлігін өтірікке шығарды, бір бөлігін өлтірді.

71. Олар (Исрайыл әулеттері пайғамбарды өлтірумен) бәлекетке дұшар болмаймыз деп ойлады, олар соқыр, саңырау болып алды. Одан кейін (тәубе қылды) Алла олардың тәубесін қабыл етті. Одан кейін де олардың көбі соқыр, саңырау болды. Алла олардың не істегендерін толық көріп тұрады.

72. Мәриямұлы Исаны Алла дегендер нағыз кәпір болды. Иса оларға: “Ей, Исрайыл ұрпағы! Менің Раббым және сендердің Раббыларың болған Аллаға құлшылық етіңдер! Кімде-кім Аллаға ортақ қосса (Алладан басқаны құдай деп сенсе), Алла оған жұмақты арам қылады, оның орны тозақ болады. Залымдарға әсте жәрдемші шықпайды” деді.

73. “Алла – үш құдайдың бірі” деушілер расында нақ кәпір болды. Бір ғана құдай бар, одан басқа ешқандай құдай жоқ. Егер олар сол айтып жүрген сөздерінен қайтпаса, олардан кәпір болғандары (дүниеде, ақыретте) ауыр азапқа ұшырайды.

74. Олар әлі де Аллаға тәубе қылмай ма? (Алладан) кеңшілік тілемей ме? Алла – (тәубе қылғандарға) өте кешірімшіл, аса мейірбан.

75. Мәриямұлы Иса – бір пайғамбар ғана. Одан бұрын да талай пайғамбарлар өткен. Оның (Исаның) анасы – бір шыншыл жан. Ол екеуі де тамақ жейтін (яғни олар да басқа адамға, жандыларға ұқсас, құдай емес). Оларға (Бәни Исрайылға) аяттарымызды қалай ашық баяндайтындығымызға қара, одан соң олардың қалай теріс баққанын көр.

76. (Ей,Мұхаммед!) Оларға: “Өздеріңе пайда да, зиян да тигізе алмайтын, Алладан басқа бір нәрселерге шоқынамысыңдар?” деп айт. Алла – бәрін естуші, білуші.

77. “Ей, кітап иелері! Діндеріңде орынсыз шектен асып кетпеңдер. Бұрын өздері азғындап және көптеген адамдарды азғырған, (сондай-ақ) тура жолдан тайған қауымның зауық-нәпсісіне берілмеңдер” - де.

78. Исрайыл ұрпақтарынан кәпір болғандарға Дәуіттің және Мәриямұлы Исаның тілімен, яғни Забурда, Інжілде) қарғыс айтылды. Бұл олардың қарсыласқандығынан және шектен асқандығынан болды.

79. Олар өздері істеген жамандықтан бірін-бірі тыймады, олардың қылықтары тым жаман!

80. Олардың (Яһудилердің) бірсыпырасының кәпірлермен дос болғанын көресің. Олардың өздері үшін алдын-ала даярлаған істері тым жаман, сондықтан олар Алланың кәріне жолығып, мәңгілік азапта қалады.

81. Егер олар Аллаға, пайғамбарға және пайғамбарға түсірілген кітапқа сенген болса, кәпірлерді дос тұтпас еді. Бірақ, олардың көбі – пасықтар.

82. (Ей, Мұхаммед!) Яһудилердің және мүшриктердің мүминдерге

қас дұшпан екендігін сөзсіз байқайсың. “Біз – Насарамыз” дейтіндердің мүминдерге ең жақын дос екендігін де сөзсіз байқайсың. Бұл насаралардың ішінде поптардың, сопылардың болғандығынан және тәкаппарлық істемейтіндігінен.

83. Олардың пайғамбарға түсірілген Құранды тыңдаған шақта ақиқатты танып, көздеріне жас толғанын көресің. Олар айтады: “О, Раббымыз! Біз иман келтірдік, бізді (ақиқатқа) куә болушылардың қатары-на жаза көр!

84. Аллаға және өзімізге келген ақиқатқа сенбейтін бізге не бопты? Қайта Раббымыздың бізді игі қауыммен бірге (жәннатқа) кіргізуін үміт етеміз”.

85. Осы сөздері үшін Алла оларды іргесінен бұлақ ағып жататын жәннатпен сыйлайды, олар онда мәңгі тұрады, жақсылық істеушілердің сыйы әне, сол.

86. Кәпір болып, аяттарымызды өтірікке санағандар – тозақтықтар.

87. Ей, Мүминдер! Алла сендерге халал қылған таза нәрселерді көріп, шектен аспаңдар. Шектен асқандарды Алла жақсы көрмейді.

88. Сендерге Алла берген ризықтың халал да тазасын жеңдер. Өздерің сенген Алладан именіңдер.

89. Алла сендерді абайсыз айтқан анттарың үшін жауапқа тартпайды. Бірақ, сендерді біліп тұрып берген анттарың үшін жауапқа тартады. (Мұндай антты бұзсаңдар) оның төлеуі – үй-іштеріңе берілетін орташа тамақпен он кедейді бір уақыт тамақтандыру немесе оларға бір пар киім беру немесе бір құлды (яки күңді) азат ету; бұған шама-шарқы келмесе, үш күн ораза ұстау. Ант бұзғандықтарыңның төлеуі, міне, осы болмақ. Анттарыңда тұрыңдар. Шүкір қылуларың үшін, Алла өз аяттарын сендерге осылай баяндайды.

90. Ей, мүминдер! Арақ ішу, құмар ойнау, пұттарға (тас мүсіндерге) шоқыну, бал оғымен бал ашу – жиіркеніштi қылық, шәйтанның ісі. Тілекке жетеміз десеңдер, бұл істерден аулақ болыңдар.

91. Шәйтан арақ, құмар ойыны арқылы араларыңа дұшпандық, араздық салмақшы және сендерді намаздан, Алланы еске алудан тоспақшы болады. Сендер әлде де тыйылмаймысыңдар?

92. Алла және пайғамбарға бойсұныңдар, (оларға қарсы келуден) сақтаныңдар. Егер (бойсұнудан) бас тартсаңдар, пайғамбарымыздың міндеті (Алланың әмірін) ашық жеткізіп қою ғана екенін біліңдер.

93. Иман келтіріп, ізгі істермен шұғылданғандар егер (арамнан) сақтанып, сене отырып, ізгі іспен шұғылданса, одан соң (арамнан әрдайым) сақтанып, сенсе, одан соң да сақтанып, ізгі істермен шұғылданса, (өткенде талғамай) жеген нәрселері күнәға жатпайды. Алла жақсылық істеушілерді ұнатады.

94. Ей, мүминдер! Көрмей тұрып Алладан қорқатындарды білу үшін, Алла қолдарың, найзаларың жетіп тұрған түз тағыларымен сендерді сынайды. Кімде-кім бұдан соң шектен шықса (яғни ихрамда тұрып аң ауласа), ол азапты жазаға дұшар болады.

95. Ей, мүминдер! Сендер ауланған аңды ихрамда яки Қағбада қажылық кезінде өлтірмеңдер. Сендерден кім оны әдейі өлтірсе, оның обалын (өзі) көтеру үшін, жазасы – екі әділ кісінің бағалауымен өз малынан әлгі өлтірілген хайуанға ұқсас бір малды қағба қасына апарып құрбанға шалу немесе (күнәсінің) төлеуі ретінде кедейлерге тамақ беру немесе мұның орнына бір күн ораза ұстау. Өткендегі (ихрамда аң аулаған) күнәні Алла кешті. Кімде-кім енді қайталаса, Алла оны жазалайды. Алла – үстем (күнәкарды) жазалаушы.

96. Сендердің және жолаушылардың пайдалануы үшін теңіз жануарлары, теңізден шығатын жемтіктер халал етілді, ал ихрамда немесе Қағбада (хаж қылып) тұрғанда құрлық жануарларын аулау сендерге арам етілді. Алладан қорқыңдар, өйткені (қиямет күні) оның алдында қиналасыңдар.

97. Алла құрметті үй Қағбаны және хажы айларын, қажылыққа барғандағы құрбандықты, құрбандық белгісін, адамдардың дүние және ақырет істерінің тұтқасы қылды. Бұлай етуі – Алланың көк пен жердегі күллі затты және барлық нәрсені толық біліп тұратын білгір екендігін сендерге ұғындыру.

98. Біліп қойыңдар, Алланың жазасы қатты, шынында, Алла - өте рахымды, ерекше мейірімді.

99. Пайғамбардың міндеті – (Алланың нұсқауын) жеткізу ғана. Алла сендердің көрнеу, көмес істеріңді біледі.

100. (Ей, Мұхаммед! Оларға) айт: Арамның көптігі сені таңғалдырса да, арам мен адал бірдей емес. Ей, ақыл иелері! Мұратқа жетеміз десеңдер, Алладан қорқыңдар.

101. Ей, мүминдер! Әшкере айтылса, сендерді көңілсіздендіріп қоятын нәрселер турасынан сұрамаңдар. Егер Құран (аяттары) түс-кен кезде оны сұрасаңдар, сендерге білдірілетін еді. Өткенде сұраған сұрауларыңды Алла кешірді. Алла – өте кешірімшіл, кеңпейіл (күнәкарды жазалауға асықпайды).

102. Сендерден бұрынғы бір қауым (пайғамбарларынан) сондай мәселелерді сұрап, кейін олар сол себептен кәпір болып кетті.

103. Бахира, Сәйба, Уасила, Хамды Алла бұйырған жоқ. Бірақ, кәпірлер Аллаға жала жабады, олардың көбі (мұның жала екенін) түсінбейді.

104. Оларға: “Алла түсірген Құранға және пайғамбардың айтқанына бағыныңдар” делінсе, олар: “Ата-бабамыздың діні өзімізге жеткілікті”

дейді, олардың ата-бабалары ешнәрсені білмейтін және дұрыс жол ұстанбаған бола тұрса да (ата-бабасының дінін ұстана ма?).

105. Ей, мүминдер! Өздеріңді (күнәдан) таза ұстаңдар, өздерің тура жолда болсаңдар, басқалардың адасқаны сендерге кесірін тигізе алмайды. Түбінде барлықтарың Алланың алдына барасыңдар, Алла сендерге істеген істеріңді айтып береді.

106. Ей, мүминдер! Араларыңда біреу өлерінде өсиет айтса, оған сендерден екі әділ кісі куә болсын. Егер сендер сапарда жүрген кезде бастарыңа өлім қаупі келсе, басқа діндегілерден екі адам куә болсын. Бұл куәлардан күмәндансаңдар, намаз соңында, ол екеуін алып қалыңдар. Сонда олар: “Жақындарымыз болса да, антымызды ақшаға сатпаймыз, Алла үшін куәлікті жасырмаймыз, егер оны жасырсақ, әлбетте күнәкар боламыз” деп Алланың атымен ант ішсін.

107. Егер ол екі айғақтың (жалған куәлік беріп не мұраға қиянат қылып) күнәкар болғаны білінсе, олардың орнына мұра алуға әбден қақылы болған мұрагерден және өз жақындарынан екі адам куә болып: “Біздің куәлігіміз, әлбетте, олардың куәлігінен де анығырақ. Біз шариғаттан шығып кетпедік, егер солай істесек, залым болған боламыз” - деп Алланың атымен ант ішсін.

108. Мұның өзі - кәуілікті қажетінше орындауларына немесе ант еткеннен кейін анттарының тойтарысқа ұшырауынан қорқуларына неғұрлым жуық амал. Алладан қорқыңдар, әмірді тыңдаңдар. Алла пасық қауымды оңғармайды.

109. Алла (қиямет күні) пайғамбарларды жиып: “Үмметтеріңді иманға үндегенде қандай жауап алдыңдар?” деп сұрайды. Олар: “Біз ештеңені білмейміз, сен ғана ғайыптарды толық білушісің” дейді.

110. Өз кезінде Алла айтты: Ей, Мәриямұлы Иса! Саған және сенің шешеңе берген нығметімді есіңе ал! Сол кезде сені Рухұлқудус (Жәбрайыл періште) арқылы қолдадым. Бесіктегі бөбек кезіңде және (пайғамбар болған) орта жас кезіңде адамдарға сөз сөйледің, сонда саған кітапты, хикметті, Тәуратты, Інжілді үйреттім. Сол кезде менің әміріммен балшықтан құс мүсінін жасап, оны үрлегеніңде, ол әміріммен құс болып ұшушы еді. Менің әміріммен тума соқырды, алапесті сауықтырдың. Менің әміріммен өлікті (тірілтіп қабырдан) шығардың. Сол кезде Исрайыл ұрпақтарын саған соқтығудан тостым. Ал сен оларға мұғжизалармен келгеніңде, олардың ішіндегі кәпірлер: “Бұл тек көпе-көрнеу сиқырлық” деген еді.

111. Сол кезде Хауариларға: “Маған және менің елшіме сеніңдер” деп уахи түсірдім. Олар: Біз иландық, біздің нағыз мұсылман болғандығымызға өзің куә бол” деді.

112. Сонда Хауарилар: “Ей, Мәриямұлы Иса! Раббың бізге көктен тағамы

бар бір дастарқан түсіріп бере ала ма?” деді. (Иса оларға:) “Егер (Алланың құдіретіне) илансӑндар, Алладан қорқыңдар” деді.

113. “Одан біздің жегіміз келеді, сонымен көңіліміз орнықсын, сөзіннің растығын білейік және сенің пайғамбарлығыңа куә болайық” деді (Хауарилар).

114. Мәриямұлы Иса “О, Раббымыз Алла, бізге аспаннан дастарқан түсіре көр! Бұл бұрын-соңдыға бір мереке, әрі бізге өзіңнен бір мұғжиза болып қалсын. Бізге ризық бере көр, ризық берушінің ең жақсысы – өзіңсің” деді.

115. Алла (Исаның дұғасын қабыл қылып): “Мен оны сендерге (көктен) түсіремін. Содан кейін сендерден кімде-кім қарсы болса, оны ғаламда ешқандай жанға істемеген азаппен азаптаймын” деді.

116. Сонда Алла: “Ей, Мәриямұлы Иса! Сен адамдарға: Алладан басқа да, мені және шешемді құдай көріңдер деп пе едің?” деді. Иса айтты: “Өзіңе еш шек келтірмеймін, айтуға тиісті болмаған нәрсені айтпаймын. Егер де айтқан болсам, өзің сөзсіз білесің, сондай-ақ, ішімдегіні де өзің білесің, сенің ішіндегіні мен білмеймін. Ғайыптың бәрін білетін тек қана өзіңсің.

117. Мен оларға өзің бұйырған нәрсені ғана айттым, яғни менің Раббым және сендердің Раббыларың болған Аллаға құлшылық қылыңдар дедім. Олардың ішінде болғанымда олардың ахуалын көріп бақылап тұрдым. Мені (жанымды) өзің алғаннан кейін, олардың ісін өзің бақылап тұрдың. Сен – барлық нәрсені көріп тұрушысың.

118. Егер оларды жазаласаң да, кешірім қылсаң да (өз еркіңде), сен шүбәсіз жеңімпазсың, хикмет иесісің”.

119. Алла айтады: “Бұл күн (қиямет күні) – шыншылдық шыншылдарға игілігін тигізетін күн. Оларға іргесінен бұлақ ағып жататын жұмақтар бар, олар онда мәңгі тұра береді. Алла оларға разы, олар Аллаға разы. Міне, бұл – ұлы жетістік”.

120. Көк пен жердің және ондағы күллі болмыстың патшалығы Аллаға тән. Оның баршаға құдіреті кәміл.

6. ӘНҒАМ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 165 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Барлық мадақ көк пен жерді жаратқан, қараңғылық пен жарықты

жасаған Аллаға тән. Кәпір болғандар, сонда да Раббыларына серік қосады.

2. Алла сендерді (аталарың Адамды) балшықтан жаратты, одан соң (өлшемді өмір) мезгілдеріңді белгіледі. Тағы бір мезгілдерің (қиямет мезгілдерің) де оның қасында белгіленеді. Ал сендер сонда да (өлген соң тірілуге) шүбәләнасыңдар.

3. Аспанда да, жерде де (құлшылық қылынуға тиісті) тек сол Алла ғана. Ол сендердің көмескілеріңді де көрнеулеріңді де және (жақсы-жаман) істеріңді де біліп тұрады.

4. Олар (Куффарлар) Раббыларынан қандай бір аят келсе, одан мүлде бас тартады.

5. Өздеріне ақиқат (Құран) келіп еді, олар оны да жалғанға шығарды. Олар мазақ еткен нәрсенің (жаза) хабары ұзамай-ақ өздеріне келеді.

6. Олардан бұрынғы қауымдарың қаншасын жойғанымызды олар көрмеді ме? Жержүзінде сендерге сыйламаған нәрселерді оларға сыйлаған едік. Олар үшін көктен мол жаңбыр жауып, (аяғы) астынан өзендер ағызып қойған едік. Кейін күнә жасағандықтары үшін оларды ойрандап жібердік те, орнына басқа бір нәсілді жараттық.

7. (Ей, Мұхаммед!) Біз саған (олар талап еткендей) қағазға жазылған бір кітапты түсірсек, олар қолымен ұстап көрсе де, оны сөзсіз “көпе-көрнеу сиқыр” дер еді.

8. Олар: “Оған (Мұхаммедке) неге бір періште түсірілмейді?” дейді. Егер оған періште түсірсек, іс бітеді, сосын оларға көз де аштырылмас еді.

9. Біз пайғамбарды періштеден жіберсек, оны адам бейнесінде жіберер едік те, оларды тіпті шүбәландырар едік.

10. “Сенен бұрынғы пайғамбарлар да мазаққа тап болған еді” де. Мазақтаушылардың мазағы өз бастарына көрінді.

11. (Ей, Мұхаммед!) “Жер жүзін кезіп, (пайғамбарды) өтірікке ұйғарушылардың соңының қандай болғанын көріңдер” де.

12. “Көк пен жердегі күллі болымыс кімдікі?”. “Алланікі” деп айт. Ол мархабат етуді өз үддесіне алған. Шек-шүбәсіз болатын қиямет күнінде сендерді, әрине, (даргәһына) жинайды. Алайда, өзіне-өзі зиян келтіргендер иман етпейді.

13. Күндіз де, түнде де бар болған заттардың баршасы Алланікі. Алла – барлығын естуші, білуші.

14. “Көк пен жерді жоқтан бар қылып жаратқан, ризық беретін, өзі ризыққа беймұқтаж Алладан басқаны дос тұтайын ба?” деп айт. “Мен (Аллаға) бойсұнушылардың ең алғашқысы болуға бұйырылдым” де, әрі әсте ортақ қосушылардан болма!

15. (Ей, Мұхаммед!) “Егер Раббыма қарсы келсем, расында ұлы күннің азабынан қорқамын” де.
16. Сол күні кім азаптан құтқарылса, Алланың оған сөзсіз рахым еткені. Нағыз жеңіс – міне, осы.
17. Егер Алла саған бір қасірет төндірсе, оны Алладан басқа ешбір айықтырушы жоқ. Егер Алла саған бір жақсылық жіберсе, (оны да өзінен басқа ешкім тоса алмайды), өйткені барлық нәрсеге Алланың құдіреті жетеді.
18. Алла – пенделерін әмірінде ұстап тұрушы. Ол – хикметпен іс істеуші, барлығынан хабар алып тұрушы.
19. (Мұхаммед:) “(Менің пайғамбарлығымның растығына) ең үлкен куә болатын нәрсе не?” деп айт. “Менімен сендердің араларында Алла куә. Бұл Құран сендерге және Құран жеткізілген адамдарға ескерту беруім үшін маған уахи етілді. (Ей, Мүшриктер!) Сендер Аллаға тең келетін басқада құдайлардың барлығына айғақ бола аласыңдар ма?” де. “Мен айғақ бола алмаймын” деп айт. “ Ол – бір ғана құдай. Мен сендердің (Аллаға қосқан ортақтарыңнан аулақпын” де.
20. Біз кітап бергендер, Яһудилер мен Насаралар оны (Мұхаммедті) өздерінің ұлдарын танығандай таниды. Өзіне-өзі зиян еткендер (Мұхаммедтің пайғамбарлығына) сенбейді.
21. Аллаға жалғаннан жала жапқан, Алланың аяттарын өтірікке санағандардан өткен залым бар ма? Ол залымдарға бәрібір құтылу жоқ.
22. Қиямет күні біз олардың барлығын (есеп алуға) жинаймыз. Одан соң, Аллаға серік қосқандарға: “Аллаға серік қып қосқан нәрселерің қайда?” дейміз.
23. Одан соң олар көлгірсіп: “ Раббымыз Аллаға серт! Біз серік қоспаған едік” дейді.
24. Олардың өздері жөнінен нендей өтірік айтқанын қарашы! Олардың ойдан жасаған (Аллаға теңеген) пұттары өздерінен безді.
25. (Ей, Мұхаммед!) Олардың ішінде саған құлақ асатындары да бар, бірақ Құранды түсінбесін деп олардың көңіл көзін бітеп, құлағын тығындап қойдық. Олар барлық мұғжизаларды көрсе де сенбейді, тіпті кәпірлер алдыңа келіп сенімен айтысқанда да: “Бұл ең бағзы замандағылардан қалған аңыз” дейді.
26. Олар (адамдарды) Құраннан шектейді, өздері де одан аулақ қашады. (Сөйтіп) олар өздерін-өздері ойрандайды, оны өздері де сезбейді.
27. Егер олардың тозақта тұрғызылған кездегі сұрқын көрсең. “Әттеген-ай! Дүниеге қайта қайтарылсақшы, сонда Раббымыздың аяттарын өтірікке санамай, оған сеніп иланушылардан болар едік” дейді (олар).
28. Олай емес, олардың бұрынғы жасырғандары (жүрек сырлары)

әшкереленді. Олар бұл дүниеге қайтарылса да, тыйым салынған істерді бәрібір істей береді. Өйткені, олар – барып тұрған өтірікшілер.

29. Олар: “Тіршілігіміз осы дүниеде ғана, (өлген соң) қайта тірілмейміз” дейді.

30. Олардың Раббыларының алдында тұрғызылған кездегі сұрқын көрсең. (Алла оларға:) “Бұл (өлгеннен соң тірілу) рас емес пе екен?” дейді. Алла (Оларға:) “Қарсы болғандықтарыңның сазайын тартыңдар!” дейді.

31. Аллаға жолығуды өтірік дегендер шынында зиян тартты, қиямет күні тұтқиыл келгенде, олар: “Әттеген-ай! Дүниеде қаперсіз өткенімізге өкінеміз!” дейді, олар күнәларын арқаларына көтереді. Олардың көтергендері неткен жаман!

32. Дүние тіршілігі әншейін алданыш, ойын ғана. Тақуаларға әрине о дүние абзал. Түсінбейсіңдер ме?

33. Олардың сөзі сені қамықтыратынын біз әбден білеміз. Олар сені өтірікке санамады (пайғамбар екендігіңді іштей біледі, бірақ тоңмойындықпен қасарысады). Залымдар Алланың аяттарын мойындамайды.

34. Сенен ілгергі пайғамбарлар да өтірікке саналған еді. Бірақ олар өтірікке саналғанына, тартқан жәбіріне өздеріне біздің жәрдеміміз келгенге дейін шыдады. Алланың кәламын ешкімде өзгерте алмайды. Расында, саған да пайғамбарлардың хабарынан бір бөлігі келді.

35. Олардың сырт беруі саған ауыр сезілсе, онда сен де жер астына кіруге жол, аспанға шығуға саты тауып, бір керемет көрсете алсаң (келтіріп көр, әйтпесе сабыр қыл). Егер Алла қаласа, оларды дұрыс жолға жинар еді. Сен әсте (Алланың хикметін) түсінбейтіндерден болма!

36. Шынайы құлақ салатындар (үндеуіңді) қабылдайды (сөзіңе құлақ салмайтындар өлімен тең). Өлілерді Алла қайта тірілтеді, одан соң олар Алланың алдына қайтарылады.

37. Олар (Мекке кәпірлері) “Раббыңнан неге бір мұғжиза түсірілмейді?” дейді. (Сен оларға:) “Мұғжиза түсіруге Алланың күш-құдіреті жетеді” деп айт. Бірақ олардың көбі білмейді.

38. Жержүзіндегі ұшқан құс, жүгірген аңның баршасы өздерің құсаған үмбеттер (Алла жаратқан мақлұқат). Лаухұлмахфузда еш нәрсені қалдырмадық (толық жаздық), кейін олардың бәрі де Алланың алдына жиналады.

39. Аяттарымызды өтірікке шығарушылар саңырау (ақиқатты естімейді), мылқау (ақиқатты сөйлемейді). Олар – тастүнекте қалғандар. Алла қалаған адамын адастырады, қалаған адамын оңдайды.

40. (Ей, Мұхаммед! Оларға:) былай де: “Шыншыл болсаңдар айтыңдаршы, сендерге Алланың жазасы немесе қиямет уақыты келсе, Алладан басқаға жалбарынасыңдар ма?

41. Әрине, Аллаға жалбарынасыңдар. Сендер (айығуын) тілеген бәлені ол қаласа айықтырады. Сендер Аллаға ширк қосқан нәрселерді ұмытасыңдар”.

42. (Ей, Мұхаммед!) Шынында сенен бұрынғы үмметтерге (бірталай пайғамбарлар) жібердік (олар пайғамбарларды мойындамады). Жалбарынсын деп оларды жоқшылық, таршылықтар арқылы жазаладық.

43. Олар бізден жаза түскен кезде неге жалбарынбады? Ал олардың жүрегі қатып қалған. Шайтан олардың қылықтарын өздеріне ұнамды етіп көрсетті.

44. Олар өздеріне берілген насихатты ұмытқан кезде, оларға (сынау үшін) барлық нәрсенің есігін ашып бердік. Өздеріне берілген молшылықта масаттанып масайраған кезінде оларды кенеттен жазаладық, олар қасіретте қалды.

45. Зұлымдық істеген қауымның түп тамыры құртылды. Барлық мақтау барша әлемнің Раббысы Аллаға тән.

46. (Ей, Мұхаммед! Оларға:) «Егер Алла сендердің құлақтарыңды естімес, көздеріңді көрмес қылып, жүректеріңді бітеп тастаса, сол сезім мүшелеріңді Алладан басқа қандай құдайдың қалпына келтіре алатынын айтыңдаршы!» деп айт. Қараңдаршы, аяттарымызды қалай баяндайды екенбіз! Бірақ олар (сол аяттардан) теріс айналды.

47. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: «Сендерге Алланың жазасы тұтқиылдан немесе ашықтан-ашық келе қалса, залым қауым қырылмай кім қырылады?» де.

48. Біз пайғамбарды (сауаппен) қуандырушы, (азаппен) қорқытушы ретінде жібереміз. Иман келтіріп, жақсылық іспен шұғылданғандарға қорқыныш та, қамқайғы да жоқ.

49. Аяттарымызды өтірікке бағалағандар, қиғаштық істегендігінің жазасын тартады.

50. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: “Сендерге өзімде Алланың қазынасы бар демеймін, мен ғайыпты білемін де демеймін, өзімді періштемін деп те айтпаймын. Мен тек Алланың маған жіберген уахиына ғана бойсұнамын” деп айт. “Көзсіз бен көзді тең бе?”

51. Раббыларының алдына жиналудан қорқатындардың сақтанулары үшін, оларға Құран арқылы ескерту бер: Оларға Алладан басқа дос та, шапағатшы да жоқ.

52. Алланың ризалығын тілеп, ертелі-кеш олар Раббыларына құлшылық ететіндерді (қасыңнан) қуалама Олардың есебінен саған ешнәрсе келмейді, сенің есебіңнен, оларға да ешнәрсе келмейді (біріңе бола бірің жауапқа тартылмайсыңдар). Оларды қуып жіберсең, залымдар қатарына кіресің.

53. “Алланың жақсылығына бөлеген арамыздағы адамдары осылар ма?” десін деп, оларды осылайша бірбірімен сынадық (кедей-кепшік, әлсіздерге иман келтіртіп, ауқаттыларды, шонжарларды сынадық). Алла шүкір қылушыларды жақсы біледі емес пе?!

54. Аяттарымызға иланғандар сенің қасыңа келген кезде: “Сендерге есендік болсын! Раббыларың (пенделеріне) рахым қылуды өз үддесіне алды. Сендерден кімде-кім білместікпен бірер жамандық істеп қойып, одан кейін тәубе қылып түзелсе, Алла расында оны кешіреді, есіркейді” деп айт.

55. Күнәкарлардың жолы айқын болуы үшін, аяттарымызды осылайша жеке-жеке баяндаймыз.

56. (Ей, Мұхаммед! Оларға:) “Мен сендердің Алланы қайырып қойып табынғандарыңа сиынудан тыйылдым” де. “Сендердің зауық-нәпсілеріңе бой ұрмаймын. Егер оған бой ұрсам, адасып, оң жол таппаған боламын” деп айт.

57. “Мен сөзсіз Алладан келген айқын дәлелге (Құранға) негізделемін, ал сендер оны өтірікке шығардыңдар. Сендер тезірек келсе екен деп тілеген азап менің ырқымда емес. Күллі үкім Аллада. Алланың үкімі хақ, Ол – ең әділ үкімгер” деп айт.

58. (Оларға) айт: Сендер тезірек келсе екен деп тілеген азап менің қолымнан келер болса, онда сендермен арамыздағы іс сөзсіз шешімін тапқан болар еді (сендерді жоқ қылар едім)” де. Алла залымдарды жақсы біледі.

59. Ғайып қазынасының кілті Аллада. Оны Алланың өзі ғана біледі, құрлықтағы, теңіздегі нәрселердің барлығын (Алла) біледі. Төгілген жапырақтың Алла білмейтін бірдебірі жоқ. Қараңғы жер астына көміліп қалған бір тал дәнек болсын, қураған немесе жас өсімдік болсын, барлығы да кітапта (Лаухұлмахфузда) жазулы.

60. Алла сендерді түнде өлі халге айналдырады (ұйықтатады), ал күндізгі істеріңді біліп тұрады. Одан соң белгіленген шекті уақытқа дейін жасасын деп, күндіз сендерді оятады. Одан соң ол сендерге істеген істеріңді айтып береді.

61. Ол (Алла) – пенделерін әмірін жүргізуші. Сендерге қорғаушы періштелер жібереді. Ол сендердің біріңе ажал жетсе, жіберген періштеміз оның жанын алады, (Алланың әмірін) бұлжытпай орындайды.

62. Бұдан кейін пенделер хақ ие Алланың алдына апарылады. Анығында, үкім тек Алланың ғана ісі. Оның есеп алуы өте тез.

63. (Ей, Мұхаммед!) “Егер бізді құрлық пен теңіздің қараңғылықтарынан құтқарсаң, сөзсіз шүкір қылар едік деп, Аллаға жасырын жалбарынып

тілек етесіңдер. Осындай қараңғылықтардан сендерді кім құтқара алады?” деп айт.

64. “Ол қараңғылықтар мен бейнеттерден сендерді Алла құтқарады, одан кейін сендер тағы да Аллаға серік қосасыңдар” деп айт.

65. (Ей, Мұхаммед! Оларға:) “Алла сендердің төбелеріңнен (тас, құс, бақа, шегіртке сияқты) және аяқтарыңның астынан (топан су, зілзала сияқты) азаптарды жіберуге, яки сендерді топтарға бөліп, біріңді-біріңе салу арқылы сазайларыңды тартқызуға құдіреті жетеді” де. Олар түсінсін деп, аяттарымызды қалай баяндағанымызды көрші!

66. Құран ақиқат болып тұрса да, оны қауымың жоққа шығарды. Сен (Оларға): “Мен сендерге қорғаушы емеспін” де.

67. Алдын ала берілген әрбір хабардың іске асатын уақыты бар, көп өтпей білесіңдер.

68. Аяттарымыз туралы (мазақ, кекесін сөзбен) әңгімелесіп тұрған адамдарды көргеніңде, олар, одан басқа бір әңгімеге көшкенше маңына жуыма. Егер шайтан саған ұмыттырып (бірге отырып қалсаң), есіңе түскеннен кейін, сол залым адамдармен бірге отырма.

69. Сақтанғандарға, олардың есебінен (жауапкершілікте) ешнәрсе келмейді. Бірақ, ескерту айтулары лазым, сонда олар бәлкім сақтанатын болар.

70. Дінді ойыншық, күлкі қылғандарды, дүние тірлігіне алданғандарды ырқына қоя тұрып, Құран арқылы ескерту бер: Әртүрлі жан өз қылығы салдарынан ойрандалып кетпесін! Оларға Алладан басқа дос та, шапағатшы да жоқ, олар әртүрлі төлем берсе де қабылданбайды. Ондайлар – өз қылықтары себебінен зауал табатындар. Оларға кәпірлігі үшін сусындыққа қайнап тұрған су, жанға бататын азап бар.

71. (Ей, Мұхаммед!) Былай деп айт: “Біз Алланы қайырып қойып, өзімізге пайдасы да, залалы да жоқ нәрсеге (пұтқа) табынамыз ба? Бізді Алла оң жолға салғаннан кейін кері шегініп (діннен шығып), шайтанның адастыруымен айдалада мәңгіріп, лағып жүрген достары “Бері қайт!” деп шақырып тұрған біреуге ұқсамақпыз ба?”. “Алланың нұсқағаны анық дұрыс жол. Біз күллі әлемнің Раббына бойсұнуға бұйырылдық.

72. Намаз оқуға, Алладан қорқуға бұйырылдық. (Қиямет күні) Алланың құзырына жиналасыңдар”.

73. Алла көк пен жерді хикметпен жаратты. Ол “Бол” деген күні (барлық нәрсе) бола қалады. Оның сөзі хақ. Сүр үрленетін күні (қиямет күнінде) де патшалық оған тән. Ол – көместі де, көрнеуді де білуші, хикметпен іс істеуші, бәрінен хабар алушы.

74. Өз кезінде Ибраһим әкесі Әзерге: “Пұттарды тәңір тұттың ба? Мен сені және қауымыңды анық азғындықта деп білемін” деп айтты.

75. Ибраһимнің иманы берік болуы үшін, оған көк пен жердің ғажайыптарын көрсеттік.

76. (Ибраһим) Түн қараңғылығы түскенде бір жұлдызды көріп: “Менің Раббым осы” деді. Жұлдыз өшкенде: “Өшетін нәрсені жақтырмаймын” деді.

77. Ол айдың туғанын көріп: “Менің Раббым осы” деді. Ай батқанда: “Раббым өзі туралыққа нұсқамаса, мен адасқандар қатарында болады екенмін” деді.

78. Күннің шығып келе жатқанын көргенде ол: “Мынау бәрінен де үлкен екен, менің Раббым осы” деді. Ол күн батқанда айтты: “Ей, Жұртым! Мен шынында сендердің Аллаға серік қосқан нәрселеріңнен аулақпын.

79. Мен шынайы түрде (бұзық діннен хақ дінге аудым) көк пен жердің жаратушысына бет бұрдым. Мен (Оған) серік қосушылардан емеспін”.

80. Қауымы онымен айтысты. (Ибраһим оларға) айтты: “Алла мені шынында оңғарды, ал сендер ол туралы менімен таласасыңдар ма? Мен сендердің оған серік қып қосқандарыңнан (пұттарыңнан) қорықпаймын, бірақ Раббымның қалаған нәрсесі ғана болады. Раббымның ғылымы барлық нәрсені қамтыған. Ой жүгіртпейсіңдер ме?

81. Сендер ешбір дәлел түсірілмеген нәрсені (пұттарды) Аллаға серік қып қосудан қорықпағанда, мен сендердің қосқан серіктеріңнен қорқамын ба?! Егер сендер білсеңдер, (айтыңдаршы!) бұл екі топтың қайсысы қорықпауға тиіс?”.

82. Аллаға иман келтіріп, иманына жат ниет араластырмағандар – міне, солар сенімділер, солар дұрыс жол тапқандар.

83. Өз қауымына тойтарыс беру үшін Ибраһимге арнаған дәлелдеріміз осы. Біз қалаған адамымыздың дәрежелерін көтереміз. Раббың шынында хикмет иесі, барлығын біліп тұрушы.

84. Біз Ибраһимге Исхақты, Яғқұбты нәсіп еттік те, олардың бәрін оң жолға салдық. Одан ілгері Нұхты да түзу жолға салған едік. Ибраһимнің нәсілінен Дәуіт, Сүлеймен, Аюп, Юсуф, Мұса, Һарұндарды да тура жолға салдық. Ізгі іс істегендерді өстіп сыйлаймыз.

85. Зәкария, Яхия, Иса және Ілиястарды да (түзу жолға салдық), олардың бәрі де игі жақсылар.

86. Исмайыл, Ясағ, Юнус, Лұттарды (тура жолға салдық), оларды (өз дәуіріндегі) жиһан халқынан үстем қылдық.

87. Олардың ата-бабаларынан, әулеттерінен, туысқандарынан да кейбірін таңдап тура жолға бастадық.

88. Алланың тура жолы – міне, осы. Ол пенделерінен өз қалағанын оңғарады. Егер олар ширк қосса, олардың еңбектері зая кетер еді.

89. Оларға кітапты, хикметті және пайғамбарлықты бағыштадық. (Дінсіздер) Егер осыларды (кітап, хикмет, пайғамбарларды) мойындамаса, онда бұларды қарсы келмейтін бір елге тапсырамыз.

90. Әне, солар – (пайғамбарлар) Алланың дұрыс жолға салған адамдары. Солардың жолын ку. (Ей, Мұхаммед!) “Бұған (Құранды жеткізгеніме) сендерден ешқандай ақы сұрамаймын. Құран – күллі жаһан халқына уағыз-насихат” деп айт.

91. Олар Алланы шын мәнінде танымады. Олар (Яһудилер) сол кезде: “(Алла) ешкімге ешбір нәрсе түсірген жоқ” деді. (Мұхаммед! сен оларға) айт: “Мұса әкелген, адам баласына нұр және тура жол болған кітапты (Тәуратты) кім түсірді? Сол кітапты бөлек-бөлек қағаздарға көшіріп алып, біразын ашыққа шығарып, көп бөлігін жасырасыңдар. Сендерге ата-бабаларың және өздерің білмеген нәрселер үйретілді”. “(Оны түсірген) Алла” деп айт. Одан соң оларды тәрік ет, олар өздерінің бұзықтық лайсаңында ойнай берсін.

92. Бұл (Құран) – өзінен бұрынғы кітаптарды растайтын, Мекке еліне және оның төңірегіндегілерге (ақырет азабын) ескертуің үшін, саған түсірілген құтты кітап. Ақыретке сенгендер бұл кітапқа да сенеді және намаздарын қаза жібермей өтейді.

93. Аллаға жала жапқан және өзіне уахи келмесе де, “Маған уахи келді” деген немесе “Алла түсіргендей мен де кітап түсіре аламын” деген адамдардан өтер залым бар ма? (Ей, Мұхаммед!) Залымдардың жаны алқымына келген кезде, (азаптаушы) періштелер қолдарын созып: “Жан тәсілім қылыңдар, сендер Алла туралы жалалы сөздер сөйлеп, Алланың аятын тәкәппарланғандарың үшін бүгін қорлықты азаппен жазаланасыңдар” дейді. Сонда олардың сұрқын көрсең.

94. Біз сендерді әуел баста қалай жаратқан болсақ, дәл сондағыдай жеке-жеке алдымызға келдіңдер. Біз сыйлаған нәрселерді арттарыңа тастадыңдар. (Аллаға) серік қып қосқан шапағатшыларыңды (шапағат дәметкен пұттарыңды) енді сендермен бірге көрмедік қой? Олармен араларыңдағы байланыс үзілді, (шапағат етеді деп) дәме күткен пұттарың келмеске кетті.

95. Дәндерді, ұрықтарды жарып көктеуші расында Алла. Өліден тіріні шығаратын, тіріден өліні шығаратын да Алла. Ендеше қалайша қыңырлыққа басасыңдар?

96. Қараңғыны жарып, таң атқызушы – Алла. Ол демалуға түнді, уақытты есептеуге ай мен күнді жаратты. Міне, бұлар – бәрінен үстем, бәрін білгір Алланың (өлшеулі) орналастыруы.

97. Ол Алла сендерге теңіз бен құрылықтың қараңғылығында жол табуларың үшін жұлдыздарды жаратты. Түсінген қауым үшін аяттарымызды айқын білдірдік.

98. Алла сендерді бір адамнан (Адам атадан) жаратты, сендерге уақытша тұрақ, әрі орын бар (атаның белінде, ананың жатырында, жердің үстінде және астында). Түсінетін қауымға аяттарды анықтап ашық баяндадық.

99. Алла аспаннан жаңбыр жаудырып, сол жаңбыр суымен өсімдік атаулыны көктетті, жасыл жапырақ жайқалтты, бір-бірімен қатарласқан дән алғызды, құрма ағашының шешегінен самсыған құрма салқымдарын өндіді, жүзім бақшаларын жетілдірді, (жемісінің түрі, дәмі) әр-түрлі зәйтүн, анарларды шығарды, (олардың әрбірінің) түйін салған және піскен кездердегі жемісіне қараңдар, оларда адамдар үшін (Алланың құдіретін көрсететін) дәлелдер бар екені даусыз.

100. Олар (мүшриктер) Алла жаратқан жындарды оған (Аллаға) серік қып қосты және “Алланың ұл-қызы бар” деп надандықпен көкіді. Алла кіршіксіз пәк, олар айтқан сипаттан жоғары.

101. Көк пен жердің жаратушысы болған Алланың әйелі жоқ, онда қалайша бала болсын?! Күллі затты Алла жаратты, күллі затты ол біліп тұрады.

102. Мне, Ол – Сіздердің Раббыңыз Алла, одан өзге ешбір тәңір жоқ. Ол – Күллі заттың жаратушысы, оған құлшылық етіңдер. Ол – барлық нәрсенің қорғаушысы.

103. Көздер оны көре алмайды, ол көздерді көріп тұрады. Ол мейірбан әрі барлығынан хабардар.

104. Раббыларыңнан сендерге ашық дәлелдер келді. Кім оны көре білсе, өзіне пайдалы. Оны көрмесе, өзіне залал. Мен сендерге бақылаушы емеспін.

105. Олар (Кәпірлер) “Сен (Құранды) басқалардан үйрендің” деп айтатындығы үшін және білетін адамдарға ақиқатты пайымдату үшін, аяттарды осылайша жекежеке түсіндіреміз.

106. Раббыңнан саған уахи етілгенге (Құранға) бойсұн. Алладан өзге ешбір құдай жоқ. Мүшриктерден аулақ бол.

107. Егер Алла қаласа, олар ширк қоспас еді. Сені оларға қорғаушы етіп қойғанымыз жоқ, сен олардың бақылаушысы да емессің.

108. Мүшриктердің Алладан басқа табынғандарын (пұттарын) сөкпеңдер, (өйтсеңдер) олар білместікпен шектен асып, Аллаға тіл тигізеді. Сондай-ақ, біз әр қауымға өз қылығын ұнамды көрсеттік. Түбінде олардың қайтар жері – Раббыларының алды. Алла оларға не істегендіктерін өздеріне баяндап береді.

109. Егер оларға бір мұғжиза келсе, оған мүлде сенетіндігін (білдіріп), Алланың атымен айнымастай ант етеді.

(Ей, Мұхаммед! Оларға:) “Мұғжизалар Алланың даргәһындағы іс (менің ісім емес)” деп айт. (Ей, Мұсылмандар!) қайдан білесіңдер, мұғжиза келсе де, олар сенбейтін шығар бәлкім.

110. Олардың көңілдері мен көздерін (ақиқатты сезуден, көруден) тайдырып жібереміз де, әу баста сенбегеніндей, азғындықтарында мәңгіртіп қоямыз.

111. Біз, оларға (Кәпірлерге) періштелерді түсірсек те, өліктерді олармен сөйлестірсек те, барлық нәрсені жиып алдына келтірсек те, Алланың қалауынсыз олар иман етпейді. Ал олардың көбі (мұның мәнін) білмейді.

112. Сол сияқты, адам мен жынның шайтандарын әрбір пайғамбарға дұшпан қылып қойдық. Олар сұлу сөзбен бірін-бірі алдап азғырады. Егер Раббың қаласа, олар мұндай істі істемес еді. Оларды сол өтірік-өсегімен қоя бер.

113. Ақыретке сенбейтіндердің көңілі олардың сұлу сөздеріне ауа берсін, оған риза болсын, олар істеген күнәсін істей берсін (деп алдап, азғырады).

114. (Ей, Мұхаммед! Оларға айт:) “Алла сендерге айдан ашық кітап түсірсе де, Алладан басқа үкімгер іздейін бе?”. Біз кітап нәсіп еткендер (Яһуди, Насара ғұламалары) Құранның Раббы тарапынан түсірілген хақ кітап екендігін біледі. Сен әсте шүбәланушы болма!

115. Раббыңның кәламы (Құран) шындықта да, әділетте де кемелінде. Оның сөзін өзгерте алатын ешкім жоқ. Ол – бәрін естуші, бәрін біліп тұрушы.

116. Егер сен жер бетіндегі адамдардың көбіне (күффарларға) ілесе берсең, олар сені Алланың жолынан адастырады. Олар тек қана күмәнға ереді және жалған сөйлейді.

117. (Ей, Мұхаммед!) Раббың өзінің жолынан тайғандарды шынында жақсы біледі, түзу жол ұстағандарды да жақсы біледі.

118. Алланың аяттарына анық иланған болсаңдар, Алланың атымен бауыздалғанды (яғни “Бисмилла” деп бауыздалған хайуандарды) жеңдер.

119. Мәжбүр болмайынша жеуге арам етілген нәрселерді Алла сендерге ашық баяндаған. Ендеше, не үшін Алланың атымен бауыздалғанды жемейсіңдер? Шынында, адамдардың бірталайы білімсіздікпен, өз нәпсісі бойынша (басқаларды) адастырады. Анығында Раббың шектен шыққандарды жақсы біледі.

120. Жария және жасырын күнәларды тастаңдар. Шынында күнәға батқандар өз қылмысымен жазаға тартылады.

121. Алланың аты айтылмай бауыздалған хайуандарды жемеңдер, оны жеу әлбетте күнә болады. Шәйтандар өз достарын сендермен айтысуға айтақтады. Егер оларға бойсұнсаңдар, нағыз мүшрик боласыңдар.

122. Әсілінде өлген, бірақ біз (иманмен жүрегін) тірілтіп, оның адамдар арасында дұрыс жүруіне жарық берген бір адам мен қараңғылықта

(күпірлікте) қалып, одан шыға алмаған адам ұқсас па? Кәпірлерге өздерінің істеген ісі, міне, сондай ұнамды етіп көрсетілді.

123. Айлашарғы істете тұрсын деп, әрбір кент шонжарларын бас күнәкар еттік. Олардың айлашарғылары өздеріне тиетіндігін олар сезбейді.

124. Оларға (Мұхаммедтің пайғамбарлығын растайтын) бірер аят келген кезде, (олар:) "Бізге (басқа) пайғамбарларға берілгендей (уахи) келмейінше әсте сенбейміз" дейді. Алла пайғамбарлықты қалай орналастыратынын өзі біледі. Бұл күнәкарлар істеген айлашарғыларының себебінен Алланың алдында қорлыққа және қатты азапқа дұшар болады.

125. Алла кімді дұрыс жолға салғысы келсе, оның көкірегін Ислам үшін кеңейтеді. Алла кімді адастырғысы келсе, оның көкірегін тарылтып қояды, (иман келтіру) ондайларға аспанға шығудан да қиын. Иман келтірмегендерді Алла осылай азаптайды.

126. Міне, бұл (Ислам діні) – Раббыңның дұрыс жолы. Ғибрат алар қауым үшін аяттарымызды осылайша анықтап баяндадық.

127. Олардың Раббысының жанында оларға Дәруссалам – бейбіт мекенжайы бар. Олардың істеген (ізгі) істеріне қарай, Алла оларға жәрдемші.

128. Оларды (адамдар мен жындарды) тұтас жиған күні: "Ей, жындар тобыры! Сендер талай адамды аздырдыңдар" (делінеді). Сонда жындардың адамнан болған достары: "Раббымыз! Біз бірімізді-біріміз пайдаландық, енді бізге белгіленген уақытқа (қиямет күніне) жеттік" дейді. (Алла) оларға: "Сендердің барар орындарың – тозақ, онда мәңгі қаласыңдар. Егер Алла қаласа оның жөні басқа" дейді. Раббың даусыз хикмет иесі, бәрін білуші.

129. Осылайша залымдарды қылмыстары себепті бір-біріне тізгіндетеміз.

130. "Ей, жындар және адамдар тобы! Өз іштеріңнен сендерге менің аяттарымды жеткізетін, осы күнге (қиямет күніне) тап болатындықтарыңды ескертетін елшілер келмеп пе еді?" (дегенде), олар: "Күнәмізді мойындадық" дейді. Оларды дүние тіршілігі алдаған, олар өздерінің кәпір болғандығына шындығында өздері куә болады.

131. Сондықтан да Раббың қала халқын (пайғамбар жіберместен) бейғам жатқанда зұлымдықпен ойрандамайды.

132. (Ақыретте) Әр адамның істеген жақсы не жаман ісіне қарай дәрежесі болады, Раббың олардың істеген ісінен бейхабар емес.

133. Раббың бай, рахмет иесі. Ол егер қаласа, сендерді жоқ қылып жіберіп, өздеріңді басқа бір қауымның нәсілінен таратқандай, орындарыңа өзі қалаған бір қауымды қояды.

134. Сендерге уәде етілген (қиямет күні, қайта тірілу сияқты) істер сөзсіз келеді. Сендер одан құтыла алмайсыңдар.

135. (Ей, Мұхаммед!) “Ей, қауымым! Сендер шамашарықтарыңша істеңдер, мен де шамамша істеймін (өз уағызымда берік тұрамын). Ақыретте кімнің дүние тұрағының табатынын ұзаққа бармай-ақ білесіңдер. Залымдардың тілегіне жете алмайтыны даусыз” де.

136. (Мүшриктер) Алла жаратқан егін мен малдан Алла үшін бір үлес, (пұттар үшін бір үлес) сыбаға бөліп, өздерінше: “Мынау – Алланікі, мынау – серігіміздікі” деді. (Оларша Пұттарының үлес – несібесінен Аллаға беруге болмайды, ал, Алланың үлес-несібесінен пұттарына беруге боладымыс. Олардың үкімдері неткен жаман!

137. Мүшриктердің серіктері (шайтандар) мүшриктерді зиян тапқызу және олардың діндерін былықтыру үшін, олардың көбіне өз балаларын өлтіруді сүйкімді етті. Егер Алла қаласа, олар мұндайды істемес еді. Ендеше, оларды жала-өтіріктері бойынша жібере тұр.

138. Олар өз ойларынша: “Бұл хайуандар мен егіндер (өзгелерге) арам. Оларды өз қалағандарымыз ғана жейді. Мына хайуандарды мінуге болмайды, ана хайуандарды Алла атымен бауыздауға болмайды” деді. (Сөйтіп) олар Аллаға жала жапты, Алла оларды жапқан жалалары үшін жазалайды.

139. Олар: “Мына хайуандардың ішіндегі төлі еркектерімізге арналған, әйелдерімізге арам” деді. Егер төлі өлі туылса бәрі ортақ жей береді. Алла олардың жала-өтіріктеріне қарай жазасын тартқызады. Шынында, Алла – хикмет иесі, бәрін білуші.

140. Надандық, ақымақтығынан балаларын өлтірген, Алланың атынан өтірік айтып, Алла ризық етіп берген нәрселерді арам дегендер анығында зиян тартты, олар тура жол таба алмай адасты.

141. Алла иілген сабақты және тік өсетін (түрлі жеміс) бақшаларын жаратты. Жемістері, дәндері бір-біріне ұқсамайтын құрма ағаштары мен егіндерді, (түсі, формасы) бір-біріне ұқсайтын, (дәмі) әртүрлі зәйтүн, анарларды жаратты. Жеміс берген кезде олардан жеңдер. Жемісін жиған кезде, оның ақысын (ғұшырын) өтеңдер. Ысырап қылмаңдар. Алла шынында ысырапқорларды сүймейді.

142. Ол және түліктің жүк көтеретіндерін, сойылатындарын жаратты. Алла сендерге ризық етіп берген нәрселерді жеңдер. Шайтанның соңынан ерменДер. Ол сендерге расында әшкере дұшпан.

143. Ол (Алла) сегіз жұп малды жаратты: (Еркек, ұрғашы) екеуі қойдан, екеуі ешкіден. (Ей, Мұхаммед! мүшриктерге) былай де: “Алла бұлардың екі еркегін арам етті ме әлде екі ұрғашысын ба? Және бұған екі ұрғашысының іштегі төлі де жата ма? Егер айтқандарың шын болса, маған білгірлікпен айтып беріңдерші!”.

144. (Еркек, ұрғашы) түйеден екеуді, сиырдан екеуді жаратты, (мүшриктерге) айт: “Алла бұлардың екі еркегін арам етті ме әлде екі ұрғашысын ба?

Және бұған екі ұрғашысының іштегі төлі де жата ма? Немесе Алла сендерге солай деп тапсырғанда сендер (қасында) бар ма едіңдер?”. Адамдарды аздыру үшін, (ештеңені) білмесе де Алланың атынан жалған айтқаннан өтер залым бар ма? Анығында Алла залым елді оңғармайды.

145. (Ей, Мұхаммед!) былай деп айт: “Маған уахи етілгендер ішінен жейтіндер үшін, жеуге арам болған нәрсені таппадым. Бірақ, өлексе, аққан қан, доңыз еті – бұл нақ нәжіс және күнәлі болып Алладан басқаның атымен бауыздалған мал арам”. Кімде-кім бұлардан лажсыз жағдайда жеуге мәжбүр болса, (өмірін сақтап қаларлықтай жеуіне болады), Алла – аса жарылқаушы, бек мейірбан.

146. Яһудилерге жұмыр тұяқтылардың барлығын арам қылдық. Әрі оларға сиыр мен қойдың да майын арам қылдық, жалғыз-ақ бұлардың қыртыс майы мен іш майын, жілік майын арам етпедік. Жат ниеттілігі себебінен оларды солай жазаладық. Біз расында шыншылмыз.

147. (Ей, Мұхаммед!) Егер олар (Яһудилер) сені мойындамаса, оларға: “Раббыларыңның рахымы кең, бірақ (қәріне жолығып қалсаңдар), азабы күнәлі қауымнан қайтарылмайды” деп айт.

148. Мүшриктер: “Егер Алла қаласа, біз де және ата-бабаларымыз да (Аллаға) ширк қоспаған болар едік және ешбір нәрсені арам қылмас едік” дейді. Олардан бұрынғы өткен адамдар біздің көрсеткен азабымызды тартқанға дейін (пайғамбарларын) міне, осылайша өтірікке ұйғарған еді. (Оларға) айт: “Сендерде білетіндерің болса, бізге көрсетіңдер, сендер тек құр қиялдың жетегіндесіңдер. Жалған айтасыңдар”.

149. “Жеткілікті дәлел Алланікі. Егер Алла қаласа, барлығыңды да оң жолға салады” де.

150. Оларға: “Алла мынаны арам қылды деп куәлік беретін айғақшыларыңды шақырып келіңдер!” де. Егер олар (келіп жалған) куәлік етсе, сен оларға қосылып куәлік етпе. Аяттарымызды өтірікке шығарып, ақырет күніне сенбегендердің қиялына еліктеме! Олар Раббыларына теңдес қосады.

151. Оларға былай айт: “Келіңдер, Раббыларыңның арам деген нәрселерін сендерге оқып берейін, оған еш нәрсені серік қып қоспаңдар. Ата-анаға жақсылық қылыңдар; Кедейліктен қорқып балаларыңды өлтірмеңдер, біз оларға да және сендерге де ризық береміз. Көрнеу немесе көмескі арсыз іске жақындамаңдар. Өлтірілуге тиісті болғаны болмаса, Алланың әміріне қайшы келіп, (нахақ) кісі өлтірмеңдер. Түсініп алсын деп Алла сендерге осыларды өсиет етеді.

152. Жетімнің мал-мүлкін өзі ержеткенше оның өз жақсылығын істетуден тыс, (әдетте) оған тиіспеңдер. Таразы-өлшеуіштерді дұрыс ұстаңдар. Ешқандай адамды шамасынан артыққа зорламаймыз. Сөзде (төрелік

айту немесе куә болуда) әділ болыңдар, әртүрлі жақының (туралы) болса да. Аллаға берген уәдені орындаңдар. Ғибрат алуларың үшін Алла сендерге осыларды өсиет етеді.

153. Бұл менің хақ жолым, осы жолмен жүріңдер, басқа теріс жолға түспеңдер. Басқа жолдар сендерді Алланың хақ жолынан адастырады. (Тозақтан) сақтануларың үшін, Алла сендерге осыларды өсиет етеді.

154. Өз Раббымен жолығатындығына сенсін деп, және ізгілік істегендерге (беретін жақсылығымызды) толықтау, әрбір жолынды айырып баяндау, (Исрайыл елін) дұрыстыққа салып, рахым ету тұрғысынан Мұсаға кітап (Тәуратты) нәсіп еттік.

155. (Енді) біз түсірген мына кітап (Құран) – құтты кітап. Алланың рахымына бөленемін десеңдер, оған ілесіңдер әрі абай болыңдар.

156. (Менің Құранды түсіруім) сендердің: “Бізден бұрынғы екі тайпаға (Яһудилер мен Насараларға) ғана кітап түсірілді, олардың оқыған кітабынан біздің хабарымыз жоқ” деп айтпауларың үшін.

157. Немесе: “Егер бізге кітап түсірілсе, біз олардан гөрі тура жолда болар едік” деп айтпауларың үшін. Расында, сендерге Раббыларыңнан ашық дәлел, дұрыс жол, рахмет келді. Алланың аяттарын өтірікке санап, одан бет бұрған кісіден өтер залым бар ма? Біздің аяттарымыздан бет бұрғандарды сол бет бұрғандығы үшін аса қатты азаппен жазалаймыз.

158. Олар тек (өлім) періштелерінің келуін, Раббыңның өзі немесе Раббыңның кейбір белгілерінің келуін ғана күтеді. Раббының белгілері келген күні бұрын иман келтірмегендердің немесе иман келтірсе де жақсылық іс істей алмағандардың иманы пайда бермейді. (Оларға:) “Күте тұрыңдар, біз де күте тұрайық” де.

159. Дінде бөлшектеніп, жікке айырылғандармен сенің қатысың жоқ. Олардың ісі Аллаға тән. (Алла) олардың істеген істерін өздеріне айтып береді.

160. Бір жақсылық іс істеген адам он есе сауапқа ие болады. Бір жаманшылық істеген адамға тек істегеніне ғана лайық жаза беріледі, оларға әділетсіздік істелмейді.

161. (Ей, Мұхаммед! Мүшриктерге) айт: “Мені Раббым тура жолға, яғни дінге, Ибраһимнің дұрыс дініне бастады. Ибраһим мүшриктерден емес еді” деп.

162. “Намазым, ғибадатым, тірлігім, ажалым күллі әлемнің Раббы Алла үшін.

163. Оның серігі жоқ. Мен соған (жалғыз Аллаға құлшылық етуге) бұйырылдым. Мен – мұсылмандардың алғашқысымын”.

164. “Алла барлық нәрсенің Раббы тұрса, одан өзге тағы бір Раббы іздеймін бе?” де. Әр адам өз күнәсінә өзі жауапкер, біреудің күнәсін

біреу көтермейді. Түбінде Раббыларыңның алдына барасыңдар, сонда сендердің таласқандарыңның ақ-қарасын (Алла) айтып береді.

165. Алла сендерді жердің халифалары етті. Өздеріңе берген игіліктерімен сынау үшін, біріңнен-біріңнің дәрежеңді жоғары қылды. Раббың шынында тез есеп алушы әрі кешірімшіл, өте мейірбан.

7. АҒРАФ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 206 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Әлиф, Ләм, Мим, Сад.
2. (Ей, Мұхаммед! Бұл – кәпірлерге ескерту, мұсылмандарға уағыз - насихат беруің үшін, саған түсірілген кітап (Құран). Бұған (кәпірлердің қарсы келгеніне) бола көңілің жабырқау тартпасын!
3. (Ей, Адамдар!) Алладан сендерге түсірілген кітапқа бойсұныңдар. Аллаға шет келіп, өзгені дос тұтпаңдар. Сендердің насихатты қабылдауларың өте аз.
4. Біз бірталай қаланы ойрандадық. Біздің азабымыз оларға түнгі ұйқыда яки түскі уақытта жетті.
5. Оларға азабымыз келген шақта, олар: “Біз нақ залым едік” деп зарлады.
6. Өздеріне елші жіберілген елді жауапқа тартамыз, пайғамбарларды да, әрине жауапқа тартамыз.
7. (Қиямет күні олардың ахуалын) оларға біліктілікпен айтып береміз. Біз олардан алыстаған емеспіз.
8. Сол күні (пенделердің жақсы-жаман ісінің) таразыға түсері хақ. Кімнің (жақсылық) таразысы ауыр тартса, солар (тозақтан) құтылатындар;
9. Кімнің таразысы жеңіл тартса, олар аяттарымызға сенбегендіктен өздерін сорлатқандар болып саналады.
10. Шынында, сендерді жержүзіне орналастырдық, тұрмыс қажеттеріңді де сонда қойдық. (Алланың осындай нығметіне) шүкірлік етулерің өте аз!
11. Шынында, сендерді біз жараттық, одан соң (адамдық) бейнеге кіргіздік, одан соң періштелерге: “Адамға сәжде қылыңдар!” дедік. Ібілістен басқасы түгел сәжде қылды, жалғыз Ібіліс қана сәжде қылмады.
12. Алла (Ібіліске): “Сені сәжде қылуға бұйырғанымда неге сәжде қылмадың?” деді. Ібіліс: “Мен одан артықпын, мені оттан, оны балшықтан жараттың ғой” деді.

13. “Сен бұл жерден (Жәннаттан) түсіп кет, мұнда тәкәппарлық істеуіңе болмайды. Шық онда, сен анық қор болушысың” деді.
14. (Ібіліс:) “Адамзат қайта тірілетін күнге (қиямет күніне) дейін маған (тірі жүруіме) мұрсат бер!” деді.
15. “Саған мұрсат берілді” деді Алла.
16. Ібіліс айтты: “Өзің мені аздырғаның үшін, оларды (Адам ата мен оның ұрпағын) сөзсіз сенің дұрыс жолыңның үстінде отырып тосамын.
17. Одан соң олардың алдынан да, ту сыртынан да, оңынан да, солынан да тисемін. Олардың көбінің (сен берген жақсылыққа) шүкір етпейтіндіктерін сонда көресің”.
18. (Алла оған): Бұл арадан қор болып, (рахметтен) мақрұм етілген күйіңде шығып кет! Адамдардан саған ергендерді қосып, бәріңді тозаққа салып толтырамын” деді.
19. (Алла айтты Адамға:) “Ей, Адам! Зайыбың мен екеуің жәннатта тұрыңдар. (Жәннаттың жемісінен) қалағандарыңша жеңдер. Бірақ, мына бір ағашқа жоламаңдар (оның жемісін жемеңдер), әйтпесе залым боласыңдар”.
20. Бірақ, шәйтан ол екеуінің жабық әурет жерлерін ашу (ұятқа қалдыру) үшін, оларды азғырып былай де-ді: “Екеуіңнің Раббың сендерді бұл ағаштың жемісін жеулеріңе тыйым салуы – екеуің періште болып кетпесін немесе осында мәңгі тұрып қалмасын дегені ғой”.
21. Сонымен екеуіне “Мен екеуіңе шынымен ақыл айтып тұрмын” деп антсу ішті.
22. Осылайша, алдап ол екеуінің (мәртебесін) түсірді. Ағаш жемісін жегенде ол екеуінің әуретті жерлері ашылып қалды. Олар жаннаттағы ағаш жапырақтарымен әуретті жерлерін жапқан болды, Екеуінің Раббысы: “Мен сендерді сол ағаштан тыймап па едім? Шайтан екеуіңнің көпекөрнеу дұшпандарың демеп пе едім?” деп екеуіне дауыстады.
23. Ол екеуі: “О, Раббымыз! Өзіміздіөзіміз кесірге жолықтырдық. Өзің кешірім етіп есіркемесең, сөзсіз зиян тартып құрығанымыз” деп айтты.
24. Алла (оларға): “Сендер (шайтан мен адам) біріңе-бірің дұшпан болып түсіңдер. Сендерге белгілі мерзімге дейін жер бетінде тұрақ және нәсіп алу бар” деді.
25. Алла айтты: Жер бетінде жасайсыңдар және сонда өлесіңдер, (қиямет күні жер астынан қайта шығарыласыңдар.
26. Ей, Адам балалары! Сендерге біз әуретті жерлерінді жабатын киім және сәндік киімін түсірдік, тақуалық киімі одан да жақсы. Міне, бұлар – Алланың белгілері, бұдан түсініп ғибрат аласыңдар.
27. Ей, Адам балалары! Шайтан сендердің ата аналарыңның әуретті

жерлерін өздеріне көрсету үшін, киімін шешкізіп жаннаттан шығарғаны сияқты, сендерге де сұмдығын істемесін. Шындығында, шәйтан мен оның қол астындағылары сендерді көре алады, ал сендер оларды көре алмайсыңдар. Біз шайтандарды имансыздарға дос қылдық.

28. (Мүшриктер) пасықтық істеген кезінде: “Ата-бабаларымыздың осылай істегенін көрген едік, Алла бізді де солай істеуге бұйырған” дейді. (Ей, Мұхаммед! Оларға) “Алла (пенделерін) әсте пасықтыққа бұйырмайды. Өздерің білмейтін нәрсені Алла атынан (жалған) айтасыңдар ма?” де.

29. “Раббым маған әділдікті бұйырды, ғибадат қылғанда жүздеріңді Алла жаққа туралаңдар және оған бар пейіл-ықыласпен құлшылық етіңдер. Алла о баста қалай жаратқан болса, сондай негізде қайтасыңдар” деп айт.

30. (Алла адамдардың) бір тобын оң жолға беттетті, енді бір тобы азғындауға тиісті болды. Анығында, олар Аллаға шет келіп, шайтанды дос тұтты да, өздерін дұрыс жолдамыз деп есептеді.

31. Ей, Адам балалары! Сендер барлық мешіттердің жанында (пәк және әдемі) киімдеріңді киіңдер, жеп-ішіңдер, тек ысырап қылмаңдар. Алла анығында ысырап қылғандарды сүймейді.

32. (Ей, Мұхаммед!) былай деп айт: Алланың пенделері үшін жаратқан киімдерін, таза ризықтарын кім арам ете алады?” “Ол несібелер бұл дүниеде иман келтіргендердікі, ал ақыретте тек қана мүминдердікі болмақ”. Білетін қауымға аяттарды осылайша баяндаймыз.

33. “Раббым көрнеу және көмескі арсыздықтарды, күнәні, біреуге орынсыз тиісуді, ол (Алла) ешқандай бір дәлəл түсірмеген нәрселерді Аллаға серік етуді, өздерің білмеген нәрселеріңді Алла атынан беталды сөйлеуді арам қылды” деп айт (Ей, Мұхаммед!).

34. (Пайғамбарға сенбеген) әр үмбеттің (жойылатын) белгілі бір ажалы болады, сол ажалдары жеткенде бір сәтке де кешіктірілмейді және ерте болмайды (дəл уағында жойылады).

35. Ей, Адам балалары! Өз іштеріңнен аяттарымызды баяндайтын елшілер келгенде, тақуа болып өзін түзелткендерге (болашақта) қауіп-қатер, қамқайғы жоқ.

36. Аяттарымызды өтірікке жорығандар және тәкәппарланғандар – тозақтықтар, олар онда мәңгі қалатындар.

37. Аллаға жала жапқан, оның аяттарын өтірікке шығарған кісіден өтер залым бар ма? Оларға кітаптан (Лаухұлмахфузда жазылған ризық пен өмірден) өз нәсіптері жетеді. Ақыры елшілеріміз (періштелер) жан алуға келіп: “Алладан өзге сиынғандарың (пұттарың) қайда?” дегенде, олар: “Бізден ғайып болды” дейді. Сөйтіп, олар өздерінің кәпірлігіне өздері куə болады.

38. Алла (аяттарын мойындамағандарға): “Сендер өздеріңнен бұрынғы

өткен, жын мен адамзаттан болған (кәпір) үмбеттермен бірге тозаққа кіріңдер!” дейді. Әрбір үмбет (тозаққа) кірген сайын, ол өзінен бұрын кірген діндесіне (оған ілесіп азғын болғандығы үшін) лағнет айтады. Олардың барлығы тозаққа кіріп жиналып болғанда кейінгілері (ілесушілер) алдындағыларына (басшыларына): “Ей, Раббымыз, бізді аздырған осылар, бұларға екі есе тозақ азабын бере көр!” дейді. Алла: “Барлығына екі есе азап беріледі, бірақ, сендер (азаптың қаттылығын) білмейсіңдер” дейді.

39. Олардың алдынғылары соңғыларына: “Сендердің бізден ешқандай артықшылықтарың жоқ, істегендеріңнің жазасы ретінде азапты тартыңдар” дейді.

40. Біздің аяттарымызды өтірікке жорыған және тәкәппарланғандарға аспан есіктері ашылмайды (тілегі қабыл болмайды), иненің көзінен түйе өткенге дейін олар жәннатқа кірмейді! Міне, осылай күнәлілерді жазалаймыз.

41. Оларға тозақта оттан төсек, оттан көрпе бар. Міне, залымдардың жазасын осылай береміз.

42. Иман келтіріп, ізгілік істегендер. Әр адамды шамасы келерліктей іске ғана бұйырамыз. Әне, солар – жәннатта болатындар, солар – онда мәңгі тұратындар.

43. Олардың көңілінен ғадауат-араздықтарды айықтырамыз (жұмақтағылардың арасында араздық болмайды). Іргелерінен өзендер ағып жатады. Олар: “Барлық мадақмақтау бізді мұндай ақ жолға нұсқаған Аллаға арналсын! Өйткені, Алла өзі оңғармаған болса, біз оң жол таба алмас едік, Раббымыздың пайғамбарлары бізге ақиқат әкелді” дейді. Оларға: “Амалдарыңа қарай мұрагерлік еткен жәннаттарың міне осы” деп дауысталады.

44. Жұмақтықтар тозақтағыларға: “Раббымыздың бізге уәде еткенінің растығына көзіміз жетті, ал Раббыларыңның уәде еткенінің растығына сендердің де көздерің жетті ме?” деп айқайлайды. Олар (тозақтағылар да: “Иә, жетті!” дейді. Сонда олардың арасынан бір айқайшы шығып: “Алланың қарғысы залымдарға тисін!” деп айқайлайды.

45. Олар (залымдар) Алланың даңғыл жолынан тосады, одан қыңырлық іздейді, оның үстіне ақыретке сенбейді.

46. Олардың арасында перде болады, оның үстіндегі Ағрафта тозақтықтар мен жұмақтықтарды әлпеттерінен танитындар тұрады. Олар жұмақтықтарға: “Сендерге амандық болсын!” деп айқайлайды, бұлар әлі жұмаққа кіре алмай, одан дәме ететіндер.

47. Олардың көздері тозақтықтарға қарай бұрылғанда: “Ей, Раббымыз, бізді залым қауымға қоса көрме!” дейді.

48. Ағрафтағылар тозақтағы әлпеттерінен танылғандарға: “Жинағандарың

(көптіктерің) және әспенсулерің неменеге себеп болды?” деп айқайлайды.

49. (Ағрафтағылар тозақтағыларға жұмақтықтарды көрсетіп тұрып): “Сендердің Алланың рахымы тимейді деп ант еткен кісілерің осылар ма? (Бұларға:) “Жәннатқа кіріңдер! Сендерге (болашақта) қауіп-қатер, қам-қайғы жоқ” (делінген дейді).

50. Тозақтықтар жұмақтықтарға: “Суларыңнан, яки Алла сендерге нәсіп еткен сусыннан бізге біраз құйсаңдар екен!” деп айқайлайды. Олар (жұмақтықтар): “Алла бұл екі нәрсені кәпірлерге арам еткен ” дейді.

51. Олар – діндерін масқаралап, ойыншыққа айналдырғандар әрі дүние тіршілігіне алданғандар. Олардың аяттарымызға қарсы болғаны, осы күнге жолығатындығын ұмытқандықтары секілді, бұл күні біз де оларды ескерусіз қалдырамыз.

52. Біз оларға, иман келтірген қауым үшін жол сілтеуші әрі рахмет ретінде бір кітап түсіріп, оны білім негізінде ашалап түсіндірдік.

53. Олар (кәпірлер) оның нәтижесін ғана күтеді. Оның нәтижесі келген күні, Құранды ұмытқандар: “Раббымыздың елшілері расында ақиқатты әкелген еді, енді бізге шапағат ететін шапағатшылар бар ма екен немесе күнәкәрлықты қойып, жақсы істермен шұғылдануымыз үшін дүниеге қайтарылуымызға болар ма екен?” деседі. Шындығында олар өздеріне кесір келтірді. Олардың (Аллаға серік еткен) жасанды нәрселері көздеріне көрінбей ғайып болып кетті.

54. Шынында Раббыларың болған Алла, көк пен жерді алты күнде жаратты, одан соң ғарышқа үкім жүргізді. Ол түнімен (Оның қараңғылығымен) күндізді жапты, түн мен күндізді бірін-бірі қуалайтын алма-кезек ауысатын) етті, ол күн, ай, жұлдыздарды өз әміріне бағынышты етті. Естеріңде болсын, жарату және әмір ету оған тән. Барша әлемнің Раббы Алланың дәрежесі ерен жоғары.

55. Раббыларыңа ілтипатпен жасырын тілек етіңдер. Шектен тыс кеткендерді ол жақтырмайды.

56. Ол жержүзін жақсартқаннан кейін, онда бұзақылық істемеңдер. (Алладан) қорқа әрі үміттене тілек етіңдер. Шынында, Алланың рахымы ізгі іс істегендерге жақын.

57. Алла өзінің рахымы (жаңбыры) келер алдында жел соқтырып, сүйінші хабарын жібереді. Жел ауыр бұлттарды көтерген кезде оны өлі (қуаң) жерлерге жөнелтеміз де, жаңбыр жаудырып, әртүрлі жеміс-жидек өндіреміз. Сол сяқты, өліктерді де тірілтеміз. (Бұдан) әрине, ғибрат аларсыңдар.

58. Құнарлы жердің өсімдігі Раббының әмірімен (бітік) шығады (бұл ықыласты мұсылманның мысалы). Құнарсыз жердің өсімдігі өте сирек

өнеді (бұл уағыз – насихатқа ықылассыз кәпірдің мысалы). Шүкір қылатын қауымға біз аяттарымызды осылайша ашалап баяндаймыз.

59. Анығында Нұхты өз еліне пайғамбар етіп жібердік. Ол: “Уа, Қауымым! Аллаға құлшылық етіңдер! Сендердің одан өзге құдайларың жоқ. Мен шынында сендердің ұлы күннің (қияметтің) азабына дұшар болуларыңнан қорқамын” деді.

60. Елінің басшылары: “Біз сені ашық адасуда деп білеміз” деді.

61. Нұх айтты: Уа, Жұртым! Әсте адасқаным жоқ, мен – күллі әлемнің Раббысынан жіберілген елшімін.

62. Сендерге Раббымның әмірін жеткіземін, уағыз-насихат айтамын. Сендер білмегенді Алладан (оның уахиларынан) білемін.

63. Сендерге насихат беру, (күпірліктен) сақтандыру және өзінің мархабатына бөлеу үшін, Раббыларыңның араларыңдағы бір адам арқылы сендерге насихат түсіргеніне таңырқайсыңдар ма?”.

64. Олар Нұхты мойындамады. Сондықтан, біз Нұхты және кемеде онымен бірге болғандарды құтқардық та, аяттарымызды өтірікке балағандарды түгелдей суға батырдық. Олар расында көзсіз қауым еді.

65. Ғад қауымына да өз туысынан Һұдты жібердік. (Һұд:) “Ей, Қауымым! Аллаға құлшылық қылыңдар! Сендердің одан өзге құдайларың жоқ, қорықпайсыңдар ма?” деді.

66. Оның еліндегі имансыз мәртебелілер: “Біз сені шынында ақымақ деп білеміз және сені өтірікші деп ойлаймыз” деді.

67. Һұд айтты: “Ей, қауымым! Мен ақымақ емеспін, бірақ, әлемнің Раббы жағынан жіберілген бір елшімін.

68. Сендерге Раббымның елшілігін жеткіземін, мен сендерге сенімді насихатшымын.

69. Сендерге ескерту үшін, Раббыларыңның уахиы өз іштеріңдегі бір адам арқылы келгендігіне таңғаласыңдар ма? Өз кезінде Нұх қауымы жойылғаннан кейін, Алла сендерге солардың орнына орынбасар екенін, дене бітімдеріңді басқадан артық жаратқанын естеріңе алыңдар. Алланың берген жақсылығын есте сақтаңдар, мүмкін (азаптан) құтыларсыңдар.

70. Олар: “Ата-бабамыздан тартып, табынып келген нәрсені (пұтты) тастатып, бізді жалғыз Аллаға құлшылық еткізбекке келдің бе? Егер айтқаның рас болса, бізге сес қылған азаптарыңды келтіріп көрші!” деді.

71. Һұд айтты: “Раббыларыңның жазасы мен кәрі сендерге сөзсіз келеді, сендер және ата-бабаларың әр-түрлі атап алған, Алла ешқандай дәлел түсірмеген пұттардың аттары жөнінен менімен таласпақсыңдар ма?

(Алладан келетін жазаны) күте тұрыңдар. Сендермен бірге менде күтушілерденмін”.

72. Біз Һұдты және онымен бірге болғандарды рахыметімізбен құтқардық. Аяттарымызды өтірік деп иман айтпағандардың тамырын кестік.

73. Самуд еліне де өз туыстары Салихты (пайғамбарлықпен) жібердік. Ол: “Уа, Қауымым! Аллаға құлшылық етіңдер! Сендердің одан өзге құдайларың жоқ. Сендерге Раббыларыңнан айқын мұғжиза келді. Алланың мына аруанасы сендерге мұғжиза болмақ. Оны Алланың жеріне қоя беріңдер, жайылсын, оған тиіспеңдер, сұмдық азап түптеріңе жетеді” деді.

74. Өз уақытында Алла сендерді Ғадтан кейін олардың орынбасары етіп, (Һижр) жеріне орналастырғанын естеріңе алыңдар. Ол жердің жазығына сарайлар салып, тауларына үңгіп үй жасадыңдар. Алланың нығметтерін еске алыңдар, жержүзінде бұзықтық істемеңдер.

75. Салихтың еліндегі тәкәппарланған шонжарлар елінің ішіндегі иман келтіргендерді қорлап: “Сендер Салихты Раббы тарапынан келген анық елші деп білесіңдер ме?” деді. Олар: “Біз оның пайғамбар екендігіне, әрине сенеміз” деді.

76. Әлгі өркөкірек шонжарлар: “Сендер сенгенге, біз әсте сенбейміз” деді.

77. Олар аруананы өлтірді де, Раббыларының әміріне қарсы келді, онымен қоймай, “Ей, Салих, пайғамбарлығың хақ болса, сес қылған жазаңды келтіріп көр!” деді олар.

78. Оларға зілзала келді де, барлығы үйлерінде еңбектеген күйі қатып қалды.

79. Сонда, оларға сырт беріп: “Уа, Жұртым! Ақиқатында Раббымның әмірін сендерге жеткіздім және насихат еттім. Бірақ, сендер насихат айтушыны құп көрмедіңдер” деді.

80. Лұтты (өз қауымы, Садұм еліне пайғамбар етіп жібердік), ол еліне былай деді: “Сендер осындай да пасықтық істейсіңдер ме? Дүние әлемінде бұрын ешқандай пенде мұндай пасық іс істемеген еді.

81. Сендер расында, әйел затына жуымай, еркекке шабасыңдар. Сендер анық шектен шыққан бір қауымсыңдар”.

82. Елінің айтар жауабы: “Оларды (Лұт пен оның жақтастарын) қаладан қуып шығыңдар. Өйткені, олар пәксінген жандар ғой” деуден басқа болмады.

83. Лұтты және оның отбасын құтқардық. Тек, оның әйелі ғана (қалада) қалып, жазаға ұшыраушылардан болды.

84. Оларға (тас) жаңбыр жаудырдық. Күнәкарлардың соңы не болғанын көрші!

85. Мәдиян елінен өз туысы Шұғайыпты (пайғамбар етіп) жібердік. Ол

Еліне айтты: “Уа, Жұртым! Аллаға құлшылық етіңдер! Сендердің Алладан өзге ешбір құдайларың жоқ. Сендерге Раббыларыңнан айқын мұғжиза келді. Өлшеуішті, таразыны дұрыс ұстаңдар. Адамдарға берілетін нәрсені кем өлшемеңдер. (Алла пайғамбар жіберіп) жержүзін түзеткеннен кейін, жер бетінде бұзықтық істемеңдер. Егер иман келтірген болсаңдар, сендерге сол қайырлы.

86. Сендер иман келтіргендерді қорқытып, Алланың жолынан тосамыз және қисық жолға саламыз деп жол үстінде отырмаңдар. Негізінде сендер аз едіңдер, Алланың қараларыңды молайтқанын еске алыңдар. Бұзақылардың ақыры не болғанын қараңдар!

87. Егер сендерден бір топ адам менің пайғамбарлығыма сеніп, енді бір тобы сенбесе, Алла біздің арамызға үкім шығарғанша сабыр ете тұрыңдар. Ол – үкім берушілердің қайырлысы”.

88. (Шұғайып) Елінің өркөкірек шонжарлары: “Ей, Шұғайып! Сені өзіңе ілескендермен бірге қаладан қуып шығарамыз, әйтпесе дінімізге қайта оралыңдар!” деді. Шұғайып айтты: “Біз қаламасақ та ма?

89. Алла бізді діндеріңнен құтқарғаннан кейін, оған қайта қайтсақ, әрине, Аллаға жала жапқан боламыз, тек Раббымыз Алла қаламаған екен, ол діндеріңе қайтпаймыз. Раббымыздың ілімі қамтымайтын нәрсе жоқ. Біз Аллаға ғана сүйенеміз. О, Раббымыз! Еліміз бен біздің арамыздағы іске әділ төрелігіңді айт! Төрешінің сарасы өзіңсің”.

90. Оның елінің имансыз шонжарлары: “Шұғайыпқа ілессеңдер, зиян тартушы болатындарың даусыз” деді.

91. Оларға жер сілкіну апаты жүрді де, әп-сәтте үйлерінде тізерлеген қалпы қатып қалды.

92. Шұғайыпты мойындамағандар (зауал тауып) бұл мекенде жасамаған күйге түсті. Шұғайыпты мойындамағандар анық сорлады.

93. Шұғайып оларға сырт беріп: “Уа, Жұртым, сендерге расында Раббымның нұсқауларын жеткізіп, насихат айттым. Ал енді қарсы келген қауымға несіне қайғырайын?!” деді.

94. Тағы қандай бір қалаға елші жіберсек те (олар оны мойындамаса), (Аллаға) жалбарынсын деп, оларды жоқшылыққа, күйзеліске дұшар қылдық.

95. Одан соң, сол жамандықты жақсылыққа ауыстырдық, сонымен олар молықты да: “Біздің ата-бабаларымыздың басына тапшылық та, жақсылық та келген екен (мынау – заманның қыры, Алланың ісі емес)” десті. Сондықтан оларды тұтқиылдан зауал тапқыздық.

96. Егер ол қалалардың халқы иман келтіріп, сақтанған болса, әрине, оларды жер мен көктің молшылығына батырар едік. Бірақ олар пайғамбарды мойындамады. Сондықтан оларды өз қылықтарының себебінен қырымызға алдық.

97. (Пайғамбарды мойындамаған) қалалардың халқы азабымыздың түнгі ұйқыдағы кездерінде келуінен қауіптенбей ме?

98. Сол қала халықтары біздің азабымыздың сәскеде және өздері ойын-сауықта жүргенде, аяқ асты келуінен алаңдамай ма?

99. Олар Алланың айлаамалынан қауіптенбей ме? Тек сорлайтын қауым ғана Алланың айлаамалынан қобалжымайды.

100. Жалпақ жердің бұрынғы иелерінен кейін оған мұрагер болғандардың, егер қаласақ, күнәларына қарай сазайын тартқызатындығымыз, көңілкөкейін бітеп тастайтындығымыз өздеріне аян болмады ма? Сондықтан олар (тура сөзді) естімейді.

101. (Ей, Мұхаммед!) Сол қалалардың қайсыларын саған баяндаймыз. Анығында пайғамбарлары оларға ашық дәлелдер әкелген еді. Сонда да, олар бұрын мойындамаған нәрселеріне сенбеді. Міне, осылай Алла кәпірлердің жүректерін мөрлейді.

102. Олардың көбінің уәдеге опа қылғанын көрмедік, қайта олардың көбінің опасыз екенін байқадық.

103. Одан кейін Перғауынға және оның елінің шонжарларына Мұсаны мұғжизаларымызбен жібердік. Олар бұл мұғжизаны мойындамады. Бұзақылардың түбінде не болғандығына қарашы!

104. Мұса айтты: “Ей, Перғауын! Мен шынында бұл әлемнің Раббысы жіберген пайғамбармын.

105. Алланың атынан шындықты ғана айтуға құқылымын. Расында Раббыларыңнан бір дәлел әкелдім, Исрайыл ұрпақтарын босатып менімен бірге қоя беріңдер”.

106. Перғауын (Мұсаға): “Мұғжиза әкелгенің рас, айтқаның шын болса, кәне, оны көрсетші!” деді.

107. Мұса асатаяғын (жерге) лақтырып еді, ол аяқ астынан айдаһарға айнала қалды.

108. Қолын (қолтығының астынан) шығарып еді, қараған адамдарға (нұр шашып) аппақ болып көрінді.

109. Перғауын елінің шонжарлары: “Бұл асқан шебер сиқыршы екен.

110. Бұл сендерді мекендеріңнен (Мысыр жерінен) қумақшы. Қандай ақылкеңес бересіңдер?” деді.

111. Олар: “Мұсамен оның ағасының ісін соза тұрып, қалаларға (сиқыршыларды жиюға) шапқыншы жібер.

112. Асқан сиқыршыларды саған жиып әкелсін!” деді.

113. Сиқыршылар Перғауынға келіп: “Егер жеңсең, бізге сыйлық берілетін шығар?” деді.

114. Перғауын: “Әрине, (беріледі), оның үстіне өзімнің жақын адамдарым боласыңдар” деді.

115. Олар (сиқыршылар): “Ей, Мұса! (таяқты) алдымен сен лақтырасың ба, әлде біз лақтырамыз ба?” деді.

116. “Сендер лақтырыңдар!” деді Мұса. Олар (таяқтарын, жіптерін) лақтырып, адамдардың көзін сиқырлады және (лақтырғаны жыланға айналып) қатты шошытты. Олар үлкен сиқыр көрсетті.

117. “Таяғыңды лақтыр!” деп уахи түсірдік Мұсаға. (Мұса асатаяғын лақтырып еді) сол сәтте таяқ (айдаһарға айналып) олардың елеске айналғандарын (алып жыландарын) жұта бастады.

118. Ақиқат әйгіленіп, олардың істеткен сиқыры түкке де тұрмады.

119. Осы арада олар (перғауын тобы) ұтылды да, масқара болып қайтты.

120. Сиқыршылар сәждеге жығылып, тағызым етті.

121. Олар айтты: “Барша әлемнің Раббына иландық.

122. Мұса мен Һарұнның Раббына!” деп.

123. Перғауын айтты: “Мен рұқсат етпей тұрып, оған иман келтірдіңдер. Бұл тегі, сендердің қала (Мысыр) халқын осы орайда құдаламаққа істеген қулықтарың. Енді (қалай жазаланатындықтарыңды) жақында білесіңдер.

124. Қол-аяқтарыңды (оң қол мен сол аяқты) шадырлай кестіріп, одан соң бәріңді дарға астырамын”.

125. (Сиқыршылар) айтты: “(Өлтірсең) Раббымыздың алдына қайтып барамыз.

126. Сен бізді тек Раббымыздың түсірген аяттарына сенгендігіміз үшін жазықты етіп тұрсың. Иә, Раббымыз! Бізге сабыр-шыдам бере гөр әрі мұсылман қалпымызда жанымызды алғайсың!”

127. Перғауын жамағаттарының шонжарлары: “Мұса мен оның елінің жер жүзінде бұзақылық істеулеріне сені және сенің құдайларыңды тәрк етуіне жол бергенің бе?” деді. (Перғауын:) “Олардың әйелдерін қалдырып, ұлдарын түгел қырамыз. Біз олардың үстінен өктемдік жүргіземіз” деді.

128. Мұса еліне: “Алладан медет тілейік, төзімділік көрсетейік, жалпақ жер Алланікі екені даусыз. Алла пенделерінен өзі қалағанын оған мұрагер етеді. Соңғы табыс тақуалардікі” деді.

129. “Сен бізге келуден бұрын да, келгеннен кейін де жәбір көрмедің” деді (Мұсаның елі). Мұса: “Раббыларың дұшпандарыңды жойып, олардың орнына сендерді қоюы, бірақ сендердің нендей іс-әрекет істейтіндеріңе қарауы мүмкін” деді.

130. Біз анығында ғибрат алсын деп Перғауын жұртын қуаңшылықпен және жеміс өнімдерін азайту арқылы сынадық.

131. Олар бірер жақсылық келсе, “Біз осылай болуға құқылымыз” дейді. Егер бастарына бірер жамандық келсе, Мұсаның және онымен бірге болғандардың кесірінен деп ырымдайды. Рас, оларға келген сұм тағдыр Алла тарапынан, бірақ олардың көбі мұны ұқпайды.

132. Олар (Перғауын мен оның елі): “Бізді сиқырлау үшін қандай керемет көрсетсең де, саған сенбейміз” деді.

133. Сондықтан, оларға мұғжиза түрінде топан су, шегіртке, бит, бақа, қан (секілді апаттарды) жібердік. Сөйтсе де, олар тәкәппарланды, күнәлі қауым болды.

134. Бастарына пәле үймелегенде олар: “Ей, Мұса! Раббыңның саған берген уәдесі бойынша, оған біз үшін бір дұға қылып, бізден азабын айықтырсаң, дау жоқ саған сенеміз де, Исрайыл ұрпақтарын сенімен бірге қоя береміз” деді.

135. Олардың бастарына келген пәлені бірауық айықтырған кезімізде, олар уәдесіне опасыздық жасады.

136. Аяттарымызды өтірікке шығарып, қаперіне алмағандықтары үшін, оларды теңізге батырып жазаладық.

137. Жәбір көрген елді (Бәни Исрайылды) біз құт қондырған (Шам) жерінің шығыс-батыс жақтарына мұрагер еттік. Исрайыл ұрпақтары сабыр сақтағандықтары үшін, Раббының оларға қылған абзал уәдесі толық іске асты. Перғауын мен оның елі салған және жасағандарын (ғимараттар мен бау-бақшаларды) ойрандадық.

138. Исрайыл ұрпақтарын теңізден (құлзымнан) өткіздік. Олар пұт-бұрхандарға табынатын бір қауымға келді де: “Ей, Мұса, бізге де аналардың құдайлары сияқты бір құдай жасап бер!” деді. “Сендер – деді (Мұса), – анық надан қауым екенсіңдер.

139. Бұлардың табынғандары (діндері) сөзсіз құриды, олардың істеген істері жоққа тән”.

140. “Алла сендерді әлемде (өзгеден) артық жаратса да, сендерге Алладан өзге құдай іздеймін бе?” деді Мұса.

141. Өз кезінде сендерді Перғауын қауымынан құтқардық, олар сендерге қатты азап тартқызушы еді, ұлдарыңды қырып, әйелдеріңді (қорлап) алып қалушы еді, міне, осыларда сендерге Раббыларың тарапынан зор сынақ бар.

142. Мұсаға (маған мінажат қылуы үшін) отыз түнді уәде еттік, оған және он түн қостық. Сонымен, Раббың уәделі уақыты қырық түн болды. Мұса туысы Һарұнға: “Менің орныма елімді басқар, (оларды) түзет, бұзықтардың жолымен жүрме!” деді.

143. Мұса уәделі уақытында келіп, Раббы оған тіл қатқанда: “Раббым, маған өзіңді көрсет! Әбден көріп алайын” деді. (Алла) “Мені көре алмайсың, бірақ, анау тауға қара. Егер тау орнында қозғалмай тұра алса, мені көре

аласың” деді. Раббы тауға сәуле түсірді де, оны тасталқан етіп тегістеп жіберді. Мұса талып қалды. Ол есін жиып: “(Раббым) Сен пәксің, саған тәубе қылдым әрі мен – (құдіретіңе) сенушілердің алғашқысымын!” деді.

144. (Алла) айтты: “Ей, Мұса! Мен сені адамдар арасынан пайғамбарлыққа және менімен сөйлесуге таңдадым. Саған нәсіп еткенді (пайғамбарлықты) қабылда, шүкірлік етушілерден бол!”

145. Мұса үшін (Тәурат) тақталарына уағыз-насихат, үкімдердің барлығын ашалап жаздық: “Оны (Тәуратты) мықты ұста, еліңді ондағы ең тамаша нұсқауларды атқаруға бұйыр! Саған пасықтардың (Перғауын мен оның тобырының ойрандалған) жұртын көрсетеді.

146. Жержүзінде хақсыздықпен тәкәппарланғандарды аяттарымнан алыстатамын. Олар барлық мұғжи-заларды көрсе де, оған сенбейді. Олар дұрыс жолды көрсе де, онымен жүрмейді. Ал, азғындық жолын көрсе, соған түсе қалады. Осының өзі де олардың біздің аяттарымызды өтірікке балап, одан ғапыл қалғандығынан.

147. Аяттарымызды және ақырет күнінде қауышуды өтірікке жорығандардың істеген еңбектері еш кетеді де, оларға тек қылмысына қарай жаза беріледі.

148. Мұса кеткеннен кейін (Аллаға мінажат ету үшін Тур тауына кеткенде) қауымы зейнет бұйымдарынан бұзауша мөңірейтін бір бұзау мүсінін жасады. Олар сол бұзаудың өздерімен тіл қатыса алмайтындығын, өздеріне дұрыс жол меңзей де алмайтынын көрмей ме? Олар оны кие тұтты да, залым болды.

149. Өздерің (бұзауға табынып) шын адасқандығын біліп, өкінгенде барып: “Раббымыз өзі бізді кешіріп ескермесе, қасіретке қалғанымыз қалған!” деді олар.

150. Мұса еліне ашу-ыза, кейіспен келді де: “Мен жоқта (бұзауға табынып) өте жаман іс қылдыңдар! Раббыларыңның әмірін күте тұрмай асығып кеттіңдер ме?” деді. (Тәурат) тақталарын лақтырып туысы (Һарұнның) шашынан алып өзіне қарай жұлқа тартты. (Һарұн) айтты: “Ей, Бауырым! Бұл ел мені басынып, өлтіре жаздады. Мені дұшпанның табасына қалдырма әрі залым қауыммен бір санама!”.

151. Мұса: “О, Раббым, мені және туысымды (Һарұнды) кешіре гөр! Бізді рақыметіңе ала гөр! Рахым қылушының ең рахымдысы өзіңсің” деді.

152. Шынында, бұзауға шоқынғандар Раббының қаһарына ұшырап, бұл дүниеде қорлықта қалады. (Аллаға) жала жапқандарды сөйтіп жазалаймыз.

153. Жамандық істегендер артынан тәубе қылып, иман келтірсе, содан кейін де Раббың, әрине кешіреді, есіркейді.

154. Мұса ашуы басылғаннан кейін (Тәурат) тақталарын қолына алды. Онда Раббынан қорыққандарға дұрыс жол және рақым бар деп жазылған еді.

155. Мұса біз белгіленген уақытта алып бару үшін қауымынан жетпіс адам таңдады. Оларға жер сілкінуі келе бергенде Мұса айтты: “Раббым, егер өзің қаласаң, оларды да, мені де әлдеқашан-ақ жер жастандырар едің. Арамыздағы ақымақтардың қылған қылығына бола бізге зауал келтіремісің. Бұл тек сенің сынағаның болар, осы арқылы қалаған пенденді аздырасың, қалаған пенденді оң жолға беттетесің. Біздің иеміз – өзіңсің, бізді жарылқағайсың, есіркегейсің! Жарылқаушының ең абзалы – өзіңсің!

156. Бізге бұл дүниеде және ақыретте жақсылық жазғайсың! Біз шынында өзіңе тәубе қылдық”. (Алла) айтты: “Азабыммен қалаған адамымды азаптаймын. Рахметім (бұл дүниеде) барша затқа ортақ. Рахметімді (күпірліктен, күнәдан) сақтанғандарға, зекет бергендерге, аяттарымызға сенгендерге жазамын”.

157. Олар жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыятын, таза нәрселерді адал, лас нәрселерді арам ететін, ауыр жүктен жеңілдетіп, бұғаудан босататын, қолдарындағы Інжіл мен Тәуратта жазылған, Үмми пайғамбарға (Мұхаммедке) сеніп ілескендер, оған құрмет етіп, жәрдем бергендер, сондай-ақ, оған түсірілген нұрға (Құранға) ілескендер, міне, солар – (қиямет азабынан) құтылатындар.

158. (Ей, Мұхаммед!) Былай деп айт: “ Ей, Адамдар! Мен – сендердің барлығыңа Алланың жіберген елшісімін. Жер мен көктің патшалығы Алланікі. Одан өзге ешбір құдай жоқ. Ол тірілте де, өлтіре де алады. Сондықтан Аллаға сеніңдер және Алланың сөзіне сенетін, оның үмми пайғамбар елшісіне сеніңдер! Тура жол табуларың үшін оған ілесіңдер!”

159. Мұсаның қауымы (Исрайыл қауымы) ішінде де тура жолға бастайтын, ақиқат пен әділ үкім айтатын бір жамағат бар.

160. Оларды он екі бұтақ руға бөлдік. Қауымы Мұсадан су сұрағанда, біз: “Аса таяғыңмен тасты ұр!” деп уахи еттік. (Мұса тасты ұрып еді) тастан он екі бұлақ атқылап шықты да, әр ру өз суаттарын біліп алды. Оларға бұлтты сая тұттық, құдірет халуасы мен бөденені түсірдік. “Біз нәсіп еткен тамаша ризықтан жеңдер!” дедік (оларға). (Нәтижесінде осы берген жақсылыққа қарсы болғанымен) олар бізге кесір тигізе алған жоқ, қайта өздеріне өздері кесір тигізді.

161. Сол кезде оларға (Бәни Исрайылдың ата-бабаларына:) “Сендер бұл қалада (Байтулмуқаддаста) тұрыңдар, ондағы қалаған нәрселерден қалағандарынша жеңдер. Қаланың қақпасынан кіргенде сәждеге бас қойып: “Иә, Алла, күнәмізді кешіре гөр!” деп кіріңдер! (Сонда) күнәларыңды кешіреміз, жақсылық іс істегендерге (сауапты) артық береміз” дедік.

162. Олардың іштеріндегі залымдар өздеріне айтылған сөздің (Алланың әмірінің) өңін айналдырды. Залымдық істегендіктері үшін, оларға көктен азап жібердік.

163. Олардан (Құлзым) жағасындағы қаланың (айланың) ахуалын сұра. Олар (балық аулау шектелген) сенбі күні су бетіне шығып, олардың алдына келетін де, сенбіден басқа күні келмеуші еді. Пасық болғандықтан оларды сөйтіп сынаймыз.

164. Олардан бір топ адам: “Алла жоятын немесе ауыр жазалайтын қауымға қалайша насихат айтасың?” деді. Олар (уағыз айтушылар): Раббыларың мәзірет қылу үшін және олардың сақтануы үшін (солай істедік)” деді.

165. Олар айтылған уағыз-насихатты ұмытқан кезде, жамандықтан тыюшыларды құтқардық, жолдан тайғандықтары үшін залымдарды қатты азаппен жазаладық.

166. Шектеген нәрселерден тыйылмай астамсығандықтан, оларға: “Жаман қор маймылға айналыңдар!” дедік (олар сол заматта маймылға айналды).

167. (Ей, Мұхаммед!) Өз кезінде Раббың оларға (Яһудилерге) қияметке дейін оларды қатты азаппен азаптайтын адамдарды сөзсіз жіберіп тұратындығын хабарлады. Раббыңның (бас тартқандарды) жазалауы шынында тез. Ол – өте кешірімшіл, ерекше мейірімді.

168. Оларды (Яһудилерді) жержүзінде бірнеше топқа бөлді. Олардың салиқалысы да бар, жамандары да бар. Райынан қайтар деп, оларды жақсылықпен де, жамандықпен де сынап көрдік.

169. Олардан кейін нашар әулеттер кітапқа (Тәуратқа) мұрагерлік етті. Олар мына төмен дүниенің малын алады және (адал-арамына қарамай) “Бізді Алла кешіреді” дейді. Олар тағы сондай дүниелікке кезіксе тағы да ала береді. Аллаға тек қана ақиқатты айтулары хақында кітапта олардан уәде алынбап па еді? Олар ондағы нәрселерді оқымады ма? Тақуалар үшін ақырет жұрты қайырлы. Мұны түсінбейсіңдер ме?

170. Кітапты берік ұстап, намаз оқығандар (жақсылыққа жолығады), біз жақсы іс істегендердің сауабын зая кетірмейміз.

171. Бір кезде тауды олардың үстіне көлеңке секілді төндіріп қойдық. Олар оны үстімізге түсетін болды деп ойлады. Біз оларға айттық: “Өздеріңе берілген кітапты (Тәуратты) мықты ұстаңдар, ондағы нәрселерді түсініңдер, сонда тақуалардан боласыңдар”.

172. Раббыларың Адам балаларының белінен олардың нәсілдерін шығарды және оларды өздеріне куә қылып: “Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?” дегенде, олар: “Әрине, жаратушымызсың, біз куәміз” деді. (Оларды мойындатуымыз) қиямет күні: “Біз мұны ұқпаппыз” деп айтпас үшін.

173. Немесе: “Біздің ата-бабаларымыз серік қосқан екен, біз тек солардың

ұрпағы болып қалыппыз. Бұзықтардың қылығына бола бізді құртасың ба?” деп айтпас үшін.

174. Біз оларды бетінен қайтсын деп аяттарымызды осылайша тармақтап баяндаймыз.

175. (Ей, Мұхаммед!) Оларға (Яһудилерге) мына бір адамның хабарын оқып бер: Біз оған аяттарымызды бердік, ол одан бас тартты, содан оған шәйтан жанасты да, ол азғындардан болды.

176. Егер қаласақ, аяттарымыз арқылы оның дәрежесін көтерер едік. Әйтсе де, ол дүниеге беріліп, өз нәпсісінің құлы болды. Оның сиқы құдды итке ұқсайды, тіпті зекіп қусаң да, қумасаң да тілін салақтатады. Міне, бұл аяттарымызды өтірікке жорығандардың мысалы. Осы әңгімені оларға айтып бер, бәлкім ойланар.

177. Аяттарымызды өтірікке жорып, өздерін кесірге жолықтырған қауымның мысалы неткен жаман!

178. Алла кімді оңдаса, оның оң жол табушы, Алла кімді қаңғыртса, оның зиян шегуші болғаны.

179. Анығында жын мен адамзаттың бірсыпырасын тозақ үшін жараттық. Олар жүрегі бар, бірақ, онымен түйсінбейтіндер, көзі бар, бірақ, онымен көрмейтіндер, құлағы бар, бірақ, онымен естімейтіндер. Олар тап хайуан сияқы, тіпті хайуаннан да бетер адасқандар. Әне солар – арманда қалғандар.

180. Есімдердің ең әсемі Аллаға мәнсүп. Ендеше, оны сол есімдерімен атаңдар. Алланың есімдерін өзінше бейберекет қолданатындарды елемеңдер. Олар қылықтарының көресісін көреді.

181. Біз жаратқан адамдар ішінде хақ жолға бастайтын, ақиқатта берік тұратын бір үмбет бар.

182. Аяттарымызды өтірікке санағандарды білдіртпей біртіндеп зауалға жақындатамыз.

183. Оларға мұрсат беремін, өйткені, менің айла-амалым шынында мықты.

184. Олар өздерінің жолдасы (Мұхаммедтің) жынды еместігін түсінбей ме? Расында, ол – ашық ескертуші.

185. Олар жер мен көктің патшалығы және Алланың жаратқан мақұлықтары турасында, өз ажалдарының таяу болуының мүмкіндігі турасында ойлап көрмей ме? Олар енді бұдан өзге нендей сөзге сенеді?

186. Алла қаңғыртқан адамды ешкім де оңдай алмайды. (Алла) оларды азғындықтарында мәңгіртіп қоя береді.

187. (Ей, Мұхаммед!) Олар сенен қияметтің қашан болатындығын сұрайды. (Сен оларға:) “Оның қашан болатынын Раббымның өзі ғана біледі, (ол оны қалаған кезінде болғызады). Қиямет – жер мен көкке (ондағы махлұқатқа) ауыр уақиға. Ол сендерге қапыда келеді” де. Олар сенен

сұрайды, сен оны анық білетіндей. “Оны тек Алла біледі, бірақ, адамдардың көбі білмейді” де.

188. “Алланың қалауынсыз өзіме пайда да, зиян да келтіретін күшке ие емеспін. Егер де ғайыпты болжай алар болсам, пайдаға шаш-етектен батып қалар едім де, пәле-жаладан қалыс болар едім. Мен тек иман келтірген қауымды ескертуші әрі қуандырушы ғанамын” деп айт.

189. Ол (Алла) сендерді бір жаннан (Адам атадан) жаратты. Оның құштар болуы үшін жұбайын (Хауа ананы) өз тегінен жаратты. Ол әйеліне жуыққаннан кейін, әйелі (Хауа) жеңіл ғана жүкті болды. Сонымен күндер өтіп, (іші) ауырлағанда, ол екеуі Раббылары Аллаға: “Егер бізге салиқалы (перзент) нәсіп етсең әлбетте, шүкірлік қылар едік” деп тілек-дұға қылды.

190. Алла оларға салиқалы (перзент) беріп еді, олардың ұрпақтары Аллаға серік қосты (пұттарға табынды). Алла олардың қосқан серіктерінен мүлде пәк.

191. Өздері жаратылған бола тұра, ешнәрсені жарата алмайтындарды да Аллаға серік қосады ма?

192. (Ол нәрселер) өзгеге де, өздеріне де септігін тигізе алмайды.

193. Оларды (пұт-бұрхандарды) тура жолға шақырсаңдар, олар сендерге ілеспейді. Оларды шақырсаңдар да немесе үндемей тұрсаңдар да, сендерге бәрібір жауап қата білмейді.

194. Алладан басқа табынғандарыңыз – өздерің сияқты құлдар. Сөздерің рас болса, оларға дұға қылып көріңдерші, дұғаларыңды қабыл қылар ма екен?!

195. Олардың жүретін аяғы бар ма? Ұстайтын қолы бар ма? Көретін көзі бар ма? Еститін құлағы бар ма? (Ей, Мұхаммед! Күффарларға) айт: “Аллаға қосқан серіктеріңді шақырыңдар, одан соң, маған көз аштырмай, тұзақ құрып көріңдер.

196. Расында, кітапты (Құранды) ием Алла түсірді және ол ізгілерді қорғайды.

197. Сендердің Алланы қайырып қойып табынған пұт-бұрхандарың өздеріне қол ұшын да бере алмайды, өзіне де септігін тигізе алмайды”.

198. Оларды туралыққа шақырсаңдар, олар естімейді, саған қарап тұрған сияқты көрінгенімен, бірақ олар көрмейді.

199. Кешірім жолын ұстан, жақсылықты әмір ет және надандардан аулақ бол!

200. Сені шайтан түртер (азғырар) болса, онда Аллаға сиын! Алла расында бәрінде естіп, біліп тұрушы.

201. Тақуалар өздерін шәйтан төніректегенде (Алланы) еске алады да, ақиқатқа көз жеткізіп, қырағылық істейді.

202. Шайтандар (дінсіз) туыстарын қыр соңынан қалмай азғыра береді, одан еш жалықпайды да.

203. (Ей, Мұхаммед!) Оларға мұғжиза келтірмеген кезінде, олар: “Оны неге жаратпайсың?” дейді. (Оларға:) “Мен тек қана Раббымның маған жіберген уахиі бойынша істеймін (өздігімнен мұғжиза жарата алмаймын). Иман келтірген қауымға Раббыларың жағынан жіберілген дәлелдер, міне, мына Құран. Бұл олар үшін тура жол әрі рахмет” деп айт.

204. Алланың рахметіне бөлену үшін, Құран оқылғанда құлақ қойып, үнсіз тыңдаңдар.

205. Раббыңды жалбарынған, именген күйде іштей ойға ал, ертелі кеш бәсең дауыспен зікір айт! Ықылассыздардан болма!

206. Анығында Алланың қасындағылар (періштелер) оған төменшілікпен құлшылық етуден бас тартпайды. Олар Аллаға тәспих айтады, тағзым етеді.

8. ӘНФӘЛ (ОЛЖА) СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 75 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. (Ей, Мұхаммед!) Олар (сахабаларың) сенен олжа хақында сұрайды. (Оларға): “Олжа-ғаниметтер – Аллаға және пайғамбарға тән. Расында мүмин болсаңдар, Алладан қорқыңдар, араларыңды түзелтіңдер. Аллаға және оның расулына бойсұныңдар” де.

2. Алла еске алынған кезде, іштей қобалжитын, Алланың аяттары оқылғанда сенімдері артып, Раббыларына тәуекел ететін адамдар, міне, осылар – мүминдер.

3. Олар намазды толық өтейді, өздеріне берген ризықтарымыздан (жоқ-жітікке) садақа береді.

4. Әне, солар – нағыз мүминдер. Раббыларының қасында оларға арналған мәртебе, жарылқау, асыл ризықтар бар.

5. (Соғыс олжасын бөлу туралы үкімді бағзы біреулердің жақтырмағаны сияқты) Раббың сені үйіңнен хақ іске (соғысқа) шығарғанда, шынында мүминдердің бір бөлегі мұны жақтырмады.

6. Олар бейне көпе-көрнеу өлімге айдап апара жатқандай-ақ, ақиқат айқындалғаннан кейін де (соғысқа шығу мәселесі хақында) сенімен сөз таластырды.

7. Сол кезде Алла екі топтың (яғни, мүшриктер керуені мен мүшриктер қосынының) біреуінің қолдарына түсірілуіне уәде етті. Сендер қарусыз топтың (керуеннің) қолдарына түсуін тіледіңдер. Алла өз сөзі арқылы

ақиқатты (Ислам дінін) ақиқатқа шығаруды, кәпірлерді түбегейлі құртуды қалайды.

8. Күнәкарлар жақтырмаса да, Алла ақиқатты растайды, бұзықтықты жояды.

9. Кезінде Раббыларыңнан медет тіледіңдер. Алла: “Сендерді арт-артынан мың періште жіберіп медет беремін” деп тілектеріңді қабылдады.

10. Алла көңілдерің орнығып, қуансын деп осылай істеді. Медет тек қана Алладан. Алла шынында ерекше үстем, хикмет иесі.

11. Кезінде Алла сендердің сенімді болуларын үшін ұйқыға жеңдірді. (Жуынып) тазалануларың үшін, сендерден шайтанның салған шүбәларын кетіру үшін, көңілдеріңнің тоқ, табандарыңның нық тұруы үшін, аспаннан жаңбыр жаудырып тұрды.

12. Сол кезде Раббың періштелерге: “Мен сендермен біргемін, иман еткендерді (соғыс майданында) нығайтыңдар. Кәпірлердің жүректеріне қорқыныш саламын, кәпірлерді желкелерінің үстіне ұрыңдар, олардың барлық саусақтарын шабыңдар” деп уахи берді.

13. Бұл олардың Аллаға және оның расулына қарсылық қылғандығынан. Кімде-кім Аллаға және оның расулына қарсылық етсе, Алла оны қатты жазалайды.

14. (Ей, Кәпірлер тобы! бұл дүниеде) осылайша жаза тартыңдар, кәпірлер (ақыретте де) тозақ азабына дұшар болады.

15. Ей, Мүминдер! Кәпірлермен соғысқан кезде оларға арқаларыңды бермеңдер.

16. Кімде-кім сол соғыс күні ұрыс шебін өзгерту немесе басқа өз тобына қосылу мақсатында болмай, жауға арқасын берсе, ол Алланың қаһарына ұшырайды, барар орны тозақ болады. Ол неткен жаман орын десеңші!

17. (Ей, Мұсылмандар! Бәдір соғысында) Оларды сендер өлтірмедіңдер, қайта (сендерге медет беріп) Алла өлтірді. (Ей, Мұхаммед! Бір уыс топырақты кәпірлерге) атқанда сен атпадың, іс жүзінде Алла атты. Бұл (Алланың осылай істеуі) мүминдерге жақсы сынақ (олжа) беру үшін еді, Алла шынында барлығын естіп, біліп тұрады.

18. (Алланың мұсылмандарға берген шын сыйы) міне, осы. Алла кәпірлердің тұзағын сөзсіз сәтсіздікке ұшыратады.

19. (Ей, Мүшриктер! Сендер жеңіс тілеп едіңдер, жеңіс сендерге келді (яғни, зияндарыңа келді). Егер де (күпірліктен, дұшпандасудан) тыйылсаңдар, өздерің үшін жақсы. Егер олармен тағы да соғыссаңдар, оларға тағы да көмек береміз. Қосындарың қанша көп болғанымен де, өздеріңе еш себі тимейді. Расында Алла мүминдермен бірге.

20. Ей, Мүминдер, Аллаға, оның расулына бойсұныңдар! Құранды ести тұра одан бет бұрмаңдар!

21. Естімей тұрып, “Естідік” дейтіндердің кебін кимеңдер!

22. Өйткені саңырау, мылқау сондай түсінбейтіңдер Алланың қасында, адамдардың ең жаманы.

23. Егер Алла оларда жақсылық бар деп білсе ғой, оларды еститін етер еді. Ал егер, ести алатын етсе де, олар бәрібір сырт айналып, дұрыстықтан жалтарады.

24. Ей, Мүминдер! Өздеріңе тіршілік беретін иманға шақырғанда, Алла мен пайғамбардың тіліне кіріңдер. Алланың, адамның өзі мен көңілінің арасына дейін кіре алатынын біліңдер. Алланың алдына жиналатындықтарың даусыз.

25. Залым болғандардың өз басымен ғана тынбайтын кесір - кесепатынан сақтаныңдар, Алланың берер азабы тым қатты екенін біліп қойыңдар.

26. Естеріңде болсын, бір кезде сендер жер бетінде аз болып қалған едіңдер, өзгелердің басынып, талауға салуынан қорқушы едіңдер. Шүкірлік етсін деп, сендерді (Мәдинеге) ірге тептірді, сендерді жәрдемімен күшейтті, сендерге тамаша ризықтарды нәсіп етті.

27. Ей, Мүминдер! Аллаға, пайғамбарға опасыздық істемеңдер, өздеріңе тапсырылған аманатқа біле тұрып қиянат қылмаңдар.

28. Мал-мүліктерің, бала-шағаларың (сендер үшін) бір сынақ екенін біліңдер. Алланың алдында үлкен сауап бар.

29. Ей, Мүминдер! Алладан қорықсаңдар, сендерге жақсы мен жаманды айыратын қуат береді, күнәларыңды кешіреді, сендерді жарылқайды. Алла – ұлы қамқоршы.

30. (Ей, Мұхаммед!) Бір кезде кәпірлер сені қамауға алу немесе өлтіру не (Меккеден) қуып жіберудің шарасын істеп бақты. Олар айла істетсе, Алла да (қарсы) айла қолданады. Алла айла істетуге ең шебер.

31. Оларға аяттырымыз оқылғанда, олар: “Біз әлдеқашан естіп болғанбыз, қаласақ мұндай сөздерді біз де айта аламыз, бұл бұрынғылардан қалған аңыз” деді.

32. Сол кезде олар тағы да: “Ей, Алла! Бұл (Құран) сенің қасыңнан келген ақиқат болса, кәне басымызға аспаннан тас жаудыршы немесе бізге сұмдық азабыңды жіберші!” деді.

33. (Ей, Мұхаммед!) Сен олардың арасында тұрғанда, Алла оларды азаптамайды. Олар кешірім тілесе, Алла оларды азапқа салмайды.

34. Олар (басқаларды) Мәсжид Әл-Харамға кіргізбей тұрса, Алла оларды неге азаптамасын?! Мәсжид Әл-Харамның иелері олар емес, тақуалар (діндарлар). Бірақ (мұны) олардың көбі білмейді.

35. Олардың Байтулланың қасындағы құлшылығы тек ысқыру, шапалақ

соғу ғана болды. (Ей, Кәпірлер!) Кәпір болғандықтарың үшін сазайларыңды тартыңдар!

36. Кәпірлер мал-мүлкін адамдарды Алланың ақ жолынан тосу үшін сарп қылады, сарп қылғаннан кейін, онысы өздеріне қасірет-күйік әкеледі, соңында, олар жеңіліске ұшырайды. Кәпірлер сөзсіз тозаққа айдалады.

37. Міне, бұл ласты тазадан айыру үшін, лас нәрселер үсті-үстіне үйіп топталғаннан кейін тозаққа тасталады. Әне, солар – зиян шегетіндер.

38. (Ей, Мұхаммед!) Сондай кәпірлерге айт: Олар егер де (күпірліктен, пайғамбар мен дұшпандардан) қайтса, бұрынғы күнәлары кешіріледі, егер бетінен қайтпаса, онда бұрынғыларға ұстаған жолым жол (бұрынғы пайғамбарларға дұшпан болған қауымның аяғын құштырамын).

39. Қастық жойылып, дін бүкілдей Алланікі болғанға дейін, олармен (күффарлармен) соғысыңдар! Егер олар бетінен қайтса, Алла олардың істеген ісін шынында да көреді.

40. Егер олар (иманға) бет бұрса, онда (ей, мұсылмандар) Алланың сендерге жар болатынын біліп қойыңдар. Алла неткен абзал ие, неткен абзал жәрдемші десеңші!

41. (Ей, Мүминдер!) Егер Аллаға сенсеңдер және екі топ (Аллаға сенгендер мен сенбегендер тобы) ұштасып, дұрыс пен бұрыс айырылған күні пендемізге (Мұхаммедке) түсірген аяттарымызға иман келтірсеңдер, дау жоқ, сендер алған ғаниметтің бестен бірі Аллаға, сондай-ақ пайғамбардың жақындарына, жетімдерге, жоқ-жітіктерге, мүсәпірлерге тән екендігін біліп қойыңдар. Алланың барлық нәрсеге құдіреті жетеді.

42. Ол кезде сендер ойпаттың (Мәдинеде) бергі жағында едіңдер. Олар (жау жақ) ойпаттың арғы жағында болатын. (Құрайыштың) керуені сендердің төменгі жақтарында еді. (Мүшриктермен ұшырасуды) уәделескен болсаңдар да, сендер уәделі уақытта кездесе алмас едіңдер. Бірақ Алла болуға тиісті істі жүзеге асыру үшін осылай істеді (сендерді Бәдір соғысында уәдесіз ұшырастырды), бұл зауал табатындардың айқын дәлелді көрген соң, зауал табуы, өмір сүретіндердің айқын дәлелді көрген соң, өмір сүруі үшін еді. Алла бәрін естіп, біліп тұрады.

43. (Ей, Мұхаммед!) Сол кезде Алла түсіңде, оларды (дұшпанды) аз көрсетті. Егер оларды көбейтіп көрсеткен болса, сендерге қорқыныш түсер еді де, соғыс істерінде, әрине, алауыздық туылатын еді. Бірақ Алла одан сақтады. Алла шынында көңілдегіні біліп тұрады.

44. Дұшпанмен беттескен кездеріңде, Алла болуға тиісті істі жүзеге асыру үшін, оларды көздеріңе аз көрсетті, әрі сендерді де олардың көздеріне аз көрсетті. Барлық іс Алланың үкімімен болады.

45. Ей, Мүминдер! Жау тобымен қарсыласқанда табандылық істеңдер, жеңіске жетеміз

46. Аллаға және оның расулына бойсұныңдар, керіспеңдер. Әйтпесе

үрейде қаласыңдар, күш-қуаттарың кетеді. Сабырлы болыңдар. Анығында Алла солармен бірге.

47. Мекенжайларынан жуансып, елге көз қылып (соғысқа) шыққандарға (Құрайыш мүшриктеріне), Алланың жолынан тосатындарға ұқсамаңдар. Алла олардың іс-әрекетін толық біледі.

48. Сол сәтте шайтан олардың қылықтарын ұнамды етіп көрсетіп: “Бүгінгі күнде сендерді ешқандай адам жеңе алмайды, мен сендердің қолдаушыларыңмын деген еді. Екі қосын айқасқан кезде шайтан шегініп шыға берді де: “Мен сендерден бездім, сендер көре алмағанды мен көре аламын, мен Алладан қорқамын, Алланың көрсетер азабы қатты” деді.

49. Сол кезде екіжүзділер мен жүректерінде дерті барлар: “Бұларды (мұсылмандарды) өздерінің діні алдады (өз дінімен көпсініп, қалың қолға қарсы соғысты)” деді. Кімде-кім Аллаға сүйенсе (Алла оған жар болады), Алла расында жеңімпаз, хикмет иесі.

50. (Бәдір соғысында) періштелер кәпірлердің беттеріне, жондарына соғып: “Тозақтың от азабын тартыңдар!” деп олардың жандарын алып жатқанын көрсең.

51. Бұл сендердің жасаған істеріннің көрсетілген көрінісі. Алла шынында пенделеріне әділетсіздік істемейді.

52. (Кәпірлердің қылығы) Перғауын қауымы мен олардан бұрынғылардың қылығына ұқсайды. Олар Алланың аяттарына қарсы болды, күнәлары үшін Алла оларды қырына алды. Шынында да, Алланың құдіреті күшті, жазасы қатты.

53. Ондай болуының (оларға азап жіберуінің) себебі, Алла бір қауымға берген жақсылық-нығметін, олардың өздері өзгертпейінше өзгертпейді. Алла толық естуші, аса білгір.

54. (Олардың қылығы) Перғауын қауымының және олардан бұрынғылардың қылығына ұқсайды. Олар Раббының аяттарын өтірікке жорыған болатын. Оларды күнәсіне бола ойрандадық, Перғауын қауымын суға батырып жібердік. Олардың барлығы кесірлер еді.

55. Алланың назарында мақұлықтың ең жаманы – кәпірлер, олар иман келтірмейді.

56. (Ей, Мұхаммед!) Сен олардың арасында мәлім адамдармен (мүшриктерге көмектеспеу үшін) бітім жасассаң, олар әрқашан бітімді бұзады, Алладан қорықпайды.

57. Егер соғыста олармен кездессең, артындағы адамдар ғибрат алуы үшін оларды қуала.

58. Егер бір қауымның опасыздық жасау қаупі бар екенін сезсең, оларға (тұтқиыл шабуыл жасамай-ақ, бітім шартын) өздеріне тастай қой. Алла шынында қиянат жасағандарды сүймейді.

59. (Бәдір соғысында тірі қалған) кәпірлер құтылып кеттік деп ойламасын, расында олар бізді әлсіз ете алмайды.

60. Дұшпандармен соғысу үшін қолдарыңнан келгенше қару-жарақ, міниС ат дайындаңдар. Онымен Алланың дұшпандарын және өз дұшпандарыңды, олардан басқа да дұшпандарды қорқытасыңдар, оларды сендер танымайсыңдар, Алла таниды. Сендердің Алла жолында жұмсаған нәрселерің өздеріңе толық төленеді. Сендерге әділетсіздік істелмейді.

61. Егер олар (жау жақ) бейбітшілікке бейімделсе, (Ей, Мұхаммед!) оған сен де бейімдел. Аллаға сүйен! Бәрін естіп, біліп тұрушы – Алла.

62. Егер олар (бітіммен) сені алдамақшы болса, Алла саған (көмек беруге) кәміл жетеді. Алла сені жәрдемімен және Мүминдермен қолдайды.

63. Ол Мұсылмандардың жүректерін қосты. Сен жер жүзіндегі барлық байлықты сарп қылсаң да, олардың жүректерін қоса алмас едің, бірақ Алла (құдіретімен) олардың араларын қосты. Өйткені Алла - (бәрінен) үстем, хикмет иесі.

64. Ей, Пайғамбар! Алла саған да, саған ілескен Мүминдерге де (көмек беруге) кәміл жетеді.

65. Ей, Пайғамбар, Мүминдерді соғысқа шабыттандыр! Егер сендерде жиырма табанды кісі болса, екі жүз жауды жеңіп кетеді. Егер сендерде жүз табанды кісі болса, кәпірлерден мыңды жеңіп кетеді. Себебі, ол кәпірлер Алланың хикметін түсінбейтін қауым.

66. Алла енді сендердің жүктеріңді жеңілдетті, шынында сендерде әлсіздік барын білді. Араларыңда жүз табанды кісі болса, екі жүз кісіні жеңіп кетеді. Егер сендерде мың табанды кісі болса, Алланың рұқсатымен екі мыңды жеңеді. Алла табандылармен бірге.

67. Жержүзінде дұшпанды көбірек жоймай тұрып, тұтқын ұстау ешбір пайғамбарға лайық емес. (Ей, Мұсылмандар, сендер төлем алып) дүние пайдасын көздейсіңдер. Алла сендерге ақыретті тілейді. Алла – аса үстем, хикмет иесі.

68. Алланың (ашық тыйым салынбаған істі істегендерді жазаламау деген) бұрынғы үкімі болмаған болса, (тұтқындардан) бодау алғандарың үшін ауыр жазаға дұшар болатын едіңдер.

69. Олжа ретінде алған халал, таза нәрселерді жеңдер және Алладан абай болыңдар. Расында Алла өте кешірімшіл, өте мейірімді.

70. Ей, Пайғамбар! Қолдарыңдағы тұтқындарға айт: “Егер Алла көңілдеріңде бір қайыр бар екенін білсе, сендерге өздеріңнен алынғаннан да жақсырақ нәрсені сыйлайды, сендерді әрі жарылқайды. Алла аса жарылқаушы, өте мейірбан”.

71. (Ей, Мұхаммед!) Егер олар саған қиянат етуді қаласа, расында олар

бұрын Аллаға да қиянат істеген болатын. Алла сендерге мүмкіндік берді. Алла – толық білуші, хикмет иесі.

72. Шынында, иман келтірген және (пайғамбарға ілесіп) мекенінен ауғандар, Алла жолында мал-жандарын атап соғысқандар және босқындарға баспана беріп көмек еткендер – міне, солар бірі – бірінің досы. Ал иман келтірген, бірақ (Меккеден Мәдинеге) көше алмағандар болса, олармен сендердің араларында олар көшіп келгенге дейін ағайындық болмайды. Егер де олар дін жағында сендерден көмек тілесе, оларға қол ұшын берулерің керек. Бірақ, олар сендермен бітім жасасқан елде болса, оның жөні басқа. Алла - істеген істеріңді толық көріп тұрушы.

73. Кәпірлер де бір-біріне дос, егер бұл үкімді атқармасаңдар, жержүзінде қастық әрі үлкен бүлік шығады.

74. Иман келтіріп, (Мәдинеге) ауғандар, Алла жолында соғысқандар, ауғандарға орын беріп, көмек көрсеткендер (яғни, Ансарлар) - міне, бұлар нағыз мүминдер. Оларға жарылқау және асыл ризықтар бар.

75. Кейінірек иман келтіріп, (Мәдинеге) көшкендер және сендермен бірге соғысқандар өздеріңмен бірдей саналады. Алланың кітабында туысқандар бір-біріне (мұрагер болуға) ең абзал. Анығында Алла бәрін біліп тұрады .

9. ТӘУБЕ СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 129 аят

1. Бұл Алла мен оның елшісінің сендермен келісім жасасқан, мүшриктерге қаратқан жарлығы (келісімді күшінен жою жарлығы).

2. (Ей, Мүшриктер!) Жержүзінде төрт ай кезіңдер. Сендер Аллаға (оның азабына) төтеп бере алмайтындықтарыңды, Алланың кәпірлерді қорлайтынын біліп қойыңдар.

3. (Бұл) Алла мен оның елшісі мүшриктерден аулақ болады деп ұлы хаж күні пенделерге қарата, Алла мен оның елшісі шығарған жарлық. Егер тәубе қылсаңдар, өздерің үшін жақсы. Егер бас тартсаңдар, Аллаға төтеп бере алмайтындықтарыңды біліңдер. Кәпірлерді күйзелтуші азаппен сүйіншіле!

4. Бірақ, мүшриктерден сендермен келісім жасасқандар келісімге қайшылық істемесе, сендерге қарсы ешкімге көмек бермесе, олармен жасаған келісімді уақыты жеткенше қорғаңдар. Расында, Алла тақуаларды ұнатады.

5. (Соғыс) тыйым салынған айлар өтіп кеткен соң, мүшриктерді қай жерде жолықтырсаңдар да өлтіріңдер, ұстаңдар, қамаңдар, олардың барлық жолын кесіңдер. Егер олар тәубе қылса, намаз оқып, зекет берсе, оларды өз жолына қоя беріңдер. Шынында, Алла – жарылқаушы, ерекше мейірімді.

6. Егер мүшриктерден біреу сенен пана тілесе, ол Алланың сөзін тыңдағанға дейін оған пана бер, одан соң (ол иман келтірмесе), оны бейбіт орынға жеткізіп қой. Бұл – олардың түк ұқпайтын қауым болғандығынан.

7. Алланың және оның елшісінің алдында мүшриктер үшін келісім қалай болмақ? Бірақ Мәсжид Әл-Харам қасында сендермен келісім жасасқан мүшриктер дұрыс әрекет етсе, әлбетте сендер де оларға дұрыс болыңдар. Алла расында, күнәдан сақтанушыларды ұнатады.

8. Олар уәдеге қайтып опа қылады? Егер олар үстемдікке ие болса, сендер жөнінде туысқандыққа да, келісімге де қарамайды. Олар сендерді тіл ұшында разы қылады, көңілдерінде ұнатпайды. Олардың көбі – бұзақылар.

9. Олар Алланың аяттарын арзан бағаға сатты, (адамдарды) Алланың жолынан тосты. Олардың қылықтары неткен жаман!

10. Олар Мүминдер жөнінде туыстықты да, бітімді де қорғамайды. Әне, солар – шектен шыққандар.

11. Егер олар тәубе қылса, намаз оқыса, зекет берсе, онда олардың сендермен дін бауырлас болғаны. Білетін қауымға аяттарымызды ашық тармақтап баяндаймыз.

12. Егер олар уәде бергеннен кейін ант бұзып, діндеріңе тіл тигізсе, кәпірлердің басшыларына қарата соғыс ашыңдар. Олардың анттары жоқ. Бәлкім олар (сол кезде күпірліктен) тыйылар.

13. (Ей, Мұсылмандар!) Берген антын бұзған, пайғамбарды (Меккеден) шығаруды ұйғарған, сендерге әуелі өздері соғыс ашқан қауымға неге соғыс ашпайсыңдар? Олардан қорқасыңдар ма? Егер мүмин болсаңдар, одан гөрі Алладан қорқуға тиіссіңдер.

14. Олармен соғысыңдар, Алла оларды сендердің қолдарыңмен жазалайды, оларды қор қылады, оларға қарсы сендерге медет береді. Мұсылман қауымның көңіліне жұбаныш береді.

15. Әрі олардың жүректеріндегі ашу-ызаны басады. Алла кімді қаласа, соның тәубесін қабыл етеді. Алла – барлығын білуші, хикмет иесі.

16. Сендер араларыңдағы соғысқа қатынасқандарды және Алла мен оның пайғамбарларынан және мұсылмандардан басқаны дос тұтпағандарды, Алла анықтап білмей тұрып қоя береді деп ойлайсыңдар ма? Алла істеген істеріңді толық біліп тұрады.

17. Мүшриктердің өздерінің күпірлігін мойындай тұрып, Алланың

мешіттерін жөндеуіне болмайды, өйткені, олардың еңбектері зая кеткен, олар тозақта мәңгі қалады.

18. Алланың мешіттерін шынымен Аллаға және ақырет үйіне сенген, намазды толық өтеген, зекет берген, тек қана Алладан қорыққан адамдар ғана ұстайды. Міне, солардың тура жол табушылардан болуы үміт етіледі.

19. Сендер қажыға барғандарды сумен қамдағандарды, Мәсжид Әл-Харамды жөндегендерді Аллаға және ақырет күніне сеніп, Алла жолында соғыс қылған адамдармен бірдей көресіңдер ме? Алланың ойынша бұлар тең емес. Алла залым қауымды тура жолға салмайды.

20. Иман келтіріп, (пайғамбармен бірге Мәдинеге) көшіп, мал-жанын салып Алла жолында соғысқандар Алланың қасында жоғары дәреже алады, міне, солар – жеңіске жететіндер.

21. Раббылары оларды өзінің рахымы, ризалығы және жәннаттарымен сүйіндіреді. Олар жәннатта мәңгі дәулетке ие болады.

22. Олар жәннатта мәңгі жасайды, шынында, Алланың қасында оларға үлкен сауап бар.

23. Ей, Мүминдер! Әкелерің, туғандарың иманнан күпірлікті жақсы көрсе, оларды дос көрмеңдер. Сендерден кімде-кім оларды дос тұтса, олардың залым болғаны.

24. (Ей, Мұхаммед!) “Егер әкелерің, балаларың, аға-інілерің, әйелдерің, туысқандарың, жиған мал-мүліктерің, опат бола ма деп қорыққан саудаларың, өздеріңе жаққан үй-жайларың сендерге Алладан, пайғамбардан, Алла жолында соғысудан артық көрінсе, онда сендер Алланың әмірі (Мекке азат болатын жағдай) келгенше күтіңдер. Алла бұзық қауымды тура жолға салмайды” деп айт.

25. Алла сендерге көптеген соғыс майдандарында және Хүнәйн (соғысы) қаүні, расында медет берді. Сол уақытта сендер сандарыңның көптігіне масаттанып кеттіңдер, сандарыңның көптігі түк те сеп болмады, сендерге кең жер тар сезілді, содан соң (жеңіліп, пайғамбарды аз ағана адаммен тастап) артқа қаштыңдар.

26. Одан соң Алла елшісіне және мүминдерге сабыр берді. Сендерге көмекке өздерің көрмеген қол (періштелер қосынын) жіберіп, кәпірлерді жазалады, кәпірлердің жазасы-міне, осы.

27. Содан кейін, Алла қалаған адамына тәубені (Ислам дініне кірудің сәтін) нәсіп етеді. Алла – аса жарылқаушы, ерекше мейірімді.

28. Ей, иман келтіргендер! Мүшриктер (имансыз болғандықтан) арам, биылдан (hижраның тоғызыншы жылынан) кейін олар Мәсжид Әл-Харамға жоламасын (қажылық жасамасын). Егер сендер кедейліктен қорықсаңдар, Алла қаласа, өз қамқорлығымен сендерді ауқаттандырады. Анығында, Алла – толық білуші, хикмет иесі.

29. Сендер кітап иелерінен Аллаға, ақырет күніне сенбегендер, Алла мен оның елшісі арам еткен нәрселерді арам деп білмегендер, хақ дінді (Ислам дінін) дін етіп ұстамағандар сендерге кішірейіп, бойсұнып, өз қолымен жизя (салық) төлегенге дейін олармен соғысыңдар.

30. Яһудилер: “Ғұзайыр – Алланың ұлы” деді, Насаралар да: “Иса – Алланың ұлы” деді. Бұл – олардың бұрынғы кәпірлердің (“Періштелер Алланың қыздары” дегені сияқты) сөздеріне еліктеп ауыздарымен айтқаны. Оларға Алланың қарғысы тисін! Олар Алланың сөзін қалайша бұрмалайды.

31. Олар (Яһудилер мен Насаралар) өздерінің ғұламалары мен машайыхтарын және Мәриямұлы Исаны құдай деп таныды. Олар бір ғана жаратушыға құлшылық етуге бұйырылған еді. Бір Алладан өзге ешбір құдай жоқ, Алла олардың қосқан серіктерінен пәк.

32. Олар Алланың нұрын (Ислам дінін) ауыздарымен өшіруді қалайды. Алла оларға разы емес. Кәпірлер жек көрсе де, Алла өз нұрын кемелдендірмей қоймайды.

33. Алла хақ дінді барлық діндерден үстем болсын деп өзінің пайғамбарын (Мұхаммедті) туралықпен, хақ дінімен жіберді, мүшриктер жек көрсе де.

34. Ей, Мүминдер! (Яһудилер мен Насаралардың) діни ғұлама, сопыларының көбі елдің малын арамдықпен жейді, адамдарды Алланың жолынан тосады. Сол сияқты алтын-күмісті жиып қойып, Алла жолында сарп қылмайтындарға күйзелтуші азап бар екенін хабарлап қой.

35. Қиямет күнінде (сол алтын-күмістер) тозақ отына қыздырылып, онымен олардың маңдайлары, жамбастары, арқалары таңбаланады да: “Мынау сендердің нәпсілерің үшін жиғандарың, енді сол жиғандарыңның дәмін татыңдар!” делінеді.

36. Анығында Алла жер мен көкті жаратқан күннен, айлардың саны Алланың қасындағы кітапта (Лаухұлмахфузда) он екі. Оның төртеуі (Зұлқағда, Зұлхижжа, Мұхаррам, Ережеп) құрметті айлар (яғни, соғысқа тыйым салынған айлар). Бұл – тура дін. Бұл айларда (шектен шығып) өздеріне залал салмаңдар. Мүшриктердің түгел жиылып сендермен соғысқаны сияқты, сендер де жиылып олармен соғысыңдар. Анығында Алланың тақуалармен бірге екенін біліп алыңдар.

37. Айды кейін шегеру (соғысқа тыйым салынған айды басқа айға ауыстырып, 12 айды 13 айға өзгерту) – күпірліктің асқынғандығы. Мұнымен кәпірлер жолдан шығады. Олар Алла харам еткен айлардың санын толтыру үшін, оны бір жыл халал қылса, екінші жылы арам қылады. Сонымен олар Алланың арам еткен айын адал етіп алады. Оларға өздерінің жаман істері абзал етіп көрсетілді, Алла кәпірлер қауымын тура жолға салмайды.

38. Ей, Мүминдер! Сендерге не болды? Алла жолында соғысқа шығыңдар делінсе, мекендеріңнен айрылғыларың келмеді. Ақыреттен гөрі дүние тіршілігін құптадыңдар ма? Дүние тіршілігінің игіліктері ақыреттің бақытына қарағанда, түкке тұрғысыз.

39. Егер соғысқа шықпасаңдар, Алла сендерді қатты азапқа жолықтырады да, орындарыңа басқа бір қауымды келтіреді, ал сендер Аллаға титей де зиян-зақым келтіре алмайсыңдар. Алланың әр нәрсеге құдіреті жетеді.

40. Егер сендер пайғамбарға көмек көрсетпесеңдер (Алла өзі көмектеседі). Өз уақытында кәпірлер оны (Мұхаммедті) Меккеден шығарған кезде үңгірдегі екінің бірі болып Алла оған көмектескен еді. Сол уақытта ол (пайғамбар) жолдасына (Хазірет Әбу Бәкірге): “Қайғырма! Алла расында бізбен бірге” деген еді, сонда Алла оны орнықтырды, оған сендерге көрінбес қолмен (періштелермен) медет берді. Сөйтіп, кәпірлердің сөзін құнсыздандырды. Алланың сөзі ең жоғары. Алла – (бәрінен) үстем хикмет иесі.

41. (Ей, Мүминдер!) Жеңіл жағдайда да, ауыр жағдайда да Алла жолында мал-жандарыңмен күреске шығыңдар. Білсеңдер сендерге осы қайырлы.

42. Егер оңай олжа, қолайлы сапар болса, олар әрине, саған ілесер еді, бірақ, бұл сапар оларға алыс көрінді, олар: “Егер шығуға шамамыз келсе, әрине, сендермен бірге шығар едік” деп Алланың атымен ант ішеді. Сонымен, өздеріне өздері зиян таптырады. Әлбетте, олардың өтірікшілер екенін Алла біледі.

43. (Ей, Мұхаммед!) Алла сені кешірді. Шын айтқандар мен өтірік айтқандар айқындалмай тұрып оларға (үйде қалуға) неге рұқсат бермедің?

44. Аллаға, ақырет күніне сенетіндер малын да, жанын да аямай соғысқа қатынасудан (қалып қоюға) рұқсат сұрамайды. Алла тақуаларды жақсы біледі.

45. Тек Аллаға, ақырет күніне сенбейтіндер, көңілінде күдік-күмәні бар, күдігімен екі ойлы болып жүретіндер ғана сылтауратып рұқсат сұрайды. 46. Егер олар соғысқа шығуды қаласа, қалай да дайындық жасар еді ғой. Бірақ, Алла олардың шығуын жақтырмады, олардың жолын кесті. Оларға: “Үйде қалғандармен бірге омалып отырыңдар!” делінді.

47. Олар сендермен бірге шықса да, араларыңа іріткі салып, сұрқиялықты өршітер еді және сендерге зымияндық істеуді қарастырар еді, өйткені, олардың іштеріңде тыңшылары да бар. Алла залымдарды жақсы біледі.

48. Бұрын да (Ұхұд соғысында) олар араға іріткі салып, айла-шарғы істеуді ойластырған еді. Ақыры олар жек көрсе де, ақиқат келіп, Алланың діні үстем болды.

49. Олардың арасында: “Маған рұқсат ет! Мені пәлеге ұрындыра көрме!” дейтіндер бар. Анығында, олар (мұнафықтық) пәлеге ұшырады. Кәпірлерді сөзсіз тозақ оты орап тұрады.

50. (Ей, Мұхаммед!) Егер сен бір жақсылыққа жетсең, олар қиналыста қалады, ал саған бір сәтсіздік жолықса, олар: “Біз істің алдын алған екенбіз” деп қуанысып қайтады.

51. (Ей, Мұхаммед!) “Бізге тек Алланың жазғаны ғана келеді. Алла біздің иеміз. Мүминдер Аллаға тәуекел етсін!” де.

52. Оларға айт: “Сендер бізге екі жақсылықтың (жеңіске жету не шәһит болудың) бірі келуін күтесіңдер ме? Бізде Алланың сендерге өз қасынан азап жіберуін немесе біздің қолымыз арқылы жазалауын күтеміз. Ендеше сендер де күтіңдер, біз де сендермен бірге күтейік”.

53. “Сендер малдарыңды мейлі пейілді, мейлі пейілсіз садақа қылсаңдар да, бәрібір қабыл етілмейді. Өйткені сендер бұзақы ел болдыңдар” деп айт оларға.

54. Олардың нәпақаларының (жақсылыққа арнап жумсағандарының) қабыл болмайтын себебі: олар Аллаға және Алланың пайғамбарларына қарсы болды, намаз оқымайды, жалқау (оқыса да пейілсіз оқиды), садақа бермейді, құлықсыз (берсе де ренжіп береді).

55. (Ей, Мұхаммед!) Олардың мал-мүлкі, бала-шағалары сені таңырқатпасын. Алла оларды бұл дүниеде сол нәрселерімен азаптауды және олардың (имансыз) кәпір қалпында жан тапсыруын қалайды.

56. Олар: “Біз нақ сендерденбіз” (өздерің сияқты Аллаға сенгендерденбіз) деп Алланың атымен ант етеді, олар тегінде сендерден емес, олар қорқақ қауым.

57. Егер олар қорған не үңгір, яки, кірерге бір тесік тапса, соған қарай жүгіріп, бастарын сұғар еді.

58. (Ей, Мұхаммед!) Олардың кейбіреуі садақа жөнінде сені кінәлайды. Садақадан оларға берілсе, разы болады да, берілмесе ызаланады.

59. Егер олар Алланың және оның елшісінің бергеніне разы болса, “Алла бізге жеткілікті, Алла мен оның расулы бізге жақсылығынан тағы да береді, біз шынында, Аллаға жалыныштымыз” десе, жақсы болар еді.

60. Зекет-садақалар қолы қысқа пақырларға, жоқ-жітік міскіндерге, зекет жиюшыларға, көңілдерін исламға жуықтату көзделген адамдарға, құлдарды азат ету борышы барларға, Алланың жолына және жолда қалғандарға беріледі. Бұл – Алла белгілеген парыз. Алла – әр нәрсені білуші, хикмет иесі.

61. Олардың кейбіреуі: “Ол – (не болса соны тыңдайтын) бір құлақ” деп пайғамбарды ренжітеді. (Ей, Мұхаммед!) оларға: “Ол – сендер үшін бір қайырлы құлақ. Аллаға иман келтіреді, мұсылмандардың сөзіне сенеді,

ол – сендердің араларыңдағы иман келтіргендер үшін (Алла жіберген) бір рахымет” де. Алланың елшісін ренжіткендерге сұмдық азап бар.

62. Олар сендерді разы қылу үшін Алланың атымен ант етеді. Ал олар шынайы мұсылман болса, Алла мен оның елшісін разы қылулары керек еді.

63. Біреу Аллаға және оның елшісіне қарсылық қылса, оның тозаққа түсіп, онда мәңгі қалатынын олар білмей ме? Қорлықтың үлкені – әне, сол.

64. Екіжүзділер өздеріне қатысты өз көңілдеріндегіні (мұнафықтығын) жария ететін бір сүренің түсуінен қорқады. (Ей, Мұхаммед! Оларға:) “Сендер (дінді) мазақтай беріңдер, расында Алла тартынған нәрселеріңді сөзсіз шығарады” деп айт.

65. Егер олардан (мазақ қылғанын) сұрасаң: “Біз қалжыңдап ойнап айтқан едік” дейді. Оларға: “Алланы, оның аяттарын және елшісін мазақ етіп ойнайсыңдар ма?” де.

66. Сылтауратпаңдар! Сендер иман келтіргеннен кейін қарсы болдыңдар. Сендерден бір топты кешірсек те, енді бір топты күнәкар болғандығы (мұнафықтығын қоймағандығы) үшін жазалаймыз.

67. Мұнафық ерлер мен мұнафық әйелдер бір-бірімен ұқсас, олар жамандыққа бұйырады, жақсылықтан тосады, олар қолдарын жұмып алады (сараңдық істеп, садақа бермейді). Олар Алланы ұмытты, сондықтан, Алла да оларды ұмытты. Мұнафықтар - расында, бұзықтар.

68. Мұнафық ерлер мен мұнафық әйелдерге және кәпірлерге Алла тозақты уәде қылды. Олар тозақта мәңгі қалады, тозақ оларға татиды. Алла оларға қарғыс айтты, оларға (аяқталмайтын) мәңгілік азап бар.

69. (Ей, Мұнафықтар!) Сендер өздеріңнен бұрынғыларға ұқсайсыңдар. Олар сендерден күшті еді, олардың мал-мүлкі, бала-шағалары да көп еді. Олар дүниеде өз несібелерін пайдаланған еді, солар сияқты сендер де несібелеріңді пайдаланыңдар. Олар бұзықтыққа қандай салынған болса, сендер де бұзықтыққа сондай салындыңдар. Әне, солардың жақсылық істері дүниеде, ақыретте күшін жойды. Зиян тартқандар – міне, осылар.

70. Оларға өздерінен бұрынғы Нұх, Ғад, Самуд қауымдарының, Ибраһим қауымының, Мәдиян тұрғындарының және ойрандалған қыстақтардың (Лұт пайғамбар елінің) хабарлары келмеді ме? Оларға пайғамбарлары ашық дәлелдер келтірген еді. Алла оларға зұлымдық қылмады, олар тек өздеріне зұлымдық істеді.

71. Мүмин ерлер мен мүмин әйелдер олар біріне-бірі дос. Олар (адамдарды) жақсылыққа үгіттеп, жамандықтан тыяды, намаздарын толық өтейді, зекет береді, Аллаға және оның елшісіне бойсұнады, әне, соларды Алла есіркейді. Шынында Алла – аса үстем, хикмет иесі.

72. Алла мүмин ер, мүмин әйелдерге іргесінен бұлақтар ағып жататын

жәннаттарды (сыйлайтынын) уәде етті, олар онда мәңгі тұрады. Ұдайы тұрақ ететін осы жәннаттарда оларға тамаша орындар және Алланың аса зор ризалығы бар. Зор бақыт – міне, осы!

73. Уа, Пайғамбар! Кәпірлермен, мұнафықтармен соғыс, оларға қатал бол, олардың орны – тозақ. (Олардың) барар орны қандай жаман?!

74. Олар (мұнафықтар) ештеңе айтпадық деп Алланың атымен ант етеді, олар, расында күпірлік сөздер айтты, Ислам дінін қабылдағаннан кейін (қайта) кәпір болды, олар болмас іске бас қатырды (пайғамбарға қастық жасамақ болды). Олар Алла мен оның Расулының өз мархабатымен байытып – қойғандығынан (пайғамбарға) қастық ойлап отыр. Олар тәубе етсе, өздеріне жақсы болар еді, егер олар (иманнан) бет бұрса, Алла оларды дүниеде де, ақыретте де қатты (азаппен) жазалайды, оларға бірде-бір дос та, жәрдемші де табылмайды .

75. Олардың кейбірі: “Егер Алла бізге өз кеңшілігінен ризық берсе, әрине, садақа беріп, игі адамдардан болар едік”, - деп Аллаға уәде берді.

76. Алла оларға өз кеңшілігінен (байлық) нәсіп еткен кезде, олар бұған сараңдық жасап, уәделерінен тайды.

77. Олар Аллаға берген уәдесінде тұрмай, өтірік айтқандықтары үшін, Алла өзіне жолығатын күнге (қияметке) дейін олардың жүректеріне мұнафықтықты ұялатып қойды.

78. Алла олардың ішкі сырларын, сыбыр-күбірлерін біліп тұратындығын білмей ме? Анығында, Алла барлық көмескілерді (жасырын) біліп тұрады.

79. Мұсылмандардың жомарттықпен садақа бергенін айыптап, шамасына қарай садақа бергенін мазақ қылғандарды Алла мазаққа ұшыратады. Оларға азапты қинау бар.

80. (Ей, Мұхаммед!) Мұнафықтар үшін кешірім тілесең де, кешірім тілемесең де, тіпті олар үшін жетпіс қайтара кешірім тілесең де, Алла әсте оларды кешірмейді, өйткені, олар Аллаға, оның елшісіне қарсы шықты, Алла (ондай) бұзық қауымды дұрыс жолға салмайды.

81. (Тәбүкте) соғысқа бармай қалғандар Алланың елшісіне қарсы болып (үйлерінде) отырғандарына мәз болысты. Олар Алла жолында мал-жанын атап соғысуды жақтырмады. “Ыстықта соғысқа шықпаңдар” - десті олар (бір-біріне). (Ей, Мұхаммед!) Егер олар білсе, “ тозақ оты бұдан да ыстық” - де.

82. Олар қылмыстарының жазасына аз күліп, көп жыласын!

83. Егер Алла сені (соғыстан аман қайтарып, Тәбүктен Мәдинедегі соғысқа бармай қалған) адамдар тобына апарса, олар (ендігі соғысқа) шығуға сенен рұқсат сұраса: “Әсте менімен бірге (соғысқа) шықпайсыңдар, менімен бірге дұшпанмен соғыспайсыңдар, өйткені алдыңғы (соғыстан

қалып қоюға) риза болғансыңдар, әлі де қалғандармен бірге отыра беріңдер” - деп айт.

84. Сен олардан өлгеннің бірде біріне жаназа оқыма, қабірінің басында да тұрма. Өйткені олар Аллаға және оның пайғамбарына қарсы шықты, олар бұзық қалпында өлді.

85. Олардың мал-жаны сені қызықтырмасын. Алла оларды (бұл) дүниеде сол (мал-жаны) арқылы жазалауды, сондай-ақ, олардың кәпір күйінде өлуін қалайды.

86. “Аллаға сеніңдер, Алланың Расулымен бірге соғысқа қатысыңдар” - деген бір сүре түсірілсе, олардың ауқаттылары (соғыстан қалуға) сенен рұқсат сұрап: “Бізді қойыңыз, анау (үзірлі) қалғандармен бірге болайық” - дері хақ.

87. Олар (үйде) қалғандармен бірге болуды құп көрді, олардың жүректері мөрленген, сондықтан олар түсінбейді.

88. Бірақ пайғамбар және онымен бірге иман келтіргендер мал-жандарын атап соғысты, (екі дүниенің) жақсылықтары солардікі. Әне, солар – мұратына жететіндер.

89. Алла сендерге іргесінен бұлақтар ағып жататын жәннаттарды дайындады, олар онда мәңгі қалады. Ең зор бақыт, әне, сол.

90. Бәдауилерден сылтау айтушылар рұқсат сұрай келді, Аллаға және оның пайғамбарына өтірік айтқандар отырып қала берді. Олардан кәпір болғандарға күйзелтуші азап бар.

91. Егер Аллаға және оның елшісіне ықыласты болса, әлжуаздарға, ауруларға, қаражат таба алмағандарға (соғысқа шықпаса) кінә жоқ. Жақсылық істеушілерді айыптауға жол жоқ. Алла – кешірімшіл, аса мейірімді.

92. (Соғысқа бару үшін) сенен көлік сұрай келгенде: “Сендерге мінгізетін көлігім жоқ” - дедің. Олар да жұмсарлық нәрсе таба алмағандығынан, көз жастарын төгіп, қамыға (үйлеріне) қайтты, міне бұларда айып жоқ.

93. Өздері бай бола тұрып, (үйлерінде) қалып қойғандар, (кәрілермен, әйелдермен, балалармен) бірге қалғысы келіп, сенен рұқсат сұрағандар айыпталуы тиіс. Олардың жүректерін Алла бітеген, сондықтан (Алланың әмірін) түсінуге өресі жетпейді.

94. (Тәбүк соғысынан) олардың жанына қайтып барсаңдар, олар сендерге сылтау айтады. (Ей, Мұхаммед!) “Сылтауратпаңдар, сендерге әсте сенбейміз, Алла сендердің ахуалдарыңды (көңілдеріңдегі екі жүзділікті) бізге хабарлады, Алла және оның Расулы істеріңді сөзсіз көріп тұрады, сонан соң, көмескі, көрнеуді білуші Алланың алдына қайтарыласыңдар, сонда істеген істеріңді өздеріне айтып береді” де.

95. Олардың жанына қайтып оралсаңдар, өздерін айыптамауларың үшін,

олар Алланың атымен ант ішеді. Олардан аулақ болыңдар, олар анық нәжіс, қылмыстарының жазасы үшін олардың барар орны – тозақ.

96. Сендерді, өздерін разы қылу үшін олар ант ішеді, сендер оларға разы болсаңдар да, Алла бұзық қауымнан разы болмайды.

97. Бадауилердің күпірлігі және екі жүзділігі тым күшті, сондай-ақ олар Алланың өз елшісіне түсірген шариғат жолдарын білмеуге ең лайық жандар. Алла – толық білуші, аса дана.

98. Бадауилердің кейбірі салыққа (Алла жолына) атаған нәрсесін есептейді және сендердің сәтсіздікке ұшырауларыңды күтеді. Олардың өздері пәлеге ұшырайды! Алла – бәрін естуші, бәрін білуші.

99. Бадауилердің кейбірі Аллаға, ақырет күніне сенеді, (Алла жолына) берген нәрсесін Аллаға жақын болу, пайғамбардың дұғасын алу деп санайды. Шынында да сол бергендері арқылы Аллаға жақын болады, Алла оларды рахметіне бөлейді. Алла расында аса жарылқаушы, өте мейірімді.

100. Мұһажирлерден, Ансарлардан алғаш иман келтіргендерге, жақсылық істеумен оларға ілескендерге Алла разы болды, әрі олар да Аллаға разы болды, Алла оларға іргесінен тамаша бұлақтар ағып жатқан жәннаттарды әзірледі, олар онда мәңгі қалады. Әне сол – зор бақыт.

101. Маңайларыңдағы көшпенділерде екі жүзді мұнафықтар бар, сондай-ақ, Мәдинеліктерде де екі жүзділікте қасарысып тұрғандар бар. Сендер оларды білмейсіңдер, біз оларды білеміз. Біз оларды екі рет азаптаймыз. Онан соң, олар (тозақтағы) зор азапқа айдалады.

102. Және адамдардың бір бөлігі күнәларын мойындады. Бірақ олар салихалы істі бұзық іспен араластырды. Алла олардың тәубесін бәлкім қабыл етер. Алла расында жарылқағыш, аса мейірімді.

103. (Ей, Мұхаммед!) Олардың малынан садақа ал да, онымен оларды тазартып, молықтыр, оларға дұға қыл. Өйткені, сенің дұғаң олар үшін бір жұбаныш. Алла – бәрін естуші де білуші.

104. Олар пендесінің дұғасын қабыл етіп, садақаларын алатын тек қана Алла екенін білмей ме? Шынында, Алла – тәубені қабылдағыш, ерекше мейірімді.

105. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: “Шаруаларыңды істеңдер! Істегендеріңді Алла, пайғамбар және мүминдер көреді, көрнеуді де, көмескіні де (бәрін) білетін Алланың алдына қайтарыласыңдар, ол істегендеріңді өздеріңе білдіреді” де.

106. Соғыстан қалып, Алланың әмірін күткен біраз адамдар бар, Алла оларды не жазалайды, не тәубелерін қабыл етеді. Алла – бәрін білуші, хикмет иесі.

107. Кейбіреулер зиян жеткізу, күпірлікті күшейту, мұсылмандарға жік салу үшін, бұрыннан Аллаға және пайғамбарына қарсы тұрған адамның

(Әбу-Ғамыр Софының) келуіне дайындық үшін мешіт салып, “Тілегіміз игі еді” деп ант суын ішеді, ақиқатында олардың асқан суайт екендігіне Алла айғақ болады.

108. (Ей, Мұхаммед!) Ол мешітте әсте намаз оқыма! Әуел бастан тақуалық негізінде салынған мешіт (Құба мешіті) сенің намазға тұруыңа әбден лайықты. Онда тазартуды сүйетін адамдар бар, Алла (іші-сырты бірдей) пәк болғандарды ұнатады.

109. (Діннің) іргетасын Алладан қорқып, Алланың ризалығы үшін салған адам жақсы ма, әлде оны құлағалы тұрған жарқабақ үстіне құрып, онымен бірге, өзі де тозаққа құлаған адам жақсы ма? Алла залым қауымды тура жолға салмайды.

110. Олардың жүректері тілім-тілім болып өлгенге дейін, олардың салған мешіті (Мәсжид Зирар) көңілдерінде күдік, күмәннің (мұнафықтықтың) тамыры болып қала береді. Алла – бәрін білуші, хикмет иесі.

111. Алла анығында Мүминдердің жандарын, малдарын жәннанқа айырбастап алады. Олар Алла жолында соғысады, не өлтіреді, не өледі (шәһит болады). Бұған байланысты хақ уағда Тәуратта, Інжілде, Құранда бар. Алладан артық уағдаға опа қылатын кім бар? Бұл саудаласқан саудаларыңа қуаныңдар. Міне, бұл – үлкен сәттілік.

112. Тәубе етушілер, құлшылық қылушылар, (Аллаға) мақтау айтушылар, ораза ұстаушылар, рукұғ қылушылар, сәжде етушілер, жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыйушылар, Алланың шектерін қорғаушылар (жұмақтық болады). Осы мүминдерді сүйіншіле.

113. Мүшриктердің тозақтық екендігін білгеннен кейін олар қанша жақыны болса да, пайғамбардың және мүминдердің олар үшін кешірім тілеуі дұрыс емес.

114. Ибраһим пайғамбардың өз әкесі үшін кешірім тілеуі оған айтқан уәдесі бойынша ғана еді, әкесі Алланың дұшпаны екендігі белгілі болғаннан кейін, ол одан безді. Ибраһим расында жұмсақ мінезді әрі қажырлы еді.

115. Алла бір қауымды тура жолға салғаннан кейін, олардың сақтануына тиісті нәрселерін ашық білдірмей тұрып, оларды адастырмайды. Алла расында барлық нәрсені біліп тұрушы.

116. Анығында жер мен көктің патшалығы Аллаға тән. Ол тірілтеді, өлтіреді. Сендерге одан басқа дос та, жәрдемші де жоқ.

117. Шынында Алла бір бөлім адамдардың көңілі ауытқи жаздаған ауыр кезде пайғамбарға ілескен Мұһажирлер мен Ансарлардың және пайғамбардың тәубесін қабылдады. Алла оларға рақымды, өте мейірбан болғандықтан, олардың тәубелерін қабылдады.

118. Соғыстан қалған үш кісінің де тәубесін қабыл етті. Олар байтақ жер тар келгендей болып, өздерінен өздері қысылып, Аллаға тәубе қылмай құтылу мүмкін еместігін аңғарды. Одан соң, олардың тәубе қылулары

үшін Алла оларға тәубенің сәтін салды. Алла расында тәубеге тоқтағыш, аса мейірімді.

119. Ей, Мүминдер! Алладан қорқыңдар, шыншылдармен бірге болыңдар.

120. Мәдинеліктердің және оның төңірегіндегі бадауилердің (соғысқа шықпай) пайғамбардан кейін қалып қоюына, өздерінің жан тыныштығын күйіттеп, жапаны пайғамбармен бірге көрмеуіне болмайды. Өйткені олардың Алла жолында шөліркеп қаталағаны, шаршағаны, ашыққаны, кәпірлерді ызаландыратын әрбір қадамы, дұшпанды жеңген әрбір жеңістері үшін жақсылық-сауап жазылады. Алла жақсы іс істегендердің сауабын зая қылмайды.

121. Олардың аз болсын, көп болсын, (Алла жолында) сарып қылған нәрсесі, соғыста басып өткен жолы Алланың оларды істеген жақсылығына қарай сыйлауы үшін сауап болып жазылады.

122. Мұсылмандардың түгелдей соғысқа шығуы дұрыс емес. Олардың әрбір тобынан бір бөлім адам дін ғылымын үйреніп, қауымына қайтып келгенде, олардың сақтанулары үшін ескерту берулері керек емес пе?

123. Уа, Мүминдер! Маңайларыңдағы кәпірлермен соғысыңдар, олар сендерден қатаңдық сезінсін. Алланың расында тақуалармен бірге екенін біліңдер.

124. (Құраннан) бірер сүре түсірілгенде, олардың (мұнафықтардың) кейбіреуі: “Бұл қайсысыңның иманыңды бекемдеді?” дейді. Ал мүминдерге келсек, иманы күшейіп, қуана түседі.

125. Жүректерінде (мұнафықтық) дерті барларға келсек, бұл сүре олардың күпірлігіне күпірлік қосты, олар кәпір болған күйде өлді.

126. Олар өздерінің бір жылда бір не екі рет сыналатындығын білмей ме? Онан соң да олар тәубе қылмайды, ғибрат та алмайды.

127. Қашан бірер сүре түсірілсе, олар біріне-бірі қарап: “Сендерге қарап тұрған біреу бар ма?” деседі де, тайсай береді. Олар расында (ақиқатты) түсінбейтін қауым болғандықтан, Алла олардың жүректерін өзгертіп жіберген.

128. Шынында сендерге өз іштеріңнен бір пайғамбар келді, сендердің қиналуларың оған қатты батады. Ол сендерге ынтық, Мүминдерге аса еміренгіш, мейірімді.

129. (Ей, Мұхаммед!) Егер олар сенен бас тартса, сен: “Алла маған жеткілікті, онан өзге ешбір құдай жоқ, оған тәуекел еттім (сүйендім), ол – ұлы ғарыштың Раббы” де.

10. ЮНУС СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 109 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Әлиф, Ләм, Ра. Бұл – хикметті кітаптың (Құранның) аяттары.
2. Өз іштерінен бір кісіге: “Адамдарды (Алланың азабынан) абайлат, иман келтіргендерді Раббыларыңның қасында олар үшін жоғары мәртебе барлығымен қуандыр” деп хабарлағанымызға бұл адамдар таңырқай ма? Кәпірлер: “Бұл – әшкере сиқырлық” деді.
3. Раббыларың Алла жер мен көкті алты күнде жаратты. Онан соң ғарыш үстінде үкім жүргізіп, күллі істі меңгерді. Алланың рұқсатынсыз ешбір шапағатшы болмақ емес. Әне, сол Алла – сендердің Раббыларың. Оған құлшылық қылыңдар. Ғибрат алмайсыңдар ма?
4. Барлығын Алланың алдына қайтып барасыңдар, Алланың уағдасы хақ. Анығында ол күллі мақлұқатты алғаш жаратады (жоқтан бар етеді), иман келтіргендерді және изгі іс істегендерді әділдікпен сыйлау үшін қайта тірілтеді. Қарсы болғандықтары үшін кәпірлердің (тозақтағы) сусыны қатты қайнап тұрған су болады әрі оларға күйзелтуші азап бар.
5. Алла күнді жарық, айды сәулелі етіп жаратты. Жылдардың санын, (уақыттың) есебін білулерің үшін айға бекеттер белгілеп қойды. Алла оларды хикметті шындықпен ғана жаратты. Білетін қауым үшін Алла аяттарын ашық баяндайды.
6. Расында күн мен түннің алмасып тұруында, жер мен көктегі Алла жаратқан нәрселерде (Алланың азабынан) сақтанатын қауым үшін толып жатқан дәлелдер бар.
7. Анығында бізбен жолығуды үміт етпейтін, дүние тірлігіне ғана мәз болып, сонымен көңілдері жай тапқандар және біздің аяттарымыздан бейхабар қалғандар.
8. Міне осылардың күнәларына бола барар орны – тозақ.
9. Расында иман келтіріп, изгі іс істегендерді иманды болғандығы үшін Раббылары іргесінен бұлақтар ағып жатқан мол ырысты жәннатқа жолдайды.
10. Олардың жәннаттағы дұғасы: “Уа, Раббымыз, сен пәксің”. Олардың ондағы амандасулары: “Сізге есендік болсын (ассаламұғалайкүм)”. Олардың дұғаларының соңы: “Барлық мақтау күллі ғаламның жаратушысы Аллаға тән!” деу болады.
11. Егер Алла адам балсының жақсылықты асығып тілегеніндей жамандықты да тез берсе, онда олардың ажалы жеткен болар еді.

Алайда, бізбен жолығуды үміт етпейтіндердің азғындығында мәңгіріп жүре берулеріне ерік береміз.

12. Адамдарға бір зиян тисе, олар (оны айықтыруды тілеп) жатса, тұрса да бізге дұға қылып жалбарынады, олардан зиянды айықтырсақ, сол зиянды айықтыруды тілеп жалбарынбағандай-ақ, жамандығымен кете береді. Шектен асқандардың қылығы өздеріне міне осындай ұнамды көрінеді.

13. Сендерден бұрынғы қауымдарды зұлымдық істегендігі және пайғамбарлары келтірген айқын мұғжизаларға (дәлелдерге) сенбегендігі үшін жойдық. Біз күнәкәр қауымды осылайша жазалаймыз.

14. Содан кейін сендердің қандай іс істейтіндеріңді көру үшін, олардың орнына сендерді жержүзіне басшы етіп жібердік.

15. Оларға біздің анық аяттарымыз оқылғанда, бізбен жолығуды үміт етпейтіндер: “Бұдан басқа бір Құран келтір немесе мұны өзгерт” дейді. (Ей, Мұхаммед!) “Өздігімнен өзгерте алмаймын, мен тек өзіме келген уахиға ғана ілесемін, мен расында Раббыма қарсылық істесем, әрине, ұлы күннің (қиямет күннің) азабынан қорқамын” де.

16. “Егер Алла қаласа, сендерге оны (Құранды) оқымас едім және Алла да оны сендерге білдірмес еді. Одан бұрын көп өмірімді араларыңда өткіздім, оны сонда да түсінбейсіндер ме?” - де.

17. Аллаға жала жапқан немесе Алланың аяттарын өтірікке шығарған адамнан залым өтер ме? Күнәкарлар әсте мақсатына жете алмайды.

18. Олар Аллаға шет келіп, өздеріне пайда да, зиян да жеткізбейтін нәрселерге шоқынып: “Бұлар (пұт-бұрхандар) Алланың қасында бізге шапағат қылады” деседі.

(Ей, Мұхаммед! Оларға:) “Жер мен көкте Алла білмейтін (сондай шапағат қылатын) нәрсе бар болып, соны сендер Аллаға айтып бермексіндер ме?” дегейсің. Алла олардың қосқан серіктерінен пәк те жоғары.

19. Адамдар әсілі бір ғана үммет еді, кейін олар алтыбақан алауыз болды (дін көбейді, пұтқа шоқынды). Егер Раббыңның алдын-ала айтқан (күффарлардың сазайын тартқызуды қяметке қалдырамын деген) сөзі болмаса, таласқан нәрселері туралы олардың арасына үкім шығарылар еді (бұл дүниеде-ақ жаза берілер еді).

20. Олар (Мекке елі): “Не үшін оған (Мұхаммедке) Раббы жағынан бір мұғжиза түсірілмейді?” дейді. Сен оларға: Ғайыпты білу тек Алланың ісі. Сендер күте тұрыңдар! Мен де сендермен бірге күтемін” деп айт.

21. Адамдарға бір зиян тигеннен кейін рахметімізді таттырсақ, олар сол кезде аяттарымызға айлашарғы істетуге (мойнымдамауға) ұрынады.

(Ей, Мұхаммед!) “Алланың жазалауы өте тез” де. Анығында елшілеріміз (періштелеріміз) айла-шарғыларыңды жазып тұрады.

22. Алла сендерді құрлықта, теңізде сапарлатады. Сендер отырған кеме жайлы бір желмен жылжып, адамдар онымен масаттана мәз болып бара жатқанда сұрапыл боран шығып, тұс-тұстан толқын ұрғанда, кемедегілер толқын қоршауында қалдық деп ойлайды да, “Бізді осыдан құтқарсаң, өзіңе шүкір қылар едік” деп Алладан шын ниеттерімен тілек тілейді.

23. Алла оларды құтқарғаннан кейін, олар жержүзінде орынсыз бұзықтық істейді. Ей, адамдар, бұзықтықтарыңның зяны өздеріңе ғана тиеді, дүние тіршілігінен (уақыттық) қызық көресіңдер де, сонан соң, алдымызға қайтып келесіңдер. Сонда істеген істеріңді айтып береміз.

24. Анығында дүние тіршілігінің мысалы: Біз көктен жаудырған жаңбыр тәрізді; Жер жүзіндегі мал мен адам жейтін өсімдіктер араласа өніпөсіп, жержүзі құлпыра сәнденгенде, жер иелері мол өнім алатын болдық деп ойлаған сәтте, күндіз не түнде әміріміз келіп, жер бетін өсімдіктері түбінен орылған, ештеңе өнбегендей тақырға айналдырғаны сияқты. Ой жүгіртетін қауым үшін аяттарымызды осылайша тармақтап баяндаймыз.

25. Алла амандық жайға (жұмаққа) шақырады және қалаған адамын тура жолға салады.

26. Жақсы іс істегендерге жақсылық және артықшылық бар, олардың жүздері тозаң басып қараймайды және онан қорлану белгісі байқалмайды, әне солар жәннаттық болып, олар онда мәңгі тұрады.

27. Жамандық істегендерге жамандығына тек жаза беріледі, беттеріне қорлық белгісі түседі, беттері қараңғы түннің бір түнегі қаптап алғандай қарайып кетеді. Ешкім де оларды Алланың азабынан құтқара алмайды. Әне солар – тозақтық. Олар онда мәңгі қалады.

28. Сол күнде (қияметте) олардың барлығын жоямыз, онан соң мүшриктерге: “Сендер де, Аллаға қосқан серіктерің де өз орындарыңда тұрыңдар” дейміз. Олардың арасын айырамыз. Олардың серіктері (Аллаға теңеп табынған пұттары) айтады: “Сендер бізге табынбаған едіңдер ғой.

29. Сендер мен біздің арамызға Алла куә болуға жеткілікті, сендердің табынғандарыңнан мүлде хабарымыз жоқ” деп.

30. Осы кезде әр адам істеген істері үстінде сыналады. Олар нағыз иесі – Алланың құзырына қайтарылады. Ал олардың шын пана болады деген жасанды нәрселері (пұт-бұрхандары) олардан аулақ қалады.

31. (Ей, Мұхаммед!) “Сендерге аспаннан, жерден кім ризық береді? Есту, көру қабілеттеріңді кім басқарады? Өліден тіріні, тіріден өліні кім шығарады? Әрбір істі кім игереді?” десең, олар дереу: “Алла” дейді. “Ендеше Алладан қорықпайсыңдар ма?” де.

32. Нағыз жаратушыларың әне сол Алла. Ақиқат болмаған жерде адасудан басқа не бар? Қалайша (ақиқаттан) таясыңдар?

33. Әне сондай бұзақылық істерге Раббыңның үкімі лайық болды. Олар әсте иман келтірмейді.

34. (Ей, Мұхаммед! Оларға:) “Аллаға теңеген серіктеріңнің (пұттарыңның) болымыстарды жоқтан жаратып, онан соң өлтіріп, қайта тірілте алатыны бар ма? Алла болымыстарды жоқтан жаратып, сонан соң тірілте алады. Сендер (ақиқаттан) қалай бұрылып барасыңдар?” де.

35. “Серіктеріңнің тура жолға салатыны бар ма?” де. “Алла дұрыс жолға салады. Сонда дұрыс жолға салатынға бойсұну лазым ба әлде өзі хақ жолға жетелей алмайтын, керісінше, басқалардың жетелеуіне мұқтаж біреуге бойсұну лазым ба? Сендерге не болған? Қалайша (теріс) үкім етесіңдер” де.

36. Олардың көбі ойға (жорамалға) негізделеді, ой деген шындықтың қасында түкке тұрмайды. Шынында Алла олардың қылықтарын әбден біледі.

37. Бұл Құран Алладан басқа біреудікі деп жала жабуға болмайды. Құран бұрынғы түскен (Тәурат, Інжіл қатарлы) кітаптарды растап, Алланың қарарларын ашық баяндайды. Оның күллі әлемнің Раббы тарапынан келгендігінде шәк жоқ.

38. Немесе олар: “Құранды Мұхаммед өзі ойдан шығарған” дей ме? (Ей, Мұхаммед! Оларға:) “Егер шыншыл болсаңдар Алладан басқа шақыра алатын кісілеріңді шақырып, осындай бір сүре шығарып көріңдерші!” де.

39. Олай емес, олар Құран ғылымына ақылы жетпей, мағынасын түсіне алмай, оны өтірікке ұйғарды. Олардан бұрынғы өткен қауымдар да оны (пайғамбарын) өтірікке жорыған болатын. Залымдардың ақыр аяғы не болғанына қарашы!

40. Олардың ішінде Құранға сенетіндер де, сенбейтіндер де бар, Раббың бұзақыларды әбден біледі.

41. (Ей, Мұхаммед!) Егер олар сені өтірікші санаса, “Менің ісім өзіме, сендерің істерің өздеріңе, менің ісімнен сендер аулақсыңдар, сендердің істеріңнен мен де аулақпын деп айт оларға.

42. Олардың ішінде саған құлақ салатындар да бар. Түсіне алмаса да, саңырауларға естірте аласың ба?

43. Олардан саған барлап қарайтындар да бар. Көре алмаса да ондай көзсіздерді тура жолға сала аласың ба?

44. Шынында Алла адамдарға әділетсіздік істемейді. Адамдар өздеріне өздері зұлымдық істейді.

45. Оларды жинайтын күні (қиямет күні) олар күндіз бір-ақ сағат (дүниеде)

тұрғандай өзара танысады, Аллаға жолығуды (қияметте тірілуді) өтірік деп, тура жолға түспегендер зиян тартады.

46. Оларға уәде қылған азаптың біразын саған көрсетсек те немесе сені дүниеден алсақ та, олар біздің алдымызға жиналады, онан соң Алла олардың істеген істеріне айғақ болады.

47. Әрбір үмметтің өз пайғамбары бар, оларға пайғамбарлары келген шақта, өздеріне әділ үкім шығаралады, оларға әділетсіздік істелмейді.

48. Олар: “Егер шын айтсаңдар, бұл уағдаларың қашан болады?” дейді.

49. (Ей, Мұхаммед! Оларға:) “Алланың қалауынсыз өзіме бір пайда не зиян келтіруге дәрменім жетпейді. Әрбір халықтың бір ажалы бар, сол уақыты келгенде әсте кешіктірілмейді де, ілгерлетілмейді” деп айт.

50. “Сендерге Алланың азабы түнде немесе күндіз келіп қалса, айтыңдаршы, күнәкарлар азаптың қайсысына асығар еді?” де.

51. (Алланың азабы келгенде оларға:) “Азап келгеннен кейін ғана оған сенесіңдер ме әлде қазір ме? Анығында азаптың келуіне асығып едіңдер” делінеді.

52. Онан кейін ол залымдарға: “Мәңгілік азап дәмін татыңдар! Істеген қылмыстарыңның ғана сазайын тартасыңдар” деп айт.

53. Олар сенен: “Бұл шындық па?” деп сұрайды. Сен: “Я, Раббыма ант етемін, оның хақтығы рас, сендер онан қашып құтыла алмайсыңдар” де.

54. Өзіне зұлымдық істеген әрбір адам егер жержүзіндегі барлық нәрсе өзінікі болса, оны (күнәсінің) төлеуіне бере салар еді де, азапты көргенде іштей өкінер еді. Олардың арасына әділдікпен үкім шығарылады, зұлымдық істелмейді.

55. Біліңдер! Расында жер мен көктегі барлық нәрсе Алланікі, Алланың уәдесі хақ екенін біліңдер, бірақ мұны олардың көбі білмейді.

56. Ол тірілте де, өлтіре де алады. Сендер оның алдына қайтарыласыңдар.

57. Ей, Адамдар! Сендерге Раббыларыңнан уағыз-насихат, ділдегі дертке шипа, Мұсылмандарға тура жол және рахмет (ретінде Құран) келді.

58. (Ей, Мұхаммед!) “Олар Алланың кеңшілік-нығыметімен, мархаматымен болған осыларға қуансын, өйткені, олардың жиған тергенінен сол қайырлы” де.

59. “Алланың сендерге берген ризық-несібесін арам, адал деп бөлдіңдер, айтыңдаршы, сендерге Алла рұқсат етті ме? Немесе Аллаға жапқан жалаларың ба?” де.

60. Аллаға өтірік жала жапқандар қиямет күні туралы не деп ойлайды? Анығында, Алла адамдарға мархабатты, бірақ, адамдардың көбі шүкірлік қылмайды.

61. (Ей, Мұхаммед!) Сен қандай жағдайда болсаң да, Құранның қай жерін

оқысаң да, сендер қандай бір іс істесеңдер де, онымен шұғылданып жатқандарыңда, сендерді бақылап көріп тұрамыз, аспан мен жердегі салмағы тозаңдай нәрсе де, одан кіші не үлкен болсың, Алланың көңіл көзінен жасырылмайды. Олардың барлығы кітапта (Лаухұлмахфузда) ашық жазылған.

62. Біліп қойыңдар! Анығында Алланың достарына қауіп-қатер жоқ, олар қайғы-қасырет шекпейді де.

63. Олар – иман келтіргендер және тақуа болғандар.

64. Оларға бұл дүниеде де, ақыретте де қуаныш бар. Алланың сөзі өзгермейді, міне бұл – зор бақыт.

65. (Ей, Мұхаммед!) Олардың (мүшриктердің) сөздері сені жабырқатпасын. Күллі үстемдік Алланікі. Ол – барлығын естіп, біліп тұрушы.

66. Естеріңде болсын, жер мен көктегі барлық нәрсе (жанды-жансыздың барлығы) Алланың иелігінде. Алланы қайырып қойып, теңеген серіктеріне табынғандар неге сүйенбекші? Олар тек қиялға сүйенеді, сандырақтайды.

67. (Ей, Адамзат!) Алла сендердің демалуларың үшін түнді, көрулерің үшін күндізді жаратты. Еститін қауымға мұнда көптеген дәлелдер бар.

68. Олар (мүшриктер): “Алланың баласы бар” деді, Алла онан пәк. Оның мұқтажы жоқ, жер мен көктегі барлық нәрсе – Алланың мүлкі, осыған байла-нысты ешқандай дәлелдерің жоқ, Алла турасында өздерің білмегенді айтпақсыңдар ма?

69. (Ей, Мұхаммед!) “Анығыда Аллаға өтірік жала жабатындар құтыла алмайды” де.

70. Олар дүниеден (аз күн) ғана игіліктенеді, онан соң біздің алдымызға қайтады, ең соңында кәпір болғандықтары үшін оларды азапты жазаға жолықтырамыз.

71. (Ей, Мұхаммед!) Оларға Нұхтың әңгімесін оқып бер! Өз заманында ол еліне былай деді: “Ей, Елім! Іштеріңде менің тұруым және Алланың аяттарымен насихаттауым сендерге ауыр келген болса, онда Аллаға тәуекел еттім. Ал сендер және (Аллаға теңеген) серіктерің болып жиылып (маған істер) істеріңді дайындап беріңдер, істерің өздеріңе күңгірт болып қалмасын, онан соң маған титтей де мұрсат бермей (істейтіндеріңді) істеп көріңдер.

72. Егер сендер (менің насихатымнан) тайқысаңдар, (насихаттағаныма) мен де сендерден ақы сұрағаным жоқ қой! Мен ақымды Алладан сұраймын, мен Аллаға бойсұнушылардан болуға бұйырылдым”.

73. Олар Нұхты өтірікші деп мойындамады, Нұхты және онымен кемеде бірге болғандарды құтқардық та, оларды (су апатына кеткендердің) орнын бастырдық, аяттарымызды өтірікке шығарғандарды суға батырдық. Ескерту берілгендердің ғақыбеті қандай болғанын көр!

74. Нұхтан кейін пайғамбарларды өз қауымына жібердік, олар (еліне) ашық мұғжизалар келтірді. Бірақ бұрын өтірік деп нанбаған нәрселерге олар (пайғамбар келгеннен кейін де) иман келтірмеді. Шектен асқандардың жүрегін міне өстіп бітейміз.

75. Олардан кейін Мұса мен Һарұнды перғауынға және оның шонжарларына көптеген мұғжизалармен жібердік. Олар нәнсініп, күнәлі қауым болды.

76. Оларға біз жақтан ақиқат келгенде, олар: “Мынау расында көпе-көрнеу сиқырлық” деді.

77. Мұса: “Сендерге түскен ақиқатты сөйтіп айтасыңдар ма? Осы сиқыр ма? Сиқыршылар жеңіске жетпейді” деді.

78. Олар: “Сендер ата-бабаларымыздың дінінен тайдыруға әрі жер жүзінде (Мысырда) екеуің салтанат құруға келдіңдер ме? Біз екеуіңе сенбейміз” деді (Мұса мен Һарұнға).

79. Перғауын: “Барлық білгір сиқыршыларды алдыма келтіріңдер” деді.

80. Сиқыршылар келгенде Мұса: “Лақтыратын нәрселеріңді лақтырыңдар!” деді.

81. Олар лақтырғанда, Мұса: “Сендердің көрсеткендерің сиқыр, оны Алла сөзсіз бұзады. Расында Алла бұзақылардың ісіне жақ болмайды деді.

82. Күнәкарлар жақтырмаса да, Алла ақиқатты өз сөзі арқылы дәлелдейді.

83. Мұсаға өз қауымынан (Бәни Исрайылдан) бір топ адам перғауын мен оның шонжарларының зиянкестігінен қауіптене тұрып иман келтірді. Перғауын шынында ол жерде өктем еді, шектен асқан еді.

84. Мұса: “Уа, Елім! Егер Аллаға иман келтіріп, бойсұнған болсаңдар, онда оған тәуекел етіңдер (Аллаға сүйеніңдер) деді.

85. Олар айтты: “Аллаға тәуекел еттік. Я, Раббымыз! Бізді залым елмен сынай көрме!

86. Бізді залым қауымнан мархабатыңмен құтқара көр!” деп .

87. Біз Мұса мен оның туысына: “Елдерің үшін Мысырда үй салыңдар, үйлеріңді намаз орны қылып, онда намаз оқыңдар және Мүминдерге қуанышты хабар айтыңдар” деп уахи бердік.

88. Мұса айтты: “Раббымыз, расында перғауын мен оның шонжарларына дүние тұрмысында сән-салтанат, мал-мүлік бердің. Раббымыз бұл адамдарды жолыңнан адастыру үшін бе? Олардың мал-мүліктерін жоқ қыл, көңілдерін қатайт, (өйткені) олар қатты азапты көрмейінше иман келтірмейді!”..

89. Екеулеріннің тілектерің қабыл болды, дін жолындағы үгіттеріңді жалғастыра беріңдер, надандардың жолына ермеңдер” деді Алла.

90. Исрайыл елін теңізден өткізіп жібердік, перғауын және оның қолы жауыздықпен оларды қуалады. Перғауын суға батуға айналғанда:

“Исрайыл ұрпақтары сенген құдайдан басқа ешбір құдай жоқтығына кәміл сендім, мен де мұсылман болдым” деді.

91. “Енді ғана иман айттың ба? Сен бұрын расында қарсыласқан бұзақы едің.

92. Кейінгілерге ғибрат болуы үшін, бүгін сенің дененді ғана (жансыз түрде) құтқарамыз, шынында адамдардың көбі аяттарымыздан (ғаламаттарымыздан) бейхабар” делінді.

93. Шынында Исрайыл ұрпақтарын (перғауын жоғалғаннан кейін) жақсы жерге орналастырдық, оларға таза ризықтар бердік. Өздерін ғылым (Тәурат) келгенге дейін олар (дінде) қайшылықты болды. Раббың олардың талас-тартыстары үстінде қиямет күні сөзсіз үкім шығарады.

94. Егер біз саған түсірген кітапқа күдіктенсең, сен ілгері кітап оқығандардан (Тәурат, Інжіл оқыған Яһуди, Насаралардан) сұра, шынында Раббыңнан саған ақиқат (Құран) келді. Сондықтан әсте күдік күмәнда болма!

95. Сен әсте Алланың аяттарын өтірікке шығарушылардан болма! Өйтсең зиян тартушылардан боласың.

96. Алланың лағынетіне ұшырауға тиісті болғандар шынында иман келтірмейді,

97. Оларға барлық мұғжизалар (дәлелдер) көрсетілсе де, күйзелтуші азапты көргенге дейін (олар иман келтірмейді).

98. Юнус пайғамбардың елінен басқа (азап апатын көріп) иман келтірген бірде-бір қала халқының келтірген иманы пайда бермеді, тек қана Юнус елі иман келтіргенде, олардан дүние тіршілігінде қор қылатын азапты айықтырдық та, белгілі мезетке дейін (дүние тірлігінен) пайдаландырдық.

99. Егер Раббың қаласа, әрине жержүзіндегі адамның бәрі иман келтірер еді, сен адамдарды иман келтіруге мәжбүрлейсің бе?

100. Алланың әмірінсіз ешкімнің иман келтіруі мүмкін емес. Ой жүгіртпейтіндерге Алла азап береді.

101. (Ей, Мұхаммед!) “Жер мен көктегі нәрселерге қараңдар. Сенбейтін қауымға мұғжизалар мен ескертулер пайда бермейді.

102. Олар өздерінен бұрын өткендердің басына келген (апат) күндерді ғана күтеді” де. (Ей, Мұхаммед!) “Онда сендер де күтіңдер, мен де сендермен бірге (зауал табуларыңды) күтемін” де.

103. Одан соң елшілерімізді, иман келтіргендерді құтқарамыз. Осылайша мүминдерді құтқаруға міндеттіміз.

104. (Ей, Мұхаммед!) “Ей, Адамдар, менің дінімнен күдіктенсеңдер, сендердің Алладан басқа табынғандарыңа табынбаймын. Сендердің

жандарыңды алатын Аллаға ғана құлшылық етемін. Мен мүмин болуға ғана бұйырылдым” де.

105. (Ей, Мұхаммед!) Табандылықпен тура дінге бетте, мүшриктерден болма.

106. Саған пайда да, зиян да келтіре алмайтын, Алладан басқа нәрсеге ғибадат қылма, олай істесең, сөз жоқ, залымдар қатарында боласың.

107. Егер Алла саған бірер зиян келтірсе, оны Алладан басқа айықтырушы жоқ. Егер Алла саған бірер жақсылық ұйғарса, оның кеңшілікнығыметін тойтарушы жоқ. Алла жақсылығын пенделерінен қалаған адамға береді, Алла – аса жарылқаушы, өте мейірімді.

108. (Уа, Мұхаммед!) “Ей, адамдар, сендерге Раббыларыңнан хақ дін келді. Кім тура жолға түссе, оның игілігі өзіне, кім адасса, оның зияны өзіне. Мен сендерге қорғаушы емеспін ” де.

109. Өзіңе жіберілген уахи бойынша жүр, Алла бір үкім шығарғанға дейін сабыр ет. Алла – ең әділ үкімгер.

11. ҺҰД СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 123 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Әлиф, Ләм, Ра. Бұл – аса дана, бәрін білуші Алла жағынан келген, аяттары өте орынды, ашық баяндалған кітап.

2. (Айтып қой:) “Сендер тек Аллаға ғана құлшылық етіңдер, расында, мен сендерге Алла жағынан жіберілген ескертушімін (кәпір болсаңдар), қуаныштымын (мұсылман болсаңдар).

3. Сендер Раббыларыңнан жарылқануды тілеңдер, одан соң оған тәубе қылыңдар. Ол сендерді белгілі уақытқа дейін жақсылққа кенелтсін, игі жақсыларға мол сауап берсін. Егер бас тартсаңдар, сендердің ұлы күннің (қиямет күнінің) азабына тап болуларыңнан қауыптенемін.

4. Барар жерлерің Алланың даргәһы, Алланың барлық нәрсеге құдіреті жетеді”.

5. Рас, олар оған көрінбеу үшін теріс айналады, олар киімдерін бүркеніп алса да, Алла олардың көрнеу және көмес істерін біліп тұрады. Ол расында көңілдегіні түгел білуші.

6. Жержүзіндегі күллі жандының қорегі Алладан. Алла олардың тұрар жерін және (өлген соң) жасырылар жерін біледі. Бұлардың барлығы кітапта (Лауһұлмахфузда) ашық жазылған.

7. Алла сендердің қайсыларың жақсы амал-әрекет істер екен деп сынау үшін, жер мен көкті алты күнде жаратты. Тегінде оның ғарышы су үстінде еді. (Ей, Мұхаммед!) Егер сен оларға: “Өлген соң тірілесіңдер” десең, кәпірлер: “Мынауың ашық сиқырлық” дейді.

8. Ал оларға жіберілетін азапты бір мезет кешіктірсек, әрине, олар: “Азап неге келмеді?” дейді. Өздеріне азап келген күні олар пана болар жер таппайды. Олардың мазақ қылған азабы өз бастарына келеді.

9. Егер біз адамдарға рахметімізді таттырсақ, онан соң оны қайтарып алсақ, олар мүлде күдер үзе күпірлік етеді.

10. Егер оған келген зияннан кейін жақсылық – нығыметімізді сыйласақ, ол әрине “Менен жамандықтар арылды” деп шаттана масаттанады.

11. Тек қана сабыр-тақат қылып, ізгі істермен шұғылданғандар – әне солар жарылқанады, зор сауап алады.

12. (Ей, Мұхаммед!) Мүшриктердің: “Оған (көктен) не үшін қазына түспейді немесе онымен бірге періште неге келмейді?” дегендеріне көңілің тарылып, өзіңе келген уахидың кейбірін бәлкім айтпай қоя тұрғың келер. Сен тек қана оларға ескертушісің. Барша затты меңгеруші – Алла.

13. Олар Құранды (Мұхаммедтің) өзі жасаған дей ме? Оларға айт: “Айтқандарың шын болса, Алладан бөлек көмекке шақыра алатындарыңды шақырып, сол сияқты он сүре жасап көріңдерші!

14. Егер сол шақырғандарың жауап қатпаса, ендеше біліп қойыңдар, шынында бұл Құран Алланың білімімен түсірілген, Алладан басқа ешбір құдай жоқ, сендер әлі де бойсұнбайсыңдар ма?” деп.

15. Дүние тіршілігі мен оның зейнетін қалайтын адамға еңбегінің төлеуін дүниеде толық береміз, сондай-ақ, дүниеде олардың ақысы кемітілмейді.

16. Ондайларға ақыретте тозақ отынан басқа тиесі жоқ. Олардың дүниедегі істеген істері жойылады, істеген жақсылықтары да текке кетеді.

17. Раббы тарапынан ашық бір дәлелі (Құран) және оған жалғас куәсі (Жәбірейіл) келген, сондай-ақ, осы ашық дәлел келуден бұрын жетекші әрі рахымет ретінде түскен Мұсаның кітабы (өздеріне) негіз болған кісілер (тіршілік дүниесін көздейтіндермен тең бе?), міне осылар – Құранға сенбейтіндер. Топтардан кім де кім Құранға сенбесе, оның уағдалы орны тозақ. Құранға шек келтірме! Ол расында Раббыңнан келген ақиқат, бірақ адамдардың көбі оған сенбейді.

18. Аллаға жала жапқан кісіден өтер залым бар ма? Мұндайлар (қияметте) Алланың алдына келтіріледі. Олардың куәгерлері де: “Аллаға жала жапқандар – міне осылар” деп айтады. Естеріңде болсын, Алланың қырғысы залымдарға тиеді.

19. Олар (адамдарды) Алланың жолынан тосады, әрі Алланың жолының қисық болуын тілейді. Олар – ақыретті мойындамайтындар.

20. Олар жержүзінде Алланың жазасынан құтыла алмайды. Оларға Алладан өзге панагер де жоқ. Олар еселеп жазаланады. Олар (ақиқатты) естиді, көре де алмайды.

21. Әне солар – өз бастарына зиян келтірушілер. Олардың жасанды құдайлары өздерінен безіп, ғайып болады.

22. Олардың ақыретте қасірет шегері даусыз.

23. Анығында иман келтіріп, оң іс істегендер, Алланың алдында әлсіздігін танығандар міне солар – жәннаттықтар, олар жәннатта мәңгі тұрады.

24. Екі топтың (кәпірлер тобы мен мұсылмандар тобының) бірі естімес, көрмеске, енді бірі естігіш, көргішке ұқсайды. Бұлар бір-біріне ұқсай ма? Ғибрат алмайсыңдар ма?

25. Біз Нұхты еліне (пайғамбар етіп) жібердік. “Мен сендерге анық ескертушімін.

26. Бір Алладан басқаға құлшылық қылмаңдар. Сендердің күйзелтуші күннің азабына ұшырауларыңнан қорқамын” (деді ол еліне).

27. Нұхтың елінің кәпір шонжарлары: “Біздіңше сен өзіміз сықылды кәдімгі адамсың, саяз, топас жандар ғана болмаса, саған ілескендерді көрмедік, сендердің бізден артық жерлерің жоқ деп қараймыз, тіпті сендерді өтірікші деп ойлаймыз” деді.

28. Нұх айтты “Уа, елім! Айтып қояйын, мен Раббымнан келген анық дәлелге негізделсем және ол өз қасынан маған бір рахметін (пайғамбарлықты) берген болса, ол көмес болып сендерге көрінбесе, сондай-ақ, өздерің оны жек көрсеңдер, сонда да сендерді (қабылда деп) зорлаймыз ба?

29. Уа, жұртым! Сендерге (дінді) жеткізгендігіме мал сұрамаймын, маған ақы (сауап) Алланың өзінен. Мен иман келтіргендерді қумаймын, өйткені олар анығында Аллаға жолығады. Бірақ мен сендерді санасыз ел деп қараймын.

30. Уа, жұртым, мен оларды қуып жіберсем, мені Алладан (оның азабынан) кім құтқарады? Ойламайсыңдар ма?

31. Мен өзімде Алланың қазыналары бар деймін, ғайыпты білемін демеймін, өзімді періштемін де демеймін. Сендер көзге ілмеген адамдарға Алла жақсылық қылмайды деп те айтпаймын. Алла олардың көңіліндегіні әбден біледі, егер солай десем, онда залым болғаным ғой”.

32. Нұхтың қауымы: “Ей, Нұх, бізбен расында дауластың, онымен қоймай дау-жанжалды өршіттің. Егер сөзің шын болса, бізге бопсалаған нәрсеңді келтіріп көрші!” деді.

33. Нұх: “Алла қаласа, оны (азапты) сендерге жібереді, сендердің оған қарсы лаждарың жоқ.

34. Алла сендерді адастыруды қаласа, мен сендерге насихат етпекші болсам да, менің үгіт-насихатым сендерге пайда бермейді. Алла сендердің жаратушы Раббыларың, түбінде оның алдына қайтып барасыңдар” деді.

35. Олар Құранды (Мұхаммедтің) өзі ойдан шығарған демекші ме? (Ей, Мұхаммед! Оларға:) “Егер оны ойдан шығарған болсам, өз күнәм өзіме, ал сендердің күнәларыңнан аулақпын” деп айт.

36. Нұхқа: “Еліңнің бұрынғы имандыларынан басқасы әсте иман келтірмейді. Олардың қылығына назаланба!

37. Біздің көз алдымызда уахиіміз бойынша кеме жаса. Залымдар хақында маған ауыз ашпа! Өйткені олар сөзсіз суға батырылады” деген уахи келді.

38. Нұх кеме жасады, елінің үлкендері оның алдынан өткен сайын оны тәлкек қылды. Нұх оларға: “Егер бізді тәлкек қылсаңдар, біз де сендердің бізді тәлкек қылғандарыңдай өздеріңді тәлкек қыламыз.

39. Қорлаушы азаптың (топан су апатының) кімге келетінін, мәңгілік азаптың (тозақтағы қинаудың) кімнің басына түсерін әлі-ақ білесіңдер” деді.

40. Ақыры әміріміз келіп, жерден су бұрқылдап шыға бастағанда, Нұхқа: “Жануарлардың әр түрінен бір жұптан ал және отбасыңдағыларды бұрын үкім етілгеннен (әйелің Уағиле мен балаң Канғаннан) басқасын әрі бұрын иман келтірген нанымдастарыңды алып кемеге шық” дедік. Әсілінде, онымен бірге иман келтіргендер өте аз адам еді.

41. Нұх оларға: “Кемеге отырыңдар! Оның жүруі де, тоқтауы да Алланың атымен болады. Анығында, Раббым өте жарылқағыш, аса мейірімді” деді.

42. Олар түскен кеме тудай жал-жал толқынды жара жүзіп бара жатты. Нұх анадайда тұрған ұлына: “Ей, ұлым, бізбен бірге кемеге шығып ал, имансыздарға ерме!” деп дауыстады.

43. Баласы Канған: “Судан аман сақтайтын бір тауға шығып паналаймын” деді. Сонда әкесі: “Бүгін Алла өзі есіркегендерден басқа ешкім де оның әмірінісіз құтыла алмайды” дегенше екеуінің арасын толқын бөліп жіберді де, ұлы суға кетті.

44. “Ей, жер, суыңды жұт! Ей аспан, (жаңбырыңды) сен де тоқтат!” делінді де, су тартылды, іс орындалды. Кеме Жуди тауының үстіне келіп тоқтады. “Жойылсын залымдар қауымы!” делінді сонда.

45. “О, Раббым! – деді Нұх Раббына жалбарынып, – балам бауыр етім еді ғой. Уағдаң хақ. Ең әділ төрешім өзіңсің”.

46. “Ей, Нұх! Ол отбасыңның адамы емес. Оның ісі теріс. Білмейтін ісіңді менен сұраушы болма! Топас, надандар қатарында болмауың жайлы саған насихат беремін” деді.

47. Нұх: “О, Раббым! Білмегенімді өзіңнен сұраудан сақтағайсың деп өзіңе сыйынамын! Өзің жарылқамасаң, есіркемесең, зиян шегушілерден болармын ” деді.

48. “Ей, Нұх! Саған және өзіңмен (кемеде) бірге болған бір топ әулетке біз берген есендікпен және құт-берекемен түс! Өзге ұрпаққа дүние қызығын көрсетеміз де, онан соң, оларды күйзелткіш азабымызға дұшар етеміз” делінді.

49. (Ей, Мұхаммед!) Міне бұлар – ғайып әңгімелері, мұны саған уахи етіп отырмыз. Сен де, қауымың да мұнан бұрын мұны білмеуші едіңдер. Сабыр қыл! Расында ақырғы есепте табыс тақуалардікі.

50. Ғад қауымына өз туысы Һұд пайғамбарды жібердік. Һұд айтты: “Ей, елім, Аллаға құлшылық қылыңдар! Сендерге онан өзге құдай жоқ. Сендер (Алладан басқа шоқынумен) жала қор болдыңдар.

51. Ей, елім! Мен пайғамбарлығым үшін сендерден ақы сұрамаймын. Маған ақы (сауап) мені жаратқан Алланың өзінен. Түсінбейсіңдер ме?

52. Ей, елім! Раббыларыңнан кешірім сұраңдар, онан соң оған тәубе қылыңдар. Ол сендерге аспаннан құт жаңбырын жаудырып, әл-қуаттарыңды күшейте түседі. Күнәлі болып (иманнан) бас тартпаңдар”.

53. Олар айтты: “Ей, Һұд! Сен бізге ешбір ашық дәлел келтірмедің. Тазбынған құдайымызды (пұттарымыды) сенің сөзіңе бола тастамаймыз әрі саған сенбейміз.

54. Саған кейбір құдайларымыздың киесі тиген екен деп қана айтпақпыз”. Һұд айтты: “Расында Алланы куәге тартамын, сендер де куә болыңдар, мен сендердің Аллаға қосқан серіктеріңнен аулақпын.

55. Барлығың маған қастандықтарыңды істетіп көріңдер, тіпті мұрсат бермеңдер.

56. Менің де Раббым, сендердің де Раббыларың болған Аллаға тәуекел еттім. Ол меңгеруіне алмаған бірде бір мақлұқ жоқ. Раббымның тура жода екендігі шүбәсіз.

57. Егер сендер бас тартсаңдар (маған келер зиян жоқ), мен сендерге өзіме жүктелген елшілік міндетімді жеткіздім. Раббым орындарыңа басқа бір қауымды қойса, сендер оған еш зиян келтіре алмайсыңдар. Анығында Раббым – барлық нәрсені бақылаушы”.

58. Әміріміз келген шақта Һұдты және онымен бірге иман келтіргендерді рахыметімізбен құтқардық, әрі ауыр азаптан арашаладық.

59. Сол Ғад қауымы Раббыларының аяттарын теріске шығарып, әрі оның

пайғамбарларына қарсы шығып, әрбір тоңмойын зорекерлердің әміріне жүрді.

60. Оларға бұл дүниеде қарғыс тиді, қиямет күнінде де қарғыс тиеді. Естеріңде болсын, Ғад қауымы Раббыларыңа қарсы болды. Біліп қойыңдар, Һұдтың қауымы – Ғадтар (Алланың мархабатынан) аулақ болсын!

61. Самуд еліне өз туысы Салихты (пайғамбар етіп) жібердік. “Ей, елім! Аллаға құлшылық етіңдер, сендердің онан өзге құдайларың жоқ. Ол сендерді жерден (топырақтан) жаратты, жерде орын тептірді. Онан кешірім сұраңдар, оған тәубе қылыңдар! Раббым расында жақын және тілекті қабылдаушы” деді ол.

62. “Ей, Салих! – деді олар – Бұдан бұрын сен арамыздағы бір үміт күттірген кісі едің, бізді ата-бабамыз табынып келгенге (пұтқа) табынудан тиясың ба? Шынында, сенің үндеген нәрсеңе қатты күмәндіміз”.

63. (Салих айтты:) “Уа, халқым! Айтыңдаршы, егер мен Раббымнан келген анық дәлелге негізделсем және оның мархабатына бөленсем, (солай бола тұра) оған қарсылық қылсам, сонда оның азабынан мені кім құтқарар? Ал сендер маған тек зияннан басқаны молайтпайсыңдар.

64. Уа, халқым! Алланың мына аруанасы – сендерге бір мұғжиза. Оны Алланың жеріне қоя беріңдер, өз еркімен жайылсын. Оған зиян-зақымет салмаңдар, әйтпесе тез келетін азап сендерді зауал таптырады”.

65. Олар сонда да аруананы бауыздап тастады. (Салих айтты:) “Үйлеріңде (өмірден) үш күн рахат көріп алыңдар, бұл жалған уәде емес”.

66. Әміріміз келгенде Салихты және онымен бірге иман келтіргендерді рақым қылып сол күннің қорлығынан құтқардық. Шынында, Раббың ерен күшті, аса үстем.

67. Залымдарға бір ашты айғай естілді де, олар лезде серейіп қатып қалды.

68. Олар мұнда тіршілік кешпеген (мекенжайлары құлазыған иен) сияқты болып қалды. Біліп қойыңдар, Самуд елі Раббыларына қарсы болды. Самудтықтар құрыды!

69. Расында елші (періштелеріміз) Ибраһимге қуанышты хабар әкеліп сәлем берді. Ибраһим олардың сәлемін алды да, кідірмей қақтап пісірілген бір бұзау келтірді.

70. Олардың (періштелердің) бұған қол созбағанын көріп, оларды жатырқады әрі тіксінді. “Қорықпа! Біз Лұт қауымына (қырғын салуға) келіп отырмыз” деді.

71. Ибраһимнің әйелі бір жақта тұрып (қуанағанынан) күлді. Сонда, оны Ысқаққа, оның артынан Яғқұбқа жүкті болатындығымен қуандырдық.

72. (Сонда Ибраһимнің жұбайы:) “Міне қызық, өзім кемпір, күйеуім шал

болғанда бала табамын ба? Расында, мынау бір таңғаларлық іс екен!” деді.

73. “Алланың әміріне таң қаласың ба? Отбасыңа Алланың рахметі, берекеті тисін! Расында Алла мақтауға, ұлықтауға лайық ” деді періштелер.

74. Ибраһимнен қорқыныш айығып, қуанышты хабар оған жеткен кезде, ол бізбен (елшілерімізбен) Лұттың қауымы турасында дауласты.

75. Анығында Ибраһим тым қамқоршыл, көңілі жұмсақ, (Аллаға) берілген адам еді.

76. “Ей, Ибраһим! Мұны (дауыңды) қой! Расында Алланың әмірі келіп болды. Оларға қайтаруға болмайтын жаза-апат келеді” (деді періштелер).

77. Біздің елшілеріміз Лұтқа келгенде (ел-жұртының әдепсіздігінен қорқып) Лұт қатты ыңғайсыздана қысылып: “Бұл бір ауыр күн болды-ау!” деді.

78. Лұттың қауымы оған ентелей жүгірісіп келді, олар бұрыннан жамандық істейтінді. “Уа, жұртым! Мыналар, менің қыздарым, бұлар сендерге әбден таза. Алладан қорқыңдар, қонақтарым хақында мені масқара қылмаңдар! Іштеріңде бірер есті кісі жоқ па?” деді Лұт.

79. “Қыздарыңда біздің жұмысымыз жоқ екенін білесің, расында, біздің не тілейтінімізді де әбден білесің” деді олар (Лұтқа).

80. Лұт: “Әттең, сендерге төтеп берер күшім, не сүйенер бір мықты арқа тірегім болмады-ау!” деді.

81. “Ей, Лұт! – деді (періштелер), – Рас біз Раббыңның елшілеріміз. Мыналар саған тиісе алмайды, түннің бір кезінде үй ішіңмен кетіп қал. Жұбайыңнан басқа ешкім артына қарайламасын. Өйткені ол (әйелің) олармен бірге зауал табады. Олардың қарарлы шағы – таң уақыты. Таң жақын қалды емес пе?!”

82. Әміріміз (жаза) келген кезде олардың мекенжайларының астаң-кестеңін шығардық және үстілеріне отпен қыздырылып әзірлеп қойған тастарды үстемелей жаудырдық.

83. Бұл тастарға Раббыңның қасында таңба басылған еді. Бұл (жаза азабы) залымдардан алыс емес.

84. Мадиян еліне өз туысы Шұғайыпты (пайғамбарлыққа) жібердік. “Уа, Жұртым! – деді ол, – Аллаға құлшылық қылыңдар! Сендердің Алладан өзге құдайларың жоқ. Өлшеуіш, таразыдан кемітіп бермеңдер. Шынында, мен сендерді дәулетті деп қараймын, сендердің құрсаңлап тұрған (қиямет) күннің азап тауқыметіне дұшар болуларыңнан қорқамын.

85. Уа, жұртым! Сендер өлшеуіш пен таразыда әділ болыңдар, елдің

нәрсесін кем бермеңдер, жержүзінде бұзықтық істеп, шектен шықпаңдар.

86. Егер, мүмин болсаңдар, Алланың қалдырған адал ризықтары, сендерге қайырлы. Мен сендерге қорғаушы емеспін”.

87. “Ей, Шұғайып! Сенің намазың (дінің) бізді ата-бабаларымыз табынып келгенді (пұттарды) тастауға және малдарымызды қалағанымызша істетуден тиылуымызға бұйыра ма? Сен өзің сабаз да есті кісі едің ғой” деді олар.

88. Шұғайып айтты: “Уа, халқым! Айтыңдаршы, Раббым маған айқын дәлел (пайғамбарлық) және тамаша ризық беріп тұрса ше? (Алланың әміріне қайшылық істеймін бе?) Сендерді тиған нәрсемді өзім істеп, сендерге қарсы келуді қаламаймын, қолымнан келгенінше сендерді түзелтуді қалаймын, менің сәттілікке қол жеткізуім тек қана Алланың жәрдемінің арқасы. Аллаға сүйенем және оған жүгінемін.

89. Уа, жұртым! Сендердің маған қарсы тұруларың өздеріңді Нұхтың қауымы, Һұдтың қауымы немесе Салихтың қауымы тап болған азапқа дұшарлатпағай! Лұт елі сендерден алыс емес.

90. Раббыларыңнан кешірім тіленңдер, одан соң оған тәубе қылыңдар, Раббым шынында, ерекше мейірімді, аса аялағыш”.

91. Олар: “Ей, Шұғайып! Біз сенің айтқандарыңның көбін түсінбейміз, Біз, әрине, сені арамыздағы бір нашар адам деп қараймыз, туыстарың болмаған болса, сені таспен ұрып өлтірер едік, сен бізге қадырлы адам есептелмейсің” деді.

92. Шұғайып айтты: “Уа, жұртым! менің туыстарым сендерге Алладан да ардақты ма? Сендер Аллаға шет келдіңдер. Расында Раббым сендердің қылықтарыңды толық біледі.

93. Уа, жұртым! Сендер өз қолдарыңнан келетінді істеңдер, мен өз ісімді атқарамын. Кімнің қорлық азапқа ұшырайтындығы, кімнің өтірікші екендігі таяу арада сендерге белгілі болады. (Істің соңын) күтіңдер, мен де сендермен бірге күтейін”.

94. Әміріміз түскен заматта Шұғайыпты және онымен бірге иман келтіргендерді рақым қылып құтқардық, залымдық істеушілер ашты дауыстан (жер сілкінісімен) үйлерінде еңбектеген күйде лезде серейіп қалды.

95. Жан пенде жасамағандай (үй-жайлары құлазып қалды). Мадияндар да Самуд халқы сияқты зауал тапсын!

96-97. Біз анығында Мұсаны аяттарымызбен және айқын дәлелдерімізбен (мұғжизаларымызбен) перғауынға және оның шонжарларына (пайғамбар етіп) жібердік, олар перғауынның әміріне бағынды. Перғауынның әмірі теріс еді.

98. Перғауын қиямет күні қауымын бастап тамұққа кіреді, оның барар жері қандай жаман десеңші!

99. Олар бұл дүниеде де, қияметте де лағынеттен құтыла алмайды. Бұл неткен жаман сыбаға!

100. Міне бұлар – (күйретілген) осы өлкелердің хабарлары. Оны саған баяндаймыз, бұлардың кейбіреуінен іздері қалған, кейбірі ізсіз жойылған.

101. Біз оларға әділетсздік істемедік, олар өздеріне өздері кесір келтірді. Раббыңның әмірі келгенде, олардың Алладан кешіп табынған құдайлары өздеріне сеп болмады, тек қана зиян жеткізді.

102. (Ей, Мұхаммед!) Раббың қалалардың залым халқын қырына алғанда әне сүйтіп күйретеді, Алланың жазасы расында күйзелткіш әрі қатты.

103. Ақырет азабынан қорыққан адамға бұл сөздерде (қиссада) шынында ғибрат бар, әне сол бір күн (қиямет күні) – Адамдар (есеп беру үшін) жиылатын күн әрі барлық адам әзір болатын күн.

104. Біз оны (қиямет күнін) белгілі уақытқа дейін кешіктіреміз.

105. Қиямет күні болғанда, ешқандай адам Алланың рұқсатынсыз сөйлемейді. Олардың кейбірі бақытсыз, кейбірі бақытты болады.

106. Бақытсыздар тозаққа түседі де, онда аһ ұрады, шыңғырады.

107. Жер мен көк қанша тұрса, олар да тозақта сонша ұзақ тұра береді, ал Алланың қалауы бір басқа. Анығында Раббың қалағанын істейді.

108. Бақыттылар жаннатқа кіреді, жер мен көк қанша тұрса, олар да онда сонша ұзақ тұра береді. Ал Алланың қалауы бір басқа. Бұл (оларға) түгемес сый.

109. (Ей, Мұхаммед!) Олардың (мүшриктердің) пұтқа табынғандарына бола шүбәланба. Олар бұрынғы өз ата-бабаларынша табынады, біз олардың сыбағаларын (жазасын), әрине кемітпей толық береміз.

110. Біз Мұсаға кітап (Тәуратты) бердік. Ол турасында алауыздық туылды (оның қауымы Тәурат хақында талас-тартыста болды). Раббыңның алдын ала айтқан сөзі (олардың жазалануын қияметке қалтыруы жөніндегі үкімі) болмаған болса, оларға (осы күнде-ақ) үкім шығарылар еді. Олар расында Құранға шүбәлануда.

111. Раббың әр адамның істеген ісінің болуын әрине, толық береді. Ол олардың істегенін толық біліп тұрады.

112. (Ей, Мұхаммед!) Хақ иеңнің өзіңе бұйырғанындай тура жолда бол және сенімен бірге тәубе қылғандар да солай болсың! Шектен шығып кетпеңдер, Алла анығында істегендеріңді көріп тұрушы.

113. Зұлымдық істеушілерге бейім болмаңдар, (бейім болсаңдар) тозаққа тап боласыңдар, сендерге Алладан басқа ие жоқ , одан кейін ешбір медетке ие бола алмайсыңдар.

114. Күндіздің екі жағында (таң мен екінті), түннің күндізге таяу кездерінде намаз (ақмам мен жашиық) оқыңдар. Анығында жақсылық жамандықты жояды. Бұл – түсінетіндер үшін уағыз-насихат.

115. (Ей, Мұхаммед!) Сабыр қыл! Анығында Алла жақсы іс істеушілердің сауабын зая қылмайды.

116. Сендерден бұрынғы дәуірлерде өткен ақыл иелері жержүзіндегі бұзықтаққа қалайша тиым салмаған? Олардың аз ғанасын (бұзықтыққа қарсы болғандығы үшін) құтқардық. Зұлымдық істегендері дәулет мастығына салынып күнәлі болады.

117. Раббың халқы түзу болған қала-кенттерді орынсыз типыл қылмайды.

118-119. Егер Раббың қаласа, бүкіл адамзатты бір ғана үмбет (бір ғана дінде) қылар еді. Раббың есіркегендерге ғана болмаса, олар (дін турасында) түрліше болып жүре береді. Алла оларды берекесіздікке жаратты. Раббыңның: “Тозақты жындармен және адамдармен толтырамын” деген сөзі расқа шықты.

120. Пайғамбарлар жөніндегі хабарларды көңіліңді орнықтыру үшін саған баян етеміз. Мұның ішінде саған ақиқат және мүминдерге қаратылған уағыз-насихат, ғибраттар келтіріледі.

121. (Ей, Мұхаммед!) Иман келтірмейтіндерге: “сендер өз беттеріңмен істеңдер, біз де (өз жөнімізбен) істейміз.

122. Сендер (істеріңнің соңын) күтіңдер, біз де күтеміз” деп айт.

123. Жер мен көктің ғайыптары (көмес сырлары) Аллаға тән. Барлық іс Аллаға қайтарылады. Аллаға құлшылық қыл, оған сүйен! Істеген істеріңнен Алла ғапыл қалмайды.

12. ЮСУФ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 111 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Әлиф, Ләм, Ра. Бұл – айқын кітап (Құран) аяттары.

2. Сендер түсінсін деп біз мұны арабша Құран түрінде түсірдік.

3. (Ей, Мұхаммед!) Бұл Құранды саған жіберу арқылы өзіңе қиссалардың ең жақсысын баяндаймыз, бұдан бұрын сен шынында (бұл қиссалардан) хабарсыз едің.

4. Өз уағында Юсуф әкесіне: “Әкетайым, мен расында түсімде он бір жұлдыздың және ай мен күннің маған сәжде қылып тағзым жасағанын көрдім” деді.

5. (Әкесі Яғқұб): “О, құлыным, түсіңді ағаларыңа айтушы болма! Олар саған (бақталастық, қызғанышпен) қастық істеп жүрмесін. Шайтан расында адамдарға әшкере дұшпан.
6. Сол сияқты (түсіңдегідей) Раббың сені (пайғамбарлыққа) таңдайды және түс жоруды үйретеді екен. Аталарың Ибраһим, Ысхақтарға жақсылық-нығыметтерін толық бергеніндей, саған және Яғқұб ұрпағына да өз нығыметтерін толық нәсіп етеді екен. Раббың шынында бәрін білуші, хикмет иесі” деді.
7. Шынында Юсуф пен оның ағалары жайлы (әңгімеде) сұрағандар үшін ғибратты өнегелер бар.
8. Сол кезде Юсуфтың ағалары: “Юсуф пен інісі (Бүнямин) әкемізге бізден көрі аяулы сүйкімді болып барады, ал біз бір мықты топпыз, әкеміз көрнеу алжасып отыр” деді.
9. (Олардың біреуі:) “Юсуфты өлтіріңдер немесе бір қиянға апарып тастаңдар, сонда әкелеріңнің мейірі өздеріне ауады. Сонан кейін (тәубе қылып) жақсы адам болып шығасыңдар” деді.
10. Іштерінен тағы біреуі (Яһуза) сөз алып: “Юсуфты өлтірмеңдер, бір құдықтың түбіне тастаңдар. Осылай істесеңдер, жүргіншілердің бірі оны тауып алады” деді.
11. (Олар осыны құп көрісті де, әкелеріне келіп:) “Әке-ау! Юсуф туралы бізге неге сенбейсің? Анығында біз оған жақсы ниеттеміз.
12. Ертең оны бізбен бірге жіберіңіз, ішіп-жеп ойнасын. Рас біз оны қорғаймыз ” десті.
13. (Әкесі Яғқұб:) “Оны сендер ертіп кетсеңдер уайымдап қаламын ғой, қапелімде оны қасқыр жеп кете ме деп қорқамын” деді.
14. “Біз мықты бір топ адам тұрып, оны қасқырға жегізсек, онда анық қасірет шегеміз ғой” десті олар.
15. (Әкесі ақыры Юсуфты қосып берді.) Олар Юсуфты (түзге) ертіп шықты да, бәрі бір ауыздан құдыққа тастауға келісті. Біз Юсуфке: “Келешекте олардың бұл (қастандық) ісін өздеріне баяндап бересің. Олар (сонда сенің Юсуф екеніңді) білмейді” деп уахи еттік.
16. Олар кешке таман әкесіне жылап-еңіреп келді де:
17. “Әке, Юсуфты нәрсе керегіміздің жанына тастап, жарысып ойнап кеткен едік. Оны қасқыр жеп кетіпті. Нақ шынымызды айтсақ та, бізге сенбейсіз-ау!” десті.
18. Олар Юсуфтың жейдесіне қан жағып әкелген еді. Әкелері: “Жоқ, сендердің нәпсілерің бұл істі өздеріне абзал керсеткен екен. Енді сабыр қылғаным жөн. Сендердің (өтірік) айтқан істерің жайлы Алладан жәрдем тілеймін” деді.
19. Жүргіншілер келіп, (әлгі құдықтан су тартуға) қауғашыларын жіберді.

Ол қауғасын құдыққа тастады да: “Сүйінші! Міне бір ұл бала!” деді. Оны олар сауда малы ретінде сату үшін (тауып алғандығын) жасырды. Олардың қылықтарын Алла әбден біліп тұрды.

20. Олар оны арзан бағада бірнеше теңгеге сатып жіберді, өйткені олар Юсуфке онша қызықпады (құтылғанша асық болды).

21. Оны сатып алған Мысырлық адам өз әйеліне: “Бұған жақсы қара, бізге бір пайдасы тиер немесе бала қылып алармыз” деді. Осылайша Юсуфты сол жерге (Мысыр жеріне) орналастырдық. Оған түс жоруды үйреттік. Алла өз істеріне қуатты, бірақ адамдардың көбі мұны білмейді.

22. Юсуф кәмелетке толғанда оған даналық, білім сыйладық. Біз ізгі іс істегендерді осылай сыйлаймыз.

23. Юсуф тұрған үйдегі әйел (Зылиха) Юсуфты өзіне тартпақ болды да, есіктерін бекітіп: “Бері кел!” деді. “Алла сақтасын! Ол (сенің ерің) менің қожайыным ғой, ол маған жақсылық істеді. (Оған қиянат қылсам) шынында, опасыздар құтылмайды” деді Юсуф.

23. Юсуф тұрған үйдегі әйел (Зылиха) Юсуфты өзіне тартпақ болды да, есіктерін бекітіп: “Бері кел!” деді. “Алла сақтасын! Ол (сенің ерің) менің қожайыным ғой, ол маған жақсылық істеді. (Оған қиянат қылсам) шынында, опасыздар құтылмайды” деді Юсуф.

24. Әйелдің шынында Юсуфке көңілі ауған еді, егер Раббының дәлелін көрмеген болса, Юсуф те ойланып қалар еді. Оны осылайша жамандық пен арсыздықтан қақтық, өйткені ол шын берілген құлымыз еді.

25. Екеуі есікке қарай (бірін-бірі қуа) ұмтылды, Юсуф есіктен шыға бергенде әйел оның жейдесінің артқы өңірін жартып алып қалды. Екеуі есік алдында әйелдің күйеуіне ұшырасып қалды, сонда әйел қожайынына: “Сенің жұбайыңды аяқасты етпек болған адамды абақтыға салу немесе қатты қинаумен жазалауым лазым” деді.

26. “Ол өзі мені шырғаламақ болды” деді Юсуф. Сонда әйелдің жақындарынан бір айғақшы шығып: “Юсуфтың жейдесі алдыңғы өңірінен жартылған болса, онда әйелдікі шын, Юсуфтікі өтірік;

27. Ал егер оның жейдесі артқы өңірінен жыртылса, онда әйелдікі өтірік, Юсуфтікі шын” деді.

28. Ол (Зылиханың күйеуі) Юсуфтың жейдесінің артқы өңірінен жыртылғанын көріп: “Міне, бұл әйелдердің зымияндығы, расында сендердің сайқалдықтарың елден ерек;

29. Юсуф сен мұны жылы жауып қой! (Зылихаға қаратып) сен күнәң үшін кешірім тіле, шынында сен жаңылдың” деді.

30. (Нәтижеде бұл іс жайылып кетті). Қаладағы қатындар: “Уәзірдің әйелі (үйіндегі) малайына машұқ болып, оны шырғаға тартыпты, бізше бұл көпе-көрнеу азғандық” десті.

31. Ол (Зылиха) әйелдердің жаманатты сұмдық сөздерін естіп, оларды шақыруға адам жіберді. Оларға сүйеніп отыратын жастықтар әзірледі және (жеміс аршып жеуге) бірден пышақ ұстатты да, Юсуфке: “Барып оларға көрін!” деді. Әйелдер Юсуфты көрген әлетте тамсана таңырқап (аңырғаннан) өз қолдарын пышақпен кесті. “Ой, Алла-ай! Мынау бір адам емес, ардағы артық періштенің өзі ғой!” десті олар.

32. (Зылиха оларға:) “Мінекей, осы үшін ғой табаларыңа қалғаным. Оны өзіме икемдемек болғаным рас, бірақ ол таза арын сақтады. Егер бұл әлі де әміріме көнбесе, әрине, абақтыға қамалып қор болады” деді.

33. Юсуф: “О, Раббым! Бұлардың кеукеулегеніне көнгеннен көрі зынданға түскенім абзал. Менен олардың сайқалдығын аулақтатпасаң, оларға көңілім ауып, топас, қас надандардың бірі болып қалармын” деді.

34. Раббы оның тілегін қабыл етіп, қатындардың айла-шарғысынан қақты. Шынында, Алла – (тілеген тілекті) толық естіп, біліп тұрушы.

35. Олар (Юсуфтың нахақтық) дәлелдерін көргеннен кейін де оны бір мезет зынданға салуды жөн көрді.

36. Абақтыға Юсуфпен бірге екі жігіт кірді. Оның бірі: “Түсімде шарап сығып жүр екенмін” деді. Екіншісі: “Түсімде төбеме нан көтеріп жүріппін, оны құстар жеп жүр екен. Түсіміздің жоруын айтып бер, біз сені шарапатты адам деп білеміз” деді.

37. Юсуф айтты: “Екеуіңе сырттан тамақ кіргізілгенше түстеріңнің жоруын айтып берейін. Бұл – Раббымның маған үйреткен ғылымы. Анығында Аллаға сенбейтін, ақыретті мойындамайтын елдің дінін тәрк еттім.

38. Ата-бабаларымыз Ибраһим, Ысқақ, Яғқұбтардың дінін ұстандым. Біз Аллаға әсте серік қосуға тиісті емеспіз. Бұл – бізге және адамдарға Алланың берген мархабаты. Бірақ адамдардың көбі (бұған) шүкір етпейді.

39. Ей, түрмелестерім, бөлек-бөлек көп құдай жақсы ма әлде құдіреті күшті бір ғана Алла жақсы ма?

40. Сендердің Алладан өзге табынған нәрселерің тек өздерің және ата-бабаларың қойып алған құр ат қана, Алла оларға (пұт-бұрханға) табын деп ешқандай дәлел түсірген жоқ. Билік Аллада, ол сендерді өзіне ғана құлшылық етуге бұйырған. Міне, бұл тура дін, бірақ адамдардың көбі (мұны) білмейді.

41. Ей, түрмелестерім, екеуіңнің бірің қожайыныңа шарап құйып береді екенсің (яғни, абақтыдан шығып, патшаға шарап құюшы лауазымың қалпына келеді). Енді бірің дарға асылып, оның басын құс шоқиды екен. Сендер сұраған істің үкімі осылай бітеді” деді.

42. Екеудің абақтыдан шығады деп ойлаған біріне: “Қожаңның қасына барғанда мені де ескерерсің!” деді (Юсуф). (Бірақ) қожасының қасында

Юсуфты еске алуды оған шайтан ұмыттырды, сонымен Юсуф абақтыда бірнеше жыл жатып қалды.

43. (Бір күні) патша: “Түсімде жеті арық сиырдың жеті семіз сиырды жеп жатқанын және жеті жас масақ пен жеті қураған масақ көрдім. Ей, білгірлер, түс жори алсаңдар, осы түсімді жорып беріңдер” дейді.

44. Олар: “Бұл бір шым-шытырық түс екен, біз мұндай түсті жори алмаймыз” деді.

45. Әлгі екеудің (қамаудан) құтылған біреуі бір талайдан кейін Юсуфты есіне алды да: “Бұл түстің жоруының хабарын әлі-ақ жеткіземін, мені дереу (абақтыға) жіберіңіздер” деді.

46. (Оны жіберді, ол Юсуфке барып:) “Ей, шыншыл Юсуф, жеті арық сиырдың жеті семіз сиырды жегені және жеті жас масақ пен жеті қураған масақ (түске кірсе не болады?) мұның жоруын айтып бер! Мен қайтып барып айтып, оларға да (сенің ғылымпазылыңды) білдірейін” деді.

47. Юсуф айтты: “Жеті жыл ұдайы егін егесіңдер де, орған астықтан жеуге аздап бастырып алып, қалғанын сабағымен қоясыңдар (бұзылмас үшін).

48. Ал содан кейін жеті жыл қуаңшылық болады, (сонда) бұрынғы жинаған астықтарыңды жейсіңдер, аз мөлшердегісін ғана (ұрыққа) сақтайсыңдар.

49. Оның артынан жаңбыр мол жауатын (молшылық) жылдар келіп, адамдар жеміс шырынын сауатын болады” деді.

50. (Юсуфтың жоруын естіген) Патша: “Оны мұнда алып келіңдер” деді. Юсуфке (патшаның) шабарманы келгенде, Юсуф оған: “Қожайыныңа қайтып барып, одан әлгі қолын кесіп алған қатындардың ісін (білеме екен?) сұрап көр. Анығында, олардың сайқалдығын Раббым әбден біледі” деді.

51. Патша (әлгі қатындарды және өз қатынын шақырып алып): “Сендердің Юсуфті шырғаламақ болғандағы нақ ахуалдарың қандай болған” деп сұрады. “Құдай сақтасын! Юсуфтен еш жамандық сезіп-білмедік” деді қатындар. Уәзірдің қатыны да: “Істің шындығы, міне ашылды, оны шырғалап тартпақ болғаным рас еді, ол анық шыншыл адам” деді.

52. (Юсуф айтты:) “Бұл (шабарманды қайтаруым) расында оған өзі жоқта қиянат қылмағандығымды және анығында Алла қиянатшыларды оңдамайтындығын білдіру үшін еді”.

53. “Мен өзімді ақтамаймын, Раббымның рақымы түскен (мұндайдан пәк сақтаған) адам болмаса, шынында, нәпсі жамандыққа бұйырады. Раббым расында өте кешірімді әрі мейірімді”.

54. Патша: “Юсуфты алып келіңдер. Оны өзімнің арнаулы адамым етіп

аламын” - деді. Юсуф (келіп) онымен сөйлескенде, патша: “Бүгін біздің алдымызда сенімді әрі мәртебелі болдың” - деді.

55. Юсуф: “Мені мемлекеттің қазынасын басқаруға қойыңыз, өйткені мен (қазына басқару жолын) жақсы білемін, әрі оны қорғай аламын” - деді.

56. Біз Юсуфты міне, осылайша ол жерге қалаған орында тұра алатын етіп орналастырдық, қалаған адамымызды рақымымызға бөлейміз. Жақсы іс істегендердің сауабын зая кетірмейміз.

57. Иман келтіріп, тақуа болғандарға ақыреттің сыйлық-сауабы (бұл дүниенің дәулетінен) артық.

58. Юсуфтың ағалары (ашаршылық жылдары астық іздеп Мысырға келді де) Юсуфтың қабылдауында болады, Юсуф оларды таныды, олар інісін танымады.

59. Юсуф оларға астық бергеннен кейін: “Сендер енді бір әкеден туған інілеріңді (Буняминді) ала келіңдер. Менің (астықты) толық өлшеп бергенімді және меймандос екендігімді көрмедіңдер ме?

60. Егер оны маған ертіп келмесеңдер, (мұнан былай) мен де сендерге астық бермеймін, алдыма да келуші болмаңдар” - деді.

61. Олар: “Біз оны әкесінен рұқсат сұрап, әкелуге тырысамыз, сөзсіз (айтқаныңды) орындаймыз” - десті.

62. Юсуф қызметшілеріне: “Бұлардың (астыққа айыр бастаған) заттарын жүктерінің арасына салып жіберіңдер, олар үйлеріне қайтып барғанда оны көріп (бізге қайтарып беру үшін) қайтып келуі мүмкін” - деді.

63. Олар әкелеріне қайтып барғанда: “Ой, әке! (Мысыр патшасы) бізге енді астық бермейтін болды. Ініміз (Бүняминді) бізбен бірге жібер, (сонда ғана) астық алуымызға болады, біз оны сөзсіз қорғаймыз!”- десті.

64. (Әкелері Яғқұб:) “Бұдан бұрын оның ағасын (яғни, Юсуфты ертіп жібергенде) сендерге сенгенім сияқты, енді бұған да сенейін бе? Алла – ең жақсы қамқор, ең мейірімді” - деді.

65. Олар жүктерін ашқанда (астыққа айыр бастаған) заттарының өздеріне қайтарылғандығын көріп: “Ой, әке! (Бұдан өзге) не тілеуге болады? Заттарымыз өзімізге қайтарылыпты, (інімізді апарсақ) үйімізге астық алып келеміз, інімізді қорғаймыз, тағы бір түйе артық астық аламыз, негізінен бұл (патша үшін) аз ғана астық қой” - деді.

66. Яғқұб: “Барлығың бірге қолға түсіп қалсаңдар амал жоқ, бірақ оны қалайда маған қайта әкелуге Алланың атымен серт бермесеңдер, оны сендермен бірге жібермеймін” - деді.

67. Ол және: “Ей, балаларым! Қалаға барлығың бір қақпадан кірмей, бөлініп әр қақпадан кіріңдер. Сендерге Алланың бұйрығынан ешнәрсені тоса алмаймын, үкім Аллада ғана. Аллаға тәуекел еттім, тәуекел ететіндер Аллаға тәуекел етсін!” - деді.

68. Олар қалаға (Мысырға) әкелерінің айтқанындай (бөлініп) кірсе де, Алладан келетін тағдырдың ешқайсысына қалқан бола алмады, тек Яғқұбтың көңіліндегі бір үмітті орындаған болды. Яғқұб біз үйреткен ғылым иесі еді. Алайда адамдардың көбі оны білмейді.

69. Олар (Яғқұбтың ұлдары) Юсуфтың қабылдауына кіргенде Юсуф інісін (Буняминді өз қасына алып) құшақтап: “Мен – сенің ағаңмын, олардың қылықтарына ренжіме!” - деді.

70. Юсуф оларды (астықпен) қамдағаннан кейін су ішетін кесесін інісінің жүгінің ішіне тыққызып қойды. Одан соң біреу : “Ей, керуеншілер, сендер нағыз ұры екенсіндер” - деп дауыстады.

71. Олар бұрылып: “Бірдеңелерің жоғалды ма?” - деді.

72. Әлгілер: “Патшаның су ішетін кесесін жоғалттық, оны тауып берген кісіге бір түйе жүк сыйлық береміз, мен бұған кепілмін” - деді.

73. Олар: “Аллаға ант етеміз! Өздеріңе мәлім, біз бұл жерге бұзақылық істеу үшін келмедік және ұры-қары да емеспіз” - деді.

74. Олар (Юсуфтың қызметшілері): “Егер сөздерің өтірікке шықса, оның жазасы не болмақ?” - деді.

75. “Оның жазасы: Кесе кімнің жүгінен шықса, соның өзі құл болады (соны алып қаласыңдар). Біз залымдарды осылайша жазалаймыз” - деді.

76. Олар Юсуфтың інісінің жүгінен бұрын басқалардікін ақтара бастады, ақырында кесені Юсуфтің інісінің жүгінен тапты. Біз Юсуфке осындай амал үйреттік. (Мысырда) патшаның заңы бойынша Юсуф інісін алып қала алмайтын еді, бірақ Алла (осылай болуын) қалады. Біз қалаған адамымыздың дәрежесін көтереміз. Әрбір білімдіден де асқан білімді (кемеңгер) бар.

77. Олар: “Егер (бұл) ұрлаған болса, мұның ағасы да бұрын ұрлық жасаған болатын” - десті. Юсуф бұлардың жалған сөзін (біліп тұрса да) ішіне бүкті, оларға ашып айтпады, “Сендер және де тым жаман жағдайда тұрсыңдар, айтқан сөздеріңді Алла біледі” - деп қана қойды.

78. Керуеншілер айтты: “Алдияр тақсыр, мұның селкілдеп отырған қарт әкесі бар еді, орнына біздің бірімізді алып қалсаңыз екен, расында біз сізді ізгі-жақсылардан деп білеміз” десті.

79. Юсуф: “Алла сақтасын! Нәрсемізді кімнің жүгінен тапсақ, соны алып қаламыз, әйтпесе залымдардан болғанымыз ғой” - деді.

80. Олар (талабын орындатудан) үміт үзгеннен кейін оңашаланып құпия кеңесті. Олардың үлкені (Яһуза) айтты: “Әкелерің сендерден Алла атымен серт алғанын және ілгеріде Юсуф жөнінен айыпты екендіктеріңді білмейсіңдер ме? Әкемнің ризалығынсыз әрі Алла маған бір үкім айтқанша бұл жерден тапжылмаймын. Алла – ең әділ үкім шығарушы.

81. Сендер қайтып әкемізге барыңдар да: “Ой, әке ұлың расында, ұрлық жасады, біз білетін нәрсемізге ғана айғақпыз, ғайыпты біле алмаймыз;

82. (Сенбесеңіз) біз тұрған қаладағылардың және бізбен бірге болған керуеншілерден сұраңыз, айтқанымыздың бәрі рас деңдер”.

83. (Олар әкесіне барып болған істі мәлімдегенде) Яғқұб: “Жоқ! Сендердің бұл іске нәпсілерің қызықтырған екен, енді сабыр еткенім жөн болар, оларды Алла өзі түгел оралтқай! Алла анығында, бәрін білуші, хикмет иесі” - деді.

84. Яғқұб бұларға сырт берді де: “Қайран Юсуфым-ай!” деп қайғыдан (көп жылай бергендіктен) екі көзі ағарды, қасіретін ішіне жұта берді.

85. Балалары: “Аллаға ант етеміз, Юсуфты бұлай ойлай бермеңіз, қайғыдан қан жұтып өліп кетесіз ғой” - десті.

86. (Яғқұб айтты:) “Мен қайғы-мұңымды Аллаға ғана шағамын, Алладан сендер білмегенді білемін.

87. Әй, балаларым, барыңдар, Юсуфты, оның бауырын іздеңдер, Алланың рақымынан күдер үзбеңдер. Шынында, кәпір қауымдар ғана Алланың рақымынан күдер үзеді”.

88. Олар (жолаушылап Мысырға қайта барып) Юсуфтың қабылдауына кіргенде: “О, мәртебелі тақсыр, бізге және отбасымызға ашаршылық келді, оның үстіне әкелген нәрсеміз де мардымсыз, бізге жетерлік астық беріңіз, садақа да беріңіз! Анығында, Алла садақа бергендерді сыйлайды” - деді.

89. “Сендер надан кездеріңде Юсуф пен оның інісіне істегендеріңді білесіңдер ме?” - деді (Юсуф).

90. “Сен өзің рас Юсуфсың ба?” - деді олар. Юсуф: “Мен – Юсуфпын, мынау менің інім, Алланың бізге рахымы түсті. Кім де кім тақуа болып, сабыр етсе (сауап алады), шынында, Алла қайырлы іс істегендердің еңбегін зая кетірмейді ” - деді.

91. Олар: “Аллаға ант етеміз, шынында, Алла сені бізден артық жаратыпты, біз рас күнәһар болдық” - десті.

92. Юсуф: “Сендерге бүгін сөгіс жоқ, Алла сендерді кешіргей, Алла асқан мейірімді.

93. Сендер менің мына жейдемді алып барып әкемнің жүзіне ұстаңдар, сонда көзі қалпына келеді және барлық үй іштеріңмен маған келіңдер” - деді.

94. Керуен (Мысырдан шамға қарай) жолға шыққанда олардың әкесі (Яғқұб пайғамбар): “Мені алжыды демесеңдер, мұрыныма Юсуфтың иісі келіп тұр” - деді.

95. Балалары: “Аллаға ант! Сен әлі бұрынғыдай алжасулы екенсің” - десті.

96. Сүйінші сұраушылар келгеннен кейін жейдені Яғқұбтың жүзіне ұстағанда оның көзі қалпына келді. Яғқұб: “Мен Алладан сендер білмегенді білемін демеп пе едім?!” - деді.

97. Ұлдары: “Әй, әке, біз шынында жаздық-жаңылдық, күнәміз үшін (Алладан) кешірім тілегейсіз!” - деді.

98. Яғқұб: “Сендер үшін Раббымнан кеңшілік тілеймін, анығында, Алла аса кешірімшіл, өте мейірімді ” - деді.

99. Олар (Яғқұб ғалайһиссәләм үй ішімен) Юсуфқа келгенде Юсуф әке-шешесін құшақтады және: “Алла қаласа, аман-есен Мысырға кіріңдер” - деді.

100. Юсуф әке-шешесін құрметті орынға отырғызды. Олар Юсуфке бас қойып, сәжде етті. (Сонда Юсуф айтты:) “Жан әке, бұрынғы көрген түсімнің жоруы, міне осы. Түсімді Раббым шындыққа айналдырды, туыстарым мен менің арамды шайтан алыстатқаннан кейін, мені абақтыдан шығарып, сендерді сахарадан мұнда әкеліп, Раббым маған қайырымдылық етті. Расында, Раббым қалаған адамына шапағатты. Ол – бәрін білуші, хикмет иесі.

101. Уа, Раббым! Маған патшалық бердің, түс жоруды үйреттің. Уа, жер мен көктің жаратушысы! Бұл дүние мен ақыреттегі ием – өзіңсің. Мені мұсылман қалпында ала гөр және игілер қатарына қос!”.

102. (Ей, Мұхаммед!) ғайыптың хабарлары болған бұл әңгімені саған уахи етеміз. Олар (Юсуфтың ағалары) Юсуфке сұмдық амал-айла ойлағанда, сен олардың қасында жоқ едің.

103. Сен адамдардың иман келтіруіне қанша ынтық болсаң да, олардың көбі иман келтірмейді.

104. Сен (Құран сөзін жеткізгеніңе) олардан ақы сұрамайсың, Құран – барша әлемге уағыз-насихат.

105. Жер мен көкте толып жатқан ғаламаттар бар, адамдар оған зер салмай жолай өтіп жүре береді.

106. Олардың көбі Аллаға сенбейді, сенсе де серік қосады.

107. Олар Алланың жазасының өз бастарына келуінен немесе қияметтің аңдаусызда (оқыс) келіп қалуынан қауіптенбей ме?

108. (Ей, Мұхаммед!) “Менің жолым – осы, (адамдарды) Аллаға шақырамын. Мен және маған ілескендер дәлелге сүйенеміз. Алла пәк. Мен мүшріктерден емеспін” - де.

109. Сенен бұрын қала халқынан (пайғамбар етіп) еркектерді ғана жіберіп, уахи беріп тұрдық. Олар (пайғамбарға сенбеген халық) өздерінен ілгергілердің тағдыры не болғанын (жер бетін) кезіп жүріп көрмей ме? Тақуаларға ақырет тұрағы қайырлы. Түсінбейсіңдер ме?

110. Пайғамбарлар (елінің иманға келуінен) күдер үзіп, өтірікші саналдық деп ойлаған шақта, оларға біздің жәрдеміміз келді де, қалаған адамымызды құтқардық. Күнәһар қауымға жіберген бейнет-азабымыз қайтарылмайды.

111. Олардың әңгімелерінде ақыл иелері үшін ғибрат бар. (Құран) ойдан шығарылған сөз емес, ол өзінен ілгергі кітаптарды растайды, барлық нәрсені анық баяндайды, әрі ол иман келтіргендер үшін туралыққа нұсқаушы және рақымымыз болып табылады.

13. РАҒЫД СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 43 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Әлиф, Ләм, Мим, Ра. Бұл – кітаптың (Құранның) аяттары. (Ей, Мұхаммед!) Саған Раббыңнан түсірілгендер хақ, бірақ адамдардың көбі сенбейді.

2. Өздерің көріп тұрсыңдар, Алла көктерді тіреусіз тұрғызды, одан соң ол аршы үстінде үкім жүргізіп, күн мен айды(құзырына) алды, бұлардың әрбіреуі қарарлы мерзімге дейін жылжып жүреді. Ол күллі істі жүргізеді. Сендерді Раббыларыңа жолығатындықтарыңа нансын деп, аяттарды тармақтап баяндайды.

3. Алла жержүзін көсілтіп кең жаратты да, оған таулар мен өзен-дәрияларды, жемістердің әртүрін аталық-аналық етіп екі жұптан жаратты, түнді күндізге жамылғы етті. Міне, осыларда ой жүгірте білетін қауым үшін дәлелдер бар.

4. Жержүзінде іргелес құрлықтар бар, жүзім бақшалары, түрлі егіндер, салалы және дара біткен құрма ағаштары бар. (Солардың) бәрі бір сумен суарылады, бірақ бірінен бірінің дәмін өзгеше жараттық. Міне, бұларда түсінетін қауымға (Алланың құдіретін танытатын) дәлелдер бар.

5. (Уа, Мұхаммед!) Егер таңырқасаң, олардың (кәпірлердің): “Біз (өліп) топырақ болғаннан кейін қайтадан жаратыламыз ба?” деген сөзіне таңырқағаның жөн. Әне, солар – Раббыларына қарсы болғандар, (қиямет күнінде) әне, солардың мойынына шынжыр салынады. Әне солар тозақтық болып, онда мәңгі қалатындар.

6. Олар сенен жақсылықтан бұрын жамандықтың келуін асыға тілейді. Анығында олардан бұрын да ғибрат аларлық ондай мысалдар (Алланың қаһарына ұшырағандар) бар. Адамдар зұлымдық істесе де, Раббың оларға расында кешірмшіл, сондай-ақ Раббыңның жазасы да аса ауыр.

7. Кәпірлер: “Раббыңнан оған (Мұхаммедке) неге бір мұғжиза түспейді?” - деседі. Сен – бір ескертушісің, әр елдің бір туралыққа бастаушысы болады.

8. Әрбір ұрғашы жыныстың не көтергенін (яғни ұл ма, қыз ба? Жалқы ма, егіз бе? Бақытты ма, бақытсыз ба? Өмірі ұзақ па, қысқа ма?), тіпті жатырдың (жүктілік уақытын) кемітіп, не асырып жіберуін де Алла біледі. Алланың құзырында барлық (нәрсенің) өлшемі бар.

9. Алла – көпе-көрнеуді де, (жасырын) көмескіні де білуші, аса ұлы, ерекше

асқақ.

10. Сендерден құпия сөйлегендер де, әшкере сөйлегендер де түн жамылып жасырынғандар да, күндіз ашық шыққандар да барлығы да (Аллаға аян).

11. Әр адамның алды-артында Алланың әмірі бойынша өкшелей қорғап жүрген періштелер бар, әр ел өз күйін өзгертпейінше, Алла оларды өзгертпейді (әр ел өз басындағы Алла берген бақ-дәулетті күнәлі болып өзі тайдырып алмаса, Алла оны тартып алмайды), Алла бір елге пәле-жала келуді қаласа, оны қайтаруға болмайды, олар үшін Алладан басқа ешбір ие жоқ.

12. Алла сендерді қорқыту үшін найзағайды көрсетеді және үміттендіру үшін қою бұлттарды шығарады.

13. Көктің күркірі Алланың ерекше пәктігіне мадақ-мақтау айтады, періштелер де (қорыққанынан) оған мадақ-мақтау айтады. Алла найзағайды түсіріп, көздегеніне дарытады. Алланың амалы ерекше күшті, сонда да олар Алла хақында таласады.

14. Шынайы тілек-дұға Аллаға арналалады. Алладан өзгеге (пұт-бұрхандарға) дұға жасағандардың ешбір дұғасын олар қабылдай алмайды. Аузыма су тиер деп екі алақанын жая, суға қарай құр қол созып тұрған адамның ауызына мүлде су келмейді, кәпірлер дәл осы сияқты. Кәпірлердің дұға-тілегі теккана адасушылық.

15. Жердегілер мен көктегілер (періштелер, жындар, адамдар) ерікті-еріксіз түрде Аллаға бас иеді, тіпті олардың көлеңкелері де ертелі-кеш бас иеді.

16. (Ей, Мұхаммед! мүшриктерден:) “Жер мен көктің Раббы кім?” деп сұра да, “Алла” - деп айт. “Сендер Алладан шеттеп, өзіне де пайда-зиян келтіре алмайтын нәрсені ие тұттыңдар ма?” де. “Көрмейін мен көретін адам, қараңғылық пен жарық тең бе?” де. Не болмаса, мүшриктер Алланың (күллі мақлұқатты) жаратқанындай жарата алады деп Аллаға серіктер қосқанда, олардың жаратқаны мен Алланың жаратқанын айыра алмай қалмады ма екен? “күллі заттың жаратушысы – Алла. Алла – бір, ол қаһарлы” - де.

17. Алла көктен жаңбыр жаудырды, жылғалар толы су көпіршіген көбігін қалқытып сел болып ақты. Зейнет бұйымдарын немесе аспап жасау үшін отқа салып балқытқан металдар да, сондай көбік болады. Алла ақиқат пен жалғанды осындай мысалмен баяндайды. Өйткені көбік ағып ұшып кетеді де, адамдарға пайдалы нәрселер жержүзінде сарқылып қалып қояды. Алла міне, осылайша мысалдайды.

18. Алланың (иманға) шақыруын қабылдағандарға жақсылық бар. Ал қабылдамағандар бүкіл жержүзіндегі нәрселер және тағы сондай нәрсе өзінікі болса да, олар (ақыреттің азабынан) өздерін құтқару үшін оны бодауға берер еді. Олардан мықтап есеп алынады. Олардың барар орны – тозақ, ол неткен жаман орын десеңші!

19. (Ей, Мұхаммед!) Раббыңнан саған түсірілгенді (Құранды) ақиқат деп білетін адам мен (оны көрмейтін көңілі) соқыр адам бірдей ме? Тек ақыл иелері ғана одан насихат ала біледі.

20. Олар – Алланың уәдесін орындағандар, берген серттерінен таймағандар.

21. Олар – Алланың қайырласуға бұйырған әмірін жалғастырғандар, Алладан қорқып, мықтап есеп алынудан қауіптенгендер.

22. Олар – Раббыларының ризалығын тілеп, (ұшыраған қиыншылыққа) сабыр сақтағандар, намаз оқығандар, өздеріне берген несібемізді жария және жасырын (қайыр-садақамен) жұмсап отырғандар, жамандықты жақсылықпен жуғандар. О дүниенің жемісі солардікі.

23. Олар Ғадын атты жәннатқа кіреді, олардың ата – бабаларының, әйелдерінің, үрім-бұтақтарының игі-жақсы болғандары да сол жәннатқа кіреді. Оларға әр есіктен періштелер кіреді де:

24. “Сабыр сақтағандарың үшін сендерге есендік! Ақыреттегі орындарың неткен жақсы!” дейді.

25. Аллаға мықтап серт беріп алып, артынан оны бұзғандар, Алланың қарайласуға бұйырған әмірін жалғастырмағандар, жержүзінде бұзақылық істегендер – міне осылар қарғыс алады, ақыретте тауқымет тартады.

26. Алла қалаған адамының ризығын молықтырып та, тарықтырып та қояды. Олар (мүшіріктер) дүние тіршілігіне мәз болып жүр, дүние тіршілігі дегенің ақыреттегіге қарағанда аз күндік қана күнкөріс.

27. Кәпірлер: “Раббыңнан оған (Мұхаммед пайғамбарға) неге мұғжиза түспейді?” - дейді. (Ей, Мұхаммед!) “Шынында, Алла кімді қаласа соны адастырады, өзіне (шын) берілгенді тура жолға салады” - де.

28. Ал сондай иман келтіргендердің көңілі Алланы еске алумен (зікір етумен) жай табады. Естеріңде болсын, Алланы еске алумен көңіл орнығады.

29. Иман келтіріп, ізгі іс істегендер шаттыққа кенеледі, тамаша тұраққа барады.

30. (Ей, Мұхаммед!) Өзіңе уахи еткен кітапты (Құранды) Аллаға қарсы болған бір елге оқып берсін деп сені жібердік, олардан бұрын да сондай талай ел өткен. Оларға: “Ол (Алла) – менің Раббым, одан өзге ешбір құдай жоқ, соған ғана сүйенем, оның құзырына ғана қайтамын” - деп айт.

31. Егер, Құран арқылы таулар төңкеріліп, жер жарылып, өліктер сөйлестірілсе де (сенбейтіндер бәрібір сенбейді), барлық іс Алланың қолында. Мүміндер білмеді ме? Егер Алла қаласа, адам баласын (бөліп жармай) бәрін де тура жолға салар еді. Алланың уәдесі іске асқанға дейін, кәпірлер өз қылмыстары үшін пәле-жалаға ұшырап (жазаланып) тұрады немесе пәлекеттер олардың мекенжайларына (ескерту үшін) таяу маңға түседі. Расында Алла уәдесінен таймайды.

32. (Ей, Мұхаммед!) Сенен бұрынғы пайғамбарлар да тәлкекке ұшыраған болатын. Кәпірлерге бір мезет кеңшілік жасап, одан соң олардың сазайын бердік. Берген жазамыз қандай екен?

33. Әркімнің істегенін бақылап тұрушы Алла емес пе? (Ол бұттарға ұқсай ма?) Олар Аллаға серік қосты. (Ей, Мұхаммед! Оларға:) “Пұттардың атын атап көріңдер” - де. “Жержүзінде Алла білмейтін нәрсе бардай-ақ сендер оны Аллаға айтып бермексіндер ме? Немесе бос сөзбен оларды Аллаға серік етпексіндер ме?” - де. Жоқ, кәпірлерге (жасаған) сұмдықтары ұнамды көрін-

ді де, олар тура жолдан тайды. Алла адастырған адамға тура жол көрсетуші жоқ.

34. Олар бұл дүниеде азапқа тап болады, ақырет азабы тіпті де қатты. Оларды Алланың азабынан сақтаушы жоқ.

35. Тақуаларға уәде етілген жәннаттың сипаты: Іргесінен тамаша бұлақтар ағып жатады, оның жемістері мен саясы мәңгілік. Тақуалардың соңғы орны, әне, сол. Кәпірлердің соңғығы орны – тозақ.

36. (Ей, Мұхаммед!) Біздің (тәурат, інжіл) кітап арнаған адамдарымыз (олардың иман келтіргендері) саған түсірілген Құранға шаттанады, (саған қарсы) одақтасқан топтардан Құранның кей жерін мойындамайтындар да бар. “Мен тек Аллаға ғана құлшылық етуді, әрі оған ешбір ортақ қоспауға бұйырылдым, (адамдарды) Алла жолына шақырамын, Алланың құзырына ғана қайтамын” - де (оларға).

37. Осылайша Құранды (араб тілінде) үкім етіп түсірдік. Саған ғылым келгеннен кейін, олардың (кәпірлердің) нәпсісінің жетегіне ерсең, өзіңе Алланың азабынан арашалайтын бірде-бір қамқор да, қорғаушы да табылмайды.

38. Сенен бұрын да талай пайғамбарлар жібердік, оларға да жұбайлар, ұрпақтар сыйладық. Алланың рұқсатынсыз ешбір пайғамбар бір аят (мұғжиза) келтіре алмайды. Әрбір уақыт үшін жазылған үкім бар.

39. Алла оның қалағанын өшіреді де, қалағанын орнықтырады. Негізгі кітап (Лаухұлмахфуз) Алланың құзырында.

40. Оларға (кәпірлерге) уәде етілген жазаның кейбірін саған көрсетсек те, немесе (одан бұрын) сенің жаныңды алсақ та, сенің міндетің тек жеткізу (тәблиғ ету) ғана. Біздің міндетіміз – есеп алу.

41. Олардың жеріне келіп жан-жағынан қусырып бара жатқанымызды (яғни кәпірлер жерінің тарылып, Ислам жұртының кеңейіп бара жатқанын) өздері көрмей ме? Үкім Алладан. Оның үкіміне қарсы келуші ешкім жоқ. Алланың есеп алуы да тез.

42. Олардан (Құрайыш кәпірлерінен) бұрынғылар да сайқалдық істеткен еді. (Оларға қарсы) амал-шараның барлығы Аллада. Алла әркімнің істеген ісін біліп тұрады. Кәпірлер бұл дүниенің соңғы жақсылығы кімге тән бұйыратынын білетін болады.

43. (Ей, Мұхаммед!) Кәпірлер саған: “Пайғамбар емессің”, дейді. Оларға: “Сендер мен менің арама (менің пайғамбар екендігіме) Алланың куәлігі және Алланың кітабын білетіндердің куәлігі жеткілікті” -деп айт.

14. ИБРАҺИМ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 52 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Әлиф, Ләм, Ра. (Ей, Мұхаммед!) Раббыңның әмірімен адамдарды қараңғыдан жарыққа шығаруың және (барлығынан) үстем әрі (барлық тілде) мадақталған Алланың жолына салуың үшін, біздің саған түсірген кітабымыз – осы (Құран).
2. Жер мен көктегі барлық нәрсе – Алланың мүлкі, кәпірлерге қатты азап болатыны қандай өкінішті!
3. Олар бұл дүниені ақыреттен артық көреді, (адамдарды) Алланың жолынан тосады, Алла жолының бұралаң болуын тілейді. Әне, солар (ақиқаттан) алыстап (лағып) барады.
4. Пайғамбарларды өз еліне (Алланың шариғатын) ашық түсіндірсін деп өз (елінің) тілімен жібердік. Алла қалаған адамын адастырады, қалаған адамын тура жолға салады. Алла аса үстем әрі хикмет иесі.
5. Мұсаны қауымыңды қараңғыдан жарыққа шығар, оларға (бастарынан кешкен) қиын күндерін естеріне сал деп мұғжизаларымызбен жібердік. Мұнда (бейнетке) сабыр, (жақ-сылыққа) шүкір етушілер үшін ғибраттар бар.
6. Мұса сол кезде еліне: “Алланың сендерге берген жақсылығын еске алыңдар, ол өз уағында сендерді Перғауынның (қандықолы) тобынан құтқарды. Олар сендерді жаман азаппен қинаушы еді, ұлдарыңды бауыздап, әйелдеріңді ғана қалдырушы еді. Міне, мұнда Раббыларыңнан сендерге үлкен сынақ бар еді” деді.
7. Сонда Раббыларың: “Егер (жақсылығыма) шүкірлік етсеңдер, оны арттыра беремін, егер, күпірлік жасасаңдар, азабым, әрине, аса қатты” - деп жариялағанды.
8. Мұса (қауымына): “Егер сендер және жержүзіндегі барлық адам қарсы болсаңдар да (Аллаға ештеңе жасай алмайсыңдар), анығында, Алла мұқтажсыз, мақтауға лайық.
9. Сендерге өздеріңнен бұрынғы Нұһ қауымының, Ғадтар мен Самұдтардың және олардан кейінгі санын Алла ғана білетін қауымдардың хабары келмеді ме? Оларға пайғамбарлары мұғжизалармен келді, бірақ олар саусақтарымен (пайғамбарларға) ишарат етіп: “Біз сендердің пайғамбарларыңды мойындамаймыз, сендердің үгіттеген нәрселеріңе расында, күмәндамыз” - деді.
10. Олардың пайғамбарлары: “Жер мен көкті жаратушы Аллаға шек келтіресіңдер ме? Алла күнәларыңды кешіру үшін сендерді (иманға)

шақырды және сендерді (жазалауды) белгілі уақытқа дейін кешіктіреді” - деді. Олар (Мұсаның қауымы): “Сендер де біз сияқты адамсыңдар, бізді ата-бабаларымыздың табынғанынан қайтармақсыңдар ғой. Онда (бізге анық) бір дәлел көрсетіңдер ” - деді.

11. Пайғамбарлары оларға айтты: “Біз сендер сияқты кәдімгі адамбыз, бірақ Алла пенделерінен кімді қаласа, соны рахымына бөлейді. Алланың әмірінсіз сендерге мұғжиза көрсете алмаймыз. Мүміндер Аллаға ғана тәуекел етсін!

12. Тура жолға бастаған Аллаға қалайша сенім артпаймыз? Бізге тарттырған бейнеттеріңе, әрине, сабыр сақтаймыз, тәуекел етушілер Аллаға тәуекел етсін!” - деді.

13. Кәпірлер өз пайғамбарларына: “Сендерді сөзсіз жерімізден қуамыз, не болмаса дінімізге қайта ораласыңдар” - деді. Раббылары оларға (пайғамбарларға) мынадай уахи берді: “Залымдарды сөзсіз құртамыз.

14. Олардан кейін сол жерге сендерді тұрғызамыз. Бұл (жеңіс) менің алдымда (сұрақ суралудан) қорыққандар ескертуімен именгендер үшін”.

15. Пайғамбарлар Алладан жеңіс тіледі, тоңмойын озбырлардың барлығы зиян тартты.

16. Оларға азапталар тозақ бар, (тозақта) іріңді сумен шөлін басады.

17. Оны (ащылығынан) ұрттап ішіп, кеңірдектен әрең өткізеді. Шартараптан өлім қоршайды, бірақ өле алмайды. Оның артынан тағы да қатты азапқа ұшырайды.

18. Раббыларына қарсы келгендердің істеген (жақсы) амалдары, боранды күні жел ұшырған күл секілді, олар (бұл жалғанда) істеген жақсылығынан титтей де сауапқа ие бола алмайды. Бұл барынша адасқандық!

19. Алланың көк пен жерді шындық негізінде жаратқанын көрмедің бе? Егер Алла қаласа, сендерді жоғалтып, (орындарыңа) жаңа бір халықты жаратады.

20. Бұл Аллаға қиын емес.

21. (Қиямет күні) Барлық адам (тіріліп) Алланың құзырына жиылады, сонда әлсіздер зор сынғандарға: “Біз сендердің ілесушілерің едік, сендер бізге түскен Алланың азабын азда болса жеңілдете аласыңдар ма?” - дейді. Олар айтады: “Алла бізді оңғарған болса, әрине біз де сендерді оңғарған болар едік, енді қиналсақ да, шыдасақ та бізге бәрібір, құтылар жеріміз жоқ”.

22. Іс біткен шақта (адамдар жұмақ пен тозаққа айырылып болғанда) шайтан айтады: “Алла сендерге (бойсұнғанды сыйлау, қарсы шыққанды жазалау деген) шын уәдесін берген еді (ол рас болды), мен де сендерге (жұмақ, тозақ жоқ деп) уәде берген едім, бұған опасыздық

істедім (айтқаным өтірік болды). Менің сендерге өктемшілігім жоқ еді, бар болғаны (азғындыққа), сендер оны қабылдадыңдар, сол үшін мені айыптамаңдар, өздеріңді айыптаңдар. Мен сендерді құтқара алмаймын, сендер де мені құтқара алмайсыңдар. Сендердің бұрыннан-ақ мені Аллаға серік етіп қосуларыңды мойындамаушы едім. Расында, залымдар қатты азапқа дұшар болады".

23. Иман келтіріп, ізгі істермен шұғылданғандар Раббыларының рұқсатымен іргесінен бұлақтар ағып жатқан жәннаттарға кіргізіледі, олар онда мәңгі қалады. Жәннатта олар бір-бірімен "сәлем" деп амандасады.

24. Алланың мынадай бір мысал келтіргенін көрмедің бе: Көркем сөз (иман кәлимасы) тамыры тереңге тартқан, бұтағы көк тіреген мәуелі ағашқа ұқсайды.

25. Ол Алланың әмірімен әр уақыт жеміс береді. Алла адамдарға насихат алсын деп (осындай) мысал келтіреді.

26. Ал жаман сөз (Аллаға шек келтіретін күпірлік сөз) жерден (тамырымен) қопарылған дәрменсіз ағашқа ұқсайды.

27. Алла имандыларды дүниеде де, ақыретте де бекем иманмен нық тұрғызады, залымдарды адастырады, Алла қалағанын істейді.

28. Алланың берген жақсылығын күпірлікке ауыстырған, өз елін (аздырып) зауал табатын деңгейге құлдыратқандарды көрмедің бе?

29. (Сол зауал табатын орын) жаһаннам, олар соған түседі, ол не деген жаман орын десеңші?!

30. Олар Алланың жолынан адастыру үшін, Аллаға серіктер (пұттар) жасады. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: "(Бұл дүниенің) игілігін көре тұрыңдар, қайтар орындарың – тозақ" - де.

31. Иман келтірген пенделеріме айтып қой, олар намаз оқысын және алым-сатым да, достық та болмайтын бір күннің (қиямет күнінің) келуінен бұрын, өздеріне берген несібемізден жария және жасырын садақа берсін!

32. Алла көк пен жерді жаратты, бұлттан жаңбыр жаудырып, жаңбыр суымен сендерге ризық үшін түрлі жемістерді (өсіріп) өндірді. Сендерге өз әмірі бойынша теңізде жүзсін деп кемелерді меңгертті әрі сендерге өзен-дәрияларды бойсұндырды.

33. Сендерге ай мен күнді тәртіппен қозғалатын етіп бойсұндырып берді, күн мен түнді бойсұндырып берді.

34. Ол сендерге сұрағандарыңның бәрін берді. Алланың берген жақсылығын санайтын болсаңдар, оның санына жете алмайсыңдар. Адамдар шынында, тым қанағатсыз әрі шүкірлік етпейді.

35. Өз уағында Ибраһим (пайғамбар) былай деген еді: "Раббым! Бұл

қаланы (Меккені) бейбіт ете гөр! Мені және ұрпағымды пұттарға табынудан аулақ ете гөр!

36. Раббым! Олар (пұттар) расында, адамдардың көбін аздырды. Кімде кім маған ілессе, ол менің дінімде. Кімде кім маған қарсы келсе, онда (оған) өзің өте кешірімді әрі аса мейірімдісің.

37. Раббымыз! Анығында, мен ұрпақтарымның кейбірін намаз оқысын деп құрметті үйіңнің (Қағбаның) қасындағы егінсіз ойпатқа орналастырдым. Раббыммыз! Адамдардың бір бөлігінің көңілін оларға аудара гөр! Оларды жемістермен ризықтандыр, сонымен олар шүкір қылатын болсын!

38. Раббымыз! Біздің жасырын және ашық (жасаған) істерімізді біліп тұрасың, жер мен көктегі ешбір нәрсе Алладан жасырын болмайды.

39. Барлық мадақ-мақтау қартайғанда маған Смағұл мен Ысхақты берген Аллаға тән. Раббым шынында, тілек-дұғаны естуші.

40. Я, Раббым! Мені және ұрпақтарымды намаз оқитын ете гөр! Раббымыз! Тілегімді қабыл ет!”

41. Раббымыз! Есеп алынатын күнде мені, әке-шешемді, Мүміндерді жарылқағайсың!”.

42. (Ей, Мұхаммед!) Залым-дардың қылығынан Алла қаперсіз деп ойлама. Алла оларды (жазалауды) көздері шарасынан шығатын күнге (қиямет күніне) кешеуілдетеді.

43. (Сонда) олар бастарын кекжитіп асыға жүгіреді, көздері бақырайып өздерін бұрылып көре алмайды, кеуделерінің іші бос, ауаға толған.

44. (Ей, Мұхаммед!) Адамдарды азап келетін күнмен ескерт! Залымдық істегендер (сол бір күні): “Раббымыз! Бізге аз уақыт мұрсат бер, шақыруыңды қабылдап, пайғамбарларыңа ілесейік” - дейді. (Оларға:) Сендер бұрын өзімізге ешбір зауал болмайды” деп ант ішпеп пе едіңдер? (делінеді).

45. Сендер өзіне өзі зұлымдық жасағандардың жұртына келіп орын тептіңдер, оларды қалай жазалағанымыз сендерге аян болды, сендерге талай мысалдарды келтірдік.

46. Олар шынында, түрлі айла-шарғы істетті, олардың айласы тауды көшірерліктей болса да, Алла олардың айла-шарғысын іске асырмайды.

47. Алла пайғамбарларына берген уәдесінен таяды деп ойлама. Шексіз Алла – нағыз үстем, нағыз жауап алушы.

48. Сол күні жер басқа бір жерге, көктер де басқаша көктерге өзгертіледі. Олар (адамзат) бір ғана құдіреті күшті Алланың құзырына келеді.

49. (Ей, Мұхаммед!) Сол күні күнәһарлардың шынжырларға маталып қосақталғанын көресің.

50. Олардың жейдесі қара майдан болады да, беттерін жалын шарпиды.

51. Алла әр кісіге істеген ісіне қарай жаза беру үшін (солай істейді). Алла – нағыз тез есеп алушы.
52. (Адамдар) Ескертілуі, Алланың жалғыз екенін білуі, әрі ақыл иелері үгіт-тәлім алуы үшін бұл (Құран) баян етілді.

15. ХИЖР СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 99 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Әлиф, Ләм, Ра. Бұл – кітаптың Құранның айқын аяттары.
2. Кәпірлер де (қияметтің үрейлі көрінісін көргенде): “Әттең, мұсылман болған болсақшы!” деп армандайды.
3. (Ей, Мұхаммед!) Оларды қоя тұр, ішіп-жеп, ойнап-күліп жүре берсін, (жалған дүниенің қызығына) алдана тұрсын. Олар әлі-ақ (қылмыстарының зардабын) тартатын болады.
4. Біз қай бір қаланы(елді) өзінің белгілі кітапы болмастан жойып жібермедік.
5. Қандай да бір үммет өзінің (зауал) уақытын ілгерлете де, кешіктіре де алмайды.
6. Олар: “Ей, өзіне (Құран) түсірілген кісі! Сен нағыз жындысың;
7. Егер сен турашылдардан болсаң, бізге періштелерді неге ала келмейсің?” - дейді.
8. Біз періштелерді тек шындықпен түсіреміз, сол шақта оларға мұрсат та берілмейді.
9. Құранды расында, біз түсірдік әрі біз оның қорғаушысымыз.
10. (Ей, Мұхаммед!) Расында, сенен бұрынғы тайпаларға да пайғамбарлар жібергенбіз.
11. Олар өздеріне пайғамбар келсе болды оны келеке етеді.
12. Солай етуді біз күнәһарлардың ділдеріне ұялаттық.
13. Олар Құранға сенбейді, расында (олардан) бұрынғылары да солай дағдыланып өткен.
14. Оларға көктен бір есік ашсақ, олар онымен өрлеп шықса (періштелер мен аруақ әлемін көрсе).
15. Сөзсіз: “Көзімізге перде тұтылып, өзіміз сиқырланған екенбіз” - дейді.
16. Расында, біз аспанда жұлдыздарды жаратып, көрушілер үшін аспанды безендіріп қойдық.

17. Қарғыс атқан барлық шайтаннан аспанды қорғадық.
18. Ұрыша тың тыңдаған шайтандарды ақпа жұлдыз (ашықтан ашық) өкшелей қуады.
19. Жержүзін көсілте кең жайдық та, оған тауларды тастадық, сондай-ақ онда әрнәрсені (өсімдіктерді) белгілі есеппен өсірдік.
20. Жержүзінде сендер үшін де және сендер ризық бере алмайтындар үшін де күн-көрістік қажеттерін жараттық.
21. Қандай бір нәрсе болсын, оның кеніші біздің құзырымызда, біз оны белгілі мөлшерде ғана түсіреміз.
22. Бұлттарды айдайтын желді жібердік те, аспаннан жаңбыр жаудырып, сендерді сусындаттық. Әйтпесе, сендер ол суды жинап сақтай алмайсыңдар.
23. Расында, біз (бәрін де) тірілтеміз, (бәрін де) өлтіреміз, (бәріне) иеміз.
24. Шынында, сендерден бұрын келгендер де, сендерден кейін келетіндер де бізге мәлім.
25. Раббың оларды сөз жоқ (қияметте) жинайды. Ол – анық хикмет иесі, бәрін білуші.
26. Шынында, адамды (Адам атаны) кескіндеп саз балшықтан кепітіртіп жа-раттық.
27. Ал жындарды одан бұрын лаулаған (түтінсіз) оттан жараттық.
28. Сол кезде Раббың періштелерге былай деген еді: “Кекіндеген саз балшықтан (сыңғырлата) кептіртіп адам жаратамын;
29. Оны (адам бейнесімен қоса барлық мүшелерін) түгел жасап болып, рухымнан үрлеп жан салынған, әлбетте, сендер оған сәжде етесіңдер”.
30. Сонда періштелер түгел сәжде етті.
31. Жалғыз Ібіліс қана сәжде етуден бас тартты.
32. (Алла тағала): “Ей, Ібіліс, сен неге сәжде етпейсің?” - деді.
33. (Ібіліс): “Саз балшықтан мүсіндеп жаратқан адамың менің сәжде етуіме лайық емес” - деді.
34. (Алла тағала оған): “Онда сен жәннаттан қараңды батыр! Өйткені мұнан қуылдың.
35. Саған қиямет-қайымға дейін лағынет жаусын!” - деді.
36. (Ібіліс): “Раббым! Маған қайта тірілетін күнге дейін кеңшілік (өмір) бергейсің” -деді.
37. (Алла тағала Ібіліске): “Саған кеңшілік берілді,
38. Белгілі мерзімге дейін” - деді.
39. Ібіліс: “Раббым! Мені адастырғаның үшін адам баласына жержүзіндегі

(күнәлі істің) бәрін жақсы көрсетемін де, олардың барлығын адастырамын,

40. Тек олардың ішіндегі нағыз ықыласты құлдарыңды ғана адастыра алмаймын” - деді.

41. Алла айтты: “Менің дұрыс жолым, міне, осы.

42. Менің пенделеріме ықпалың жүрмейді, саған ілескен азғындарына ғана болмаса” - деді.

43. Сөз жоқ, олардың (Ібіліс пен оның тобының) бәрінің уәделі барар орны - тозақ.

44. Тозақтың жеті қақпасы бар, әр қақпаға олардын бір бөлігі жіберіледі.

45. Тақуалар бау-бақшалар мен мол сулы бұлақтарда болады.

46. (Оларға:) “Жәннатқа аман-есен кіріңдер” - делінеді.

47. Олардың көкіректерінен ыза-кекті шығарып тастаймыз, олар өзара бауыр болып, тақтардың үстінде бірімен-бірі қарасып отырады.

48. Олар жәннатта шаршамайды, олар одан шығарылмайды да.

49. (Ей,Мұхаммед!) Пенделеріме хабарлап қой, расында, мен аса жарылқаушы әрі рақымдымын.

50. Расында менің жазаларым да өте қатты.

51. Оларға Ибраһимнің қонақтарының да жәйін (ол жөніндегі хикаяны) айтып бер.

52. Өз уағында періштелер Ибраһимге ел сәлем берді. Ибраһим: “Расында, біз сендерден қорқамыз” - деді.

53. (Періштелер): “Қорықпа! Біз сені білімді бір ұл баламен қуантамыз” - деді.

54. Ибраһим: “Мені қартайғанда қуантасыңдар ма? Немен қуантпақсыңдар?” -деді.

55. Олар: “Сені бір шындықпен қуанттық, күдер үзуші болма!” - деді.

56. Раббының рақымынан азғындардан басқа кім күдер үзсін?!” - деді (Ибраһим).

57. Ол (Періштелерге): “Ей, елшілер, келген жұмыстарың не?” - деді.

58. Олар айтты: “Шынында, біз күнәһар қауымға (зауал жеткізу үшін) жіберілдік.

59. Тек Лұттың үй ішін түгелдей құтқарамыз.

60. Бірақ оның қатыны құтылмайды, оның тып-типыл болатындармен бірге кетуін ұйғардық”.

61. Елшілер Лұттың үйіне келгенде,

62. Лұт: “Шынында сендер бөгде адамсыңдар ғой” -деді.

63. Олар: “Олай емес, біз мұнда олар күмәнданған азапты алып келдік.

64. Және саған нақ шындықты әкелдік, біз, әрине, хақ сөйлейміз.
65. Түн жарымынан кейін бала-шағаңды алып жолға шық. Өзің олардың соңынан жүр. Сендерден ешбір адам артына қарамасын. Бұйырылған межелі жерге жеткенше жүре беріңдер” - деді.
66. Таң уағында бұлар (Лұт қауымы) тып-типыл болады деген үкімді Лұтқа хабарлап қойдық.
67. (Садум) қаласының адамдары қуанып (арсыздық істеу үшін Лұттың үйіне) жетіп келді.
68. Лұт айтты: “Бұлар менің қонағым, (көргенсіздікпен) мені ұятқа қалдырмаңдар.
69. Құдайдан қорқыңдар, мені қорламаңдар!”
70. Олар: “Біз сені басқаларға араласудан тыймап па едік?” - деді.
71. Лұт: “Керек етсеңдер, міне, мыналар менің қыздарым” - деді.
72. (Ей, Мұхаммед!) Сенің өміріңе ант ете айтайық, олар (азғындық) есіріктігінде мәңгіріп жүре береді.
73. Күн шыға бере оларға ащы дауыс естілді.
74. Олардың қаласының астын үстіне келтіріп, үстіне қатты құмтас жаудырдық.
75. Мұнда (бұл оқиғада) байқай білетіндер үшін шынында, талай ғибрат бар.
76. Расында, ол қала орны (Мекке мен Шам арасында) жол үстінде әлі тұр.
77. Мүміндер үшін мұнда бір ғибрат бар.
78. Әйкеліктер (Шұғайыптың елі) де анық залым болған еді.
79. Оларды да жазаладық (тып-типыл еттік). Олар (Садум, Әйке) екеуі де даңғыл жол үстінде.
80. Шынында, (Салихтың елі) Ḥижрлықтар да пайғамбарларды теріске шығарды.
81. Оларға мұғжизаларымызды келтірсек те, олар одан сырт айналды.
82. Олар (Алланың азабынан қорғанамыз деп) тауды үңгіп берік үйлер жасап алушы еді.
83. Сонда оларды да таң уағында ащы дауыс тып-типыл етті.
84. Олардың жасаған амалдары (берік үйлері) өздерін құтқара алмады.
85. Көк пен жерді және бұл екеуінің арасындағы нәрселерді ереже-тәртіппен жараттық, қияметтің келуі сөзсіз. (Ей, Мұхаммед!) Сондықтан көркем мәміледе болғаның абзал.
86. Шынында, Раббың – барлығын жаратушы, аса білгір.
87. Саған расында, (намаздың әр басында) қайталанып оқылатын жеті аятты (”Фәтиха” сүресін) және ұлы Құранды бердік.

88. Кәпірлердің бір бөлігін біз игіліктендірген нәрселерге көз алма және оларға (иман келтірмеді деп) қайғырма, мұсылмандарға қанатыңды жай (мейірімді-шапағатты бол)!

89. (Оларға:) “Шынында, мен сендерге анық ескертушімін” - де.

90. Бөлінушілерге (яһудилер мен насараларға Тәурат пен Інжілді) түсіргеніміздей, саған да (”Фәтиха” сүресі мен ұлы Құранды) түсірдік.

91. Олар Құранды бөлшектеді (яғни, Інжіл мен Тәуратқа үйлеспейді және өлең, сиқыр, бақсылық, ертегі т.б деп сан саққа жүгіртті).

92-93. Раббыңның атымен серт! Олардың барлығын тірліктегі істеген іс-қылықтары себебінен сөзсіз тергейміз.

94. Саған берген әмірді жария ескерт те, мүшіріктерден аулақ тұр!

95. Сені мазақтаушыларды жазалауға жетерлікпіз.

96. Аллаға серік қосқандарың (қиямет күні) әлі-ақ білетін болады.

97. Расында, олардың (сені мазақтап) айтқандарына жүрегіңнің ауырғанын білеміз.

98. Раббыңды пәктеп мақтап,сәжде етушілерден бол.

99. Және ажалың жеткенге дейін Раббыңа құлшылық ете бер.

16. НАХЫЛ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 128 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Алланың әмірі (қиямет күні) сөзсіз келеді. Сондықтан оның бұрын келуін тілемеңдер. Алла олардың (мүшіріктердің) қосқан серіктерінен пәк әрі үстем.

2. Алла өз әмірімен қалаған пенделеріне періштелерді “(Адамдарға) ескертіңдер, менен басқа құдай жоқ, менен қорқыңдар” деген уахимен жібереді.

3. Ол көк пен жерді (ереже-тәртіппен) жаратты, (Алла) мүшіріктердің қосқан серіктерінен пәк.

4. Ол адам баласын бір тамшы шәһуаттан жаратты, сөйте тұра ол (Алланың) ашық қарсыласы болып шықты.

5. Алла мал түлігін жаратты, сендер үшін олар да (жүн-терілерінен киім киіп) жылынатын және басқа да пайдалы нәрселер бар әрі оларды (етін) жейсіңдер.

6. Оларды кешке өрістен қайтарғандарыңда, таңертең өріске айдағандарыңда сол малдар сендерге қуанышты көрік береді.

7. Қаншама машақатпен тасымалдайтын жүктеріңді шалғай шаһарларға сол хайуандарға артып жеткізесіңдер. Сендердің Раббыларың расында,өте рақымды әрі мейірімді.
8. Жылқы, қашар, есектерді Алла сендердің мінулерің үшін және сәнденулерің үшін жаратты. Алла тағы сендер білмейтін нәрселерді де жаратады.
9. Тура жол меңзеу Аллаға тән. Жолдың кейбірі қисық келеді, Алла қаласа бәріңді де тура жолға салар еді.
10. Алла сендерге көктен жаңбыр жаудырды, сендер одан сусындайсыңдар және онымен өскен жайылымға малдарыңды бағасыңдар.
11. Алла сендерге егіндерді, зәйтүн, құрма, жүзім және әртүрлі жемістерді өндіріп береді. Ой жүгіртетін қауым үшін осыларда, әрине (Алланың барлығына және құдіретіне) дәлелдер бар.
12. Алла сендерге түн мен күндізді, күн мен айды (белгілі тәртіппен) бойсұндырды, жұлдыздар да Алланың әміріне бағындырылған. Түсінетін елге, әне,соларда толып жатқан дәлелдер бар.
13. Алла жержүзінде жаратқан түрлі-түсті нәрселерді (жануарлар мен өсімдіктерді) де (сендер үшін қызмет еттірді). Әне соларда ойланатын қауым үшін ғибрат бар.
14. Сендер жас ет (балық) жесін деп және тағынатын әсемдік бұйымдарды (моншақтарды) шығарып алсын деп, Алла теңіздерді бойсұндырды. Алланың шапағатына қол жеткізулерің және оған шүкір етулерің үшін, кемелердің теңізде толқын жара жүзіп бара жатқанын көресіңдер.
15. Сендерді теңселтпесін деп жержүзінде тауларды орналастырды, (пайдалануларыңа) өзендерді, адаспауларың үшін жолдарды жаратты.
16. Және белгілерді жаратты. Олар (түнде жүргендер) соған және жұлдыздарға қарап жол табады.
17. (Күллі ғаламды) Жаратушы мен (ешнәрсе) жарата алмайтын (пұттар) бірдей ме? Осыны да түсінбейсіңдер ме?
18. Алланың сыйлаған жақсылығын санасаңдар санына жете алмайсыңдар. Анығында, Алла – ересен жарылқаушы әрі мейірімді.
19. Алла сендердің ашық та,жасырын да істегендеріңді біліп тұрады.
20. Олардың Алладан өзге табынғандары (пұттары) ештеңе жарата алмайды, оның өзі қолдан жасалған (жансыз тас).
21. Тірі емес, өлі нәрселер. Олар (сол табынушылардың) қашан тірілетінін де білмейді.
22. Сендердің құдайларың біреу ғана. Ақырет күніне сенбейтіндердің жүрегі (Алланың жалғыз екенін) мойындамайды. Сондықтан олар тәкаппар келеді.

23. Алла олардың әшкере де, жасырын да істерін шек-шүбәсіз біліп тұрады, расында, Алла өркөкіректерді ұнатпайды.

24. Оларға (Мүшіріктерге): “Раббыларың (Пайғамбарларға) не түсірді?” делінсе, олар: “Бұрынғылардың аңыз-ертегілері” - дейді.

25. Сол үшін олар қиямет күні өз күнәларын түгелдей, надандықпен өздері аздырғандардың күнәларының бір бөлегін көтереді. Олардың арқалағандары неткен жаман!

26. Расында, олардан (Мекке мүшіріктерінен) бұрынғылар да (пайғамбарларға) айлакерлік жасаған. Сондықтан Алла олардың (қаскөйлік) ғимараттарын іргесінен қопарды, ғимараттың төбесі олардың өз үстіне құлап түсті. Оларға ойламаған жерден азап келді.

27. Одан кейін Алла қиямет күні қорлыққа салады да, оларға: “Қане менің серіктерім қайда? Сендер ол жөнінде (пайғамбарлармен) дауласушы едіңдер ғой!” - дейді. Білім иелері (пайғамбарлар мен ғұламалар): “Бүгін қорлық пен азап шынында, кәпірлерге түседі” - дейді.

28. Періштелер сондай өздеріне өздері зұлымдық қылғандардың жандарын аларда, олар бойсұғансып: “Ешбір жамандық істемеген едік” - дейді. Олай емес, Алла сендердің не істегендеріңді жақсы біледі.

29. Сендер тозақтың есіктерінен кіріңдер, онда мәңгі қаласыңдар. (Аллаға бас имей) мықтысынғандардың барар жәйі неткен жаман!

30. Тақуаларға: “Раббыларың не берді?” - деп сұрақ қойылса,олар: “Жақсылық” - дейді. Жақсы іс істегендерге бұл дүниеде жақсылық бар, ақырет тұрағы тіпті де қайырлы. Тақуалардың тұрағы шынында, неткен жақсы!

31. Олар іргесінен бұлақтар ағып жататын Ғадын жәннаттарына кіреді. Олар онда не тілесе соның бәрі табылады. Тақуаларды Алла, әне, солай сыйлайды.

32. Періштелер ондай тақуалардың жақсы жағдайда жандарын алады да, оларға: “Сендерге есендік болын! Істеген (жақсылықтарыңа) орай жәннатқа кіріңдер!”- дейді.

33. Кәпірлер өздеріне (жан алғыш) періштелердің немесе Раббыңның әмірінің келуін ғана күтеді ме? Олардан бұрын өткендер (кәпірлер) де сөйткен болатын. Алла оларға әділетсіздік істеген жоқ, қайта олар өздеріне кесапат келтірді.

34. Сондықтан олар (кесірлі) істерінің сазайын тартты, сайқымазақ жасағандығының жазасын алды.

35. Мүшіріктер: “Егер Алла қаласа ғой, біз де және ата-бабаларымыз да Алладан басқа ешнәрсеге ғибадат жасамас едік, Алланың үкімінсіз ешнәрсені арамға шығармас едік” - дейді. Олардан бұрынғылар да солай істеген еді, пайғамбардың міндеті (дінді) айқын жеткізу ғана емес пе! (Ал хидаят ету Алланың ісі.)

36. Біз әрбір үмметке: “Аллаға құлшылық қылыңдар, тағұттан (жын-шайтаннан) аулақ болыңдар” - деп елші жібердік. Олардың кейбірін Алла тура жолға салды, кейбірі адасуға тиісті болды. Ал енді жер әлемді аралап, (пайғамбарды) өтірік деушілердің тағдыры немен тынғанын көріңдер.

37. (Ей, Мұхаммед!) Сен олардың тура жолға түсуін қанша тілесең де, шынында, Алла өзі адастырған адамды оңғармайды әрі ондайларға көмектесуші де шықпайды.

38. Олар: “Алла өлгенді тірілтпейді” деп Алланың атымен ант ішті. Олай емес, Алланың уәдесі рас (өлгенді тірілтеді), бірақ адамдардың көбі (Алланың бұл құдіретін) білмейді.

39. Алла олардың адасқан нәрселерінің басын ашу, кәпірлердің суайттығын өздеріне білдіру үшін (өліктерді тірілтеді).

40. Біз бірнәрсені жарыққа шығаруды қаласақ, оған тек қана “Бол!” десек-ақ, ол пайда бола қалады.

41. Зұлымдыққа тап болғаннан кейін Алла жолында қоныс аударғандарды дүниеде сөзсіз жайлы қоныстарға орналастырамыз. Егер олар білетін болса, ақыреттегі сауабы мұнан да зор.

42. Олар – (таршылық тауқыметіне) сабыр сақтағандар әрі Раббыларына тәуекел еткендер.

43. (Ей, Мұхаммед!) Сенен ілгері біз уахи түсіріп, еркектерді ғана пайғамбар етіп жібердік. Мұны білмесеңдер, ғылым иелерінен (тәурат пен інжілді білетіндерден) сұраңдар.

44. (Ол пайғамбарларды) Дәлелдермен және қасиетті кітаптармен (жібердік). Саған да адамдар үшін аян етілген шариғатты ашық баяндасын, олар (бұдан уағыз-насихат алып) ой жүгіртсін деп Құранды түсірдік.

45. Айлашарғымен айла құрғандар Алланың өздерін жерге жұтқызуынан немесе ойына күтпеген жерден басқалай азап келіп қалуынан қорықпай ма?

46. Немесе олар сапар үстінде бір пәлеге тап болуынан қорықпай ма? Онда, әлбетте, олар қашып құтыла алмайды.

47. Немесе (сәтсіздікке тап болып) өздері үрейленетін жазаға ұшырауынан қорықпай ма? Шынында, Раббыларың (пенделерін жазалауға асықпайтын) аса аялағыш әрі ерекше мейірбан.

48. Олар Алла жаратқан нәрселердің көлеңкелерінің де Аллаға оңынан да, солынан да бейімделіп бас иіп, бойсұнғанын көрмей ме?

49. Көктегі және жердегі бар мақұлықтар және періштелер Аллаға сәжде етеді, олар тәкаппарланбайды.

50. Олар Раббыларынан қорқады және (өздеріне) бұйырылғанды орындайды .

51. Алла: “Екі құдайға құлшылық жасамаңдар. Құдай біреу ғана, ендеше менен қорқыңдар!” - деді.

52. Аспан әлемі мен жержүзіндегілердің барлығы Алланың иелігінде. Құлшылық қашан да Аллаға арналады, Алладан басқадан қорқамысыңдар?

53. Сендердің бастарыңдағы жақсылық-нығметтер Алладан. Ал қиындыққа дұшар бола қалсаңдар, тағы оған жалбарынасыңдар.

54. Одан соң бастарыңа түскен сол қиыншылықтан Алла құтқарса, адамдардың бір бөлігі Раббыарына серік қосады.

55. Олар өздеріне нәсіп еткен жақсылығымыз үшін шүкірлік етпейді. Сендер дүниемен бола тұрыңдар, (бұл іс-қылықтарыңның ақыраягын) әлі-ақ білесіңдер.

56. Олар (мүшіріктер) өздеріне берген несібемізден түк сезбес пұттарға (надандықпен)сыбаға арнайды. Алламен ант ете айтайық, сендер осы ойдан шығарған надандықтарың үшін сұраққа тартыласыңдар.

57. Олар: “Періштелер Алланың қыздары” - дейді де, сол “Қыздарды” жаратушыға тән етеді. Алла бұл жаладан пәк. Олар (мүшіріктер) өз қалағандарын (ұл балаларды) өздеріне меншіктейді.

58. Егер олардың біріне (әйелің) қыз тапты деп хабарланса, ол жүзі күреңітіп ашуға булығады.

59. Жеткізілген хабардың жайсыздығынан елге қарай алмай бұға береді. Сондай қорлыққа шыдап оны (қызды) қолда ұстау керек пе әлде топыраққа (тірідей) көму керек пе? (Ол осы жөнінде ойланады). Олардың үкімі неткен жаман!

60. Ақыретке сенбегендердің сипаты (жоғарыдағыдай) жаман, ал ардақты (көркем) сипаттар Аллаға тән. Ол – үстем әрі хикмет иесі.

61. Алла егер де адамдарды жасаған зұлымдығына қарай (ілешала) жазалайтын болса, жержүзінде ешбір жан иесін қалдырмас еді. Бірақ оларды белгілі уақытқа дейін кешіктіреді, олардың (зауал) уақыты келген сәтте титтей кешіктірілмейді де, тездетілмейді де.

62. Олар өздері жек көретінді (қыздарды) Аллаға меншіктеп, ал жақсы нәрселерді (ұлдарды) өзімізге тән деп өтірік айтады. Шәк жоқ, олар тозаққа тасталады, тозақ оты солардікі.

63. (Ей, Мұхаммед!) Алламен ант ете айтайық, расында, сенен бұрын да үмметтерге елші жібергенбіз. Шайтан оларды (бұзықтық) қылығына қызықтырды, сондықтан ол бүгін де солардың досы. Оларға (ақыретте) азапты жаза бар.

64. Саған Құранды тек қана олардың таласқан нәрселерін айқындап беруің

үшін және иман келтіретін қауымға тура жол, рақым болуы үшін түсірдік.

65. Алла аспаннан жаңбыр жаудырып, онымен өлген жерді тірілтеді (жандандырады). Шынында, әне соның өзінде пайымдар қауым үшін дәлелдер бар.

66. Анығында, хайуан малдарда да сендер үшін ғибрат бар. Сендерге оның қарынындағы қан мен жынның арасынан бөлініп шыққан таза әрі пайдалы сүтті ішкіземіз.

67. Құрма жемісінен және жүзімнен шарап әрі тамаша қоректіктер жасайсыңдар. Түсіне білетін қауым үшін расында, мұнда да (Алланың құдіреттілігіне) дәлел бар.

68. Раббың бал арасынан уахи етіп: “Тауларға, ағаштарға және (адамдар әдейі жасаған) омарталарға ұяла.

69. Онан соң әртүрлі өсімдік жемістерінен татып, бағыныштылықпен Раббыңның жолына түс” - деді. Оның қарынынан адамдарға шипа болатын түрлі-түсті коректік (бал) шығады. Шынында, ой жүгірте білетін қауым үшін мұнда да дәлел бар.

70. Алла сендерді жаратты, одан соң (ажал уақыттарың жеткенде) жандарыңды алады. Сендерден кейбіреулер өмірдің (білгеннен кейін ештеңені білмейтін) жарамсыз басқышына да жетеді (қартайып алжиды). Анығында, Алла аса білгір, ерекше құдіретті.

71. Алла несібеден біріңнен біріңді артық етті. Сондай ризық-несібелері артық болғандар ризықта теңелу үшін қол астындағыларға өз ризығынан бермейді. Бұлар Алланың нәсіп еткен нығметін жоққа шығара ма?

72. Алла өз тектеріңнен жұбайларыңды жаратты. Жұбайларыңнан сендерге балалар мен немерелерді нәсіп етті. Сендерді таза нәрселермен ризықтан-дырды. Сонда да олар жоққа (пұт-бұрханға) сеніп, Алланың нығметіне күпірлік жасай ма?

73. Олар Алланы бір шетке сырып қойып, жер мен көктен өздеріне ешбір ризық өндіріп бере алмайтын дәрменсіз (пұтқа) табынады.

74. Аллаға мысал келтірмеңдер (яғни ешнәрсені теңемеңдер). Алла (барлығын) біледі, сендер білмейсіңдер.

75. Алла мынадай мысал келтірді: Ешнәрсеге шамасы келмейтін басыбайлы бір құл бізден жақсы ризық нәсіп болған, одан жария да, жасырын да садақа беруші (азат) кісімен тең бе? Барлық мақтау Аллаға лайық, бірақ олардың (кәпірлердің) көбі мұны білмейді.

76. Алла тағы екі адамды мысалға келтірді: Оның бірі – ешнәрсеге шамасы келмейтін мылқау, қожасына бір масыл, қайда жұмсаса да қолынан еш қайыр келмейтін жан. Енді бірі – өзі тура жолдан таймаған,

(басқаларды) әділетті болуға бұйыратын адам. Міне, бұл екеуі тең бе? (Пұттарды Аллаға теңеу міне, осымен ұқсас).

77. Көктегі және жердегі ғайыпты (сырларды) білу Алланың ісі. Қиямет қайымның болуы қас қаққанша немесе одан да тез. Расында барлық нәрсеге Алланың құдіреті кәміл жетеді.

78. Алла сендерді аналарыңның құрсағынан ештеңені ұқпайтын қалыптарыңда шығарды да, шүкірлік етсін деп құлақ, көз, ой-сана берді.

79. Олар аспан кеңістігіндегі бойсұнғыш құстарды көрмеді ме? Оларды Алладан басқа ешкім ұстап тұра алмайды. Шынында, осының өзінде иман келтірген қауым үшін (Алланы танытатын) дәлелдер бар.

80. Алла сендерге үйлеріңді тұрғылық мекенжай етіп берді. Малдың терісінен көшкен және тұрған күндеріңде пайдалануларыңа оңтайлы келетін баспаналарды, жүнінен, жабағысынан, қылынан бір мезетке (қияметке) дейін пайдаланатын тұтыну бұйымдарын, сауда заттарын жаратып берді.

81. Алла жаратқан нәрселерінен сендерге сая жасап, таулардан тұрар жай (үңгір) әзірлеп берді, ыстықтан сақтайтын және (соғыстан) зиян-зақым түсуден қорғайтын сауыттарды берді. Алла сендерді бойсұнсын деп, әне сондай нығметтерін толық сыйлады.

82. (Ей, Мұхаммед!) Олар (кәпірлер) сенен сырт айналса да, міндетің тек (дінді) ашық жеткізу ғана.

83. Олар Алланың жақсылығын мойындайды да, артынан жоққа шығарады. Олардың көбі кәпірлер.

84. Қиямет күні әр үмметтен бір куә келтіреміз (олардың кәпір не мұсылман екендігіне пайғамбары куәлік береді). Одан соң кәпірлерге (дат айтуына) рұқсат етілмейді және олар тыңдалмайды.

85. Зұлымдық істегендер азап тартқан кезде, олардан (азап) жеңілдетілмейді де, кешіктірілмейді.

86. Мүшриктер (Аллаға) қосқан серіктерін (пұттарын) көрген сәтте: “Раббым! Сенен өзге табынған құдайымыз осы еді” - деседі. Ал олар (пұттар) жауап қайтарып: “Сендер анық өтірікшісіңдер” - дейді.

87. Сол күні олар Аллаға бойсұнылады, бірақ, олардың жасанды “табынғандары” жоққа шығарылды.

88. Кәпір болған әрі өзгені Алланың жолынан қайтарғандардың бұзық іс-әрекеттері үшін азабын арттырамыз.

89. Сол күні (қиямет күні) әр үмметтің өз ішінен бір айғақшы шығарамыз, (Ей, Мұхаммед!) Сені де соларға айғақшы ретінде келтіреміз. Біз саған барлық нәрсені ашық баяндайтын, мұсылмандар үшін дұрыс жол, игілік және қуаныш болатын Құранды түсірдік.

90. Расында Алла әділ болуды, жақсылық істеуді, жақынына қарайласуды бұйырады һәм арсыздықтан (зинақорлықтан), жексұрындықтан, зорлық-зомбылықтан тияды, тәлім алсын деп Алла сендерге насихат береді.

91. Сендер қашан серттессеңдер де, Аллаға берген серттеріңе опа беріңдер, сертті бекіткеннен кейін бұзбаңдар, өйткені Алланы өздеріңе кепіл еттіңдер. Анығында, Алла не істегендеріңді біліп тұрады.

92. Сендер бір жамағат енді бір жамағаттан (сан мен мал жағынан) молырақ болғандықтарың үшін, (алдыңғы одақтасқан жамағатты тастай беріп және бір жамағатпен одақтаспаққа) уәде-серттеріңнен айнып, жібін әбден жақсы иіріп алған соң қайта тарқатқан қатынға ұқсап қалмаңдар. Алла сендерді осылай сынайды әрі сендердің таласқан нәрселеріңді қиямет күні айқындап береді.

93. Егер Алла қаласа, сендерді бір ғана үмбет етер еді. Алайда Алла қалаған адамын адастырады, қалаған адамын тура жолға салады. (Қияметте) істеген істеріңнен сөзсіз тергелесіңдер.

94. Серттеріңді өз араларыңда алдаудың сылтауы етіп алмаңдар, (өйтсеңдер дін жолында) нық басқан аяқтарың тайып кетеді де, Алланың жолынан қайтарғандықтарың үшін жаман азап татасыңдар әрі (ақыретте) сендерге ауыр азап бар.

95. Алланың антын аз бағаға сатпаңдар. Егер білетін болсаңдар, Алланың құзырындағы (сауап) сендер үшін (дүние пайдасынан гөрі) қайырлы.

96. Сендердің құзырларыңдағы рызық таусылады, Алланың жанындағылар мәңгі. Сабыр сақтағандарға істеген ісінен де жақсырақ сый береміз.

97. Ерлер мен әйелдерден кім мұсылман болып, жақсы іс істесе, біз олардың, әлбетте, тұрмысын оңдап және оларға істеген ісінен де жақсырақ сый береміз.

98. (Ей, Мұхаммед!) Құран оқымақ болғаныңда, таспен атқыланып қуылған шайтаннан (яғни оның азғыруынан сақта деп) Аллаға сиын.

99. Анығында, иман келтіріп, Раббыларына тәуекел еткен адамдарға оның үстемдігі жүрмейді.

100. Оның үстемдігі тек өзін дос көріп, Аллаға серік қосқандарға ғана жүреді.

101. Біз бір аяттың орнына тағы бір аятты ауыстырған кезімізде, Алла нені аян еткенін (онда нендей сыр бар екенін) өзі біледі. Алайда олар (Пайғамбарға): “Сен анық жалақорсың” - дейді. Олай емес, олардың көбі (Алланың хикметін) түсінбейді.

102. (Ей, Мұхаммед! Оларға) айт: Құранды Жәбірейіл Раббыңнан мұсылмандардың (иманын) бекемдеуі үшін және оларға тура жол әрі қуанышты хабар ретінде шынайы жеткізді”.

103. Олардың (мүшіріктердің): “Оған (Мұхаммед ғ.с. пайғамбарға) Құранды бір адам үйретеді” - деген сөзін біз білеміз, олардың ұйғарған адамының тілі бөгде тіл, ал бұл Құран анық араб тілінде.

104. Анығында, Алланың аяттарына сенбегендерді Алла оңғармайды. Олар ақыретте қатты азапқа дұшар болады.

105. Тек Алланың аяттарына сенбейтіндер (Аллаға) жала жабады, әне солардың өздері - өтірікшілер.

106. Кімде-кім Аллаға иман келтіргеннен кейін (иманнан танып) Аллаға қарсы шықса, сондай-ақ күпірлігімен көңілі мәз болса (өз еркімен кәпір болса), ол Алланың қаһарына және ауыр азапқа дұшар болады, бірақ көңілі иманмен орныққаннан кейін зорлықпен күпірлікке (тілінде) мәжбүрленген адам бұған кірмейді.

107. Бұл олардың дүние тіршілігін ақыреттен гөрі жақсы көргендігінің салдарынан. Анығында, Алла кәпірлер қауымын тура жолға салмайды.

108. Олар сондай, Алла олардың жүректерін жауып, көздерін тұмшалап, құлақтарын бітеп қойған, олар әрі ештеңеден қаперсіз.

109. Шек жоқ олар ақыретте зиян тартушылардан болады.

110. (Ей, Мұхаммед!) Мұнан соң, қуғын көріп (Мәдинеге) ауғандарға, соғысқа шыққандарға, (қиыншылыққа) шыдағандарға Раббың (өзі жар болады), содан кейін Раббың (оларға) аса жарылқаушы, ерекше мейірімді.

111. Қиямет күні әркім өзін қорғауға тырысады, сондай-ақ әркімге істеген ісінің сыйы толық беріледі, оларға қиянат жасалмайды.

112. Алла мынадай бір қаланы (Меккені) мысалға келтірді: Бейбіт, орнықты бұл қалаға жан-жақтан мол ризық келіп тұрушы еді. (Оның халқы) Алланың берген жақсылығына күпірлік етті (Алла берді деп танымады), сондықтан Алла олардың қылығына қарай ашаршылық пен қорқыныштың тақсіретін тартқызды.

113. Оларға өз ішінен пайғамбар (Мұхаммед) келіп еді, олар оны жалғанға шығарды, залым болғандықтары үшін олар азап отына күйеді.

114. Сендерге Алла нәсіп еткен ризықтың таза, халалын жеңдер. Егер Аллаға ғана құлшылық жасайтын болсаңдар, Алланың жақсылығына шүкірлік етіңдер.

115. Алла сендерге: өлексені, қанды, доңыз етін, Алладан басқаның атымен бауыздалған хайуанды арам етті. Кімде-кім лажсыз жағдайда (өлмеу үшін), еріксіз (қанағаттанарлықсыз мөлшерде) жеп, шектен аспаса, онда Алла расында кешіреді, рақым етеді.

116. “Мынау халал, мынау арам” - деп ауыздарыңа келген өтірікті айта бермеңдер, әйтпесе Алланың атынан өтірік айтқан боласыңдар. Расында, Алла атынан өтірік айтқан адамдар мақсатына жете алмайды.

117. (Оларға дүниеден) аз ғана игілік, (ақыретте) қатты азап бар.

118. (Ей, Мұхаммед!) Ілгергі саған баяндаған нәрселерді тек яһүдилерге арам еттік. Біз оларға әділетсіздік істемедік, қайта олар өздеріне өзі зұлымдық жасады.

119. Білместікпен жамандық істеп қойып, артынан тәубеге келіп, ісін түзегендерді Раббың расында, кешіреді, есіркейді.

120. Шынында, Ибраһим Аллаға серік қосушылардан емес, қайта Аллаға бойсұнған, хақ дінге сенген басшы еді.

121. Ол Алланың берген нығметтеріне шүкірлік етті Алла оны (пайғамбарлыққа) таңдап, тура жолға салды.

122. Оған дүниеде жақсылық бердік, сондай-ақ ол ақыретте де игі-жақсылардан болады.

123. (Ей, Мұхаммед!) Одан соң саған: “Хақ дінге сенген Ибраһимнің жолын ку! Ол серік қосушылардан емес” - деп уахи еттік.

124. Сенбі күні жайында таласқандарға (Яһүдилерге) ол күн (құрметтейтін) күн етіп белгіленді. Расында, Раббың қиямет күні олардың таластарына үкім шығарады.

125. Раббыңның жолына даналықпен және көркем уағыз-насихатпен шақыр! Олармен (таласып, тартысқандармен) ең көркем дәлелмен тартыс. Анығында, Алла өз жолынан адасқандарды да жақсы біледі әрі дұрыс жол тапқандарды да жақсы біледі.

126. Егер (дұшпаннан) кек алмақшы болсаңдар, өздеріңе қаншалық зиян-зақым салған болса, (олардан) соншалық қана кек алыңдар. Егер сабыр сақтасаңдар (кек алмасаңдар) соның өзі сабыр етушілер үшін қайырлы болады.

127. (Ей, Мұхаммед!) Сабыр ет! Сабыр етуің тек Алланың ғана жәрдемімен болады. Оларға (иман келтірмеді деп) кейіме және олардың қулық-сұмдығына бола тарылма!

128. Шындығында, Алла тақуалармен және жақсылық істеушілермен бірге.

17. ИСРА СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 111 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Бір түнде мешіт Әл-Харамнан айналасына бір құт-береке дарытқан мешіт Әл-Ақсаға өз құлын (Мұхаммед ғалайһиссаламды) апарған Алла – кіршіксіз пәк. Бұл оған құдіретіміздің дәлелдерін көрсету үшін еді. Шындығында, Алла барлығын естіп, көріп тұрады.

2. Біз Мұсаға кітап (Таурат) сыйладық та, оны Исрайыл әулетіне жетекші етіп, “Менен өзгені ие тұтпаңдар” - дедік.
3. Ей, Нұһпен бірге кемеге түсіргендеріміздің ұрпақтары! Ол (Нұһ) шынында көп шүкірлік етуші (пенде) еді.
4. Кітапта Исрайыл ұрпақтарына: “Жержүзінде (Палестин жерінде) қалай да екі рет зобалаң салып, (шектен шыққан) астамдық істейсіңдер” - деп хабар бердік.
5. Бірінші зобалаңның уәделі уақыты жеткен кезде (сазайларыңды тартқызу үшін) сендерге аса тегеуірінді қатал пенделерімізді жібердік, олар үйлеріңе кіріп тінтті, бұл іске асатын уәде еді.
6. Одан кейін, сендерді оларға қайтадан өктем еттік әрі мал және ұрпақ нәсіп етіп, бастарыңды көбейттік.
7. (Ей, Исрайыл ұрпақтары!) Егер жақсылық жасасаңдар, өздеріңе жақсылық жасаған боласыңдар, жамандық етсеңдер, ол да өздерің үшін. Екінші зобалаңның (жазаның) уәделі уақыты жеткенде жүздеріңе қайғы-қасірет белгісі ұяласын деп және олар мешітке (Байтулмұқаддасқа) бұрынғы кіргеніндей кірсін, басып алған жерлерін ойрандасын деп (оларды тағы да жібердік).
8. (Егер тәубе етсеңдар) Раббыларың, бәлкім, сендерге рақым етер. Егер қайталасаңдар (тағы да бұзғыншылық жасасаңдар) біз де қайта жазалаймыз. Біз тозақты кәпірлер үшін зындан еттік.
9. Бұл Құран сөзсіз ең тура жолға бастайды. Ізгі істер істеген мүміндерге, әрине, үлкен сауап бар екендігін сүйіншілеп хабар береді.
10. Ақыретке сенбейтіндерге де (қатты) қинайтын азап әзірледік.
11. Адам баласы жақсылық тілеп дұға жасағаны сияқты, (ашуы келгенде) жамандық тілеп дұға жасайды. Адамзат тым асығушы.
12. Күн мен түнді (құдіретімізді көрсететін) екі белгі етіп жасадық, сонда түн белгісін өшірдік те, күндізді Раббыларының кеңшілігінен несібе іздеулерің және жылдардың санын әрі есепті білулерің үшін жарық еттік. (Дін, дүние жайлы) барлық нәрсені ашық баяндадық.
13. Әр адамның ісін мойнына (жүктеп) қоямыз, қиямет күні оны бір кітап етіп, беті ашылған күйі алдарынан шығарамыз.
14. (Сонда): “Кітабыңды оқы! Бүгін өзіңе куә болуға өзің жеткіліктісің” (делінеді).
15. Кім тура жолмен жүрсе, өз пайдасы үшін жүреді, ал кім адасса өз зиянына ғана адасады. Біреудің күнәсін біреу көтермейді, бір пайғамбар жібермейінше, ешкімді жазаламаймыз.
16. Бір қаланы тып-типыл еткіміз келсе, олардың дәулеттілерін (бойсұнуға) бұйырамыз. Бірақ олар (бойсұнбай) бұзақылық істейді. Сондықтан оларға азап үкімін беру дауа. Сонымен оларды тып-типыл қыламыз.

17. Нұхтан кейін (пайғамбарларды мойындамаған) үмбеттің қаншамасын жойдық. Раббың пенделерінің қылмыстарын толық көріп-біліп тұрады.

18. Кімде-кім дүние тіршілігін қаласа, бізде бергіміз келгенге өз қалағанымызды береміз, одан соң оны тозаққа салып жазалаймыз. Ол оған қор болып (Алланың рақымынан) құр қалған түрде кіреді.

19. Кімде-кім ақыретті қалап, мүмин болған түрде ақырет ісіне құлшынса, олардың құлшынулары шүкірге лайықты болды.

20. (Дүниені тілеген) бұларға да, (ақыретті қалаған) оларға да Раббыңның арнағанын береміз. Раббыңның берер сыйы (ешкімнен) шектелмейді.

21. Олардың біреуінен біреуін қалайша үстем еткенімізді қара! Әрине, ақыреттегі дәреже тіпті де жоғары, артықшылықтары тіпті де зор.

22. Алламен қатар басқаны құдай тұтпа, өйтсең қор болып, құралақан қаласың.

23. Раббың басқаға емес, тек өзіне ғана құлшылық етуді және әке-шешеге жақсылық істеуді бұйырды. Олардың біреуі немесе екеуі де өз қолында қартайса, оларға, “үф” деме (кейіме). Екеуіне зекіме әрі сыпайы сөйле.

24. Екеуіне кеңпейілділікпен мейірім құшағыңды жай да: “О, Раббым! Бұл екеуінің мені кішкентайымнан мәпелегеніндей, сен де оларды рахымыңа бөлей гөр” - деп айт.

25. Раббыларың көңілдеріндегіні жақсы біледі, егер сендер ізгі жан болсаңдар. Шынында, Алла тәубе етушілерді жарылқайды.

26. Туыстарға, жоқ-жітіктерге, жолаушыларға (қайыр-садақа етіп) міндетті түрде нәпақа беріңдер. Ысырап етпеңдер.

27. Ысырапқорлар шынында, шайтанның туысы, ал шайтан болса Раббына қарсы (оның шапағатынан құрқалған).

28. Егер Раббыңнан үміт еткен рахымды дәметумен (қолда жоқтықтан қайыр-садақа бере алмай) жалтақтасаң, онда оларға сыпайы сөйле.

29. Қолыңды мойыныңа байлап алма және толық ашып та жіберме (тым сараңдық та істеме, ысырап та етпе). Өйтсең өкініште, таршылықта қаласың.

30. Шүбәсіз Раббың қалаған адамының ризығын молайтады, қалаған адамының ризығын (өлшеп)тарылтып қояды. Шынында, Раббың пенделерін толық біліп, көріп тұрады.

31. Жоқшылықтан қорқып балаларыңды өлтірмеңдер. Оларға да, сендерге де (біз) ризық береміз. Оларды өлтіру расында, үлкен күнә.

32. Зинаға жоламаңдар, өйткені ол анық арсыздық әрі жаман жол.

33. Алла (өлтірілуге) тиым салған кісіні өлтірмеңдер, бірақ тиісті болса өлтіріледі. Біреу жазықсыз өлтірілсе, ақы иесіне (кек немесе құн алуға, не кешірім етуге) ерік бердік. Алайда кек алуда шектен шықпасын

(өлтірушіден өзгеге тиіспесін, өлтірушінің мүшелерін кеспесін). Анығында, ақы иесі көмекке ие болады.

34. Жетімнің малына тиіспеңдер, бірақ ол ержеткенге дейін (оның өзіне) пайдалырақ жолмен істетуге болады. Сертке опа беріңдер, (қияметте) сөз жоқ, серттің де сұрағы бар.

35. (Алыс-берісте) өлшегенде толық өлшеңдер, әрі дұрыс өлшеуішпен өлшеңдер. Бұл (сендерге) қайырлы және түбінде жақсы болады.

36. Өзің білмейтін нәрсеге жолама! (Білмегенді білдім, естімегенді естідім, көрмегенді көрдім деме!) Расында құлақ, көз, жүрек барлығы тергеуге түседі.

37. Жержүзінің бетінде даңдайсып, асқақтама! Өйткені, (аяғыңмен) жерді тесе алмайсың, бой жағынан да таулармен иық теңестіре алмайсың.

38. Міне, осындай жаман істердің барлығын Раббың жек көреді.

39. Міне, бұлар – Раббыңның саған уахи еткен хикметтері. Алламен қатар басқа ешкімді құдай тұтпа! (Өйтсең) айыпталып, (рақымнан) шеттетіліп, тозаққа тасталасың.

40. Раббыларың сендерге ұлдарды нәсіп етіп, періштелерді өзіне қыз етіп алды ма? Сендер расында, білмей беталды сөйлейсіңдер.

41. Оларға ғибрат алсын деп бұл Құранды қайталай баяндадық. Бірақ бұл оларды (мүшіріктерді) одан әрі жандандырады.

42. (Ей, Мұхаммед!) “Егер олардың айтқанындай, Алламен қатар басқа да құдайлар (бар) болса, онда олар аршы иесінен (Алладан) үстем болу үшін бір жол іздер еді” - (деп айт).

43. Алла олардың айтқанынан пәк, үстем және ұлы.

44. Жеті қабат көк пен жержүзі, сондай-ақ ондағы күллі мақлұқат Алланы пәк деп біледі, оны пәк деп мақтамайтын ешнәрсе жоқ. Бірақ сендер олардың мадақ-мақтауларын түсіне алмайсыңдар. Алла шынында, сабырлы әрі кешірімшіл.

45. (Ей, Мұхаммед!) Сен Құран оқыған кезінде ақыретке сенбейтіндер мен сенің араңа жасырын бір перде тұтамыз.

46. Құранды түсінбейтіндей етіп олардың ділдерін тұмшаладық, құлақтарын ауырлаттық. Сен Құранда жалғыз Раббыңды ауызға алған кезінде олар (ренжіп) қашады.

47. Олардың сені (Құран оқығаныңды) қайтып тыңдайтындығын және сені тыңдағанда өзара сыбырласатындығын, сонда залымдардың: “Сендер сиқырланған біреуге ілесіп жүрсіңдер” - дегендерін жақсы білеміз.

48. Қарашы, олар сен туралы (сиқыршы, ақын, жынды деген сияқты) көптеген теңеулер шығарды. Олар сөйтіп жүріп адасты, енді олар жол таба алмайды.

49. Олар: “Біз қу сүйек және шіріп топырақ болған соң қайта тіріліп, жаңадан адам боламыз ба?” - дейді.

50. (Ей, Мұхаммед!) Оларға айт: “Тасқа немесе темірге айналсаңдар да;

51. Немесе жаратылыстағы ой жетпес бірнәрсе болып кетсеңдер де, (қайта тірілтілесіңдер)” - деп. Сонда олар: “ Бізді кім қайта тірілтеді?” дейді. “Сендерді әуел баста жаратқан Алла (тірілтеді)” - де. Олар саған бастарын шайқап: “Ол қашан болады?” дейді. “Таяуда болатын шығар” - де.

52. Сол күні ол сендерді шақырады. Сендер оған мақтау айтып жауап қатасыңдар да, қабірде аз ғана уақыт жаттық деп ойлайсыңдар.

53. Пенделеріме айт, олар аса сыпайы сөйлесін, өйткені шайтан олардың арасына іріткі салады. Расында, шайтан адамзатқа ашық дұшпан.

54. Раббыңыз сендерді жақсы біледі, қаласа рақым етеді, қаласа азаптайды. Сені (кәпірлерге) қорғаушы етіп жібергеніміз жоқ.

55. Раббың жер мен көктегі пенделерін жақсы біледі. Шынында, пайғамбарлардың бірінен бірін артық етік. Дәуітке Забұрды бердік.

56. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: “Алладан басқа (құдай деп) ойлағандарыңды шақырыңдар, сендерден пәле-қазаны айықтыру да, одан сақтау да олардың қолынан келмейді” - де.

57. Олардың (құдай деп) сиынғандарының өзі де, тіпті Аллаға жақынырақтары да Раббыларына жақындаса түсуді (құлшылық етіп) тілейді; Раббының рақымынан үміттеніп, азабынан қорқады. Раббыңның азабынан шынында сақтануға тиісті.

58. (Аллаға қарсы) қандай бір қала (халқы) болса да, оларды біз қиямет күнінен бұрын ойрандаймыз немесе ауыр жазаға ұшыратамыз. Бұл (Лаухұлмахфуз атты) кітапта жазулы.

59. (Құрайыш еліне) Біздің мұғжизалар жібермеуіміз бұрынғылардың оны (мұғжизаларды) өтірікке шығарғандығынан болды. Сондай-ақ Самудтарға айқын мұғжиза ретінде бір аруана жібердік. Олар оны мойындамады (зұлымдық істеп бауыздап тастады). Біз мұғжизаларымызды үрейлендіру үшін ғана жібереміз.

60. Біз өз кезінде саған Раббыңның адамдарды алақанындағыдай білетіндігін айтқан едік. Біз саған миғражда көрсеткен көріністі және Құранда лағынет айтылған ағашты (Заққұм ағашын) тек адамдар үшін сынақ еттік. Біз оларды (мүшриктерді) қорқытамыз, бұл қорқытуымыз тек олардың асқан азғындығын одан әрі арттырады.

61. Кезінде періштелерге: “Адамға сәжде етіңдер”- дедік, сонда Ібілістен басқасы түгел сәжде етті. Ібіліс: “Сенің саз балшықтан жаратқаныңа бас қоямын ба?

62. Айтшы маған, менен артық жаратқан адамың осы ма? Егер маған

қиямет қайымға дейін кеңшілік берер болсаң, оның ұрпақтарының өте аз сандысынан басқасын сөзсіз (аздырып) тұқымын тұздай солдырамын” - деді.

63. Алла (Ібіліске) айтты: “Қараңды батыр! Олардан (Адам ұрпақтарынан) кімдер саған ерсе, әлбетте, сенің де, олардың да толық жазасы жаһаннам болады.

64. Олардан шамаң келгенін аздырып желіктірерсің, оларға атты-жаяу (қолыңмен) келіп тиісерсің, сондай-ақ мал-мүлкіне, бала-шағаларына ортасарсың, оларға жалған уәде де берерсің, бірақ шайтанның уәдесі тек бұлдыр үміт қана.

65. Рас, (мені таныған) өз пенделеріме сенің ықпалың жүрмейді, Раббың оларды қорғауына алады”.

66. (Ей, адамзат!) Раббыларың өзінің кеңшілік-нығметімен несібе іздесін деп сендер үшін теңізде кемелерді жүзгізді. Ол сендерге шынында, ерекше мейірімді.

67. Сендер теңізде бір апатқа дұшар бола қалған сәтте Алладан өзге табынғандарың ғайып болады да, тек Алланы естеріңе аласыңдар, Алла сендерді (қатерден) құтқарып жағаға аман шығарса,(оны ұмытып) жалт бересіңдер. Тегінде, адам баласы күпірлік етуші.

68. (Теңіздегі қатерден құтылғанмен) Алланың сендерді жер жұтқызып жіберуінен немесе үстеріңе тас жаудыратын боран жіберуінен қорықпайсыңдар ма? Одан өздеріңе ешбір арашашы таба алмайсыңдар.

69. Сендерді теңізге қайта жіберіп, шүкірлік етпеулеріңнен дауыл жіберіп, суға кетіруінен қорықпайсыңдар ма? Сендер үшін бізден өш алушыны таба алмайсыңдар.

70. Анығында, адам ұрпақтарын ардақтадық әрі оларды құрылықта (көлікке), теңізде (кемеге) мінгіздік, оларды тәтті тағамдармен ризықтандырдық және оларды басқа жаратқандарымыздан әлде-қайда артық жараттық.

71. (Есіңде болсын) сол бір күні (қиямет күні) бүкіл адамдарды имамдарымен (басшыларымен) шақырамыз. Кімге кітабы оң жағынан берілсе міне солар кітаптарын оқиды және оларға қылдай да қиянат жасалмайды.

72. Бұл дүниеде (көңіл көзі) көрмейтіндер ақыретте де соқыр болады да жолдан адасады.

73. (Ей, Мұхаммед!) Олар саған уахи еткенімізге қастық істеуің үшін, саған Құраннан басқаны жасатып, бізге жала жаптыра жаздады. (Солай істеген болсаң) олар сені дос тұтар еді.

74. Біз сені мызғымас етіп бекемдемеген болсақ, расында оларға біраз бейімделіп кете жаздаған едің.

75. Егер солай болған болса, саған әлбетте, тіршілікте де, өлгеннен кейін де еселеп азап тарттырар едік, одан соң бізге қарсы өзіңе медеткер таба алмас едің.

76. Олар (яһұдилер) маза бермей түрткі салып, сені мекеніңнен (Меккеден) шығарып жібере жаздады, олай болғанда, олар сенен кейін аз уақыт қана тұра алар еді (баянды тұра алмас еді).

77. Бұл сенен ілгергі жіберген пайғамбарларымыздың да ұстаған жолы (пайғамбарын қуғындаған елді тып-типыл қылу ежелден Алланың ұстаған жолы). Біздің жолымыздан ешбір өзгеріс таба алмайсың.

78. (Ей, Мұхаммед!) Түс ауғаннан түн қараңғылығы үйірілгенге дейін намаз оқы және таң намазын оқы! Рас, (періштелер де) таң намазына қатысады.

79. Түн ішінде оянып, өзіңе (тән) нәпіл намазыңды өте. Раббың сені мақтаулы орынға (ұлы шапағат орнына) тұрғызуы мүмкін.

80. “Раббым! Мені (кіретін жерге) сәтті кіргізе гөр, (шығатын жерден) сәтті шығара гөр! Өз құзыреңнан маған жар боларлық күш-қуат бере гөр!” - де.

81. “Ақиқат (Ислам діні) келді, негізсіз нәрселер (күпірлік) жойылды. Негізсіз нәрселер расында оңай жойылады” - де.

82. Біз мүминдерге шипа және рақым болатын Құран аяттарын түсіреміз. Бұл Құран тек қана кәпірлердің зиянын арттыра түседі.

83. Адамзатқа (дәулет берсек) жақсылық жасасақ, (Алладан) бет бұрып қыңырая қалады, ал қашан оған жамандық (қиындық) келсе, үмітсіздене күдер үзеді.

84. (Ей, Мұхаммед!) “Әр адам білгені бойынша тірлік етеді, ал кімнің тура жолда екенін Раббың жақсы біледі” - де.

85. (Ей, Мұхаммед!) Олар сенен Рухтың не екенін сұрайды. (Сен оларға:) “Рух Раббыңның құзырындағы іс” - деп айт. Сендерге ол жөнінде өте аз мәлімет берілген.

86. Егер біз қаласақ, саған уахи еткен Құранды (көңілден шығарып) кетер едік. Кейін бізге қарсы (оны қайтарып әкелуші) сүйеніш таба алмайсыңдар.

87. Бірақ Раббыңның рақымы түсіп, оны әкетпедік. Раббыңның саған деген жақсылық-нығметі расында ,ерекше мол.

88. (Ей, Мұхаммед!) “Егер адамдар, жындар осы Құранға ұқсас Құран жасамақ болып жиналса, тіпті біріне бірі көмектессе де, оны жарыққа шығара алмайды.

89. Бұл Құранда адамдар үшін түрлі мысалдарды далдап баяндадық. Сонда да адамдардың көбі (ақиқаттан) бас тартып, қарсы болды.

90. Олар (мүшіріктер): “Сен бізге жер астынан бір бұлақ шығармайынша, саған, әсте сенбейміз;

91. Немесе өзің арасынан бұлақтар ағызып қойған құрмалы, жүзімді бір бақшаң болсын;

92. Немесе өзің айтқандай үстімізге аспанды кесек-кесегімен түсір яки Алланы, періштелерді алдымызға келтір;

93. Не болмаса алтыннан үйің болсын, яки аспанға шық, әйтеуір біз оқи алатын (сенің пайғамбарлығың жазылған) бір кітап түсірмесең, сенің көкке шыққандығыңа, әсте сенбейміз”,- десті. (Ей, Мұхаммед! Оларға): “Раббым нұқансыз пәк. Ал мен бір елші адам ғанамын (Алланың рұқсатынсыз ешбір адам мұғжиза көрсете алмайды)”,- деп айт.

94. Адамдарға туралық (Құран мен пайғамбар) келген кезде олардың (мүшіріктердің) “Алла кәдімгі адамды пайғамбар етіп жіберді ме?”,- деген сөздері ғана иман айтуына бөгет болды.

95. (Ей, Мұхаммед! Оларға): “Жер бетінде мекендеп жүргендер періштелер болса ғой, онда әрине оларға көктен бір періштені елші етіп түсірер едік”,- деп айт.

96. (Ей, Мұхаммед!) “Сендер мен менің арама (менің Алланың елшісі екендігіме) Алла куәлік етуге жеткілікті. Шындығында, Алла пенделерін жақсы біледі, ол аса көреген”,- де.

97. Алла кімді оңдаса, сол дұрыс жол табады. Алла кімді адастырса, оған Алладан өзге жәрдемші таба алмайсың. Оларды қиямет күні бетімен жер басқызып екпеттетіп, соқыр, мылқау, саңырау күйде тірілтіп жинаймыз. Олардың барар орындары – тозақ. Тозақ оты бәсеңдей қалса, оларға от жалынын күшейте түсеміз.

98. Аяттарымызды мойындамағандықтары әрі “Біз қу сүйек және шіріп топырақ болған соң да, қайта тіріліп қайта адам боламыз ба?” - дегендіктері үшін олардың тартар сазайы, әне, сол.

99. Жер мен көкті жаратқан Алланың шындығында өздеріндей адамдарды жаратуға құдіреті жететіндігін олар білмей ме?! Олардың өлуі, тірілуі үшін Алланың өлшеулі уақыт белгілегені шек-шүбәсіз. Алайда залымдар күпірлікке ғана пейіл.

100. (Ей, Мұхаммед! Оларға): “Егер сендер Раббымның рақымет қазынасына ие болсаңдар, онда оның шығын болуынан (таусылып қалуынан) қорқып, тастай қатып ұстар едіңдер. Адам деген тым сараң”,-деп айт.

101. Анығында, біз Мұсаға тоғыз түрлі айқын мұғжиза дарыттық. Мұса Перғауын еліне келгенде (біз Мұсаға): “Исрайыл ұрпағын (қоя бер деп олардан) сұра” - дедік. Перғауын оған: “Ей, Мұса, мен сірә, сені сиқырланған кісі деп ойлаймын” - деді.

102. Мұса: “(Ей, Перғауын!) Бұларды (осы мұғжизаларды) көк пен жердің жаратушы иесі (пайғамбарлығыма) дәлел ретінде түсіргендігін сен

қалай да білесің. Ей, Перғауын! Мен сені расында, тып-типыл болады деп ойлаймын” - деген еді.

103. Перғауын оларды (Мысыр) жерінен қуып жібермек болды, сонда біз Перғауынды және онымен бірге болғандарды түгелдей суға батырып жібердік.

104. Оларды суға батырғаннан кейін, Исрайыл ұрпақтарына: “Осы жерге (Мысырға) қоныс тебіңдер, ақыреттің уәделі уақыты жеткен шақта сендерді (жинап) әкелеміз” - дедік.

105. Біз (Құранды) ақиқат негізінде түсірдік. (Құран да) Ақиқат үкім-бұйрықтармен түсті. (Ей, Мұхаммед!) Біз сені тек қуантушы, ескертуші ретінде жібердік.

106. Құранды адамдарға (байыппен) оқып беруің үшін, біз оны даналап бөлімдерге (аяттарға) бөліп, бір-бірлеп түсірдік.

107. (Ей, Мұхаммед!) “Құранға мейлі сеніңдер, мейлі сенбеңдер, одан бұрын кітап берілгендерге (Құран) оқылса, олар (әсерленіп) дереу сәждеге бас қояды” - де.

108. Олар: “Раббымызды пәк деп ұлықтаймыз, Раббымыздың уәдесі сөзсіз орындалады” - дейді.

109. Олар жылаған бойда сәждеге жығылады, бұл (Құран оқу) олардың ықыласын арттыра түседі.

110. “Алла деп атасаңдар да немесе Рахман деп атасаңдар да болады, қайсысымен атасаңдар да оған лайық, өйткені Алланың да көптеген көркем есімдері бар” - деп айт. Өзің намазыңда (қирағатты) тым саңқылдап та, тым сыбырлап та оқыма, екеуінің аралығындағы орташа жолды тұт (яғни қоңыр әуезбен оқы).

111. Күллі мадақ-мақтау ұрпақтан ада, патшалы салтанатқа серігі болмаған, қорлықтан құтқаратын жәрдемшіге де мұқтажсыз Аллаға лайық деп, Алланы ұлықтап тәкбір айт.

18. КАҺФ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 110 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Барлық мадақ Аллаға тән. Пендесіне (Мұхаммедке) Құранды түсірді, оған ешқандай қыңырлық жасалмаған;

2. Өте дұрыс Құранды өз құзырынан болатын қатты азаппен адамдарға ескерту беру, жақсылық істеген мүминдерді тамаша сый (жәннат) арқылы қуанту үшін түсірді;

3. Олар (жақсылықпен шұғылданған мұсылмандар) онда мәңгі тұрады;
4. Алланың “Баласы бар” дегендерге ескерту беру үшін түсірді.
5. Олардың және ата-бабаларының (“Алланың баласы бар” дегені) бұл сөз хақында титтей де білімі жоқ. Ауыздарынан шыққан сөз тым кесек. Олар тек өтірік айтады.
6. Егер олар бұл Құранға сенбесе, (олардың күпірлігі үшін) іштей жүнжіп, өз жаныңнан безінуің кәдік (бұл саған лайық емес).
7. Адамзаттан кімдердің абзал істермен шұғылданатындығын сынамаққа жер жүзіндегі барша затты жердің ажар-көркі еттік.
8. Біз сөзсіз (күндердің күнінде) жер бетіндегі нәрселерді түгел жойып жіберіп, жерді қаңсыған қу тақырға айналдырамыз.
9. (Ей, Мұхаммед!) Каһф пен Рақым иелерін біздің ғаламаттарымыздың таң-ғажайып белгісі деп ойладың ба?
10. Бір заманда бірнеше жігіт үңгірге барып паналады: “Раббымыз! Бізге өз құзырыңнан игілік бере гөр, ісімізді оңғарып, дұрыс жол сілтегейсің!” - деген еді.
11. Біз оларды үңгірде талай жыл ұйықтаттық.
12. Олардың үңгірде қанша уақыт тұрғандығын топтың (ұйықтаған уақытқа таласқан екі жақтың) қайсысының есептегіш екенін білу үшін, ояттық.
13. (Ей, Мұхаммед!) біз саған олардың хикаясын шындық бойынша баяндаймыз. Олар Раббыларына шын сенген жігіттер еді, біз олардың дұрыстығын арттыра түстік.
14. Біз олардың жүректерін бекемдеп байланыс жасадық. Сонда тұрып: “Раббымыз – жер мен көктің иесі, біз одан өзгеге тәңір деп жалбарынбаймыз, әйтсе де (Алланың серігі бар дейтін болсақ), расында қисынсыз сөйлеген болар едік.
15. Біздің бұл еліміз Алладан басқаны құдай тұтты. Олар сол құдайларына байланысты неге бір анық дәлел келтіре алмайды? Аллаға жоқтан жала жапқаннан өтер залым бар ма?” - деді.
16. (Олардың ішінен біреуі айтты:) “Елдеріңнен және олардың Алладан өзге табынғандарынан қол үзген екенсіңдер, енді үңгірді паналаңдар. Раббыларың сендерге рақымын жаудырады, сондай-ақ істеріңе сәттілік береді”.
17. Күн шыққан шақта күннің олар жатқан үңгірдің оң жағынан өткенін көрер едің. Батар шақта сол жағынан қиғап өткенін көрер едің. Олар үңгірдің (орта шетіндегі) бір кеңістікте. Бұл Алланың ғаламаттарының бірі. Алла кімді оңғарса, сол дұрыс жолға түседі. Алла кімді адастырса, оған, әсте жол көрсететін дос таба алмайсың.
18. Оларды (көрсең) ояу екен деп ойлайсың, әйтсе де, олар ұйқыда еді.

Оларды оңға және солға аунатып тұрамыз. Олардың иті екі аяғын көсілген күйі (үңгірдің босағасында) жатыр. Егер оларды көрер босаң, суқаның сүймей, бұрыла қашар едің.

19. Осылайша, (қаншылық уақыт жатқандығын) бірі бірінен сұрасын деп оларды ояттық. Олардың бірі: “Қанша ұйықтадыңдар?” - деді. Басқалары: “Бір күн не бір күнге де жетпейтіндей жатқан шығармыз” - десті. (Олардың ішінен біреуі айтты:) “Қанша ұйықтағандарыңды Раббыларың жақсы біледі. Енді мына күміс шақамен біреуіңді қалаға жіберіңдер, байқап көріп кімнің тамағы таза болса, содан сатып әкелсін. Абайласын, сендерді біреуміреуге сездіріп қоймасын!

20. Өйткені олар (қала халқы) сендерді ұстап алса, таспен ұрып өлтіреді немесе өз діндеріне кіргізеді. Ол кезде сендер құтыла алмайсыңдар”.

21. Міне, осылайша Алланың (өлгенді қайта тірілтетіні туралы) уәдесінің шын екенін және қияметтің күдіксіз болатындығын біліп адамдарды олардың ахуалынан хабар алғыздық, сол шақта олар (үңгірде ұйықтағандардың елі) бұлардың ісі туралы өзара айтысты. Біреулер: “Олардың басына үй салыңдар! Олардың жәйін Алла жақсы біледі” - деді. Ол елдің іс басындағылары: “Олардың басына бір мешіт-мазар салайық” - десті.

22. Біреулер: “Олар (үңгірдегілер) үшеу екен, төртіншісі – иті” - десе, енді біреулер: “Олар бесеу, алтыншысы – иті”- дейді, бұлар көрмей тұрып болжаммен айтылған сөздер. Кейбіреулер: “Олар жетеу, сегізіншісі – иті” - деді, (Ей, Мұхаммед!) “Олардың санын Раббым өзі жақсы біледі, адамдардан оны білетіні өте аз. Олар хақында (насаралармен) жай ғана айтыс, ешкімнен олар жөнінде сұрама.

23. Сен ешбір істі: “Ертең сөзсіз істеймін” - деме,

24. “Егер Алла бұйырса” - деген сөзді қосып айт. (Бұл сөзді) ұмытсаң, Раббыңды есіңе ал да: “Раббымның мені дұрыстыққа мұнан да жақынырақ жолға салуын үміт етемін” - деп айт.

25. Олар үңгірде үш жүз тоғыз жыл жатты.

26. (Ей, Мұхаммед!) “Олардың үңгірде қанша жыл жатқанын Алла жақсы біледі, көк пен жердегі көместі білу Аллаға тән. Алла неткен көреген, неткен естігіш! Оларға Алладан басқа ешбір медетші жоқ. Алла өз үкіміне ешкімді ортақтастырмайды” - де.

27. (Ей, Мұхаммед!) Саған Раббыңның кітабынан қандай уахи келсе, соны оқы! Алланың сөзін ешкім өзгерте алмайды, сен одан басқа ешбір пана таба алмайсың.

28. Алланың разылығын іздеп ертелі-кеш сабыр қылғандармен бірге өзің де сабырлы бол, дүние тірлігінің сән-салтанатына беріліп, олардан көздеріңді ілмей қойма. Жүрегін бізді еске алудан қаперсіз қалдырған,

өз қиялына ғана ерік берген, қылығы шектен шыққан адамдарға бағынба.

29. (Ей, Мұхаммед!) “Бұл ақиқат (Құран) Раббыларыңнан келген. Кімдекім қаласа сенсін” - деп айт. Біз залымдарға (анадайдан) лаулаған жалындары қоршап алатын тозақ отын дайындадық. Олар су сұрап жалынса, оларға бетті күйдіретін, метал ертіндісі сияқты ыстық су беріледі, (міне, бұл) неткен жаман сусын, неткен жаман орын десеңші!

30. Расында, иман келтіріп, жақсы іс істегендердің еңбегінің сауабын зая қылмаймыз.

31. Әне, соларға іргесінен өзен ағып жататын Ғадын жәннаты бар. Олар онда алтыннан білезік салады, қалың және жұқа жасыл жібектерден киім киеді, арқалы орындықтарға сүйе-ніп отырады. (Міне, бұл) неткен жақсы сый, неткен жақсы орын!

32. (Ей, Мұхаммед!) Адамдарға мынадай екі кісіні мысалға келтір: Олардың біріне біз төңірегі құрма, ортасында егіндігі бар екі жүзім бақшасын әзірледік.

33. Бұл екі бақшаның екеуінің де еш кемдігі жоқ, толық жеміс берді, біз мұның аралығынан бұлақ ағызып қойдық.

34. Оның (бақша иесінің) кірісі мол болды да, ол (бірге жүрген) жолдасына мақтанып: “Мен сенен баймын, адамдарым да сенен көп” - деді.

35. Ол бақшасына, (күпірлікпен) өзіне зұлымдық жасаған күйі: “Әсте, бұл бақшаны жойылады деп ойламаймын.

36. Қияметтің боларын да ойламаймын, егер де Раббымның құзырына қайта барсам, әрине, бұдан да жақсы орын таба аламын” - деді.

37. Оның жолдасы оған қарсы дау айтып былай деді: “Сені (әуелде) топырақтан, бір тамшы ұйыған қаннан жаратып, толық адам еткен Аллаға сенбейсің бе?

38. Ал менің жаратушым – Алла, мен жаратушы Раббыма ешбір серік қоспақ емеспін.

39. Сен өз бақшаңа кірген шақта: Бұл – Алланың қалағаны, Алладан өзге ешбір құдірет жоқ (Алланың медет-жәрдемі болмаса, қолымнан ештеңе келмейді) деп неге айтпайсың? Сен мені малбас жағынан өзіңнен кем санасаң да,

40. Раббым маған сенің бақшаңнан да жақсырағын беруі, ал сенің бақшаңа аспаннан найзағай түсіп, бақшаң мүлде қылтанақсыз қу тақырға айланып қалуы мүмкін.

41. Немесе бақшаңның суы тартылып қалып, оны іздеп табу қолыңнан келмеуі мүмкін”.

42. (Ақыры күпірлік етушінің) бақшасы ойран болды да, жүзім аспалары құлап қалды, бақшасына жұмсаған қаржысына іші удай ашыған ол

екі алақанын ысқылай берді де: “Әттеген-ай, Раббыма серік қоспаған болсамшы!” - деді.

43. Оған Алладан өзге жар болатын ешкім де шықпады, өзіне өзі де жәрдем ете алмады.

44. Бұл жерде (мұндайда) медеткерлік тек қана шынайы Аллаға тән. Ол (иман келтірген пендеге) жақсы сыйлық береді, оның ақырын қайырлы етеді.

45. (Ей, Мұхаммед!) Оларға дүние тіршілігі хақында мына мысалды келтір: “Біз көктен жаңбыр жаудырдық, сол жаңбыр суымен жердің өсімдіктері бітік болып құлпыра өсті, кейін қурап төгіліп, жел ұшырып әкетті. (Дүние тіршілігі құдды сол сияқты). Барлық нәрсеге Алланың құдіреті жетеді.

46. Мал мен бала – дүние тіршілігінің сәні, ал мәңгі-бақи қалатын жақсы істердің сауабы және (одан күтілетін) үміт Раббыңның құзырында (дүниенің қызығынан) әлдеқайда артық.

47. Сол күнді(қиямет күні) біз тауларды бұлт секілді жылжытамыз, жерді тап-тақыр жалаңаштаймыз. (Сонда) оларды (адам баласын) бірін қалдырмай жинаймыз.

48. Олар Раббыңның құзырына қатар-қатар тізіліп келтіріледі. (Біз кәпірлерге былай дейміз:) “сендерді әу баста қалай жаратқан болсақ, сондай күйде (мал-мүліксіз, баласыз, тыржалаңаш) келдіңдер, бәлкім өздеріне мұндай уәделі күнді белгілемеді деп ойлаған шығарсыңдар”.

49. (Адамдарға) амал дәптері алдарына қойылады, сонда күнәһарлардың ондағы жазылғандардан қорыққанын көресің. Олар: “Әттең, мұндай да өкініш болар ма! Мына кітапта үлкенді-кішілі қылмыстың бір де бірін қалдырмай санап жазыпты ғой!” -деседі. Олар өз істегендерін бір-бірден айна-қатесіз көретін болады. “Раббың ешбір жанға қиянат жасамайды.

50. Өз кезінде біз періштелерге: “Адамға сәжде етіңдер” - деген едік. Ібілістен басқасы түгел сәжде етті. Ібіліс жыннан болғандықтан, ол Раббының әміріне бойсұнбады. (Ей, пенделерім!) Сонда да менен тайқып, Ібілісті және оның ұрпағын дос тұтасыңдар ма? Ал олар сендерге ашық қас дұшпан. Залымдар үшін бұл алмастыру (Аллаға құлшылық етудің орнына шайтанды дос тұту) неткен жаман!

51. Жер мен көкті жаратқанымды да, олардың өздерін жаратқанымды да оларға көрсеткенім жоқ (соларды жаратқанымда шайтанды керек етпедім), сондай-ақ аздырушыларды көмекші еткен де емеспін.

52. Сол күні (қияметте) Алла оларға: “Өздеріңнің маған серік деп ойлаған нәрселеріңді шақырыңдар” - дейді. Сонда, олар шақырады, бірақ олар (серіктері) жауап қата алмайды. Біз олардың араларына (өте алмайтын) бір қатерлі орын жасап қоямыз.

53. Күнәһарлар тозақ отын көріп, оған түсетіндіктерін сезеді, (бірақ) одан тайқып бойтасалауға жер таппайды.

54. Бұл Құранда расында, адамдарға насихат үшін әрнәрсенің мысалын ашық баяндадық, ал адамдар өте жанжалшыл.

55. Адам баласына бір туралық келген кезде олардың иман келтірулеріне және Раббыларынан жарылқау тілеулеріне кедергі – бұрынғылардың жүрген жолының (тып-типыл болуы) өз бастарына келуін немесе өздеріне келер азапты өз көздерімен көруді күткендігі.

56. Біз елшілерімізді (имандыларды) қуандыру, (қарсылық жасағандарға) ескерту беру үшін ғана жібереміз, кәпірлер қисынсыз сөздер арқылы ақиқатты жоққа шығару үшін таласады. Олар аяттарымызды және ескертуімізді мазақ етеді.

57. Раббыңның аяттарымен насихаттала тұра одан бет бұрған және өзінің бұрынғы өткізген қылмысын ұмытқан кісіден өтер залым бар ма? Анығында, олардың көкей көзіне Құранды түсінбес етіп перде ұстадық, құлақтарын керең еттік. Оларды тура жолға шақырғаныңмен, олар әсте тура жолға түспейді.

58. Раббың душар аса кешірімді, ерекше рақымды. Егер оларды қылмысына қарай (іле) жазалайтын болса, әрине, оларға болатын азапты тездетер еді. Әйтсе де, оларға белгілі бір мерзім бар, сол мерзімі келгенде олар Алладан өзге еш пана таба алмайды.

59. Сол бір қалалардың халықтары (Һұд, Салих, Лұт, Шұғайып пайғамбарлардың қауымдары) зұлымдық істеген шақта оларды тып-типыл еттік. Олардың зауал табулары үшін де белгілі мерзім белгілеген едік.

60. Өз уағында Мұса қасындағы жігітіне (Юшағ ибн Нұнға): “Екі теңіздің қосылған жеріне жеткенше тоқтамаймын немесе әлденеше жылдар бойы тынбай жүре беремін” - деді.

61. Олар екі теңіздің түйісіне жеткенде, (азыққа алған) балықтарын ұмытты. Балық сырғып түсіп теңізге бет алған еді.

62. Бірталай жер жүргеннен кейін, Мұса жігітіне: “Әлгі азығымызды әкелші, шаршап-ақ қалған екенбіз” - деді.

63. “Біз әлгі жартастың астында дамылдаған кезімізде балықты ұмытқанымды көрмейсіз бе? Оны айтуды маған шайтан ұмыттырды. (Азық үшін пістіріп алған) балықтың теңізге түсіп, өз жөніне кеткені ғажап-ақ!” - деді жігіт.

64. Мұса: “Біздің іздеп келе жатқан жеріміз тап сол ара” деді де, екеуі келген ізінше қайта қайтты.

65. Екеуі (балық жоғалған жерде) өз рахметімізді айтқан және ғылым үйреткен пенделеріміздің біріне (Қызыр ғалайһиссаламға) кездесті.

66. Мұса оған: “Сізге дарытылған даналықтардан маған да үйретуіңіз үшін (сізге) ерейін бе?” - деді.

67. Ол (Қызыр) айтты: “Менімен бірге болуға шыдай алмайсың.

68. Өзің ішкі сырын толық білмейтін істерді көргенде қалай сабыр ете алар екенсің?”.

69. Мұса: “Алла қаласа, менің ұстамды екенімді байқарсыз. Бұйрығыңызға, әсте қарсы келмеймін” деді.

70. (Қызыр:) “Маған еремін десең, (алда кезіккен) істер хақында мен саған түсіндірмейінше ешнәрсе сұрама!” - деді.

71. Сонымен екеуі жолға шықты да, бір кемеге мінді. (Қызыр) кемені тесті. (Мұса оған:) “Кемедегілер суға кетсін деп тестің бе? Сен расында, шатақ істедің” - деді.

72. (Қызыр): “Менімен бірге жүруге шыдай алмайсың демеп пе едім!” - деді.

73. Мұса оған: “Айтқаныңызды ұмытқаным үшін айыпқа бұйырмағайсыз. Маған қолайсыз қиындық тудыра көрмеңіз!” - деді.

74. Екеуі тағы да жол тартты. Жолда бір балаға кездесіп еді, (Қызыр) оны өлтірді. “Жазықсыз бір жанды өлтіргеніңіз қалай? Расында, сұмдық іс істедіңіз” - деді Мұса.

75. «Менімен бірге жүрсең шыдай алмайсың деп саған айтпап па едім?» деді (Қызыр).

76. Мұса: «Мұнан былай тағы бірдеңе туралы сұрар болсам, мені жолдас етпей-ақ қойыңыз. (Уәдеге үш рет қайшы келгендігім үшін) әрине, маған айтарыңызды айтып болдыңыз» - деді.

77. Екеуі тағы да жол тартып бір қыстаққа келді де, ондағы тұрғындардан тамақ сұрады. Қыстақтағылар оларға қонақасы беруден бас тартты. Екеуі қыстақта құлағалы тұрған бір тамды көріп, оны жөндеп қайта тұрғызды. (Мұса Қызырға): «Егер қаласаңыз, бұл еңбегіңізге ақы алар едіңіз» -деді.

78. (Қызыр) айтты: «Екеуміздің айырылатын жеріміз міне осы, сен сабыр ете алмаған (қайта-қайта сұраған) істердің сырын енді айтып берейін.

79. Әлгі кемеге келсек, ол теңізде кәсіп істейтін кедейлердікі еді. Оны (тесіп) ақаулы етіп қойғым келді, (себебі) сол маңда жарамды кемелерді тартып алатын бір патша бар еді. (Бүлінген кемені ол алмайды).

80. Ал (өлтірілген) баланың әке-шешесі мұсылман еді, ол бала (ержеткен соң оңбаған кәпір болатындықтан) әке-шешесін теріс іске, күпірлікке мәжбүрлейді деп қауіптендік.

81. Сондықтан, Раббыларынан оларға одан гөрі пәк, қайырымды бір перзент нәсіп етуін тілек еттік.

82. Әлгі үй жөнінде келсек, ол сол қыстақтағы екі жетім баланікі еді. Оның

астында екеуіне арналған (көмулі) қазына бар. Олардың әке-шешелері түзу, жақсы кісілер болғандықтан, Раббың екі жетімнің ержеткен соң (үй астындағы) қазынаны қазып алуын қалады. Міне, бұл Раббыңның оларға деген рақымы. Бұл істерді мен өздігімнен істемедім, (Алланың маған берген аяны еді). Сен сабыр ете алмаған (қайта-қайта сұраған) істердің мән-жайы міне, осылай».

83. (Ей, Мұхаммед!) Олар (яһудилер) сенен Зұлқарнайын хақында сұрайды. «Сендерге оның әңгімесін баяндайын» - де.

84. Біз оған жержүзінде күш-қуат беріп, әр істе қолайлы жол әзірледік.

85. Ол (Алла оңайластырып берген) осы жолмен жүрді (күнбатысқа жорық жасады).

86. Күннің батқан жеріне келгенде, күннің қара лайсаңға батып бара жатқанын көрді және сол маңнан бір елге жолықты. Біз оған: «Ей, Зұлқарнайн! Не оларды жазала, не оларға жақсы мәміле жаса!» - дедік.

87. Зұлқарнайн оларға: «Кім де кім зұлымдық істесе, оны жазалаймыз, ол Раббыңның алдына қайтарылады да, Раббы оны тіпті де қатты жазалайды.

88. Кімде-кім иман келтіріп, игі істер істесе, оған жақсы сый беріледі әрі оны жеңіл іске бұйырамыз» - деді.

89. Одан соң ол тағы (шығысқа қарай) жол тартты.

90. Күн шығатын жерге жеткенде, күннің бір қауымның үстінде шыжып тұрғанын көрді. Оларға күннен сақтанарлық (баспана, киім сияқты) лыпа жасамаған едік.

91. Мұнда да солай болды (өз айтқанындай істеді), шынында біз оның (Зұлқарнайнның) қолындағы (әскері, құралы сияқты) нәрселерден толық хабардар едік.

92. Содан кейін ол тағы да жол тартты.

93. Екі таудың арасына жеткенде ол жерде (өз тілінен басқа) тіл білмейтін бір қауымды ұшыратты.

94. «Ей, Зұлқарнайн! Яжүж және Мәжүждер бұл жерде рас зобалаң салуда. Біз саған салық төлесек, олар мен біздің арамызға бір бөгет салып беремісің?» - деді олар.

95. Зұлқарнайн айтты: «Раббымның маған нәсіп еткендері (күш-қуатым, патшалығым сендер беретін малдарыңнан) артық. Сендер маған адам күшімен көмектесіңдер, олармен сендердің араларыңа мықты қорған жасап берейін.

96. Маған темір сынықтарын жиып әкеліңдер, онымен екі таудың арасы толған кезде көрік басыңдар». Темір қызып балқығанда: «Балқыған мыс әкеліңдер, үстіне құяйын» - деді. (Үстіне мыс құйып, темір аралас мықты бөгет жасады).

97. Олар (Яжүж, Мәжүждер) одан аса алмады, оны тесе де алмады.

98. Зұлқарнайн: «Бұл – Раббымның нығметі, қашан Раббымның уәдесі (қиямет) іске асқан сәтте, бұл қорғанды жермен жексен етеді, Раббымның уәдесі – хақ» деді.

99. Сол күні (қиямет күні) оларды (Яжүждер мен Мәжүждерді) иін тірестіріп қоямыз да, Сүр үрленіп, оларды тегіс жиямыз.

100. Ол күні кәпірлерге тозақты анық көрсетеміз.

101. Олардың көздері перделенген, менің насихаттарымды көрмейді, құлақтары (Құранды) ести алмайды.

102. Кәпірлер менен сырт беріп, құлдарымды құдай тұтуға болады деп ойлай ма? Расында, тозақты кәпірлердің тұрағы етіп даярладық.

103. (Ей, Мұхаммед, оларға:) «Істеген ісіне қарай зиян тартқандарды сендерге айтып берейін бе?

104. Олар – тіршілік дүниесінде істеген еңбектері жойылған, бірақ өздерінше жақсы іс істедік деп ойлайтындар.

105. Әне, солар – Раббыларыңның аяттарына қарсы болған, Раббыларына жолығатындығын мойындамағандар, (нәтижеде) істеген жақсылықтары (еңбектері) еш кеткендер. Оларды қиямет күні титтей де есепке алмаймыз.

106. Кәпір болғандықтары, аяттарымыз бен пайғамбарларымызды мазақ еткені үшін, олардың жазасы – тозақ» - де.

107. Иман келтіріп, жақсы іс істегендердің тұрағы Фирдауыс жәннаты болмақ.

108. Онда мәңгі тұрады. Одан шығуды қаламайды.

109. (Ей, Мұхаммед!) «Егер Раббыңның сөздерін (кәләмін) жазуға теңіз сия болса, тіпті тағы сондай бір теңізді қоссақ та, Раббыңның сөзі таусылмай тұрып, теңіз (суы) таусылып кетер еді» -деп айт.

110. (Ей, Мұхаммед!) «Мен де сендер сияқты кәдімгі адаммын, Жаратушыларың бір ғана Алла екендігі (Алладан) маған уахи етілді. Кім Раббына жолығуды үміт етсе, онда жақсы істер істесін, Раббына ғибадат-құлшылық жасауда оған ешкімді серік қоспасын!» - де.

19. МАРИЯМ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 98 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Кәф, Һә, Иа, Айн, Сад.

2. Бұл Раббыңның пендесі Зәкарияға арнаған рахметінің баяны.
3. Ол бір кезде Раббына бәсең әуезбен мінәжат етті:
4. «О, Раббым! Сүйегім жасып, шашым ағарды. О, Раббым! Саған тілек етіп жалбарынудан күдер үзген емеспін.
5. Шынында, мен өз жақындарымнан (мұрагер бола алмайды деп) алаңдаудамын. Жұбайым да бала көтеруден қалған. Сонда да (өз рақымыңмен) бір перзент нәсіп ете гөр!
6. Ол маған да және Яғқұб әулеттеріне де мұрагер болсын. Раббым! Оны ризалығыңа бөлегейсің!».
7. (Алла оған періште арқылы айтты:) «Ей, Зәкария, біз расында, сені бір ұл баламен куантамыз. Оның аты Яхия, бұрын ешкімге ондай есім қойғамыз жоқ».
8. Зәкария: «Раббым, жұбайым бала көтермейтін кемпір, менің де қартайып қаусаған кезім, сонда қалай балалы болмақпын?» - деді.
9. (Алла жіберген періште айтты:) «Солай болмақ. Раббың айтты: “Бұл маған оңай, өйткені сен бұрын жоқ едің, мен сені (жоқтан бар етіп) жараттым”».
10. Зәкария: «Раббым, бұл үшін маған бір белгі берсең», деді. (Алла:) «Сенің белгің – сап-сау күйіңде үш тәулік тіл ауыздан қаласың» - деді.
11. Сонда Зәкария михрабтан қауымына шығып, ертелі-кеш (Аллаға) тәсбих айтуды уахи етті.
12. (Біз Яхияға:) «Ей, Яхия! Кітапты (Тәуратты) мықтап ұста!» - дедік. Және оған сәби кезінде-ақ ақыл-парасат бағыш еттік.
13. Әрі оған мархабат және пәктік сыйладық, (сондықтан) ол өзі де тақуа еді.
14. Ата-анасына қайырымды болды, озбыр, опасыз болмады.
15. Туылған күні, өлген күні, қайта тірілетін күні оған есендік болсын!
16. (Ей, Мұхаммед! Оларға) Құрандағы Мариямды айтып бер. Сол кезде ол үйінен бөлініп, шығыс жақтағы бір жерге барып тұрды.
17. Онымен адамдардың арасына перде тұтып қойдық (жасырдық). Оған біз рухымызды (Жәбірейілді) жібердік, ол оған толық адам бейнесінде көрінді.
18. Мариям: «Мен сенен (сенің тиісуіңнен) рақымды Аллаға сиынамын, егер сен тақуа болсаң (маған тиіспе)» - деді.
19. Жәбірейіл: «Мен саған Раббыңның бір пәк ұл беруі үшін жіберген елшісімін» - деді.
20. Мариям: «Маған жан пенде жуымаған әрі намысыма кір жұқтырмаған болсам, қалайша балалы болмақпын?» - деді.
21. Жәбірейіл айтты: «Ол солай болмақ, өйткені Раббың: “Бұл маған оңай,

мұны адамдарға (құдіретімізді көрсететін) дәлел және өз жағымыздан бір рақым етпекпіз. Бұл тағдырға жазылған іс» - деді.

22. Мариям екі қабат болды да, оңаша алыс бір жерге кетті.

23. Толғағы жиілегендіктен, ол бір құрма ағашының түбіне келді де: «Әттең, мұнан бұрынырақ өліп тынып, елден ұмыт болсамшы!» - деді.

24. (Жәбірейіл) оған құрма ағашының астынан дауыстады: «Қамықпа, Раббың аяғыңың астынан бір бұлақ ашты.

25. Құрма ағашын өзіңе қарай ырғап тартсаң, әбден піскен жаңа құрмалар алдыңа түседі.

26. (Құрманы) жеп, (судан) іш те, көзайым бол! Біреу-міреуге кезіксең: «Аса қайырымды Алла үшін ораза тұттым, ешбір пендеге сөйлемеймін» - деп айт».

27. Мариям (босанып) баланы көтеріп еліне келді. Олар айтты: «Ей, Мариям! Сен расында (ешкім істемеген) өрескел іс жасадың.

28. Ей, Һарунның қарындасы! Сенің әкең де жаман кісі емес еді, шешең де зинақор жан емес еді».

29. Мариям нәрестені нұсқады (содан сұраңдар дегендей). Олар: «Бесіктегі сәбимен қайтып сөйлесеміз?» - десті.

30. (Алла тіл бітірген) нәресте айтты: «Мен расында, Алланың пендесімін. (Алла) маған кітап (Інжілді) түсіреді, мені пайғамбар етеді.

31. Қайда болсам да, мені құтты-берекелі етіп жаратты. Маған тіршілігімде намаздарымды, зекетті толық өтеуді тапсырды.

32. Шешеме қайырымды етті, озбыр, қиянқы етпейді.

33. Туылған күнімде, өлетін күнімде, қайта тірілетін күнімде (Алланың мейірімімен) аман-есендік болады».

34. Міне, бұл – олар шүбәланып таласқан Мариям ұлы Иса хақындағы хақ сөз.

35. Алланың баласы болуы мүмкін емес, Алла одан пәк. Алла бір істің болуын қалағанда, «бол!» десе-ақ, ол пайда бола қалады.

36. Алла расында, менің де Раббым,сендердің де Раббыларың. Сондықтан оған құлшылық етіндер, тура жол міне, осы!

37. (Яһуди, Насара) топтары (Иса туралы) талас-тартыста қалды. Ол күні (қиямет күні) кәпірлер өкініште қалады!

38. Олар біздің алдымызға келген күні (қияметте) құлақтары еститін, көздері көретін болады. Бірақ залымдар бүгінгі күнде (дүниеде) айқын азғындықта жүр.

39. (Ей, Мұхаммед!) Оларға қасірет күнін ескерт. Ол күні барлық іске үкім шығарылады, адамдар (осы күні қияметке) сенбей күмәнда жүр.

40. Расында, біз жержүзіне де, жержүзіндегінің баршасына да мұрагер боламыз. Олар біздің алдымызға қайтарылады (есеп береді).

41. (Ей, Мұхаммед!) Кітаптағы Ибраһимді есіңе ал. Ол нағыз шыншыл пайғамбар еді.

42. Бір кезде Ибраһим әкесіне айтты: «Ей, әке, естімейтін, көрмейтін, сізге ешбір себі тимейтін нәрсеге қалайша табынасыз?

43. Ей, әке, маған сізге қонбаған ғылым қонды, сондықтан маған ілесіңіз, сізді тура жолға бастайын.

44. Ей, әке, шайтанға сыйынбаңыз! Шайтан шынында аса қайырымды Аллаға қарсы болды.

45. Ей, әке, расында, сіздің Алладан келетін азапқа жолығып, шайтанның досы болып қалуыңыздан қорқамын».

46. Әкесі: «Ей, Ибраһим, сен менің құдайларымнан безбекшімісің? Егер (бұл қылығыңнан) тиылмасаң, сені сөз жоқ тас атып өлтіремін, ал өзің менен аулақ жүр!» - деді.

47. Ибраһим айтты: «Сізге есендік жолдас болсын! Раббымның сізді жарылқауын тілеймін. Анығында, Алла маған мейірімді.

48. Сендерден және сендердің Алладан өзге табынған нәрселеріңнен аулақ жүрейін де, Раббыма құлшылық етейін. Раббыма құлшылық етпесем бейбақ болғаным».

49. (Ибраһим) олардан және олардың Алладан басқа табынған нәрселерінен аулақ болғаннан кейін, оған Ысқақ пен Яғқубты нәсіп еттік те, ол екеуін де пайғамбар еттік.

50. Біз оларды рақымымызға бөледік және шыншылдардың тілімен мадақталатын жоғары мәртебе бердік.

51. (Ей, Мұхаммед!) Кітапта (Құранда) Мұсаны да есіңе ал. Шынында ол ақ ниетті елші әрі пайғамбар еді.

52. Оған біз Тұр тауының оң жағынан дыбыстап, сөйлесу үшін оны (құзырымызға) жақындаттық.

53. Оны рақымымызға бөлеп, туысы Һарунды пайғамбарлық еттік.

54. (Ей, Мұхаммед!) Кітаптағы Исмағилді да есіңе ал. Ол расында уәдесіне берік елші әрі пайғамбар еді.

55. Ол үй-ішін намаз оқуға, зекет беруге бұйырушы еді, Раббының ықыласына бөленген еді.

56. Кітаптағы Ыдырысты да есіңе ал. Ол шыншыл пайғамбар еді.

57. Оны (ардақтап) жоғары орынға көтердік.

58. Алла нығметіне бөлеген осы пайғамбарлар Адам атаның нәсілін және Нұһпен бірге кемеге салғандарымыздың нәсілінен, Ибраһимнің, Исрайылдың (Яғқұбтың) нәсілінен әрі біз (пайғамбарлыққа) таңдап,

тура жолға салған адамдардан. Олар Раббыларының аяттары оқылған сәтте жылап сәждеге қояды.

59. Олар (дүниеден) өткеннен кейін, орындарына намазды тастап, нәпсіге берілгендер келді. Бұлар (қияметте) азғындықтарының жазасын тартады.

60. Ал кім де кім тәубе етіп, иман келтіріп, жақсы істермен шұғылданса, олар жәннатқа кіреді, ешбір әділетсіздікке ұшырамайды.

61. Бұл – аса рақымды Алланың пенделеріне құпиялап уәде еткен Ғадын жәннаттары. Оның уәдесі сөзсіз орындалады.

62. Олар жәннатта (періштелердің) есендік сәлемінен басқа бос сөздер естімейді. Жәннатта оларға өз ризықтары ертелі-кеш дайын тұрады.

63. Пенделерімізден тақуа болғандар иелік ететін жәннат әне, сол.

64. (Жәбірейіл айтты:) Біз (дүниеге) Раббының әмірімен ғана түсеміз, біздің алдымыздағы, артымыздағы және осы екі арадағы істерді білу Аллаға тән. Раббың әсте ұмытпайды.

65. Ол – жер мен көктің және оның арасындағылардың иесі. Оған құлшылық ет, оған құлшылықта сабырлы бол. Оның өзімен аттас серігі бар деп білемісің?

66. Адам баласы: «Мен өлгеннен кейін қайта тірілемін бе?» - дейді.

67. Әуел баста өзін жоқтан бар етіп жаратқанымызды адам баласы ойламай ма?

68. Раббыңа ант ете айтайық, біз оларды және шайтандарды жиямыз да, одан соң тозақтың айналасына жүгіндіріп, отырғызып қоямыз.

69. Әрбір топтан рақымды Аллаға аса қарсы болғандарын ортаға шығарамыз.

70. Одан соң тозақ азабына ең лайық болғанын жақсы білеміз.

71. Сендерден тозақтың қасына бармайтын ешкім болмайды, бұл – Раббыларыңның бұлжымас үкімі.

72. Одан соң тақуаларды құтқарып аламыз да, залымдарды (тозақта) жүгініп отырған күйі қалдырамыз.

73. Оларға айқын аяттарымыз оқылған шақта кәпірлер мұсылмандарға: «Екі топтың қайсысының тұрар орны жақсы әрі жиылатын жері көрікті?» - деді.

74. Олардан бұрын да талай қауымды (аяттарымызға сенбегендіктен) тыптипыл еттік. Олар байлық-дәулетте де, ажар-көрікте де бұлардан артық еді.

75. (Ей, Мұхаммед!) Оларға былай деп айт: «Кім адасса, рақымды Алла оған кемшілік ете тұрады, қашан олар өздеріне уәде етілген азап-ты

немесе қияметті көргенде кімнің орны жаман, кімнің тұрағының әлсіз екенін біледі».

76. Алла дұрыс жол тапқандардың дұрыстығын одан әрі арттырады. Мәңгілік қалатын игі істер, сауап және соңғы нәтиже жағынан Раббыңның құзырында (бәрінен) артық.

77. (Ей, Мұхаммед!) аяттарымызға қарсы келіп: «Маған (ақыретте) әрине, мал-мүлік, ұрпақ беріледі» деген адамды көрдің бе?

78. Ол ғайыпты білді ме немесе рақымды Алладан (малбас беріледі деген) уәде алды ма?

79. Олай емес, біз олардың айтқан сөзін жазып қоямыз, оған берілетін азапты үстемелей түсеміз.

80. Оның айтқандарына (мал-мүлкі мен балашағасына) біз ие боламыз да ол алдымызға жалғыз өзі келеді.

81. Олар (мүшриктер) өздері абырой табу үшін Алладан басқаға (пұттарға) табынып кетті.

82. Олай емес, құдайлары (пұттары) олардың табынуын теріске шығарады да, өздеріне қарсы келеді (дұшпан болады).

83. Азғындыққа қызықтыратын шайтандарды кәпірлерге жібергенімізді көрмедің бе?

84. Олар хақында (мүшриктердің зауал табуына) асықпа. Олардың күнін санаудамыз.

85. Сол күні (қияметте) тақуаларды рақымды Алланың құзырына ізет-құрметпен жиямыз.

86. Күнәһарларды шөлдетіп тозаққа айдаймыз.

87. Рақымды Алланың құзырында уәде алғандардан басқа ешкімнің шапағат етуге шамасы келмейді.

88. Олар (кәпірлер): «Алланың баласы бар» десті.

89. Сендер расында тым, өрескел сөйледіңдер.

90. Бұдан (бұл сөздің ауырлығынан) аспан жарылуға, жер сілкініп, таулар төңкерілуге шақ қалды.

91. Өйткені олар: «Алланың баласы бар» - деді.

92. Балалы болу рақымды Аллаға лайық емес.

93. Жер мен көкте Аллаға құл болып жүгінбейтін ешкім жоқ.

94. Шынында Алла оларды түгендеп, тексеріп болды.

95. Қияметте олардың барлығы оған (Алланың алдына) жеке-жеке келеді.

96. Иман келтірген әрі ізгі іс істегендердің (көңілін) Алла шынайы сүйіспеншілікке бөлейді.

97. (Ей, Мұхаммед!) Тақуаларға қуаныш хабарын беруің, даукес елге ескертуің үшін Құранды өз тіліңмен оңайлатып түсірдік.

98. Олардан бұрын да талай ұрпақты жойып жібердік. Енді олардың бірде-бірін көре аламысың немесе дыбысын ести аламысың (із-түссіз жоғалды емес пе)?

20. ТАҺА СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 135 аят.

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Таһа (бұл Мұхаммедтің бір аты).

2. Құранды саған қиналып, азаптайсын деп түсірмедік.

3. Тек (Алладан) қорыққандарға уағыз-насихат үшін түсірдік.

4. Оны жер мен биік көкті жаратушыдан жібердік.

5. Рақымды Алла ғарышты өз билігіне алды.

6. Жер мен көктегі және ол екеуінің арасындағы, жер астындағы нәрселердің күллісі оған тән.

7. Әшкере сөйлесең де, (жасырын сөйлесең де,) шындығында, Алла құпияны және одан да жасырын сырларды біліп тұрады.

8. Алладан өзге ешбір Құдай жоқ. Алланың көптеген көркем есімдері бар.

9. (Ей, Мұхаммед!) Саған Мұсаның хикаясы келді ме?

10. Өз кезінде Мұса от көріп, үйіндегілерге: «Сендер тұра тұрыңдар, мен бір от жарығын көрдім, мен одан бір шоқ алып келейін, не болмаса от көрінген жерден бір жөн сілтеуші табармын» - деді.

11. Мұса оттың жанына келгенде оған дыбыс естілді: «Ей, Мұса!

12. Мен сенің Раббыңмын. Кебісіңді шешіп қой, өйткені сен қасиетті Туа ойпатында тұрсың.

13. Мен сені (пайғамбарлыққа) таңдадым, сен енді уахиға құлақ сал:

14. Мен рас Алламын, менен өзге құдай жоқ, маған құлшылық ет, мені еске алу үшін намаз оқы!

15. Қияметтің болатыны анық. Әр адам өзінің ісіне қарай сыбаға алатын (қияметтің мерзімін) құпия ұстаймын.

16. Қияметке сенбей, өз нәпсісіне ғана берілгендер сені (қияметке сенуден) бөгемесін, (егер осылай болса,) онда зауал табасың.

17. Ей, Мұса, оң қолыңдағы не ?».

18. Мұса айтты: «Бұл – асатаяғым. Оған таянамын және онымен қойларыма жапырақ қағып беремін және оны басқа да кәдеге жаратамын».

19. (Алла оған:) «Ей, Мұса, оны (жерге) лақтыр!» - деп әмір етті.

20. Мұса оны лақтырып еді, ол ирелеңдеген жыланға айналды.

21. «Оны ұстап ал, қорықпа! Біз оны әуелгі (таяқ) қалпына келтіреміз»- деді (Алла).

22. «Қолыңды қойыңа тық, (одан қайта суырып ал,) сонда қолың ақаусыз, әппақ (нұрлы) болып шығады, (бұл) екінші мұғжиза.

23. Саған (енді) мұғжизаларымыздың үлкендерін көрсетеміз.

24. Перғауынға бар, ол шынында шектен шықты».

25. Мұса айтты: «Раббым, көкірегімді кеңіткейсің!

26. Ісімді оңайлатқайсын!

27. Тілімнің мүкісін жазғайсын!

28. Олар сөзімді түсінсін!

29-30. Маған отбасымнан туысым Һарунды көмекші еткейсің!

31. Ол арқылы мені сүйемелдей гөр!

32. Оны істеріме серік еткейсің.

33. Сонымен саған көбірек тасбих айтамыз.

34. Өзіңді көбірек еске аламыз.

35. Сен шынында бізді көріп тұрсың».

36. Алла айтты: «Ей, Мұса, сенің мінәжат еткен тілегін қабыл болды.

37. Саған (бұдан басқа да) бір рет жақсылық істеген едік.

38. Сол кезде анаңның көңіліне де тиісті уахиды салған едік».

39. «Оны (баланы) сандыққа сал да, дарияға таста, дария оны жағаға шығарып тастасын. Одан оны менің де дұшпаным, оның да дұшпаны болған біреу (Перғауын) тауып алсын» (дедік). Менің қорғауым астымда тәрбилену үшін, саған өз тарапымнан сүйкімділік бағыштадым.

40. Сол кезде әпкең (Перғауын сарайына) барып: «Сендерге оны бағатын бір адамды көрсетейін бе?» деді. Сонда біз анаңды көз айдын боп қуансын, қайғырмасын деп, сені оның өзіне қайтардық. Сен бір адамды өлтіріп қойдың, ал біз сені уайымнан құтқардық та, машақаттармен сынадық. Сен Мәдиан елінде көп жыл тұрдың. Одан соң ей, Мұса, тағдырдың жазуымен мәлім уақытта қайтып келдің.

41. Сені өзіме (пайғамбарлыққа таңдадым).

42. Сен бауырың (Һарун) екеуің мұғжизаларымды апарындар, мені еске алуда селқостық істемеңдер.

43. Екеуің Перғауынға барыңдар, ол шектен асып кетті.

44. Оған жылы сөйлеңдер бәлкім насихатты қабылдар, не (өз қылығының тауқыметінен) қорқар.

45. (Мұса мен Һарун:) «Раббымыз! Шынында, оның өктемдік істеп бізді жазалауынан немесе одан ары шектен асуынан қорқамыз» деді.

46. (Алла айтты:) «Қорықпандар мен анығында сендермен біргемін. (Барлық мән-жайды) естимін, көремін.

47. Сендер (Перғауынға) барып: “Біз Раббыңның жіберген елшісіміз. Исрайыл ұрпақтарын бізбен бірге қоя бер, оларды қинама! Біз расында саған Раббыңның хикметтерімен келдік. Тура жолмен жүргендерге ғана (Алланың азабынан) есендік болады.

48. (Алланың пайғамбарларын) өтірікке шығарған, (Алладан) бет бұрғандықтан азапқа дұшар болатындығы, бізге анық уахи етілді” - деңдер».

49. (Олар Перғауынға барып, Алланың уахиын айтқаннан кейін,) перғауын: «Ей, Мұса, Раббыларың кім?» деді.

50. (Мұса:) «Раббымыз – барлық нәрсеге (жаратылыстық) пішін берген, одан соң оларды дұрыс жолға салған (Алла)» деді.

51. Перғауын: «Бұрынғы өткен қауымдардың хәлі қандай болған?» деді.

52. Мұса айтты: «Олар жайлы мағлұматтар Раббымның құзырындағы кітабында (Лаухұлмахфузда жазулы). Раббым жаңылмайды да, ұмытпайды.

53. Ол сендерге жерді бесік етіп, одан сендер үшін көптеген жолдар ашты. Аспаннан жаңбыр жаудырып, онымен түрлі өсімдіктер өсіріп, (алуан) жемісін берді.

54. (Бұлардан) жеңдер және малдарыңды жайыңдар. Анығында, мұнда ақыл иелері үшін (Алланың бар екенін білдіретін) дәлелдер бар.»

55. Сендерді жерден жараттық, (өлгенде) және сол жерге қайтарамыз және (бір рет) сол жерден (тірілтіп) шығарамыз.

56. Расында, оған (Перғауынға) барлық мұғжизамызды көрсеттік, ол мойындамады (иманға келуден) бас тартты.

57. Ол: «Ей, Мұса, сиқырмен бізді мекенімізден қуып жіберуге келдің бе?

58. Біз де саған сондай сиқыр көрсетеміз. Сен енді өзара жиылатын уәделі уақыт пен орынды белгіле. Сен де, біз де сөзімізде тұратын болайық» - деді.

59. Мұса: «Сендерге уәделі уақытымыз мейрам күнгі жұрт жиналатын сәске кезі болсын» - деді.

60. Перғауын қайтып кетті де, сиқыршыларын жиып келді.

61. Мұса оларға: «Ей, құрып қалғырлар, Аллаға тіл тигізбеңдер! Өйтсеңдер (Алла) сендерді жазалап тып-типыл етеді. Аллаға тіл тигізгендер жеңіліс табады» -деді.

62. Олар өз іштерінде (Мұса мен Һарун туралы) айтысып қалды және құпия кеңесті.

63. Олар айтты: «Бұл екеуі анық сиқыршы, сиқыр арқылы сендерді мекендеріңнен куып жібермекші, абзал діндеріңді жоймақшы.

64. Сондықтан көз байлайтын барлық сиқыршыларыңды жиып келіңдер. Расында, бүгін кім үстем болса, мұратына жетеді».

65. Олар: «Ей, Мұса, алдымен сен лақтырасың ба, әлде біз лақтырайық па?» -деді.

66. (Мұса:) «Сендер лақтырыңдар» - деді. Олардың лақтырған арқандары мен таяқтары сиқырдың күшімен Мұсаға ирелеңдеген жылан құсап көрінді.

67. Мұса (іштей) қобалжып қалды.

68. Біз (оған): «Қорықпа! Өйткені сен үстем боласың.

69. Оң қолыңдағыны (аса таяғыңды) лақтыр! Олардың жасағандарын жұтып алады. Олардың көрсеткендері сиқыршының көз байлау өнері ғана. Сиқыршылар қайда барса да абырой таппайды» - дедік. (Мұса асатаяғын лақтырып еді, ол сиқыршылардың елеске айналдырған жыландарын біртіндеп жұта берді.)

70. Сонымен сиқыршылар: «Мұса мен Һарунның Раббына иман келтірдік» - деп бас иіп, сәждеге жығылды.

71. Перғауын (сиқыршыларға айтты): «Мен рұқсат бермей тұрып, оған иман келтірдіңдер ме? Ол қалайда сендерге сиқыр үйреткен пірлерің екен, онда сөзсіз сендердің қол-аяқтарыңды паршалап кесемін де, өздеріңді құрма ағашына керіп тастаймын. Сонда қайсысымыздың тартқызар азабымыздың қатты және ұзақ екенін білесіңдер».

72. Олар (сиқыршылар) айтты: «Сені әсте бізге келген айқын дәлелдерден және бізді жаратқаннан артық көрмейміз. Нендей үкім берсең де мейлің. Сен үкім-ықпалыңды тек осы дүниеде ғана жүргізе аласың.

73. Қателіктерімізді және сенің мәжбүрлеуіңмен істеген сиқырлық күнәмізді кешірер деп, біз шынында, Раббымызға иман келтірдік. Алла қайырлы әрі баянды».

74. Анығында, кімде-кім Раббына күнәмен келсе, ол тозаққа кіреді. Ол онда өлмейді де, тірілмейді.

75. Кімде-кім Аллаға иманмен, ізгі істерімен келсе, ол жоғары дәрежеге ие болады.

76. (Яғни ол дәреже) іргесіне бұлақтар ағып жататын Ғадын атты жаннат, олар онда мәңгі тұрады. (Күнәдан) пәк кісілердің сыйы, әне, сол.

77. Біз шынында, Мұсаға: «Пенделерімізді (Исрайыл ұрпақтарын) Мысырдан түнделетіп алып шығып кет. (Асатаяғыңмен теңізді ұрып) оларға құрғақ жол аш. (Перғауын) қуып жетеді деп алаңдама, (суға қарық боламыз ба деп те) алаңдама!» - деп уахи еттік.

78. Оларды өкшелей қуған Перғауын мен оның әскерін теңіз суы басып қалады.

79. Перғауын қауымын дұрыс жолға бастамай адастырды.

80. «Ей, Исрайыл ұрпақтары! Сендерді дұшпандарыңнан құтқардық. Сендерге (Тәурат кітабын жеткізу үшін) Тұр тауының оң жағын уәде еттік, сондай-ақ құдірет халуасы мен бөденені түсірдік.

81. Сендерге нәсіп еткен пәк, таза ризықтарымыздан жеңдер, бірақ шектен шықпаңдар, (өйтсеңдер) сендерге қаһарым келеді. Кімге қаһарым келсе, ол сөзсіз зауал табады.

82. Тәубе етіп иманға келіп, ізгі істер істеп, дұрыс жолда жүргендерді мен шынында, жарылқаймын».

83. «Ей, Мұса! Сен еліңнен (Тұр тауына күні бұрын келуге) асықтырған не?» (дедік).

84. (Мұса:) «Олар артында келе жатыр. Раббым өзі разы болғай деп асығып келдім» - деді.

85. (Алла:) «Расында сенен кейін еліңді сынадық, оларды Самири жолдан тайдырды» - деді.

86. Мұса еліне ашуланып, ренжіп қайтты. (Ол еліне:) «Ей, елім, сендерге Раббыларың абзал уәде бермеп пе еді? Сендерге уәде мерзімінің соншалықты ұзақ көрінгені ме? Әлде өздеріңе Раббыларыңның қаһары келуін қалап, маған берген уәделеріңнен тайдыңдар ма?» - деді.

87. Олар: «Біз саған берген уәдеден өздігімізден таймадық. Алайда біз (Перғауын) қауымының көп әшекей бұйымдарын ала шыққан едік, оларды (Самиридің бұйрығы бойынша отқа) тастадық, Самири де тастады» - деді.

88. Самири (сол әшекей бұйымдарды отқа балқытып) одан бір бұзаудың мүсінін жасады, ол (кәдімгі бұзауша) мөңіреді. Олар: «Сендердің де құдайларың, Мұсаның да құдайы міне, осы. Бірақ ол (Мұса мұны) ұмытып қалды» - десті.

89. Олар бұзаудың сұраққа жауап қайтара алмайтындығын және пайда да, зиян да келтіре алмайтындығын білмей ме?

90. Рас, одан бұрын Һарун да оларға (Мұса Тұр тауынан қайтып келуден ілгері): «Уа, жұртым! Сендер осы арқылы бір сынаққа тап болдыңдар. Сендердің Раббыларың - аса рақымды Алла. Маған ілесіп, менің бұйрығыма бойсұныңдар (бұзауға табынбаңдар)!» - деген еді.

91. Олар: «Мұса қайтып келгенге дейін бұған табына береміз» - десті.

92-93. Мұса: «Ей, Һарун! Бұлардың жолдан тайғанын көре тұра, маған ілесіп (артымнан) келмеуіңе бөгет болған не? Әлде әміріме қарсы келгенің бе?» -деді.

94. Һарун айтты: «Бауырым-ау, менің сақалым мен шашыма жабыспашы. Шынында, мен сенің: Исрайыл ұрпағының арасына іріткі салдың, сөзіме құлақ аспадың деуіңнен қорықтым».

95. Мұса: «Ей, Самири, бұл қай қылығың?» - деді.

96. Самири айтты: «Мен олар көрмегенді көрдім, елшінің (Жәбірейілдің) ізінен бір уыс топырақ алып, оны (бұзауға) шаштым (содан бұзау мөңіреді). Міне, осылайша нәпсімнің жетегінде кеттім».

97. Мұса айтты: “Ары кет! “Өмір бойы маған жуымаңдар!” деп өткейсің! Шүбәсіз саған (Алладан берілетін жазмыштың) қарарлы уақыты бар, ол әсте өзгермейді. Сен айнымай табынған құдайыңа (бұзауға) қара! Біз оны өртеп, теңізге шашып жібереміз».

98. Сендердің құдайларың - бір ғана Алла, одан өзге құдай жоқ. Ол барлық нәрсені біледі.

99. (Ей, Мұхаммед!) Осылайша біз саған бұрынғы өткендердің әңгімесін баян етеміз, әрі саған өз тарапымыздан Құранды бердік.

100. Кімде-кім Құраннан бет бұрса, ол сөзсіз қияметте ауыр жүк (күнә) арқалайды.

101. Ауыр бейнетте мәңгі қалады. Қияметте олардың көтерген жүгі неткен жаман!

102. Сүр үрленетін сол күні (қиямет күні) көздері көгерген (қара жүзді) күнәһарларды жинаймыз.

103. (Қиямет күнінің ұзақтығынан) олар бір-біріне: «(Дүниеде) он-ақ күн тұрдыңдар» - деп сыбырлайды.

104. Олардың не дегенін жақсы білеміз. Сол кезде олардың ішіндегі турасын айтатындар: «Сендер бір-ақ күн тұрдыңдар» - дейді.

105. (Ей, Мұхаммед!) Олар сенен таулар хақында сұрайды. Оларға: «Раббым тауларды күл-талқан етіп қиратады.

106. Оларды теп-тегіс жазыққа айналдырады.

107. Сен одан ешбір ойшұңқырды да, бұдырды да көрмейсің” - деп айт.

108. Сол күні адамзат шақырушысына еш бұлтарыссыз ілеседі (мақшарға бет алады), дауыс атаулы Рахманның алдында жым болады, аяқ тырсылынан басқаны естімейсің.

109. Сол күні Рахман рұхсат берген, сөзіне Алла риза болғандардан басқаның шапағаты пайда бермейді.

110. Алла олардың алдындағыны да (болашағын), артындағыны да (өткенін) біледі, ал олардың өздері оны білмейді.

111. Мәңгі тірі, бағы зор Аллаға бастар иіледі. Күнә арқалағандар қор болады.

112. Иман келтіріп, ізгі іс істегендер жақсылықтарының кемуінен, жамандықтарының артуынан алаңдамайды.

113. Олар насихат алар немесе тақуалардан болар деп, Құранды осылайша (арабша) түсірдік. Онда түрлі ескертулерді баяндадық.

114. Алла бәрінен үстем, хақ патша. (Ей, Мұхаммед!) Саған Құранның уахи етілуі толық аяқталмай тұрып, оны оқуға асықпа. «О, Раббым, білімімді арттыра гөр!» - де.

115. Расында, біз бұрын Адамға (жаннаттағы мәлім ағаштың жемісін жемеуді) бұйырған едік, ол орындамады, уәдесінде тұрмады.

116. Сол кезде періштелерге: «Адамға сәжде етіңдер» - деп едік, олар сәждеге бас қойды. Бірақ Ібіліс одан бас тартты (сәжде етпеді).

117. Біз: Ей, Адам! Мынау (Ібіліс) - саған да, жұбайыңа да қас дұшпан. Сондықтан екеуіңді де (азғырып) жаннаттан шығарып, бақытсыз болып (машақатта) қалмағын.

118. Жаннатта шынында, аш-жалаңаш болмайсың.

119. Сондай-ақ онда шөлдемейсің де, ыстыққа күймейсің де!» - дедік.

120. Ақыры шайтан оны азғырып: «Ей, Адам! Мен саған өлместің ағашын (жемісін), мәңгілік бақытты көрсетейін бе?» - деді.

121. Екеуі (Адам ата мен Хауа ана) ол жемістен жеген еді, олардың әуреттері ашылып қалды. Олар жаннаттағы (ағаш) жапырақтарымен тәндерін жабуға кірісті. (Сөйтіп) Адам Раббына күнәлі болып, жолдан тайды.

122. Одан соң Раббы оны есіркеп, тәубесін қабылдады. Тура жолға салды.

123. (Алла оларға:) «Сендер жаннаттан бір-біріңе дұшпан болып бірге түсіңдер. Егер сендерге менен бір тура жол келіп, кім сол тура жолмен жүрсе, ол адаспайды да сорламайды.

124. Кім менің насихатымнан бет бұрса, оның тұрмысы таршылықта өтеді, қияметте біз оны соқыр күйде тірілтеміз.

125. Ондайлар: «Раббым, мені неге соқыр етіп тірілттің? Көзім көруші еді ғой!» -дейтін болады.

126. (Алла:) «Иә, солай. Саған аяттарымыз келген еді, сен оны тәрк еткен едің, ал бүгін сен де сол сияқты тәрк етілесің».

127. Раббының аяттарына иланбаған және шектен шыққандарға да сол сияқты жаза береміз. Ақырет азабы әрине, тіпті де қатты әрі мәңгілік.

128. Өздерінен бұрынғы қаншама ұрпақты зауал тапқызғанымызды олар ұқпай ма? Олар сол қауымдардың мекенінде жүр ғой. Ақыл иелері үшін мұнда расында, көптеген ғибрат бар.

129. Егер Раббыңның алдын ала айтқан сөзі (үкімі), кесімді бір мерзімі болмаған болса, онда (олардың жойылары) сөзсіз еді.

130. (Ей, Мұхаммед!) Олардың (мүшриктердің) айтқандарына сабыр ет! Раббыңа күн шығарда да, күн батарда да тасбих айт. Түн ішінде күндіздің алдыңғы және соңғы жарымында да тасбих айт. Сонда ықыласты боласың.

131. Біз олардың (кәпірлердің) кейбір жіктеріне сынау үшін берген дүние тұрмысының сән-салтанатына көз салма. Раббыңның берген несібесі қайырлы да баянды әрі мәңгі.

132. (Ей, Мұхаммед!) Үй ішіндегілерді (үмметеріңді) намаз оқуға бұйыр, өзің де намаз өтеуге табанды бол! Сенен біз ризық тілемейміз, (қайта) сені біз ризықтандырамыз. Соңғы жақсылық тақуаларға тән.

133. Олар (мүшриктер): «Ол Раббы тарапынан бізге неге бір мұғжиза келтірмейді?» - деді. Оларға бұрынғы кітаптардағыны (Тәурат, Інжілді) қамтыған (Құран) дәлелдер келмеді ме?

134. Егер біз оларды бұдан бұрын (Мұхаммед пайғамбарды жіберуден ілгері) азаппен тып-типыл етсек, әрине, олар: «Раббымыз бізге неге бір пайғамбар жібермедің? Біз қор болып, қасірет шегуден бұрын аяттарыңа ұйыйтын едік» - дер еді.

135. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: «Бәріміз де (істің соңын) күтеміз, сендер де күтіңдер. Кімнің тура жол иесі екендігін, кімнің тура жол тапқандығын ұзамай-ақ білесіңдер» - де.

21. ӘНБИЯ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 112 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Адамдардан есеп алатын уақыт таяды. Алайда олар ғафлетте, ақиқаттан бет бұрып жүр.

2. Өздеріне Раббыларынан тыңнан уағыз-насихат айтқан болса, олар оны келекемен тыңдайды.

3. Олардың ділдері кеуек. Ол залымдар: «Бұл (Мұхаммед) – өздерің сияқты кәдімгі адам. Сендер сиқырды көре тұра соған ересіңдер ме?» десіп құпия пікірлеседі.

4. (Мұхаммед): «Раббым жер мен көкте айтылған сөздің бәрін біліп тұрады. Ол естігіш әрі білгіш» деді.

5. Олар: «Бұл (Мұхаммедтің) шым-шытырық түстері, не өзі ойдан шығарып алғаны шығар, әлде ол ақын шығар (әйтпесе) бұрынғы пайғамбарларша бізге бірер мұғжиза келтірсін!» десті.

6. Олардан ілгеріде, біз жойған қалалардың (халқына) ешқайсысы иман келтірмеген жерде, енді бұлар иман келтіре ме?

7. (Ей, Мұхаммед!) Сенен бұрын да уахи берілген еркектерді ғана пайғамбарлықпен жіберген едік. Егер (мұны) білмесендер, зікір иелерінен сұрандар.

8. Пайғамбарларды тамақ жемейтін дене қылып жаратқанымыз жоқ, сондай-ақ олар (дүниеде өлмей) мәңгі жасайтындар да емес.
9. Содан соң оларға берілген уәдемізді шынға шығарып, оларды және өзіміз қалағандарымызды құтқардық, шектен асқандарды ойрандадық.
10. Шынында сендердің даңқтарыңды өз ішіне алған бір кітапты (Құранды) өздеріне түсірдік. Әлі түсінбейсіңдер ме?
11. Залым қауымдардың талай қаласын ойрандадық, олардан кейін (орнына) басқа халықты жараттық.
12. Олар азабымызды (оның келгенін) сезгенде тұра қашты.
13. «Қашпаңдар, ең дәулетті тұрмыстарыңа және мекен-жайларыңа қайтындар. Сендерден (ақыл-кеңес) сұралады» деді періштелер келекекескінімен».
14. Олар: «Әттеген-ай! Біз анық залым екенбіз-ау!» десті.
15. Осы зарлы үндері оларды, біз көктей орып, отын сөндіргенге дейін бір тынбады.
16. Біз жерді, көкті және бұл екеуінің арасындағыларды ойыншық қылып жаратпадық.
17. Егер біз ермек табамыз десек, өз қасымыздан-ақ жасап алар едік, егер солай істегіміз келсе істер едік.
18. Жалғанды шындықпен соғар болсақ, қақмаңдайдан отырғызамыз. Ол сол заматта-ақ құриды. Алланы суайттықпен сипаттаған сөздерің үшін сендерге неткен өкініш!
19. Жер мен көктегінің күллісі Алланікі. Оның қасындағылар (періштелер) оған құлшылық қылудан әспенсімейді де жалықпайды.
20. Олар күндіз де, түнде де Алланы ұлықтаудан жалықпайды.
21. Олардың жер бетінде жасап алған құдайлары, өліні тірілте ала ма?
22. Егер жерде, көкте Алладан өзге құдайлар бар болса, онда екеуі де (жер де көк те) бүлінер еді. Ғарыштың иесі Алла олардың сипаттаған нәрселерінен пәк.
22. Оның өз істегендері тергелмейді, алайда олар (пенделер) тергеледі.
24. Олар Алладан кешіп, өзге талай құдайларды жасап алды ма? (Ей, Мұхаммед!) «Дәлелдеріңді көрсетіңдер, міне, мынау менімен болғандардың кітабы (Құран), әрі менен ілгергілердің (Тәурат, Зәбур, Інжіл қатарлы) кітабы» деп айт. Әйтсе де, олардың көбі ақиқатты білмейді, олар (ақиқаттан) бұлтарады.
25. (Ей, Мұхаммед!) Сенен бұрынғы жіберген пайғамбарлардың бәріне: «Менен өзге ешбір құдай жоқ, тек маған ғана сиыныңдар!» деп уахи жібердік.
26. Олар (Құзайба мүшіріктері): «Алланың (періштелерден) баласы

бар» деді. Олай емес, Алла одан пәк. Олар (періштелер – Алланың) кереметті құлдары.

27. Олар Алладан бұрын сөйлемейді, оның әмірін ғана орындайды.

28. (Алла) олардың бұрынғысын да, келешегін де біледі, олар Алла риза болғандарға ғана шапағат етеді. Олар Алладан қорыққанынан қалтырап тұрады.

29. Олардан кім «Мен Алладан бөлек құдаймын» десе, оны тозақпен жазалаймыз, залымдардың сазайын сөйтіп тартқызамыз.

30. Көк пен жер тұтасқан бітеу еді, екеуін бөліп қойдық. Күллі жандыны судан жараттық, қәпірлер мұны көрмей ме? Сондай-ақ (Алланың құдіретіне) сенбей ме?

31. Жер қозғалып, оларға тынымсыз болмасын деп, жерде тауларды жараттық және көздеген жеріне жетсін деп, тау арасынан кең жолдар салдық.

32. Аспанды қауіпсіз күмбез қылып жараттық. Бірақ олар (мүшіріктер) мұндағы (Алланың мәужід екеніне дәлел болатын) ғаламаттарды да назарына алмайды.

33. Алла күндізді, түнді, күнді, айды жаратты. (Олардың) әрбірі өз жүлгесімен жүреді.

34. (Ей, Мұхаммед!) сенен ілгері де ешбір жанға мәңгілік өмір бермедік. Егер сен өлсең, олар мәңгі жасай ма?

35. Әрбір жан иесі өлімнің дәмін татады. Сендерді біз жақсылықпен де, жамандықпен де сынаймыз, (түбінде) біздің алдымызға қайтарыласыңдар.

36. (Ей, Мұхаммед!) Қәпірлер сені көргенде: «Сендердің құдайларыңа (бұттарыңа) жала жапқан кісі ме?» деп өзіңді тәлкек қылады. Ал олардың өздері рақымды Алланың зікірін (Құранды) мойындамайды.

37. Адам баласы сабырсыз болып жаратылған. Сендерге ғаламаттарды көрсетемін. Мені (жаза беруге) асықтырмаңдар.

38. Олар: «Айтқандарың шын болса, бұл уәде (жаза күні) қашан келеді?» деседі.

39. Егер қәпірлер сол шақта беттерін де, ту сыртын да от жалынынан қорғай алмайтынын және жәрдем ала алмайтынын білсе ғой (азаптың бұрынырақ келуін тілемес еді).

40. Әйтсе де қиямет оларға тұтқиыл келеді де, ес-ақылын алады. Олар оған қарсылық көрсете алмайды, оларға мұрсат берілмейді де.

41. (Ей, Мұхаммед!) Расында сенен бұрынғы пайғамбарлар да мазақталған. Мазақтаушылар мазағының сазайы ретінде жазаға ұшырады.

42. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: «Сендерді күндіз және түнде рақымды

Алладан (оның азабынан) кім арашалай алады?» де. Олар Алланы еске алудан безгендер.

43. Олардың өздерін қорғайтын бізден басқа құдайлары бар ма? Олардың табынғандары өз бастарын қорғай да алмайды, сонымен бірге бізден де қолдау таппайды.

44. Оларды және олардың ата-бабаларын (дүние тұрмысына) кенелттік, тіпті олардың өмірлері ұзақ болды. Олардың жерін жан-жағынан қусырып бара жатқанымызды өздері көрмей ме? (Сонда да) олар жеңіскер бола ма?

45. (Ей, Мұхаммед!) «Сендерге (Алла берген) уәдемен ескертемін» де. Саңырауға ескерту берілсе де, айқайды естімейді.

46. Егер оларға Раббыңның азабының азғантай лебі тисе де, олар сөзсіз: «Әттеген-ай! Біз нағыз залым екенбіз ғой!» дер еді.

47. Қиямет күні әділет таразысын орнатамыз. Сонда ешбір жанға титтей де қаралық істелмейді, біз бір түйір тарыдай (жақсы не жаман) ісі болса да, алдына келтіреміз, (пенделерден) есеп алуға жеткіліктіміз.

48. Біз шынында Мұса мен Һарунға жақсы мен жаманды айыратын және тақуалар үшін нұр-шұғыла әрі уағыз насихат болатын кітап бердік.

49. Тақуалар көрмесе де (көмескіде) Раббыларынан именеді әрі қияметтен (қорқып) қалтырайды.

50. Бұл (Құран) - біз түсірген мүбарак насихат. Мұны да терістейсіңдер ме?

51. Рас, бұрын Ибраһимге туралықты нәсіп еткен едік, біз оны (оның пайғамбарлыққа толымдылығын) білетінбіз.

52. Сол кезде ол әкесіне және қауымына: «Мына табынып жүрген мүсіндерің не?» деді.

53. Олар: «Ата-бабаларымыз осыған табынып келгенін көрген едік» десті.

54. Ибраһимге «Сендер де ата-бабаларыңдай көрнеу адасудасыңдар» деді.

55. Олар: «Рас айтасың ба? әлде қалжындағаның ба?» деді.

56. Ибраһим айтты: «Олай емес, Раббыларың жер мен көктің иесі, жаратушысы. Мен де бұған куәмін.

57. Аллаға ант ете айтайын: Сендер былай шыға бере пұттарыңның әкесін сөзсіз табамын» деді.

558. Ибраһим бұттарды күл-талқан етті, олар қайтып оралған соң осыдан сұрасын деп, тек бір үлкенін ғана қалдырды.

59. Олар (мерекесінен қайта оралып күйреген пұттарды көргенде): «Пұттарымызды бүйткен кім екен? Кім болса да нақ залым» десті.

60. (Олардың кейбіреуі): «Ибраһим есімді бір жігіт бұларға жалалы сөз айтып жүр деп естіген едік» десті.

61. «Ибраһимді жұрттың алдына әкеліңдер, (жала жапқандығына жұрт) айғақ болсын» десті (олардың үлкендері).

62. «Ибраһим, бұттарымызға осылай істеген сен бе?» деді.

63. Ибраһим: «Жоқ, бұлардың мына үлкені істеген шығар, егер сөйлей алса, олардың өзінен сұраңдар» деді.

64. Олар: «Сендер анық залымсыңдар» десіп бірін-бірі сөкті.

65. Содан соң олар мүсіркей сүлкейіп «Расында, бұлардың сөйлей алмайтындығын білесін ғой» десті.

66. (Ибраһим айтты:) «Алладан безіп, өздеріңе пайдасы да, залалы да тимейтін нәрсеге табынасыңдар ма?

67. Сендердің Алладан безіп табынғандарыңа жазық болсын. Осыны да түсінбейсіндер ме?

68. Олар: «Ибраһимді отқа өртеңдер де, құдайларыңа болысыңдар, егер қолдарыңнан іс келсе» десті.

69. Біз: «Ей, от! Ибраһимге салқын да залалсыз бол!» дедік.

70. Олар Ибраһимге қастандық істемек болып еді, бірақ олардың өздерін сорлаттық.

71. Біз оны (Ибраһимді) және Лұтты құтқарып, әлемдегілер үшін құтты-берекелі жерге жібердік.

72. Оған (Ибраһимге) Ысхақты, оның үстіне Яғқубты бердік. Олардың бәрін де абзал кісілер етіп жараттық.

73. Оларды әміріміз бойынша (жұртқа) дұрыс жол нұсқайтын жолбасшы еттік те, жақсы істер істеуді, намаз өтеуді, зекет беруді оларға уәде қылдық. Олар бізге құлшылық ететіндер еді.

74. Лұтқа хикмет, ғылым бағыштадық. Оны жиіркенішті қылықтармен шұғылданатын қаладан құтқардық. Анығында олар көргенсіз пасық қауым еді.

75. Біз оны (Лұтты) рақымымызға бөледік. Ол да нағыз жақсылардан еді.

76. (Бұл пайғамбарлардан) бұрын Нұх та тілек қылған еді, біз оның тілегін қабыл етіп, оны және үй ішін алапат апаттан (яғни топан судан) құтқардық.

77. Осы аяттарымызды өтірікке шығарған қауымнан құтқардық, өйткені олар жауыз қауым еді. Оларды түгелдей суға батырдық.

78. Дәуіт пен Сүлейменді (есіңе ал). Өз кезінде ол екеуі бір елдің қойы түнде егінді талқандап кеткені туралы билік айтқан еді. Олардың билігін біз көріп тұрдық.

79. Билікті (қалай айтуды) Сүлейменнің есіне салдық. Олардың әр қайсысына парасат, білім бағыштадық. Тауларды, құстарды Дәуітпен бірге (Аллаға) тасбих айтуға бағындырдық. Біз солай істедік.

80. Сендерді соғыста (жараланудан) қорғау үшін, Дәуітке сауыт жасауды үйреттік, сендер (бұған) шүкір қылдыңдар ма?

81. Сүлейменге қатты боранды бағынышты қылдық. (Боран) оның әмірі бойынша біз құт-береке дарытқан жерлерге, Шамға, Масанға баратын болды. Біз барлық нәрсені білеміз.

82. Оған бір бөлім шайтандарды да бағынышты қылып, оларды су астына сүңгитін (теңізден маржан алып шығатын) және басқа да жұмыстар істейтін еттік, оларды (оның әміріне көндіріп) бақылап тұрдық.

83. (Аюпты есіңе ал). Өз кезінде Раббына: «Жаныма бұл дерт қатты зақым жеткізді. Мархабат етушілердің ең абзалы өзінсің (Алла)!» деп дұға қылды.

84. Оның дұғасын қабыл етіп, бойындағы дертті айықтырдық, сондай-ақ құлшылық етушілерге ғибрат үшін, оған өзінің отбасын, сондай бір есені мархабат етіп сыйладық.

85. Исмағилға, Ыдырысқа, Зулкифілге де (мархамат еткен едік), олардың барлығы да сабырлы сабаздар еді.

86. Оларды рақымымызға бөледік. Олар шынында да жақсылардан еді.

87. Юнусты да (есіңе ал). Өз кезінде (елінің иман айтпағанына) ашуланып, (елінен) кетіп қалды да, бізді өзін қыспаққа салмас деп ойлады. Ол қараңғылықтар ішінде «(Иа, Алла!) Сенен өзге ешбір құдай жоқ, өзің нұқсансыз пәксің. Мен шынында жаңылған екенмін» деп жалбарынды.

88. Оның тілегін қабылдап, оны (балық жұтқан кезіндегі) қам-қайғыдан құтқардық. Мүминдерді, міне, осылай құтқарамыз. Алла айыпты сынау үшін балаларын, мал-мүлкін алып, өзіне дерт дарытып бейнетке салса да, ол қыңқ етіп, қабақ шытпай, қайсарлық көрсеткендіктен, аурудан айықтырып, бұрынғысынан бір есе артық ұрпақ және дәулет бағыштайды).

89. Зәкәрияны да (есіңе ал). Өз кезінде ол: «О, Раббым, мені (ұрпақсыз) құбас қылып қойма! Ең жақсы мұрагер өзіңсің» деп жалбарынды.

90. Біз оның дұға-тілектерін қабылдап, оған Яхианы бағыш еттік және оның жұбайын түзелттік (бала табатын етіп жасарттық). Олар жақсылыққа асығушы еді және (рақымымыздан) үміттеніп, (азабымыздан) қорқып, бізге мінәжат қылушы еді. Әрі бізге ілтипатпен құлшылық етуші еді.

91. Арын сақтаған қызға (Мариямға) біз рухымыздан үрледік (сонымен ол Исаға жүкті болады). Оның өзін де, ұлын да күллі әлемге (құдіретімізді көрсететін) дәлел қылдық.

92. (Ей, адамдар!) Сендердің діндерің осы бір-ақ дін (Ислам діні). Мен - Раббыларыңмын. Маған ғана құлшылық қылыңдар.

93. Олар өз ішінен дін жағынан бөлшектеніп кетті, (бірақ) барлығы да бізге қайтады.

94. Кімде-кім иман келтіріп, жақсы іспен шұғылданса, оның жақсылығы зая кетпейді, оны жазып қоямыз.

95. Біз типыл қылған қала халқының дүниеге қайта келуі мүмкін емес.

96. Яжүж, Мәжүж (тоспасы) ағытылғанда, олар төбе-төбеден жамырап шығады.

97. Шынайы уәде (қиямет күні) таяды, ол күнде кәпірлердің көздері шарасынан шығып: «Бізге неткен өкініш! Біз бұдан қаперсіз қалып, нағыз залым болыппыз-ау!» деседі.

98. (Ей, мүшриктер!) Сендер және Алладан өзге табынған нәрселерің тозақтың отыны болыңдар, өздерің сол тозаққа кіресіңдер.

99. Егер, олар (пұттар) құдай болса ғой, тозаққа түспес еді. Оның барлығы (пұттар да, оған табынушылар да) тозақта мәңгі қалады.

100. Олар тозақта зар илеп жатады, одан басқа ешнәрсені ести алмайды.

101. Анығында бізден жақсылық арналған адамдар тозақтан аулақ болады.

102. Олар тозақты да, сыбысын да естімейді әрі жаннатта көңілдері тартқан игілік ішінде мәңгілік қалады.

103. Қорқыныштың ең үлкені (қияметтің үрейлілігі), оларды уайымдатпайды. Періштелер оларды: «Сендерге уәде етілген күн, міне осы!» деп қарсы алады.

104. Сол күнде біз аспанды кітаптың бетін бүктегендей қаттап-бүктейміз де, мақлұқатты әуелде қалай жаратқан болсақ, сол қалпына қайта келтіреміз. Бұл үстімізге алған міндет, оны сөзсіз орындаймыз.

105. Расында Тәуратта жазғаннан кейін, Зәбурде де: «Жержүзіне абзал пенделерім мұрагерлік етеді» деп жаздық.

106. Бұл Құранда (Аллаға) құлшылық ететін қауым үшін жеткілікті насихат бар.

107. (Ей, Мұхаммед!) Сені біз бүкіл әлем халқына рахмет етіп қана жібердік.

108. «Маған: “Сендердің тәңірлерің - бір ғана құдай, (сірә) бойсұнасындар ма?” деп уахи келді» де.

109. Егер олар бет бұрар болса, (онда) «Барлығына тегіс ұқтырдым, сендерге уәде етілген (азап) таяу ма, алыс па білмеймін.

110. Алла әшкере сөзді және жасырғандарыңды да шүбәсіз біледі.

111. Мен білмеймін. Бұл (азап күнінің кешігуі), бәлкім сендер үшін сынақ және уақытша алданыш шығар» деп айт.

112. (Пайғамбар:) «Раббым, әділ үкім қылғайсың. Сендердің жалған суреттеулеріңе қарсы сиынылатын Раббымыз – рақымды Алла» деді.

22. ХАЖ СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 78 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ей, адамдар! Раббыларыңнан қорқыңдар. Қиямет күнінің зілзаласы расында үлкен іс.
2. Сол күні сүт аналардың (шошынғандарынан емшектегі баласын) емізуді ұмытқанын, әрбір жүкті (жанның, әйелдің) іш тастағанын көресің. Адамдарды мас күйде көресің. Затында олар мас емес, бірақ Алланың азабы бек қатты.
3. Адамдардың, кейбірі Алла жайлы білместікпен таласады да, кербаққан шайтанға ілеседі.
4. Кім шайтанмен достасса, ол оны адастырып, тозақ азабына салады деп үкім етілген.
5. Ей, адамдар! Егер өлгеннен кейін, қайта тірілуге күмәндансаңдар, онда (құдіретімізді) біліп қойыңдар, біз сендерді әу бастан топырақтан жараттық, одан соң шәһуәт тамшысынан, одан кейін ұйыған қаннан, артынан бейнелі және бейнесіз кесек еттен жараттық. Өз қалағанымызды (іштегі баланы) жатырда белгілі уақытқа дейін тоқтатамыз, одан соң бөбек түрінде шығарамыз. Одан соң кәмелетке толасыңдар. Кейбіреуің (жастай) өлесіңдер, кейбіреуің білімді болғаннан кейін, өмірдің түк білмес, ең нашар (алжыған) кезіне қайтарыласыңдар. Жерді қураған қу медиен күйін де көресіндер, оған жаңбыр жаудырсақ, ол жанданып, көпсіп әралуан әсем өсімдіктерді өндіреді.
6. Осылай болатын себебі, Алланың растығы хақ, ол өліні тірілтеді, оның барлық нәрсеге қуаты жетеді.
7. Сондай-ақ қияметтің келетіндігі шүбәсіз. Алла қабірдегі өліктерді тірілтеді.
8. Адамдардың кейбіреуі өзі білімсіз, жолбасшысыз, нұр-сәулелі кітабы жоқ бола тұра, Алла туралы таласады.
9. (Адамдарды) Алланың жолынан тайдыру үшін кердеңдеп жүреді. Ол бұл дүниеде қорлыққа дұшар болады, қияметте оған күйдіргіш азаптың дәмін тарттырамыз.
10. Бұл өз қолыңмен істеген қылмысының себебінен. Анығында Алла пәнделеріне әділетсіздік істемейді.
11. Кей адамдар Аллаға жар шетінде тұрғандай құлшылық қылады. Егер өзіне жақсылық келіп тұрса, сол құлшылығында тұрақтап тұрады, ал

егер өзіне кесір-кесапат келсе, жалт береді де, дүниеде, ақыретте зиян тартады. Міне бұл айқын қасірет.

12. Ол Алладан шектеп, өздеріне пайда да, зиян да жеткізе алмайтын нәрселерге табынады. Міне, бұл мықтап адасқандық.

13. Олар пайдасынан зияны жақын болған нәрселерге жалбарынады. Сол (пұттар) неткен жаман медеткер, неткен жаман серік десеңші!

14. Анығында Алла иман келтіріп, ізгі іс істегендерді іргесінен бұлақтар ағып жататын жаннаттарға кіргізеді. Алла шынында қалағанын істейді.

15. Кімде-кім Алла (пайғамбарына) дүниеде және ақыретте әсте медет бермейді деп ойласа, ол мойнына арқан салып биікке асылсын да, сосын оны кесіп көрсін! Оның бұл шарасы ашуын баса алар ма екен?

16. Осылайша Құранды айқын аяттар бойынша түсірдік, анығында Алла өз қалағанын дұрыс жолға салады.

17. Расында, мұсылмандар, Яһудилер, жұлдызға сиынушылар, Насаралар, Мажусилер (отқа табынушылар) және мүшриктер, осылардың арасына қиямет күні Алла үкім айтады (яғни Мұсылмандарды басқалардан айырады). Алла шын мәнінде барлық нәрсеге айғақ.

18. (Ей, Мұхаммед!) Көрмейсің бе? Аспандағылар (періштелер), жердегілер (адам, жын, тағы басқа мақұлықтар), күн, жұлдыздар, таулар, ағаштар, хайуанаттар және адамдардың көбі Аллаға сәжде қылады. Тағы талай адамдар (күпірлігінен) азапқа дұшар болады. Алла кімді қор қылса, оны құрметтейтін ешкім шықпайды. Алла расында қалағанын істейді.

19. Бұл екі әріптес (мұсылмандар мен кәпірлер) Раббылары жайлы таласты. Қарсы болғандарға оттан киім пішіледі, олардың төбелерінен қайнап тұрған су құйылады.

20. Онымен олардың ішек-қарны, терілері ерітіледі.

21. Олар үшін темір қамшылар да бар.

22. Қашан олар тозақтың қайғы-қасіретінен шықпақшы болса, тозаққа қайта итеріледі де, (оларға:) «Күйдіргіш азаптың дәмін татындар!» (делінеді).

23. Аллаға иман келтіргенді және жақсы іс істегендерді, шынында іргесінен бұлақтар ағып жататын жаннаттарға кіргізеді. Олар онда алтын білезік және меруерт моншақтармен сәнделеді. Олардың киімдері жібектен болады.

24. Олар — («Лә иләһә илләллаһ» деген) көркем сөзге келтіріліп, мақтаулы Алланың сара жолына түсірілгендер.

25. Кәпірлерге, (адамдарды) Алланың жолынан тосқандарға, мейлі тұрғындар не шеттен келгендер болсын, барлық адамдарға ғибадат орны етілген Масжид Әл-Харамнан тосқандарға және Мәсжид әл-

Харамда жолдан тайып, зұлымдық істегісі келгендерге де қатты азаптың дәмін тартқызамыз.

26. Өз кезінде Ибраһимге байтулланың орнын көрсетіп бердік (және оған айттық): «Маған ешнәрсені ортақ етіп қоспа. Тауап қылушыларға, тік тұрып иіліп және сәждеге бас қойып құлшылық қылушыларға үйімді (Қағбаны) таза ұста».

27. Адамдардың арасында (оларды) қажыға шақыр. Олар жаяу-жалпылы және арық түйелерге мініп, шалғай жерлерден жол басып келеді.

28. Олар өздеріне тиісті пайдаларын көрсін, сондай-ақ өздеріне ризық қылып берілген малдарынан белгіленген (құрбан айт) күндерде Алланың атын атап құрбан шалсын. Өздерің құрбандықтың етінен жеңдер, жоқ-жітік, пақырларға да беріңдер.

29. Одан соң олар кірлерін тазаласын, (шаш, тырнақтарын алып, ихрамнан шықсын), өз үстілеріне алған міндеттерін өтеп, байырғы үйді (қағбаны) тәуәп қылсын.

30. (Хаж қылу) - міне осы. Кім Алланың дін қағидаларын құрметтесе, Раббының қасында оған қайыр бар. Сендерге (Құранда) харам деп айтылғаннан басқа малдар халал қылынды. Сендер жиіркеніштi нәжіс пұттардан аулақ болыңдар, өтірік сөзден аулақ болыңдар.

31. Аллаға шынайы құлшылық етіңдер, оған серік қоспаңдар. Кім Аллаға серік қосса, ол бейне көктен құлап, одан құс іліп әкеткен немесе боран алысқа ұшырып әкеткен нәрсеге ұқсайды.

32. Істің жайы міне осындай. Кім Алланың елеулі дін белгілерін ұлықтайды екен, бұл жүректің тақуалығынан.

33. Белгілі уақытқа дейін құрбандық малдан (мініп, төлдетіп, сауып) пайдалануларыңа болады. Одан соң оны бауыздайтын орын – Байтулланың жаны (Қағба).

34. Әрбір үммет үшін өздеріне ризық қылып берілген адал малдарынан тек қана Алланың атын атап («Бисмилләһ» деп) құрбан шалуды белгіледік. Сендердің құдайларың бір ғана – құдай, сондықтан оған бойсұныңдар. Ықылыстыларға қуанышты хабар бер.

35. Олар сондай Алла ауызға алынған замат жүректері лүпілдейді, бастарына түскен бейнетке шыдайды, өздеріне ризық қылып бергендерімізден (жақсылық үшін) сарып қылады.

36. Құрбандық түйені сендерге Алланың (діннің) белгісі еттік. Онда сендер үшін жақсылықтар бар. Оларды тік тұрғызып (алдыңғы оң аяғын тізерлеп байлап) бауыздағанда Алланың атын тілге алыңдар. Жығылған соң (жаны шыққан соң) оны жеңдер, қанағаты пақырларға да, тілемшіге де беріңдер. Сендер шүкір етсін деп, бұларды осылайша өздеріңе бағынышты еттік.

37. Аллаға олардың еті, қаны бармайды, бірақ сендердің тақуалықтарың

(жақсы ниеттерің) ғана барады. Сендерді дұрыс жолға салған Алланы ұлықтауларың үшін, оларды (малдарды) сендерге солайша бойсұндырып бердік. (Ей, Мұхаммед!) жақсылық істеушілерді қуандыр.

38. Алла Мүміндерді сөзсіз қорғайды, қиянатшыл, опасыздарды жек көреді.

39. Зұлымдық көріп, шабуылға ұшырағандарға (қарсылық көрсетуіне) рұқсат етілді, оларға жар болуға Алланың құдіреті толық жетеді.

40. Олар «Раббымыз – Алла» дегендіктері үшін ғана атамекендерінен жазықсыз қуып шығарылғандар. Егер, Алла адамдарды адамдар арқылы қорғатпаған болса, онда храмдар, шіркеулер, Яһудилердің ғибадатханалары және Алланың аты көбірек зікір етілетін мешіттер әрине ойрандалар еді. Кім Алланың дініне жәрдем берсе, Алла да оған жәрдем береді. Затында Алла аса күшті, ерек үстем.

41. Егер оларға (Алланың дініне жәрдем бергендерге) жержүзінде үстемдік берсек, олар намаз оқып, зекет берер еді, жақсылыққа үндеп, жамандықты тияр еді. Күллі істің соңы Аллаға тән.

42. (Ей, Мұхаммед!) Егер олар (Мекке мүшіріктері) сені мойындамаса (ендеше сен ғана емессің), олардан бұрынғы Нұх қауымы және Ғад, Самуд елдері де (пайғамбарларын мойындамаған).

43. Сондай-ақ Ибраһим қауымы, Лұт қауымы да;

44. Және Мәдиандықтар да, (пайғамбарларын) мойындамаған. Мұса да өтірікке салынған болатын. Кәпірлерге мұрсат беріп тұрып, артынан оларды жазаладым. Менің жазалауым қалай екен?!

45. Көптеген қалаларды халқы залым болғандықтан ойрандап жібердік. Міне бұлардың астаң-кестеңі шығып жатыр және бос қалған құдықтар мен (қаңыраған) мықты сарайлар жатыр.

46. Олар жержүзінде кезіп жүрмеді ме? Сонда олардың (осыларды) түсінер жүректері, естір құлақтары жоқ па? Негізінен көздері соқыр емес, көкіректегі көңіл көзі соқыр.

47. (Ей, Мұхаммед!) Олар (яғни мүшриктер келеке ретінде) сенен азаптың тезірек келуін тілейді. Алла уағдасынан әсте таймайды (уақыты толғанда азабы келеді). Анығында Раббыңның қасындағы бір күн сендер санайтын мың жылмен бірдей.

48. Көптеген қалаларға (халқы) залым бола тұрса да, мұрсат бере тұрып, одан соң жазаладым. Ақырғы қайтар жері – менің дәргаһым.

49. (Ей, Мұхаммед!) «Ей, адамдар, мен сендерге анық ескертуші ғанамын» де.

50. Иман келтіріп ізгі іс істегендерге кеңшілік және қымбатты ризықтар бар.

51. Біздің аяттырымызды әлсіретуге ұрынушылар – әне сол тозақтықтар.

52. (Ей, Мұхаммед!) Сенен бұрын қайсы бір елшіні, қайсы бір пайғамбарды жіберген болсақ, ол (Алланың қаламын оқып) үміттенген шақта шайтан оның үмітіне күдік салып қоюшы еді. Алла шайтанның салған күдігін жойып, одан соң өзінің аяттарын бекемдеп отыратынды. Алла бәрін білгіш, хикмет иесі.

53. (Алла тағаланың осылай істеуі,) жүректерінде дерті барларды, діні-ділі қаттыларды шайтанның салған күдігімен сынаушы еді. Залымдар расында (ақиқаттан) алыстап жақ-жақ болуда.

54. (Алла тағаланың осылай істеуі) ғылым иелерінің Құранның Раббың тарапынан келген ақиқат екенін біліп, сонымен оған сеніп, жүректері оған берілуі үшін еді. Алла мүминдерді күдіксіз дұрыс жолға салып отырады.

55. Кәпірлер өздеріне қиямет тұтқиыл келгенге дейін немесе сәтсіз бір күннің азабы жеткенге дейін үнемі Құранға шүбәләнәді.

56. Сол күні иелік бір ғана Алланікі. (Ол) пенделеріне (әділ) үкім жүргізеді. Иман келтірген және ізгі іс істегендер Нағим жаннатына кіреді.

57. Кәпір болып, біздің аяттарымызды мойындамағандар, қорлық азапқа дұшар болады.

58. Алла жолында (жұртынан) ауған, одан соң (дұшпан жаннан) өлтірілген немесе (өз ажалынан) өлгендерге Алла сөзсіз тамаша ризықтар нәсіп етеді. Шын мәнінде, ризық берушілердің ең жақсысы – Алла.

59. Алла оларды разы болатындай орынға кіргізеді. Алла – аса білгір, өте сабаз.

60. Міне осындай, кім зұлымдыққа ұшырап, соған лайық кек қайтарса да, артынан тағы зұлымдық көрсе, Алла оған сөзсіз жар болады. Алла анығында аса кешірімді әрі жарылқағыш.

61. Мінекей, Алла түнді күндізге, күндізді түнге қосады (сонымен, күнмен түннің ұзарып-қысқаруы маусымдар бойынша өзгеріп тұрады). Алла расында барлық нәрсені естиді, көреді.

62. Мінекей, бұл шынында, Алланың хақтығынан. (Мүшриктердің) Алладан кешіп табынғандары жоққа тән. Алла расында өте жоғары, асқан ұлы.

63. Алланың көктен жаңбыр жаудырып, жерді жасылдандырып тұрғанын көрмедің бе? Алла расында өте мейірбан, толық білуші.

64. Көктегі және жердегі барлық нәрсе оныкі. Шынында Алла мұқтажсыз (бай), мақтауға лайық.

65. Алланың жержүзіндегі барша затты және өз әмірімен теңізде жүзген кемелерді сендерге бағынышты қылғанын, аспанды жерге түсірмей тоқтатып тұрғанын (қияметте ғана) өз әмірімен түсіреді, көрмедің бе? Алла адамзатқа расында рақымды, ерекше мейірімді.

66. Алла сендерге тірлік берді, одан кейін сендерді өлтіреді, одан соң тағы тірілтеді, адам шынында күпіршіл.

67. Әрбір үмбетке өздері орындайтын бір ғибарат шариғатын белгіледік. (Ей, Мұхаммед!) Олар (мүшриктер) бұл іс хақында сенімен таласпасын. Оларды Раббың жаққа шақыр. Сен даусыз тура жолдасың.

68. Егер олар сенімен тайталасса, (оларға) айт: «Алла не істегендеріңді әбден біледі;

69. Алла қиямет күні сендердің талас-тартыстарының үстінен үкім шығарады».

70. Алланың жер мен көктегі барша затты біліп тұратынын білмейсің бе? Шынында бұлар Лаухұлмахфузда жазулы. Аллаға бұл (нәрселерді білу) расында оңай.

71. Олар (күффарлар) Алладан басқа, ешқандай дәлел түсірілмеген және өздері білмейтін бір нәрсеге (пұттарға) табынады, (мұндай) залымдарға әсте медеткер жоқ.

72. Күффарларға қашан біздің айқын аяттарымыз оқып берілсе. Олардың жүздерінен қарсылық (нысанын) аңғарасың, өздеріне аяттарымызды оқып бергендерге тап бере жаздағанын көресің. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: «Сендерге енді бұдан да жаманырағын айтайын, жарай ма? Ол – тозақ. Алла оны кәпірлерге уәде қылған. Ол неткен жаман орын десеңші!» деп айт.

73. Ей, адамдар! Бір мысал келтірілді, оған құлақ салыңдар: Сендердің Алладан басқа табынғандарыңның (пұттарыңның) бәрі жиылса да бір шыбын жарата алмайды; егер шыбын олардың денесінен бір нәрсені алып қашса, одан оны тартып ала алмайды. Өйткені табынушы да, табынылушы да дәрменсіз.

74. Олар Алланы шын мәнінде қадірлемеді. Алла аса күшті, ерекше үстем.

75. Алла періштелерден де адамдардан да елші таңдады, Алла шексіз естігіш, көреген.

76. Алла пенделердің алдында-ғыны да, артындағыны да (қазіргісін де, болашақтағысын да) біліп тұрады. Барлық іс (ақыр түбінде) Аллаға ғана қайтарылады.

77. Ей, иман келтіргендер! Рукуғ қылындар, сәждеге бас қойыңдар, Раббыларыңа ғибадат қылыңдар, қайырлы істер істеңдер, сонда тілекке жетесіңдер.

78. Алла жолында шын пейілмен күресіңдер. Ол сендерді таңдады, сендерге дінде ешқандай қиындық салмады (шама келмеске зорламады). Бұл (діндерің) аталарың Ибраһимнің діні. Алла сендерді бұдан бұрын да (Інжілде, Тәуратта), қазірде (Құранда) пайғамбарлардың сендерге куә болуы, сендердің де адамдарға куә болуларың үшін «Мұсылман»

деп атады. Намаз оқыңдар, зекет беріңдер, Аллаға сүйеніңдер. Ол - сендердің иелерің. (Алла) неткен жақсы ие, неткен абзал медеткер!

23. МҮМИНУН СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 118 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Мүминдер расында тілегіне жетті.
2. Олар – намаздарында именіп тұратындар.
3. Олар – тантықтықтан аулақ жүретіндер.
4. Олар – зекет беретіндер.
5. Олар ұятын (әуретін) сақтайтындар.
6. Өз әйелдерімен меншікті күңдерімен болса, оларға сөгіс жоқ.
7. Кім бұлардан басқаны қаласа, міне солар шектен шыққандар.
8. Олар – (мүминдер) өз аманаттарына, уәделеріне берік болатындар.
9. Олар – намаздарын ұқыпты өтейтіндер.
10. Міне осылар – (жаннатқа) мұрагерлер.
11. Олар – Фирдаус атты жаннатқа мұрагер болып, онда мәңгі тұратындар.
12. Шынында біз адамды балшықтың маңызынан жараттық.
13. Одан соң оны берік орында (жатырда) тұратын шаһуат тамшысына айналдырдық.
14. Одан соң ол тамшыдан ұйыған қан жасадық, ұйыған қанды кесек етке айналдырдық, содан соң кесек етті сүйектерге айналдырдық та, сүйектерге ет қаптадық. Одан соң оны басқа бір жандыға (адамға) айналдырдық. Үлы Алла – жаратушылардың ең шебері.
15. Содан кейін сендер гәп жоқ өлесіңдер.
16. Одан соң қиямет күні сөзсіз тірілтілесіндер.
17. Біз сендердің үстеріңде жеті жол (жеті қабат аспанды) жараттық. Біз жаратқандарымыздан (махлұқаттан) хабарсыз емеспіз.
18. Біз аспаннан өлшеммен жаңбыр жаудырып, оны жерде тоқтаттық. Оны құрғатып жіберуімізге де құдіретіміз жетеді.
19. Онымен (жаңбыр суымен) сендерге өздерің жейтін көптеген жемістері бар құрма, жүзім бақтарын жетілдірдік.
20. Онымен Тур-Синадан шығатын, жеуге болатын май (тәрізді жеміс) беретін бір түрлі ағашты өсірдік.
21. Расында, малдарда да сендер үшін ғибрат бар: сендерге олардың

іштеріндегіні (сүтін) ішкіземіз. Оларда сендер үшін көптеген пайда бар, оларды (етін) жейсіндер.

22. Олармен және кемелермен тасымалданасындар.

23. Рас біз Нұхты өз қауымына пайғамбарлықпен жібердік. (Ол еліне:) «Ей, қауымым, бір Аллаға құлшылық етіңдер, одан өзге ешбір құдайларың жоқ. (Алладан) қорықпайсыңдар ма?» деді.

24. Оның елінің имансыз адамдары айтты: «Бұл (Нұх) өздерің сияқты бір адам. Ол сендерден үстем (хәкім) болмақшы. Егер Алла (пайғамбарды жіберуді) қаласа, періштелерді жіберер еді. Мұндай сөзді бұрынғы ата-бабаларымыздан естіген емеспіз.

25. Ол бір жынды, сондықтан, сендер оны бір мезгіл тоса тұрыңдар».

26. (Нұх:) «Раббым, олар мені жалғанға санағандығы үшін, маған жәрдем бере көр!» деді.

27. Біз оған: «Біздің көз алдымызда уахиымыз бойынша кеме жаса. Қашан әміріміз келіп тандырдан (су) атылып шыққан кезде (топан су қаптағанда) әр жыныстан (еркек-ұрғашы) бір-бір жұп және отбасыңды - олардың ішіндегі зауалға үкім етілгендерден басқасын - салып ал. Залымдар туралы маған жалбарынба! Расында олар суға батырылады» деп уахи еттік.

28. Сен өзіңмен бірге болғандармен кемеге шыққан шақта: «Күллі мақтау бізді залым қауымнан құтқарған Аллаға тән» деп айт.

29. Және: «О, Раббым, мені бір құтты мекенге қондыр. Ең жақсы орналастырушы өзіңсің» деп айт.

30. Мұнда расында көптеген ғибрат бар, біз, әрине, (пенделерді) сынаймыз.

31. Олардан кейін басқа қауымдарды барлыққа келтірдік.

32. Оларға да өз ішінен бір пайғамбарды (Лұтты) жібердік, (сонда ол:) «Аллаға құлшылық етіңдер, сендердің одан өзге ешбір құдайларың жоқ. (Алланың азабынан) қорықпайсыңдар ма?» (деді).

33. Оның кәпір болып, ақыреттік қауышуды жалғанға шығарған және біз дүние тіршілігінде дәулетті тұрмысқа кенелткен атамандар айтты: «Бұл - өздерің сияқты ғана адам, сендер жегенді жеп, сендер ішкенді ішеді.

34. Өздерің сияқты бір адамға бойсұнсаңдар, онда сендер сөзсіз зиян тартасындар.

35. Ол сендерге өздерің өліп, топырақ және қу сүйек болғаннан кейін қайта тірілесіңдер деп ескерте ме?

36. Сендерге ескертілген бұл іс тым алыс-ақ!

37. Бізге бұл дүниенің тіршілігі ғана бар. Біз өлеміз, туыламыз (біріміз өлсек, біріміз туыламыз), біз (өлген соң) қайта тірілмейміз.

38. Ол тек қана Алланың атына өтірік жала жапқан адам, біз оған сенбейміз».
39. (Һұд:) «О, Раббым, мені өтірікке ұйғарғандарға қарсы маған жәрдем бере көр!» деді.
40. Алла: «Олар ұзаққа бармай-ақ өкініште қалады» деді
41. Олар тиісті болған үрейлі дауыспен ойрандалды. Оларды біз сыпырындыға айналдырдық. Залым қауым (Алланың рахметінен) жырақ болсын!
42. Олардан кейін басқа қауымды барлыққа келтірдік.
43. Әр қандай бір үмбет өзінің ажал уақытынан ілгері де кетпейді, кейін де қалмайды.
44. Одан соң елшілерімізді арт-артынан жібере бердік, әрбір үмбет пайғамбарлары келген сайын оны мойындамағандықтан, оларды бірінен соң бірін зауал тартқыздық та, хикаяға айналдырдық. Иман келтірмейтін қауым (Алланың рахметінен) жырақ болсын.
45. Одан соң Мұсамен оның туысы Һарұнды аяттарымызбен және айқын дәлелдерімізбен жібердік.
46. Перғауынмен оның шонжарларына. Олар дандайсыған, өркөкірек ел еді.
47. Олар: «Өзіміздей осы екеуіне сене аламыз ба? Бұлардың елі бізге құлдық ұрып жүрсе» десті.
48. Олар (Мұса мен Һарұнды) мойындамады, сонымен өздері де жойылды.
49. Олар (Бәни Исрайыл) дұрыс жол тапсын деп, біз Мұсаға расында кітап (Тәуратты) бердік.
50. Біз Мариямның ұлын (Исаны) және оның шешесін (Мәриямды) (құдіретімізге) бір дәлел қылдық. Екеуін ағын суына, көтеріңкі бір жайлы текшеге орналастырдық.
51. Ей, пайғамбарлар, адал-пәк нәрселерден жеңдер, оң іс істеңдер. Расында сендердің не істегендеріңді толық біліп тұрамын.
52. Шынында сендердің үмбеттерің – бір ғана үмбет (яғни бір ғана діндесіңдер). Раббыларың – мен, менен именіңдер!
53. Десе де, олар дінде топтарға бөлшектеніп кетті де, әр топ өз дініне мәз болды.
54. Оларды (өлгенге дейін) бір уақыт адасқан бетімен қоя бер!
55. Оларға мал, бас бергенімізді;
56. Олар біздің өздерін тезірек игіліктендіргендігіміз деп ойлай ма? Олай емес, олар мұны түсінбейді.
57. Раббыларынан қорқып үрейленетіндер;
58. Раббыларыңның аяттарына нанатындар;

59. Раббыларына серік қоспайтындар.
60. Садақа беретін, бірақ оны Раббыларының құзырына қайтып баратындығынан іштей қорқып беретіндер.
61. Міне, осылар жақсылыққа асығатындар, және жақсылық істеуде озып шыққандар.
62. Біз әр адамды шама-шарқы жететін іске ғана міндетті етеміз. Біздің алдымызда хақ сөйлейтін бір кітап (яғни Лаухұлмахфуз және ғамал дәптері) бар. Оларға әділетсіздік істелмейді.
63. Әйтсе де олар (күнәлі күффарлардың) ділі бұдан ғапылетте олар бұдан өзге де талай (жаман) істерді істейді.
64. Олардың дәулеттілерін азаптап жазаға тартқан кезімізде, олар зар илеп, запыран құсады.
65. «Бүгін зар илемей-ақ қойыңдар, сендерге бізден әсте жәрдем етілмейді.
66. Сендерге аяттарым оқып берілетін еді, (сонда) сендер теріс айналып жүруші едіңдер,
67. (Масжид Әл-Харам елі болғандықтарыңа) даңғойсып, оны түңгі қысыр кеңестеріңе тиек етіп, сандырақтаушы едіңдер».
68. Олар кәлам (яғни Құран) жайлы ой жүгіртпеді ме? Немесе оларға бұрынғы ата-бабаларыңа келмеген нәрсе келді ме?
69. Немесе олар өз пайғамбарын танымағандықтан, оны мойындамай ма?
70. Әлде оны (пайғамбарды) жынданған дей ме? Олай емес, қайта оларға (пайғамбар) ақиқатты алып келді, бірақ олардың көбі ақиқаттан жиренеді.
71. Егер ақиқат (Құран) олардың зауық-нәпсісіне ауса, онда көк пен жер және ондағы мақлұқат, сөз жоқ ойран болар еді. Олай болмады, біз оларға уағыз-насихатты (Құранды) келтірдік, (бірақ) олар Құран насихаттарынан жалтарды.
72. (Ей, Мұхаммед!) Әлде сен олардан ақы сұрадың ба? Раббыңның берері одан да қайырлы. Ол – ризық берушілердің ең абзалы.
73. Сен әрине, оларды дұрыс жолға шақырасың.
74. Ақыретке сенбегендер анық дұрыс жолдан тайғандар.
75. Егер оларға (мүшриктерге) рақым қылып, бастарына келген бейнетті айықтырсақ, олар бәрібір азғындықтарында қасарыса сенделіп кете береді.
76. Оларды расында азаппен жазаладық, олар сонда да Раббыларына мойынсал болмады, жалбарынып дұға қылмады.
77. Қашан оларға қатаң азаптың қақпасын ашқан кезде, олар бірден күдер үзеді.
78. Алла сендерге құлақ, көз, жүрек бітірді, сонда да шүкір етулерің тым аз.

79. Ол сендерді жержүзінде өрбітті, сендер оның алдына жиналасыңдар.
80. Ол (өліні) тірілтеді, (тіріні) өлтіреді. Күн мен түннің ауысыуы оның меңгеруінде. (Осыны) түсінбейсіндер ме?
81. Жоқ, олар (бұған ой жүгіртпейді) бұрынғылар не десе соны айтады.
82. Олар: «Біз өліп топырақ және ку сүйек болып қалғаннан кейін де қайта тірілеміз бе?
83. Ондай болса бізге де, және біздің ата-бабаларымызға да жасалған. Бұл тек бұрынғылардың аңыз-ертегілері ғана» десті.
84. (Оларға:) «Егер білсендер (айтыңдаршы) жер-әлем және ондағы мақлұқат кімдікі?» де.
85. Олар: Сөз жоқ «Алланікі» дейді. «Ендеше, ой-зерделеріңе салмайсыңдар ма?» де.
86. «Жеті қат аспанның, ұлы ғарыштың Раббы кім?» десек;
87. Олар: «Алла» дейді. «Ендеше (одан) қорықпайсаңдар ма ?» де.
88. (Оларға:) «Егер, білсеңдер, барлық нәрсенің патшалығы кімнің қолында? Өзі пана бола алатын, басқалар оған пана бола алмайтын кім?» де.
89. (Сонда) олар: «Алла» дейді. «Ендеше, алжасқандарың қалай?» де.
90. Олай емес, біз оларға ақиқатты әкелдік, олар нағыз өтірікшілер.
91. Алланың баласы жоқ, онымен тең басқа ешқандай құдай да жоқ. Егер олай болғанда, әрбір құдай өз жаратқандарына ие болып (өз алдына) кетер еді де, бірінен бірі үстем болар еді. (Бірақ) Алла олардың сипаттағанынан пәк.
92. Алла көрнеуді де, көмескіні де біледі. (Ол) олардың теңеген нәрселерінен үстем.
93. (Ей, Мұхаммед!) «Раббым, оларға ескертілген азапты әрине маған (менің көзіме) көрсетер болсаң,
94. Раббым мені залым қауымның ішіне қоймағайсың» де.
95. Расында оларға айтқан азапты саған көрсетуге де құдіретіміз жетеді.
96. (Ал олар істеген) жамандықты жақсылықпен қайтар. Біз олардың баяндағандарын білеміз.
97. Раббым, шайтандардың уасуасасынан (сақта деп) өзіңе сиынамын.
98. Раббым, олардың маңыма келуіне де (сақта деп) өзіңе сиынамын» деп айт.
99. Олардың (күффарлардың) біріне өлім келе қалса: «Раббым, (дүниеге) қайтара көр!
100. Бәлкім мен қалдырған дүниеде жақсылық істер істермін» дейді (ол). Олай болуы, әсте мүмкін емес. Бұл олардың құр айтқан сөзі. Олар

қайта тірілдіретін күнге дейін арттарында (дүниеге қайтармайтын) бір бөгеу бар.

101. Қашан сүр үрленсе, сол күні олардың араларында туыстық жойылып, бірін-бірі сұраспайды (әркім өз жанымен қайғы).

102. Таразысы ауыр тартқанда (жақсылығы жамандығын басып түскендер) – мұратына жетушілер.

103. Ал таразысы жеңіл тартқандар (жамандығы жақсылығын басып түскендер) – зиян тартушылар, олар – тозақта мәңгі қалатындар.

104. Олардың беттерін өртке күйдіріп, күйіктен тістері ақсиып қалады.

105. «Сендерге аяттарым оқып берілгенде, сендер оны өтірікке шығармап па едіңдер?»

106. Олар: «О, Раббым! Сормандайлығымыз тұқыртқан, адасушы бір ел екенбіз.

107. Раббым, бізді бұдан шығара көр! Егер (одан кейін) тағы да күнәлі болсақ, онда анық залым болғанымыз» дейді.

108. (Алла оларға:) «Онда (тозаққа) қор болып қалыңдар, маған ауыз ашушы болмаңдар!» дейді.

109. Анығында пенделеріміздің бір тобы: «Раббымыз, иман келтірдік, бізді жарылқай көр! Бізге мархабат айла! Мархабат етушілердің ең абзалы өзіңсің» деуші еді.

110. Сендер оларды мазақ еттіңдер, тіпті (сол мазақтарың) сендерге менің зікірімді ұмыттырды. Сендер оларға әрдайым күлуші едіңдер.

111. Расында, (мазаққа) төзе білгендіктен де бүгін мен оларды сыйладым. Олар – анық (тозақтан) құтылғандар.

112. Алла (оларға): «сендер жер бетінде қанша жыл тұрдыңдар?» дейді.

113. Олар: «Бір күн немесе одан да аз тұрдық, санақшыдан (санақшы періштелерден) сұра» дейді.

114. (Алла:) «(Дүниеде) аз ғана тұрдыңдар, егер білген болсаңдар» дейді.

115. (Ей, Адам баласы!) бізді сендер өздеріңді бекер-босқа жаратты, біздің алдымызға қайтарылмаймыз деп ойлайсыңдар ма?

116. Хақ патша – Алла бек үстем. Одан өзге құдай жоқ. Ол – қастерлі ғарыштың иесі.

117. Кім дәлелсіз түрде Алламен қатар басқа бір құдайға табынса, ол ел Раббымның алдында (есеп береді), өйткені кәпірлер марқадам таппайды.

118. (Ей, Мұхаммед!) «Раббым, жарылқай көр! Мархабат ете көр! Мархабат етушілердің ең абзалы - өзіңсің» де.

24. НҰР СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 64 аят..

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Бұл - бір сүре. Оны біз аян еттік әрі (ондағы үкімдерді) парыз қылдық. Сендердің насихат алуларың үшін, мұнда айқын аяттар түсірдік.
2. Зина қылған әйел мен зина қылған еркектің әрбіреуіне жүз дүре соғыңдар. Егер Аллаға және ақырет күніне сенетін болса, Алланың дініне (шариғатын атқаруда) бұларға аяушылық істемеңдер. Оларды жазалағанда мүминдерден бір тобы көріп тұрсын.
3. Зинақор еркер тек зинақор немесе мүшрик әйелді ғана алуға. Зинақор әйел тек зинақор немесе мүшрик еркекке ғана тиюге лайық. Бұлар мүминдерге арам қылынды.
4. Арлы әйелдерге зина жаласын жауып, (оның растығына) төрт айғақ ерттіре алмағандарға сексен дүре соғыңдар, сондай-ақ олардың куәларын әсте қабылдамаңдар. Олар – пасықтар.
5. Бірақ одан кейін тәубе қылып, түзелгендер мұның сыртында (олардың куәсын қабылдауға болады). Өйткені Алла – аса жарылқаушы, өте мейірімді.
6. Өз жұбайына зина жаласын жауып, өзінен баска айғақтар болмағандар өз куәсінің растығы үшін төрт рет Алланың атымен ант ішсін.
7. Бесінші ретте: «Егер өтірік айтқан болсам, маған Алланың қарғысы тисін!» десін.
8. Әйел де күйеуінің мүлде өтірік айтқанын растап төрт рет Алланың атымен ант ішсе, жазаға тартылмайды.
9. Бесінші ретте: «Егер оның айтқаны шын болса, маған Алланың қарғысы тисін!» деп айту шарт.
10. Егер сендерге Алланың кеңшілігі, рақымы болмаған болса, расында, Алла – тәубаны қабылдағыш әрі хикмет иесі.
11. Сендерден бір топ адам (Айша туралы) өсек таратты сендер өздеріңе зиянды деп есептемеңдер, қайта ол сендер үшін қайырлы болмақ. Өсек өргізушілерден кім қаншалық күнә өткізсе, оған соншалық жаза беріледі, өсекте бас болып көбірек таратқандар ауыр азапқа дұшар болады.
12. Мұны естігенде ер-әйел мүминдер (діндестері үшін) қайыр ойлап: «Бұл бір ап-анық өсек» деуге қалайша ауыздары бармады?
13. Олар бұған неге төрт айғақ келтірмейді? Айғақ келтіре алмаған екен, ендеше олар Алланың қасында суайт саналады.

14. Сендерге дүниеде және ақыретте Алланың кеңшілігі, рақымы болмағанда, өсек айтып даттағандықтарың үшін, әрине ауыр азапқа дұшар болар едіндер.
15. Сол кезде ауыздарына келгенді көкіп, өздерің білмейтін қу өсекті тараттындар, мұны жеңіс деп санадыңдар, Алланың қасында ол (жала) үлкен есептеледі.
16. Оны естіген шақтарында, сендер: «Мұндай сөзді айту бізге мінәсіп емес. Иә, Алла, сен пәксің! Мынау бір сұмдық жала» деп неге айтпайсыңдар.
17. Егер мүмин болсаңдар, Алла сендерге ендігәрі мұндай сөзді қайталамауды насихат етеді.
18. Алла сендерге аяттарын ашық баяндайды. Алла – білгір, хикмет иесі.
19. Мүминдер ішінде жаман істі жаюға жаны құштар адамдар дүниеде де, ақыретте де күйзелткіш азап тартады. Алла біледі, сендер білмейсіңдер.
20. Сендерге Алланың кеңшілігі мен мархабаты бұйырмаған болса, Алла аялағыш, мейірімді болмаған болса, (әлдеқашан жазаланар едіңдер).
21. Ей, мүминдер! Шайтанның соңынан ермендер, кім шайтанның соңынан ерсе, шайтан оны арсыздыққа, жамандыққа бұйырады. Сендерге Алланың кеңшілігі мен мархабаты бұйырмаған болса, сендердің ешқайсыңа әсте пәктік дарымас еді, бірақ Алла өзі қалаған адамын пәк етеді. Алла бәрін де естиді, біледі.
22. Іштеріндегі шарапат, бақ-дәулет дарығандар жақындарына, жоқ-жітіктерге, Алла жолына қоныс аударғандарға (бір нәрсе) бермеуге серт етпесін, (олардың қателігін) ғапу етіп кешірсін. Алла өздеріңді жарылқауын жақтырмайсындар ма? Алла аса кешірімшіл, өте мейірімді.
23. Риясыз, арлы мүмин әйелдерге жала жапқандар дүниеде де, ақыретте де сөзсіз лағынетке ұшырайды, ауыр азапқа тап болады.
24. Сол күні (қияметте) олардың тілдері, қол-аяқтары өз істегендеріне (күнәларына) айғақ болады.
25. Сол күні Алла оларға толық, тиісті жазасын береді. Олар да Алланың айқын хақ екенін біледі.
26. Сұмпайы әйелдер сұмпайы еркектерге, сұмпайы еркектер сұмпайы әйелдерге лайық; ал игі әйелдер игі еркектерге, игі еркектер игі әйелдерге лайық. Әне солар олардың (жалақорлардың) айтқандарынан пәк. Олар кеңшілікке кенеліп, мол ризыққа ие болады.
27. Ей, мүминдер, өз үйлеріңнен басқа үйге рұқсатсыз немесе үй иесіне сәлем бермейінше кірмендер. Мұның өзі сендерге қайырлы екенін, әрине, түсінерсіңдер.
28. Егер ол үйде адам жоқтығын білсендер, сендерге рұқсат берілмейінше

оған кірмеңдер, егер сендерге «қайтыңдар» делінсе, онда қайтып кетіңдер, бұл сендер үшін жақсы. Алла сендердің істейтін істеріңді әбден біледі.

29. Адам отырмайтын, ішінде нәрселерің бар (сарай сияқты) үйлерге қажеттерің түсіп кірсеңдер оқасы жоқ. Алла сендердің көрнеулеріңді де, көместеріңді де біліп тұрады.

30. (Ей, Мұхаммед!) Мүмин еркектерге айт (бөгде әйелдерге) қадалып қарамасын, ғауратарын (зинадан) сақтасын. Мұның өзі олар үшін бір пәктік. Анығында Алла оларды не істегеннен толық хабардар.

31. Мүмин әйелдерге де айт (бөгде еркектерге) қадалып қарамасын, тәндерін жауыш жүрсін. Сыртқы зейнеттерінен (бет, қол, аяқ сияқты көрнеу мүшелерінен) басқа зейнеттерін (мүшелерін) көрсетпесін. Бүркеніштермен омырауларын жапсын. (Жабық) зейнеттерін (мүшелерін) күйеулерінен, әкелерінен, қайын аталарынан, өз ұлдарынан немесе өгей ұлдарынан, өз аға-бауырларынан немесе аға-бауырларының ұлдарынан, әпке сіңілілерінің ұлдарынан, мұсылман әйелдерден, қолдарындағы күңдерден, әйелге жуымас (қартайған, белгісіз) қызметшілерден немесе әйелдердің ғауратын ұқпайтын (балағатқа толмаған) балалардан басқа адамдарға көрсетпесін. Жабық зейнеттерін басқаларға көрсетпек үшін аяқтарымен жерді теппесін. Ей, мүминдер! Тілекке жетеміз десендер түгелдей Аллаға тәубе қылындар.

32. Іштеріндегі некесіз ер-әйелді (ержеткен ұл-қыздарды, бойдақ еркек пен құл қатындарды және қолдарындағы жақсы күңдерді некелеп (басын құрап) қойындар. Олар кедей болса, Алла өз шарапатымен ауқаттандырады, Алла – аса кең, бәрін білуші.

33. (Қолы қысқалығынан) үйлене алмағандар Алла өз шарапатымен ауқаттандырғанға дейін ар-намысын (таза) сақтасын. Қол астыларындағы (құлдар мен күңдерден қожайыннан белгілі мөлшерде мал-пұл төлеп, бас бостандығын алуға) тоқтам жазысуды (хат беруді) талап еткендер болса, егер олардың сенімді екендігін білсеңдер, олармен тоқтам жасасыңдар. Өздеріңе Алла нәсіп еткен малдан оларға да беріңдер. Ар-намысын сақтауды қалайтын күңдеріңді дүние тіршілігінің болмашы пайдасы үшін зинаға зорламаңдар. Біреу оларды зорласа, мәжбүрленгеннен кейін Алла оларды жарылқайды, мейіріміне бөлейді.

34. Анығында сендерге айқын аяттарды, сендерден ілгері өткен қауымдардан мысалдарды, және тақуалар үшін уағыз-насихаттарды аян еттік.

35. Алла – көк пен жердің нұры. Алланың (мүминдер көңіліне салған иман) нұры – шам орнатылған шамдал сиақты. Ол шам - шығыста да, батыста да емес, от тимесе де жарық беретін (от тисе), нұр үстіне нұр шашатын киелі зәйтүн майымен жағылған, мөлдір әйнектің ішіндегі

жарқыраған жұлдыз реушті (иман нұрының мысалы осындай). Алла қалаған адамын өз нұрына бөлейді. Алла адамдарға осылайша мысал келтіреді. Алла барлық нәрсені біледі.

36. Алланың (өзін) ұлықтап, өз атын зікір етуге бұйырған мешіттерінде (мұсылмандар) ертелі-кеш Аллаға тасбих айтып тұрады.

37. Сауда-саттық істері өздерін Алланы еске алудан, намаз өтеуден, зекет беруден тоспайтын кейбір ер адамдар бар. Олар жүрек тулап, көз алаятын күннен (қиямет күнінен) қорқады.

38. Өйтетіні олар істегендері үшін Алла өздеріне жақсы сыйлық берсе екен, тіпті өз жақсылығынан асырып берсе екен дейді. Алла қалаған адамына есепсіз ризық береді.

39. Күнәһарлардың ісі шөл даладағы сағым сияқты, шөлдеп қаталаған адам оны су екен деп ойлайды да, оның жанына келгенде дым да таппайды, қасында тек Алланың ғана бар екенін сезеді. Алла оның есебін толық көреді. Алла тез есеп алушы.

40. Немесе олардың істері бейне үсті-үстіне толқындар басып оның үстін бұлттар қаптап, қараңғылықтар қабаттасқан, (осы қараңғылықтан қалған адам) қол созса да (қолын басын) көре алмайтын шөңет теңіздегі тұңғиық іспетті. Алла кімге нұр бермесе, оның нұры болмайды (Алла тураламаған адам туралық таба алмайды).

41. Жер мен көктердің және қанат қаға ұшқан құстардың Аллаға тасбих (мақтау) айтқанын білмеймісің? (Алла) олардың барлығының дұғасы мен еске алғанын біледі. Алла олардың не істегенін де толық біледі.

42. Жер мен көктің патшалығы Алланыкі. Қайта барар орын да Алланың алды.

43. Көрмейсің бе? Расында Алла бұлттарды айдап, біріне-бірін біріктіреді, одан соң оларды қабаттастырады, сонымен бұлттардың арасынан жаңбыр жауғанын көресін. (Алла) жоғарыдан таудай бұлттарды түсіріп, арасынан бұршақ жаудырады да, (оның апатын) қалаған адамына (оның егініне) келтіреді, қалаған адамынан (оның егінінен) алыстатады. Найзағайдың жарқылы көздің нұрын ала жаздайды.

44. Алла күндіз бен түнді кезектестіріп тұрады. Көзі көретіндер үшін мұнда расында ғибрат бар.

45. Алла әрбір жәндікті судан жаратты. Олардың кейбіреуі бауырмен жүреді. Кейбіреуі екі аяғымен жүреді, кейбіреуі төрт аяқпен жүреді. Алла қалағанын жаратады. Расында барлық нәрсеге Алланың құдіреті жетеді.

46. Шынында айқын аяттарымызды аян еттік, Алла өз қалағанын дұрыс жолға салады.

47. Олар (мұнафықтар): «Біз Аллаға, пайғамбарға иман келтірдік

бойсұндық» дейді де, содан кейін олардың бір тобы (шариғат жолынан) бет бұрады. Олар мұсылман емес.

48. Араларына үкім шығару үшін, олар Аллаға және пайғамбарларына шақырылса, олардың бір тобы (барудан) бас тартады.

49. Егер ақиқат олар жағында болса, олар пайғамбарға бойсұнған түрде келеді.

50. Олардың көңілінде дерті бар ма? Немесе олар (пайғамбарға) күдіктене ме? Немесе Алла мен расулы өздеріне әділдік етпейді деп қорқа ма? Жоқ, олай емес, қайта олардың өздері залым.

51. Араларына үкім айтылуға Аллаға және расулына шақырылған кезінде мүминдер тек қана: «Естідік, бойсұндық!» деп айтуға тиіс. Мұратына жететіндер – міне осылар.

52. Кімде-кім Аллаға, пайғамбарына бойсұнса, Алладан қорқып именсе, әне солар бақытқа кенелетіндер.

53. (Мұнафықтарды) «(соғысқа) шығуға бұйырсаң, сөзсіз шығамыз!» дейді. Аллаға мықтап ант етеді. (Ей, Мұхаммед!) оларға: «Ант ішпей-ақ қойыңдар, (анттарың өтірік, одан да) жөндеріңе бойсұнғандарың абзал. Алла не істегендеріңді расында толық біліп тұрады» деп айт.

54. (Оларға) айт: «Аллаға, пайғамбарға бойсұныңдар. Егер бойсұнудан бас тартсаңдар, пайғамбар өзіне жүктелгенге міндетті де, сендер өздерің жүктелгенге міндеттісіндер. Егер пайғамбарға бойсұнсаңдар, дұрыс жол табасыңдар. Пайғамбардың міндеті тек айқын жеткізу ғана».

55. Алла сендерден иман келтіріп, ізгі іс істегендерге өздеріңнен бұрынғыларды жержүзіне қожа қылғандай оларды да сөзсіз қожа қылуды, олардың таңдаған дінін нығайтуды олардың қорқынышын бейбітке айналдыруды уәде етті. Олар маған құлшылық етеді, маған ешнәрсені теңемейді. Сол уәдеден кейін қарсылық қылғандар бұзақы есептеледі.

56. Намаз оқыңдар, зекет беріңдер, пайғамбарға бойсұныңдар, (сонда Алланың) рақыметіне бөленесіңдер.

57. Кәпірлерді жер бетінде шамадан тыс мөлшерлеме. Олардың барар орны тозақ, ол неткен жаман орын десеңші.

58. Ей, мүминдер! Қолдарыңдағы құлдарың мен күндерің, балиғатқа толмаған балаларың таң намазының алдында түсте киімдеріңді шешкен кезде, құптан намазынан кейін - осы үш уақытта жандарыңа рұқсат сұрап кірсін. Бұл сендердің (тәндерің ашылып қалатын) ұятты мезгілдерің. Бұдан өзге уақытта (кіріпшығу) сендерге де, оларға да күнә болмайды. Бір-біріңе келіп-кетіп тұрасындар. Алла сендерге Аяттарын осылайша баяндайды. Алла – кемеңгер, хикмет иесі.

59. Балаларың ержеткен кезде олар да өздерінен бұрыңғылардың рұқсат

сұрағанындай (үйеріңе кірерде) рұқсат сұрасын. Алла сендерге аяттарын осылайша баян етеді. Алла – кемеңгер, хикмет иесі.

60. Некелесуді тілемейтін қартаң әйелдер зейнеттерін ашпай, сыртқы киімдерін шешсе (жеңілтек жүрсе), айып емес. Егер де бұдан да сақтанса, олар үшін тіпті де жақсы. Алла – (бәрін де) естіп, біліп тұрушы.

61. (Біреумен дастарқандас болса) соқырға күнә жоқ, ақсаққа күнә жоқ, дімкасқа да күнә жоқ. (Ей, адамдар!) Өз үйеріңнен, не әкелеріңнің үйінен, не шешелеріңнің үйінен, не аға-бауырларыңның үйінен, не қарындастарыңның үйінен, не әкелерің мен бір туған көкелеріңнің, апайларыңның үйінен, не нағашы ағаларыңның үйінен, не өздерің кілтін ұстап басқарып тұрған үйлерден, достарыңның үйінен (олар жоқта) тамақ жесеңдер, сендерге күнә жоқ. Мейлі топтық, мейлі жеке жесеңдер де. Күнәға жатпайды. Үйеріңе кіргенде өздеріңе (үйдегі мұсылмандарға) Алла белгілеген, құт берекенің, сұлулықтың тілегі болған сәлемдеріңді беріңдер (яғни «Ассаламуғалейкум» деңдер), Алла сендер түсінсін деп аяттарын осылайша баяндады.

62. Мүминдер расында Аллаға, пайғамбарына сенгендер. Олар бір іс турасында пайғамбармен бірге болғанда, оның рұқсатын алмайынша кетіп қалмайды. (Ей, Мұхаммед!) Сенен рұқсат сұрайтындар – Аллаға, пайғамбарына сенетіндер. Олар өз шаруасы үшін сенен рұқсат сұраса, олардан қалаған адамыңа рұқсат бер. Олар үшін Алладан кешірім тіле, Алла шынында аса кешірімді ерекше мейірімді.

63. (Ей, мұсылмандар!) Сендер пайғамбарды шақырғанда бір-біріңді шақырған сияқты шақырмаңдар. Сендерден (пайғамбардың қасынан) ептеп сытылып кететіндерді Алла анық біледі. Пайғамбардың әміріне қайшылық істегендер (дүниеде) бір бәлекетке жолығудан (ақыретте) қатты азапқа дұшар болудан сақтансын!

64. Рас, жер мен көктегі нәрселердің баршасы Алланыкі. Алла сендердің нендей жай-күйде екендіктеріңді әбден біледі. Пенделері өз дәргаһына қайтарылған күні (қиямет күні) істеген істерін олардың өздеріне айтып береді. Алла – күллі істі толық білуші.

25. ФУРҚАН СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 77 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Бүкіл әлемге ескертуші болсын деп құлына (Мұхаммедке түзік пен бұзықты парықтайтын өлшем) Құранды түсірген Алла ерекше берекелі.

2. Жер мен көктің иелігі оған тән. Оның баласы жоқ, иелігінде ешбір ортағы да жоқ. Ол күллі затты жаратты да, соған лайық өлшем белгіледі.
3. Олар (мүшіріктер Алладан безіп) ештеңені жарата алмайтын, өздері жаратылыс, өз бастарын пәледен сақтай да, пайдаға кенелте де алмайтын, (біреуге) ажал да, тірлік те бере алмайтын, (өліні) тірілтуге шамасы келмейтін нәрселерді құдай тұтты.
4. Кәпірлер: «Бұл (Құран) оның (Мұхаммедтің) өзі ойдан шығарған өтірігі, оған басқа ел де көмектесті» десіп, зұлымдыққа басты, (пайғмабарға) жала жапты.
5. Олар: «Бұл Құран бұрынғылардан қалған аңыз, ол мұны жаздырып алған да, (жатқа алу үшін) ертелі кеш оған оқып беріледі» дейді.
6. (Ей, Мұхаммед!) «Құранды көк пен жердің сырын білетін Алла түсірді. Алла – аса жарылқаушы, өте мейірімді» деп айт.
7. Олар тағы былай дейді: “Тамақ жейтін, базарларда жүретін бұл қандай пайғамбар? Алла онымен бірге (пенделерге) ескертуші болуға неге бір періште жібермейді?
8. Немесе оған (көктен) бір қазына-байлық түсірмеген, не бір миуасын жейтін бақша бағыштамаған?”. Залымдар да: «Сендер тек сиқырлаған біреуге ілесіп жүрсіңдер» дейді.
9. (Ей, Мұхаммед!) Олардың саған қарата қандай мысал келтіргенін көр! Ал олар тура жол таба алмастай адасып азды.
10. Құтты-берекелі Алла қаласа, саған олар айтқаннан да жақсы, іргесінен бұлақтар ағып жататын бақшаларды және сарайларды сыйлайды.
11. Жоқ, олар қияметті өтірікке шығарды. Қияметті мойындамағандарға лаулаған тозақты дайындадық.
12. Тозақ оларды алыстан көрген сәтте олар оның сұрапыл қайнаған және күркіреген дауысын естиді.
13. Олар байланып-маталып тозақтың тар жеріне тасталған заматта сол жерде өлім тілейді.
14. (Оларға) бүгін сендер бір ғана өлімді тілемей, талай-талай өлімдерді тіледіңдер (делінеді).
15. Оларға: «Осы (тозақ азабы) жақсы ма әлде тақуаларға сыйлық және мәңгі тұрақ ретінде беруге уәде етілген жаннат жақсы ма?» деп айт.
16. Олар жаннатта не тілесе, соның бәрі бар және онда мәңгі тұрады. Міне бұл – Раббыңнан (орындау үшін) тіленетін уағда.
17. Ол сол күні оларды және олардың Алладан өзге табынған нәрселерін жияды да, олардан (пұттардан): «Менің осы пенделерімді сендер адастырдыңдар ма әлде өздері жолдан тайды ма?» деп сұрайды.
18. (Пұттар:) «Ей, Алла, сен пәксің, сенен басқаны дос тұту (басқаға

шоқыну) бізге лайық емес, десе де сен оларды және олардың ата-бабаларын рахат-молшылыққа кенелтіп едің, олар сені еске алуды да ұмытты да, тұқымы құруға лайық қауым болды дейді».

19. (Табынғандарың) расында өз айтқандарыңды (оларды құдай санағандықтарыңды) өтірікке шығарды. Сендер (азаптан) бұлтара да алмайсыңдар, ол үшін өздеріңе сеп бола да алмайсыңдар. Сендерден кім зұлымдық істесе, оған ауыр азап тарттырамыз.

20. (Ей, Мұхаммед!) Сенен бұрынғы жіберген пайғамбарлар да әрине тамақ жейтін, базарларда жүретін еді. Біз бірің арқылы бірінді сынадық. (Сынаққа) төзе аласыңдар ма? Раббың (бәрін де) көріп тұрады.

21. Бірге жолығуды қаламайтындар (мүшриктер): «Бізге неге періштелер түсірмейді? Яки Раббымызды неге көрмейміз?» деседі. Анығында олар өздерін зор тұтты да, азғындап тым шектен асты.

22. Олардың періштелерді көретін күні күнәкарлар үшін қуанышты болмайды. Періштелер оларға: «(Жаннат) сендерге бұйырылмайды! » дейді.

23. Біз олардың істеген істерін бір жақты еткенде, ұшқан тозаңдай тоздырамыз (имансыздығы үшін олардың кейбір жақсы істерін де есепке алмай селге кетіреміз).

24. Сол күні жаннаттағы мекені ең тамаша, демалыс орны аса көрікті болады.

25. Сол күні аспан бұлтпен бірге жабылады да, періштелер (жержүзіне) түседі.

26. Сол күні нағыз патшалық рақымды Алланыкі, ол күн кәпірлерге аса ауыр күн болмақ.

27. Ол күні залымдар: “Әттең пайғамбармен бір жол тұтсамшы!” - дейді бармағын шайнап;

28. “Әттеген-ай! Пәленбайды дос тұтпаған болсамшы!

29. Құран келгеннен кейін, ол (шайтан) расында мені аздырды. Шайтан затында адам баласына опасыз”.

30. Пайғамбар: “О, Раббым! Қауымым шынында бұл Құранды (тәрк етіп) тастап қойды” деді.

31. (Ей, Мұхаммед!) Сол сияқты әр пайғамбарға кейбір күнәкарларды бақас дұшпан қылдық. Жол көрсетуге, медет беруге Раббың жеткілікті.

32. Кәпірлер: «Құран неліктен оған бір жолда түсірілмеді?» дейді. Біз (Құранды) сенің көкейіңе ұялату үшін, оны бір-бірлеп, бөлек-бөлек аян еттік.

33. Олар (мүшриктер) саған қандай қиын сұрау қойса да, саған хақ жауап, ең тамаша түсінік жіберіп отырдық.

34. Олар - тозаққа бетімен жер басып жиналатындар, барар орны төтенше жаман, (тұтқан) жолы төтенше терістер.
35. Рас, біз Мұсаға кітап бердік және оған бауыры Һарунды көмекшілікке қойдық.
36. Біз оларға: «Аяттарымызды мойындамаған қауымға барыңдар» дедік. Ақырында ол қауымды (райынан қайтпағандықтан) типыл қылдық.
37. Нұхтың елін де пайғамбарларды мойындамағандығы үшін суға батырдық та, адам баласына бір ғибрат қылдық. Ал залымдарға қатты азап дайындадық.
38. Ғад, Самуд, Расс елдеріне және олардың аралығындағы көптеген қауымдарға да... .
39. Барлығына мысалдар көрсеттік (насихатты тыңдамай, күпірлігінде мықты тұрғандықтан), барлығын жоқ қылдық.
40. Расында, олар (Меккеліктер) кесапат жаңбыры жаудырылған (тас жауған) қалаға келген еді, олар оны көрмеді ме? Жоқ, олар (өлген соң) қайта тірілуді үміт етпейді.
41. (Ей, Мұхаммед!) Олар сені көрген жерден тәлкек қылып: «Алланың жіберген елшісі осы ма?
42. Егер дінімізде бекем тұрмаған болсақ, ол бізді құдайымыздан адастырады екен ау!» деседі. Олар (қияметте) азапты көрген кезде, кімнің жолдан тайып адасқанын білетін болады.
43. (Ей, Мұхаммед!) Айтшы, өзінің көңілі тартқанын құдай қылып алғандарға қорғаушы бола аламысың?
44. Немесе олардың көбін (насихатты) тыңдайды, түсінер деп ойлайсың ба? Олар тек хайуан сияқты, тіпті одан да бетер азғында.
45. Раббыңның көлеңкені қалай ұзартқанын көрмедің бе!? Егер қаласа, оны (бір орында) тұрақтатып қояр еді. Одан соң күнді оған дәлел қылдық. (Яғни күннің шығуын көлеңкенің барлығына дәлел қылдық).
46. Одан соң оны біртіндеп өзімізге тартып алдық.
47. Сендерге түнді жамылғы, ұйқыны тынығу, күндізді (тіршілік әрекетімен жанжаққа) таралу уақыты қылды.
48. Алла рақыметін (жаңбырын) жаудырар алдында жақсы хабар жеткізуге желді жіберді. Көктен тап-таза жаңбыр жаудырдық;
49. Онымен өлі жерді жандандырдық, сондай-ақ біз жаратқан хайуандар мен көптеген адамдардың сусынын қандырдық.
50. Олар насихат алсын деп, жаңбырды олардың араларында кезектестіре (бірде бұл жерге) жаудырдық. Сонда адамдардың көбі (Аллаға) күпірлік қылды.
51. Егер қаласаң, әр қалашыққа бірден пайғамбар жіберер едік.

52. Сондықтан кәпірлерге бойсұнба! Құран арқылы олармен құлшына күрес.
53. Алла екі теңізді, оның бірінің суы тұщы, тәтті, енді бірінің суы тұзды, ащы. Олардың арасына (қосылып араласып кетпеу үшін) кірерде бөгет жасады.
54. Алла адамды судан жаратты да, оны ұрпақ (аталық) және жегжат (аналық) қылып айырды. Раббыңның құдіреті күшті.
55. Олар (мүшриктер) Алладан шеттеп, өзіне пайда да, залал да келтіре алмайтын нәрселерге табынады. Кәпірлер Раббына қарсы (шыққан шайтанға) жәрдемдеседі.
56. Біз сені тек қуандырушы және ескертуші етіп жібердік.
57. Оларға: «Мен сендерден ақы тілемеймін, сендерден тілейтінім - тек Раббына дұрыс жолды ұстауды қалайтындар ғана» деп айт.
58. Өлмейтін мәңгі тірі Аллаға сүйен, оны пәк деп мақта! Оның құлдарының күнәларынан хабардар болуы жетеді.
59. Алла көкті, жерді және олардың арасындағы алты күнді жаратты, одан соң ғарышқа үкім жүргізді. Ол аса рақымды, мұны (Алланың ұлылығын) білетіндерден сұра.
60. Оларға (мүшриктерге): «Рахманға (рақымды Аллаға) сәжде қылыңдар!» делінсе, олар: «Рахман деген не? Сен бұйырған нәрсеге сәжде қыла береміз бе?» дейді. Бұл сөз олардың жиренішін арттыра түсті.
61. Сондай мол игілік иесі Алла, аспандағы жұлдыздардың орнын жаратып, онда бір жарық (күн) және сәуле беруші айды жаратты.
62. Ол үгіт алғысы, шүкір еткісі келетіндер үшін, күндіз бен түнді бірбірімен кезектестіріп қойды.
63. Аса рақымды Алланың (сүйген) пенделері жер бетіне кішіпейіл, сыпайы жүреді, надандар оларға тік сөйлеседі, олар «Есен болыңдар!» деп сәлемдесіп қояды (надандармен сөз таластырып әуре болмайды).
64. Олар түндерді Раббыларына сәжде қылумен, қиямда (тік) тұрумен өткізеді.
65. Олар: «Раббымыз, бізден тозақ азабын аулақ қыла гөр! Тозақ Азабы – (жауларыңа) нағыз тұрақты азап.
66. Тозақ шынында өте жаман орын және жаман тұрақ» дейді.
67. Олар қаржы жұмсағанда ысырап та қылмайды, сараңдық та істемейді, аралық жол ұстайды.
68. Олар Алламен тең көріп, басқа ешқандай құдайға табынбайды, Алланың өлтірілуге тыйым салған кісілерін орынсыз өлтірмейді, зина қылмайды, кімде-кім соны істесе, ол жазаға тартылады.
69. Қиямет күні оған еселеп азап беріледі, ол онда қор болып мәңгі қалады.

70. Алайда кім тәубе қылса, иман айтып, ізгі істер істесе, Алла олардың жамандықтарын жақсылыққа ауыстырады. Алла - аса жарылқаушы, өте мейірімді.
71. Кімде-кім (күнәсына) тәубе қылып, жақсы істер істесе, бұл оның расында, Аллаға қарай бет алғаны.
72. Олар (Алланың сүйген пенделері) жалған айғақ болмайды, жаман сөздерді естігенде (оған құлақ салмай) өз салауатымен кете береді.
73. Оларға қашан Раббыларыңның аяттарымен уағыз насихат берілсе, оны естімес, көрмес болып алмайды (ықыласпен тындайды).
74. Олар: «О, Раббымыз! Бізге әйелдеріміз және ұрпақтарымыз арқылы қуаныш бағыштағайсың! Бізді тақуалардың алды қыла гөр!» дейді.
75. Әне солар сабырлы болғандығы үшін ең жоғары сыйлықпен (жаннатпен) сыйланады және (періштелер жағынан) тілек, сәлеммен қарсы алады.
76. Олар онда мәңгі тұрады. Жаннат неткен тамаша мекен жай десеңші!
77. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: «Егер сендердің дұғаларың (ғибадаттарың) болмаса, Раббың сендерге көз қырын салмайды. Сендер анығында (пайғамбарды, Құранды) өтірікке санадыңдар, сондықтан, азапқа дұшар боласыңдар» деп айт.

26. ШҰҒАРА СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 227 аят.

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Та, Син, Мим.
2. Бұл - айқын кітаптың (Құранның) аяттары.
3. (Ей, Мұхамед!) Олардың Иман келтірмегеніне бола (құсаланып) өзіңді ойрандай жаздадың.
4. Егер қаласақ, аспаннан бір мұғжиза түсірер едік те, олар оған бас иер еді.
5. Рақымды Алладан өздеріне бір жаңа зікір түссе-ақ, олар одан бет бұрады.
6. Олардың арасында (Құранды) өтірікке ұйғарып, мазақтаған нәрселерінің хабары (зардабы) өздеріне келеді.
7. Олар жержүзіне көз салмай ма? Онда алуан түрлі әсем өсімдіктерді өсірдік.
8. Мұнда (расында құдіретімізді көрсететін) белгілер бар. Бірақ олардың көбі сенетіндер емес.

9. Шүбәсіз Раббың аса үстем, ерекше мейірімді.
10. Өз кезінде Раббың Мұсаға үндеді: «Залым қауымға бар.
11. Яғни Перғауын қауымына. Олар (азабымыздан) қорықпай ма?»
12. (Мұса) айтты: «О, Раббым! Мен расында олардың мені мойындамауынан қорқамын.
13. (Олар мені мойындамағанда) қыстығып, сөйлесем тұтығамын. Сондықтан (маған көмекші болуы үшін) Һарунға да елшілік бере гөр!
14. (Олардың айтуынша) мен оларға күнәлімін, олардың маған қас қылуынан қорқамын».
15. (Алла): “Мүлде олай емес”, -деді. “Екеуің де менің мүғжизаларыммен барыңдар. Біз шынында, сендермен бірге (айтыстарыңды) естіп тұрамыз;
16. Екеуің Перғауынға барып: “Біз барша әлемнің Раббысының елшісіміз;
17. Исрайыл үрпақтарын (құлдықтан босатып) бізбен бірге қоя бер!” деңдер».
18. Олар (Перғауынға елшілікті жеткізді.) Перғауын (Мұсаға) айтты: «Біз сені қаршадайыңнан бағып-қағып ер жеткізбедік пе? Біздің ішімізде талай жыл тұрмап па едің?
19. Сен істеріңді істедің (кісі өлтірдің), онымен қоймай жақсылықты ұмыттың».
20. (Мұса) айтты: «Ол ісімді істеген кезімде білместік болды.
21. Сендерден қорқып, араларыңнан қаштым. Ақыры Раббым маған хикіметін дарытты әрі пайғамбарлық берді.
22. Сен Исрайыл ұрпақтарын құл қылдың, сенің маған міндетсіген жақсылығың әне сол!» деді.
23. Перғауын: «Барша әлемнің Раббы дегенің не?» деді.
24. (Мұса:) «Ол – көк пен жердің және олардың арасындағы күллі мақлұқаттың Раббы, егер шынайы сенетін болсаңдар» деді.
25. Перғауын маңайындағыларға: «(Мұсаның айтқанын) естіп тұрсыңдар ма?» деді.
26. (Мұса:) «Ол – сендердің де Раббыларың, ата-бабаларыңның да Раббысы» деді.
27. Перғауын: «Сендерге жіберілген (бұл) елші анық жынды екен» деді.
28. Мұса: «Егер түсінер болсаңдар, Ол – шығыстың да, батыстың да және бұл екеуінің арасыңдағылардың да Раббысы» деді.
29. Перғауын: «Егер менен басқаны құдай тұтар болсаң, сені зынданға саламын» деді.
30. (Мұса:) «(Пайғамбарлығыма) ашық бір дәлел келтірсем ше?» деді.

31. Перғауын: «Онда ол айтқаның рас болса, кереметіңді көрсет!» деді.
32. Мұса асатаяғын лақтырып еді, таяқ анық айдаһар болып шыға келді.
33. Қолын (қойнынан) шығарып еді, қараған адамдарға қолы жарқырап аппақ болып көрінді.
34. Перғауын өз маңындағыларға: «Мыналар анық шебер сиқыршы екен;
35. Сиқыры арқылы сендерді ата мекендеріңнен қумақшы. Ал бұған не бұйырасыңдар?» деді.
36. Олар айтты: «Оны ағасы мен екеуін қоя тұр да, қалаларға шабарман жібер;
37. Барлық шебер сиқыршыны жиып келсін».
38. Белгілі күннің белгілі уағында сиқыршылар жиналды.
39. Біреулер халайыққа жар салады: «Жиналып болдыңдар ма?
40. Егер сиқыршылар жеңіп шықса, оларға ереміз».
41. Сиқыршылар жиналып болған соң, олар: «Егер біз жеңсек, сыйлық беріле ме?», - деп сұрады Перғауыннан.
42. «Иә (беріледі), ол кезде, сендер сөзсіз менің үзеңгілестерім боласыңдар» - деді Перғауын.
43. Мұса оларға: «Қане лақтыратын нәрселеріңді лақтырыңдар», - деді.
44. Олар арқандарын, таяқтарын лақтырды да: «Перғауынның даңқы үшін сөзсіз жеңіп шығамыз!», - десті.
45. (Олардан кейін) Мұса асасын лақтырып еді, ол дереу (Айдаһарға айналып) олардың елестік жалған нәрселерін жұта бастады.
46. Сиқыршылар сәждеге жығылды.
47-48. Олар: «Барша ғаламның Раббына - Мұса мен Һарунның Раббыларына нандық» десті.
49. Перғауын айтты: «Менің рұқсатымсыз сендер оған нандыңдар ма? Ол сендерге сиқыр өнерін үйреткен басшыларың шығар. (Сендерді қайтып жазалайтынымды) әлі-ақ білесіңдер. Қол-аяқтарыңды шадырлап кесемін де, бәріңді дарға асамын».
50. Сиқыршылар айтты: «Оқасы жоқ, біз (өлсек) Раббымыздың дәргаһына барамыз.
51. (Мұсаға) алдымен сенгендігіміз үшін, Раббымыздың айыбымызды кешіруін шын үміт етеміз».
52. Біз Мұсаға: «Пенделерімді (Бәни Исрайылды) алып түнде аттан. Сөз жоқ қудаланасыңдар» - деп аян бердік.
53. Перғауын қалаларға (қол) жиюшыларды жіберді.
54. (Перғауын айтты:) «Бұлар (Исрайыл ұрпақтары) расында үркердей аз адам.

55. Олар біздің қитығымызға тиді.
56. Біз ықтиятты сақ тұрған топпыз».
57. Сөйтіп біз оларды (Перғауын мен оның қауымын) бау-бақшаларынан, тұма-бұлақтарынан айырдық.
58. Асыл қазыналары мен сәулетті тұрақтарынан да (жұрдай еттік.)
59. Осылайша бұларға (қазыналар мен сәулетті тұрақтарға) Исрайыл ұрпақтарын мұрагер еттік.
60. Олар (Перғауынның қолы) оларды күн шыға өкшелей қуып жетті.
61. Екі топ бірін-бірі көрген сәтте Мұсаның серіктері: «Қалайда қолға түсетін болдық» десті.
62. «Жоқ, олай болмайды. Раббым шынында менімен бірге маған жөн сілтейді» -деді Мұса.
63. Біз Мұсаға: «Асаңмен теңізді ұр!», - деп уахи бердік. (Мұса теңіз суын асасымен ұрғанда) теңіз жарылып (он екі сала жол ашылды), қақ айырылған су бөлек-бөлек тау болып тұра қалды.
64. Соңғыларын (Перғауын тобын) да бұл араға ентеледік.
65. Мұсаны және онымен бірге болғандарды түгелдей құтқардық.
66. Одан соң басқаларды (Перғауын тобын) суға батырдық.
67. Мұнда, әрине, ғибрат бар еді, олардың көбі сонда да иман айтушы болмады.
68. Раббың расында өте үстем, ерекше мейірімді.
69. (Ей, Мұхаммед!) Оларға Ибраһимнің қиссасын оқып бер.
70. Өз кезінде ол әкесіне, еліне: «Табынып жүргендерің не?» деді.
71. Олар: «Бұттарға табынамыз және соларға ұйып құлшылық ете береміз» десті.
72. (Ибраһим айтты:) «Дұға қылған кездерінде олар ести ме?
73. Яки сендерге не бір пайда, не бір зиян келтіре ала ма?».
74. Олар: «Олай емес, ата-бабаларымыздың солай істегенін көрген едік» деді.
75. Ибраһим айтты: «Айтыңдаршы! Сендердің табынып жүргендерің не?
76. Сонау арғы ата бабаларыңның да (табынғандары не?).
77. Олар (пұттар) – менің дұшпаным, тек күллі ғаламның Раббы ғана (менің паруардігәрім).
78. Ол мені жаратқан, маған дұрыс жол сілтейді.
79. Ол маған (ризықтарынан) жегізеді, ішкізеді.
80. Ауырыпсырқағанда шипасын береді.
81. Ол менің жанымды алады, содан соң қайта тірілтеді де.

82. Қиямет күні одан күнәларыма кеңшілік етуін тілеймін.
83. О, Раббым! Маған даналық-парасат бағыштап, мені жақсылар қатарына қоса гөр!
84. Кейінгілер арасында жақсы атағымды қалдыра гөр!
85. Мені мол ырысты жаннаттың мұрагері еткейсің!
86. Әкемді жарылқағайсың! Өйткені ол расында адасқандардан еді.
87. Тірілтілетін күні (қияметте) мені сорлатпағайсың!
88. Ол күні мал-мүліктің де, әулеттің де түкке себі жоқ».
89. Тек Аллаға пәк көңіл, шын жүрегімен барған адам ғана (пайда көреді).
90. Жаннат та тақуаларға жақындатылады.
91. Тозақ азғындардың алдына тартылады.
92. Оларға: «Сендердің Алладан безіп табынған нәрселерің қайда?
93. Олар сендерге қол үшін бере ала ма? Не өздеріне медет бере ала ма?» делінеді.
94-95. Олар (бұттар) да, азғындар да, Ібілістің қосындары да барлығы тозаққа топырлап құлатылады.
96. Олар тозақта былай деп керіседі:
97. «Құдай ақы, біз анық адасқан екенбіз.
98. Өз уағында сендерді (пұттарды) барша әлемнің Раббына теңеуші едік.
99. Бізді тек қана күнәкарлар аздырған екен.
100. Енді бізге ешбір шапағатшы да жоқ,
101. Жан күйер дос та жоқ.
102. Егерде (пәни дүниеге) қайтарылар болсақ, біз мұсылман болар едік».
103. Рас, мұнда бір ғибрат бар. Әйтсе де олардың көбі иман келтірмейді.
104. Сенің Раббың расында жеңіс иесі, төтенше мейірімді.
105. Нұхтың қауымы да пайғамбарларды мойындамады.
106. Өз кезінде олардың туысы Нұх оларға былай деді: «Сендер Алланың жазасынан қорықпайсыңдар ма?
107. Мен расында сендерге жіберілген сенімді елшімін.
108. Сендер енді Алладан қорқыңдар, маған бойсұныңдар.
109. Бұған (пайғамбарлығыма) сендерден ақы сұрамаймын. Менің ақым барша әлемнің Раббына тиесілі.
110. Алладан қорқындар, маған бойсұныңдар».
111. Олар айтты: «Ең қор адамдар ілескен екен деп иман келтірейік пе?».
112. (Нұх айтты:) «Мен олардың не істегенін білмеймін».
113. Егер білсеңдер, олардың есебі тек Раббыма тиесілі.

114. Мен мүміндерді әсте қумаймын.
115. Мен тек қана ашық ескертушімін.
116. Олар айтты: «Ей, Нұх! (Бұл үгітіңді) қоймасаң, бәрібір таспен атқыланатындардан боласың».
117. (Нұх айтты:) «О, Раббым! Қауымым мені өтірікке жорыды.
118. Олармен менің арамды айырғайсың! Мені және менімен бірге болған мүміндерді құтқарғайсың!»
119. Сонда, оны және онымен бірге болғандардан (адам және хайуандардан) кемені толтыра құтқардық.
120. Одан соң қалғандарын суға батырдық.
121. Рас мұнда анық ғибрат бар. Олардың көбі сонда да иман келтірмеді.
122. Раббың расында асқан жеңімпаз, ерекше мейірімді.
123. Ғадтар да пайғамбарларды мойындамады.
124. Сол кезде өз туысы Һұд, оларға былай деген еді: «(Алладан) қорықпайсыңдар ма?
125. Расында, мен сендерге жіберілген сенімді елшімін.
126. Алладан қорқыңдар, маған бойсұныңдар.
127. Бұған (пайғамбарлығыма) сендерден ақы сұрамаймын, менің ақым барша әлемнің Раббысынан қайтады.
128. Сендер әр төбеге әшейін бір ермек үшін бір белгі (үй) жасайсыңдар ма?
129. (Дүниеде) мәңгі жасаймыз деген үмітпен мықты сарайлар саласыңдар ма?
130. (Біреуді) жазаласаңдар, жауыздарша (аямай) жазалайсыңдар.
131. Алладан қорқындар, маған бойсұныңдар.
132. Сендерге өздерің білетін (ырысты) нәсіп еткен Алладан қорқыңдар.
133. Малдарды, балаларды;
134. Бақшаларды, бұлақ суларын нәсіп еткен (Алладан қорқындар).
135. Мен шынында сендердің ұлы күннің азабына тап болуларыңнан қорқамын».
136. Олар айтты: «Үгіт айтсаң да, айтпасаң да бізге бәрібір.
137. Бұл (пұтқа табыну) тек қана бұрынғылардан ғана қалған салт.
138. Біз әсте жазаланбаймыз» десті.
139. Олар оны (Һұд пайғамбарды) мойындамады, оларды біз ойрандадық. Мұнда әрине бір ғибрат бар еді, сонда да олардың көбі сенбеді.
140. Сенің Раббың асқан жеңімпаз, ерекше мейірімді.
141. Самудтар да пайғамбарларды мойындамады.

142. Өз кезінде оларға туысы Салих былай деген еді: «(Алладан) қорықпайсыңдар ма?
143. Рас, мен сендерге жіберілген сенімді елшімін. Алладан қорқыңдар, маған бойсұныңдар.
145. Бұған (пайғамбарлығыма) сендерден ақы тілемеймін. Менің ақым (сауабым) барша әлемнің Раббынан қайтады.
146. Сендер осы арада алаңсыз (мәңгі аман) тұра аласыңдар ма?
147. Бау-бақшаларда, бұлақтарда;
148. Егін жайларда, гүл шоқтары үлбіреген құрма ағаштарының арасында (алаңсыз тұра аласыңдар ма)?
149. Тауларды үңгіп шеберлікпен үй жасайсыңдар ма?
150. Алладан қорқыңдар, маған бойсұныңдар.
151. Шектен асқандарға бойсұнбаңдар.
152. Олар жержүзінде жамандыққа жармасып, ескі салттан жазбайды».
153. Олар (Салихқа) айтты: «Сен анық жадыланған жансың.
154. Сен тек қана біз сияқты бір адамсың. Егер шыншыл болсаң, бізге хикметіңді көрсетші!»
155. (Салих айтты:) «Мына Аруана (сол хикметтің өзі). Суат кезегі бір күн оныкі, бір күн сендердікі болсын.
156. Оған қас қылмаңдар (қас қылсаңдар), ұлы күннің тауқыметі ауыр азабына дұшар боласыңдар».
157. Бірақ олар оны өлтірді де, артынан өкініште қалды.
158. Оларға азап келді, расында мұнда ғибрат бар еді, сонда да олардың көбі иман келтірмеді.
159. Сенің Раббың, расында әсте үстем, асқан мейірімді.
160. Лұттың елі де пайғамбарларын мойындамады.
161. Олардың туысы Лұт өз кезінде оларға айтты: «Алладан қорықпайсыңдар ма?
162. Мен сендерге жіберілген сенімді елшімін.
163. Алладан қорқыңдар, маған бойсұныңдар.
164. Бұған (пайғамбарлығыма) сендерден ақы тілемеймін. Менің ақым (сауабым) барша әлемнің Раббынан қайтады.
165. Бұл жаһанда қалайша сендер ғана еркектерге шабасыңдар?
166. Раббыларың өздеріне арнап жаратқан әйелдеріңді тастағандарың қалай? Сендер шектен шыққан қауымсыңдар».
167. Олар айтты: «Ей, Лұт! (мына сөзіңнен) тиылмасаң, сөз жоқ, (елден) қуғындаласың».
168. Лұт айтты: «Мен сендердің қылықтарыңнан қатты жиіркенулімін.

169. О, Раббым! Мені және бала-шағамды бұлардың қылықтарынан құтқара гөр!».
170. Оны және бала-шағасын тұтас құтқардық.
171. Жалғыз кемпірді (Лұттың әйелін) ғана ойрандалатындардың ішінде қалдырдық.
172. Одан соң қалғандырын тып-типыл еттік.
173. Олардың үстіне біз (тас) жауын жаудырдық, ескерту берушілерге жауған жауын неткен жаман!
174. Мұнда расында ғибрат бар еді, сонда да олардың көбі иман келтірмеді.
175. Раббың шынында өте үстем, асқан мейірімді.
176. Әйкеліктер де елшілерді мойындамады.
177. Сол кезде Шұғайып оларға айтты: «(Алладан) қорықпайсыңдар ма?
178. Расында мен сендерге жіберілген сенімді елшімін.
179. Алладан қорқындар, маған бойсұныңдар.
180. Бұған (пайғамбарлығыма) сендерден ақы сұрамаймын, менің ақым (сауабым) барша әлемнің Раббынан қайтады.
181. Өлшеуіштерді толық ұстаңдар, кем өлшегішті болмаңдар.
182. Дұрыс таразымен тартыңдар.
183. Адамдардың нәрсесін (кісі ақысын) кем бермеңдер. Жержүзінде бұзақылық істеп, сұрқиялыққа баспаңдар.
184. Сендерді және ежелгі үмбеттерді жаратқан Алладан қорқыңдар».
185. Олар айтты: «Сен анық сиқырланған екенсің.
186. Сен тек біз сияқты бір адамсың, біз сені затыңда өтірікші болар деп ойлаймыз.
187. Егер шын айтқан болсаң, үстімізге аспанды паршалап түсірші!»
188. Шұғайып: «Раббым сендердің не істегендеріңді әбден біледі» деді.
189. (Сөйтіп) олар Шұғайыпты мойындамады, оларға көлеңкелі күннің азабы тұнды. Бұл расында ұлы күннің (тартқызар) азабы еді.
190. Мұнда расында бір ғибрат бар еді, олардың көбі сонда да иман келтірмеді.
191. Раббың шын мәнінде төтенше үстем, асқан мейірімді.
192. Бұл Құран - күдіксіз барша әлемнің Раббысының аян етіп түсіргені.
193. Оны сенімді Рух әкеліп (Жәбірейіл), сенің жүрегіңе ұялатты.
194. Ескертіушілерден болуың үшін.
195. (Құран) айқын араб тілінде (түсті). Рас, ол (Құран) бұрынғылардың кітабында да айтылғанды.
196. Рас ол (Құран) бұрынғылардың кітабында айтылғанды.

197. Бәни Исрайыл ғұламаларының Құранды білгендігі, олар үшін бір дәлел болмай ма?

198. Егер біз Құранды араб емес біреуге түсірсек,

199. Оны оларға (мүшириктерге) оқып берсе де, олар сенбес еді.

200. Осылайша Құранды күнәкарлардың көкейіне қондырдық (яғни күнәкарлар Құранды оқып түсіне тұра иман келтірмеді).

201. Олар қатты азапты көрмейінше Құранға сенбейді.

202. Ондай азап оларға аңдаусызда тұтқиыл жетеді.

203. (Сонда) олар: «(Иман келтіруіміз үшін) бізге мерзім берілер ме екен?» дейді.

204. Олар біздің азабымыздың тезірек келуін тілей ме?!

205. Көрдің бе, біз оларды көп жылдар (жақсылыққа) кенелтсек,

206. Одан соң, оларға уәделі апат келсе,

207. Олардың кенелген ырыс ештеңеге сеп болмайды (азаптан арашалай алмайды).

208-209. Қандай да бір қаланы біз уағыз-насихат беруші (пайғамбар) жібермейінше ойрандамадық, (жазалауда) әділетсіздік істемедік.

210. Құранды шайтандар әкелген жоқ.

211. Бұл оларға лайықта емес, (бұған) олардың шама шарқы да жетпейді.

212. Анығында олар (ұрлықшы) тыңдаудан шектелген.

213. (Ей, Мұхаммед!) Алламен бірге басқаға құлшылық етпе! (Өйтсең) сен де, азапқа ұшыраушылардан боласың.

214. Жақын ағайын-туғандарыңа ескерт.

215. Өзіңе ілескен мүміндерге қанатыңды төсе (рақым-шапағатты бол).

216. Егер ағайын-туғандарың өзіңе қарсы шықса, онда оларға: «Сендердің қылықтарыңнан аулақпын» де.

217. Өте үстем, асқан мейірімді Раббыңа сүйен.

218. Ол сені (намазда) тұрған сәттерің де көреді.

219. Намаз оқығандар арасындағы (барлық құлшылық) қимылдарынды да (көреді).

220. Алла расында бәрінен де естуші, білуші.

221. Шайтандардың кімді иектейтінін айтып берейін бе?

222. Олар әрбір өсекші күнәкарларды иектейді.

223. Бұл өсекшілер (шайтандардың сөзіне) құлақ салады, олардың көбі - өтірікші.

224. Ақындарға азғындар ілеседі.

225. Олардың сай-салада қаңғырып жүргенін көрмедің бе?

226. Олар істемеген істі істедік деп көпіреді.

227. Бірақ иман келтіріп, ізгі іс істегендер, Алланы көп зікір еткендер және зұлымдық көрсе де артынан (өлеңмен) кек алғандар бір басқа. Ал зұлымдық істегендер қандай орынға қайтарылатындығын әлі-ақ білетін болады.

27. НӘМІЛ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 93 аят.

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Та, Син. Бұлар Құранның яғни айқындаушы кітаптың аяттары.
2. Мүминдер үшін жол сілтеуші және қуаныш.
3. Олар намазды өтейді, зекет береді, ақыретке шын сенеді.
4. Ақыретке сенбейтіндерге өз қылықтарын ұнамды көрсеттік, сонымен олар мәңгіріп жүре береді.
5. Міне, сондайлар азаптың ең жаманына дұшар болады. Олар – ақыретте ең үлкен зиян тартатындар.
6. (Ей, Мұхаммед!) Расында, саған бұл Құран хикмет иесі, бәрін білуші (Алла тағала) тарапынан түсірілді.
7. Сол кезде Мұса үй ішіне: «Расымен бір от көрдім, (от шыққан жерге барып) бір хабар әкелейін немесе жылынуларың үшін бір шоқ әкелейін» деді.
8. Ол от шыққан жерге таяу келгенде бір дыбыс естілді: «Оттың қасында және оның атырабында болғандарға құт-береке дарытылды. Барша әлемнің Раббы Алла пәк.
9. Ей, Мұса! Бәрінен үстем, хикмет иесі Алла – менмін!
10. Асатаяғынды лақтыр!» (Лақтырған) асатаяғының жыланша ирелеңдеп қимылдағанын көрген сәтте (Мұса) қорқып тұра қашты, артынша қайырылып қарай алмады. (Сол сәтте Алланың үні естілді:) «Мұса, қорықпа! Менің алдымда пайғамбарлар әрине қорықпайды.
11. Алайда, кімде-кім зұлымдық істеп, одан кейін жамандығын жақсылық іске өзгертсе, онда мен расында (олар үшін) жарылқаушымын, мейірімдімін.
12. Қолыңды қойыңа тық, ол дақсыз аппақ болып шығады. (Бұл да) Перғауынға және оның қауымына көрсетуін үшін берілген тоғыз мұғжизаның біреуі. Олар расында бұзық ел».

13. Өздеріңе ашық ғаламаттарымызды көрсеткенде: «Мынау көпе-көрнеу сиқыр ғой!» десті олар.
14. Олар сол мұғжизаларға іштей сене тұра, оны залымдық, астамдықпен мойындамады. Бұзақылардың ақыр аяғы қандай болғанын көр.
15. Біз расында Дәуіт пен Сүлейменге ғылым бағыштадық. Олар: «Барлық мадақ, мақтау пенделерінің көбінен бізді артық жаратқан Аллаға лайық» деді.
16. Сүлеймен (пайғамбарлық, дін патшалық жағынан) әкесі Дәуітке мұрагер болды да: «Ей, адамдар, бізге құстардың тілі үйретілді, (дүниедегі басқа да) әртүрлі нәрселер нәсіп етілді. Бұл әрине (Алланың) ашық ихсаны» деді.
17. Сүлейменнің жындардан, адамдардан, құстардан құралған қосындары жиналды. Олар толық тәртіпте істелген еді.
18. Олар (Шам қаласы маңында) құмырсқалы ойпатқа келгенде, бір құмырсқа: «Ей, құмырсқалар, илеулеріңе кіріңдер, Сүлеймен мен оның қалың қолы сендерді байқаусызда таптап кетпесін» деді.
19. Сүлеймен оның сөзіне жымиып күлді де: «О, Раббым, өзің маған және әке-шешеме берген дәулет-нығыметіңе шүкір етуімді әрі өзің дән риза болатындай ізгі істер істеуімді нәсіп еткейсің! Өз мархабатыңмен мені игі пенделеріңнің қатарына қосқайсың!» деді.
20. Ол құстарды түгендеп шықты да. “Һүһүд құсын көре алмадым ғой әлде ол жоғалды ма екен?” деді
21. Оны сөзсіз қатты жазалаймын, не бауыздап тастаймын. Әйтпесе маған (өзінің келе алмау себебіне) ашық сипат келтірсің!» деді.
22. Құс көп кешікпей келді де, былай деді: «Мен сен білмеген нәрсені білдім, саған Сабадан анық хабар әкеліп тұрмын.
23. Расында оларға (Саба еліне) бір әйелдің патша болып тұрғанын көрдім. Ол (қажетіне, сән-салтанатына лайық) барлық нәрседен игіліктенеді екен, оның үлкен тағы бар екен.
24. Оның және елінің Алладан шеттеп, күнге табынғанын көрдім. Шайтан оларға өз қылықтарын сүйкімді көрсетіп, оларды дұрыс жолдан тосқан екен, сондықтан дұрыс жол табатындай емес.
25. Олар көктегі және жердегі құпия сырларды көрнеуге шығаратын, сендердің көрнеу, көмес істеріңді түгел білетін Аллаға неге сәжде қылмайды екен?
26. Ұлы ғарыштың иесі Алла өзіңнен басқа ешбір құдай жоқ».
27. Сүлеймен айтты: «Сен шын айтып тұрмысың әлде өтірікшімісің? Қане көреміз!
28. Мына хатымды алып барып оларға таста, одан соң шеттеңкіреп (бой тасалай) тұрып байқа, олар нендей жауап қайтарар екен».

29. Бабісек хатты апарған соң, Сабаның әйел патшасы Бәлқыс айтты: «Уа, төрелер! Маған бір қымбат хат келді.
30. Бұл Сүлейменнен келіпті. (Мазмұны:) Аса рақымды, ерекше мейірімді Алланың атымен.
31. Сендер маған асқақтық істемей, бойсұна тәсілім болып келіңдер делінген».
32. «Ей, төрелер! Осы іс хақында маған ақыл қосыңдар. Сендер келмейінше ешқандай іске шешім жасамаймын».
33. Олар: «Біз қаруланған қуатты жауынгерміз. Қане, нендей әмір бересің? Әміріңе әзірміз!» десті.
34. (Әйел патша айтты:) «Расында қай патша болсын, бір қаланы алса, оны ойрандайды, ол елдің ардақты кісілерін қор қылады. Олар да осыны істейді.
35. Оларды тарту-таралғы жіберіп, елшілерден нендей жауап хабар айтатынын күтеміз.
36. Елшілер Сүлейменге келгенде, (Сүлеймен) айтты: «Сендер маған малмен көмек етпексіңдер ме? Алланың маған арнағандары, сендердің бергендерінен абзал. Сыйлықтарыңмен өздерің-ақ мәз бола тұрыңдар.
37. Сен еліңе қайт. Біз олар төтеп бере алмастай қолмен барамыз де, оларды сөзсіз мекендерінен қор қылып, сорын қайнатып қуып шығамыз».
38. (Елші кеткен соң Сүлеймен айтты:) «Уа, сарбаздар! Олар маған тәсілім болып келместен бұрын, қайсың оның (Балқистың) тағын мұнда әкелесіңдер?»
39. «Оны орныңыздан түрғанша-ақ әкелемін, бұған шамам кәміл жетеді әрі сенімдімін» деді жындардан Ғифрит деген біреуі.
40. Кітаптан мол білім алған біреу (Асхаб бин Бархиа): «Оны саған қас қаққаныңша әкелемін» деді. Тағын өз қасында тұрғанын көрген сәтте (Сүлеймен): «Бұл – Раббымның (маған дарытқан) шарапаты, мені шүкірлік қыла ма әлде күпірлік қыла ма деп сынағаны. Кім шүкірлік қылса, әрине, өз пайдасы үшін. Кім шүкірлік қылмайды (ол біліп қойсын), Раббым нағызында (оның шүкіріне) беймұқтаж әрі жомарт».
41. (Сүлеймен): «Тағын өзгертіп әкеліңдер, (Бәлқыс) тани алар ма екен, әлде танымас па екен көрейік» деді.
42. Бәлқыс келгенде (оған): «Тағың осындай ма еді?» делінді, ол «құдды осы сияқты» деді. (Сүлеймен ғалайһиссәлам Алланы білдіру турасынан айтты:) Одан бұрын бізге білім берілді, біз мұсылман болдық.
43. Алладан басқа табынған нәрселерді оған (Аллаға ғибадат қылуына) бөгет болады, өйткені ол кәпір қауымынан еді».
44. Оған: «Сарайға кір!» делінді. Ол сарайды көргенде су екен деп ойлап, (балағын түріп) балтырын ашты. Сүлеймен: «Бұл әйнектен жарқырата

жасалған сарай» деді. (Бәлқыс) айтты: «Раббым, мен шынында өзіме кесір қылған екенмін. (Енді) Сүлейменмен бірге барша әлемнің Раббына бойсұндым».

45. Біз Самуд еліне «Аллаға құлшылық қылыңдар» деп (айтсын деп): туысы Салихты (нәби етіп) жібердік. Сонда олар екі партия болып тартыста қалады.

46. (Салих:) «Ей, елім! Сендер не үшін жақсылықтан бұрын жамандықтың келуін тілейсіңдер? Егер Алланың жарылқауын тілесеңдер, әрине, мархабатқа бөленесіңдер» деді.

47. Олар: «біздің сорлауымыз (қуаңшылық, тақатшылыққа ұшырауымыз) сенен және саған ілесушілерден болды» деді. (Салих): «Тағдыр тақсыреттерің Алладан. Бәлкім, сендер сыналатын елсіңдер (Алла сынайды)» деді.

48. Қаланың жержүзінде пәле өргізетін, ескі салттан жазбайтын тоғыз адамы бар еді.

49. Олар Алланың атымен ант-су ішіп: «Салихты және оның бала-шағасын біз түнде өлтірейік те, содан соң оның есіне: оның бала-шағасы өлтірілгенде, біз онда жоқ едік, біз анық шын айтамыз дейік» десті.

50. Сүйтіп олар қулық істеді. Біз де оларға сездірместен шара қолдандық.

51. Олардың қулығының ақыр аяғы не болғанын көрші: Оларды бүкіл қауымымен ойрандап жібердік.

52. Олар зұлым болғандықтан да, үйлері солайша қараң қалды. Білетін қауымға мұнда бір ғибрат бар.

53. Иман келтіріп, (күнәдан) абай болғандарды құтқардық.

54. Лұтты да (өз қауымына) жібердік, сонда ол қауымына: «Сендер көре тұра арсыздық істейсіңдер ме?

55. Сендер әйел затына қарамай, жыныстық нәпсілеріңді еркектермен қандырмақшысыңдар ма? Сендер нағыз надан елсіңдер» деді.

56. Ол елдің айтар жауабы: «Лұттың отбасын қаладан қуып шығарыңдар. Өйткені олар кірпиязсынған кісілер ғой» деу ғана болды.

57. Біз Лұтты және оның бала-шағасын құтқардық, тек оның әйелін ғана ойран болатындармен бірге қалдыруды ұйғардық.

58. Олардың үстіне (тас) жаңбыр жаудырдық. Ескерту берілгендерге жауған жауын неткен жаман!

59. «Күллі мадақ Аллаға, амандық оның таңдаған құлына (пайғамбарына) мансұп. Алла жақсы ма әлде олардың (Аллаға) қосқан серіктері жақсы ма?» деп айт.

60. Жер мен көкті жаратқан, сендерге көктен жаңбыр жаудырып, онымен сендер бір ағашын да өсіре алмайтын әсем бақшаларды өсіріп берген

кім? Алладан басқа (жаратушы) құдай бар ма? Жоқ, олар – (хақ жолдан) тайған қауым.

61. Жерді (инсандар мен жануарларға) мекен қылған, оның әр жерінен өзендер ағызып, оның үстінен таулар орналастырған, сондай-ақ екі теңіздің арасына бөгет қойған кім? Алладан басқа (жаратушы) құдай бар ма? Жоқ, олардың көбі білмейді.

62. Басына күн туғандар дұға қылғанда оны қабыл етіп, олардың таршылық тақсіретін айықтыратын және сендерді жержүзіне мұрагер қылатын кім? Алладан басқа құдай бар ма? Өте аз түсінесіңдер.

63. Құрлықтың және теңіздің қараңғылықтарында сендерге жол көрсететін, рахметін (жаңбырын) жаудырар алдында шаттық самалын естіретін кім? Алладан басқа құдай бар ма? Алла олардың қосқан серіктерінен үстем.

64. Жаратылысты әуел баста жаратқан, кейін оны қайта тірілтетін кім? Сендерді көк пен жерден ризықтандыратын кім? Алладан басқа құдай бар ма? (Ей, Мұхаммед!) «Шыншыл болсаңдар, дәлелдеріңді келтіріңдер» де.

65. «Бір Алладан басқа ешкім де көк пен жердегі ғайыпты білмейді, қашан тірілетіндіктерін де білмейді» де.

66. Олардың ақырет жөніндегі білім-мағлұматы жеткілікті ме? Жоқ олар оған шүбәлі. Тіпті ол жөнінде мүлде қараңғы.

67. Кәпірлер айтты: «Біздер де, ата-бабаларымыз да топырақ болғаннан кейін (тіріліп көрден) шығарыламыз ба?

68. Шынында осы қоқай бұдан бұрын бізге де, ата-бабаларымызға да көрсетілген еді. Бұл бұрынғылардың аңыз әңгімесінен басқа ешнәрсе емес».

69. (Ей, Мұхаммед! Оларға:) «Жержүзін кезіңдер де, күнәкарлардың соңының қандай болғанын көріңдер» деп айт.

70. Сен оларға қайғырма да, олардың айла-шарғысына бола тарылма!

71. Олар: «Айтқандарың рас болса, бұл уәделерің (азап) қашан (орындалады)?» дейді.

72. «Сендер асыға күткен азаптың кейбірі сендерге төніп те тұрған шығар» де.

73. Раббың расында адамдарға аса мархаматты, бірақ адамзаттың көбі шүкір қылмайды.

74. Раббың олардың көңіліне бүккенін де, жария қылғанын да даусыз біледі.

75. Жер мен көкте сыр атаулыдан ашық кітапқа (Лауҳұлмахфұзға) жазылмағаны жоқ.

76. Бұл Құран шынында Исрайыл ұрпақтарына өздерінің айтысқан нәрселерінің көбін баяндап береді.

77. Бұл Құран - мүминдер үшін анық тура жол және рахмет.

78. Раббың олардың (Исрайыл ұрпақтарының) араларына (қиямет күні) әділ үкім шығарады. Ол - өте үстем, аса білгір.

79. (Ей, Мұхаммед!) Аллаға тәуекел қыл. Сен шүбәсіз айқын ақиқатта тұрсың.

80. Шынында сен (уағыздарыңды) өліктерге (көңілі өлік куффарға) естірте алмайсың, сырт берген саңырауларға да естірте алмайсың.

81. Және сен көзсіздерді де адасқан жағынан бұрып, түзу жолға сала алмайсың, тек біздің аяттарымызға сеніп, мұсылман болғандарға ғана (уағызыңды) естірте аласың.

82. Оларға алдын ала айтылған сөз (қиямет) бастарына келген шақта, оларға жерден бір түрлі мақлұқ шығарамыз, ол оларға адамдардың біздің аяттарымызға мүлде сенбегендігін айтады.

83. Ол күні әр үмметтің ішінен біздің аяттарымызды өтірікке ұйғарғандардан бір топ адамды жиямыз, (алды-арты жиналғанша) олар қатарынан тоқтатылып тұрады.

84. Олар (Алланың алдына) түгел келгенге дейін оларға: «Сендер көздерін толық жетпей тұрып аяттарымды өтірікке ұйғарып едіңдер ғой? (Бұйырылған істен) зайыры не істедіңдер?» делінеді.

85. Өз зұлымдықтары салдарынан алдын ала айтылған сөз (азап) олардың бастарына келді, сондықтан олар жұмған аузын аша алмайды.

86. Олар тыныҚсын деп түнді жаратқанымызды, (тіршілік үшін) күндізді жарық қылып қойғанымызды көрмей ме? Сенетін қауым үшін мұнда талай нышандар бар.

87. Сұр үрленетін сол күні, Алланың қалауларынан (періштелер, пайғамбарлар, шаһиттерден) басқа, жер мен көктегінің бәрін үрей басады, бәрі де Аллаға тізе бүгіп келеді.

88. Тауларға қарап, оларды мызғымай тұр деп ойлайсың, бірақ олар бұлт тақілетті көшіп жүреді. Міне, бұл барлық затты берік жаратқан Алланың шеберлігі. Ол Алла анығында істеген істеріңді толық біліп тұрады.

89. Жақсы іс істегендерге жақсы сыбаға бар әрі олар қиямет күнінің қорқынышынан аман болады.

90. Жамандыққа жаны үйір болғандар тұзаққа етпеттетіп тасталады да: «Сендер тек қылған қылмыстарыңа қарай жазаланасыңдар» (делінеді).

91. (Ей, Мұхаммед:) «Мен тек құрметті орын етілген, осы қаланың (Меккенің) Раббына ғана құлшылық етуге бұйырылдым. Барлық нәрсе - Алланың мүлкі. Мен әрі мұсылман болуға бұйырылдым.

92. Сондай-ақ Құран оқуға бұйырылдым» де. Кім дұрыс жолдан таймаса, оның игілігі өзіне. Кім адасса (оның обалы өзіне), «Мен тек ескертуші ғанамын» де.

93. «Барлық мадақ Аллаға тән, Алла сендерге (ғаламат) нышандарын көрсетеді, (сонда) оны танисыңдар. Раббыларың істеген істеріңнен хабарсыз емес» де.

28. ҚАСАС СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 88 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Та, Син, Мим.

2. Бұл – сара кітаптың (Құранның) аяттары.

3. Иман келтірген қауымдар үшін, саған Мұса мен Перғауынның қиссасын шындық негізінде оқып береміз.

4. Расында Перғауын ол жерде (Мысыр жерінде) әлінен асты. Халқын топтарға бөліп, олардан бір тайпаны (Исрайыл ұрпақтарын) кемсітетін, олардың ұлдарын өлтіріп, әйел затын ғана тірі қалдыратын. Өйткені ол анық бас бұзардың өзі еді.

5. Біз ол жердегі тепкі көргендерге мархабатымызды айлап, оларды жолбасшы сайлап, (перғауын елінің дәулет мүлкіне) мұрагер қылуды жөн көрдік.

6. Оларға жержүзінде (Мысырда және Шамда) күш-қуат таптырып, Перғауынға уәзірі) Һаманға және бұл екеуінің әскерлерінен қорланғандардан тұратынын (қорланғандардың үстемдік алуын) көрсетіп қоюды жөн көрдік.

7. Мұсаның шешесіне: «Оны еміз, егер қастыққа жолығар деп қорықсаң, оны (сандыққа салып) дарияға ағызып жібер, (өледі деп) қорықпа да, қамықпа. Оны сөзсіз саған қайта оралтамыз және оны пайғамбар сайлаймыз» деп аян бердік.

8. Перғауынның отбасындағылар өздеріне қас дұшпан және қайғы-қасірет болатын Мұсаны (Ніл дариясынан) тауып алды. Перғауын, Һаман және олардың қосындары расында жаңылды.

9. Перғауынның әйелі (Әсия балаға мейірімі түсіп): «(Бұл бала) маған да, саған да көз қарашығымыздай болсын, мұны өлтірмеңдер, бәлкім бізге пайдасы тиер, не бала қылып алармыз» деді. Олар (бұған көнді, бірақ Перғауынның қатері осыдан боларын) білмеуші еді.

10. Мұсаның шешесі есі шығып,көңілі бөлініп таң атырды. (баланың қайта

оралуына) сенсін деп оның көңілін орнықтырмаған болсақ, ол сырын паш қылып алар да еді.

11. Анасы Мұсаның әпкесіне: «Оның соңына түс!» деді. Әпкесі маңайдан байқап бақылады, (перғауын) мұны сезбеді.

12. (Өз шешесі келуден) ілгері оған басқа омырауды емуді арам еттік (бала бөтен омырауды сормады, сонда) оның әпкесі: «Мен сендерге баланы бағып беретін мейірлі бір отбасы көрсетіп қояйын ба?» деді.

13. Сөйтіп анасы көзайым болуы, уайым шекпеуі үшін және Алланың уәдесінің хақ екенін білуі үшін, баланы өз құшағына оралттық (содан кейін шешесі Мұсаны өз үйіне әкеліп емізіп тұратын болды). Бірақ олардың (адамдардың) көбі (мұны) білмейді.

14. Мұса ержетіп ақылы толған шақта, оған хикмет, ғылым бағыштадық.

15. Мұса қала халқының бейжай әлетінде (түсте) қалаға кірді. Онда төбелесіп жатқан екі адамды көрді. Оның біреуі өз руынан, енді біреуі жау жағынан еді. Өзімен рулас болғаны дұшпанына қарсы Мұсадан болыстық тіледі. Мұса оны жұдырықпен бір қойып серейтті. Мұса: «мынау шайтанның ісі болды. Шайтан анық әзәзіл дұшпан.

16. «О, Раббым! Өзіме кесір келтірдім, мені кешіре гөр! деді. Алла оны кешірді, Өйткені ол шынында аса кешірімді, ерекше мейірімді.

17. (Мұса:) «Раббым, маған арнаған нығыметің үшін, мені күнәкарлардың сойылшысына айналып қалудан қаққайсың!» деді.

18. Ертесі таңертең қауіптене жалтақтап, қалада келе жатты. Аяқ астынан кешегі өзінен болыстық тілеген адам (және бір адаммен төбелесіп жатқан жерінен) тағы да көмекке шақыра жалынды. Мұса оған: «Өзің бір анық оңбаған екенсің» деді.

19. Мұса екеуінің де (өзімен әлгі жәрдем тілегеннің) дұшпаны болған адамға қол жұмсауға оңтайлана бергенде, ол (көмекке шақырған адам өзімді ұрғалы тұр деп ойлап) Мұсаға: «Ей, Мұса, кешегі өлтірген адамындай, енді мені де өлтірмекпісің, жарастырушы емес, жер бетінің озбыры болғың келе ме?» деді.

20. Қала шетінен бір адам асыға жүгіріп келіп: «Ей, Мұса! Жояндар сені өлтірмекке сөз байлап жатыр, (қаладан) дереу тайып тұр. Саған шын ақыл айтып тұрмын» деді.

21. Мұса зәресі ұша жан-жағына жалтақтаумен қаладан шықты да: «Раббым, мені залым елден құтқара гөр!» деді.

22. Ол Мадиан жаққа бет алып бара жатып: «Раббым өзі оңдағай!» деді.

23. Ол Мадиан бұлағына келгенде, малдарын суатқа айдап жүрген бір топ болды. Олардан өзге суаттан (қойларын) қайырмақтап тұрған екі бойжеткенді көрді де: «Бұларың не (қойларыңды неге суатқа

түсірмейсіңдер)?» деді. Олар: «Өзгелер малын суатқа түсіріп болсын деп күтіп тұрмыз. Әкеміз үлкен қарт кісі» деді.

24. Мұса олардың қойын суатқа түсіріп, одан соң бір саялы жерге бұрылды да: «О, Раббым, маған нендей қайыр атасаң да, оған анық мұқтажбын» деді.

25. Мұнда екі қыздың бірі: «Әкем сізді шақырады, - деді, (Мұсаның алдына) ұялшақтай келіп, оған (басынан кешкен) уақиғаларды әңгімелеп берді. Шұғайып: «Қорықпа, залым қауымнан құтылдың» деді оған.

26. Екі қыздың біреуі: «әке, мұны жалшылыққа алыңыз. Сізге табылмайтын қарулы да, сенімді қолқанат болатын түрі бар» деді.

27. (Шұғайып:) «Маған сегіз жыл жалға жүресің, қызымның бірін саған қосармын деген ойым бар. Егер он жылға толтырсаң және мейлің. (Бірақ, он жыл деп) сені машақатқа салғым келмейді. Алла қаласа, менің игі жан екенімді білетін боласың» деді.

28. (Мұса) «Екеуара келісіміміз осы болсын. Осы екі мерзімнің (он жыл мен сегіз жылдың) қайсысын толтырсам да, маған одан артық талап қойылмаса екен. Сөзімізге Алла куә» деді.

29. Мұса (тоқтасқан) мерзімді бітіріп, зайыбын ала (Мысырға қарай) жол тартып келе жатқанда Тур тауы жақтан бір от көрді де, әйеліне: «Сендер тұра тұрыңдар, мен рас от жарығын көрдім. Сендерге бір хабар немесе от жағып жылынатын бір шоқ әкелермін» деді.

30. Ол от шыққан жерге таман келгенде, аңғардың оң жақ қабағындағы ағашы бар киелі орынынан: «Ей, Мұса, мен күллі әлемнің Рыббы - Алламын» деген дауыс естілді.

31. «Асаңды лақтыр!» Мұса (жерге лақтырған) асасының жыланша ирелеңдеп қимылдағанын көріп, артына қарай тұра қашты. Қайырылып қарай алмады да (сол сәтте тағы да Алланың үні естілді): «Ей Мұса, бері бұрыл, қорықпа! Анығында сен, (қауіптен) амансың».

32. «Қолыңды қойыңа тық, ақаусыз (жарқырап) аппақ болып шығады. Қорықпай-ақ (сүлкиіп тұрмай), қолыңды жиып (қолтығыңа тығып) ал. Бұл Перғауынға және оның қарашаларына (көрсетуің үшін) Раббыңнан саған берілген екі дәлел. Өйткені олар нағыз бейбастақ қауым».

33. (Мұса айтты:) «Раббым, рас мен олардың бір адамын өлтіріп қойдым. (Сондықтан) Олар маған қастық істер деп қауіптенемін.

34. Туысым Һарун менен гөрі тілді-жақты еді, оны (пайғамбарлығымды) растайтын көмекшілікке ұйғарып, менімен бірге жібергейсің. Шынында, олардың мойындамауынан қорқамын».

35. (Алла:) Туысың арқылы қолыңды күшейтіп, екеуіңе күш-құдірет береміз, сондықтан олар сендермен шендесе алмайды. Екеуің де және

сендерге ергендер де аяттарымыздың арқасында жеңіп шығасыңдар» деді.

36. Мұса, оларға айқын аяттарымызбен келгенде, олар: «Бұл бір көз байлайтын сиқырлық. Бұрынғы ата-бабаларымыздың заманында да, мұндайды естімеген едік» десті.

37. «Өз қасынан кімнің дұрыстық-һидаят әкелгенін және соңғы жақсылық (жаннат) кімге тән болатынын Раббым жақсы біледі. Залымдар қайтсе де жақсылық таппайды» деді Мұса.

38. “Уа, жояндар! - деді Перғауын, - мен сендер үшін өзімнен басқа құдай барлығын білмеймін. Ей, Һаман, кірпіш күйдіріп, маған арнайы бір мұнара жасат! Бәлкім (соның төбесіне шығып) Мұсаның құдайын көрермін. Расында оны өтірікші деп ойлаймын».

39. Перғауын және оның қосындары ол жерде әспенсіп әлінен асты. Олар өздерінің даргаһымызға қайтарылатындықтарын назарына да алмады.

40. Бірде оны және оның қосындарын шаужайладық та, теңізге тастадық (ғарық қылдық). Залымдардың ақырғы көресісі не болғанын қарашы!

41. Бір оларға өзгені тозаққа шақыратын пәлебасы сайладық. Қиямет күні олар медетке ие бола алмайды.

42. Оларға бұл дүниеде қарғыс арқалаттық, ол қиямет күні, олар (Алланың мархаматынан аулақтап) сұрықсыз күйге түседі.

43. Шындығында, бұл бұрынғы өткен бірталай қауымды (Нұх, Ғад, Самуд, Лұт қауымдарын) жоқ қылғаннан кейін, насихат алар деп адамдарға көрнеу дәлел, дұрыстық және рақым болған кітапты Мұсаға бағыштадық.

44. (Ей Мұхаммед!) Біз Мұсаға әмірімізді түсірген кезде, сен (киелі аңғардың) батыс жағында емес едің және (осыны) өз көзіңмен көрген де жоқсың.

45. Алайда біз (Мұсадан кейін) көптеген әулеттерді жараттық, олар ұзақ өмірді бастарынан кешірді, сен Мадиан елінің ішінде тұрып, оларға аяттарымызды оқыған да емессің. Әйтсе де (ол хабарларды саған) біз жібердік.

46. Біз Мұсаға дыбыстаған кезімізде, сен Тұр тауында емес едің. Бірақ бұл сенен ілгері ескертуші келмеген қауымға ескертуің үшін, олардың уағыз-насихат алуы үшін Раббың жағынан жіберілген рақым.

47. Егер олардың істеген қылмыстары салдарынан өздеріңе бір азап-бейнет түссе, олар: «Раббымыз, бізге бір елші жіберген болсаң, онда аяттарыңа бойсұнып, мүміндерден болар едік» демесін деп (сені оларға жібердік).

48. Өз жанымыздан оларға ақиқат келгенде, олар: « Мұсаға берілгендей (Мұхаммедке де) берілсе ғой, әттең!» дейді. Олар бұрын Мұсаға берілгенді мойындамаған емес пе еді? Олар «(Таурат пен Құран) бірін-

бірі қуаттайтын екі сиқыр» деді. «Біз бұл екеуінің қай-қайсысына да сенбейміз» деді.

49. (Ей, Мұхаммед!) «Хақ сөйлер болсандар, Алла тарапынан ол екеуіне де дұрысырақ бір кітап әкеліндерші! Мен соған ілесейін» деп айт.

50. Оған бұлар жауап бере алмаса, онда оларды өз нәпсісінің құлы дей бер. Алла аян еткен дұрыс жолдан шеттеп өз нәпсісінің құлы болған адамнан өтер азғын бар ма? Алла залым қауымды расында дұрыс жолға салмайды.

51. Шындығында, олар түсінсін деп, сөзімізді (Құранды) үзбей жалғастырдық.

52. (Құраннан) бұрын бір кітап бергендеріміз (Насаралар мен Яһудилер ішіндегі мүміндер) Құранға сенеді.

53. Оларға Құран оқылған кезде, олар: «Бұған сендік, ол – Раббымыз тарапынан аян болған хақ сөз. Біз бұрыннан-ақ мұсылман едік» дейді.

54. Сабырлы болғандығы (екі кітапқа да иман келтіргендіктері), жамандықты жақсылықпен жойғандығы және өздеріне берген ризықтарымызды жақсылық үшін жұмсағандығы себепті, оларға қос қабат сауап беріледі.

55. Олар пайдасыз сөздерді естігенде, одан аулақ болады да: «Біздің ісіміз бізге, сендердің істерің өздеріне тән. Сендерге есендік болсын! Біз санасыздардан (қайыр) күтпейміз» дейді.

56. (Ей, Мұхаммед!) Сен жақтырған адамыңды дұрыс жолға сала алмайсың. Бірақ, Алла қалаған адамын дұрыс жолға салады. Дұрыс жол табатындарды Алла жақсы біледі.

57. Олар: «Егер сенімен бірге дұрыс жолға түсер болсақ, жеріміздан қуыламыз» дейді. Біз оларды өз қасымыздан түрлі жемістер келтіретін, қастерлі де бейбіт бір жерге (Меккеге) ірге тептірмедік пе? Бірақ олардың көбі білмейді.

58. (Халқы) дәулетті тірлігіне мастанған талай қаланы ойрандадық. Міне, бұл жұрттарға олардан кейін аздап болмаса, ешкім қоныстанған жоқ, ақыры біз мұрагерлік еттік.

59. Раббың қалалардың орталығына оларға аяттарымызды оқып беретін елші жібермейінше, оларды ойрандаған жоқ. Халқы залым болмаса, ешбір қаланы ойрандамаймыз.

60. Сендерге берілген нәрселердің қандайы болсын, дүние тіршілігінің бұйымы, зейнеті ғана. Алланың қасындағы сауап қайырлы әрі мәңгілік. Түсінбейсіндер ме?

61. Бізден өзіне жақсы уәде берілген әрі оған (жаннатты) қол жеткізетін адам мен дүние тіршілігінің пайдасына біз кенелткен, одан соң қиямет күні жазаға тартылатын адам ұқсас па?

62. Сол күні (Алла) оларға: «Сендердің маған серік деп ұйғарғандарың қайда?» деп дауыстайды.

63. Өздеріне сөз (азап сөзі) келгендер: «Раббымыз, мыналарды біз адастырған едік, өзіміз қандай адассақ, оларды да сондай адастырдық. Біз олардан безіп өзіңе таман жақындадық, негізінен олар бізге табынған емес» дейді.

64. Оларға: «(Аллаға) қосқан серіктеріңді шақырыңдар!» делінеді. Олар шақырады, бірақ онысы жауап қатпайды. Олар азапты көреді. (Әттең) дұрыс жолға түскен болсақшы!

65. Сол күні (Алла): Пайғамбарларға не деп жауап бердіңдер деп дауыстайды.

66. Сол күні оларға хабар естілмейді, бір-бірінен де сұраспайды.

67. Ал кім тәубе қылып, иман келтіріп, ізгі іс істеген болса, соның мұратына жетуінен үміт бар.

68. Раббың қалағанын жаратады, (қалағанын) таңдайды. Таңдау олардың еркінде емес. Алла пәк әрі олардың теңеген серіктерінен жоғары.

69. Раббың олардың көңілге бүккенін де, көрнеу істегенін де біліп тұрады.

70. Ол сондай Алла, одан өзге ешбір құдай жоқ. Дүниеде, ақыретте барлық мадақ-мақтау оған тән. Үкім де тек Алладан. Оның алдына қайтарыласыңдар.

71. (Ей, Мұхаммед!) «Айтыңдаршы, егер Алла қараңғы түнді сендерге қиямет күніне дейін ұзатар болса, Алладан өзге қайсы құдай сендерге жарық түсіре алады? Естімейсіңдер ме?» де.

72. «Айтыңдаршы, егер Алла сендерге күндізді қиямет күнге дейін ұзартар болса, онда Алладан бөлек қайсы құдай сендердің тынығуларың үшін түнді әкеле алады? Әлі де көрмейсіңдер ме?» де.

73. (Алла) өз рахметімен сендерді түнде тыныққсын, күндіз (тіршілік етіп) Алланың кеңшілігін (ризығын) іздесін және шүкірлік қылсын деп күндізді һәм түнді жаратты.

74. Сол күні (Алла) оларға: “Маған серік санағандарың енді қайда?” деп дабыстайды.

75. Әр үмметтен бір куәгер (пайғамбар) шығарып, оларға: «Дәлелдерінді әкеліңдер» дейміз. Сонда олар ақиқаттың Аллада екендігін біледі. Олардың жасанды нәрселері өздерінен ғайып болады.

76. Қарун Мұсаның елінен болатын. Бірақ оларға озбырлық істеді. Оған кілттерін бірнеше балуан әрең көтеретін қазына-байлық берген едік. Сол кезде оған ел айтты: «Тым есірме, есіргендерді Алланың қыртысы сүймейді.

77. Алланың саған дарытқан бақ-дәулетімен ақыреттік тұрақ тіле. Дүниедегі несібеңді де ұмытып қалма. Алланың саған жақсылық

бұйырғанындай сен де (басқаларға) жақсылық істе. Жержүзіне бүліншілік тілеме. Алла анығында бұзақыларды сүймейді» деді.

78. Қарун: «Бұл (бақ-дәулет) маған өзімдегі білімнің арқасында ғана бітті» деді. Алланың Қаруннан бұрын өткен қауымдардан одан да күшті, жиған-тергені одан да көп адамдарды типыл қылғанын да білмей ме? Күнәкарларды күнәсін тергеп отырудың қажеті жоқ. (Алла оны әбден біледі, бәрі жазулы).

79. Қарун қауым алдына сән-салтанат көрсетіп шықты. Дүние тіршілігін ғана сүйетіндер: «Ширкін-ай, Қарунға біткен байлық бізге де бітсеші! Ол анық шалқыған ырыс-несібе иесі екен-ау!» десті.

80. Өздеріне білім дарыта алғандар: «Мәссаған! Иман келтіріп, жақсы іс істегендерге (Қарунның дәулетінен гөрі) Алланың сыйы артық. Оған тек сабырлылардың ғана қолы жетеді» деді.

81. Ақыры оны үй-жайымен бірге жерге кіргіздік. Аллаға қарсы оған жәрдем берер ешбір топ болмады. Ол өзін де қорғай алмайды.

82. Кешегі күні оның орнында болуды көксегендер: «Әттең-ай, Алла пенделерінен өзі қалаған адамның несібесін молықтырып та, тапшы қылып та қояды екен. Егер Алла бізге рақым қылмаған болса, әрине, бізді де жер жастандырады екен-ау! Демек көрдің бе кәпірлерге (тозақтан) құтылу жоқ» десті.

83. Әне ақырет тұрағы, оны жер жүзінде тәкаппарлықты, бұзақылықты көздемейтіндерге нәсіп еттік. Соңғы жақсылық тақуаларға ғана тән.

84. Кім жақсы іс істесе, оған одан да артық жақсылық бар. Кім жамандық қылса, сол жамандықты істегендер тек жаман ісіне ғана лайық сазайын тартады.

85. (Ей, Мұхаммед!) Саған Құранды (түсірген және тәблиғ етуді) парыз қылған Алла сөзсіз сені қайтар жеріне (Меккеге) қайтарады. «Кімнің дұрыстық әкелгенін де Раббым әбден біледі» де.

86. Сен (пайғамбар болудан бұрын) өзіне кітап түсірілуін үміт етпеген едің. Бірақ Раббың мархабат етіп (саған оны назіл қылды). Сен куффарларға сүйеуші бола көрме!

87. Саған Алланың аяттары аян болғаннан кейін (мүшриктер) сені одан тоспасын. Оларды Раббың жаққа шақыр! Әсте мүшриктерден бола көрме!

88. Алламен қатар басқа бір құдайға сиынба! Одан өзге ешбір құдай жоқ. Оның өзінен (затынан) басқа барлық нәрсе жойылады.Үкім тек қана Алладан, әрі оның алдына қайтасыңдар.

29. ҒАНКӘБҰТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 69 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Әлиф, Ләм, Мим.
2. Адамдар «иман келтірдік» деумен ғана сыналмай қала береміз деп ойлай ма?
3. Шынында олардан бұрынғыларды да сынағанбыз. Алла әлбетте шыншылдарды да, өтірікшілерді де әбден біледі.
4. Жамандық істегендер бізден (азабымыздан) құтылып кетеміз деп ойлай ма? Олардың өкімі (ойлаған ойы) неткен жаман!
5. Кім Аллаға жолығуды үміт етсе, Алланың (оған белгілеген) уақыты жетіп келеді. Алла - толық естуші, білгір.
6. Кімде-кім күрессе (жақсысылыққа құлшынса), ол өз пайдасы үшін күреседі. Алла әрине, бүкіл әлемнен беймұқтаж.
7. Иман келтіріп, изгі іс істегендердің күнәларын мүлде жоямыз да, өздерін істеген істерінің ең жақсы жағынан сыйлаймыз.
8. Адамдарға ата-анасына жақсылық істеуді бұйырдық. Егер ата-анаң сені өзің білмейтін нәрсені маған серік етіп қосуға зорласа, онда оларға бойсұнба. Сендер менің даргаһыма қайтарыласыңдар, сонда өз істегендеріңді сендерге айтып береміз.
9. Иман келтіріп, изгі іс істегендерді жақсылардың қатарына қосамыз.
10. Кей адамдар: «Аллаға сендік» дейді. Алла жолында машақат тартса, адамдардан келген кесірді Алла жіберген азаптай көреді. Егер Раббыңнан бір медет келсе, «Біз расында сендермен бірге едік» дейді. Алла әлемдегілердің көңіл-көкейлеріндегіні жақсы білмей ме?
11. Алла (шын жүректен) иман келтіргендерді де анық біледі, екібеткейлерді де анық біледі.
12. Кәпірлер мүминдерге: «Сендер бізге (біздің дінімізге) ілесіңдер, күнәларыңды біз көтерейік» деді. Іс жүзінде олар мұсылмандардың ешбір күнәсін көтермейді. Олар анық суайттар.
13. Олар өз жүктерін де, оған қоса басқа жүктерді де (өз күнәсімен бірге аздырушылардың да күнәсін) көтереді. Олар қияметте жаранды жалған сөздері үшін сөзсіз сұраққа тартылады.
14. Біз расында Нұхты қауымына (пайғамбар етіп) жібердік. Олардың ішінде елу жылы кем мың жыл тұрды. (Елі) залым болғандықтан (пұтқа табынып, Нұхтың үгітін қабылдамағандықтан) оларды топан (су) басып қалды.

15. Нұхты және кемедегілерді құтқардық та, бұл уақиғаны (топан су апатын) бүкіл әлемге ғибрат қылдық.

16. Ибраһимды да (қауымына пайғамбарлықпен жібердік). Сол кезде ол қауымына айтты: «Аллаға құлшылық істеңдер және одан қорқыңдар. Егер білсеңдер, сендерге сол қайырлы.

17. Сендер Алладан шеттеп, пұттарға ғана табынып жүрсіңдер және өтірікті ойдан шығарып жүрсіңдер. Алладан шеттеп табынғандарың сендерге ризық бере алмайды. Ризықты Алланың қасынан іздеңдер. Аллаға құлшылық қылыңдар, шүкірлік етіндер. Оның даргаһына қайтарыласыңдар.

18. Сендер (мені) өтірікке ұйғарсаңдар, онда сендерден бұрынғы үмметтер де (пайғамбарларын) өтірікке ұйғарған болатын. Пайғамбардың міндеті – тек (Алланың әмірін) айқын жеткізу ғана.

19. Олар Алланың күллі жаратылысты әуелде қалай жаратқанын, одан соң (өлгеннен кейін) оны қайта тірілтетіндігін көрмеді ме? Аллаға бұл оңай.

20. «Жержүзін аралаңдар, (Алланың) жаратылысты қалай бастағанын көріңдер, одан соң Алла оларды қайта барлыққа келтіреді. Расында, барлық нәрсеге Алланың құдіреті қаптап жетеді.

21. (Алла) қалаған адамын азаптайды, қалаған адамына рақым етеді. (Түбінде) Оның алдына қайтарыласындар».

22. Сендер мейлі жерде, мейлі көкте болыңдар, (Алланың азабынан) бұлтара алмайсыңдар. Сендерге Алладан басқа дос та, медеткер де жоқ.

23. Алланың аяттарын және (қияметте) Алламен қауышуды мойындамағандар - әне солар менің рахметімнен күдер үзеді, әне солар қиналысты азапқа дұшар болады.

24. (Ибраһим) қауымының жауабы: «Ибраһимды өлтіріңдер, немесе өртеңдер!» деу ғана болды. Алла оны оттан құтқарды. (Ибраһим отқа тасталғанда, Алла оттың ортасын күймейтіндей етіп салқындатып қойды). Мұнда сенген елге ғибраттар бар екені даусыз.

25. (Ибраһим қауымына) айтты: «Сендер дүние тіршілігінде араларыңдағы достыққа сеп болсын деп Алладан безіп, пұт-бұрхандарыңды жасап алдыңдар. Бірақ кейін қиямет күнінде біріңе-бірің қас болып, біріңе-бірің қарғыс айтасыңдар. Барар орындарың тозақ болады да, сендерге ешбір медеткер шықпайды».

26. Лұт Ибраһимге (оның дініне) иман келтірді. (Ибраһим:) «Мен сөзсіз Раббым жаққа ауамын. Ол расында аса үстем хикмет иесі» деді.

27. Оған Ысхақты, Яғқұпты нәсіп еттік. Оның ұрпақтарына пайғамбарлықты және кітапты (көктен түскен кітаптарды) арнадық әрі өзіне бұл дүниенің сый-сияпатын бағыштадық. Ол ақыретте де, әрине, жақсылардан болмақ.

28. Лұтты (өз қаумына пайғамбар етіп жібердік). Сол кезде ол қауымына айтты: «Сендер расында өздеріңнен бұрын әлемде ешкім істемеген көргенсіздік істеп жүрсіндер.

29. Сендердің (әйелдерге жуымай) еркекке шабуларың, жол-кестілік істеулерің, топтасып әшкере арсыздық істеулерің шарт па?». Қауымның жауабы: «Егер шыншыл болсаң, қане Алланың азабын келтіріп көрші!» деу болды.

30. Лұт: «Раббың, бұзық елге қарсы маған жәрдем бере көр!» деді.

31. Елшілеріміз (періштелер) Ибраһимге қуаныш хабарын әкелген кезде: «Біз мына қаланың (Садумнің) халқын құртамыз, өйткені оның халқы шынында залым болды» деді.

32. (Ибраһим:) «Рас ол арада Лұт та бар ғой» деді. (Періштелер:) «Ол қалада кімдердің бар екенін әбден білеміз. Оны (Лұтты) және оның отбасын құтқарамыз, тек әйелі ғана (жазаланатындардың ішінде) қалады» деді.

33. Елшілеріміз Лұтты келген кезде (Лұт қауымының бәдахлақтық сұмдықтар істеуінен қынжылып) олар жөнінен қысылды, көкірегі тарылды. (Өйткені періштелер келбетті жас жігіттер бейнесіне еніп келген еді), олар айтты: «қорықпа да, күйзелме! Біз сені және отбасыңды, сөз жоқ құтқарамыз, тек әйелің ғана жазаланытандырдың ішінде қалады.

34. Бұл қаланың халқына бұзықтығының сазайына көктен пәле жаудырамыз».

35. Ақылға салар қауым үшін біз бұдан шынында (ғибрат аларлық) айқын белгі қалдырдық.

36. Өз туысы Шұғайыпты Мәдиянға (пайғамбарлықпен) жібердік, (Шұғайып:) «Уа жұртым Аллаға құлшылық қылыңдар, ақырет күнінен қорқыңдар, жержүзінде бұзықтық, сорақылық істемеңдер!» деді.

37. Олар Шұғайыпты мойындамады. Сонымен қатты жер сілкіну (апаты) келді де, олар тұрған жерлерде серейіп қалды.

38. Ғадтар мен Самудтарды да (типыл қылдық). Расында бұл (олардың типыл болғандығы) жұрттарынан-ақ байқалады. Сайтан олардың қылығын өздеріне абзал көрсетті, оларды тура жолдан тосты. Олар көріп тұрса да, (мұны ақылдарына салмапы).

39. Қарұн, Перғауын, Һамандарды да (жойдық). Шынында Мұса оларға айқын дәлелдер әкелген еді, (бірақ) олар жержүзінде астамсыды. Сонда да (азабымыздан) қашып құтыла алмады.

40. Солардың бәрін күнәлі болғанынан жазаладық. Олардың кейбіреуіне тас жаудырдық, кейбіреуін ащы дауыспен жойдық, кейбіреуін жерге жұтқыздық, кейбіреуін суға батырдық. Оларға Алла әділетсіздік істемеді, олар өздеріне өздері зұлымдық істеді.

41. Алладан өзгені ие тұтқандардың мысалы жесір өрмекшінің ұя жасағаны сияқты. Үйдің ең осалы – өрмекшінің торы, егер олар білер болса.

42. Алла олардың өзінен өзге нендей нәрселерге табынып жүргенін біледі. Алла – жеңімпаз, хикмет иесі.

43. Біз адамдар үшін келтірген осы мысалдарды тек білімділер ғана түсінеді.

44. Алла көкпен жерді хақ жаратты. Мұнда расында мүминдер үшін дәлел бар.

45. (Ей, Мұхаммед!) Өзіңе уахи етілген кітаптан (Құраннан) оқы және (рүкіндерін толықтап) намаз өте! Намаз расында жиіркенішті істерден және жамандықтан тияды. Алланы еске алу (басқа құлшылықтың бәрінен) ұлы. Алла сендердің барлық істеріңді біліп тұрады.

46. Іштеріндегі залымдық істегендерден басқа кітап иелерімен ең тамаша жосында (ғылыми, сыпайы) талас жүргізіңдер. Оларға: ”Өзімізге түсірілгенге де, сендерге түсірілгенге де иман келтірдік. Сендердің құдайларың да, біздің құдайымыз да біреу-ақ. Біз соған бойсұнушылармыз” - деп айтыңдар.

47. (Ей, Мұхаммед!) Сол сияқты (сенен бұрынғыларға кітап түсіргеніміздей) саған да кітап түсірдік. Біз кітап түсіргендерден де (Яһуди, Насарлардан да) оған (Құранға) сенетіндер бар. Және мыналардан да (Меккеліктерден де) оған сенетіндер бар. Біздің айтарымызды тек кәпірлер ғана мойындамайды.

48. Сен бұдан бұрын кітап оқымаған, қолы хат білмейтін адам едің. Егер сондай (кітап оқи алатын. хат жаза алатын кісі) болсаң, онда тоңмойын қарсыласушылар тіпті де күмәнданар еді.

49. Олай емес, Құран – ғылым бағыш етілгендірдің жүрегінде сақталған айқын аяттар. Біздің аяттарымызды тек залымдар ғана мойындамайды.

50. Олар: «Оған Раббынан қалайша мұғжизалар түсірілмейді?» – деді. (Сен:) «мұғжизалар – тек қана Аллада. Мен тек әшкере ескертуші ғанамын» – деп айт.

51. Оларға әрдайым оқылып тұрған кітапты саған түсіруіміздің өзі жеткілікті емес пе (мұнан артық нендей мұғжиза болмақ)? Бұл кітапқа иман келтіргендер үшін рахмет және уағыз-насихат бар екені шүбәсіз.

52. Айтып қой: менімен сендердің арамыздағы куәлікке Алла жеткілікті. Көк пен жердегілердің күллісі оған аян. Жоққа сеніп, Аллаға қарсы келгендер – міне, осылар (қашан да) зиян тартатындар.

53. Олар сенен азаптың шапшаң келуін сұрайды. Оның белгіленген мерзімі болмаған болса ғой, оларға азап (өздері тілеген кезде), сөз жоқ, келер еді. Әрине, азап оларға ойда жоқта тосыннан келеді.

54. Олар өткен азаптың тездетілуін тілейді. (Қиямет күні) жәһәннам кәпірлерді сөзсіз қоршап тұрады.

55. Сол күні азап, олардың төбесінен де, аяғының астынан да қаптап кетеді. (Алла оларға:) „Өз қылықтарыңның сазайын тартыңдар“, – дейді.

56. Әй, мүмин пенделерім! Жерім расында кең, (қай жер кең болса, сол жерге барып) маған құлшылық етіңдер.

57. Әрбір жан иесі, өлімнің дәмін бір тартады да, біздің алдымызға қайта келеді.

58. Иман келтіріп, жақсы істегендерді қалайда жанатта іргесінен бұлақтар ағыш жататын сарайларға орналастырамыз, олар онда мәңгі тұра береді, Жақсы іс істегендердің сыйлығы неткен жақсы десеңізші!

59. Олар сабыр-тақат қылып, (барлық істе) Раббыларына ғана сүйенеді.

60. Жан-жануарлардың көбі өз ризығын өзі көтермейді. Олар және сендерді Алла ризықтандырады. Ол бәрін естіп біліп тұрады.

61. Егер олардан (кәпірлерден): «Аспан мен жерді кім жаратты? Ай мен күнді кім ырқына көндірді?» - деп сұрасаң, олар сөзсіз: „Алла“ - деп жауап береді. Сөйте тұра неліктен (Аллаға құлшылық етуден) бас тартады?

62. Алла қалаған адамының ризық-несібесін молықтырып та, тапшы қылып та қояды. Алла расында барлық нәрсені біліп тұрады.

63. Егер олардан: „Көкте су жаудырып, өлі жерді тірілткен кім?“ - деп сұрасаң, олар: „Алла“ - деп жауап береді. Сен барлық мақтау Аллаға тән деп айт. Бірақ олардың көбі түсінбейді.

64. Дүние тіршілігі тек ойын-күлкі, алданыш қана. Ақырет тұрағы ғана шынайы тіршілік (тұрағы) болмақ, олар білетін болса.

65. Олар кемеге түскен кезде ғана шын ықыласымен Аллаға жалбарынады, ал Алла аман-есен құрғаққа шығарған кезде табанда оған серік қосады (Алланы ұмытады).

66. Олар берген игіліктерімізге күпірлік етіп те, (қалған өмір қызығына) кенеліп те тұрсын. Бірақ (істің соңында) әлі-ақ түсіністік болады.

67. Олар (мүшіріктер) атырабындағы адамдар айналып-жайланып жатқанда, Меккені бейбіт, қастерлі жер еткенімізді көрмей ме? Олар расында да, жоқ нәрсеге сенеді, Алланың игіліктерін мойындамай ма?

68. Аллаға жала жапқандардан немесе ақиқат аян болғанда, оны мойындамағандардан өтер залым бар ма? Кәпірлердің тұрар орны тозақта емес пе?

69. Біздің жолда күрескендерді, әлбетте, өз жолымызға саламыз. Алла қашанда жақсы іс істегендермен бірге.

30. РУМ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 60 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Әлиф, Ләм, Мим.
2. Рум жеңілді.
3. Ең таяу бір жерде. Олар жеңілістен кейін-ақ жеңіске жетеді.
4. Бірнеше жылдың ішінде. Бұдан бұрын да, кейін де барлық іс Алланың еркінде. Сол күні мүминдер шаттанады.
5. Алланың медетімен. Алла кімді қаласа соған медет береді. Алла жеңімпаз, ерекше мейірімді.
6. Бұл (жеңіс) – Алланың уағдасы. Алла уағдасына берік, бірақ көп адамдар мұны түсінбейді.
7. Олар дүние тіршілігінің сыртқы көрінісін ғана біледі. Олар ақыреттен (ақырет үшін ойланып, ақырет үшін істеуден) қапы калғандар.
8. Олар өздері жөнінде де ой жүгіртпей ме? Алла кек пен жерді, олардың араларындағыларды шындық пен шекті мерзімдік етіп жаратты. Бірақ адамдардың көбі Раббыларына жолығатынын мойындамайды.
9. Олар жержүзін аралап, өздерінен бұрынғылардың ғақибеті не болғанын көрмей ме? Олар бұлардан гөрі қуатты еді. Бұлардан гөрі көбірек жер жыртқан (тоған алып, егін салған, ағаш еккен) және көбірек құрылыс жүргізген еді. Оларға да елшілер дәлелдермен келгенді. Алла оларға зұлымдық істеген жоқ, бірақ олар өздеріне-өздері зұлымдық істеді.
10. Мұнан кейін жамандық істегендердің соңы, тіпті де жаман болады. Өйткені, олар – Алланың аяттарын өтірікке шығарғандар және сайқымазақ еткендер.
11. Алла жаратылысты бастайды (алғаш жаратады), одан соң (өлгеннен кейін қайта) тірілтеді. Содан соң оның алдына қайтарыласыңдар.
12. Қиямет-қайым болған күні күнәкарлардың меселі қайтады.
13. (Аллаға қосқан) серіктерінен оларға ешбір шапағат шықпайды, (ол кезде) олар өздері де серіктерін жоққа шығарады.
14. Қиямет-қайым болган күні (жақсы мен жаман, мұсылман мен кәпір) бір-бірінен айырылады.
15. Ал иманды болып, жақсы іс істегендер жұмақ бақшаларында масайрайды.
16. Біздің аяттарымызды ақыреттегі жолығуды мойындамай жоққа шығарғандарға келсек, олар әрқашан азапқа әзір болады.

17. Ертелі-кеш Аллаға тасбих айтып тұрыңдар.
18. Көктегі және жердегі, кешкі және түскі кездегі барлық мақтау Аллаға тән.
19. Алла өліден тіріні, тіріден өліні шығарады, өлген жерді де қайта жандандырады. Сендер де құдды сол сияқты тірілесіңдер.
20. Сендерді топырақтан жаратқандығы, одан кейін адам болып (жержүзіне) таралуларыңның өзі де, оның (құдіретінің) белгілерінің бірі.
21. Бой ұрып тұрақтауларың үшін өз жыныстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік, мейірім орнатқандығы да, оның белгілерінің бірі. Ой жүгірте білетін қауым үшін, мұнда көптеген ғибрат бар екені шүбәсіз.
22. Көк пен жердің жаратылуы, тілдерің мен өздеріңнің алуан түрлі бояуы да оның белгілері. Осының өзінде де білімділер үшін көп ғибрат бар екені даусыз,
23. Түнде және күндіз ұйқтауларың, сондай-ақ Алланың рахметінен (несібелеріңді) іздеулеріңнің өзі де оның белгілерінің бірі. Құлақ асатын қауым үшін мұнда көп ғибрат бар екені шүбәсіз.
24. Сендерге найзағайды әрі үміт, әрі қорқыныш етіп көрсетуі, көктен өлген жерді жандандыратын жаңбыр жаудыруы да, оның (кәміл құдірет) белгілерінің бірі. Түсіне білетін жұрт үшін, мұнда расында талай ғибрат бар.
25. Көк пен жерді өз әмірімен тұрғызуы да, оның (күштілік) белгілерінің бірі. Мұнан соң сендерді жер астынан шақырған сәтте-ақ барлығың дереу (көрден) шығасыңдар.
26. Көк пен жердегінің күллісі Алланікі, бәрі түгелдей оған бойұсынушылар.
27. Жаратылысты жоқтан бар еткен де, оны (өлтіріп) қайта тірілтетін де Алла. Бұл оған оңай. Көк пен жердегі сипаттың ең асқағы Аллаға тән. Ол – жеңімпаз, хикмет иесі.
28. Алла сендердің өз бастарыңнан мысал келтіреді. Қолдарыңдағы құлдарыңның сендерге біз берген несібе-ризықтарыңа теңдей ортақ болуына, олардан өздеріңнен (азат адамдардан) қорқатындай қорқуларыңа разымысыңдар? Түсінетін қауым үшін аяттарымызды егжей-тегжейлі баяндаймыз.
29. Керісінше залымдар білімсіздік істеп, нәпсінің тұтқыны болды. Алла адастырған адамды кім оңғара алсын? Оларға ешбір медеткер табылмады.
30. (Ей, Мұхаммед!) Бетіңді ауытқымай хақ дінге бұр! Алла адам баласын

сол дін үстіне жаратқан. Алланың жаратқанында өзгеріс болмайды. Бұл тура дін. Бірақ адамдардың бірсыпырасы мұны білмейді.

31. Аллаға жүгініңдер де, одан қорқыңдар. Намаз оқыңдар және (Аллаға) ортақ қосушы болмаңдар.

32. Дінді бөлшектеп, топтарға бөлініп, әрбірі өз дінімен масаттанатындардан болмаңдар.

33. Адамдар бастарына бейнет келген кезде Раббыларына беріле жалбарынады, Содан соң (Алла) оларды өз рахметіне бір кенелтіп қойса, олардың кейбіреулері дереу Раббыларына серік қосады.

34. Сонымен өздеріне берген игіліктерімізге күпірлік істейді. (Ей, мүшриктер!) Кенеле тұрыңдар. (Ақыры не боларын) әлі-ақ білесіңдер.

35. Әлде оларға Аллаға серік қосудың (дұрыстығын) сөйлейтін бір дәлел түсірдік пе?

36. Қашан адамдарға рахыметіміздің дәмін тарттырсақ, олар бұған шаттанады. Егер істеген қылмыстарының есесіне бастарына бір жамандық келсе, дереу күдер үзеді.

37. Алланың қалаған адамын несібеде молықтырып та, тарықтырып та қоятынын олар көрмей ме? Мұнда расында имандылар үшін ғибраттар бар.

38. Жақын-туыстарға, жоқ-жітіктерге, жолаушыларға (қарайласу, садақа ретінде тиісті) хақысын бер, Алланың ризалығын көздегендер үшін осы қайырлы. Міне осылар - тілегіне жететіндер.

39. Өзгелердің малы ішінде көбейтпек үшін берілген нәрселерің (өсім үшін бергендерің) Алланың алдында өспейді. Алланың ризалығы үшін берген садақаларың өседі, сол үшін еселеп сауап құйып аласыңдар.

40. Алла сендерді жаратты, одан соң ризықтандырды. Одан соң өлтіреді, одан соң тірілтеді. Сеңдердің Аллаға қосқан ортақтарыңнан қайсысы, осылардың бірін істеп бере алады? Алла олардың қосқан серіктерінен пәк, әрі жоғары.

41. Адамдардың істеген қылмыстары себебінен құрлықта және теңізде апат туылды. Алла оларға райынан қайтар деп, кейбір қылықтарының сазайын тартқызды.

42. (Ей, Мұхаммед!) «Жержүзін кезіңдер де, бұрынғы өткендердің ақыр аяғында қандай болғанына көз жіберіңдер» деп айт. Олардың да көбі ортақ қосқандар еді.

43. Қайтаруға болмайтын күн (қиямет қайым) Алладан келгенге дейін, бетіңді дұрыс дінге турала. Ол күні олар (жұмақ пен тозаққа) жіктеледі.

44. Кім кәпір болса, күпірлігінің жазасын өзі тартады. Кім жақсы істер істесе, ол өзі үшін (ақыретте рақат) орын әзірлейді.

45. Алла иман келтіріп, жақсы істегендерді өзінің рахыметімен сыйлайды. Алла расында кәпірлерді сүймейді.

46. Өз игілігіне бөленту үшін, өз әмірімен кемелерді (теңіздерде) жүргізу үшін, мол рахыметінен несібе іздеулерің үшін, сондай-ақ шүкір етулерің үшін (жаңбыр әкелетін) қуаныш желдерін естіріп тұру да, оның белгілерінің бірі.

47. Сенен бұрын да өз қауымдарына талай пайғамбарлар жібердік. (Сол пайғамбарлар) оларға дәлелдер әкелді (бірақ олар мойындамады, бет бұрды) біз күнәкарлардың сазайын тартқыздық. Мүміндерге жәрдем беру біздің борышымыз еді.

48. Алла желдерді жіберіп, бұлттарды қозғайды, одан соң оны өз қалауы бойынша кеңістікке жаяды, бытыраңқы түйдектерге бөледі. Сонда олардың арасында жаңбыр жауып тұрғанын көресің. Алла жаңбырды қалаған пенделеріне жаудырған кезде, олар бірден шаттыкка бөленеді.

49. Өйткені олар жаңбыр жаумай тұрғанда әлдеқашан күдерлерін үзген болатын.

50. Алланың рахыметінің іздеріне қара: жер өлгеннен кейін, оны қалай жандандырады екен? Ол расында, өлілерді де тірілтеді. Барлық нәрсеге оның күші жетеді.

51. Егер біз жел жіберсек, одан егіндерінің қурап кеткенін көрсе, содан кейін қалайда күпірлік істейді.

52. Сен өлілерге (сөзіңді) естірте алмайсың, теріс карай сырт берген саңырауларға да даусыңды естірте алмайсың.

53. Соқырларды да адасқан бетінен (бұрып) оңдай алмайсың. Тек, біздің аяттарымызға сенетіндерге ғана (сөзіңді) естірте аласың, олар - мұсылмандар.

54. Ол сондай Алла, сендерді әлсіз етіп жаратты, одаң соң әлсіздіктен қуаттандырып, күшейтті, одан соң күштіліктен әлсіретіп кәрілік берді, Алла нені қаласа, соны жаратады, ол аса білгір, кемел құдіретті.

55. Қиямет-кайым болғанда күнәкарлар (дүниеде) бір сағаттан артық тұра алмадық десіп ант ішеді. Олар (дүниедегі кездерінде де) өстіп танитынды.

56. Білімі, иманы барлар (оларға): „Сендер расында Алланың жазмышы бойынша қиямет күніне дейін тұрдыңдар, қиямет күні міне осы. Бірақ сендер білмейтінсіңдер“ дейді.

57. Сол күні залымдардың айтқан жолының септігі тимейді. Олардан (дүниеде болғанына) разылық талап етілмейді.

58. Бұл Құранда адамдар үшін расында түрлі мысалдар келтірдік. Сен оларға бір аят келтірсең де, кәпірлердің: „Сендердікі шылғи өтірік“ дейтіні тұрған сөз.

59. Білместердің көкей көзін Алла өстіп бітейді.
60. (Ей, Мұхаммед!) Сабыр қыл! Алланың уағдасы хақ. Сенбейтіндер сені дегбірсіздікке салып қоймасын.

31. ЛҰҚМАН СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 34 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Әлиф, Ләм, Мим.
2. Бұлар – хикметті кітаптың аяттары.
3. Ізгі іс істеушілерге тура жол және рахмет (болмақ).
4. Олар сондай намазды кәміл оқиды, зекетті толық береді, ақыретке күмәнсіз сенеді.
5. Міне осылар – Раббыларының тура жолындағылар, міне осылар мұратына жететіндер.
6. Кей адамдар білімсіздіктен (адамдарды) Алланың жолынан аздырмақ және оны келеке етпек үшін бос сөздерді (әңгіме, ертегілерді) сатып алады. Ондайлар қорлық азапқа дұшар болады.
7. Оған аяттарымыз оқып берілген кезде, ол оны естімегенсіп, құлағы бітеліп қалғандай тәкаппарсып теріс айналады. Оған тауқыметті азапты хабарлап қой.
8. Иман келтіріп, ізгі іс істегендер үшін нығыметі мол жаннаттар бар.
9. Олар онда мәңгібақи тұрады. Алланың уағдасы хақ. Ол аса үстем, хикмет иесі.
10. Алла аспанды өздерің көргендей тіреусіз жаратты, сендерді (сілкініп) теңселтпесін деп, жержүзіне тауларды орнатты, соңдай-ақ қилы жануарларды жаратты. Көктен жаңбыр жаудырып, онымен онда тамаша өсімдіктер өсірдік.
11. Бұл – Алланың жаратқандары. Алладан басқалар (пұттар) не жаратты? Маған көрсетіңдерші! Керісінше, залымдар көрнеу адасуда.
12. Расында Лұқманға хикмет бағыштадық, (оған): „Аллаға тіршілік ет (дедік), кім шүкірлік етсе, өзі үшін шүкірлік етеді. Кім күпірлік етсе, Алла (оның шүкірлігіне) мұқтаж емес әрі мақтауға лайық.
13. Өз кезінде Лұқман (әкім) өз ұлына „О, құлыным, Аллаға серік қоспа! Серік қосу шынында да барып тұрған қылмыс“, – деп насихат айтты.
14. Біз адамдарға әке-шешеге қайрымдылық істеуді бұйырдық. Шешесі оған әлсіреген үстіне әлсіреп жүріп жүкті болады, екі жылда емшектен

шығарады. „(Ей, инсан!) Маған, ата-анаңа жақсылық қыл! Қайтар орның – менің даргаһым“.

15. „Егер, ол екеуі өзің білмейтін нәрсені маған серік қылып таңдауға зорласа, оларға итағат қылма. Бұл дүниеде оларға (дініңе нұқсан жеткізбейтін негізде) жақсы мәміле жаса, маған берілгендердің жолына түс. Сонан соң менің алдыма қайтасыңдар, (сол кезде) істеген істеріңді баяндап беремін“.

16. (Лұқман насихатын жалғастыра былай деді:) „Ей, ұлым, қылмысың қышының ұрығындай ғана болып, ол құж тастың ішінде, көктерде не жер астында болса да, Алла оны (қиямет күні есеп аларда) келтіреді. Алла расында көреген, толық хабар алушы“.

17. „Ей, ұлым, намазды толық өте, жақсылықты жақтап, жамандыққа тиым сал, басыңа түскен ауыртпалыққа шыда! Бұл анық бел байлап істеуге тиісті істер”.

18. „Адамдарға паңсынып шертиме, жер бетінде кердеңдеп кетпе! Алла әспенсіген мақтаншақтарды ұнатпайды“.

19. Жүргенде байыпты жүріспен жүр, даусыңды бәсеңдет. Дауыстың ең сүйкімсізі есектің дауысы.

20. Алланың расында көк пен жердегі нәрсенің күллісін сендерге бойұсындырып бергенін және сендерге көрнеу әрі көмес (заттық және рухани) игілік-нығметтерін толықсытып бергенін көрмедіңдер ме? Сонда да ешқандай білімі, жөн сілтеушісі, шұғылалы кітабы болмаған адамдардың кейбіреуі Алла хақында таласады.

21. Егер оларға „Алланың түсіргенінен (Құраннан) жазбаңдар“ - делінсе, олар: „жоқ, біз ата-бабаларымыздың ұстанған дінінен жазбаймыз“ - дейді. Шайтан оларды лаулаған оттың азабына шақырып тұрса да, (олар ата-бабаларының дінінен жазбай) ма?

22. Кім өзін Аллаға тапсырып, түзу іс істесе, ол расында берік тұтқаны ұстаған болады. Барлық істің соңы Аллаға тән.

23. Кімде-кім күпірлік қылса, оның күпірі сені кейітпесін. Олардың келер жері – менің алдым. Оларға (дүниедегі) істердің бәрін баяндаймыз. Алла шынында көкіректегіні толық біліп тұрады.

24. Оларды (дүниеде) болмашы игіліктендіріп, сонан соң (ақыретте) аяусыз азапқа мәжбүрлейміз.

25. (Ей, Мұхаммед!) Егер олардан көк пен жерді кім жаратқан деп сұрасаң, олар әрине «Алла» - дейді. „Барлық мақтау Аллаға тән“ - деп айт. Жоқ, олардың көбі білмейді.

26. Көк пен жердегінің күллісі Алланікі. Алла расында мұқтажсыз бай, мақтауға лайық.

27. Егер жержүзіндегі ағаш атаулының барлығы қалам болса, теңіз сия

болса, оның үстіне тағы жеті теңіз (сия болып) қосылса да, Алланың сөздерін (жазып) тауысуға болмайды. Алла – анық жеңімпаз, анық хикмет иесі.

28. Сендердің (бастапқы) жаратылуларың мен (өлген соң) тірілтілулерің тек бір адамның жаралтылуы мен тірілтілуіндей ғана. Алла расында естіп те, көріп те тұрушы.

29. Көрмедің бе? Алла күндізді түнге кіріктірді, түнді күндізге кіріктірді, күн мен айды бойсұндырды, әрбір белгілі уакытқа дейін әрекеттенеді. Алла расында істегендеріңнен толық хабар алушы.

30. Өйткені Алланың хақтығы шексіз. Олардың Алладан бөлек құлшылық еткендері (пұттары) мәнсіз, бекер. Шынында, бір Алла ғана өте жоғары, асқақ ұлы.

31. Кемелерді Алланың өзі мархаматымен теңізде жүргізуі, сендерге өзінің бір мәлім (құдірет) дәлелдерін көрсету үшін екенін көрмедің бе? Міне, осының өзінде әрбір сабыр иесіне, шүкір етушіге ғибраттардың бар екені шүбәсіз.

32. Оларды таудай толқындар орап алған кезде, олар шын ықыласпен Алладан тілек тілейді. Алла оларды құтқарып құрлыққа шығарса, олардың кейбіреуі аралық жол ұстанады. Біздің аяттарымызды тек опасыз кәпірлер ғана мойындамайды.

33. Ей адамдар! Раббыларыңнан қорқыңдар және әкенің балаға себебі тимейтін, баланың әкеге себебі тимейтін күннен қорқыңдар. Алланың уағдасы хақ. Сендерді дүние тіршілігі әсте алдамасын. Әзәзіл (шайтан) Алла жөнінен (рақымды, кешірімді деумен) сендерді алдаусыратпасын.

34. Қиямет күннің мәліметі расында Алланың қасында. Ол жаңбырды (қалаған кезінде) жаудырады, жатырлардағы баланы (ұл ма, қыз ба, сау денелі ме, кемтар ма, бақытты ма, бақытсыз ба) біледі. Ешкім өзінің ертең не істейтінін білмейді және ешкім де өзінің қай жерде өлетінін білмейді. Расында (барлық істі) толық білуші, толық хабар алушы – бір Алла.

32. СӘЖДЕ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 30 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Әлиф, Ләм, Мим.

2. Бұл кітаптың күллі ғаламның Раббы тарапынан түсіргені шәксіз.

3. Олар (мүшріктер) «Оны (Мұхаммед) өзі құрастырды» дей ме! Олай

емес. Бұл сен бұрын ешбір ескертуші келмеген қауымға түзу жол тапсын деп ескертуің үшін Раббыңнан келген ақиқат.

4. Алла көк пен жерді және олардың арасындағыларды алты күнде жаратты, одан соң ғарышқа үкім жүргізді. Сендерге одан өзге ешқандай ие де, шапағатшы да жоқ. (Мұны) ойланбайсыңдар ма?

5. Ол көктен жерге дейін (түгел) істі меңгереді. Содан соң (бұл істер) ұзақтығы сендер санап жүрген мың жылдай келетін бір күнде оның алдына көтеріледі.

6. Ол – көместі де, көрнеуді де білуші, ерен үстем, асқан мейірімді (Алла).

7. Ол күллі затты аса шебер жаратты. Адамның жаратылысын балшықтан бастады.

8. Содан соң оның нәсілін арзымас судың негізінен (мәниден) жаратты.

9. Содан соң оны толық бейнеге келтірді, оған өзінің рухынан үрледі (жан кіргізді). Һәм сендерге құлақты, көзді, жүректі бітірді. Сендер өте аз шүкір қыласыңдар.

10. Олар: «Жер астында (топыраққа араласып) жоғалғаннан кейін де, шынымен-ақ кайта жаратыламыз ба?» - дейді. Олар расында Раббыларына жолығатынын мойындамайтындар.

11. (Ей, Мұхаммед!) «Сеңдерге (жандарыңды алуға) уәкіл етіп белгіленген періште жандарыңды алады. Одан соң Раббыларыңа қайтасыңдар» деп айт.

12. Егер, күнәһарлардың Раббыларының алдында бастарын ие сүлкиіп: ”Раббымыз, (істің шындығын) көрдік, естідік енді бізді (дүниеге) қайтарғайсың, түзу іс істейік. Біз расында енді сеніп тұрмыз” дейтінін бір көрсең.

13. Егер қаласақ, әрбір пендеге тура жол бағыш етер едік. Бірақ менің: ”Тозақты жындармен және адамдармен (олардың қылмыстыларымен) толтырамын” деген, сол сөзім бекіген сөз.

14. ”Осы күнге жолығатындарыңды ұмытып қалғандықтарыңның сазайын енді тартыңдар. Біз де сендерді ұмыттық. Қылықтарыңның есесіне мәңгі-бақи азап дәмін татыңдар”.

15. Өздеріңе насихат айтылған заман сәждеге бас қоятындар, Раббыларына тәкаппарлық істемей, тәсбих айтып, ұлықтайтындар ғана шынымен біздің аяттарымызға иланады.

16. Олардың жанбастары төсектерінен ажырап (түнгі ұйқыдан намазға тұрып), әрі қорқыныш, әрі үмітпен Раббыларына дұға қылады, әрі біз берген несібеден (жақсылық үшін) сарып қылып тұрады.

17. Олардың істеген істеріне сыйлық ретінде көздерден таса (Алланың алдында) сақталған сауапты ешкім де білмейді.

18. Мүмин болған адам пасық адаммен бірдей ме? Бірдей емес.

19. Иманды болып, жақсы іс істегендерге келсек, олардың істеген істеріне қарай жанатта әзірленген орын бар.
20. Ал пасықтарға келсек, олардың орны – тозақ, әрқашан одан шыққысы келсе де, олар қайта түсіріледі де, оларға: ”Өздерің өтірікке шығарған тозақтың от азабының дәмін татыңдар!” делінеді.
21. Райдан қайтсын деп, оларға азаптың ең үлкенін (ақырет азабынан) ілгері сөзсіз бертінгі (дүниедегі) азаптың дәмін таттырамыз.
22. Раббының аяттарымен насихат берілгеннен кейін де, одан бет бұрғаннан өтер залым бар ма? Біз сөзсіз күнәкарлардың сазайын тартқызамыз.
23. Біз Мұсаға расында Тәуратты бағыш еттік. (Ей, Мұхаммед!) Сен де оған (кітапқа) жолығатындығыңа шүбәланба. Оны Исрайыл ұрпақтарына жетекші еттік.
24. Олар сабыр-тақат қылып, аяттарымызға анық сенген кезде, олардың арасынан біздің әміріміз бойынша дұрыс жол көрсететін басшылар қойдық.
25. Раббың киямет күні, әрине, олардың таласқандары жайлы билік айтады.
26. Олардан бұрын өздері (бүгін) жүріп жүрген мекенде (Меккеде) қаптаған қауымды (шектен асқандықтан) типыл қылғанымыз оларға өнеге болмай ма? Соның өзінде расында ғибраттар бар. Олар құлақ салмай ма?
27. Жаңбыр суын қу Мәдиендерге жіберіп, сол арқылы олардың өздері және хайуандары жейтін өсімдіктер ендіргенімізді көрмей ме? Бұған көз салмай ма?
28. Олар: ”Сөздерің рас болса, бұл үкім қашан іске асады?” дейді.
29. (Ей, Мұхаммед!) Үкім болатын күні кәпірлердің айтқан иманының септігі тимейді, оларға мұрсат та берілмейді” де.
30. Олардан бет бұр да күт, өйткені олар да күте тұрушылар ғой.

33. АХЗАП СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 73 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ей, пайғамбар! Алладан қорық, кәпірлер мен мұнафықтарға бойсұнба! Алла – бәрін білуші, хикмет иесі.

2. Раббыңнан өзіңе уахи етілгеннен (Құраннан) жазба! (Оған ере бер) Алла сөзсіз істеген істеріңнен хабардар.

3. Аллаға сүйен. Алла ие болуға әбден жеткілікті.

4. Алла бір адамның көкірегіне екі жүрек жаратқан емес, сондай-ақ зиһар айтып серт қылған жұбайларыңды өздеріңе шеше қылмайды, асыранды балаларыңды сендерге бел бала қылған да емес. Бұларың құр ауыздағы сөз. Алла хақ сөйледі, түзу жол меңзейді.

5. Оларды әкелеріңнің атымен шақырыңдар. Бұл Алланың алдында тура. Егер әкелерін білмесеңдер, онда олар сендердің дін қарындастарың әрі достарың. Ол жөнінде (білместіктен) ағаттық өткізсеңдер, сендерге ешқандай айып жоқ. Бірақ біле тұра әдейі істеген болсаңдар (күнә болады). Алла аса жарылқағыш, өте мейірімді.

6. Пайғамбар мүминдерге өз бастарынан да аяулы. Пайғамбардың әйелдері – оларға ана, Алланың кітабында, туысқан адамдар бір-бірінен (мирастық ету жағынан) мүминдерден де, мұһажирлерден де жақын. Бірақ олардың ішіндегі өз достарыңа жақсылық істеулерің орынды. Бұлар кітапта жазулы.

7. Кезінде біз пайғамбарлардан уағда алдық. Сенен, Нұхтан, Ибраһимнен, Мұсадан, Ғайса Мариям ұлынан берік уағда алдық.

8. (Мұның себебі Алла) шыншылдарды шыншылдығы туралы тергейді. (Алла) кәпірлерге қатты азап дайындады.

9. Ей, имандылар! (Сендерге шабуылдауға кәпірлерден) қосын келгенде, біз оларға қарсы боран және көздеріңе көрінбес қосын (періштелерді) жібердік. Алла сендердің не істегендеріңді көріп тұрады.

10. Олар сол кезде жоғары жақтарыңнан да, төменгі тараптарыңнан да (шабуылдап) келді. (Сендердің) көздерің алайып, жүректерің алқымдарыңа келген еді. Алла тағала туралы түрліше ойға да келдіңдер.

11. Сол арада мүминдер сыналып, (бейне жер сілкінгендей) қатты толқуға түскенді.

12. Сол кезде мұнафықтар мен жүрегі дерттілер: „Алла мен оның расулы бізге құр уәде берген екен“ десті.

13. Сол мезетте олардың бір тобы: „Ей, Ясриптіктер, енді сендердің бұл жерде тұруларыңа болмайды, дереу қайтыңдар!“ десе, енді бір тобы пайғамбардан: „Үйлеріміз ашықшашық иен қалған еді“ деп рұқсат сұраған болатын. (Іс жүзінде) үйлері ашықшашық емес, тек қашқысы келген еді.

14. Егер Мәдинаның жанжағынан оларға (шабуылдап) кіріп, өздерінен опасыздық (Иманнан қайтып, мұсылмандарға қарсы соғысу) талап етілсе, бұлар, әрине кідірмей-ақ лезде құп алып кілісер еді.

15. (Олар) мұнан бұрын артқа шегінбеу туралы Аллаға уағда берген еді, берген уағдасы жөнінен сөзсіз сұралады.

16. (Ей, Мұхаммед!) оларға: ”Өлімнен немесе өлтірілуден қашып құтылғандарыңмен де, оның сендерге ешқандай пайдасы жоқ. Қашқан күндерде де көрер қызықтарың шамалы” деп айт.

17. ”Егер Алла сендерге бір жамандықне рахмет келтіруді қаласа, сендерді Алладан арашалайтын кім (Алланың жазасынан кім құтқара алады, оның рақымын кім тоса алады)?” де. Олар өздеріне Алладан басқа ие де, панагер де таба алмайды.

18. Алла сендердің іштеріндегі (өзгені жиһатқа шығудан) тосқандарды да, туыстарына ”Бізге келіңдер” деушілерді де біледі. Олардың соғысқа қатынасатындары некен-саяқ қана.

19. Олар сендерге (келсе де) тым қызғаншақ. Егер бір қауіп төне қалса, олардың құдды жан үзер алдындағы адамдай саған көзін төңкере қарағанын кересің, ал қауіптен ада бола қалса, (ғаниметтерге) ашкөздік етіп, сендерді өткір тілмен (түйреп) ренжітеді. Олар имандылар емес. Сондықтан да Алла одардың еңбектерін өшірді, бұл Аллаға оңай.

20. (Қорыққаннан) Олар (жау) қосыны шегінбейді деп ойлады. Егер қосын кайта айналып келе қалса, олар сахарадағы бәдәуй арабтар ішінде тұрып, сендердің хабарларыңды (сырттан) ғана сұрастыруды үміт етеді. Егер олар сендердің іштеріңде болса да, қорыққандықтарынан (жиһатқа) некен-саяқ қана қатынасқан болар еді.

21. Расында сендер үшін, Алладан ақырет күнінен үміттенгендер мен Алланы еске алып тұратындар үшін Расулуллада әлбетте тамаша өнегелер бар.

22. Мүминдер (жау) қолын көрген кезде: ”Бұл бізге Алланың және оның Расулының бізге уәде еткен ісі Алла да, оның Расулы да рас айтады” десті. Бұл (сенім) олардың иманын, мұсылманшылығын одан да әрі күшейте түсті.

23. Мүминдер ішінде Аллаға берген уағдасын орындаған ерлер бар. Олардың кейбіреуі жанын пида қылды (шаһит болды), кейбіреуі (шаһиттікті) күтуде, олар уағдаларын әсте бұзбады.

24. Алла шыншылдарды (ақыретте) шыншылдығына лайық сыйлайды, Алла мұнафықтарды қаласа жазалайды немесе оларға тәубе нәсіп етеді. Алла расында өте кешірімшіл, аса мейірімді.

25. Алла кәпірлерді кейітіп қайтарды. Олар мақсатына жете алмайды. Алла мүміндерге (соғыста жеңіп шығу үшін) жеткілікті. Алла асқан қуатты әрі үстем.

26. Алла кітап иелерінен жауға болысқандарды бекіністерінен түсіріп, олардың көңілдеріне қорқыныш салып койды. Олардың бір бөлігін өлтірдіңдер, бір бөлігін қолға түсірдіңдер.

27. Олардың жерлеріне, қора-жайларына, малдарына және сендер аяқ баспаған жерлерге Алла сендерді мұрагер етті. Алланың барлық нәрсеге күші жетеді.

28. Ей, пайғамбар! (Артық қаражат сұрап сені ренжіткен) әйелдеріңе былай де: ”Сендер дүние тіршілігін және оның сән-салтанатын көксесеңдер, онда келіңдер, сендерге біраз нәрсе беріп, жақсылықпен коя берейін.

29. Егер сендер Алланы, Алланың елшісін, ақыреттік тұрақты тілесеңдер, Алла іштеріңнен жақсылық істегендерге, әрине үлкен сыйлық (көз көрмеген, құлақ естімеген, ойға да кіріп шықпаған сый-сыбағаны) дайындап қойды”.

30. Ей, пайғамбар әйелдері! Іштеріңнен кім әшкере арсыздық істесе, оның азабы екі еселенеді. Бұл Аллаға оңай.

31. Сендерден (Пайғамбардың әйелдерінен) кім Аллаға, оның пайғамбарына бойсұнып, түзу іс істесе, оның сауабын да екі еселейміз. Оған мол ризық дайындап қойдық.

32. Ей, пайғамбар әйелдері! Сендер басқа әйелдердің ешбіріне ұқсамайсыңдар. Егер тақуалық етсеңдер, (бөгде еркектерге) назданып сөйлемеңдер, онда жүрегінде дерті бар адам сендерден дәмеленеді. Орнықты сөз сөйлеңдер.

33. Үйлерінде отырыңдар. Бұрынғы надандық заманның әйелдерінше ашық-шашық жүрмеңдер. Намаз оқындар, зекет беріңдер. Аллаға және оның пайғамбарларына бойсұныңдар. Ей пайғамбардың үй-іші! Аллah сендерден ластарды аулақтатып, өздеріңді таза-пәк етуді қалайды.

34. Үйлеріңде оқылған Алланың аяттарын және хикметтерін есте ұстаңдар. Алла – өте мейірімді, хабардар.

35. Мұсылман ерлер мен мұсылман әйелдерге, мүмін ерлер мен мүмін әйелдерге, (Аллаға) итағатшыл ерлер мен итағатшыл әйелдерге, шыншыл ерлер мен шыншыл әйелдерге, сабырлы ерлер мен сабырлы әйелдерге, (Алладан) именген ерлер мен (Алладан) именген әйелдерге, садақа берген ерлер мен садақа берген әйелдерге, ораза ұстаған ерлер мен ораза ұстаған әйелдерге, шахуаттан арын сақтаған ерлер мен шахуаттан арын сақтаған әйелдерге, Алланы көп зікір етуші ерлер мен Алланы көп зікір етуші әйелдерге – міне осыларға Алла (қияметте) кешірім және үлкен сауап әзірледі.

36. Алла және оның пайғамбарлары бір іске үкім шығарған кезде, ер-әйел мүміндердің өз істеріне ерікті болуына болмайды. (Алланың және пайғамбардың үкіміне қайшылық жасау еркіндігі болмайды). Кімдекім Аллаға және пайғамбарға қарсы келсе, ол расында көпе-көрнеу адасқан болады.

37. Алла да жақсылыққа кенелткен, сен де игілікке кенелткен адамға: ”әйеліңді қоя берме, Алладан қорық” дедің. Алла аян етпек болған істі

сен көңіл түкпіріне бүктің. Ел-жұрттан (кекеп-мұқай ма деп) қорықтың. Әсілі Алладан қорқуға тиісті едің. Мүміндер асырап алған балалары әйелдермен бітіскен (ажыраған) кезде, олардың әйелдерін өз некесіне алудан қиналмас үшін, біз Зәйт (яғни пайғамбарлардың асыранды баласы) әйелін шығарған соң, оны (Зейнепті) сенің некеңе бұйырдық. Алланың (сенің Зейнепті алуың туралы) әмірі, сөз жоқ, орындалады.

38. Алла пайғамбарларға бұйырған істе күнә болмайды. Бұрынғы өткендерге де Алланың тұтқан жолы осы еді. Алланың әмірі – өзгермес үкім.

39. Олар (пайғамбарлар) Алланың әмір-пәрмендерін жеткізеді. Алладан қорқады, одан басқа ешкімнен қорықпайды. Есеп алуға Алланың күші қаптап жетеді.

40. Мұхаммед сендердің араларыңдағы ешбір еркектің әкесі емес. Ол – пайғамбарлардың соңғысы, Алланың елшісі. Алла барлық істі біліп тұрады.

41. Ей, мүминдер, Алланы көп-көп еске алыңдар.

42. Оған ертелі-кеш тасбих айтыңдар.

43. Алла және періштелері сендерді қараңғылықтан жарыққа шығару үшін сендерге салауат жібереді. Алла мүміндерге ерекше мейірімді.

44. Олар Аллаға жолыққан күні (Алланың) ”Сендерге есендік болсын!” деген құттықтау сөзін алады. (Алла) оларға көл-көсір сыйлық әзірлейді.

45. Ей, пайғамбар! Біз сені куәші, куантушы, ескертуші етіп жібердік.

46. Сондай-ақ Алланың әмірімен (оның бірлігіне, ғибадатына) шақырушы нұрлы шырақ (етіп жібердік).

47. Мүминдерге Алланың ұлы рахыметі барлығынан куанышты хабар бер.

48. Кәпірлер мен мұнафықтарға бойсұнба! Олардың салған жәбір-жапасын елеме. Аллаға сүйен. Жар болуға Алла жеткілікті.

49. Ей, мүминдер! Мүмин әйелдерді некеленіп, төсектес болмай тұрып қоя берсеңдер, оларға сендер үшін ғиддәт күтудің қажеті жоқ. (Маһірден) азды-көпті нәрсе беріп, жақсылап жолға салыңдар.

50. Ей, пайғамбар! Мәһірін берген әйелдеріңді, Алла саған нәсіп етіп, олжаға түскен әйелдерді, өзің меншіктенгеніңді (күңдеріңді), әкеңмен бір туған ер-әйелдің, шешеңмен бір туған ер-әйелдің өзіңмен бірге қоныс аударып һижрет қылған қыздарын (некеленуіңді) саған халал еттік. Сондай-ақ егер бір мүмин әйел өзін пайғамбарға бағыштаса, пайғамбар оны алғысы келсе, оны өзге мүминдерден ерекше тек саған ғана (некеленуіне) халал еттік. Саған бір қиындық болмас үшін, олардың әйелдері және қолындағы күңдер туралы нені парыз еткенімізді өзіміз білеміз. Алла аса кешірімшіл, ерекше мейірімді.

51. Әйелдеріңнен өз еркіңмен бірінің (кезегін кейіндетсең, қалағаныңмен

(кезектен тыс) бірге болсаң бола береді. (Уақытша) бөлек қойған біреуімен бірге болсаң да саған кінә болмайды. Бұл олардың көзайым болуына, мұңаймауына, берген нәрселеріңнің барлығына разы болуына неғұрлым тиімді. Алла көңілдегілеріңді біліп тұрады. Алла – бәрін білуші, аса сабаз (жазалауға асықпайды).

52. Саған бұлардан кейін әйел алу халал болмайды. Келбет-көркі сені қызықтырса да, оларды ауыстырып алуыңа болмайды. Бірақ меншігіңдегі күңдер мұның сыртында. Алла – барлық нәрсені байқап-бақылаушы.

53. Ей, мүминдер! Тамаққа шақырылғанда болмаса, пайғамбарлардың үйіне (рұқсатсыз) кірмеңдер. Шақырылғандарың да (алдын-ала астың) пісуін күтіп отырып алмаңдар. Бірақ тамаққа шақырылғанда ғана кіріңдер де, жеп болған соң әңгімелесіп отырып қалмай, тез тарап кетіңдер. Бұл іс (тамақтан кейінгі әңгіме) пайғамбарды ренжітеді. Пайғамбар (оны айтудан) ұялады, бірақ Алла хақ істен ұялмайды. Пайғамбардың әйелдерінен бір нәрсе сұрасаңдар, перде сыртында тұрып сұраңдар. Мұның өзі сендердің жүректеріңнің де, олардың жүректерінің де тазалығы үшін. Сендерден Алланың Расулын ренжітулеріңе және өздерінен кейін олардың әйелдеріне некеленулеріңе әсте болмайды. Мұндай етулерің – Алланың алдында үлкен қылмыс.

54. Сендер бірер нәрсені әшкерелесеңдер де, (көңілге) бүксеңдер де (Алла бәрібір біліп тұрады,) барша іс Аллаға аян.

55. Оларға (пайғамбардың әйелдеріне) әкелерімен, ұлдарымен, аға-бауырларымен, аға-бауырларының ұлдарымен, әпке-қарындастарының ұлдарымен, мұсылман әйелдермен және меншігіндегі құл-күндермен (пердесіз) жүздесу айып емес. (Ей, пайғамбар әйелдері!) Алладан қорқыңдар. Алла шүбәсіз барлық істі көріп тұрады.

56. Алла расында пайғамбарға рахмет етеді (абыройын жоға-рылатып, дәрежесін өсіреді), періштелер де (оны) қалап тілек тілейді. Ей, мұсылмандар, сендер де Расулуллаға салауат айтыңдар және сәлем беріп тұрыңдар.

57. Алланы және оның Расулын ренжіткендерге Алла дүниеде, ақыретте шынында лағынет айтады, оларға қорлық азап дайындап қояды.

58. Мүмин еркектер мен мүмін әйелдерді жоқтан өзгемен ренжіткендер, анық сол жаланы және көрнеу күнәні өз мойындарына артқан болып есептеледі.

59. Ей, пайғамбар! Әйелдеріңе, қыздарыңа, мұсылмандардың әйеліне айтып қой: денелерін жамылғыларымен жауып алсын. Осылай ету олардың (азат әйел екендігі) тез танылуына, басқалардың соқтықпауына тиімді. Алла өте кешірімшіл, асқан мейірімді.

60. Егер мұнафықтар, жүректерінде дерті барлар, қалада (Мединеде) өсек

айтушылар (қылмыстарынан) тиылмаса, сені оларға (тиым салуға) пәрменді етеміз. Одан соң олар қалада сенімен азғантай уақыт қана көрші тұра алады.

61. (Олар) лағынетке ұшырап, қай жерде болса, сол жерде ұсталады, өлтіріледі.

62. Бұл – Алланың бұрынғы (үмбеттерге) ұстаған жолы. Алланың жолынан ешбір өзгеріс таба алмайсың.

63. Адамдар сенен қиямет уақыты жөнінде сұрайды. „Оның мағлұматы Алланың қасында (мен білмеймін)“ деп айт. Сен қайдан білесің? Бәлкім, оның уақыты жақын қалған шығар.

64. Алла кәпірлерді рахметінен аулақтатып, оларға лаулаған тозақты дайындап қойды.

65. Олар онда мәңгі-бақи қалады, ие де, панагер де таба алмайды.

66. Беттері тозақта бырысып-тырысатын күні олар: „Әттеген-ай! Аллаһқа мойынсынған, пайғамбарға бойсұнған болсақшы!“ дейтін болады.

67. Олар айтады: „Раббымыз, біз расында басшыларымызға, үлкендерімізге бойсұнған едік, солар бізді жолдан адастырды.

68. О, Раббымыз, оларға екі еселеп азап бер және қатты лағнет айт!”

69. Ей, мүминдер! Сендер Мұсаны ренжіткендердің (Исрайыл ұрпақтарының) аяғын құшпаңдар. Бірақ Алла олардың айтқан жалаларынан оны ақтады. Ол Алланың алдында абыройлы еді.

70. Ей, мүминдер! Алладан қорқыңдар түзу сөз сөйлеңдер.

71. Алла істеріңді оңғарады, күнәларыңды жарылқайды. Кім Аллаға және оның Расулына бойсұнса, ол расында ұлы табысқа жетеді.

72. Рас, біз аманатты (парыздарды, шариғат міндеттерін) көк пен жерге, тауларға ұсындық. Олар оны үддесіне алудан бас тартты, одан қорықты. Оны адам баласы үддесіне алды. Адам баласы тым залым және топас қой.

73. (Жоғарыдағы аманатқа хилафтық жасағандығы үшін) Алла мұнафық ерлер мен әйелдерді және мүшірік ерлер мен әйелдерді азапқа салады. (Бұл аманатқа адал болғандығы үшін) мүмін ерлер мен әйелдерді жарылқайды. Алла аса кешірімшіл, ерекше мейірімді.

34. СӘБӘ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 54 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Барлық мақтау көк пен жердегілердің баршасы өзіне тән болған Аллаға лайық. Ақыреттегі мақтау да оған лайық. Ол – хикмет иесі, бәрінен хабар алушы.
2. Ол жер қойнына кіргенді (алуан түрлі қатты, жұмсақ, қою, сұйық кендерді, өлілерді), жерден шыққанды (өсімдік, су, орман қатарлыларды), көктен түскенді (періште, ажал, ризық, жаңбырларды), көкке өрлегенді (жақсы істерді, ақ дұғаларды) біліп тұрады. Алла – төтенше мейрімді, аса жарылқаушы.
3. Кәпірлер: „Бізге қиямет келмейді“ дейді. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: „Олай емес, ғайыпты білуші Раббыма серт, қиямет сендерге сөзсіз келеді. Көк пен жердегі зәредей ауырлықтағы нәрсе де Алладан жасырын болмайды, сондай-ақ одан үлкені де кішісі де , кітапта жазылмаған бірде-бірі жоқ“ деп айт.
4. Бұл (лауҳұлмахфузда естелікке алынудың өзі) иманды болып, түзу іс істегендерді сыйлау үшін. Әне, солар жарылқауға, тамаша ризықтарға ие болады.
5. Аяттарымыз жөнінде (бізді) әлсіретуге ұрынғандар қатты жазаланып азапқа дұшар болады.
6. Білім берілгендер (сахабалар, ғұламалар) саған Раббыңнан түсірілген Құранның хақ екендігін, мүлде жеңімпаз, мақтауға лайық Алланың жолына бастайтындығын біледі.
7. Кәпірлер: „Сендер (қабірде шіріп) тоз-тозалаң болғаннан кейін, сөзсіз қайта жаратыласыңдар деп сендерге хабар беретін адамды көрсетейік пе?“ деседі бір-біріне.
8. ”Ол Алла жөнінен өтірікті шығарып жүр ме, әлде оның есерсоқтығы бар ма?” Олай емес, ақыретке сенбейтін азапта және мықтап адасуда.
9. Олар көктен, жерден (өздерін орап тұрған) алды-артындағыларды көрмей ме? Біз қаласақ, оларды жерге жұтқызамыз, не үстілеріне көкті паршалап жаудырамыз. Міне, осының өзінде (Аллаға) берілген әрбір пенде үшін әрине ғибрат бар.
10. Біз Дәуітке өз жанымыздан (пайғамбарлық, Зәбур кітабы, таулар мен құстардың бағынуы, темірді жұмсарту, сауыт жасау сияқты) артықшылық бағыштадық: ”Ей, таулар! Ей, құстар! Дәуітпен бірге тасбих айтыңдар!” (дедік) және темірді оған жұмсартып бердік.

11. ”Кемелді сауыт жаса, тоқығаныңда (шығырықтары) өлшемге сай болсын. (Үй ішіңмен бәрің) түзу іс істеңдер. Сендердің не істегендеріңді барлап тұрамын” (дедік).

12. Біз Сүлейменге таңертең бір айлық, кеште бір айлық жол басатын желді бағындырдық. Оған еріген мыстан бұлақ ағызып бердік. Раббының әмірімен жындар да оның алдында жұмыс істейтінді. Олардан кім әмірімізге қиғаштық істесе, оған тозақ азабын тартқызатынбыз.

13. Олар Сүлейменнің қалауы бойынша ғимараттарды, (мыстан, әйнектен, ғажайып) мүсіндерді, көлдей үлкен елегендерді (үлкендігінен) мызғымайтын қазандарды жасаушы еді. ”Ей Дәуіттің үй-іші! Шүкірлік етіңдер! Шүкірлік ететін пенделерім өте аз” (дедік).

14. Сүлейменнің қазасын үкім еткен кезімізде оның өлгендігін асасын (үңгіп) жеген құрттар ғана білдірді. Ол (сүйеніп тұрған асатаяғынан) жығылып түскенде барып жындар анық білді. Егер олар ғайыпты білген болса, мұндай ауыр бейнет-машақатта (сонша ұзақ) тұрмас еді.

15. Сәбә қауымының мекендеген жерінде (Алланың құдіретін көрсететін) бір дәлел бар: оң жағында бір, сол жағында бір бақша бар еді. „Раббыларыңның ризығынан жендер, оған шүкір етіңдер, (бұл) бір жақсы қала, аса жарылқаушы Раббыларың да бар“ (дедік оларға).

16. Олар (шүкірден) бас тартты. Біз жойқын сел жібердік те, олардың құлпырған екі бақшасын ашты миуалы, жыңғылды, арасында жылан ағашы бар бақшаға айналдырып қойдық.

17. Оларды күпірлік еткендер үшін осылай жазаладық. Біз тек күпірлік етушілерді ғана жазалаймыз.

18. Олар мен біз береке берген қыстақтар арасында көзге түсерлік қыстақтарды (Шам мен Иеменнің арасындағы кенттерді) барлыққа келтірдік. Бұлардың арасында (сапарда азық-түлік алмаса да таңерең шыққан жолаушы түсте бір бекетке, кеште бір бекетке жететіндей етіп) жолдарды өлшемге түсірдік. (Оларға:) „Күндіз-түні алаңсыз аман-есен сапар шегіңдер“ (дедік).

19. Олар: „Раббымыз, сапардың (бекеттердің) араларын алшақтатып бер“ деп, өздеріне кесір тапты. Біз оларды (кейінгілер үшін) аңызға айналдырдық. Астаң-кестеңін шығарып, тоз-тоз қылдық. (Тауқыметке) сабыр, (дәулетке) шүкір етушілер үшін осының өзінде көп ғибарат бар екені шүбәсіз.

20. Расында Ібілістің олар жөніндегі (аздыру) ойы іске асты, тек бір топ мүміннен басқасы түгел оның жетегінде кетті.

21. Ібілістің оларға әмірін жүргізер күші жоқ еді. Бірақ бұл ақыретке сенушілер мен оған шек келтірушілерді (анықтап) біліп айыру үшін (сынақ болды). Раббың – күллі затты бақылаушы.

22. Оларға: «Алладан өзге құдай деп ойлағандарыңды шақырыңдар,

оларың көкте және жерде зәредей нәрсеге ие болуға қуатсыз әрі бұл екеуінің (жаратылуында) олардың ешқандай ортағы жоқ. Аллаға оларыңның ешбіреуі көмекші емес» де.

23. Алланың құзырында ол рұқсат еткеннен басқаның шапағаты пайда бермейді. Тек олардың жүректерін қорқыныш айыққанда ғана олар (бір-біріне): ”Раббың (шапағат жөнінде) не айтты?” деседі. (Шапағат бұйырылғандар): ”Ақиқатты айтты” дейді. Алла – өте жоғары, асқан үлы.

24. (Ей, Мұхаммед!) ”Сендерді көктен және жержүзінен кім ризықтандырып тұр?” деп сұра және (жауап ретінде): «Алла», - деп айт, негізінде сендер не біз (екі жақтың бірі) тура жолда немесе көрнеу адасудамыз”.

25. Оларға: ”Біз істеген күнәдан сендер сұраққа тартылмайсыңдар да, сендердің істегендеріңнен біз сұраққа тартылмаймыз” деп айт.

26. ”Раббымыз бәріміздің басымызды бір қосады, одан соң арамызға хақ үкім шығарады. Ол - асқан әділ үкімгер, ерек білгір” деп айт.

27. Тағы да айтып қой: ”Оған қосқан серіктеріңді маған бір көрсетіңдерші! Жоқ, әсте мүмкін емес” деп. Қайта ол – ерең жеңімпаз, хикмет иесі Алла.

28. Сені бүкіл адам баласына тек қана қуандырушы әрі ескертуші етіп жібердік. Бірақ адамдардың көбі мұны білмейді.

29. Олар: ”шыншыл болсаңдар, бізді қорқытқан бұл уағда қашан орындалмақ?” дейді.

30. Оларға: ”Сендерге (азап үшін) уағдалы бір күн бар. Одан бір сәт ілгері де кетпейсіңдер, кейін де қалмайсыңдар” деп қой.

31. Кәпірлер: ”Біз Құранға да, оның алдындағы кітаптарға да әсте сенбейміз” деді. Бұл залымдардың Алланың алдында тоқтатылып, бір-бірімен сөз таластырып тұрған әлетінде көрсең, олардың нашарлары жуансынғандарына: ”Сендер болмасаңдар, біз сөз жоқ иман келтіретін едік” дейді.

32. Жуансынғандары нашарларына: „Сендерге тура жол келгеннен кейін, біз сендерді одан тыйдық па? Керісінше өздіктеріңнен күнаға баттыңдар ғой“ дейді.

33. Нашарлары жуансынғандарына: „Күні-түні істеткен даярлықтарың (бізді тосты), сол кезде бізді Аллаға серік қосып, қарсы шығуға бұйырушы едіңдер“ дейді. Олар азапты көрген кезде ғана (екі топ бірдей) іштей өкінеді. Біз кәпірлердің мойнына бұғау саламыз, оларға істеген қылмыстарының ғана жазасы беріледі.

34. Біз бір қалаға ескертуші (пайғамбар) жіберсек олардың дәулеттілері: „біз сенің пайғамбарлығыңды мойындамаймыз“ деді.

35. Олар: „біз көп мал, көп баланың иелеріміз. Біз азапқа дұшар болмаймыз“ дейді.

36. Оларға: „Раббым қалаған адамның ризығын молықтырады, (қалаған адамның ризығын) тапшы қылады. Бірақ адамдардың көбі мұны түсінбейді“ де.

37. Малдарың да, балаларың да өздеріңді біздің құзырымызға жақындата алмайды. Кім иман келтіріп, түзу іс істесе, міне осылар істегеніне қарай еселеп сауап алады. Және (Жаннаттың) төр бөлімдерінде көңілді отыра алады.

38. Біздің аяттарымызды күшінен қалдыруға тырысушылар – Алланың азабына дұшар болатындар.

39. «Раббым қалаған адамның ризығын молықтырады, (қалаған адамның ризығын) тапшы қылады. (Алла жолында) берген нәпәқаларыңның есесін Алла толтырады. Ол – ризық берушілердің ең жақсысы» деп айт.

40. Ол күні Алла оларды (есеп алу үшін) түгел жияды, содан соң періштелерден: „бұлар сендерге табынған ба еді?“ деп сұрайды.

41. Олар (періштелер): „Сен кіршіксіз пәксің. Біздің иеміз олар емес, өзіңсің. Олар (бізге сиынбай) жынға табынушы еді және көп сандысы соларға сенуші еді“ дейді.

42. Ол залымдарға: „Біріне-бірің не пайда, не залал жеткізуге қуатсызсыңдар. Сендер өтірікке санаған тозақ отының дәмін енді татыңдар“ дейміз.

43. Біздің айқын аяттарымыз оларға оқылған кезде, олар: „Бұл адам ата-бабаларың ғибадат еткен діннен тосуды ғана көздейді“ деді. Сондай-ақ (аяттарымызды) „Ойдан қиыстырылған өтірік“ деді. Ал өздеріне келген ақиқатты: „Ашықтан-ашық сиқырлық“ деді.

44. Біз оларға оқулық ретінде кітап түсірмедік әрі сенен бұрын ескертуші (пайғамбар) жібермедік.

45. Олардан бұрынғылар да (бұл ақиқатты) мойындамаған еді. Бұлар (Мекке кәпірлері) оларға бергеніміздің (күш-қуат жағынан) оннан біріне де жеткен жоқ. (Сонда да) Пайғамбарымды мойындамады. Мені мойындамағандардың жай-күйі қандай болды?!

46. Сен оларға: „Сендерге бір істі насихаттамақпын. Алла үшін екі-екіден немесе жалғыз-жалғыздан орындарыңнан тұрыңдар (құлшылық етіңдер, тілек тілеңдер), содан соң ой жүгіртіңдер. Сендердің ағайындарыңда (Мұхаммедте) ешқандай жындылық жоқ. Ол тек, қатты азап келер алдында сендерге бір ескертуші ғана“ деп айт.

47. Оларға: „Мен сендерден ақы тілемедім, ақы сендерге болсын, менің ақым Алладан. Алла барлық нәрсеге куә“ деп айт.

48. Оларға: ”Раббым шындығында хақ арқылы бұзықтықты күйретеді. Ол – ғайыптарды түгел білуші” де.
49. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: ”Ақиқат (Ислам) келді. Жалғандық (ешнәрсе) жарата алмайды әрі (жоғалғанды) қалпына да келтіреде алмайды” де.
50. ”Егер мен адассам, оның зияны өзіме. Егер оң жолда болсам, онда бұл Раббымның маған уахи еткенінің (Құранның) медетінен. Ол расында бәрін естуші, өте жақын” де.
51. Оларды қорқып, қашатын жер таба алмай, жақын жерде (тозаққа салуға) ұсталып жатқан кезінде бір көрсең.
52. Олар (сол кезде ғана): ”Оған иман келтірдік” дейді. Сонша алыс жерде (ақыреттен) олар иманға қайтіп қол жеткізе алсын?
53. Олар бұрын расында оны (пайғамбарды) мойындамаған еді. Олар алыста тұрып (көзі жетпеген) ғайыпқа нысана атты (білмей тұрып ауыздарына келгенді көкіді).
54. Олар мен өздерінің үміт еткен нәрселерінің арасына кедергі түседі (иманды болу, жанатқа кіру олардың құр қиялы еді). Олардың өздерінен бұрынғы мүдделестеріне де солай істелген еді. Өйткені олар да (дүниедегі кездерінде) бұл туралы төтенше шәк-шүбәда болатын.

35. ФАТЫР СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 45 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Барлық мақтау атаулы көк пен жерді барлыққа келтіруші, екі қанатты, үш қанатты, төрт қанатты періштелерді елші етіп жіберуші Аллаға тән. Алла жаратуда қалағанын арттырып отырады. Алла шүбәсіз барлық нәрсеге құдіретті.
2. Алланың өз рахметінен адам баласына бағыштаған нәрсесін тосып қалушы жоқ. Алланың тосқан нәрсесінде одан кейін жіберуші жоқ. Ол – аса үстем, хикмет иесі.
3. Ей адамдар! Өздеріңе Алланың берген игілігін еске алып тұрыңдар. Жер мен көктен сендерге ризық беретін Алладан басқа бір жаратушы бар ма? Бір Аллдан басқа ешқандай құдай жоқ. Алланың ғибадатынан қайтіп бас тартасындар?
4. (Ей, Мұхаммед!) Олар сені мойындамаса (қамықпа), сенен бұрынғы елшілер де жалғанға шығарылған еді. Барлық іс Алланың алдына қайтарылады.
5. Ей адамдар! Шындығында Алланың уағдасы хақ. Сендерді дүние

тіршілігі әсте алдамасын. Сондай-ақ азғырушы (шайтан) да Алланың кешірімінің кеңдігімен алдамасын.

6. Шайтан сендерге анық дұшпан. Сендер де оны дұшпан керіңдер. Шайтан өз тобын тозақтық болуға үндейді.

7. Кәпірлерге (қияметте) қатты азап бар. Иманды болып, түзу іс істегендер жарылқанады және мол сауапқа ие болады.

8. Өзінің жаман ісі өзіне абзал көрінген және онысын өзі жақсы деп білген адам ба (дұрыс жол тапқан адаммен бірдей ме)? Алла қалаған адамын адастырып, қалаған адамын дұрыс жолға салады. (Ей, Мұхаммед!) Олар (иман келтірмегендер) үшін қайғырып күйзелме! Алла әрине олардың істеген істерін толық біледі.

9. Алла желдерді жіберіп, бұлтты қозғайды. Бір бұлтты өлі жерге (қағырға) айдаймыз. (Жаңбыр жауады,) сол жаңбыр мен жансыз қалған жерді қайта жандандырамыз. Өлілердің тірілуі де құдды осы тақылетті.

10. Кім (дүниеде) атақ-даңққа бой ұрса (ол біліп қойсын), күллі даңқ атаулы Аллаға тән. Жақсы сөз Алланың алдына шейін өрлейді. Жақсы іс оны биіктетеді. (Пайғамбарларға қарсы) жамандық айла-шарғы істеткендерге қатты азап бар. Бұлардың айла-шарғылары сәтсіздікке ұшырайды.

11. Алла сендерді (әуелде) топырақтан, одан соң мәни суынан жаратты. Оның артынан сендерді (бір ер, бір әйелден) жұптады. Алланың ілімінсіз әрқандай әйел жүкті болмайды, тумайды. Әрқандай жанның өмірінің ұзын не қысқа болуы – бәрі де кітапта (Лаухұлмахфузда) жазулы. Бұл әрине Аллаға оңай.

12. Екі теңіз ұқсас емес. Мынау тәтті, ішуге жағымды: анау ащы, тұзды. Осының екеуінен де жас ет (балықтарды) жейсіңдер. Және тағынатын зейнет бұйымдарын (інжу-маржандарды) шығарасыңдар. Алланың игілігінен ризық іздеулерің үшін және шүкірлік етулерің үшін теңізде толқын жара кетіп бара жатқан кемелерді көресің.

13. Алла түнді күндізге, күндізді түнге кіріктірді: күн мен айды (пенделердің пайдасына) бағындырып берді. Барлығы белгіленген мерзімге дейін әрекеттенеді. Міне осы Алла – сендердің Раббыларың. Патшалық Оған тән. Одан басқа табынғандарың (пұттарың) қылдай нәрсеге де иелік ете алмайды.

14. Егер оларды шақырсаңдар, сендердің үндеріңді естімейді. Естіген күнде де жауап қайтара алмайды. Қиямет күні сендердің (өздерің Аллаға) серік еткендіктеріңді де мойындамайды. (Бұлардың қияметтегі жай-күйін) саған бәрінен хабардар болғанның (Алланың) хабар бергені сияқты ешкім айтып бере алмайды.

15. Ей адамдар, сендер Аллаға мұқтажсыңдар. Алла беймұқтаж, мақтауға лайық.

16. Ол қаласа сендерді жоқ қылып (орындарыңа) жаңа бір халықты барлыққа келтіреді.
17. Бұл Аллаға қиын емес.
18. Ешбір күнәкар екінші біреудің күнәсін көтермейді. Күнәсі ауыр біреу күнәсін көтертуге біреуді шақырса, ол оның жақын туысы болса да оның күнәсінен титтей де көтере алмайды. Сен, сөз жоқ, көрмей тұрып Алладан қорыққандарды, намаз оқитындарды ғана абайлата аласың. Кімде-кім, күнәдан тазарса, ол өзі үшін тазарады. Түбінде барар жерің – Алланың алды.
19. Көзсіз бен көзді, кәпір мен мұсылман тең емес.
20. Қараңғы мен жарық (жалған мен шындық) тең емес.
21. Сая мен ыстық, (жұмақ пен тозақ) тең емес.
22. Тірілер мен өлілер тең емес. Алла расында (ақиқатты қалаған) адамына естірте алады. Сен қабырдағыларға (кәпірлерге) естірте алмайсың.
23. Сен тек қана ескертушісің.
24. Анығында біз сені (мұсылмандарға) шындықпен (хақ дінмен) қуаныш хабарын жеткізуші, кәпірлерді (тозақпен) қорқытушы етіп жібердік. Іштеріне қорқытушы (пайғамбар) келмеген ешбір үмбет жоқ.
25. Олар сені өтірікке шығарса, олардан бұрынғыларда айқын мұғжизалар, (Ибраһимге түскен Сахифа сияқты) Сахифалар және (Тәурат, Забур, Інжіл сияқты) түрлі кітап әкелген пайғамбарларын өтірікке шығарған болатын.
26. Мұнан соң кәпірлерді ұстадым (жазаладым), менің жазалауым қалай екен?
27. Көрмедің бе, Алла расында аспаннан жаңбыр жаудырды, Ал онымен алуан түрлі жемістерді өндірдік. (Алла тауларды жаратты) таулардың ағы, қызылы, алуан түсті жолақтылары және қап-қаралары да бар.
28. (Сол сияқты) адамдарды, айуандарды, төрт түлік малды да алуан түсті етіп жаратты. Сондай-ақ пенделерінен (ең алдымен) ғалымдар Алладан қорқады. Алла шынында жеңіс иесі, өте кешірімді.
29. Алланың кітабын оқып тұратындар, намазды толық өтейтіндер, өздеріне берген ризықтарымыздан (Алланың разылығы үшін) көрнеу және жасырын жұмсап тұратындар зиянға ұшырамайтын саудадан (баянды жақсылықтан) үміттенеді.
30. Өйткені Алла олардың сыйлықтарын толық береді, тіпті мол рахметінен оларға артығырақ береді. Алла расында өте жарылқаушы, аз жақсылыққа көп сый беруші.
31. Біз саған уахи еткен кітап (Құран) – хақ, алдыңғы кітаптарды да растаушы. Алла расында пенделерден толық хабар алушы, аса көреген.
32. Мұнан соң тандаған пендемізге кітапты (Құранды) мұра етіп бердік.

Бұлардың кейбіреуі өзіне-өзі зұлымдық істейді (яғни Құранды оқығанмен іс жүзіндегі жоқ), кейбіреуі орташа (көп уақытта іс жүзінде қолданса да, кейде көңіл бөлмейді). Ал кейбіреуі Алланың әмірімен жақсылыққа асығады. Міне, осының өзі ұлы мархамет.

33. Олар Ғадын жаннаттарына кіреді, онда алтын білезік, меруерттермен безенеді, олардың киімдері түгел жібектен болады.

34. Олар: ”Күллі мақтау атаулы бізден қам-қайғыны жойған Аллаға тән. Раббымыз расында аса жарылқаушы, аз жақсылыққа көп сый беруші” дейді.

35. ”Бізді өз мархаматымен жұмақта тұрғызды. Мұнда бізге жапа-машақат та, шаршап-шалдығу да болмайды” деседі.

36. Ал кәпірлерге тозақ оты бар. Олар өліп тынса болар еді, бірақ, жандары да алынбайды, олардан азап та жеңілдетілмейді. Біз күпірлікте шектен асқандарды өстіп жазалаймыз.

37. Олар тозақта: ”Раббымыз, бізді тозақтан шығарып қой, (дүниеде) істегендерімізден бөлек бір жақсы іс істейік” деп жалбарынып зарлайды. (Алла:) ”Сендерге насихат алғысы келетін адамның өміріндей уағыз-насихат қабылдарлықтай өмір бермедім бе? Сендерге пайғамбарлар да келіп еді ғой, енді (азаптың дәмін) татыңдар. Залымдарға әсте медеткер жоқ” (дейді).

38. Алла көк пен жердің ғайыптарын түгел біледі. Тіпті көңілдегі сырларды да біледі.

39. Алла жержүзінде сендерге халифалық берді. Кім кәпір болса, оның кәпірлігінің зияны өзіне. Кәпірлердің күпірі Раббыларының алдында (өздеріне) тек ашу-ызаны ғана арттырады, сондай-ақ кәпірлердің күпірі (өздеріне) зиянды ғана арттырады.

40. (Ей, Мұхаммед!) ”Алладан шеттеп табынған ортақтарыңды көрдіңдер ме? Олар жержүзінде не жаратты? Маған көрсетіңдерші! Иә болмаса, көкті (Алламен) ортақтасып жаратты ма? Немесе біз оларға бір кітап беріп, олар ондағы айқын дәлелге негізделу де ме? Жоқ, олай емес, залымдар бір-біріне алдауды ғана уәде етеді” де.

41. Алла күйреп кетпесін деп жер мен көкті расында (ерекше құдіретімен мызғытпай) ұстап тұр. Егер бұл екеуі күйрейтіндей болса, одан басқа ешкім де оны ұстап тұра алмайды. Алла тым кеңпейіл (жазалауға асықпайды), ерекше кешірімшіл.

42. Олар: ”Егер, бізге ескертуші келсе, әрқандай бір үмбетке қарағанда дұрыс жолда боламыз” деп Аллаға мықтап ант-су ішкенді. Сөйтсе де өздеріне ескертуші келген заман олар тағы да аулақтап кетті.

43. Олар жержүзінде паңсынып, қулық-сұмдық істетті. Қулық-сұмдықтың зияны соның өз иесіне ғана тиеді. Олар бұрынғы үмбеттердің (ойран болған, жазаланып пәле-қазаға ұшыраған) жолынан басқаны күте

ме? Алланың жолынан әсте ешбір өзгеріс таба алмайсың. Сондай-ақ Алланың жолынан (біреудің жазасы екінші біреуге) алмасуды көре алмайсың.

44. Олар жержүзін аралап, өздерінен әлдеқайда қуатты бұрынғылардың ғақибетінің не болғанын көрмеді ме? Жер мен көктегі ешқандай нәрсе Алланы лажсыздандыра алмайды. Ол – шексіз бәрін білуші, бәріне күші жетуші Алла.

45. Егер Алла адамдарды істеген қылмыстарына қарай қырғынға алар болса, жержүзінде ешбір жан иесін қалдырмас еді. Бірақ оларды қарарлы мерзімге шейін кешіктіреді. Олардың (есеп беру) уақыты жеткенде (оларды істеген істеріне қарай жазалайды), Алла расында пенделерін көріп-бақылап тұрады.

36. ЯСИН СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 83 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ясин.
2. Хикметті Құранмен серт.
3. (Ей, Мұхаммед!) Сен нағыз пайғамбарлардансың.
4. Тура жолдасың.
5. Өте үстем, мейірімді Алла түсірген (Құран жолындасың).
6. Ата-бабалары (алдын-ала) ескертілмей ғапілетте қалған бір қауымға ескертуің үшін.
7. Олардың көпшілігі (азап туралы) үкім сөзге лайық болды. Сондықтан олар иман келтірмейді.
8. Олардың мойындарына иектерін тіреген бұғаулар салдық. Сондықтан олар бастарын ие алмай кекжиіп қалады (яғни, олар иманға мойынсал болып бас имейді).
9. Олардың алдына бір бөгет, артына бір бөгет салып қойдық. Көздерін көлегейледік, (иманның жолдары бөгеліп қалғандықтан) олар ешнәрсені көрмейді.
10. Оларға (алдын-ала) ескертсең де, ескертпесең де бәрібір иман келтірмейді.
11. Сен тек зікірге (Құранға) ұйыған, рақымды Аллаға көрмей сеніп, қорыққан кісілерге ғана ескерте аласың. Оларды жарылқанатындығымен және құнды сыйлықпен (Жаннатпен) қуандыр.

12. Біз шынында өлгендерді тірілтеміз. Олардың ілгергі ғамалдарын да, кейінгі істерін де жазып қоямыз. Біз барлық нәрсені ашық бір кітапқа (Лауҳұлмахфузға) түгелімен жазып қойдық.
13. Оларға елшілер келген қала (Антакия) тұрғындарын мысалға келтір.
14. Біз бір кезде оларға елші жібердік. Бірақ олар екеуін де мойындамады. Үшінші елшіні жіберіп (ол екуіне) медет бердік. Елшілер: „Біз сендерге келген нағыз елшілерміз“ деді.
15. Олар: „Сендер біз сияқты кәдімгі адамсыңдар. Рақымды Алла ешнәрсе түсірген жоқ. Сендер құтымдай өтірік айтасындар“ деді.
16. Елшілер: „Раббымыз біледі, біз расында сендерге келген елшілерміз.
17. Біздің міндетіміз – (айқын дәлелдер арқылы Алланың әмірін) толық жеткізу“ деді.
18. (Кәпірлер айтты:) „Сендер бізге жаман ырым әкелдіңдер. Айтқандарыңнан қайтпасаңдар, гәп жоқ сендерді таспен атқылаймыз әрі біздің жан түршігерлік жазамызға тап боласыңдар“.
19. Елшілер: „Жаман ырым өздеріңмен кетсін! Насихатталуларың жаман ырым болып па? Олай емес, сендер шектен шыққан қауымсыңдар“ деді.
20. Қаланың шалғай бір жерінен біреу (яғни Хабып Нәжжар) жүгіріп келіп: „Ей қауымым! - деді, - елшілерге ілесіңдер!
21. Тура жол тапқан, сендерден (өздеріңді иманға үндегеніне) ақы сұрамайтындарға ілесіңдер!”
22. (Ол сөзін сабақтап:) „Мен неліктен өзімді жаратқан һәм сендер даргаһына баратын Аллаға ғибадат қылмаймын?
23. Одан өзге тәңірлер тұтар болсам, егер Алла маған бір залалды тағдыр етсе, олардың шапағаты маған еш септігін тигізе алмайды әрі мені құтқара да алмайды.
24. Олай болғанда, мен сөзсіз ашықтанашық адасқан боламын.
25. Мен даусыз Раббыларыңа иман келтірдім. Маған құлақ салыңдар“.
26. (Солай дегені үшін оны залым ел тас атып өлтірді, Сол кезде оған:) „Жұмаққа кір!“ делінді (ғайыптан әмір берілді), сонда бұл адам (Хабып Нәжжар): „Әттең, қауымым білген болсашы.
27. Раббымның мені есіркеп, ардақталушы еткенін!“ деді.
28. Біз одан кейін оның қауымына аспаннан қосын (періштелер) түсірмедік, (сондай-ақ әрқандай қауымға қосын) түсіруші де емеспіз (өйтудің керегі жоқ).
29. Бір ғана дауыспен-ақ олар сеспей қатты.
30. Өздеріне келген пайғамбарды сайқымазақ еткен пенделерге неткен өкінішті десеңізші!

31. Олар (Мекке тұрғындары) өздерінен бұрын канша елді (қарсыласқандықтан) ойран еткендігімізді, олардың өз қастарына әсте кайта айналып келмейтінін көрмеді ме?

32. Олардың барлығы (қияметте) алдымызға жиналады.

33. Өлі жер олар үшін бір нышан (белгі): біз оны жандандырып, олар азық қылатын дән шығарамыз.

34. Ол жерден құрма, жүзім бақшаларын жараттық және арасынан бұлақтар ағыздық.

35. Олар мұның (Алла жаратқанның) жемістерінен және өздері қол екі істеген нәрселерінен жесін. Олар (бұған) шүкірлік етпей ме?□36. Жерде өнген нәрселерді, олардың өздерін және олар білмейтін нәрселерді жұп-жұбымен жаратқан Алла (нұқсаннан) пәк.

37. Оларға түннің өзі бір нышан, одан күндізді ажыратсақ, олар тас қараңғыда қалады.

38. Күн белгілі шекте әрекеттенеді. Міне бұл – жеңіс пен ғылым иесі Алланың белгілемесі.

39. Айға жүріп тұратын аралық белгіледік, қашан ол (ең ақырғы шекке барып) қураған құрманың бұтағына ұқсап қалғанға дейін.

40. Күннің айды қуып жетуі (екеуінің қосылуы), түннің де күндізді басып озуы (уақытынан бұрын күндіздің орнын басуы) мүмкін емес. Әрбіреуі бір жүлгеде жүзіп жүреді.

41. Олардын нәсілдерін толтыра кемеге (Нұх пайғамбардың кемесіне) шығаруымыздың өзі олар үшін бір ғаламат.

42. Әрі оларға сол кеме сияқты мінетін көліктерді ажыраттық.

43. Қаласақ оларды суға батырамыз, сонда оларға бірде-бір арашашы шықпайды, олар құтқарылмайды да.

44. Бірақ мәлім мезгілге шейін (өмірде) игіліктендіріп, мархамат еткендеріміз мұның сыртында.

45. Оларға: „Рахметке қол жеткізулерің үшін, алдарыңдағыдан және арттарыңдағыдан (дүние және ақыреттегі азаптан) сақтаныңдар“ делінді.

46. Раббыларыңның аяттарынан бір аят келсе, одан бет бұрды.

47. Оларға: „Алланың сендерге берген ризықтарынан (жоқ-жітіктерге) садақа беріңдер“ делінсе, кәпірлер мұсылмандарға: „Алла қаласа тамақтандыратын біреулерді біз тамактандырамыз ба? Сендер анық адасқан екенсіңдер“ деді.

48. Олар: „Егер шыншыл болсаңдар, бұл уағда қашан іске асады?“ дейді.

49. Олар (сауда-саттық және басқа да дүние мүлік істер жөнінде) керісіп тұрғанда оларды (тұтқиыл) жайрататын бір ащы дауыс күтіп тұрады.

50. Олардың өсиет айтуға, үйіне қайтуға мұршалары да келмейді.

51. Олар Сүр үрленген замат қабірлерінен тұрып, Раббыларына қарай жүгіреді.

52. Олар: „Әттеген-ай, бізді ұйықтап жатқан орнымыздан кім оятты?“ дейді. „Мейрімді Алланың уағдасы осы. Пайғамбарлар да шын айтқан“ (делінеді періштелер жағынан).

53. Бір айғай шығысымен-ақ, олар тұтас алдымызға жиналып дайын болады.

54. Ол күні ешкімге әділетсіздік істелмейді. Сендер тек істегендеріңнің ғана бодауын аласыңдар.

55. Ол күні Жаннаттықтар көңілді сауықпен шұғылданады.

56. Олар да, жұбайлары да көлеңкелерде тақтарға сүйеніп отырысады.

57. Олар үшін Жаннатта түрлі жемістср және тілегендеріңнің бәрі бар.

58. Рақымды Алладан оларға „Сәлем“ сөзі айтылады.

59. Ей, күнәкарлар, бүгін жіктеріңді айырыңдар.

60. Ей, Адам балалары, мен сендерге „шайтанға табынбаңдар, ол расында сендерге әшкере дұшпан“ деп серт бермедім бе?

61. „Маған ғана ғибадат етіңдер! Тура жол осы“ демедім бе?

62. Шайтан сендерден расында көп халықты азғырды. Мұны түсінбейсіңдер ме?

63. Сендерге уағда қылынған Жәһаннам осы.

64. Кәпір болғандықтарыңның жазасына енді соған кіріндер.

65. Сол күні олардың жағын қарыстырамыз. Бізге олардың қолдары сөйлейді, не істегендіктеріне аяқтары куә болады.

66. Егер біз тілесек, олардың көздерін соқыр қылар едік. Сонда олар жол табуға ұмтылады, бірақ қалай көре алсын?

67. Егер біз қаласақ, тұрған орындарында олардың бейнелерін (маймыл, шошқа, тас сияқтыларға) өзгертер едік, сонда олар не ілгері жүре алмайтын, не кейін қайта алмайтын болар еді.

68. Біз кімге ұзақ өмір берсек, сонда оның денесін әлсіретеміз (балалық, жастық, жігіттіктен кетіп, қартаяды, нашарлайды). Олар мұны түсінбей ме?

69-70. Біз оған (Мұхаммедке) өлең үйретпедік. Оған өлең лайық та емес. Бұл тек тірілерге ескерту, кәпірлерге (азап туралы) сөздің шындығын білдіретін уағыз-насихат және айқын Құран.

71. Құдірет қолымызбен оларға хайуандарды жаратқанымызды, бұларды өздері иеленіп басқарып түрғанын олар білмей ме?

72. Біз хайуандарды оларға бойсұндырдық, олар кейбіреуін мінеді, кейбіреуінің етін жейді.

73. Олар үшін сол хайуандарда қыруар пайда және (сүт сияқты) сусындар бар. Олар (осы игіліктерге де) шүкірлік етпей ме?

74. Олар бір көмегі тиер деп үміттеніп, Алладан өзге құдай жасап алды.

75. (Ол құдайлар) оларға көмек беруге бейқуатсыз. Бұл пұттар олардың өздеріне қарсы дайындалған бір косын (қияметте олардың қылмыстарына куәші болып, азапқа дұшарласуына себепкер болады).

76. (Ей, Мұхаммед!) олардың сөздері сені кейітпесін біз олардың құпия және әшкере істегендерін бәрін білеміз.

77. Адам баласы біздің өздерін бір тамшы судан (мәниден) жаратқанымызды білмей ме? Енді олар (Аллаға) ашық қыңырлық істейтін болды.

78. Ол өзінің жаратылысын да ұмытып, бізге (адамның тірлігіне қарсы шіріген сүйектерді) мысалдап көрсетті. Ол: «мына шіріген сүйектерді кім тірілте алады?» деді.

79. (Ей,Мұхаммед!) «Әу баста жаратқан ие тірілтеді. Ол барша жаратылысты біледі» деп айт.

80. Алла сендерге жасыл ағаш-тан от шығарды. Сендер онымен от жағасындар.

81. Көк пен жерді жаратушының, солар сияқтыны жаратуға құдіреті жетпей ме? Әлбетте жетеді, ол – ерен жаратушы, аса білгір.

82. Ол бір нәрсені (жаратуды) ниет қылса, оның бұйрығы оған «бол!» деу ғана. Сонымен ол бола қалады.

83. Күллі істің билігі өз қолында болған әрі сендер дәргәһына қайтарылатын Алла (нұқсаннан) пәк.

37. САФФАТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 182 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1-3. (Әмір күтіп) сапта тұрған, (бұлттарды) айдаған, (Алладан медет тілеп) зікір түсіріп тұрған періштелермен серт.

4. Құдайларың сөзсіз біреу-ақ.

5. (Ол) көк пен жердің әрі бұл екеуінің арасындағылардың Раббы және шығыстардың (һәм батыстардың) Раббы.

6. Біз жақын аспанды жұлдыздармен безендірдік.

7. Оны шектен шыққан барлық шайтаннан қорғадық.

8. Олар жоғарыдағы топтың (періштелердің) сөзін ести алмайды. Олар жан-жақтан (отты жұлдыздармен) атқыланады, қуылады.
9. Оларға ақыретте айықпас азап бар.
10. Алайда (аспан хабарынан) ұрланып сөз тыңдағанды отты жұлдыз қуады.
11. Олардан сұра: оларды жарату (яғни өлгеннен кейін тірілту) қиын ба, әлде біздің жаратқандарымызды (аспанды, жерді, періштелерді, үлкен жануарларды) жарату қиын ба? Біз расында оларды (арғы тегі Адам атаны) жабысқақ балшықтан жараттық.
12. Жоқ, сен (бұл жаратылысқа) қайран қалдың, олар сені келеке қылды.
13. Уағыз-насихат айтылса да, олар қабылдамады.
14. Бірер мұғжизаны көрсе де келеке қылады.
15. Олар айтады: «Бұл – кепе-көрнеу сиқырлық.
16. Біз өліп топыраққа және қу сүйекке айналып қалған кезде, рас тірілтілеміз бе?
17. Бұрынғы ата-бабаларымыз да (тірілтіле ме)?»
18. (Ей, Мұхаммед!) «Сендер, әрине, қор болып тірілесіңдер» деп айт.
19. Олар бір сұрапыл дауысты (Исрафилдің тартқан сүрін) ести сала (махшарға жиналып, өздері көретін нәрсені күте) қарап қалады.
20. «Әттеген-ай, Бұл жаза күні екен ғой!» дейді.
21. «Бұл – сендер өтірікке шығарған сот күні».
22-23. (Алла періштелеріне әмір береді:) Залымдарды, олардың сыбайластарын және Алладан шектеп табынған пұттарын (махшарға) жинаңдар да, оларға тозақтың жолын көрсетіп қойыңдар.
24. Оларды тоқтата тұрыңдар, өйткені олар сұраққа тартылады».
25. Оларға: «Бір-біріңе қалайша қайырыспайсыңдар!» (делінеді).
26. Жоқ, олар бүгін бойсұнушы болды.
27. Олар бір-бірімен беттесіп сөз таластырады.
28. (Ілесушілер бастаушысына:) «Сендер (ант ішіп) бізді зорладыңдар» дейді.
29. (Бастаушылар:) «Олай емес, өздерің иман келтірмедіңдер» дейді.
30. «Біздің сендерді зорлайтын күшіміз жоқ еді, өздерің азғын ел едіңдер».
31. «Раббымыздың бізге айтқан сөзі шын болды. Расында біз (сол сөз бойынша) сөзсіз сазайымызды тартушылармыз.
32. Біз сендерді аздырдық, өзіміз де шын азғын едік».
33. Міне бұлар сол күні жазада ортақ.
34. Біз күнәкарларға сөзсіз осыны істейміз.

35. Олар расында сондай, өздеріне: «бір Алладан өзге ешбір құдай жоқ» делінген кезде тәкаппарсып кетіп еді.
36. Олар: «делқұлы бір ақынға (оның сөзіне) бола (бұрыннан табынып келген) құдайларымызды тәрк етпекпіз бе?» десетін.
37. Олай емес. Ол (Мұхаммед) хақ (дін) әкелді. Және пайғамбарларды растады.
38. (Бүгін) сендер қалай да қатты жазаның дәмін тартасындар.
39. Сендер тек істеген қылмыстарыңа қарай жазаланасыңдар.
40. Алланың адал пенделері ғана жазаға тартылмайды.
41-42. Олар мәлім ризық-несібелердің түрлі жемістердің қызығын көреді әрі құрметтеледі.
43. Олар ырыс бақшаларында;
44. Тақтарда ерсілі-қарсылы отырады.
45-47. Ішушілер үшін ерекше ләззатты, бас ауыртпайтын әрі мас қылмайтын, аппақ шарап толтырылған кеселер оларға (толассыз) айнала ұсынып тұрады.
48-49. Олардың жанында ешкімге назар көзін салмайтын, құралай көз, шаң тимеген ақаусыз жұмыртқадай аппақ жұбайлар болады.
50. Олар (жұмақтықтар) біріне-бірі қарап әңгімелеседі.
51. Олардың біреуі: «Менің бір досым бар еді.
52. Ол маған: сен шынымен-ақ сенесің бе?
53. Өліп топыраққа және қу сүйекке айналғаннан кейін де есеп береміз бе деуші еді.
54. Соған бір кездесейік пе?» дейді (қасындағыларға).
55. Ол бір қарап оны (әлгі кәпір досын) Тозақтың қақ ортасынан көреді де,
56. «Алла сақтасын, мені де ойран қыла жаздапсың-ә!» дейді.
57. «Егер де Раббымның (иманды шыңдау сынды) мархаматы болмаған болса, менде Тозаққа түсірілгендерден болатын едім.
58. Ендігәрі біз өлмейміз бе?
59. Алғашқы өліміміз ғана. Біз азапқа да дұшар болмаймыз».
60. Міне бұл – (Жаннаттықтар қол жеткізген игілік) анық зор бақыт.
61. Істеушілер осындай зор бақыт үшін істесін.
62. Бұл қонағасы жақсы ма? Болмаса Заққұм ағашы жақсы ма?
63. Бұл – Заққұм ағашының залымдарға (ақыретте) азап үшін жараттық.
64. Ол – нақ Жаһаннамның түбінде өсетін бір ағаш.
65. Оның миуасы құтты шайтанның басы сияқты.
66. Олар соны жеп қарындарын қампайтады.

67. Содан соң оның үстіне (ірің аралас) қайнап тұрған су ішкізіледі.
68. Мұнан соң олардың баратын орны сөзсіз тозақ болады.
69. Олар, сөз жоқ, ата-бабаларын азғын деп таныған еді.
70. Соңында сол ата-бабаларының ізімен жүгірді.
71. Олардан ілгері бұрынғылардың көпшілі адасқан еді.
72. Расында оларға да ескертушілер жіберген едік.
73. Сол ескертілгендердің (бұрынғылардың) соңының қандай болғанына назар сал!
74. Тек Алланың адал пенделері ғана азаптан аулақ болды.
75. Расында Нұх бізге дат айтты, біз (жалбарып айтқан датты) аса жақсы қабылдаушымыз.
76. Біз оны және оның (жанұясын) үлкен қайғыдан (су апатынан) құтқардық.
77. Оның ұрпақтарын мәңгі бақи жалғап отырдық.
78-79. Кейінгі ұрпақтар ішінде «бүкіл ғаламда Нұхқа сәлем!» деген алғыс қалдырдық.
80. Біз расында жақсыларды осылай сыйлаймыз,
81. Нұх анығында иманды пенделерімізден еді.
82. Онан басқаларың (Нұхтың көп санды кәпір болған қауымын) біз топан суға қарық қылдық.
83. Ибраһим де расында Нұхтың жолында еді.
84. Өйткені ол Ибраһим Раббына кіршіксіз жүрекпен келген адам болатынды.
85. Сол кезде ол әкесіне және қауымына былай деді: «сендер не нәрсеге табынып жүрсіңдер?
86. Алладан өзге өтірік тәңірлерге табынып жүрсіңдер ме?
87. (Затында) бүкіл әлемнің Раббы-на нендей ойларың бар?»
88-89. Ол жұлдыздарға бір қарап алды да: «мен ауырып тұрмын» деді.
90. Олар Ибраһимнен кете берді.
91-92. Ибраһим олардың пұттарының жанына оңаша барып (ажуалап): «Неге жемейсіңдер? Неге сөйлемейсіңдер?» деді.
93. Сонымен ептеп келіп, оң қолымен (пәрменінше) ұрып қирата берді.
94. Қауымы (оны көріп) жабырласып жүгіріп келді.
95. (Ибраһим:) «Өздерің қолмен жасап алғандарыңа табынасыңдар ма?
96. Сендерді де, сендер жасаған нәрсені де Алла жаратты» деп еді,
97. Олар «Ибраһимге (арнап) бір құрылыс салыңдар да, (оның ішіне толтыра от жағып) оны сол отқа тастаңдар» десті.

98. Олар (отқа тастау арқылы) Ибраһимге қастандық істемекші болды, (бізде Ибраһимді құтқарып) олардың мысын құрттық.

99. Ибраһим: «мен Раббым бұйырған жаққа кетемін. Ол өзі жетектейді» деді.

100. (Көңіліндегі жерге барған соң) «иә, Раббым! Маған бір жақсы бала еткейсің!» деп жалынды.

101. Біз оны аса мүләйім бір ұл баламен қуанттық.

102. Баласы (Смағұл) әжетке жарап қалған кезде, (Ибраһим оған:) «қарғатайым, түсімде мен сені бауыздауға (құрбан шалуға) бұйырылдым (пайғамбардың түсі хақ болады). Сен қалай қарайсың? Ойлап көр» деп еді, баласы: «Әке, өзіңе бұйырылған істі істе! Құдай бұйырса, мені қайсар шыдамдылар қатарынан табасың» деді.

103. Екеуі де (Алланың әміріне) бойсұнды. Баласын қырынан жатқызды, (бірақ Алланың құдіретімен бауыздауға пышағы өтпей қалды.)

104-105. Біз: (сонда ғана) «Ей, Ибраһим, түсіңді орындадың. Біз жақсыларды күдіксіз осылай сыйлаймыз» деп айқайладық.

106. Бұл нағыз көрнекті сынақ еді.

107. Біз оның орнына үлкен құрбандық (Ұжымақ қошқарын) ауыстырдық.

108-109. Біз оған соңғылар ішінде «Ибраһимге сәлем!» деген алғыс қалдырдық.

110. Біз жақсыларды осылай сыйлаймыз.

111. Өйткені ол иманды пенделерімізден еді.

112. Біз одан пайғамбарлардың ізгілерінен болған Ысқақпен сүйінші сұрадық.

113. Ибраһимге және Ысқаққа (дін мен дүниенің) берекетін бағыш еттік. Бұл екеуінің ұрпақтарынан нелер жақсылар да, өздеріне ашық зұлымдық істейтіндер де шығады.

114. Біз Мұса мен Һарунға (пайғамбарлық негіз еткен) ұлы абырой бердік.

115. Біз оларды және оның қауымын (Бәни Исрайылды) үлкен апаттан (Перғауынның құлдануынан) құтқардық.

116. Оларға медет бердік, сондықтан олар жеңіске жетті.

117. Ол екеуіне түсініктік кітап (Тәуратты) бердік.

118. Екеуін тура жолға бастадық.

119. Соңғылар ішінде ол екеуіне тән даңқ қалдырдық.

120. Мұса мен Һарунға сәлем!

121. Біз жақсыларды осылай сыйлаймыз.

122. Ол екеуі біздің иманды пенделеріміз еді.

123. Ілияс та пайғамбарлардан еді.

124. Ол өз кезінде қауымына: «Алладан қорықпайсыңдар ма?
125. Ең жақсы жаратушыны (Алланы) тәрк етіп, Бағылға табына бересіңдер ме?
126. Алла сендердің де, сендерден бұрыңғы ата-бабаларыңның да Раббы» деді.
127. Қауымы оны өтірікке шығарды, сонымен олар тозаққа жөнелтілуге тиіс болды.
128. Тек Алланың ықыласты пенделері ғана мұның сыртында.
129-130. Оған кейінгілер ішінде «Ілиясқа сәлем!» деген алғыс қылдырдық.
131. Біз жақсыларды осылай сыйлаймыз.
132. Өйткені бізді сенімді пенделерімізден еді.
133. Лұт та расында пайғамбар еді.
134. Біз өз уағында Лұтты және оның жанұясын түгел құтқардық.
135. Тек қана қалғандардың ішіндегі бір кемпірден (Лұттың әйелінен) басқасын.
136. Содан соң қалғандарды (Лұттың әйелін де) ойрандадық.
137. (Ей, Меккеліктер!) солардың жерінен таңертең өтіп тұрасыңдар.
138. Әрі түнде де. Соны да түсінбейсіндер ме?
139. Расында Юнус та пайғамбар еді.
140. Сол кезде ол (елінен) қашып, жүк тиелген кемеге шыққанды.
141. (Кемедегілер жүкті жеңілдетпек болып шар шыққан адамды суға тастау үшін) шар тастағанда Юнус ұтылып қалды. (Сонымен ол теңізге қарғып түсті).
142. Оны үлкен бір балық жұтты. Ол (қауымын тастап Алланың әмірінсіз шыққандығы үшін) осындай айыпталуға тиісті де еді.
143. Егер ол тасбих айтушылардан болмаған болса;
144. Балық қарнында қиямет-қайымға шейін қалатын еді.
145. Біз оны (балық ауызы арқылы) жағаға шығарып тастадық. Ол сол кезде науқас еді.
146. Оған (көлеңке жауып тұру үшін) бір топ асқабақ өсірдік.
147. Және оны саны жүз мың немесе одан да көбірек бір қауымға (пайғамбарлықпен) жібердік.
148. Олар (уәделі азапты көріп барып) иманға келді. Біз оларды мәлім мезгілге дейін игіліктендірдік.
149. (Ей, Мұхаммед!) Олардан (Меккеліктерден) сұра: қыздар Раббыларына, ұлдар оларға тән бе?
150. Немесе періштелерді ұрғашы жаратқандығымызды олар көріп тұрып па?

151. Біліп қойыңдар, олар өтірік айта береді,
152. «Алланың баласы бар» дейді. Олар нағыз өтірікшілер.
153. Алла ұлдардан гөрі қыздарды артық көре ме?
154. Не болды сендерге? Неліктен мұндай үкім шығардыңдар?
155. Не үшін ой жүгіртпейсіңдер?
156. Немесе (Алланың баласы барлығына) дәлелдерің бар ма?
157. Шыншыл болсаңдар, кітаптарыңды (Тәуратты) көрсетіңдер.
158. Алла мен жындар арасында туыстық жақындық бар деп көкіді олар. Әрине, жындар да ондайлардың тозаққа дайындалғандар екендігін сөзсіз біледі.
159. Алла олардың сипаттағандарынан пәк.
160. Алланың адал пенделері ғана бұдан аулақ (олай айтпайды).
161-163. (Ей, кәпірлер!) Сендер де, табынған пұттарың да, (әзелде) тозаққа кіруге тиісті болғандардан баска ешкімді Аллаға қарсы әсте азғыра алмайсыңдар.
164. Періштелер айтады: «Біздің Раббымыздың белгілеген орнымыз бар.
165. Біз ғибадатта сап түзеп тұрушылармыз.
166. Біз сөзсіз (Аллаға) тасбих айтушылармыз» деп.
167. Олар (Құрайыш кәпірлері) үнемі былай дейтін:
168. «Бізде бұрынғылардікіндей бір кітап болған болса.
169. Біз де Алланың ықыласты пенделері болар едік».
170. (Іс жүзінде) олар ол кітапты мойындамады. Олар алда (күпірліктерінің тауқыметін) білетін болады.
171. Біздің пайғамбар пенделеріміз туралы сөзіміз әлдеқашан бекіген.
172. Олар сөзсіз (Алладан) медет табушылар.
173. Біздің қосынымыз дау жоқ жеңіске жетушілер.
174. Олардан (Мекке кәпірлерінен) бір мезет бет бұра (аулағырақ) тұр.
175. Оларды көре тұр (басына іс түскенде). Олар да ұзаққа қалмай көреді.
176. Олар азабымызды күн бұрын тілей ме?
177. (Азап) олардың аулаларына түскен кезде ескерту алғандардың көрер таңы да қандай жаман?
178. Олардан бір мезет аулағырақ.
179. Оларды (бастарына іс түскенде) көр. Олар да сол кезде көрер.
180. (Ей, Мұхаммед!) Құдірет иесі болған Раббың олардың сипаттағандарынан пәк.
181. Сәлем пайғамбарларға болсын!
182. Барлық мақтау атаулы күллі ғаламның иесі болған Аллаға тән.

38. САД СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 88 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Сад. Әйгілі Құранмен серт.
2. Кәпірлер өздерін зор тұтып, қарсылық көрсетуде.
3. Олардан бұрын (қарсылық көрсеткен) талай үмбетті жойдық, сонда олар зар илеп запыран құсты. Бірақ бұлар құтылар заман емес еді.
4. Олар өз істерінен бір ескертуші (пайғамбар) келгенде таң қалысты. Кәпірлер айтты: «мынау бір барып тұрған сиқыршы, суайт екен.
5. Көп құдайды бір-ақ құдай етпекші ме? Шынында, бұл бір таңқаларлық іс екен».
6. Олардан бір топ адам (Құрайыштың дөкейлері) өре түрегеліп былай деді: «жүріңдер, өз тәңірлеріңе (пұттарға) құлшылық етуден мықты тұрыңдар. Күтілетін талап міне осы.
7. Мұндайды біз өзге бір діннен де (христианнан да) естіген емеспіз. Бұл құдай өтірік.
8. Біздің арамызда жалғыз соған ғана кітап түсірілді ме?» олай емес. Олар менің насихатым (Құран) туралы күдіктенуде. Олар азабының дәмін әлі татып көрген жоқ.
9. Иә болмаса жеңіс иесі, ерен жомарт Раббыңның рахмет қазнасы олардың қасында ма.
10. Иә болмаса жер мен көктің және бұлардың арасындағылардың патшалығы оларда ма? (Егер оларда болса) аспан баспалдағына шығып көрсін.
11. Олар – бұл орында орналасқан (пайғамбарға) қарсы топтардан жеңіліске тап болған әскер.
12. Олардан бұрын Нұх қауымы, «қазық иесі» Перғауын (қауымы) да (пайғамбарларды) мойындамады.
13. Самуд қауымы, Лұт қауымы және Әйкеліктер де (мойындамады). Міне, бұлар (пайғамбарға қарсы) топтар еді.
14. Мұның барлығы пайғамбарларды өтірікке шығарғандықтан, менің жазалауыма лайық болды.
15. Ал бұлар да (Мекке мүшриктері) кідірмейтін бір реткі ащы дауысты (Исрафилдің сүрін) ғана күтіп тұр.
16. Олар (әжуалап) Раббымыз, біздің көресімізді есеп күнінен бұрын тезірек көрсет дейді.

17. (Ей, Мұхаммед!) Олардың айтқандарына шыда, біздің мықты пендеміз Дәуітті есіңе ал. Ол анық Аллаға беріліп тәубе еткен еді.

18. Біз оған тауларды бағындырдық. Таулар онымен бірге ертелі кеш тасбих айтушы еді.

19. Оған топ-тобымен құстарды да бағындырдық. Олардың барлығы (таулар да, құстар да) Аллаға берілгендер еді.

20. Біз оның патшалығын бекемдеп, оған хикмет (пайғамбарлық, даналық, дау бермес шешендік), баптап билік айтатын толымдылық бағыш еттік.

21. (Ей, Мұхаммед!) Даугерлердің хабары саған жетті ме? Олар таңнан артылып михрапқа түскен еді.

22. Олар Дәуіттің алдына жетіп барғанда (Дәуіт) олардан тіксініп қалды. Олар (Дәуітке): «қорықпаңыз, бір-бірімізге соқтыққан екі даугерміз. Арамызға қара қылды қақ жарарлық тура билік айтыңыз. Бізді оң жолға сала көріңіз!» деді.

23. (Олардың бірі:) «Менің мына ағайынымның тоқсан тоғыз саулығы бар, ал менің бір ғана саулығым бар. Бұл: «осы бір саулығыңды маған бер» дейді. (Дауға келгенде) бұл мені сөзбен жеңіп, аузымды аштырмайды» деді.

24. Дәуіт: «Бұл сенің жалғыз саулығыңды өз саулықтарына қосып алмақ болып, саған зорлық істепті. Расында ортақтардың көбі өстіп бір-біріне тізесін батырады. Тек Аллаға иман келтіріп, жақсы іс істейтіндер мұның сыртында. Олар өте аз санды» деді. (Ақыры) Дәуіт біздің өзін сынағанымызды білді. Раббынан кешірім тіледі. Сәждеге жығылып, иіліп тәубе қылды.

25. Біз Дәуіттің бұл қателігін кештік. Дәуіт үшін біздің қасымызда жақындық және көркем болашақ бар.

26. Ей, Дәуіт, біз сені жержүзіне халифа сайладық. Адамдар арасына әділ үкім айт! Нәпсі әуейлігіне берілме! Бұл сені Алланың жолынан адастырады. Алланың жолынан адасқандарға қиямет күнін ұмытқандықтары үшін сөзсіз қатты азап бар.

27. Біз көк пен жерді және оның арасындағыларды текке жаратпадық. Бұл (ойда жоқта оқыс жаралған деу) кәпірлердің қиялы. Тозақтағы кәпірлерге неткен жаман!

28. Иман келтіріп, жақсы іс істегендерді жержүзінде бұзықтық істегендермен бірдей санаймыз ба немесе тақуаларды жолдан шыққандармен (кәпірлермен) бірдей санаймыз ба?

29. Бұл (Құран) – олардың (пенделерімнің) ой жүгіртулері, ақыл иелерінің уағыз-насихат алуы үшін саған түсірілген мүбарак кітап.

30. Біз Дәуітке Сүлейменді нәсіп еттік. Ол неткен абзал пенде десеңші! Ол Аллаға анық берілген (пайғамбар) еді.

31. Бір кезде оған жүйрік сәйгүліктер көрсетілді.
32. (Сүлеймен:) «Мен Раббымды еске түсіруден гөрі сәйгүліктерді жақсы көріппін де, (қарап тұрып) күн батып кетіпті» деді.
33. «Оларды алдыма қайтып әкеліңдер» деді. Қайта әкелінгеннен кейін) ол олардың мойындарын, аяқтарын сипай (отай) бастады. (Бас, аяғын кесіп, етін нәзір етіп таратып жіберді, өйткені соған аңсары ауып, екінті намазы қаза болғанды).
34. Біз Сүлейменді расында сынап көрдік. Оның тағына бір өлікті тастап қойдық. Мұнан соң ол (мұның сынақ екендігін біліп) тәубе қылды.
35. Ол: «О, Раббым! Мені кешіре гөр! Маған менен кейін ешкімнің қолы жетпейтін патшалық бер. Сен анық жомартсың» деді.
36. Біз Сүлейменге оның әмірімен қалаған жағына тыныш алып жүретін желді бағындырып бердік.
37. Және (үлкен бейнелерді салатын құрылысшы, теңізге сүңгіп інжу, маржан жіберетін) малтушы жыншайтандарды да бағындырдық.
38. Ал басқалары шынжырмен маталған (кісендеулі) еді.
39. Бұл біздің (саған берген) ихсанымыз, одан (қалағаныңша) бер, яки берме, бәрібір есеп алынбайды.
40. Ол біздің алдымызда жарқындық және көркем болашаққа ие.
41. Өз кезінде Раббына жалбарынып: «Мені шайтан азаптап, қинауға салды» деген пендеміз Аюпты да есіңе түсір.
42. Оған: аяғыңмен жерді теп (тепкен жеріңнен) жуынса да, ішсе де болатын суық су шығады» дедік.
43. Біз оған (пәле-жазаға ұшыраған) үй ішін (қайта) бердік және сондай бір есе қосып бердік. Бұл біздің рақметіміз және ақыл иелері үшін ғибрат болатын істер еді.
44. (Біз оған:) «Қолыңа бір уыс шөп ал да, (әйеліңді) сонымен ұр. Антыңды бұзба!» дедік. Біз оны расында сабырлы, қайсар деп таныдық. Ол (Аллаға) берілген не деген жақсы пенде!
45. (Ғибадатта) берік, (дінде) қырағы пенделеріміз Ибраһим, Ысқақ, Яғқуптарды жадыңа ал.
46. Біз оларды ақыретті еске алып тұратын нағыз адал адамдар еттік.
47. Олар біздің қасымыздағы таңдаулы қас жақсылардан.
48. Смағұлды, Әл-Ясағды, Зүлкифілді де есіңе ал. Олардың барлығы игі жақсылардан еді.
49. Бұл бір насихат. Тақуаларға сөзсіз жақсы болашақ бар.
50. (Бұл) Ғадын Жаннаттары болып, қақпалары олар үшін ашық.
51. Олар онда (тақтарға) сүйене отырып, түрлі жемістерді, ішімдіктерді әкелдірді.

52. Олардың жандарында өздерімен құралыптас, (қожаларынан) басқаға көз тікпейтін жұбайлары болады.
53. Бұл сізге қиямет күні үшін уағда етілген сыйлық.
54. Бұл біздің нәсіп еткен түгесілмес несібеміз.
55. Бұл – шындық. Ал азғындардың барар орны өте жаман.
56. Ол – тозақ. Олар соған тасталады. Бұл неткен жаман орын десеңші!
57. Енді олар қайнап тұрған су мен іріңді татсын!
58. (Оларға) осы тақылеттес басқа да неше түрлі азаптар бар.
59. (Бастаушылар мен ілесушілер тозаққа кірген кезде бастаушыларына қарата:) «Мына бір топ – сендермен бірге тозаққа кіретіндер. Олар қарсы алынбайтындар» (делінеді, сонда бастаушылар:) «Олар да сөзсіз тозаққа кіретіндер» (дейді).
60. (Ілесушілер бастасушыларға қарата:) «Олай емес қайта сендер жексұрынсыңдар, жақсылық көрмеуге тиіссіңдер, бізге сендер келтірдіндер бұл азапты. Бұл неткен жаман орын!» (дейді).
61. (Ілесушілер:) «Мұны бізге кім келтірсе, соның азабын тозақта екі есе еткейсің!» (дейді.)
62. Және олар (бастаушылар айтады:) «Не болды бізге (дүниеде), жаман санайтын адамдарды (тозақтан) көрмейміз ғой?
63. Оларды сайқымазақ етпеуші ме едік? Енді олар көзімізге шалықпай тұр ма (тозақта бізбен бірге тұрса да көрмей тұрмыз ба)?».
64. Тозақтықтардың міне осылайша сөзсіз керіске түсері хақ.
65. (Ей, Мұхаммед!) «Мен шынында бір ескертуші ғанамын. Қаhары күшті бір Алладан басқа ешқандай құдай жоқ» деп айт.
66. Ол жер мен көктің және ол екеуінің арасындағылардың Раббы, ол жеңіс иесі hәм аса жарылқаушы.
67. (Оларға айт:) «Бұл (Алланың жалғыз екендігін уағыздаушы пайғамбарлығының өзі) бір ұлы хабар.
68. Сендер одан бет бұрып тұрсыңдар».
69. «Заңғар әлемдегілердің (Адам атаның жаратылуы жөнінде періштелердің) тартыстарынан мен ешнәрсе білмеуші едім.
70. Бірақ ашық ескертуші (пайғамбар) болғандығымнан ғана (бұл білім) маған уахи етілді» де.
71. Сол кезде Раббым періштелерге: «мен балшықтан бір адам жаратамын.
72. Оны жаратып (бейнесін келтіріп, дене мүшелерін толықтап, кемелді адам етіп), оған рухымнан үрлеп жан салған соң, барлығың оған сәжде қылыңдар» деді.
73. Періштелердің барлығы сәжде қылды.

74. Тек Ібіліс қана сәжде қылмай, тәкаппарлық істеп, кәпір болып кетті.
75. Алла: «Ей, Ібіліс, мен өз құдірет қолыммен жаратқан адамға сәжде қылуыңа не нәрсе бөгет болды? Паңсыңғаның ба әлде биік мәртебелі болғандығыңнан ба?» деді.
76. Ібіліс: «Мен қалайда одан артықпын. Өйткені мені оттан, оны балшықтан жаратты ғой!» деді.
77. (Алла оған:) «Бұл арадан қараңды батыр! Шын қудаланған болдың.
78. Саған қиямет-қайымға дейін лағнатым болсын!» деді.
79. «Раббым, маған қайта тірілер күнге дейін мұрсат бер (кеңшілік етіп өмір бер)!» деді.
80-81. «Сол бір белгілі күнге жетуге мұрсат бердім» (деді Алла).
82. Ібіліс айтты: «Сенің ізет-құрметіңе ант, олардың барлығын сөзсіз азғырамын.
83. Тек олардың ішіндегі адал пенделерің ғана қалады (оларды азғыра алмаймын)».
84. (Алла айтты:) «Сөзім хақ және хақты сөйлеймін.
85. Сенімен және олардан саған ілескендердің барлығымен тозақты толтырамын» деді.
86. (Ей, Мұхаммед! оларға) айтып қой: «мен (Алладан келген уахиды) жеткізгеніме ақы сұрамаймын. Мен (құдайды) ойдан құраушы емеспін.
87. Бұл (Құран) күллі адам үшін бір насихат.
88. Оның хабарын (растығын) мәлім мезгіл өткеннен кейін білесіңдер».

39. ЗУМӘР СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 75 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Бұл кітап жеңімпаз, хикмет иесі Алладан түскен.
2. Бұл кітапты саған расында ақиқатпен (ақиқатты қамтыған түрде) түсірдік. Дініңді кіршіксіздендіре отырып Аллаға құлшылық қыл.
3. Естеріңде болсын, кіршіксіз (ортақсыз, риясыз) дін Аллаға тән. Алладан өзгені ие тұтқандар: «біз оларға өзімізді Аллаға жақындата түссін деп қана құлшылық етеміз» дейді. Олардың талас-тартыс еткен істері жөнінде (қияметте) Алла өзі үкім шығарады. Алла расында өтірікшілерді, күпірлік етушілерді тура жолға салмайды.

4. Егер Алла бала сүюді тілесе, өзі жаратқандарынан қалағанын таңдап алар еді. Ол мұнан пәк, ол Алла жалғыз әрі қаһарлы.
5. Ол көк пен жерді хақ негізінде жаратты. Ол түнді күндізге кіріктіреді, күндізді түнге кіріктіреді. Күн мен айды (пенделердің мүддесіне) бағындырды. Бұлардың әрбірі белгіленген мерзімге дейін әрекеттенеді. Біліп қойыңдар, ол – жеңіс иесі, ерекше кешірімді Алла.
6. Алла сендерді бір адамнан жаратты, одан соң одан жұбайын (Хауа ананы) жаратты және сендер үшін хайуандардан сегізді жаратты. Сендерді аналарыңның қарнында бір жаратылысқа (мәни суынан қан ұйығына, одан бір кесек етке) айналдыра отырып, (қарын, жатыр, қағанақ) үш қараңғылықта жаратады. Міне осы Алла – сендердің жаратушы Раббыларың, патшалақ соған тән. Одан басқа ешбір жаратушы жоқ. (Оған құлшылық етуден) қалайша бұрасыңдар?
7. Егер кәпір болсаңдар, Алла сендерден беймұқтаж. Ол пенделерінің кәпір болуын ұнатпайды. Егер шүкірлік етсеңдер, онда сендерге разы болады. Ешбір күнәһар екінші біреудің күнәсін көтермейді. Ақырғы есепте Раббыңның алдына қайтасыңдар. (Ол) істеген істеріңді өздеріңе айтып береді. Ол расында көкіректегі сырларды толық біледі.
8. Адам баласы бір зарарға жолықса-ақ, Раббына жүгініп, жалбарына қалады. Ал егер оған Алла жақсылық бағыштаса, оған бұрынғы жалбарынған дұғаларын ұмытады да, (басқаларды) оның жолына адастыру үшін Аллаға серік таңады. (Ей, Мұхаммед!) оларға: «Әзірше күпірлігіңмен игіліктене тұр. Сен сөзсіз тозақтықсың» деп айт.
9. Иә болмаса, ақырет азабынан қорқып, Алланың рахметінен үміттеніп, түн ішінде сәжде қылып, тікесінен тік тұрып, бойсұнған адам сондай болмақ па? Оларға: «білетіндер мен білмейтіндер тең бе?» де. Шын мәнінде ақыл иелері ғана ғибрат ала алады.
10. (Ей, Мұхаммед! Менің тарапымнан айт:) «Әй, иман келтірген пенделерім! Раббыларыңнан именіңдер! Бұл дүниеде жақсылық істегендерге қияметте жақсылық бар. Алланың жері кең. Сабыр етушілерге берілетін сыйлық есепсіз».
11. «Мен дінді кіршіксіздендіре отырып, Аллаға ғибадат етуге бұйырылдым.
12. Сондай-ақ тұңғыш мұсылман болуға бұйырылдым» деп айт.
13. «Шынында Раббыма қарсылық етсем, ұлы күннің (қияметтің) азабынан қорқамын» деп айт.
14. Сондақтын да: «Дінімді (ортақтықтан, риядан) кіршіксіздендіре отырып, Аллаға құлшылық етемін.
15. Сендер Алладан басқа қалағандарыңа құлшылық етіңдер» де. (Және оларға:) «қиямет күні өз басын және үй ішін зияндаушылар – нағыз зиян тартушылар. Біліп қойыңдар, көрнеу зиян міне осы.

16. Оларды астынан да, үстінен де қат-қабат от орап алады. Алла міне осы азаппен пенделерін қорқытады» деп айт. Ей, пенделерім! Менен (менің азабымнан) қорқыңдар.

17-18. Пұттарың шайтаннан және оларға ғибадат етуден аулақ болып, Аллаға бет бергендерден сүйінші! Сөзге құлақ салып, сөздің ең абзалына ілесетіндерді сүйіндір! Міне осылар – Алланың тура жолға салғандары. Міне осылар – нағыз ақыл иелері.

19. (Расулым) Азап тартуға тиісті болғандарды және тозақтағы біреуді (сен) құтқара аласын ба?

20. Тек Алладан қорыққан пенделерге (Жаннатта) іргесінен Бұлақтар ағып жататын қабат-қабат сарайлар бар. Бұл – Алланың уағдасы. Алла уағдаға опалы.

21. Көрдің бе Алла аспаннан жаңбыр жаудырып, оны жердегі қайнарларға салды, сосын онымен алуан түрлі егін шығарды, одан соң оны қуартып сарғайтты, одан соң (Алла) оны топан-қоқымға айналдырады. Ақыл иелері үшін осының өзінде де ғибрат бар.

22. Алла ислам үшін кімнің көкірек сарайын ашса, оның Раббының нұрына бөленгені емес пе? Алланы еске алуға келгенде жүректері тастай қатып қалғандарға қатты опық! Міне, Бұлар көпе-көрнеу азғындыққа түскендер.

23. Алла сөздің ең көркемін аяттары бір-біріне ұқсас қайталанып отыратын кітап түрінде түсірді. (Азап аяттарын көргенде) Алладан қорыққандардың түктері тікірейеді. (Рахмет, кешірім аяттарын көргенде) олардың денелері жұмсап, Алланың зікіріне балқиды, Міне Бұл (Құран) – Алланың тура жолы. Алла қалағанын осымен оңғарады. Алла кімді адастырса, оған оңғарушы жоқ.

24. Қиямет күні сұмдық азаптан бетімен қорғануға тырысқан адамның халы қандай? Залымдарға: «Істеген қылмыстарыңның көресін көріңдер!» делінеді.

25. Олардан бұрынғылар да (пайғамбарларды) өтірікке ұйғарған еді, оларға күтпеген жерден азап келді.

26. Алла оларға дүние тіршілігінде қорлықтың дәмін татқызған-ды, ал ақырет азабының одан да алапатты екенін олар білсе игі еді...

27. Расында біз бұл Құранды насихат алсын деп, адамдар үшін түрлі мысалдар келтірдік.

28. Бұл – мүлтіксіз арабша бір Құран. Олар, әрине (күпірден) сақтансын.

29. Алла (сендерге мынандай) бір мысал келтірді: «Бір-бірімен бақас көп қожайыны бар бір адам (яғни құл) мен нағыз бір қожайыны бар адам ұқсас па? (Көп қожайыны бар адам кімге қызымет етерін білмей қаңғып қалады). Барлық мақтау атауы Аллаға тән. Бірақ олардың көбі білмейді.

30. Шынында сен де өлесің, олар да өледі.

31. Содан соң, сендер қияметте Раббыларыңның алдына барып дауласасыңдар.

32. Аллаға жала жапқан, сондай-ақ аян болған шындықты (Құранды) өтірікке шығарған адамнан өтер залым бар ма? Кәпірлерге тозақта орын жоқ па?

33. Шындықты әкелген және оны мойындағандар – нағыз тақуалар.

34. Оларға Раббыларының алдында қалағандарының бәрі бар. Жақсы іс істегендердің сыйлығы сол.

35. Өйткені Алла олардың істеген істерінің жаманын жояды, оларды істеген істерінің ең жақсысына лайық сыйлайды.

36. Алла пендесіне (Мұхаммедті қорғауға) жетерлік емес пе? Олар (мүшіріктер) Алладан басқа табынғандарымен сені қорқытпақшы болады. Алла адастырған адамға ешкім дұрыс жөн сілтеуші болмас.

37. Алла оңғарған адамды ешкім адастыра алмас. Алла жеңімпаз әрі (дұшпанынан) өш алушы емес пе?

38. Егер сен олардан «Жер мен көкті кім жаратқан?» деп сұрасаң, олар, әрине: «Алла» дейді. (Оларға:) «Айтыңдаршы, егер Алла маған бір залал еткізгісі келсе, Алладан өзге табынғандарың (пұт) оның залалын тоқтата ала ма?»,- де. «Алла маған жетерлік. Тәуекел етушілер Аллаға тәуекел етсін (барлық ісін Аллаға тапсырсын)!» -де.

39-40. «Ей, қауымым! Өз жағдайларың бойынша істей беріңдер, мен де (өз жағдайым бойынша) істей берейін. Қорлық азап кімге келетінін, мәңгілік азапқа кім тап болатынын таяуда білесіңдер» -деп айт.

41. Расында, біз саған Құранды адамзат үшін, ақиқат үшін түсірдік. Кім тура жолмен жүрсе өзі үшін. Кім азыпадасса, ол өзіне зиян келтіргені. Сен оларға өкілдік етпейсің.

42. (Адам) өлер кезде Алла жанды алады. Өлмегендердің жанын ұйықтаған кезде алады (сезімнен айырады). Одан соң өлімге үкім етілгендердің жанын ұстап қалып, қалғандарын белгілеген уақытқа (ажалы жеткенге дейін) қоя тұрады. Міне, осының өзінде ой жүгірте білетін қауым үшін ғибраттар бар.

43. Олар (мүшіріктер) Алладан өзгені (пұттарды) шапағатшы тұтпақшы. «Олардың ешнәрсе қолынан келмесе де, ешнәрсені түсінбесе де (соларды шапағатшы тұта ма)?» - де.

44. «Барлық шапағат Алладан. Аспан мен жердің иелігі онікі. Сендер (бәрің де) оның алдына барасыңдар» -деп айт.

45. Бір Алла ауызға алынса, ақыретке сенбейтіндер тыжырынып іштей жақтырмайды. Алладан басқа табынатындары ауызға алынса, көңілденіп мәз болады.

46. «Уа, жер мен көктің жаратушы, аян мен ғайыпты білуші Алла! Пенделеріңнің арасындағы талас-тартыстар хақында (әділ) төреші – тек қана өзіңсің» - деп айт.

47. Жержүзіндегі нәрселердің барлығы және сондай бір есе нәрсе залымдардікі болса, олар қиямет күнінің сұмдық азабынан (құтылу үшін) оны бодауға төлер еді. Алла тарапынан оларға өздері (дүниеде) ойлап та көрмеген азаптар жария болады.

48. Олардың дүниеде істеген жамандықтары да мәлім болады. Олардың дүниеде мазақ еткен нәрселері өздерін шырмап алады.

49. Адамзатқа бір зарар келсе, бізге жалынып-жалбарынады. Адамға бір жақсылық жетсе, «Бұл менің білімділігім үшін берілді»-дейді. Олай емес, бұл бір сынақ (жақсылық жетумен оны «қарсылық көрсете ме, әлде бойсұна ма?» -деп сынаймыз). Бірақ, олардың көпшілігі (мұны) білмейді.

50. Расында олардан бұрынғылары да осыны айтқан. Бірақ олардың тапқандары (мал-мүліктері) өздеріне ешқандай пайдасы тимеді.

51. Олардың істеген жамандықтары өз бастарына келеді, бұлардың ішіндегі зұлымдық істегендердің де жамандығы өз бастарына келеді. Олар ол азапты жеңілдете алмайды.

52. Алла расында, қалаған адамының ризығын молықтырып та, (қалаған адамының ризығын) тапшы етіп қоятынын олар білмей ме? Имандылар үшін осының өзінде ғибраттар бар.

53. (Ей, Мұхаммед! Менің тарапымнан) айтып қой: «Ей, өз бастарына залал келтірген пенделерім! Алланың рақымынан үміт үзбеңдер. Алла (қалаған адамының) барлық күнәсін кешіреді, ол – өте кешірімшіл, асқан мейірімді.

54. Сендер өздерің жәрдем ала алмайтын азап келуден бұрын Раббыларыңа бет-бұрыңдар және бойсұныңдар.

55. Тосын азап келуден бұрын, сендер өздршеріңе Раббыларыңнан түскен ең көркем сөзге (Құранға) ұйыңдар».

56. Қандай (күнәhар) адам: «Аллаh жөнінде ағаттық жасағаным және (Алланың шариғаты мен дінін) мазақтаушылардан болғандығым, әттең, неткен өкінішті еді!» - дейтін күннен сақтаныңдар.

57. Немесе : «Алла мені түзу жолға салған болса, сөзсіз тақуалар қатарында болар едім» -дейтін;

58. Немесе азапты көрген сәтте: «Әттең, бір рет (дүниеге) қайта оралар болсам, (құлшылық етіп) жақсылық істеушілер қатарында болар едім!»-дейтін (күннен сақтаныңдар).

59. Олай емес. Саған аяттарым (Құран) келді, сен оны жалғанға шығардың. Астамсып кәпір болып кеттің.

60. Қиямет күні Алланы қаралағандардың беттері қап-қара болғанын көресің. Тәкаппарлар (Алламен теңесіп болғандар) үшін тозақта орын жоқ деймісің?

61. Алла (серік қосудан, қылмыстан) сақтанушыларды (бақытқа кенелту арқылы) құтқарды. Олар тауқымет тартып, күйзелмейді.

62. Алла – барлық нәрсенің жаратушысы, барлық нәрсенің меңгерушісі.

63. Жер мен көктің кілттері (сол) Алланың (құдірет) қолында. Алланың аяттарын мойындамағандар – зиянда қалушылар.

64. (Ей, Мұхаммед!) «Ей, надандар! Мені Алладан басқаға құлшылық етуге бұйырмақсыңдар ма?» -де.

65. Саған да, сенен бұрынғыларға (пайғамбарларға) да мынадай уахи берілген: «Аллаға серік қоссаң, барлық жақсы ісің жойылып кетеді де, сөзсіз зиян тартушылардан боласың.

66. Қайта жалғыз Аллаға ғана құлшылық ет, (Алланың бергеніне) шүкіршілік етушілерден бол!».

67. Олар Алланы шын мәнінде тани алмайды. Қиямет күні жалпақ жер бүтіндей оның уысында болады, ал аспан әлемі оның құдыретімен бүктетіледі. Алла олардың (мүшриктердің) серік қосқандарынан пәк те жоғары.

68. Сүр үрленгенде, Алла (өлтірмеуді) қалағаннан басқа жер мен көктегі тіршілік иесінің барлығы да жан тапсырады (өледі). Сүр екінші рет үрленгенде, олар дереу тұрып (нендей тағдырға бұйырылатындықтарын) күтеді.

69. Раббыңның нұрымен жержүзі (махшар майданы) жарқырайды. Амал дәптері әзір болады, пайғамбарлар және куәгерлер келтіріледі. Олардың араларына әділ үкім шығарылады, ешкімге обал етілмейді.

70. Әркімге істеген ісінің сауабы (толық) беріледі. Олардың істегендерін Алла жақсы біледі.

71. Кәпірлер тозаққа топ-тобымен айдалады. Олар жете бергенде тозақтың қақпалары ашылады да, тозақты күзететін періштелер оларға: «Араларыңнан Раббыларыңның аяттарын өздеріңе оқып беретін, осы күнге тап болатындықтарыңды ескертетін елшілер келмеді ме?» - деп сұрайды. Олар: «Әрине, келген, бірақ (Алланың) азап үкімі (күпірлігі, қылмысы себепті) кәпірлерге тиісті болады» дейді.

72. Оларға: «Тозақтың есіктерінен кіріңдер де, онда мәңгі қалыңдар!» - деп бұйырылады. Тәкаппарлардың орны неткен жаман десеңізші!

73. Алладан қорыққандар Жұмаққа топ-тобымен жөнелтіледі. Олар жете бергенде жұмақтың қақпалары айқара ашылады. Күзетші періштелер оларға: «Ассаләмуғаләйкум! (Сіздерге есендік болсын!) Күнәдан пәк болдыңдар. Жұмаққа мәңгілікке кіріңдер» - дейді.

74. (Жұмаққа кіріп орналасып болған соң,) олар: «барлық мақтау, берген уәдесін расқа шығарған, жұмақ жеріне бізді мұрагер еткен Аллаға тән. Біз жәннатта қалаған жерімізде тұрамыз. Қайырлы іс істеушілердің сыйлығы неткен тамаша!» - дейді.

75. Періштелер аршыны айнала қоршап, Раббыларына тасбих-мақтау айтып тұрғанын көресің. Олардың арасында (мұсылмандар жұмаққа, кәпірлер тозаққа кіретін) хақ үкім шығарылады әрі «барлық мақтау күллі ғаламның асыраушысы Аллаға тән» - делінеді.

40. МҮМИН СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 85 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ха, Мим.

2. Бұл кітаптың түсірілуі асқан құдіретті, ілімі кәміл, Алла тарапынан.

3. Күнәні кешіруші, тәубені қабылдаушы, жазасы қатты және кеңшілік иесі (Алла тарапынан). Одан басқа ешбір құдай жоқ. Баратын орын – оның алды.

4. Кәпірлерден бөлек ешкім де Алланың аяттары туралы айтысып-тартыспайды. Олардың қаладан қаланы кезіп жүргеніне алданып қалма. (Қанша саяхаттаса да, күпірліктерінің жазасын түбінде бір күні тартады).

5. Олардан (Мекке кәпірлерінен) бұрында Нұһ қауымы және олардан кейінгі (пайғамбарларға қарсы ұйымдасқан) жамағаттар да (пайғамбарларын) мойындамады. (Қарсылық көрсетуші) әр үммет өз пайғамбарларына қарсылық қылу ғаразында болды, бос (мәнсіз) сөздері арқылы (пайғамбарлармен) айтысып, ақиқатты теріске шығармақ болды. Сондықтан оларды қырыма алдым. Менің азабым қандай екен?

6. Осылайша Раббыңның кәпірлер хақындағы «олар тозақтықтар» деген сөзі шындыққа айналады.

7. Аршыны көтеріп тұрған және оның айналасындағы періштелер Раббыларына тасбих және мақтау айтады, сенеді. Мұсылмандар үшін кешірім тілеп, мінәжат етеді: «О, Раббымыз! Рақымың мен ғылымың қамтымайтын нәрсе жоқ, тәубе етушілерге өз жолыңмен жүргендерге кешірім еткейсің! Оларды тозақ азабынан сақтағайсың!»

8. «Раббымыз! Оларды және олардың атабабаларынан, әйелдерінен,

ұрпақтарынан игі жақсы болғандарды Ғадын жаннатына кіргізгейсің! Расында, жеңіс иесі, хикмет иесі – өзіңсің.

9. Оларды жамандықтан сақтағайсың! Кімді жамандықтан (азаптан) сақтасаң, оны сөзсіз рақымыңа бөлеген боласың. Бұл – зор бақыт».

10. Кәпірлерге (айғақшы періштелер): «Алланың (сендерге) ашуы сендердің (ақыреттегі) бір-біріңе деген ашуларыңнан әлдеқайда қаһарлы. Өйткені сендер иманға шақырылсаңдар да, қарсылық көрсеттің» - деп жар салынады.

11. Олар: «Раббымыз, бізді екі рет өлтіріп, екі рет тірілттің. Біз күнәмізді мойындадық. Енді бізге (тозақтан құтылатын) жол бар ма?»- дейді.

12. Мұның себебі сендер Алланы бір деп білуге үнделсеңдер де, оған қарсы шықтыңдар. Аллаға серік қосылса (яғни Лұт, Ғұзза қатарлы пұттарға табынуға) сеніп кеттіңдер. Үкім өте ұлы, аса мәртебелі Аллаға ғана тән (деп жауап беріледі).

13. Алла сендерге (құдіретімен) түрлі ғаламаттарын көрсетеді, аспаннан (жаңбыр арқылы) сендерге ризық-несібе түсіреді, бұдан тек Аллаға бет бұрған адамдар ғана ғибрат алады.

14. Діндеріңді кіршіксіздендіре отырып, кәпірлер жек көрсе де, Аллаға құлшылық етіңдер.

15. Жоғары мәртебелі, аршы иесі болған ол, сөзсіз келетін күнді (алдын ала) ескерту үшін, қалаған адамына өз үкімі бойынша уахи түсіреді.

16. Олар сол күні (қабірлерінен) шығарылады, олардан ешбір нәрсе Алланың назарынан тыс қалмайды. «Бүгін патшалық кімдікі?» «Қаһары күшті Алланікі» (делінеді).

17. Бұл күні әр адам істеген ісіне қарай жазаланады. Бұл күні ешкімге зұлымдық істелмейді. Алла шынында, тез есеп алушы.

18. Таяп қалған қиямет күнін оларға ескерт. Ол күні жүректері алқымына келіп, қылығына қиналушылар болады. Залымдарға жақын дос та, сөзі өтетін шапағатшы да табылмайды.

19. Алла көздердің қиянатын және көкіректердің бүккен құпияларын біліп тұрады.

20. Алла әділдікпен үкім шығарады. Олардың Алладан шектеп құлшылық еткендері (пұттары) ешнәрсеге үкім айта алмайды. Алла расында, бәрін де естіп, бәрін көріп тұрады.

21. Олар жержүзін аралап, өздерінен бұрынғы өткендердің соңғы нәтижесінің қандай болғанын байқамады ма? Олар жер бетінде күш-қуаттан да, қалдырған мұрадан (ескерткіш) да бұлардан (әлдеқайда) мықты еді. Қылмыстары үшін Алла оларды жазалады. Оларды Алланың азабынан арашалаған ешкім болмады.

22. Өйткені өздеріне пайғамбарлары ашық мұғжизалармен келсе де, олар

(пайғамбарларына) қарсы шықты. Сондықтан Алла олардың жазасын берді. Алла – аса құдіретті, қатты жазалаушы.

23. Шынында, Мұсаны мұғжизаларымызбен және ашық дәлелдермен.

24. Перғауынға, Һаманға, Қарунға жібердік. Олар (Мұсаны): «Суайт, сиқыршы» - десті.

25. Мұса оларға біз тараптан туралықпен (пайғамбарлықпен) келген болса да, олар: «Мұсамен бірге иман келтіргендердің ұлдарын өлтіріп, әйелдерін (ұлдарын салу үшін) тірі қалдырыңдар!» - деді. Кәпірлердің айла-амалы түкке де тұрмайды.

26. Перғауын: «Мені қоя беріңдер, Мұсаны өлтірейін. Мұса өзінің құдайын (жәрдемге) шақырсын. Мен расында оның діндеріңді өзгертіп жіберіуінен немесе елде бір сойқан шығаруынан қауіптенемін» - деді.

27. Мұса: «Есеп күніне сенбейтін тәкаппарлардан (сақта деп) менің де Раббым, сіздердің де Раббыңыз (болған Аллаға) сиынамын» - деді.

28. Перғауын жамағаттары ішіндегі иманын жасырып жүрген бір мүмін айтты: «Сендер жаратушым – Алла деп айтқан адамды өлтірмексіңдер ме? Ол расында Раббыларыңнан көп дәлелдермен келді. Егер ол өтірікші болса, өтірігінің зияны өзіне; егер шыншыл (пайғамбар) болса, онда сендер уәде еткен апаттың кейбірі бастарыңа келеді. Алла ақиқатында, шектен шыққан суайт өтірікшіні қолдамайды.

29. Ей, қауымым! Бүгін патшалық салтанат сендерде. Қазір жерлеріңде (Мысырда) сендер жеңіске жеттіңдер. Егер (Алланың азабы) келсе, кім бізді Алланың азабынан құтқарады?». Перғауын: «Мен сендерге нені дұрыс деп тапсам, соны (атқаруды) көрсетемін. Мен сендерді тек тура жолға ғана бастаймын» - деді.

30-31. Әлгі иманды кісі айтты: «Уа, қауымым! Мен сендердің Нұһ, Ғад, Самуд қауымдары мен олардан кейінгі жамағаттардың аяғын құшып, солардың ұшыраған жазасына тап болуларыңнан қорқамын. Алла пенделеріне зұлымдық істеуді қаламайды».

32. «Уа, қауымым! Мен сендер үшін расында, бір-біріне ойбайласатын күннен қауіптенемін».

33. Ол күні арттарыңа бұрылып қашасыңдар, сендерді Алланың азабынан құтқаратын жан болмайды. Алла кімді адастырса, оны ешкім де оңдай алмайды.

34. Мұнан бұрын Юсуф та ашық дәлелдермен сендерге келген болатын. Оның әкелген дәлелдеріне сендер үнемі күмәндандыңдар. Ол қайтыс болғанда: «Мұнан кейін Алла пайғамбар жібермес»- дедіңдер. Алла шектен шыққандарды, күмәндана берушілерді осылай адастырады.

35. Олар – өздеріне келген ешқандай дәлелі болмаса да, Алланың аяттары туралы айтысатындар. Ондайлар Алланың алдында да,

мұсылмандардың алдында да сүйкімі кетеді. Алла әрбір тәкаппар, кеудемсоқтардың көзін осылай перделейді.

36. Перғауын (уәзірі Һаманға): «Ей, Һаман! Маған бір биік мұнара жасат! Бәлкім, жолдарды табармын.

37. Көк жолдарын (тауып), онымен Мұсаның құдайын бір көрермін. Мен оны анық өтірікші деп ойлаймын»- деді. Сөйтіп Перғауынның жаман істері өзіне абзал көрінеді де, тура жолдан тосылды. Перғауынның амал-айласы мүлде бекер болды.

38. (Перғауын еліндегі) иман келтірген әлгі адам айтты: «Уа, қауымым! Маған еріңдер! Сендерді тура жолға саламын».

39. Уа, қауымым! Бұл дүниенің тіршілігі (аз күндік) алдамшы ғана. Анық, тұрақ-ты орын – ақырет.

40. Кімде-кім бір жаман іс істесе, ол соған лайық жаза тартады. Ер не әйел болсын, кімде-кім мұсылман бола тұрып, бір жақсы іс істесе, солар жұмаққа кіреді және онда есепсіз ризыққа қол жеткізеді.

41. Ей, қауымым! Мен сендерді (тозақтан) құтылуға шақырсам, сендердің мені тозаққа шақыруларың қалай?

42. Сендер мені Аллаға қарсы келуге, өзім білмейтін нәрселерді оған теңеуге де шақырдыңдар. Мен сендерді жеңіс және кешірім иесі Аллаға шақырып тұрмын.

43. Анығында мені құлшылық етуге шақырған ол нәрселерің дүниеде де, ақыретте де шақырылуға лайық емес. (Немесе ол пұттарға құлшылық ету дұрыс емес). Барлығымыздың ақырғы есепте Алланың алдына баратындығымыз шүбәсіз. Шектен шыққандар, сөзсіз тозақтықтар.

44. Таяуда (бастарыңа іс түскенде ғана) осы айтқанымды еске аласыңдар. Мен ісімді Аллаға тапсырамын. Алла шынында, пенделерін көріп тұрушы.

45. Алла оны (Мұсаны) олардың (Перғауын тобының) дұшпандығынан сақтады. Перғауын тобына азаптың ең ауыры келеді.

46. Олар ертелі-кеш отқа қақталады. Қиямет-қайым болған күні (періштелерге): «Перғауындықтарды азаптың ең ауырына кіргізіңдер» - делінеді.

47. Олар тозақта өзара дауласады. Әлсіздері астамсыған кеудемсоқтарына: «Біз рас, сендерге ерген едік. Сендер енді бізден от азабын жеңілдете аласыңдар ма?» дейді.

48. Кеудемсоқтары: «Расында, бәріміз де тозақтамыз. Алла пенделеріне өз үкімін шығарып қойған» - дейді.

49. Тозақтағылар тозақты басқаратын періштелерге: «Сіздер Раббыңызға дұға етіңіздерші, ол бізден бір күндік азабын жеңілдетсн!» -дейді.

50. Олар (тозақты басқаратын періштелер): «пайғамбарың сендерге

мұғжизалар әкелді ме?» - дейді. Кәпірлер: «Әрине (әкелген)» дейді. (Періштелер:) Ендеше дұға етіңдер, (десе де) кәпірлердің дұғасы мүлде зая кетеді”- дейді.

51. Біз дүние тіршілігін де, куәшілер (куәлікке) әзір тұратын (қиямет) күнінде де пайғамбарларға, иман келтіргендерге сөзсіз жәрдем береміз.

52. Ол күні залымдардың ілтипаты ешқандай кәдеге аспайды. Олар қарғысқа ұшырайды, (ақыреттік) сұмдық тұрақ солардыкі.

53. Расында, Мұсаға тура жол бердік, Исрайыл ұрпақтарына кітапты (Тәуратты) мирас еттік.

54. (Бұл кітап) ақыл иелері үшін тура жол және насихат.

55. (Ей, Мұхаммед!) Сабыр ет! Алланың уәдесі мүлде хақ, күнәларың үшін кешірім сұра, ертелікеш Раббыңа тасбих және мақтау айт.

56. Өздеріне келген ешбір дәлелі болмаса да, Алланың аяттары жөнінде дау тудыратындардың көкірегінде өздері қол жеткізе алмас өрлік қана бар. Аллаға сиын. Алла расында, бәрін естіп, көріп тұрады.

57. Көк пен жерді жарату адамдарды жаратудан гөрі, әрине, күдерлі іс қой. Бірақ адамдардың көбі мұны білмейді.

58. Көр соқыр мен көзі барлар тең болмайды. Иманды болып, жақсы іс істегендер мен жамандық істеушілер тең бола алмайды. Сендердің насихат алуларың өте аз.

59. Қиямет сөзсіз келеді. Онда күмән жоқ. Бірақ көп адамдар (бұған) сенбейді.

60. Раббыңыз: «Маған дұға етіңдер, тілектеріңді қабыл етемін. Маған құлшылық етуге паңсынып тәкаппарлық көрсеткендер, сөз жоқ жаһаннамға кіреді» - дейді.

61. Алла түнді (күндіз жұмыс істеп шаршаған соң) тыныстап дем алуларың үшін, күндізді (тіршілік жолындағы қарекетте) көрулерің үшін жаратты. Алла расында адамдарға рақымды, бірақ көп адамдар (бұған) шүкірлік етпейді.

62. Алла – сендердің Раббыларың, барша болмыстың жаратушысы. Одан басқа құдай жоқ. Қалайша (Аллаға ғибадат етпей, пұттарға табынып) кері бағасыңдар?

63. Алланың аятын мойындамайтындар осылайша кері бағады.

64. Алла сендерге жерді мекенжай, аспанды күмбез етті. Сендерді бейнеледі, бейнелеріңді көркем етті. Пәк ризықтармен азықтандырды. Осы Алла – сендердің Раббыңыз, әлемнің жаратушысы Алла аса Ұлы жомарт.

65. Ол (мәңгі) тірі. Одан өзге құдай жоқ. (Серік қосудан, риядан) діндеріңді таза ұстап, дұға етіңдер (жалбарыныңдар). Барлық мақтау әлемнің Раббысына тән.

66. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: «Мен Раббымнан айқын дәлелдер келген кезде, сендердің Алладан алыстап, ғибадат еткен пұттарыңа табынудан бас тарттым әрі әлемнің Раббысына бойсұнуға бұйырылдым» - деп айт.

67. Алла сендерді (аталарың Адамды) топырақтан, (ұрпақтарын) ұрықтан, ұйыған қаннан жаратты, (аналарыңның құрсағынан) бөбек етіп шығарды. Одан кейін (күш-қуаты толған) кемел шаққа жетесіңдер де қаусап қартаясыңдар – кейбірің жастай қыршыңдарыңнан қиыласыңдар, белгіленген мерзімге дейін өмір сүріңдер. Сендер (Алланың осындай құдіретін) түсінгейсіңдер.

68. Алла өлтіреді әрі тірілтеді. Нені де бар еткісі келсе, оған: «Бол!» дейді, сонда ол бола қалады.

69. Алланың аяттары жөнінде дауласып, теріс баққандарды көресің бе?

70. Кітапты (Құранды), пайғамбарларымызға түсірген мұғжизаларымызды мойындамағандар (сазайын) әліақ тартады.

71. Сол кезде олар мойындарына темір шынжыр мен қолына бұғау салынады.

72. Қайнап тұрған суға (сүйреп) салынады. Одан соң отқа шыжғырылады.

73. Оларға: - Алладан алыстап табынғандарың (пұттарың) қайда? (Осындайда құтқармай ма?), - делінеді.

74. (Олар:) «Көз жазып кетті. Шынында, біз бұрын ешнәрсеге ғибадат етпеуші едік»- дейді. Алла кәпірлерді осылай есеңгіртеді.

75. Бұл сендердің жер бетінде (ақша мен малды арамдықтарға жұмсап) мәзмәйрам болып, масайрауларыңның сазайы.

76. «Енді тозақтың қақпаларынан (тартынбай) кіріңдер де, онда мәңгі қала беріңдер. Тәкаппарлардың орны неткен жаман десеңші!».

77. (Ей, Мұхаммед!) Сабыр ет, Алланың уәдесі хақ. Біз оларға берген уәдеміздің кейбірін саған көрсетсек те немесе (ол уәдеден бұрын) сені опат етсек те (бәрібір) олар біздің алдымызға қайтарылады (көресісін сонда көреді).

78. Расында, сенен бұрын талай пайғамбар жібердік. Олардың кейбірін саған баяндадық, кейбірін баяндамадық. Ешбір пайғамбар Алланың рұқсатынсыз ешқандай мұғжиза әкеле алмайды. Қашан Алланың әмірі (қиямет) келген кезде, (олардың арасында) хақ үкім шығарылады.Онда ақиқатқа қарсы шыққандар зиян шегеді.

79. Алла сендер үшін мінуге және етін жеуге (түрлі) малдарды жаратты.

80. Олардан сендер үшін көп пайда бар. Оларға міниіп көңілдеріңдегі қажеттеріді өтейсіндер, (құрғақта) хайуанға, (теңізде) кемемен (жүзіп) сапар шегесіңдер.

81. Алла өз кереметін сендерге көрсетеді. Алланың қай кереметін жоққа шығара аласыңдар?

82. Олар жержүзін аралап, өздерінен бұрынғы өткендердің соңы немен тын-ғанына көз жібермей ме? Бұларға қарағанда бұрынғылардың саны көп, күші мығым, жер бетінде қалдырған мұралары (үй-ғимарат) да артығырақ еді. Осы істеген кәсіптері де оларға еш пайда бермеді.

83. Пайғамбарлары мұғжизаларымен келгенде, олар өздеріндегі (болмашы) білімге насаттанғандықтан (пайғамбарларды өтірікшіге шығарып, келеке еткендіктен), өздері де мысқылдап (әттең келсе екен деп) жүрген азап бастарына келді.

84. Олар азабымызды көргенде: «Біз бір Аллаға ғана сендік, енді оған серік еткен нәрселерімізге қарсымыз»- дейді.

85. Олардың азабымызды көргенде ғана айтқан иман-сенімдері өздеріне ешқандай пайда бермейді. Бұл Алланың кәпірлерге қарсы ұстанған жолы. Бұл кезде кәпірлер зиян шегеді.

41. ФУССИЛАТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 54 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ха, Мим.

2. (Бұл) өте рақымды әрі мейірімді Алладан түскен (уахи).

3. Білетін қауым үшін аяттар ашық айқын баяндалған бұл кітап – арапша Құран.

4. (Иманды-ларды жұмақпен) қуандырушы. Бірақ олардың (мүшіріктердің) көпшілігі Алладан сырт айналады. Олар оған құлақ салмайды.

5. Олар (пайғамбарға): «Сенің бізді үндеген нәрселеріңе діліміз жабық, құлақтарымыз керең және сенімен біздің арамызда перде бар. Сен өз ісіңді істей бер, біз де өз ісімізбен болайық» - дейді.

6. (Ей, Мұхаммед!) «Мен де өздерің сияқты жай адаммын. Сиынар тәңірлерің бір ғана құдай екендігі маған уахи етілді. Оған (иманмен және ғибадатпен) бет бұрыңдар әрі одан кешірім сұраңдар!» - деп айт. Мүшриктер үшін қандай өкініш!

7. Олар зекет бермейді, ақыретті де мойындамайды.

8. Иманды болып, жақсы іс істегендерге, сөз жоқ, таусылмас сауап-сыйлық бар.

9. (Ей, Мұхаммед! Оларға:) «Жерді екі күнде жаратушыны мойындамай, оған серік қоспақсыңдар ма? Бүкіл ғаламның Раббысы сол (Алла)» - деп айт.

10. Ол жер үстінде тауларды жаратты, оған құт-береке дарытып, жер бетіндегілердің ризығын төрт күнде белгіледі. (Сұрағандарға бұл) бір жауап.

11. Одан соң аспанды жаратуға кірісті, көк жүзі тұманданып тұрған еді. Одан аспанмен жерге: «Ерікті, еріксіз түрде келіңдер (әмірімді орындаңдар!)» - деп бұйрық берді. Ол екеуі: «Ерікті түрде келдік» - деп үн қатты.

12. Алла жеті қат аспанды екі күнде жаратты. Әрбір аспанның істерін өзіне білдірді (лайықты үкім және қажеттермен қамдады). Ең жақын аспанды жұлдыздармен безендірдік және қорғауға алдық. Бұл – үстем әрі біліуші Алланың еткен тағдыр өлшеуі.

13. Егер олар (Мекке мүшіріктері иманнан) бойын аулаққа салса, оларға: «Ғад, Самуд қауымдарының басына келген нажағай сынды апаттармен ескертемін» - деп айт.

14. Оларға өз уағында алды-артынан бірдей пайғамбарлар келіп: «Алладан басқаға ғибадат етпеңдер» дегенде, олар: «Егер Раббымыз қаласа, сөзсіз періштелерді түсірер еді. Біз сендердің пайғамбарлықтарыңды мойындамаймыз» - деді.

15. Ғад (қауымы) жержүзінде орынсыз өркеуделік істеп: – “Бізден күшті кім бар?”, - деп даурықты. Өздерін жаратқан Алланың өздерінен күшті екендігін олар білмей ме? Олар аяттарымызға қарсы шықты.

16. Дүниенің өзіндей-ақ қорлаушы азаптың дәмін татыру үшін оларға (сәтсіз күндерде) қатты суық борандарды жібердік, ақырет азабы, әрине, одан да зор, өте қорлы. (Ол кезде) оларға ешқандай жәрдем берілмейді.

17. Самуд қауымына келсек, оларға түзу жол көрсеттік. Бірақ дұрыстықтан гөрі көр соқырлықты (азғындықты) жақсы көрді. Сондықтан оларды (істеген ісіне қарай) қор етуші азап найзағайы (ұрып) ойранын шығарды.

18. Иман келтіріп, тақуа болғандарды (Салих ғалайһиссаләм мен оған ілескендерді) құтқарып қалды.

19. Алланың дұшпандары топталып тозаққа айдалатын сол күні (алды-арты жиналғанша бір араға) тоқтатылады.

20. Олар тозаққа барған кезде құлақтары, көздері, терілері олардың не істегендіктеріне куәлік береді.

21. Олар терілеріне: «Не үшін біздің зиянымызға айғақ боласыңдар?»- дейді. (Терілер:) «Барлық нәрсені сөйлеткен Алла бізді де сөйлетті, ол сендерді әу баста жаратқан,енді оны алдына қайта барасыңдар», - дейді.

22. Сендер (дүниедегі кездеріңде) құлақтарыңның, көздеріңнің, терілеріңнің өз зияндарыңа айғақ болуынан сақтана алмаған едіңдер

(жаман іс істеген кезде адамнан ғана жасырып, дене мүшелеріннің айғақ болатындығын ойлап та көрмедіңдер). Сендер тіпті істеген істеріннің көбін, Алла білмейді деп ойладыңдар.

23. Сендердің Раббыларың туралы ойлаған осы теріс ойларың өздеріңді ойрандады. Сонымен зиян тартушылардан болдыңдар.

24. Егер олар шыдайтын болса, тозақ солардың орны. Егер олар (Алладан) разылық, кешірім тілесе де олар кешірім етілетіндерден емес.

25. Біз оларға (шайтандардан) сыбайластар тағайындап қойдық. Олар (шайтандар) олардың істеген ілгері-кейінді жамандықтарын көздеріне абзал көрсетті. Өздеріне бұрынғы өткен жыннан және адам баласынан болған (бұзық) үмметтерге берілген уәделі сөз (азап әмірі) олардың бастарына да жетті. Өйткені олар нағыз зиян шегушілерден.

26. Кәпірлер: «Бұл Құранға құлақ салмаңдар, (Құран оқылғанда) шу көтеріңдер, сонда жеңіске жетулерің мүмкін» - дейді.

27. Кәпірлерді сөзсіз қатты азаптаймыз, істеген жамандықтарының сазайын тартқызамыз.

28. Алланың дұшпандарына берілетін жаза – тозақ, олар үшін мәңгілік орын. Аяттарымызды мойындамағандардың жазасы осы.

29. Кәпірлер: «Раббымыз, жындардан және адамдардан бізді адастырғандарды көзімізге бір көрсет! Біз оларды барынша қор болсын деп, табанымызға салып таптаймыз» - деседі.

30. «Раббымыз – Алла»-деп, одан соң, тура жолмен жүргендерге аспаннан періштелер түсіп, (былай) дейді: «Қорықпаңдар да қайғырмаңдар, сендерге уәде етілген жұмақпен қуанып мәз-мәйрам болыңдар.

31. Біз дүние тіршілігінде де, ақыретте де достарыңбыз. Жаннатта сендердің көңілдерің тартатын, қалаған нәрселеріннің бәрі бар.

32. Бұл – аса жарылқаушы, өте рақымды Алланың сыйлығы».

33. Аллаға (оны бір деп, ғибадатына) шақырған, жақсы істер істеген, «мен нағыз мұсылманмын» деген адамнан жақсы пенде бола ма?

34. Жақсылық пен жамандық тең болмайды. Жамандықты жақсы ісіңмен жолға сал. Сонда ғана сенімен дұшпандығы бар қас адам, өзіннің сырлас досыңдай болып кетеді.

35. Бұл қасиетке сабырлылар ғана қол жеткізе алады. Бұл қасиетке ұлы несібе иелері ғана қол жеткізе алады.

36. Алда-жалда сені шайтан түртсе (азғырып әлгі қасиетіннен айырмақ болса), онда Аллаға сиын, өйткені Алла сөзсіз (дұғаларды) естіп, (істеріңді) біліп тұрады.

37. Түн мен күндіз, ай мен күн Алланың (бар және жалғыз екенін дәлелдейтін) нышандары. Сендер күн мен айға сәжде етпеңдер, оларды

жаратқан Аллаға сәжде етіңдер! Егер жалғыз Аллаға ғана құлшылық етпек болсаңдар.

38. Егер кәпірлер бұған астамдық етсе, (біліп қойсын) онда Раббыңның қасындағылар (періштелер), оған күндіз-түні тасбих айтады, бұдан жалықпайды.

39. Сен жердің (беті) кепкенін көресің. Біз оған жаңбыр жаудырған кезімізде оған жан кіріп, жібиді (көктей бастайды), осының өзі де Алланың (құдіретінің) дәлелдері. Жерді тірілткен Алла сөзсіз өліктерді де тірілтеді, оның барлық нәрсеге құдіреті жетеді.

40. Біздің аяттарымыз жөнінде бұрмалаушылар бізден жасырына алмайды. Тозаққа тасталатын адам жақсы ма? Әлде қияметке (Алланың азабынан) аман-сау баратын адам жақсы ма? Қалағандарыңды істеңдер. Сендердің істеріңді Алла сөзсіз көріп тұрады.

41. Құран келгенде расында, оған қарсы тұрғандар (ауыр азапқа ұшырайды) бар. Ол – нағыз ардақты да құдіретті кітап.

42. Оның алдынан да, соңынан да (бұрыс мағына) келмейді (өтірік араласпайды). (Ол) хикметі мол, мақтауға лайық Алладан түсірілген.

43. Саған (мүшриктер тарапынан) айтылғандар – сенен бұрынғы пайғамбарларға айтылған сөздер. Сенің Раббың анық кешірім иесі әрі қатты жазаның да иесі.

44. Егер де Құранды бөгде тілде (ғажам тілінде) түсірген болсақ, олар әрине: «Оның аяттары неліктен (біз түсінетін тілде) ашық баяндалмаған? Кітап бөгде тілде (ғажамша), ал пайғамбар арап па?», - дер еді. (Ей, Мұхаммед!) «Ол Құран имандыларға жетекші, (жүректегі күмән күдікке) дауа» - деп айт. Имансыздардың құлағы (Құранды естуге) мүкіс, Құран оларға көр соқырдай (қараңғы) көрінеді. Бұлар (құлақ естімес) алыс-шалғайдан шақырғанындай (адамның талып естілер-естілмес даусы іспетті).

45. Расында, Мұсаға кітап бағыштадық. Бұл туралы да талас болды. Егер Раббыңның алдын-ала айтқан бір сөзі (оларға берілетін жазаны ақыретке қалдыру уәдесі) болмаған болса, оларға сөзсіз үкім шығарылар еді. Олар расында оған шүбәлануда еді.

46. Кім жақсы іс істесе, пайдасы өзіне, ал жамандық істесе, зияны (тағы да) өзіне. Раббым пенделеріне қиянат істемейді.

47. Қияметтің (қашан боларын) мезгілін Алла ғана біледі. Жемістердің түйін салуы, ұрғашылардың жүкті болуы және тууы, Алланың ілімінен тыс болмайды. Алла: «Менің ортақтарым (сендер қосқан маған серіктер) қайда?» деп, сұраған күні олар: «Саған мәлім етеміз, бізден оған («сенің ортағың бар» деп) куә болатын ешкім жоқ» -дейді.

48. Мұнан бұрынғы табынғандары (олардан) ғайып болады, олар өздерінің қашып құтылар жері жоқ екендігін сонда түсінеді.

49. Адам жақсылық тілеуден жалықпайды, бірақ басына бір жамандық түссе, мүлде үмітсізденіп торығады.

50. Егер біз оларға кез болған бейнеттен соң, рақымымызға бөлесек, олар: «Бұл, сөзсіз менің сыбағам, мен қиямет-қайым болады деп ойланбаймын да. Егер де Алланың алдына қайта барсам да, онда маған сөзсіз жақсылық бар» - дейді. Біз кәпірлерге істеген қылмыстарын, сөз жоқ, баяндап береміз және ауыр азап тартқызамыз.

51. Егер адамға бір жақсылық жасасақ, (шүкірлік етуден) бас тартып кердеңдей қалады. Егер бір жамандық келсе, (Алланы сонда танып) жалынып дұға етеді.

52. (Ей, Мұхаммед!) оларға айтып қой: «Алда-жалда Құран Алладан келген болып, оны сендер мойындамасаңдар (халдерің не болмақ), ойланып көрдіңдер ме? (Ақиқаттан) аулақтап, (оған) кереғар келген адамнан да өткен азғын бола ма?

53. Құранның мүлде ақиқат екендігі айқындалғанша біз оларға атыраптағы және өз бастарындағы белгілерімізді көрсете береміз. Раббыңның барлық нәрсеге куә екендігі (сенің растығыңның дәлелі болуға) жетерлік емес пе?

54. Біліп қойыңдар, олар расында, Раббыларына жолығатындықтарына күмәнданады. Рас, Алла – барлық нәрсені толық білуші».

42. ШУРА СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 53 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ха, Мим.

2. Ғайн, Син, Қаф.

3. Өте үстем, хикмет иесі Алла, саған және сенен бұрынғыларға осылайша уахи етеді.

4. Аспандағы һәм жердегі нәрселердің барлығы Алланыкі. Ол бәрінен ұстем әрі ұлы.

5. (Алланың қаһарынан) көктер үстіңгі жағынан жарыла жаздайды. Періштелер Раббыларына мақтау, тасбих айтып, жер бетіндегілерге жарылқау тілейді. Біліп қойыңдар, Алла расында, кешірімшіл, аса мейірімді.

6. Алладан басқаны (пұттарды) ие тұтқандарды Алла бақылап тұрады. Сен оларға кепіл емессің.

7. Қалалардың анасы (болған Мекке) халқын және оның маңындағыларды

алдын ала ескертуің, сондай-ақ келуі күмәнсіз қиямет күнімен ескертуің үшін саған арабша Құранды уахи еттік. Ол күні бір топ жұмақта, бір топ тозақта болады.

8. Егер де Алла қаласа оларды (бүкіл адамзатты) бір ғана үммет (діндес) етер еді. Бірақ Алла қалаған адамын рақымына бөлейді. Залымдарға ие де, жәрдемші де табылмайды.

9. Олардың Алладан басқаны ие тұтуы қалай? Ие – Алла ғана. Ол өлілерді тірілтеді, барлық нәрсеге оның құдіреті жетеді.

10. Сендер талас-тартыс еткен нәрселер турасында, үкімді Алла шығарады. Осы Алла – менің Раббым. Мен соған ғана сүйенемін, соған ғана жүгінемін.

11. Ол – көк пен жердің жаратушысы. Сендерге өз тектеріңнен қосақтарыңды, хайуандарға да өз жұптарын жаратты. Осы арқылы сендерді өрбітеді. Аллаға ұқсайтын ешнәрсе жоқ. Ол – расында, барлығын естіп көруші.

12. Жер мен көктің (қазыналарының) кілті оның қолында.Қалаған адамының ризығын молықтырады, (қалаған адамының ризығын) тапшы етеді. Ол барлық нәрсені біліп тұрады.

13. Алла Нұһқа өсиет еткендерін, саған уахи еткендерін, сондай-ақ Ибраһимге, Мұсаға және Исаға өсиет еткендерін сендерге дін (шариғат) етіп тұрақтандырды. Сендер дінді дұрыс ұстаныңдар, дінде бөлінбеңдер. Сенің үндеген нәрсең Мүшіріктерге ауыр келді. Ал оған да (сенің үндеген дініңе) өзінің қалаған адамын таңдайды және оған бейімделген адамды тура жолға салады.

14. Олар (яһудилер мен христиандар), өздеріне ғылым келгеннен кейін, күншілдіктің кесірінен бытшыт болды. Егер де Раббың жағынан оларға жазаны белгілі мерзімге дейін, кешіктіру туралы (бұған дейңн) сөз болмаған болса, сөзсіз,олардың көрген күндері қараң болар еді. Олар кейінгі кітаптарға (Тәурат пен Інжілге) мұрагерлік еткендер бұл жөнінде қатты аса күмәнді.

15. Сондықтан да (Ей, Мұхаммед!) Сен (барлық адамды) бір тура дінге шақыр! Бұйырғаның бойынша табанды бол! Бұлардың нәпсі әуейілігіне берілме? Және оларға: «Алла түсірген кітапқа сендім. Араларыңда әділ болуға бұйырылдым. Алла – менің де Раббым, сендердің де Раббыларың. Біздің ісіміз өзімізге, ал сендердің істерің өздеріңе. Сендермен арамызда талас тартысқа себеп жоқ. Барлығымыздың басымызды Алла (қияметте) қосады. Барар жеріміз – оның алды» - деп айт.

16. (Адамдар Алланың дінін) қабылдағаннан кейін, Алла хақында дау тудырушылардың (тура жолдан адастыру үшін) дәлелдері Алла

алдында пайдасыз. Олар (дүниеде Алланың) қаһарына тап болады, (қияметте) қатты азапқа дұшар болады.

17. Алла кітапты (Құранды) және әділет таразысын (өз ұстанымын, қағидасына сай) шындықпен түсірді. Сен қайдан білесің, бәлкім, қиямет (мерзімі) жақын шығар.

18. Қияметке сенбейтіндер, оған тіленіп асығады. Имандылар одан қорқады және оны хақ деп біледі. Біліп қойыңдар, сол бір мезгіл туралы дауласатындар, расында, мықтап адасқандар.

19. Алла пенделеріне күйінеді. Қалаған адамына ризық береді. Ол – өте күшті, аса жеңімпаз.

20. Кім ақырет сауабын көздесе, оның сауабын арттыра түсеміз. Ал кім дүние пайдасын көздесе, оған оны да береміз. Бірақ оған ақыретте несібе жоқ.

21. Немесе олардың Алла рұқсат етпеген нәрсені дін етіп тұрақтандырған пұттары бар ма? Егер Алланың (жазаны қияметке дейін кешіктіру) жөніндегі келісім сөзі болмаған болса, оларға (дүниенің өзінде-ақ,) дереу үкім шығарылар еді. Сұмдық азап сөзсіз залымдарға тиесілі.

22. Залымдардың (қияметте дүниедегі) істеген қылмыстарынан қорқып шошығанын көресің. Олар (қорықсын-қорықпасын) бәрібір оның сазайын тартады. Ал имандылар мен жақсы іс істегендер, жәннат бақшаларында болады. Оларға тілегендерінің бәрі Раббыларының құзырында дайын. Бұл ересен жарылқаушылық.

23. Иманды болып, жақсы іс істеген пенделерін Алла осы жақсылықтарымен қуандырады. (Ей, Мұхаммед!) «Мен осы жеткізгендігім үшін сендерден ақы тілемеймін, тек бауырмалдық сүйіспеншілікте болуларыңды тілеймін» - дегейсің. Кім жақсы іс істесе, оған сауабын артық береміз. Алла – өте кешірімшіл, аз жақсылыққа көп сауап беруші.

24. Әйтпесе олар (Құрайыш кәпірлері сені): «Аллаға жала жауып жүр» дей ме? Алла қаласа, сенің жүрегіңді де жауып қояр еді. Алла жамандықты жойып, ақ істі шындыққа шығарады. Ол көкейдегіні кәміл біліп тұрады.

25. Алла пенделерінің тәубесін қабылдап күнәларын кешіреді, істегендеріңді біледі.

26. Иманды болып, жақсы іс істегендердің тілегін қабылдап,өз рақымымен сауапты артық береді. Қатты азап кәпірлерге тиесілі.

27. Алла пенделерінің ризығын молықтырып жіберсе, олар (шектен шығып) жер бетінде бүлік шығарады. Бірақ (ол ризықты) өз қалауынша өлшеммен түсіреді. Ол пенделерінен толық хабардар және оларды көріп тұрады.

28. Алла пенделері (зарығып) үміт үзгенде, жаңбыр жаудырып, рақымына бөлейді. Ол – мадақ иесі, аса жомарт.

29. Жер мен көктің жаратылуы және ол екеуіндегі жан-жануарлардың таралуы оның (құдіретінің) белгілерінің бірі. Қалаған кезінде олардың басын (бір жерге) қосуға да оның құдіреті жетеді.

30. Бастарыңа келген пәле-жала қолдарыңмен істегендеріңнің кесірінен. Бірақ Алла оның көбін кешіреді.

31. (Ей, Мүшриктер!) Сендер жержүзінде оның жазасынан оңай құтыла алмайсыңдар. Сендерге Алладан басқа ие де, жәрдемші де жоқ.

32. Теңізде таудай кемелердің жүруі де Алланың (құдіретінің) бір белгісі.

33. Егер ол қаласа, желді тоқтатады да, кемелер теңіз үстінде тұрып қалады. Осының өзінде де әрбір сабыр сақтаушы, шүкірлік етуші үшін көп ғибрат бар екені даусыз.

34. Немесе олардың қылмыстарының салдарынан (кемелерді суға батырып, ішіндегілерді) ойрандайды, һәм бірсыпыра адамның күнәсін кешіреді.

35. Аяттарымыз хақында айтысатындар өздерінің әсте паналар жері жоқтығын білсін.

36. Ал сендерге берілген нәрселер дүние тіршілігінің игіліктері ғана. Алланың құзырындағы нәрселер өте қайырлы да мәңгілік. (Бұл сыйлық тек қана) иман келтіріп, Раббыларына сенім артқандарға тән.

37. Зор күнәлардан жиіркенішті істерден аулақтағандарға, ашу қысқан кезде кешірім ете алатындарға тән.

38. Раббыларыңның шақырғанына үн қосатындарға, намазды (баппен) оқитындарға, істерін бір-бірімен кеңесіп бекітетіндерге, өздеріне арнаған ризықтарымыздан (қайыр-ихсан үшін) жұмсайтындарға тән.

39. Өздері зұлымдыққа ұшырағанда, оған (бірлесіп) қарсы тұра алатындарға тән.

40. Жамандықтың жазасы – соның өзіндей ғана жамандық (бір адам қанша тиіссе, сен де соншалықты тиіс, асырып жіберме). Кім (өш алуға шамасы жете тұрып) кешірім етіп жарасар болса, оның сауабын Алланың өзі береді. Алла шынында, зұлымдық істегендерді ұнатпайды.

41. Біреу зұлымдыққа ұшырағаннан кейін өшін алса, оған айып (күнә) жоқ.

42. Айыпталу адамдарға зұлымдық істеп, жер бетінде өнсіз зорлық-зомбылық істейтіндерге лайық. Ондайлар сұмдық азапқа дұшар болады.

43. Кімде-кім (зәбір-жапаға) сабыр сақтаса, кешірімшіл болса, бұл, келелі іс.

44. Алла кімді адастырса, одан кейін оған ешбір жәрдемші жоқ. Залымдардың азапты көрген кезде ғана «(дүниеге) қайтар жол бар ма екен?» - дегенін көресің.

45. Олар қорланып қорқып, үдірейіп, тозаққа көзінің қиығымен қарай-қарай ыңғайланғанын көресің. Мұсылмандар: «зиян шеккендер – қияметте

расында өз бастарын да,отбасыларын да зиянға ұшыратқандар»- дейді. Біліп қойыңдар, залымдар, дау жоқ, құтылмас азапқа қалады.

46. Оларға Алладан басқа жәрдем беретін ешкім де табылмайды. Алла кімді адастырса, оған да (дүниеде оң жолға, қияметте жұмаққа бастайтын) жөн сілтеуші болмайды.

47. Алладан келетін, қарсы тұруға болмайтын, сол бір күн келуден бұрын, Алланың шақыруына (Ислам дініне) мақұл болыңдар. Бұл күнде сендердің барар жер, басар тауларың жоқ, (қылмыстарың амал дәптерлеріңде жазулы болғандықтан) мүлде жалтара алмайсыңдар.

48. Олар (иманнан) бет бұрса, біз сені оларға күзетшілікке жібергеніміз жоқ, сенің міндетің (Алланың дінін) жеткізу ғана. Адам баласына рақымымыздың дәмін тартқызсақ, олар мәз-мейрам болады, ал бастарына істеген істеріне қарай жамандық келсе, адам баласы, сөз жоқ (Аллаға) күпірлік істейді.

49. Көк пен жердің иелігі Алланың (құдірет) қолында. Ол қалағанын жаратады, қалағанына қыз нәсіп етеді, қалағанына ұл нәсіп етеді.

50. Немесе ұл мен қызды аралас береді. Қаласа тумайтын бедеу етіп те қояды. Ол сөзсіз бәрін білуші, бәріне құдіретті.

51. Алла адаммен тек уахи арқылы немесе перде артынан немесе бір елші жіберіп, өз рұқсатымен соған қалағанын уахи ету арқылы сөйлеседі. Алла расында, аса үстем, хикмет иесі.

52. Сол сияқты (басқа пайғамбарларға уахи еткеніміздей), әміріміз бойынша саған да рух (Құранды) уахи еттік. Сен (уахидан бұрын) кітаптың не екенін, иманның не екенін білмеуші едің. Бірақ біз пенделеріміздің калаған адамымызды оңғаруымыз үшін, Құранды нұр-сәуле еттік. Сен шынында, тура жолға бастайсың.

53. Ол – көк пен жердегінің барлығы өзіне тән болған Алланың жолы. Біліп қойыңдар, барлық іс Алланың алдына қайтады.

43. ЗУХРУФ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 89 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ха, Мим.

2. Көрнекті кітаппен серт:

3. Расында оны түсінулерің үшін арапша Құран бердік.

4. Ол – біздің алдымыздағы негізгі кітапта (Лауҳұлмахфузда) анық, ардақты, хикметті кітап.

5. Сендер шектен шыққан қауым болғандықтарың үшін уағыз-насихат айтуды қоямыз ба?
6. Әуелгі үмметтерге талай пайғамбар жібергенбіз.
7. Пайғамбар келген сайын олар сайқымазақ етті.
8. Біз олардан (Мекке кәпірлерінен) әлуеттірек болғандарды да ойрандадық. Бұрынғылардың қиссалары (Құранда) айтылып өтті.
9. Егер олардан: «Аспан мен жерді кім жаратқан?» деп сұрасаң, олар, әлбетте: «жеңіс иесі, кемел білімдар Алла жаратты» - дейді.
10. Ол Алла, сендерге жерді жайлы бесік етті де, онда түзу жүрулерің үшін жолдарды жаратты.
11. Ол аспаннан өлшеммен жаңбыр жаудырды. Онымен өлілерді тірілттік. Сендер де сол сияқты (қабірлеріңнен) қайта шығасыңдар.
12. Алла барша мақлұқаттың түрлерін жаратты, үстіне шығуларың үшін кеме, мінулерің үшін хайуандарды жаратты.
13. Олардың үстіне шығып (мініп) алған кездеріңде Раббыларыңның жақсылығын естеріңе ала айтасыңдар: «Бізге осыларды бойсұндырып берген – (барлық нұқсаннан) пәк Алла, әйтпесе бұған біз жолай алмас едік.
14. Бәріміз расында, Раббымыздың алдына қайтарыламыз».
15. Олар (кәпірлер), Алланың пенделерінің бір бөлігін, өзінің бір бөлшегі етіп алды (періштелерді “Алланың қыздары” деді). Адам расында, әшкере күпірлік етуші.
16. Алла өз жаратқандарынан қыздарды өзі (бала етіп) алып, ұлдарды сендерге меншіктеді ме?
17. Олардың біреуінен Алла мысал еткен нәрсемен (“әйелің қыз тапты” - деп) сүйінші сұралса, ызаға булығып жүздері қап-қара болып (түтігіп) кетеді.
18. Немесе әшекей (зейнет) ішінде өсіп, ер жетіп дау-дамайда өз мақсатын баяндай алмайтынды (нәзік жаралған қыздарды) Аллаға меншіктей ме?
19. Олар рақымды Алланың пенделері болған періштелерді ұрғашыға балады. Періштелер жаратылғанда олар басы-қасында болған ба? Олардың көргендері де (амал дәптеріне) жазылады, (қияметте) олар сұраққа тартылады.
20. Олар: «Рақымды Алла қаласа, біз оларға (періштелерге) табынбас едік»- дейді. Бұл туралы оларда білім (негіз) жоқ. Олар мүлде өтірікті сықпыртады.
21. Немесе оларға (Құраннан) бұрын бір кітап бағыштаған ба едік? Олар соған жабысып жүр ме?

22. Керісінше олар: «Ата-бабаларымыздың бір дін ұстанғанын расында, білеміз, біз де солардың ізімен жүріп тура жол табамыз» - дейді.
23. Сөйтіп біз сенен ілгері бір мемлекетке пайғамбар жіберсек, олардың дәулеттілері де: «Біз ата-бабаларымыздың бір дін ұстанғанын расында білеміз, біз де солардың ізімен жүре береміз» - деген еді.
24. (Әр пайғамбар өз үмметіне:) «Егер де мен, сендердің ата-бабаларың сенген діннен гөрі бір тура дін әкелсем қайтесіңдер?» деді. Олар: «Сен әкелген дінге сенбейміз» - деді.
25. Сонымен біз де олардан өш алдық. Қарашы (тура жолды) мойындамаушылардың ақыры не болды?
26. Бір кезде Ибраһим әкесіне және қауымына мынаны айтты: «Мен сендердің табынғандарыңнан (пұттарыңнан) іргемді аулақ салғанмын.
27. Тек жаратқан Алла ғана мені тура жолға салады».
28. Ол осы (мәңгілік) сөзді (калима тауһидты) кейінгі ұрпақтарына да иманға қайтулары үшін қалдырып кетті.
29. Сонда да оларды (Мекке мүшіріктерін) және олардың ата-бабаларын ақиқат (Құран) және көрнекті пайғамбар (Мұхаммед) келгенге дейін (ризық әрі ұзақ өмірмен) қамтамасыз еттім.
30. Оларға ақиқат келгенде, олар: «Бұл бір сиқыршы, бұған сенбейміз» - деді.
31. Олар: «Бұл Құран, екі қала (Мекке және Тайф) адамдарынан бір игі адамға (Уалид ибн Муғайра, Ғаруа ибн Масхут сияқтылар) неге түсірілмеген?» - десті.
32. Олар Раббыңның рақымын бөліп жара ала ма? Біз олардың дүние тіршілігіндегі ризықтарын бөліп бердік. Бірін-бірі басқарып бағындырсын деп, біреуінен біреуінің дәрежесін жоғарылаттық. Олардың жиған-тергендерінен, Раббыңның рақымы тағы қайырлы.
33. Адамдар (кәпірлердің дәулетті тұрмыстарын көр-ген соң, оған қызығып кәпірлікте) бірыңғай топ болып алмаған болса ғой, онда рақымды Аллаға қарсы болып жүргендердің үйлерінің төбесін, оған шығатын басқыштарын, күмістен жасап берер едік.
34. Үйлеріңнің есіктерін және шалқалай сүйеніп отыратын тақтарын да күмістен жасап берер едік.
35. Тіпті кейбіреуін алтыннан да жасар едік. Бұлардың барлығы дүние тіршілігінің ғана рахаты. Раббыңның құзырындағы ақырет (жақсылықтары) тек тақуаларға ғана тән.
36. Кімде-кім рақымды Алланы еске алмай(зікір етпей) көз жұмса, оны бір шайтанға иектеткіземіз, шайтан оған жолдас болады.
37. Шайтандар сөзсіз оларды тура жолдан тосады. Олар өздерін тура жолдамыз деп ойлайды.

38. Олар (қиямет күні) бізге келген шақта (ол әлгі жолдасына): «Әттең, сені мен менің аралығым шығыспен батыстың аралығындай (алшақ) болсашы! Сен нендей кесірлі жолдас едің?!»- дейді.

39. «Өткенде зұлымдық істегенсіңдер, бүгін азапта ортақсыңдар, сондықтан, ендігі өкініштеріңнен (сендерге) ешбір пайда жоқ»- делінеді оларға.

40. (Ей, Мұхаммед!) Саңырауға (сөзіңді) естірте аламысың? Соқырларды тура жолға сала аламысың? Ашық адасқандарды жөнге сала аламысың?

41. Егер де сені (олардың арасынан) алып кетсек (яғни, қаза жіберсек) те, оларға тиісті жазасын береміз.

42. Немесе оларға уәде етілген азапты (сенің тірі кезіңде келтіріп), саған да көрсетеміз. Біздің оларға (яғни оларды жазалауға) шамамыз кәміл жетеді.

43. (Ей, Мұхаммед!) Өзіңе уахи етілген Құранға жабыс! Сен сөзсіз тура жолдасың.

44. Құран саған және сенің қауымыңа (зор)мәртебе! Сендер болашақта (қияметте мұнан) сұраласыңдар.

45. Сенен бұрын жіберілген пайғамбарларымыздан сұра: біз мейірімді Алладан өзге ғибадат ететін “тәңір” жасадық па?

46. Біз расында Мұсаны көп мұғжизаларымызбен Перғауынға және оның сыбайластарына жібергенбіз. Мұса оларға: «Мен – бүкіл ғаламның Раббысының елшісімін» - деп еді.

47. Оларға мүғжизаларымызбен келсе де, оған олар (әжуалап) күлгенді.

48. Оларға бірінен-бірі үлкен мұғжизаларды көрсеттік және райынан қайтар деп азап жіберіп жазаладық.

49. Олар: «Ей, сиқыршы! Өзіңе берілген уәде бойынша, Раббыңа мінәжат ет (бізді азаптан құтқарсын)! Біз шынымен дұрыс жолға түсейік» - десті.

50. (Мұсаның дұғасымен) оларды азаптан құтқарған кезімізде, олар уәделерінен тайды (тағы да күпірлікте қала берді).

51. Перғауын қауымына жар салып, былай деді: «Ей, жұртым! Мысырдың патшалығы және мына астымнан ағып жатқан өзендер менікі емес пе? (Менің ұлылығымды) көрмедіңдер ме?

52. Немесе мен осы ынжық, сөзін түзеп сөйлей алмайтын адамнан (Мұсадан) артық шығармын?

53. (Егер ол пайғамбар болса), оған неге (аспаннан) алтын білезіктер жаумайды? Періштелер неге онымен жолдас болып келмейді?».

54. Перғауын қауымын алдап күштегендіктен, қауымы да оның дегеніне көнді. Олар өздері де нағыз керібаққан қауым еді.

55. Олар бізді ашуландырғандықтан, олардың тиісті сазайын тартқызып бәрін суға батырдық.
56. Оларды кейінгілер үшін бір ғибрат және мысал еттік.
57. Мариям ұлы (Иса) мысал етілгенде, бұған қауымың даурығып күлісті.
58. Олар: «Біздің құдайларымыз жақсы ма әлде ол (Иса) жақсы ма?» - дейді. Олардың бұл мысалды келтіруі жанжал үшін ғана. Өйткені олар даукес ел.
59. Ол Иса (насаралар айтқандай Алланың ұлы емес), тек біз (пайғамбарлықты) сыйлаған пенде ғана. Исрайыл ұрпақтары үшін (құдіретімізді көрсететін) бір мысал, өнеге еттік.
60. Егерде қаласақ, сендерге де жержүзінде іздеріңді басатын періштелер жаратар едік.
61. Ол даусыз қиямет күніне тән бір білім. Одан күмәнданбай, маған еріңдер! Тура жол, осы.
62. Сендерді шайтан жолдан шығармасын. Ол – анық ата жауларың.
63. Иса мұғжизалармен келген кезде оларға былай деді: «Сендерге мен хикмет әкелдім. Сендердің таласып тартысқан кей нәрселеріңді баяндаймын. Алладан қорқыңдар, маған бойсұныңдар».
64. «Алла даусыз менің де Раббым, сендердің де Раббыларың. Оған ғибадат етіңдер. Тура жол осы».
65. (Насаралардың) топтары (Иса турасында) бір-бірімен таласып тартысқа түсті. Залымдардың қияметтегі азабы өлім болсын!
66. Олар қияметтің өздеріне байқатпай, кенеттен келуін ғана күте ме?
67. Сол күні достар бір-біріне дұшпанға айналады, тек тақуалар ғана дос болып қалады.
68. (Оларға Алла:) «Ей, пенделерім! Сендерге бүгін қауіп-қатер де, уайым-қайғы да жоқ» - дейді.
69. Олар – аяттарымызға сенген мұсылмандар.
70. «Сендер жар-қосақтарыңмен мәз-мейрам болып жұмаққа кіріңдер!» - (делінеді оларға).
71. Оларға (бал-шәрбат пен сусындар) құйылған алтын ыдыстар мен алтын кеселер айналдырыла ұсынылады. Онда көңіл тартатын, көз тоятын нәрселер жетерлік. Сендер жаннатта мәңгі тұрасыңдар.
72. Істеген жақсылықтарыңа қарай, мұрагерлік еткен жәннаттарың осы.
73. Онда сендерге арналған мол жемістер бар. Одан жейсіңдер.
74. Күнәкарлардың тозақ азабында (мәңгі) қалатыны сөзсіз.
75. Олардың азабы жеңілдетілмейді. Олар (Алланың рақымынан) күдер үзіп қала береді.
76. Оларға біз зұлымдық істемедік, тек олардың өздері залым болды.

77. Олар тозаққа жауапты періштелерге): «Ей, Мәлік! Раббың біздің ісімізді бітірсін (өлімге үкім етсін!)» деп айғайлайды. Мәлік: «Сендер мәңгі (жазалы күйде) тұрасыңдар» - дейді.

78. Біз сендерге расында, хақ (дін) келтірдік, бірақ көбің хақтан жеріндіңдер.

79. Олар (Мұхаммед пайғамбарға қарсы) бір істі ниет етті ме? Біз де (Мұхаммед пайғамбарға жәрдем ететін) бір шараны қолға алармыз.

80. Олар әлде бізді өздерінің сырларын, сыбырларын естімейді деп ойлай ма? Олай емес, біздің елшілеріміз (періштелеріміз) олардың (істегендерін) жазып тұрады.

81. (Ей, Мұхаммед!) «Егер де Рақымды Алланың баласы болса, мен оған ең алдымен сиынар едім»-деп айт.

82. Көк пен жердің Раббы және арышының Раббы олардың айтқандарынан пәк.

83. Оларды (Мекке кәпірлерін) қоя бер, олар уәделі күнге дейін (алдана) тұрсын, (тамашаласын) ойнасын.

84. Алла – аспанның да тәңірі, жердің де тәңірі, ол – хикмет иесі, асқан данышпан.

85. Көк пен жер және ол екеуінің арасындағы барлық мүлік, өз иелігінде болған Алла – өте ұлы. Қиямет мезгілін білу – оның ісі. Сендер оның алдына қайтарыласыңдар.

86. Олардың Алладан өзгеге табынған нәрселерінің шапағат етерлік қуаты жоқ. Тек (Алланың жалғыздығына тілмен) шынайы куәлік берген және (тілмен айтқанын көңілінде) толық бекіткендер ондай емес (шапағат ете алады).

87. Егер олардан: «Өздеріңді кім жаратты?» - деп сұрасаң, олар сөзсіз: «Алла» - дейді. Сөйте тұра (Аллаға ғибадат етпестен, пұтқа табынуға) қалайша бұра тартады?

88. «О, Раббым! Бұлар шынымен иман келтірмейтін қауым» деп (расулының айтқан) сөзін (Алла біледі).

89. Сен олардан бет бұр, бірақ сәлемдес. Олар (күпірлігінің соңын) жақында түсінеді..

44. ДҰХАН СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 59 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ха, Мим.
2. Көрнекті Кітаппен серт.
3. Біз оны (Құранды), расында бір құтты түнде (Қадір түнінде) түсірдік. Шынында біз ескертушіміз.
4. Бұл түнде барша хикмет істер (хикмет бойынша үкім етілетін пенделердің ризығы, ажалы, тағы-тағылар) белгіленді.
5. Бұлар – (бұл түнде тағдыр етілген істердің барлығы) біздің алдымыздан жіберілген бұйрық. Біз расында, елшілерді жіберіп тұрушымыз.
6. Бұл - Раббыңның рақымы. Ол - даусыз (барлық үнді) естуші, (барлық істі) білуші.
7. (Ол) – егер анық сенетін болсаңдар, жер мен көктің және бұл екеуінің арасындағылардың Раббысы.
8. Одан басқа ешбір құдай жоқ. Ол (өліні) тірілтеді, (тіріні) өлтіреді. Сендердің де Раббыларың, бұрынғы ата-бабаларыңның да Раббысы.
9. Керісінше олар күдік-күмәнға салынып, (ақиқатты мазақтап) ойнайды.
10. (Ей, Мұхаммед!) Көкті ап-айқын бір түтін қаптайтын күнді (оларға азап-апат келетін күнді) күт!
11. Бұл адамдарды қаптап алады. Бұл бір ащы азап.
12. (Олар:) «Раббымыз, бізден бұл азапты алыстата гөр! Біз шынында, иман келтіргендерміз» - (дейді).
13. Олар қалай ғибрат алсын? Расында, оларға айқындаушы бір пайғамбар келген еді.
14. Олар одан бет бұрды да: «Бұл үйретілген бір есер-соқ» - деді.
15. Біз (сендерден) азапты аз уақытқа алыстатамыз. Ал сендер (бұрынғы күйлеріңе) қайта түсесіңдер.
16. Қырымызға мықтап алған күні сөзсіз қатты жазалап өш аламыз.
17. Олардан бұрын Перғауын қауымын да сынадық. Оларға бір ардақты пайғамбар (Мұса) келді.
18. (Ол айтты:) «Алланың құлдарын (Бәни Исрайылды) маған беріңдер. Өйткені мен Алланың сенімді пайғамбарымын.
19. Сендер Аллаға астамшылық жасадыңдар. Шынында, сендерге ашық дәлел әкелдім.

20. Мен сендердің таспен атқылауларыңнан қорықпаймын, Раббыма және сіздердің раббыңыз болған (Аллаға) сиынамын.
21. Егер маған да сенбесеңдер, онда маған ырық беріңдер».
22. Сонда (Мұса): «Бұл бір күнәһар қауым екен» - деп дұға етті.
23. (Алла Мұсаға:) «Құлдарымды (Бәни Исрайылды) түнде алып шығып кет! Сөз жоқ, соңдарыңа қуғын түседі.
24. (Өтіп алған соң) теңізді тыныш қалпында (таяғыңмен екіге жарған күйінде) қой. Олар сөзсіз суға бататын әскер» - деді.
25-26. (Олар суға кетіп), қаншалаған бау-бақшаларды, бұлақтарды, егіндерді, әсем үйлерді арттарына қалдырды.
27. Өздері игілігін көріп келген дәулеттері де қалды.
28. Сөйтіп оларды басқа біреулерге (Бәни Исрайылға) мирас еттіп бердік.
29. Оларға аспан да, жер де жыламады, (кешірім сұрауы үшін) мұрсатта берілмеді.
30. Расында, Исрайыл ұрпақтарын қорлық азаптан құтқардық.
31. Перғауыннан! Өйткені ол тәкаппар, шектен шыққанның өзі еді.
32. Шынында да, оларды (Бәни Исрайылды) біле тұра (өз заманындағы) әлемдерінің бәрінен де абзал еттік.
33. Біз оларға айқын сынағы бар талай мұғжизалар бердік.
34. Олар (Құрайыш кәпірлері) былай дейді:
35. «Бізге алғашқы өлім ғана бар, біз қайта тірілмейміз.
36. Егер де, сөздерің рас болса, ата-бабаларымызды (тірілтіп) әкеліңдерші!»
37. Олар (мүшриктер) күшті ме? Немесе Туббағ қауымы күшті ме? Олардан бұрынғы өткен қауымдарды да тып-типыл еткенбіз, өйткені олар нағыз күнәһарлар еді.
38. Көкті, жерді және екеуінің арасындағыларды ермек үшін жаратқанымыз жоқ.
39. Оларды шындық бойынша жараттық. Бірақ адамдардың көбі мұны білмейді.
40. (Ақ пен қараны айыратын) билік күні – олардың барлығы бір жерге жиналатын күн.
41. Ол күні дос досқа ешбір пайда бере алмайды. Олардың жәрдемге де қолы жетпейді.
42. Тек Алла рақым еткендер ғана (көмек алады) өзгеше. Алла шынында, үстем, ерекше мейірімді.
43. Заккум ағашы.
44. Анық күнәһарлардың тамағы.
45. Балқыған металдай қарындарында қайнайды.

46. Сарқылдап қайнаған су сияқты.
47. (Алла тағала тозаққа жауапты періштелерге бұйырады:) «Оларды ұстап, жәһаннамның қақ ортасына сүйреп апарып тастаңдар.
48. Содан соң бастарына қайнаған азап суын құйыңдар!»
49. (Оған кекесін ретінде:) «Шынында, сен ғазиз инабатты жан едің. (Мына азаптың дәмін) тат!
50. Бұл анық (дүниеде) күдіктенген кезің еді» (делінеді).
51. Тақуалар қалай да қауіпсіз орында.
52. Бау-бақшаларда, бұлақтардың арасында.
53. Үлде мен бүлдеге оранып, бір-біріне қарап отырады.
54. Оларға құралай көз хор қыздарын жар етіп қосамыз.
55. Оларға онда түрлі жемістер келтіріледі.
56. Олар (дүниедегі) алғашқы өлімнен басқа ешбір өлім дәмін татпайды (өлім көрмейді). Алла оларды тозақ азабынан сақтаған.
57. Бұл – Раббыңның ерекше рақымы. Мұратына жеткен деген осы.
58. (Ей, Мұхаммед!) Құранды сенің тіліңмен олар уағыз-насихат алсын деп оңайластырып түсірдік.
59. (Оларға түсетін азапты) сен де күт, өйткені олар да күтуде.

45. ЖӘСИӘ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 37 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ха, Мим.
2. Бұл кітап аса үстем, хикмет иесі Алладан түсірілген.
3. Көкте және жерде мүміндер үшін (Алланың бар екеніне және құдіретіне) көптеген дәлел бар.
4. Сендердің жаратылуларыңда және (Алланың жержүзінде) өрбіткен мақлұқаттарында сенетін қауым үшін дәлелдер бар.
5. Түн мен күндіздің алма-кезек ауысып тұруында, Алланың көктен жаңбыр жаудырып, онымен өлген жерді қайта көгертуінде, желдердің бағытын өзгертіп тұруында, ақыл иелері үшін талай дәлелдер бар.
6. (Ей, Мұхаммед!) Бұлар Алланың аяттары. Бұларды саған ақиқат бойынша оқып береміз. Олар (Мекке мүшриктері) енді Алладан және оның аяттарынан өзге қандай сөзге иланбақ?
7. Әрбір өтірікші күнәһар үшін бұл қандай өкініш десеңші!

8. Олар өздеріне оқылған Алланың аяттарын ести тұра естімегенсіп тәкаппарлана береді. Оларға сұмдық азаптың хабарын жеткізіп қой.
9. Ол біздің аяттарымыздан бір нәрсе біле қалса, оны келеке етті. Қорлық азап осыларға лайық.
10. Олардың алдында жәһаннам тұр. Олардың байлықтары (жиған-тергендері), Алладан басқа дос тұтқандары, өздеріне ешбір септігін тигізе алмайды. Олар қатты азапқа дұшар болады.
11. Бұл (Құран) – тура жол сілтеуші. Раббыңның аяттарын мойындамағандарға жаза тұрғысынан күйзелтуші азап бар.
12. Алла теңіздерді ырықтарыңа көндіріп береді, себебі оның әмірімен теңіздерде кемелермен жүргізесіңдер, оның ырысынан несібе іздейсіңдер де, шүкірлік етесіңдер.
13. Ол және өз тарапынан жер мен көктегі барлық нәрсені сендерге бойсұндырып береді. Ой жүгіртетін ел үшін, осының өзінде де дәлелдер бар.
14. Мүминдерге айтып қой: Алла әр қауымды, өз іс-әрекеттеріне қарай жазалайтындықтан, олар Алланың ауыр күнінен үміт етпейтін (кәпірлерден көрген жәбір-жапасын) кешірсін!
15. Кім ізгі іс істесе өзіне, кім кесірлі іс істесе, ол да өзіне. Барлығың да Раббыларыңның алдына қайтарыласыңдар.
16. Біз шындығында, Исрайыл ұрпақтарына кітап, хикмет, пайғамбарлық беріп, пәк ризықтарды нәсіп еттік әрі оларды (өз заманындағы) әлем халқынан үстем еттік.
17. Оларға дін істерінде (жақсы-жаманды айыратын) ашық дәлелдер бердік. Олар өздеріне білім келгеннен кейін, бір-біріне күншілдік істеп тартысқа түсті. Олар таласқан нәрселеріне үстінде Раббыңның қияметте үкім шығарары даусыз.
18. (Ей, Мұхаммед!) Мұнан соң сені дін (шариғат) жолына салдық. Сол жолдан қайтпа. Білмейтіндердің (мүшіріктердің) әуейлілігіне тізгініңді берме.
19. Өйткені олар сені Алладан (Алланың азабынан), әсте арашалай алмайды. Залымдар – бір-бірінің досы, Алла – тақуалардың досы.
20. Бұл (Құран) – адамдар үшін ашық дәлел және сенетіндер үшін жетекші әрі рақым.
21. Жамандық істегендер (кәпірлер) біздің өздерін иман келтіріп, бізге ізгі іс істегендермен бірдей етуімізді, тіршіліктерінде де, өлімдерінде де олармен теңелтуімізді ойлай ма? (Бұл мүмкін емес.) Олардың шығарған үкімі неткен жаман десеңші!
22. Алла көк пен жерді шындық негізінде жаратты. Әркімге істеген іс-әрекетіне қарай сыбағасы беріледі. Оларға әділетсіздік жасамайды.

23. (Ей, Мұхаммед!) Көңілі тартқанын құдай тұтқан, Алла біліп тұрып адастырған және құлағын, жүрегін бітеп, көзін перделеген адамды көрдің бе? Алла адастырған адамды (Алладан басқа) кім оңғара алады? Мұны түсінбейсіңдер ме?

24. Олар: «Біздің тіршілігіміз тек дүниедегі ғана. Өлеміз, өмір сүреміз (туыламыз). Бізді тек дәуір ғана өлтіреді» дейді. Бұл туралы олардың ешқандай білімі жоқ. Олардыкі тек болжам мен қиял ғана.

25. Оларға аяттарымыз ашық оқылып берілсе, олардың басқа көрсетер дәлелдері жоқ, бар болғаны: «Сөздерің рас болса, ата-бабаларымызды тірілтіп келтіріңдер» - деу ғана.

26. (Ей, Мұхаммед!) «Алла сендерді тірілтеді, одан соң өлтіреді. Одан соң шәксіз болатын қиямет күні, бастарыңды қосып жияды. Бірақ адамдардың көбі мұны түсінбейді (қайта тірілтуді мойындамайды)» - де.

27. Көк пен жердің иелігі Аллаға тән. Қиямет-қайым күні – дәл сол күні бұзықтар зиян тартады.

28. Барлық үмметті (қорқып) жүгінген күйде көресің. Барлығы өзінің амал дәптеріне шақырылады. «Бүгін істеген істеріңе қарай сыбағаларыңды аласыңдар» (делінеді).

29. «Біздің бұл кітабымыз сендерге шындықты сөйлейді. Өйткені сендердің істеген істеріңді расында жаздырып тұрғанбыз».

30. Ал иман келтіріп, жақсы іс істегендерді Алла өз рақымына бөлейді. Бұл нағыз мұратқа жеткендік.

31. Ал кәпірлерге: «Сендерге аяттарым оқылмады ма? Сонда сендер тәкаппарлыққа салындыңдар (иманнан бас тарттыңдар). Сендер күнәға батқан қауым едіңдер» - (делінеді).

32. «Расында, Алланың уәдесі хақ. Қиямет күнінің болатыны күмәнсіз» - делінсе, сендер: «Біз қияметтің не екенін білмейміз, тек бір қиял деп ойлаймыз және ол туралы хабарымыз да жоқ» - дер едіңдер.

33. Олардың (дүниедегі кезінде) істеген жамандықтары әшкере болады да, өздері мазақ еткен азап бастарына келеді.

34. Оларға: «Сендердің осы бір күнге жолығатындарыңды ұмытқандықтарыңдай, бүгін сендерді біз де ұмытамыз. Сендердің орындарың – тозақ, сендер үшін (одан құтқаратын) ешбір жәрдемші де жоқ».

35. «Бұл сендердің Алланың аяттарын әжуалағандықтарыңнан болды. Сендерді дүние тіршілігі алдады» - делінеді. Олар тозақтан шығарылмайды. Олардан (құлшылық жасап, тәубеге келу арқылы) Алланы разы ету де талап етілмейді.

36. Барлық мақтау көктің Раббысы, жердің Раббысы, бүкіл әлемнің Раббысы – Аллаға лайық.
37. Көк пен жержүзіндегі ұлылық та Аллаға тән. Ол – жеңімпаз, хикмет иесі.

46. АҺҚАФ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 35 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ха, Мим.
2. Бұл кітап аса үстем, хикмет иесі Алладан түсірілген.
3. Көк пен жерді және екеуінің арасындағыларды шындық негізінде белгілі мерзімге ғана (қияметке дейін) жараттық. Кәпірлер ескертілген нәрселерден сырт айналуда.
4. (Ей, Мұхаммед! Оларға) былай деп айт: «Алладан шеттеп табынған нәрселеріңді көрдіңдер ме? Маған айтыңдаршы, олар жердің қай бөлігін жаратты? Немесе көктің жаратылуында олардың ортақтығы бар ма? Айтқандарың рас болса, маған бұл Құраннан бұрынғы кітаптарыңды не (бұрынғылардан қалған) ғылыми деректеріңді әкеліңдер».
5. Алладан шеттеп қияметке дейін (өзге тұрмақ) өздеріне де бір ауыз тіл қата алмайтын пұттарға табынған адамнан өтер азғын бар ма? Пұттар, әрине, олардың жалбарынған дұға-тілектерінен хабарсыз (меңіреу).
6. Адамдар (қияметте, мақшар майданына) жиналған шақта, оларға өз табынғандары дұшпан болады да, олардың өздеріне табынғандығын жоққа шығарады.
7. Оларға айқын аяттарымыз оқылып берілген кезде, кәпірлер өздеріне келген ақиқатты (Құранды) «мынау нағыз сиқырлық» - деді.
8. Немесе олар Құранды (Мұхаммед өзі) ойдан шығарған дей ме? (Сен оларға:) «Егер мен өзім шығарған болсам, онда мені Алланың жазасынан мүлде арашалай алмайсыңдар. Құранға жапқан жалаларыңды Алла жақсы біледі әрі ол сендер мен менің арамыздағы (өтірікке де) кәміл куә бола алады. Ол асқан кешірімді, ерекше мейірімді» - де.
9. (Ей, Мұхаммед!) «Мен тұңғыш пайғамбар емеспін (бұрынғы пайғамбарлар әкелген уахиды мен де әкелдім). Алла маған және сендерге не істейтіндігін де білмеймін. Мен тек өзіме уахи етілгенге ғана бағынамын. Мен тек сендерді (Алланың азабынан) ашық ескертуші ғанамын» - деп айт оларға.

10. «Айтыңдаршы, Құран Алла тарапынан келсе, сендер оны мойындамасаңдар, (халдерің не болмақ?) Исрайыл ұрпақтарынан бір айғақ (Ғабдулла ибн Сәләм) осы сияқтыға (Тәуратқа) куә болып, одан соң иман келтірсе де, сендер өркөкіректік істеп нанбасаңдар (халдерің нешік?). Алла даусыз, залым елді түзу жолға салмайды» - де.

11. Кәпірлер иман келтіргендерге: «Егер (Құран мен бұл дінде) жақсылық бар болса, олар (мұсылмандар) бізден бұрын сенбес еді (біз алдымен мұсылман болар едік)» - дейді. Олар Құранмен тура жол табуға қолы жетпегендіктен: «Бұл бір көнерген бос сөз» - деседі.

12. Құраннан бұрын (әлемге) жолбасшы әрі рақым ретінде Мұсаның кітабы (Тәурат) бар еді. Бұл (Құран) – жақсылық істеушілерді қуанту, зұлымдық жасағанға ескерту үшін түсірілген, алдыңғыны (Тәуратты) растаушы, арап тіліндегі кітап.

13. «Раббымыз – Алла» - деп, одан соң тура жол ұстағандарға, ешқандай қауіп-қатер, уайымқайғы жоқ.

14. Бұлар жаннаттықтар, олар істеген жақсылықтарының сыйы ретінде жаннатта мәңгі тұрады.

15. Біз адамдарды ата-анаға жақсылық істеуге бұйырдық. Өйткені шешесі оны омыртқасын үзіп көтерді, Сансыз бейнетпен босанды. Жүкті болу мен емшектен шығару мерзімі қосылып отыз ай. Ол ер жетіп есейіп, қырық жасқа жеткенде: «Раббым маған және әке-шешеме берген нығыметтеріңе шүкірлік етуімді; өзің разы боларлық ізгі амалдар істеуімді, маған нәсіп еткейсің! Менің ұрпақтарымды да жақсы адам етіп түзей гөр! Шынымен тәубе еттім, мен енді нағыз мұсылманмын» - дейді.

16. Бұлардың істеген ізгі еңбектерін қабыл етіп, жамандықтарын кешіреміз, бұл жәнаттықтардың арасында болады. Бұл - оларға берілген шын уәде.

17. Кейбіреулер өзінің әке-шешесіне: «Үф! Әй, қойшы! Сендер мені қайта тірілесің деп қорқытпақсыңдар ма? Менен бұрын да, талай ұрпақ өтті ғой (солардың қайсысы тіріліпті)?» деді. Әке-шешесі Аллаға жалбарынып: «Ой, жазған-ай! Иман келтір! Шынында, Алланың уәдесі хақ» - дегенде, бала: «Бұл – тек қана бұрынғылардың әпсаналары, аңыздары» - деді.

18. Осындайлар бұрынғы өткен жындар мен адамдардан болған үмметтер қатарында, (Алланың қаһарлы сөзі бойынша) азапқа тап болады. Олар сөзсіз зиян шегушілерден болады.

19. Әркімнің істеген амалына қарай дәрежелері бар. Олардың істегендерінің сауабы да, жазасы да толық беріледі. Оларға әділетсіздік істелмейді.

20. Кәпірлер тозақ отына ыңғайлатылған күні (айыптау ретінде оларға): «Сендер дүние тіршілігінде асарларыңды асап, жасарларыңды жасап,

қызықтарыңды тауыстыңдар. Ал жер бетін орынсыз астамсып, жолдан тайғандықтарың үшін, бүгін мына итқорлық азаппен жазаланасыңдар» - (делінеді).

21. (Ей, Мұхаммед!) Ғадтың туысын (Һұтты) да есіңе ал. Кезінде ол Ахқафта өз қауымына (Алланың жазасын) ескерткенді. Ол қауымына: «Сендер Алладан басқаға құлшылық жасамаңдар. Шынында, сендердің ұлы күннің (қияметтің) азабына тап болуларыңнан қорқамын» (деді).

22. Олар: «Сен бізді өз құдайымызға (табынудан) тоспаққа келдің бе? Анық шыншыл болсаң, бізге бопсалаған нәрсеңді дереу келтірші!» - деді.

23. (Һұд:) «(Сендерге азаптың қашан келетіні хақындағы) мәлімет Аллада, мен сендерге жіберілгендегі өз міндетімді жеткізіп отырмын. Әйтсе де сендерді надан қауым деп білемін»-деді.

24. Олар (апатты, көкжиектен) өз далаларына қарай беттеп келе жатқан бұлт түрінде көріп: «Бұл бізге жаңбыр жаудыратын бұлт» - деді. (Сонда Һұд айтты:) «Жоқ, ол сендердің келсе екен деп асыға тілеген нәрселерің. Ол – ішінде сұмдық азабы бар боран.

25. Раббының әмірімен бәрін де тас-талқан қылады». (Ауыз жиғанша сол боран келіп), бір таңда иен жұрттарынан басқа көзге түсер ешнәрсе қалмайды. Біз күнәһар қауымды осылай жазалаймыз.

26. Расында, оларға (Ғад қауымына байлық, күш-қуат) сендерге бермеген мүмкіндікті берген едік. Оларға есту, көру, ойлау қабілетін берген едік. Алайда Алланың аяттарына қарсы шыққан олардың құлақтары, көздері, жүректері өздеріне еш септігін тигізе алмады. (Ақыры) олар келеке еткен азап өз бастарына келді.

27. (Ей, Мекке жұрты!) Расында, сендердің маңайларыңдағы қалаларды ойрандадық. Олар (күпірліктен) қайтсын деп аяттарымызды қайталап жария еттік.

28. (Оларға азап келгенде,) олардың (Аллаға) жақындатады деп, Алладан басқа табынғандары қалайша қол ұшын бере алмады? Керісінше олар көзден ғайып болды. Бұл – олардың өтіріктері және боямасы.

29. (Ей, Мұхаммед!) Бір кезде саған жындардың бір тобын Құран тыңдауға жіберген едік. Олар сенің алдыңа келгенде (біріне-бірі): «Үндемеңдер!» десті. Құран оқылып болғаннан кейін, олар өз қауымдарына ескертуші болып қайтты.

30. (Олар айтты:) «Уа, жұртым! Шынында біз Мұсадан кейін түсірілген алдыңғы кітаптарды растайтын, ақиқатқа әрі тура жолға бастайтын кітапты тыңдадық».

31. «Уа, халайық! Алланың жаршысын (Мұхаммедті) қабылдаңдар және Аллаға иман келтіріңдер. Алла сендердің күнәларыңды кешіріп сұмдық азаптан құтқарады».

32. Кім Алланың елшісін қабылдамаса, ол жержүзінде Алланы әлсірете алмайды. Оған Алладан басқа (азаптан арашалайтын) ие де табылмайды. Бұлар - ашық азғындықтағылар.

33. Олар (өлгеннен кейінгі тірілуді мойындамайтын кәпірлер) аспан мен жерді жаратқан, оларды жаратуда қиналып шаршамаған, Алланың өлілерді тірілтуге құдіреті жететінін білмей ме? Әрине оның барлық нәрсеге құдіреті жетеді.

34. Кәпірлер тозақ отына тұтылған күні (Алла оларға): «Бұл (азап) рас емес пе екен?» (дейді). Олар: «Раббымызға серт, рас екен» - дейді. Оларға: «Кәпір болғандықтарың себепті, осы азапты тартып көріңдер» - делінеді.

35. (Ей, Мұхаммед!) Сен (мүшриктер көрсеткен жәбір-жапаға,) табанды пайғамбарларша шыдамды бол! Олар үшін (азапқа) асықпа! Олар (ақыретте) өздеріне уәде етілген азапты көргенде, (дүниеде) күндіз бір сәт қана тұрып өткендей сезінеді. Бұл (Құран) – бір насихат. Тек кері баққан ел ғана ойрандалады.

47. МҰХАММЕД СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 38 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Кәпір болып, Алланың жолынан тосқандардың істеген (жақсы) істерін Алла текке жібереді.

2. Иман келтіріп ізгі іс істегендердің, сондай-ақ Раббысы тарапынан Мұхаммедке түсірілген ақиқат – Құранға иман келтіргендердің, Алла күнәларын өшіріп, халін оңалтады.

3. Мұның себебі кәпірлер жалғанға (шайтанға) ұйыды, ал иман келтіргендер Раббыларынан түскен ақиқатқа (Құранға) ұйыды. Алла адамдарға өз мысалдарын осылайша баяндайды.

4. Сендер (соғыста) кәпірлермен алыссаңдар, олардың мойынын үзіңдер. Оларды күйрете жеңіп (қарсылық көрсете алмай әлсіреген кезде), мықтап байлап, матап алыңдар. Одан кейін жақсылық істеп, оларды қоя беріңдер немесе бодан төлетіп босатыңдар. Соғыс ауыр жүгін тастағанға (соғыс тоқтағанға) дейін осылай болсын. Егер Алла қаласа (сендерді соғыстырмай-ақ) олардан өш алар еді. Бірақ Алла бірің мен біріңді сынап, (имандарыңды) байқау үшін (соғысқа бұйырды). Алла жолында өлгендер болса, Алла олардың еңбектерін еш етпейді.

5. Оларды сөзсіз тура жолға салып, жағдайларын оңалтады.

6. Оларды өздеріне таныстырылған жаннатқа кіргізеді.
7. Ей, мүміндер! Сендер Аллаға жәрдем берсеңдер, сендерге Алла жар болып қадамдарыңды нықтайды.
8. Ал кәпірлерге келсек, олар сеспей қатады, Алла олардың еңбектерін зая кетіреді.
9. Мұндай болатыны: олар Алланың түсірген кітабын жек көрді, сонымен Алла да олардың (жақсы) амалдарын жойып жіберді.
10. Олар жержүзін аралап, өздерінен бұрынғы қауымдардың ғақибетінің (соңының) қандай болғандығын көрмей ме? Оларды Алла ойрандады. Бұл кәпірлерде соның аяғын құшады.
11. Өйткені Алла – имандылардың панагері. Кәпірлерге әсте панагер жоқ.
12. Алла иманды болып жақсы іс істегендерді, іргесінен бұлақтар ағып жататын жұмаққа кіргізеді. Ал кәпірлер (пәни дүние игіліктеріне) құмартып, хайуанша ішіп-жеп қарын тойғызады. (Ақыретте) олардың орны тозақ.
13. (Ей, Мұхаммед!) Сені қуып шығарған қала (Меккенің) елінен де қуатты талай қаланы ойран еткенбіз. Оларға да (болысатын) ешқандай медеткер шықпаған еді.
14. Раббыңның айқын дәлеліне негізделген адам мен жаман істері өзіне абзал көрсетілген әрі нәпсісі әуейілігіне берілген адам бірдей ме?
15. Тақуаларға уәде етілген жаннаттың мысалы сол: онда бұзылмайтын мөлдір бұлақтар, дәмі өзгермейтін сүт бұлақтар, ішуге ләззат бағыштайтын шарап бұлақтар, саф бал бұлақтар бар. Онда олар үшін алуан түрлі жемістер әрі Раббыларыңнан жарылқау бар. Бұлар тозақта мәңгі қалатын, қайнап тұрған су ішіп, шектері пәре-пәре болатын адамдармен бірдей ме?
16. Олардан (мұнафықтардан) кейбіреуі сенің сөзіңді тыңдайды да, алдыңнан былай шыға бере ғылым иелерінен:«әлгінде (Мұхаммед) не деді?» - деп сұрайды. Бұлар Алла жүректерін бітегендер, нәпсі әуейілігіне берілгендер.
17. Алла тура жол тапқандардың туралығын дамыта береді және оларға тақуалық дарытады.
18. Олар (Мекке кәпірлері) қиямет мезгілінің өздеріне тұтқиыл келуін ғана күтіп жүр. Қияметтің белгілері расында келіп болды. Өздеріне қиямет келіп болғанда, қалай ғибрат ала қойсын? (Ол кездегі уағыз-насихаттың пайдасы да болмайды).
19. (Ей, Мұхаммед!) Біліп қой, бір Алладан басқа ешқандай құдай жоқ. Өз күнәң үшін, ер-әйел мүміндердің күнәлары үшін кешірім тіле! Алла сендердің (бұл дүниедегі) қимылдарыңды, (ақыреттегі) барар жерлеріңді жақсы біледі.

20. Иман келтіргендер: «(Жиһад хақында) бір сүре түсірмеді-ау» - деді. Жиһад тілге алынған ашық сүре түскен кезде, жүректерінде дерті барлардың (мұнафықтардың) саған өлімнен қорқып есінен танған адамдай (бақырая) қарағанын көресің. Оларға сол лайық-ақ!
21. Бойсұну және тұрлаулы сөз ләзім. Іс бекіген (соғысуға шешім қабылданған) кезде, олар Аллаға опа берсе, әрине өздері үшін қайырлы болар еді.
22. Егер сендер (Исламнан) бет бұрсаңдар, онда жер-жүзінде кесір-кесапат тудырып, туыстық байланысты үзбексіңдер ме?
23. Осыдайларды Алла рақымынан алыстатып, (хақ дінді) естімес саңырау, (хақ дінді) көрмес соқыр етті.
24. Олар Құранға ой жүгіртпей ме? Әлде олардың жүректері құлыптаулы ма?
25. Өздеріне тура жол айқындалғаннан кейін, артқа (иманнан күпірге) шегінгендерге шайтан (мұнысын) жақсы көрсетіп, (құрғақ үмітпен) көңіл-дерін көтеріп тастайды.
26. Өйткені олар Алла түсірген (Құранды) жек көргендерге қарата: «Кейбір істе біз сендерге бойсұнамыз»- десті. Алла олардың сырларын біледі.
27. Періштелер олардың беттеріне, жонарқаларына соғып, жандарын алғанда (олардың халі) нешік?
28. Өйткені олар Алланы ашуландыратын нәрсеге ілесіп, Алланың разылығын (Алла разы болатын істі) жек көрді, сондықтан Алла олардың еңбектерін еш етті.
29. Жүректерінде дерті барлар өздерінің (Исламға) дұшпандық-өшпенділігін Алла паш етпейді деп ойлай ма?
30. Егер біз қаласақ, оларды саған көрсетер едік те, сен оларды бет-әлпеттерінен де қалай да таныр едің: Оларды, әрине, сөз саптасынан да танып аласың. Алла сендердің істегендеріңді біліп тұрады.
31. Біз сендерді іштеріңнен соғысқа шыққандарды, төзімділерді білгенге дейін, сырларыңды ашқанға дейін сынаймыз.
32. Кәпір болып (өзгені) Алланың жолынан тосқандар және хақ (дін) айқындалғаннан кейін расулмен жауласқандар Аллаға ешқандай да зиян-залал келтіре алмайды. Алла олардың (садақа қатарлы) еңбектерін еш етеді.
33. Ей, иман келтіргендер! Аллаға бойсұныңдар, Алланың пайғамбарына бойсұныңдар! Істеген жақсылықтарыңды (кәпірлік, екіжүзділік әрі мақтаншақтықпен) жойып алмаңдар!
34. Кәпірлерді, Алланың жолынан тосқандарды, соңынан кәпір күйде өлгендерді Алла мүлде кешірмейді.
35. (Кәпірлермен соғысқанда) босаңсымаңдар, оларды келісімге де

шақырмаңдар, сендер қашан да үстемсіңдер Алла сендермен бірге. Істеген еңбектеріңді кемітпейді (сауабын толық береді).

36. Дүние тіршілігі ойын, ермек қана. Сендер иман келтіріп тақуалық етсеңдер, (Алла) сендерге сыйлықтарыңды береді. Сендерден мал-мүліктеріңді (түгел беруді) сұрамайды, (зекет, садақа ғана бересіңдер).

37. Егер сендерден оны (түгел жұмсауды) сұраса, әлбетте оған сараңдық етесіңдер.Бұл сараңдықтарың (тақуалыққа сын) дүниеге қатынас деңгейін көрсетеді.

38. Сендер сондайсыңдар: Алла жолында мал сарп етуге шақырылсаңдар, кей-біреулерің оған сараңдық етесіңдер. Кімде-кім сараңдық етсе, өз басы үшін. Алла бай, сендер кедейсіңдер. Егер сендер Алла жолынан бет бұрсаңдар, Алла сендердің орындарыңа басқа бір қауымды қояды. Олар сендер сияқты болмайды (Аллаға бойсұнады).

48. ФАТХ СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 29 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Біз саған елеулі, айқын жеңіс тарту еттік.

2. Сенің бұрынғы және мұнан былайғы күнәларыңды кешіру, саған деген нығметін тамамдау әрі дұрыс жолын меңзеу тұрғысынан.

3. Сондай-ақ Алла саған пәрменді көмек береді.

4. Мүминдердің иманына иман қосу үшін, Алла олардың діліне ұстамдылық ұялатты. Көктегі және жердегі (періштеден, жындардан, хайуандардан, табиғат құбылыстарынан болған) қосындар тек Алланыкі. Алла – бәрін білуші, хикмет иесі.

5. (Алланың мүміндердің дініне ұстамдылық ұялатуы) ер-әйел мүміндерді іргесінен бұлақтар ағып жататын жаннатқа кіргізу, онда мәңгі (баянды) тұрғызу, олардың күнәларын кешіру үшін. Алланың алдында, (әрине) зор бақыт.

6. Мұнафық ерлер мен мұнафық әйелдерді, мүшрик ерлер мен мүшрик әйелдерді, атап айтқанда, Алла туралы жаман ойларда болғандарды азапқа ұшырату үшін, (мұсылмандарға келсін деп тілеген) тағдыр тауқыметі солардың өз бастарына түссін! Алла оларға ашуланды, оларға лағынет айтты, әрі оларға тозақты дайындады. Тозақ неткен сұмдық орын десеңші!

7. Көктің, жердің қосындары тек Алланыкі. Алла – жеңімпаз, хикмет иесі.

8. (Ей, Мұхаммед!) Сені (үмбеттеріңе) куә, қуантушы әрі ескертуші етіп жібердік.

9. Сендерді Аллаға және оның пайғамбарына иман келтірсін, оның (дінін) ұлықтап, құрметтесін, ертелі-кеш оған тасбих айтсын деп (жібердік).

10. (Ей, Мұхаммед!) (Хұдайбияда) саған серт бергендер (қол бергендер), шын мәнінде Аллаға серт берген (деп) есептеледі. Алланың қолы олардың қолдарының үстінде. Кім сертін бұзса, оның зияны өзіне. Кім Аллаға берген сертін орындаса, Алла оған(көп сауап) сыйлық арнайды.

11. (Хұдайбияға) бармай артта қалған (мұнафық) бәдәуилер саған: «Малдарымыздан, бала-шағамыздан шыға алмадық (сізбен бірге бара алмадық), сондықтан біз үшін (Алладан) мағфират тіле дейді. Олардың айтқаны жүрек сөзі емес, тіл ұшындағы сөз. Оларға: «Алла сендерге бір залал немесе бір пайда келтіргісі келсе, кім сендер үшін Алланың алдында бір нәрсе істей алады (кім Алланың тағдыр еткен жұмыстарынан, қазасынан арашалай алады)? Оның керісінше, Алла сендердің істегендеріңнен толық хабардар» - деп айт.

12. Бәлкім, сендер пайғамбарды және мұсылмандарды (соғыстан) үйлеріне (аман) оралмайды деп ойладыңдар. Осы (ой) өз көңілдеріңе ұнамды сезілді. Сөйтіп, сендер жаман ойға салындыңдар да, ойрандалушы қауым болып қалдыңдар.

13. Кім Аллаға және оның расулына сенбейді екен, біз ондай кәпірлерге лаулаған тозақты дайындап қоямыз.

14. Көк пен жердің патшалығы Аллаға тән. Алла қалағанына кешірім жасайды, қалағанын жазалайды. Алла өте кешірімді, ерекше мейірімді.

15. (Хұдайбияға бармай соғыстан қалғандар сендер олжа алуға кеткен кездеріңде: «Бізді қоя беріңдер, сендермен бірге барайық» - дейді. Олар (Хайбар олжалары Хұдайбияға шыққандарға тән деген) Алланың сөзін өзгертпекші болады. Оларға: «Сендер бізбен бірге бара алмайсыңдар. Алла сендерге бұрыннан осылай бұйырған» - де. Сонда олар: «Сендер бізден қызғанып тұрсыңдар» - дейді. Олай емес, олар (Алланың сөзін) атүсті ғана естиді.

16. Соғысқа бармай қалған бәдәуилерге: «Сендер сөзсіз жауынгер бір қауыммен соғысуға шақырыласыңдар. Немесе олар (соғыссыз) мұсылман болады. Егер осы бұйрыққа бойсұнсаңдар, Алла сендерге тамаша сыйлық береді. Ал егер әуелгідей тайсақтап қалып қойсаңдар, (Алла) сендерді қатты азапқа ұшыратады» - де.

17. (Жиһадқа шықпаған) соқырға күнә жоқ, сондай-ақ ақсаққа да, сырқатқа да күнә жоқ. Кім Аллаға және оның расулына бойсұнса, Алла оны іргесінен бұлақтар ағып жататын жұмаққа кіргізеді. Кім (жиһаттан) жалтарса, оған сұмдық азап береді.

18. Алла (Хұдайбияда) ағаштың түбінде саған серт берген мүміндердің

діліндегіні (шындықты) біліп, оларға разы болды және оларға ұстамдылық берді, сондай-ақ (Хайбардың қолға өтуіндей) таяуда бір жеңіске жеткізді.

19. Әрі оларға көп олжа нәсіп етті. Алла – жеңімпаз, хикмет иесі.

20. Алла сендерге (алуға тиісті) көп олжаларды уәде етті. Және мұны (Хайбар олжасын) өте тез берді. Сендерді тура жолға салу үшін, (олжа, мекеннің қолға түсуі, мәсжид Харамға кіруі сынды істер) мүміндерге бір нышан болып қалу үшін Алла сендерден адамдардың суық қолын тартты.

21. Және өз шамаларың жетпейтін, (оның сендерге тән болатындығын) Алла өзі толық білетін екінші бір олжамен (Меккенің қолға өтуімен) сендерді сыйлады. Алланың барлық нәрсеге құдіреті жетеді.

22. Егер (Худайбияда) кәпірлер сендермен соғысса, сөзсіз кері шегініп қашар еді.

23. Бұл (кәпірлерге жеңілісті, мұсылмандарға жеңісті нәсіп ету) – Алланың бұрыннан ұстаған жолы. Алланың жолынан ешбір өзгеріс таба алмайсың (яғни Алланың ұстаған жолы өзгермейді).

24. Сендер олар жеңгеннен кейін, Алла Мекке ойпатында (Худайбияда) сендердің қолдарыңды олардан олардың қолдарын сендерден тартты. Алла сендердің не істегендеріңді толық көріп тұрады.

25. Олар (Мекке мүшіріктері) сондай кәпір болды: сендерді мәсжид Харамнан және қамаулы тұрған құрбандықты өз орнына жеткізуден тосты. Егер (Меккеде) сендер, танымайтын ер-әйел мүміндерді (жазатайым) білместікпен өлтіріп қойып, өздерің күнәға тап болудың бір қаупі болмаса ғой (әрине, Меккеге жорық жасауларыңа рұқсат етер еді). Алла қалаған адамын өз рақымына бөлеу үшін (осылай істеді). Егер олар айырылса (мұсылмандар кәпірлерден бөлінсе), олардың арасындағы кәпірлерді, сөзсіз қатты азаппен жазалайтын едік.

26. Кәпірлер қызуқандылықты – жаһилият заманының қызуқандылығын көңіл түкпірлеріне бүккен кезде, Алла пайғамбарларына және мүміндерге ұстамдылық берді және оларға тақуалық қәлимасын (қәлима-и тәуһидты) жүктеді. Олар соған лайық та, (тәуһид қосыны болуға) тиісті еді. Алла – барлық нәрсені түгел білуші.

27. Алла расында, расулының көргенін шындықпен растады. (Ей, Мұхаммед, сен сахабаларыңмен) Алла бұйырса шаштарыңды алдырып немесе қысқартып, алаңсыз, қорықпастан әлбетте масжид Харамға кіресіңдер. Алла (Худайбия келісіміндегі) сендер білмегенді білген еді, сондықтан сендерге мұнан басқа да бір жеңісті (Хайбар жеңісін) нәсіп еткен еді.

28. Алла хақ дінді барлық діннен үстем ету үшін, өзінің пайғамбарларын сол дінмен және тура жолмен жіберді. Куәлікке Алла жеткілікті.

29. Мұхаммед – Алланың елшісі. Онымен бірге болғандар кәпірлерге қатаң да, (діндестер) өзара мейірімді, олар рукуғ, сәжде ете отырып, Алланың мол рақымы мен ризалығын тілегенін көресің. Олардың жүздерінде сәжде іздерінің нышандары бар. Бұл – олардың Тәураттағы сипаттары. Ал Інжілдегі сипаттары: көктеп өніп, одан соң әлденіп, жетіліп, өз сабағында тік тұрған, диқандарды (толған дәні әрі мол шығымымен) таңқалдырған егін сияқты. Бұл (ұқсату) кәпірлерді ызаландыру үшін. Алла олардың иман келтіріп, жақсы іс істегендеріне кешірім және мол сауап беруге уәде етті.

49. ХУЖУРАТ СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 18 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ей, мүминдер! (Істе болсын,сөзде болсын) Алланың және оның расулының алдынан өтпеңдер. Алладан қорқыңдар. Алла расында, бәрін естіп, бәрін біліп тұрады.
2. Ей, мүминдер! Дауыстарыңды пайғамбардың дауысынан асырып жібермеңдер. Бір-біріңмен даңғырлап сөйлескендей (оған) сөйлемеңдер. Әйтпесе істеген (жақсы) амалдарыңның босқа кеткенін, өздерің де сезбей қаласыңдар.
3. Шынында, Расулулланың алдында бәсең үнмен сөйлегендердің ділін Алла тақуалық үшін сынаған. Оларға (Алланың алдында) кешірім және мол сауап бар.
4. Сені хужураларыңның (әйелдерің тұратын бөлмелердің) сыртынан дауыстап шақыратындардың көбі ақымақтар.
5. Егер олар сен үйден шыққанға дейін сабырлықпен күте тұрса, әрине олардың өздеріне жақсы болар еді. Алла өте кешірімшіл, аса мейірімді.
6. Ей, мүминдер! Сендерге жексұрын біреу хабар әкелсе, оны анықтап алыңдар, әйтпесе (істің анығын) білмей, бір елге залал жеткізіп, істегендеріңе (ертеңгі күні) өкініп қаласыңдар.
7. Іштеріңде Алланың елшісі бар екенін біліп қойыңдар. Егер ол көп істе сендерге тізгінін берсе, сендер әрине келеңсіз күйге түсіп қалар едіңдер. Бірақ Алла сендерге иманды жақсы көрсетті, оны көңілдеріңе сән-сәулет етті. Сондай-ақ сендерге күпірді, бұзақылықты, күнәні жек көрсетті. Осылар – түзу жолдағылар.
8. Бұл Алланың игілік нығметінің арқасы. Алла – ерен білімді, хикмет иесі.

9. Егер мүминдер ішінен екі топ соғысып қалса, оларды басалқы айтып жарастырыңдар. Егер, бір жақ екінші жаққа өктемдік жасаған болса, сендер өктемдік істеуші жақ Алланың әміріне қайтқанға (бойсұнғанға) дейін олармен соғысыңдар. Егер олар райынан қайтса, екі жақтың арасын әділдікпен жарастырыңдар және әділ болыңдар. Алла шынында, әділ болғандарды ұнатады.

10. Мүминдер расында (дін жағынан) бауырлас туысқандар. Сондықтан туысқандарды өзара татуластырыңдар. Алладан қорқыңдар, сонда ғана оның рақымына қол жеткізесіңдер.

11. Ей, мүминдер! Бір қауым бір қауымды (бір топ екінші топты, бір адам екінші бір адамды) тәлкек етпесін. Бәлкім тәлкек етушілер олардың өздерінен жақсы болуы мүмкін. Сондай-ақ әйелдер де бірін-бірі келемеждемесін. Бәлкім келемежденгендер келемеждеушіден жақсы болуы мүмкін. Біріңе-бірің мін тақпаңдар, біріңе-бірің жаман ат (лақап) қоймаңдар. Иманнан кейін жаман атпен шақыру – барып тұрған сұмпайылық. Кім (мұнысына) тәубе етпесе, оның залым болғаны.

12. Ей, мүминдер! Көп күмәннан аулақ болыңдар (үй іштеріңе және басқа адамдарға күмәншіл болмаңдар), күмәннің кейбірі расында, күнә болады. Біріңді-бірің аңдымаңдар, біріңді-бірің ғайбаттамаңдар. Іштеріңнен біреулер өлген туысының етін жеуге құштар ма? Әрине, мұны жек көресіңдер. Алладан қорқыңдар. Алла – шынында, тәубені қабылдаушы, өте мейірімді.

13. Ей, адамдар! Сендерді (бір еркек, бір ұрғашыдан (Адам мен Хауадан) жараттық. Біріңді-бірің танып алуларың үшін, сендерді ұлттарға және руларға жіктедік. Алланың алдында ең ардақты болғандарың – (бұл жалғанда) тақуа болғандарың. Алла шексіз білгір, бәрінен хабардар.

14. Бәдәуйлер: «Иман келтірдік» - дейді. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: «Сендер иман келтірмедіңдер, тек бойсұндық дедіңдер. Өйткені жүректеріңе иман қонған жоқ. Егер сендер Аллаға және оның пайғамбарына бойсұнсаңдар, ол амалдарыңның ешбірін кемітпейді. Алла расында, аса кешірімшіл, ерекше мейірімді» - деп айт.

15. (Нағыз) мүминдер, шын мәнінде Аллаға және оның пайғамбарларына иман келтірген, шүбәланбаған, мал-жанымен Алла жолын-да соғысқандар. Осылар – (иманға) берік адал адамдар.

16. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: «Аллаға діндеріңді үйретпексіңдер ме? Алла көктегі мен жердегінің барлық ісін біледі. Барлық болмысты білетін сол Алла» - деп айт.

17. Олар мұсылман болғандығымен саған бұлданады. Оларға: «Мұсылман болдық деп маған міндетсіменде, қайта иман жолына салғандығы үшін Алла сендерге міндетсиді, егер шыншыл болсаңдар» - деп айт.

18. Алла шынында, көк пен жердегі ғайыпты біледі. Алла сендердің істеген істеріңді көріп тұрады.

50. ҚАФ СҮРЕСІ

Меккеде түске, 45 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Қаф. Даңқты Құранмен серт.
2. Іштерінен өздеріне бір ескертуші келгеніне ғажаптанды да, кәпірлер: «Мынау бір ғажап іс қой» - десті.
3. «Біз өліп топыраққа айналғаннан кейін де, (тіріліп) тегімізге қайтамыз ба? Бұл қайту тым ақылға сыймайтын іс қой!» (десті).
4. Біз расында, жердің олардың (денесінен) нені кеміткенін де білеміз. Біздің жанымызда, барлық нәрсені қамтыған бір кітап (Лауҳұлмахфуз) бар.
5. Ал олар өздеріне келген ақиқатты (Құранды) өтірікке шығарды, сондықтан олар түсініксіз жағдайда қалды.
6. Олар үстеріндегі аспанды қалай (тіреусіз) жаратқанымызға, (жұлдыздармен) әшекейлегенімізге, онда ешқандай саңылау-сызат жоқтығына назар салмай ма?
7. Біз жерді көсілте жайып, оған тауларды орналастырдық және онда сан алуан тамаша өсімдіктер өсірдік.
8. Мұндағы мақсат – Аллаға жүгінетін пенделерге ой салу әрі тәлім-насихат беру.
9. Аспаннан береке суын жаудырып, онымен бау-бақшаларды және дақылдарды өсірдік.
10. Мәуесі қалың, бойшаң құрма ағаштарын өсірдік.
11. (Бұл) пенделердің ризығы үшін. Сондайақ жансыз жерді сол жаңбыр суымен жандандырдық. Өлілердің тірілуі де осы сияқты.
12. Олардан бұрын (пайғамбарларын) жоққа шығарғандардан Нұһ қауымы, Расс халқы, Самудтар;
13. Ғад, Перғауын, Лұттың бауырлары да;
14. Әйкеліктер (Шұғайып жамағаты), Туббаг қауымы болды. Осылардың бәрі де пайғамбарларын жоққа шығарған болатын. Сондықтан уәделі азабым шынға айналды.
15. (Адамзатты) алғаш жарату маған қиынға түсті ме? Жоқ олай емес, олар қайта жаратылуға (қияметте тірілуге) күмәнданады.

16. Біз расында, адамды жараттық, оның нәпсісінің нені сыбырлағанына дейін білеміз. Біз оған күре тамырынан да жақынбыз.
17. Оның (адамның) оң жағында да, сол жағында да естелікке жазып тұратын екі хатшы (періште) бар.
18. Аузынан нендей сөз шықса да қалт жібермей, бақылап-аңдып (жазып) тұрады.
19. Өлім шындықты әкелді (ақыреттің жақындай түскенін сонда білесің). Сен бұдан бойыңды ала қашушы едің.
20. Сүр үрленеді. Міне бұл – (кәпірлерге азап) уәде етілген күн.
21. (Мақшар майданына) әр адаммен бірге бір айдауыл (періште), бір айғақ (періште) келеді.
22. (Оған): «Расында, бұған қаперіз едің. (Енді көзіңнен) перде́ңді аштық, сондықтан бүгін көз нұрың өткір» (делінеді).
23. Оны бақылаушы (періште): «Міне, (амал дәптері) менің алдымда дайын» - дейді.
24. (Алла тағала екі періштеге бұйырып:) «Тозаққа салыңдар, әрбір тоңмойын (кәпірді).
25. Қайырсыз шектен шыққан; (дінге) шек келтіріуші (кәпірді).
26. Алламен бірге басқа құдай тұтқандарды қатты азапқа салыңдар» - (дейді).
27. Оның серігі (шайтан): «Раббымыз, мен оны адастырмадым, бірақ оның өзі көптен адасқан» - дейді.
28. (Алла бұйырады:) «Сендер менің алдымда дауласпаңдар. Мен сендерді алдын ала (уәделі азаппен) ескерткен едім.
29. Менің сөзім өзгермейді. Мен еш пендеме зұлымдық істемеймін».
30. Сол күні тозаққа: «Толып болдың ба?» - дейміз. Тозақ: «тағы бар ма?» - дейді.
31. Жұмақ тақуаларға алыс емес, жақындатылады.
32. Міне, уәде етілген нәрселерің. Бұлар (тәубемен) Аллаға берілуші, (оның әмірін) құп алушы әрбір пендеге арналған.
33. Кім көрмей тұрып қайырымды Алладан қорықса, берілуші жүрекпен келсе;
34. (Оларға:) «Пейішке есендікпен кіріңдер! Бұл мәңгілік орын тебу күні» - делінеді.
35. Жұмақта оларға тілегені бар. Біздің құзырымызда тағы артығымен (игіліктер) бар.
36. Біз олардан (Құрайыш кәпірлерінен) бұрын өздерінен де қуатты болған көп үмметтерді ойрандап жібердік. Олар көп жерді кезді. Қане, қашып құтылар жер тапты ма?

37. Осының өзінде (ақиқат үстінде ой жүгірте білетін) жүрегі барларға немесе ынта мен құлақ салатындарға ғибрат бары даусыз.
38. Шынында, көк пен жерді және оның арасындағыларды алты күнде жараттық. Біз (бұған) еш шаршап-шалдықпадық.
39. (Ей, Мұхаммед!) Кәпірлердің сөзіне шыда, күн шығардан бұрын және күн батар алдында Раббыңа тасбих, мақтау айт (таң намазын және бесін, екінті намаздарын өте).
40. Түннің бір бөлігінде және сәждеден кейін (парыз намаздарынан соң) тасбих, мақтау айт (нәпіл оқы).
41. Жар салушы (Исрафил періште) жақын жерден салатын күні (оған) құлақ сал.
42. Олар шынайы әуезді, еститін күн (екінші сүр үрленген күн) – өліктер тіріліп (мүрдеден) шығатын күн.
43. Расында, тірілтетін де, өлтіретін де бізбіз. Түбінде баратын орын – біздің алдымыз.
44. Ол күні жер жарылып, (олар) тез шығады. Міне, осы жию бізге тіпті жеңіл.
45. Біз олардың айтқан сөздерін жақсы білеміз. Сен оларды (Исламға) зорлаушы емессің. (Уәделі) азаптан қорқатындарға Құранмен уағыз-насихат бер.

51. ЗАРИАТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 60 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. (Топырақ) ұшыратын боранмен,
2. (Жаңбыр) ауырлығын көтеруші бұлттармен,
3. (Су астында) жеңіл жүзетін кемелермен;
4. (Пенделер арасындағы ризықты, өңірлер арасындағы жаңбырды) үлестіретін періштелермен серт.
5. Сендерге уәде етілген (сауап, азап, қиямет сияқты) істер өте рас.
6. (Қияметте) сыйлау-жазалау сөзсіз болады.
7. Жолдары бар аспанмен серт.
8. Сендер (пайғамбар хақында) расында әрқилы пікірдесіңдер.
9. (Алла тағаланың ежелгі ғылымында шындықтан) шеттетілген адам (Құранға, Мұхаммед пайғамбарға иман келтіруден) шеттетіледі.

10. Өтірікшілерге лағнет жаусын!
11. Олар надандық иіріміне батып арманда қалған.
12. Олар (Расулулладан): «Қиямет қашан?» - деп сұрады.
13. Ол (қиямет) – олардың тозақ отына жағылатын күні.
14. (Оларға:) «Сазайларыңды тартыңдар. Сендердің асыға күткендерің осы» (делінеді).
15. Тақуалардың жәннаттарда, (сылдырап аққан) бұлақ бойларында болатыны даусыз.
16. Олар Раббылары нәсіп еткен нәрселерді алып тұрады. Өйткені олар мұнан ілгері (дүниедегі кездерінде) бізге іс істеушілер еді.
17. Олар түнде аз ұйықтаушы еді.
18. Таңсәріде (Алладан) кешірім тілеуші еді.
19. Олардың малдарында қайыршыға да, (қайыр тілемейтін) мұқтажға да хақ (үлес) бар еді (яғни олар осындайларға садақа беріп тұрушы еді).
20. Анық сенушілер үшін, жер бетінде (Алланың құдыретін көрсететін) нышандар бар.
21. Әрі өздеріңде де бар. Көрмейсіңдер ме?
22. Аспанда несібе-ризықтарың және сендерге уәде етілген нәрселер (сауап, жаннат) бар.
23. Көк пен жердің Раббымен серт: өздеріңнің сөйлеген сөздерің қандай рас болса, бұл да сондай рас.
24. (Ей, Мұхаммед!) Саған Ибраһимнің құрметті қонақтарының әңгімесі жетті ме?
25. Олар бір кезде Ибраһимге келіп сәлем береді. Ибраһим де сәлем алды: «Бейтаныс адам екен» - деп ойлады ішінен.
26. Ол (ақырын) үй жағына барып, (қақтап пісірілген) бір семіз бұзау(етін) әкелді.
27. Оны олардың алдына жақындатып қойып: «Жемейсіздер ме?» - деді.
28. (Олардың асқа қол созбағандығын көріп) олардан тіксініп үдірейе бастады. Олар: «қорықпа (біз Алланың елшілеріміз)» - деп келіп, оны білімді бір ұл бала сүйетіндігімен қуандырды.
29. Ибраһимнің әйелі ойбайлап келіп, бетін шапалақтап: «Баладан тоқтаған кемпір басыммен қалай туамын?» - деді.
30. Олар: «Раббың осылай бұйырды. Ол – хикмет иесі, аса дана» - деді.
31. (Ибраһим) «Нендей бұйымтаймен келдіңдер елшілер?» - деді.
32. «Біз бір күнәкар қауымға жіберілдік.
33. Оларға балшықтан пісірілген тас жаудыру үшін.

34. Шектен шыққандар үшін Раббың тарапынан (ол тастарға аттары жазылып) белгі салынған».
35. (Олармен бірге құрып кетпесін деп,) олардың арасындағы мүминдерді шығарып әкеттік.
36. Біз ол қаладан бір үй мұсылманды ғана таптық.
37. Ол қалада сұмдық азаптан қорқатындар үшін, ғибрат аларлық белгі (ойрандалған жұртын) қалдырдық.
38. Мұсада (қиссасында) да ғибрат бар. Бір кезде оны айқын дәлелдермен Перғауынға жібердік.
39. Перғауын қосынымен (Мұсадан) бет бұрды да, оны «сиқыршы немесе жынды»- деді.
40. Сондықтан оны және қосынын жазалап, теңізге тастадық. Ол сөйтіп айыпталды.
41. Ғадтар турасында да ғибрат бар. Кезінде оларға алапатты дауыл жібердік.
42. Ол (боран) келгенде ешнәрсені қоймай жайпап кетті.
43. Самуд қауымында да ғибрат бар. Кезінде оларға «уақыттық қана игіліктене тұрыңдар» делінді.
44. Олар Раббыларының әміріне қарсы келді, соған орай оларға жай түсті. Мұны олар өз көздерімен көріп тұрды.
45. Орнынан тұруға да, өздерін қорғауға да олардың шамалары келмеді.
46. Одан бұрынғы Нұһ қауымын да ойрандадық. Олар нағыз керібаққан қауым еді.
47. Аспанды күш-құдіретімізбен жасадық. Біз расында, құдіреттіміз.
48. Жерді жайлы төсеніш еттік. Біз не деген жақсы төсеушіміз!
49. Үгіт-ғибрат алуларың үшін әр нәрсені жұп-жұбымен жараттық.
50. (Ей, Мұхаммед! Оларға:) «Аллаға құлшылық етуге асығыңдар! Мен сендерге Алла тарапынан (келген) ашық ескертушімін» -деп айт.
51. «Сендер Алламен қатар басқа құдай жасамаңдар. Шынында мен сендерге Алладан келген ашық ескертушімін» - де.
52. Сөйтіп олардан бұрынғылар да өздеріне келген пайғамбарды сиқыршы немесе мәжнүн деген еді.
53. Олар мұны (пайғамбарларды мойындамауды) біріне-бірі өсиет еткен бе? Жоқ, олар - керібаққан қауым.
54. (Ей, Мұхаммед!) Олардан аулақ бол! Сен кінәлі емессің.
55. Уағыз-насихат айт! Уағыз-насихат мұсылмандарға пайдалы.
56. Жын мен адамзатты өзіме құлшылық етсін деп жараттым.

57. Мен олардан ризық тілемеймін әрі (мені) азық-тандырады деп пе үміт етпеймін.
58. Баршаға ризық-несібе беруші әрі зор күш-құдірет иесі – Алла.
59. (Өз басына) зұлымдық істегендерге бұрынғы (тип-типыл болған) достарының азабындай азап бар. (Өздерін азаптауға) мені асықтырмасын.
60. Өздеріне уәделі күннің келуі кәпірлер үшін үлкен өкініш!

52. ТУР СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 49 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Тур тауымен,
2. Ашық жазылған кітаппен (Құранмен),
3. Теріге жазылғандармен,
4. Байтулмағмурмен,
5. Көтерілген (көк) күмбезімен,
6. Қайнаған долы теңізбен серт.
7. Раббыңның жазасы сөзсіз жүзеге асады.
8. Оған ешқандай қарсы келуші жоқ.
9. Ол күнде Аспан қатты тербеледі.
10. Таулар орнынан қозғалады (жер үстінің астаң- кестең, тоз-тозы шығады).
11-12. Ол күні (пайғамбарлар мен асыл дінді мансұқтаған) адасушы суайттар (қатты азап тартты) өкінетін болды.
13. Ол күні олар, тозаққа (аяусыз) лақтырылады.
14. «Сендер жоққа шығарғын тозақ - осы» (делініп, беттеріне басылады).
15. (Оларға:) «Осы да сиқыр ма? Мұны тағы көрмей тұрсыңдар ма? (Ендеше) тек көретіндерің осы!
16. Тозаққа шыдасаңдар да, шыдамасаңдар да бәрібір. Қылмыстарыңның сазайын тартыңдар» (делінеді).
17. Тақуалар (сөзсіз) жұмақта нығметке бөленеді.
18. Раббыларыңның берген нәрселерінің қызығын көреді. Раббылары оларды тозақ азабынан сақтайды.

19. «Істеген амалдарыңа қарай көңілді етіп ішіп-жеңдер!
20. Қатар тізілген тақтарда сүйене отырып» (делінеді). Біз оларға құралай көз хор қыздарын серік қосамыз.
21. Өздері иман келтірген, ұрпақтары да иманмен оларға ерсе ұрпақтарын өздерімен дәрежесін теңестіреміз. Істеген амалдарынан еш-нәрсені кемітпейміз. Әр адам өз ісіне ғана жауапты.
22. Оларды көңілі тартқан миуалармен және еттермен үстемелеп қамдаймыз.
23. Олар бір-біріне (сусын толы) тостағандарды жарса ұсынады. Онда артық ауыз сөз бен күнәлі іс те болмайды.
24. Інжу-маржандай кызметкерлер, оларға үйіріліп қызмет етіп тұрады.
25. Олар бір-біріне қарама-қарсы (қойылған тақта) өзара отырып, әңгімелеседі.
26. «Біз бұрын (дүниедегі кезімізде) үйімізде отырып, (Алланың азабынан) расында қорқушы едік.
27. Алла бізге кеңшілік (рақым) етіп “Саммум” азабынан (тозак желінен) сақтады».
28. «Біз бұрында Аллаға ғибадат етуші едік. Өйткені ол - ерекше қайырымды, аса мейірімді ғой» (деседі).
29. (Ей,Мұхаммед! Үмбеттеріңе) уағыз-насихат ете бер. Өйткені Раббыңның нығметі арқасында, сен балгер де, мәжнүн де емессің.
30. Қайта олар сені: «Ол бір ақын. Оның тауқыметті күнге тап болуын күтеміз» - дейді.
31. Оларға: «Сендер күте тұрыңдар, мен де сендермен бірге күтейін» - де.
32. Немесе оларды мұны ақылдары әкетіп айтып тұр ма? Әлде өздері қауым ба?
33. Немесе олар «(Мұхаммед) Құранды өзі ойдан шығарды» дей ме? Олай емес, олар өздері (Құранға) иланбайтындар.
34. Егер олардың айтқаны рас болса, (қисыны, көркемдігі, баяндалуы) Құран сияқты бір сөз келтіріп көрсін.
35. Немесе олар бостан-босқа (жаратушысыз) жаратылған ба, әлде өзін-өзі жаратқан ба?
36. Яки аспан мен жерді солар жаратты ма? Олай емес. Олар (Алланың жалғыздығына) нанбайды.
37. Немесе Алланың қазынасы олардың қолында ма? Яки олар (барлық нәрсені қалағанша істететін) меңгеруші ме?
38. Немесе олардың (аспанға шығып,) сөз тыңдайтын сатылары бар ма? (Олай болса,) олардың сақ құлақтары айқын бір дәлел әкеп көрсін.
39. Немесе қыздар Алланыкі, ұлдар сендердікі ме?

40. Немесе, сен олардан ақы талап еткендіктен, олар ауыр борышты болып қалған ба?
41. Не оларда ғайыптың білімі болып, олар соның бәрін жазып алған ба?
42. Немесе олар қулық-айла істетпекші ме? Әсілі қулық-айлаға тап болатындар – кәпірлердің өздері.
43. Немесе олардың Алладан бөлек құдайы бар ма? Алла олардың табынған ортақтарынан пәк.
44. Олар аспанның бір кесегі түсіп келе жатқанын көрсе де, оны «шоғырмақ бұлт қоры» дейді.
45. Оларды ойран болатын күніне жолыққанға дейін қоя тұр.
46. Ол күні олардың қулық-айлалары еш пайда бермейді , өздеріне көмек те берілмейді.
47. Ондай залымдарға, одан өзге де азап бар. Мұны олардың көпшілігі түсінбейді.
48. (Ей, Мұхаммед!) Раббыңның үкіміне сабыр ет! Сен біздің көз алдымыздасың. Орныңнан тұрған шақта, Раббыңа мақтау және тасбих айт.
49. (Сондай-ақ) түнде де, жұлдыздар көрінбей кеткен соң да, Аллаға тасбих айт (құптан, таң намаздарын оқы).

53. НӘЖІМ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 62 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Жарығы сөніп бара жатқан жұлдызбен серт.
2. Жолдасың (Мұхаммед) адаспады да, (тура жолдан) таймады.
3. Ол өз қалауы бойынша сөйлемейді.
4. Сөйлегені, өзіне аян болған уахи ғана.
5. Оны оған үйретуші - аса мықты.
6. Қуатты (періште Жәбірейіл); ол кемел (өз бейнесінде) тура қарап тұрды;
7. Биік кеңістікте.
8. Одан соң ол жақындап, төмендей берді.
9. (Пайғамбармен) аралығы садақтың иілген екі басындай-ақ, одан да жақын келді.
10. Алла, пендесіне уахи еткендерін, (Жәбірейіл арқылы) оның көкейіне салды.

11. (Көзімен) көргендігін (өзінің) көңілі жоққа шығармады.
12. (Ей, мүшриктер!) Сендер оның көргендері жайлы, онымен айтыспақсыңдар ма?
13. Рас, ол Жәбірейілді екінші рет көрді.
14. Сидрат әл-Мүнтәһәның жанында.
15. Мәуә жаннаты оның жанында.
16. Сидрат әл-Мүнтәһәны (Алланың нұры) бөлеген кезде,
17. (Расулуллаһтың) көзі (оң не солға) таймады, үстірте кетпеді.
18. Ол шынында Раббының ең ұлы белгілерін көрді.
19. Сендер көрдіңдер ме, Лат пен Ғүззаны?
20. Және үшінші болған Манатты?
21. (Сендерше) еркек сендерге, ұрғашы Аллаға тәуелді болғаны ма?
22. Ендеше бұл-әділетсіз бөліс.
23. Бұл (пұттар) сендер және сендердің ата-бабаларың қойған құр ат ғана. Алла олар туралы ешқандай дәлел түсірген жоқ. Расында оларға Раббыларыңнан дұрыс жол сілтеуші (Құран және пайғамбар) келсе де, олар құр қиялына, нәпсі қалауына ғана салынады.
24. Адамның арман еткенінің бәрі бола бере ме?
25. Соңғы да, алғашқы да (ақырет және дүние) Алланың ісі.
26. Аспанда көптеген періштелер бар, олардың шапағаты ешкімге де пайда бермеді, тек Алла қалаған, разы болған адамға ғана шапағаты тиеді.
27. Расында ақыретке сенбейтіндер, періштелерді (Алланың қыздары деп) ұрғашылар атауымен атайды.
28. Оларда бұл жөнінде ешқандай ғылыми негіз жоқ, тек бос ойға ғана негізделеді. Расында бос ой шындықтан алыс.
29. Біздің зікіріміздан бет бұрып, дүние тіршілігін ғана көздейтіндерден аулақ бол.
30. Олардың ғылымда бар жеткені осы ғана. Раббың шынында, жолынан адасқанды да жақсы біледі. Дұрыс жолға түскендерді де жақсы біледі.
31. Көктегі және жердегі нәрселердің барлығы Аллаға тән. Жамандық істегендерді жамандығына қарай жазалайды да, жақсылық істегендерді жақсылықпен сыйлайды.
32. Олар (жаннатқа баратындар) үлкен күнәлардан, қате-кемшіліктен, кішігірім күнәлардан болса да аулақ. Расында Раббың кең кешірімді. Ол (саз балшықтан) жаратқаннан және шешелеріңнің құрсағында ұйыған қан әлетіндегі кездеріңнен бастап жақсы біледі. Сондықтан, өздеріңді пәк-кіршіксіз деп есептемеңдер. Ол тақуаларды да жақсы біледі.
33. (Ей, Мұхаммед!) (Хақ діннен) бет бұрған адамды көрген шығарсың?

34. Олар (шарт етілген амалдан) ғана беріп, қалғанынан сараңдық етушіні көрдің бе?
35. Оның алдында ғайып білімі болып, өзі (ғайыпты) көріп тұрып па?
36-37. Немесе Мұсаның, опалы Ибраһимнің сахифаларындағы нәрселерден хабардар болмады ма?
38. Ешбір күнәһар, басқа біреудің күнәсін көтермейді.
39. Әр адам өз еңбегінің ғана нәтижесіне қол жеткізеді.
40. Оның еңбегінің нәтижесі де алда көрінеді (қиямет күні).
41. Содан соң (қиямет күні) оған сыйлығы, не жазасы толық беріледі.
42. Соңғы есеп әрине Раббыңның алдында.
43. Күлдірген де, жылатқан да сол (Алла).
44. Өлтірген де, өмір берген де сол.
45. Ол еркек пен ұрғашыны жұп етіп жаратқан.
46. Ытқып шыққан мәни суынан.
47. Екінші жарату да даусыз оның ісі.
48. Адамды байытқан да, разы (еткен) да сол.
49. Ол – Шығра (жұлдызының) Раббы.
50. Ол бұрынғы Ғад қауымын жойды.
51. Самұдтарды да! Олардың біреуін де қалдырмады.
52. Одан бұрын Нұһ қауымын да (ойрандады). Өйткені олар өте залым, азғындар еді.
53. Асты үстіне келтірген қаланы да (Лұт қауымының Мутафикат кентін) жермен жексен етті.
54. Оларды (алапатты тас жауып) үсті-үстіне басып қалды.
55. Ендеше Раббыңның қай жақсылықтарынан күмәнданасыңдар?
56. Бұл (Мұхаммед пайғамбар) – бұрынғы ескертушілер қатарындағы бір ескертуші.
57. Қиямет жақындады.
58 Оны Алладан өзге әйгілеуші (уақытын белгілеуші, азабынан арашалаушы) жоқ.
59. Ей, мүшриктер! Сендер сөзге (Құранға) таңырқайсыңдар ма?
60. (Естігенде) күлесіңдер ме? Жылайсыңдар ма?
61. Сендер арманда қалушысыңдар.
62. Аллаға сәжде етіп, құлшылық жасаңдар.

54. ҚАМАР СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 55 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Қиямет жақындады, ай жарылды.
2. Олар (Құрайыш кәпірлері) бірер мұғжизаны көрсе, (иманнан) бет бұрып: «Бұл жалғасы сиқырдың» - дейді.
3. Олар (пайғамбарды) өтірікшіге шығарды. Нәпсі қалауының жетегіне ерді. (Жақсылық яки жамандық болсын), барлық істің (жаннат не тозақ сынды) өз тиянағы бар.
4. Расында оларға ғибрат алар лық (Құран) хабарлар келіп болды.
5. Бұл – бір кемел хикмет. Сонда да оларға алдын-ала ескерту пайда бермес.
6. (Ей, Мұхаммед!) Сен олардан ара жігіңді аш, қияметте шақырушы (Исрафил) оларды күрделі қиын іске (есеп беруге) шақырады.
6. (Ей, Мұхаммед!) Сен олардан ара жігіңді аш, қияметте шақырушы (Исрафил) оларды күрделі қиын іске (есеп беруге) шақыра-ды.
7. (Сол кезде) олар көздері мөлиіп, құдды өлген шегірткедей қабірінен шығады.
8. Шақырушының алдынан өңмеңдей жүгірген кәпірлер: «Мынау (неткен) ауыр күн еді!» - деседі.
9. Олардан бұрын Нұһ қауымы да, пендеміз (Нұһты) мойындамай өтірікке шығарып: «Көк соққан» деді. Ол дінді жеткізуден тосылды.
10. Ол Раббына жалбарынып: «Мен жеңілдім! Маған жәрдем етіп, өшімді ал!» -деді.
11. Аспан есіктерін нөсермен аштық.
12. Жерден (көптен) бұлақ бастауларды шығардық. (Алланың) тағдыр еткен ісіне қарай, (жаңбыр мен қайнардан шыққан) сулар бір-біріне қосылды.
13. Біз оны (Нұһты) тақтай және шегелермен жасаған кемеге мінгіздік.
14. Ол кеме (кәпірлер жағынан) мойындалмаған адамға (Нұһқа) сыйлық ретінде көз алдымызда жүзіп бара жатты.
15. Біз оны (топан апатын) ғибрат қалдырдық. (Кәне,) ғибрат алушы бар ма?
16. Менің азабым және ескертулерім қандай екен?
17. Біз Құранды жатқа алуға жеңілдеттік. Ғибрат алушы бар ма?

18. Ғад қауымы да (пайғамбары Һудты) өтірікшіге жорыған еді. Менің азабым және ескертулерім қалай екен?
19. Біз оларға сұмдығы үзілмес үрейлі сұрапыл дауыл жібердік.
20. Дауыл оларды түбінен қопарылған құрма ағаштарындай жұлып-жұлып әкетеді.
21. Менің азабым және ескертуім қандай екен?!
22. Расында, Құранды жаттап алуға жеңіл еттік. Мұнан ғибрат алушы бар ма?
23. Самуд қауымы да ескертушіні (пайғамбарды) өтірікшіге шығарды.
24. Олар былай деді: «Арамыздағы (өзіміз сияқты) жай біреуге ереміз бе? Өйтсек сөзсіз адасамыз және мәңгүрт боламыз» - деді.
25. «Арамыздан соған ғана уахи түсірілді ме? Жоқ, ол- өтірікші, өркөкірек» деді.
26. Олар кімнің өтірікші, өркөкірек екенін ертең-ақ білетін болады.
27. Біз оларды сынау үшін аруана жібердік. Сондықтан (ей, Салих,) оларды байқа! Сабыр ет!
28. Оларға судың кезегі белгіленгенін (құдық суын бір күн аруана ішсе, бір күн ел ішетінін), қайсысының кезегі келсе, оның дайын болатындығын ұқтырып қой.
29. Олар жолдасын шақырды. Ол қанжарымен арананы бауыздады.
30. Менің азабым мен ескертуім қалай екен?
31. Оларға бір ерекше ащы дауыс жібердік, олар қураған шөптей шашылып қалды.
32. Біз Құранды жаттап алуға жеңіл еттік. Сонда ғибрат алушы бар ма?
33. Лұт қауымы да ескертуімізге құлақ аспады.
34. Біз оларға тас жаудыратын боран жібердік. Жалғыз Лұттың отсын, (таңсәріде) құтқарып қалдық.
35. Бұл – біздің қамқорлығымыз еді. Шүкірлік етушілерді осылай сыйлаймыз.
36. (Лұт) расында оларды жазамызбен ескертті. Әйтсе де олар біздің жазамызға күмәнмен қарады.
37. Олар Лұттың (сұлу жігіттер бейнесінде келген періште) қонақтарына (дәмеленіп), оларды қорғаштамауды талап етті. Біз олардың (жаман ниеті үшін) көздерін соқыр еттік те: «Азабым мен ескертуімнің дәмін татыңдар» дедік.
38. Таң ата айықпас азап (олардың) бастарына келді.
39. «Азабым мен ескертуімнің зардабын татыңдар» - дедік.
40. Біз Құранды жаттап алуға жеңіл еттік. Ғибрат алушы бар ма?

41. Расында Перғауын жамағатына да ескерту келді.
42. Олар аяттарымыздың бәрін де жалғанға шығарды, сондықтан үстем, құдірет күшімізбен олардың сазайын тартқыздық.
43. (Ей, Араб жұртшылығы! Аспаннан түскен) осылардан сендердің кәпірлерің артық па? Немесе самауй кітаптарда, сендер үшін (жазылған) кешірім бар ма?
44. Немесе олар «Біз (Мұхаммедті жеңуші) топпыз» дей ме?
45. (Мүшриктердің) тобы жеңіс табады әрі артқа бұрылып қашады.
46. Жоқ (олардың тартатын жазасы бұл ғана емес,) оларға уәде етілген (жаза күні) - қиямет. Ол күні солар үшін тіпті де қорқынышты, тіпті де ауыр күн.
47. Күнәһарлар расында (бұл дүниеде) адасуда, (ақыретте) тозақта болады.
48. Олар ол күні тозаққа етпеттеліп тасталады да, (оларға:) «Тозақ азабының дәмін татыңдар!» (делінеді).
49. Біз, әрбір затты белгелі өлшеммен жараттық.
50. (Бір нәрсені жаратпақшы болсақ,) біздің әміріміз бір ғана сөз (”бол”), (сонда ол) қас қаққанша (орындалады).
51. Біз (бұрынғы үмметтерден) сендер сияқтыларды ойрандадық (жойдық). Содан ғибрат алушы бар ма?
52. Олардың істеген барлық ісі амал дәптерлерінде жазулы.
53. Үлкен-кіші істерінің бәрі (Лауһұлмахфузда) жазылған.
54. (Қияметте) тақуалар жұмақтағы (су, шарбат, бал, сүт) бұлақтарының жағасында тұрады.
55. Олар құдіреті күшті иесінің құзырындағы разы болатын (туралық орнында).

55. РАХМАН СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 78 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Өте рақымды Алла.
2. Құранды үйретті.
3. Адамды жаратты.
4. Оған сөйлеуді үйретті.
5. Күн мен Ай есеппен (тәртіппен) қозғалады.
6. Шөптер, ағаштар да оған бас иеді (әміріне бойсұнады).

7-8. Ол аспанды биік жаратты. Өлшеуде (іс-әрекетте) қараулық (зұлымдық) істемеулерің үшін (өлшейтін) таразы орнатты.

9. Өлшеуде әділ болыңдар. Таразыдан кем бермеңдер.

10. Алла жерді күллі мақлұқ үшін (жайғасып тіршілік етсін деп) біртегіс әрі кең етті.

11. Жерде алуан жемістер мен көрікті құрма (баулары) бар.

12. Онда (қоректік) дақылдар, жұпар иісті (өсімдіктер) өседі.

13. (Ей, адамдар! Жындар!) Екеуің Раббыларыңның жақсылықтарынан қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?

14. Алла адамды (сыңғырлаған) құмыра сияқты құрғақ саз балшықтан жаратты.

15. Жындарды от жалынынан жаратты.

16. (Ей, адамдар! Жындар!) Екеуің Раббыларыңның нығметтерінің қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?

17. Ол екі шығыстың Раббы және екі батыстың Раббы (Күн мен Айдың шығатын және бататын орындарының иесі).

18. Ал енді екеуің Раббыларыңның нығметтерінен қайсысын жоққа шығара аласыңдар?

19. Ол (бірі тәтті, бірі ащы) екі теңізді ағызды, екеуі түйіседі.

20. Екеуінің арасында бөгет бар, біріне-бірі араласпайды.

21. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінің қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?

22. Ол екі теңізден де інжу-маржан шығады.

23. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінің қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?

24. Теңіздерде жүзген алып кемелер де Алланыкі.

25. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінің қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?

26. Бүкіл жержүзіндегінің бәрі құриды.

27. Ұлы да (жомарт) Раббың ғана мәңгі қалады.

28. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінің қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?

29. Көк пен жердегінің бәрі де Алладан (ризық, жәрдем) тілейді. Ол әр уақыт (өзіне тән құдіретімен) іс үстінде болады.

30. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінің қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?

31. Ей, екі топ (адамдар мен жындар)! Сендерден (жақында) есеп аламыз.

32. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінің қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
33. Ей, адамдар мен жындар тобы! (Алланың) жазасынан қашып, көк пен жердің шектерінен өтіп кетуге шамаларың жетсе, өте беріңдер. Бірақ одан құдіретпен ғана өте аласыңдар.
34. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінің қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
35. (Қиямет күні) сендерге лаулаған от жалыны мен түтін жіберіледі. Одан қорғана алмайсыңдар.
36. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінің қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
37. Аспан жарылып, (тозақ отымен) майдай еріп, қырмызы- қызыл гүлдей қызарып кеткен кезде...
38. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінің қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
39. Ол күні ешбір адам және жын өзінің күнәсінан сұралмайды (бәрі Аллаға мәлім).
40. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінің қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
41. Күнәһарлар өздерінің (жүзі қара, көзі көк болуы сияқты) белгілерімен танылады. Олар аяғы мен кекілінен ұсталады да (тозаққа лақтырылады).
42. Ендеше Раббыларының нығметтерінің қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
43. Күнәһәрлар өтірікке шығарған жәһәннам, осы!
44. Бұлар тозақ пен қайнаған судың арасында безек қағып, зар илейді.
45. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінен қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
46. Раббыларыңның құзырында тұрудан (есеп беруден) қорыққан адамға екі бірдей (жұмақ бағы бар).
47. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінің қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
48. Екі бақтағы алуан саялы ағаштар мен миуалар бар.
49. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінің қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
50. Ол екеуінде де ағып жатқан қос бұлақ бар.
51. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінің қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
52. Ол екеуінде де жемістердің әр түрі қос-қостан (егіз).

53. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінің қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
54. (Жаннаттықтар) қалың қамқамен тысталған төсектерге сүйене отырады. Қос бақшаңның миуалары (тұрған, отырған, жатқан адамның қолы жетіп үзе алатындай) жақын тұрады.
55. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінен қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
56. Жәннаттарда өз күйеуінен басқаға көз (салмайтын оған дейін) адам және жын маңына жоламаған жұбайлар бар.
57. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінен қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
58. (Олар тазалық пен сұлулыта) жақұт пен меруерт реуішті.
59. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінен қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
60. Жақсылықтың сыйы жақсылық қана.
61. Ендеше Раббыларының нығметтерінен қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
62. Бұл екі жанаттан өзге, тағы да қос жаннат бар.
63. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінен қайсыбірін жоққа шығара аласыдар?
64. Бұл екеуі де жап-жасыл.
65. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінен қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
66. Бұл екі жаннат қайнардан атылып шығып жатқан қос бұлақ бар.
67. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінен қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
68. Қос жаннатта да алуан миуалар, құрмалар, анарлар бар.
69. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінен қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
70. Ол жаннаттарда асыл мінезді, сұлу жұбайлар бар.
71. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінен қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
72. Олар – (күн түспейтін) шатырларда тұратын хор қыздар.
73. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінен қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
74. Ерлерінен бұрын ешбір адам, не жын маңайларына жуымаған.
75. Ендеше Раббыларыңның нығметтерінен қайсы бірін жоққа шығара аласыңдар?

76. Олар (жаннаттағылар) жасыл жастықтар жастанып, әдемі төсеніштерге жантайып рахаттанады.
77. (Ей, адамдар, жындар!) Раббыларыңның нығметтерінің қайсыбірін жоққа шығара аласыңдар?
78. Өте ұлы және жомарт Раббыңның есімі құтты, берекелі!

56. УАҚИҒА СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 96 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Қиямет оқиғасы болған кезде.
2. Оның болғанын ешкім жоққа шығара алмайды.
3. Бұл (кейбіреуді тозаққа кіргізіп) төмендетеді, (кейбіреуді ұшпаққа шығырып) жоғарылатады
4. Жер қатты сілкінген,
5. Таулар күлпарша болып,
6. Тозаңдай ұшып тозған кезде.
7. Сол уақытта сендер үш топқа бөлінесіңдер.
8. (Бірінші топ) оң жақтағылар (яғни амал кітабы оң жағынан берілгендер), неткен жақсы сол оң жақтағылар!
9. (Екінші топ) сол жақтағылар (яғни амал кітабы сол жағынан берілгендер), неткен жаман сол жақтағылар !
10. (Үшінші топ) игі істе ең озат жақсы іс істеушілер, бұлар - (жұмаққа) ең алдыңғы лекте кіретіндер.
11. Бұлар – Аллаға бір табан жақын болғандар.
12. Ырысты жаннатта тұратындар.
13. Бұрыңғылардан көбірек,
14. Кейінгілерден азырақ.
15. Олар алтынмен апталған тақтардың үстінде,
16. Бір-біріне ерсілі-қарсылы отырысады.
17. Оларға (қартаймайтын), бір қалыпта мәңгі тұратын ұл балалар қызмет етіп.
18. Ағылып жатқан шараптан шәйнек, ыдыстарды толтыра ұсынып тұрады.
19. Ол шарапты ішкеннен бас ауырмайды, мас болмайды.
20. Оларға қалаған жемістер,

21. Тәбеті тартқан құс еттері (ұсынылады).
22. Оларға құралай көз хор қыздары бар,
23. (Олар бейне) інжу-маржандай.
24. Бұл олардың істеген істерінің сыйы.
25. Олар жұмақта бос, жалған сөздер естімейді.
26. «Сәлем, сәлем» деген сөзді ғана естиді.
27. Оң жақ иелері, неткен жақсы оң жақтың иелері!
28-34. Олар тікенсіз Сидр ағаштарынан, жемістері ұйыса салқын тартқан Муз (банан) ағаштарынан созылған көлеңкелерден, сарқырап аққан сулардан, таусылмайтын мол жемістермен, биік (жұмсақ) төсектермен игіліктенеді.
35. Біз расында хор қыздарын жаңадан жаратамыз.
36. Оларды ер көрмеген қыз күйінде (жаннаттағы әйелдерді хор қыздары етіп) жаратамыз.
37. (Олар) күйеуін құлай сүйетін жас жағынан құралыптас болады.
38. (Бұлар) оң жақ иелеріне арналады.
39. Бұлардың бір тобы бұрынғылардан,
40. Бір тобы кейінгілерден.
41. Сол жақтың иелері, неткен жаман солдың иелері!
42. Олар (дененің тесікшелерінен кеулейтін) от боранның, сарқылдап қайнаған судың ішінде,
43. Қара түнек көлеңкеде (болады),
44. Салқында емес жайлы да емес.
45. Өйткені олар бұдан бұрын (пәни дүниеде) мол дәулеттің қызығын көргендер еді.
46. Олар зор қылмыстар істеуде (күпірде) табандап тұрғандар еді.
47. Олар айтады: «Біз өліп топыраққа және қу сүйекке айналсақ та, қайта тірілеміз бе?
48. Бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да қайта тіріле ме?» (деп).
49-50. Оларға айтып қой: Бұрынғылар да, кейінгілер де мәлім күннің белгілі уағында (қияметте) бір жерге жиналады.
51. Содан соң қайта тірілуді мойындамайтын, ей, суайттар!
52. Заққум ағашынан жейсіңдер.
53. Онымен қарындарыңды толтырасыңдар.
54-55. (Оның үстіне) қайнап жатқан ыстық судан, қаталаған түйеше сіміресіңдер.
56. Бұл – оларға берілетін қиямет күнінің сыйы.

57. (Ей, адамдар!) Сендерді біз жараттық. Сендер (қайта тірілуді) қалайша мойындамайсыңдар?
58. Айтыңдаршы сендер (әйелдердің жатырына) тамызған мәни тамшысынын.
59. Сірә, соны (адам етіп) жарататын сендер ме, әлде біз бе?
60. Біз сендердің араларында өлімді (ажал уақытын) белгіледік. Бұған ешкім де қарсы келе алмайды.
61. Сендерді басқа бір қауымға өзгерте де, өздерің білмейтін бір түрлі пішінде жарата да аламыз.
62. Сендер шынында бастапқы жаратқанды білесіңдер (бастапқыда жоқтан бар еткен Алла екендігін мойындадыңдар), ендеше (Алланың сендерді әу баста жаратқандай қайта жарататындығын) ойламайсыңдар ма?
63. Енді еккен егіндеріңді айтыңдаршы!
64. Оны сендер өсіресіңдер ме әлде біз өсіреміз бе?
65. Егер біз қаласақ, оны дәнсіз қу шөпке айналдырып жіберер едік, сонда сендер (мұңая) аңырып қала берер едіңдер.
66-67. «Біз (еңбек пен ұрықтан) зиян тарттық, тіпті құр алақан қалдық» дер едіңдер.
68. Сендер ішкен суларыңды айтыңдаршы!
69. Оны бұлттан сендер жаудырдыңдар ма, әлде біз жаудырдық па?
70. Біз қаласақ оны тұзды суға айналдырып жібере аламыз. Неліктен шүкірлік етпейсіңдер?
71. Жаққан оттарыңды бір айтып көріңдерші!
72. Оның (бірінің бұтағын біріне үйкесе от шығатын) ағаштарын сендер жараттыңдар ма, әлде біз жараттық па?
73. Біз оны ғибрат үшін және иендегі жолаушыларға пайдалы етіп жараттық.
74. Ендеше Раббыңның ұлы есімін дәріпте.
75. Жұлдыздардың орындарымен серт.
76. Егер біле білсеңдер бұл, әрине үлкен серт.
77. Ол шынында ардақты Құран.
78. Кітапта (яғни Лаухұлмахфузда) сақтаулы.
79. Оны пәк адамдар ұстайды.
80. Ол бүкіл ғаламның Раббысынан түсірілген.
81. (Ей, кәпірлер жұртшылығы!) Сендер осы сөзді (Құран Кәрімді) төмен санайсыңдар ма?
82. Алла берген ризыққа шүкірлік етудің орнына, (ризық берушіні) жоққа шығарасыңдар ма?

83-84. Жан алқымға келген шақта (хал үстіндегі адамға) қарап тұрасыңдар.

85. Оған (өліп бара жатқанға) сендерден гөрі біз жақынырақпыз, бірақ сендер (оны) көрмейсіңдер.

86. Сендер егер, (қиямет күні) жазаға тартылмайтын болсаңдар,

87. Осы сөздерің рас болса, неліктен оның жанын денесіне қайтара алмайсыңдар?

88. Егер ол (өлген кісі, Аллаға) жақын болса,

89. Оған рахат, жақсы ризық және нығметі мол жаннат бар.

90. Егер ол оң жақ иелерінен болса,

91. Саған оң жақ иелерінен «сәлем!»

92. Егер ол қайта тірілуді мойындамайтын азғындардан болса,

93. Ол қатты қайнаған сумен күтіп алынады,

94. Тозаққа тасталады.

95. Бұл анық еш шүбәсіз ақиқат.

96. Ендеше ұлы Раббыңның есімін дәріптеп тасбих айт.

57. ХАДИД СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 29 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Көк пен жердегілердің барлығы Аллаға тасбих айтады. Ол – жеңімпаз, хикімет иесі.

2. Алла көк пен жердің патшасы оған тән. Ол тірілте де алады, өлтіре де алады. Оның барлық нәрсеге күші жетеді.

3. Ол ең әуелгі де (өзінен бұрын ешнәрсе де болмаған), ең соңғы (барлық нәрсе жойылғанда да ол мәңгілікке қалады, соңы жоқ), (құдіретін көрсетумен) әшкере, (көзге көрінбейтін, ақыл жетпейтін сырымен) құпия. Ол барлық нәрсені біліп тұрады.

4. Ол аспан мен жерді алты күнде жаратты. Содан соң ғарышты меңгерді. Ол жерге кірген нәрселерді де, жерден шыққан нәрселерді де, көктен түскен нәрселерді де, көкке өрлеген нәрселерді де біледі. Сендер қайда болсаңдар, Алла сендермен бірге. Алла істеп жатқан істеріңді көріп тұрады.

5. Жер мен көктің патшалығы Аллаға тән. Барлық іс Алланың алдына қайтады.

6. Алла түнді күндізге кіріктіреді, күндізді түнге кіріктіреді. Ол көкейдегіні біліп тұрады.

7. Аллаға және оның пайғамбарларына иман келтіріңдер. Алла сендерді ие еткен малмүліктен садақа беріңдер. (Аллаға, пайғамбарға) иман келтіріп, садақа бергендерге үлкен сауап бар.

8. (Ей, кәпірлер!) Пайғамбар сендерді Раббыларыңа иман келтіруге үндесе де, неліктен Аллаға иман келтірмейсіңдер? Алла сендерден расында уәде алған. Егер иман келтіргілерің келсе (иманға ұмтылыңдар).

9. Сендерді қараңғылықтан жарыққа шығару үшін, Алла өз құлына айқын аяттарды түсірді. Алла сендерге шынында қамқор, өте мейірімді.

10. Сендер неліктен Алла жолында малдарыңды сарп етпейсіңдер? Аспан мен жердің жәй Алла Мекке алынудан бұрын мал-мүлкін жұмсап соғысқандар, одан кейін малмүлкін жұмсап соғысқандармен тең емес. Бұрыңғыларының кейінгілерінен дәрежесі жоғары. Алла барлығына да жұмақты уәде етті. Сендердің істеген істеріңнің барлығы Аллаға аян.

11. Кімде-кім Алла жолында жақсылықпен қарыз берсе, Алла оған еселеп қайтарады әрі мол сауап береді.

12. Ол күні мүмин еркектер мен мүмин әйелдердің нұрлары алдыларында және оң жақтарында (бірге) жүргендігін көресің. «Сендерге бүгін қуаныш. Іргесінен бұлақтар ағып жататын жұмақта мәңгі тұрасыңдар. Бұл – зор бақыт» (делінеді оларға).

13. Ол күні мұнафық ерлер мен мұнафық әйелдер имандыларға: «Бізді біраз тоса тұрыңдар, нұрларыңнан біз де азырақ алайықшы!» -деседі. Оларға: «Арттарыңа пәниге қайтып, нұр тілеңдер» делінеді (кекесінмен). Сонымен олардың арасына қақысы бар бір қабырға тұрғызады. Оның ішінде рақым, сыртында (Алладан келген) азап болады.

14. Олар мүминдерге: «Біз сендермен пәниге бірге емес пе едік?» - деп айқайлайды. Мүміндер: «Әрине, солай еді. Бірақ сендер өздеріңе зұлымдық істедіңдер, (мұсылмандарға пәле-қаза келуін) күттіңдер, күдік-күмәнда болдыңдар. Бос үміт Алланың әмірі келгенге дейін алдады. Тіпті әзәзіл (шайтан) сендерді Алламен (Алланың кешірімді кеңдігімен) алдады» дейді.

15. Бүгін сендерден және кәпірлерден төлем алынбайды. Орындарың тозақ. Тозақ сендерге лайықты. Тозақ неткен жамандық орын десеңші!

16. Иман келтіргендердің Алланың зікіріне, түскен ақиқатқа (Құран аяттарына) көңілдері жібитін мезгіл жетпеді ме? Бұдан бұрын кітап берілгендер (яһуди, насарлар) сияқты уақыттың ұзаруымен олардың жүректері қатып қалмасын. Олардың көбі жолдан тайған еді.

17. Біліп қойыңдар Алла өлген жерді жандандырады. Расында түсінулерің үшін аяттарымызды сендерге ашық баяндадық.

18. Садақа берген ерлердің, садақа берген әйелдердің, Алла жолына жақсылықпен қарыз бергендердің (сауабы) еселеп арттырылады әрі оларға тамаша сыйлық беріледі.

19. Аллаға және оның пайғамбарларына иман келтіргендер, міне осылар Раббыларының алдында шыншылдар әрі шаһидтер. Олар сауапқа және нұрға кеңеледі. Кәпір болғандар және аяттарымызды жоққа шығарғандар тозақтықтар.

20. Біліп қойыңдар дүние тіршілігі – құр ойын-күлкі, алданыш, сән-салтанат, өзара мақтан, бала мен малдың көптігімен бақталас қана. Бұл бір жаңбыр реуішті, өсірген өсімдіктері шаруаны таңғалдырады, одан соң қурап, сарғайып кеткенін көресің. Артынан үгіліп күлге айналады. Ақыретте (кәпірлерге) қатты азап, (жақсыларға) Алладан кеңшілік бар. Дүние тіршілігі – бір алданыш қызық қана.

21. Раббыларыңның кеңшілігіне, кеңдігі жер мен көктің кеңдігіндей, Аллаға, пайғамбарға иман келтіргендер үшін әзірленген жаннатқа ұмтылыңдар. Ол – Алланың рақымы. Алла оны қалаған адамына береді. Алла зор кеңшілік иесі.

22. Жержүзінде пайда болған және өздерің тап болған бейнеттер, біз жаратудан бұрын-ақ Лаухұлмахфузда жазулы. Мұның Аллаға оңай екені даусыз.

23. (Алла тағаланың бұларды жазуы) қолдан кеткенге қайғырмауларың, (Алланың) аса қуанбауларың үшін. Алла тәкаппар, мақтаншақтарды ұнатпайды.

24. Ондайлар сараң келеді және басқаларды да сараңдыққа баулиды. Кім Алланың жолында нәпақа беруден бас тартса, әлбетте Алла оған мұқтаж емес және мақтауға лайық.

25. Біз расында елшілерімізді айқын мұғжизалармен жібердік және адамзат әділеттікті тұрғызсын деп, ол елшілермен бірге кітапты және мизанды (заңды) түсірдік. Біз қатты қатерлі әрі адамдарға пайдалы болған темірді жараттық. (Мұны жаратуымыз) кімнің Алланы көрмей тұрып-ақ, Аллаға және оның расулына (осы темірді істетіп) көмек бергенін білу үшін еді. Алла расында аса қуатты, ерекше құдіретті.

26. Нұһты және Ибраһимді пайғамбар етіп жібердік. Ол екеуінің ұрпақтарына да пайғамбарлықты және кітапты бердік. Олардан аз бөлігі жол тапты, көбі адасты.

27. Содан соң пайғамбарларымызды жіберіп тұрдық. Оның артынан Мариям ұлы Исаны жіберіп, оған Інжілді бердік. Оған ергендердің көңіліне қайырымдылық және мейірімділік ұялаттық. Рәһбаниятты оларға біз жазбадық, олар Алланың разылығын тілей отырып, өздері тауып алды. Әйтсе де оған олар шын мәнінде бойсұна алмады. Ал

олардың иман келтіргендеріне сыйлығын (толық) бердік. Олардың көбі жолдан тайды.

28. Ей, мүминдер! Алладан қорқыңдар! Оның расулына иланыңдар! Алла сендерге рақымынан екі есе береді, сендерге (ақыретте Сират көпірінен) жүретін нұр береді және кешіреді.Алла өте кешірімді, ерекше рақымды.

29. Кітап иелері Алланың рақымынан ешнәрсеге қолдары жетпейтіндігін, мол рақым даусыз Алланың қолында екендігін, оны (Алла) қалаған құлына беретіндігін, Алланың дарқан қайырым иесі екенін білсін деп (Алла осы аятты баян етті).

58. МҮЖАДАЛА СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 22 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Алла расында күйеуі хақында сенімен айтысқан және Аллаға шағынған әйелдің сөзін естіді. Алла екеуінің де сөздерін де естіді. Алла даусыз бәрін естіп, біліп тұрады.

2. Араларында әйелдерін аналарына теңгерушілердің әйелдері оларға ана болмайды. Өздерін тапқан әйелдер ғана олардың аналары есептеледі. Олар өрескелдік жасап, өтірікті айта салған. Алла расында өте кешірімді, аса жарылқаушы.

3. Әйелдерін аналарына теңгеріп, кейін өз сөзіне өкінгендер, әйелімен екеуі табысудан бұрын бір құл азат етуге тиіс. Бұл сендерге айтылған насихат. Алла істеген істеріңнен толық хабардар.

4. Құлы жоқтар, әйелімен табысардан бұрын екі ай ұдайы ораза ұстасын. Егер (кәрілік немесе ауру себебімен) ораза ұстауға шамасы келмесе, алпыс міскінді тойғызып, бір рет тамақ беруге міндетті. Мұның өзі Аллаға және Оның расулына сенулерің үшін. Бұл – Алланың заңы. Бұған қарсы келгендерге сұмдық азап бар.

5. Шынында Аллаға және Оның расулына қарсы шыққандар, өздерінен бұрынғылардың қорлық көргеніндей қорлық көреді. Біз (адал-арамды және міндет үкімдерді қамтыған) айқын аяттарды түсірдік. Кәпірлерге қорлаушы азап бар.

6. Сол күні Алла олардың барлығын тірілтеді. Істеген істерін өздеріне айтып береді.Олардың істегендерін Алла біледі(жазып қойған), ал олардың өздері оны ұмытып қалған. Алла – барлық нәрсеге куә.

7. Алла аспан мен жердегі нәрселердің барлығын біліп тұратындығын

білмеймісің? Үш адам сыбырласса, сөз жоқ, оның төртіншісі – Алла, бес адам сыбырласса, алтыншысы – Алла. Мейлі одан аз немесе көп болсын олар қай жерде тұрса да, Алла олармен бірге (болады). Содан соң қиямет күні Алла олардың істеген істерін баяндап береді. Алла шынында барлық нәрсені толық білуші.

8. Сыбырласуына тиым салынғаннан кейін, сол тиым салынған істі қайталаған адамды көрдің бе? Олар күнә, дұшпандық, пайғамбарға қарсылық тұрғысынан сыбырлайды. Олар саған келген кезде, Алла сәлем беруде қолданбаған сөздермен сәлем береді. Олар іштерінен: «Алла бізді осы сөзіміз үшін жазаламайды» деуші еді. Тозақ оларға лайық. Олар тозаққа барады. Ол неткен жаман орын десеңші!

9. Ей, мұсылмандар! Егер сыбырлассаңдар – күнә, пайғамбарға дұшпандық қарсылық жайында сыбырласпаңдар, қайта жақсылық, тақуалық тұрасында сыбырласыңдар. Өздерің алдына жиналатын Алладан қорқыңдар.

10. Күбір-сыбыр имандыларды уайым қайғыға салу үшін шайтанның істегені. (Мұндай сыбырлаушы) Алланың қалауынсыз мүминдерге ешқандай зиян-зақым келтіре алмайды. Мүминдер Аллаға ғана тәуекел етсін!

11. Ей, иман келтіргендер! Мәжілістерде сендерге «орын беріңдер» делінсе, орын босатып беріңдер. Егер «орындарыңнан тұрыңдар» делінсе, тұрып кетіңдер. Алла сендерден иман келтіргендер мен ғылым берілгендердің дәрежесін жоғарылатады. Алла сендердің істегендеріңнен хабардар.

12. Ей, мүминдер! Пайғамбармен оңаша сөйлеспек болсаңдар, алдымен (жоқ-жітікке) садақа беріп, одан соң сөйлесіңдер. Бұл сендер үшін қайырлы әрі (күнәдан) тазалайды. Ал, беретін нәрсе таба алмасаңдар (оқасы жоқ). Алла расында аса кешірімшіл, өте мейірімді.

13. Сендер (пайғамбармен) оңаша сөйлесудің алдында, садақа беруден қорықтыңдар ма? Сендер оны істемедіңдер, Алла сендерді кешірді. Енді намаз оқыңдар, зекет беріңдер, Аллаға және оның расулына бойсұныңдар. Алла – істеген істеріңнен толық хабар алушы.

14. Алланың ашуына тап болған қауыммен достасқандарды көрмедің бе? Олар сендерден де емес, олардан да (яһудилерден де) емес. Олар біліп тұрып өтірік ант ішеді.

15. Оларға Алла қатты азап дайындап қойды. Олардың қылықтары неткен жиіркенішті десеңізші!

16. Олар жалған анттарын қалқан етіп, (адамдарды) Алланың жолынан тосты. Оларға қорлаушы азап бар.

17. Олардың балалары мен малдары Алланың азабы келуіне ешкандай бөгет бола алмайды. Олар – тозақтықтар. Олар – тозақта мәңгі қалады.

18. Алла барлығын тірілткен күні, олар дүниеде сендерге (жалған) ант ішкендей Аллаға да ант ішеді. Олар өздеріне мұны пайдалы деп ойлайды. Біліп қойыңдар, олар анық суайттар.
19. Шайтан оларды билеп-төстеп өздеріне Алланың зікірін ұмыттырды. Олар – шайтанның тобы. Естеріңде болсын шайтанның тобы зиян тартушылар.
20. Аллаға және оның пайғамбарына қарсы шыққандар, ең пасықтар санатында болады.
21. Алла: «Даусыз мен жеңемін және пайғамбарларым жеңеді» - деп (Лаухұлмахфузда) жазған. Алла шынында тым қуатты, жеңімпаз.
22. Аллаға және ақырет күніне сенетіндердің Аллаға және оның расуліне қарсы келгендерді өздерінің әкелері, ұлдары, аға-бауырлары, рулары болса да дос еткенін кездестірмейсің. Алла олардын жүрегіне иманды жазып қойған әрі оларды өз тарапынан бір рухпен (нұр және Құранмен) қолдаған. Оларды іргесінен бұлақтар ағып жататын жаннаттарға кіргізеді әрі олар онда мәңгі тұрады, Алла оларға разы, олар да Аллаға разы болады. Міне бұлар – Алланың қолқанаттары. Біліп қойыңдар, Алланың қолқанаттары мұратына жеткендер.

59. ХАШЫР СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 24 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Көк пен жердегінің бәріде Аллаға тасбих айтты. Алла жеңіскер, хикмет иесі.
2. Алла Кітап иелерінен кәпір болғандарды (Яһуди қауымынан) алғаш қуғын-сүргінде жұрттарынан қуды. Сендер оларды шығып кетеді деп ойламаған едіңдер. Олар өздерінің қорғандары Алладан аман қорғайды деп ойлаған еді. Алайда оларға Алланың жазасы ойламаған жерден келді. Алла олардың көңілдеріне қорқыныш салды. Олар өз үйлерін өз қолдарымен және мұсылмандардың қолымен бұзды. Ей, ақыл иелері! (Олардың халінен) ғибрат алыңдар.
3. Егер Алла оларға қуғын-сүргінді жазбаған болса, әлбетте, бұл дүниеде (басқа бір) жаза берер еді. Ақыретте тозақ азабы да соларға тән.
4. Бұл (жаза) олардың Алла мен оның пайғамбарына қарсы шыққан. Кім Алламен қарсы шықса, оған Алланың жазасы расында қатты болады.
5. (Ей, мұсылмандар!) Құрма ағаштарын кесулерің немесе бұрынғы

күйде тік қоюларың түгелдей Алланың рұқсатымен әрі бұзақыларды (яһудилерді) қорлау үшін болды.

6. Алланың пайғамбарына олардан түсіріп берген олжасы сендердің аттылы, түйелі жортуылдауларыңнан түскен емес. Алайда, Алла өз пайғамбарын қалағандарынан үстем етеді. Алланың барлық нәрсеге күші жетеді.

7. Алланың кент тұрғындарынан (Құрайза, Нәзір, Падак, Хайбар кәпірлерінен) түсіріп берген олжасы Аллаға, пайғамбарға, (пайғамбардың) жақын туғандарына, жетімдерге, жоқ-жітіктерге, (жолда қалған) жолаушыларға тиесілі. Бұлар іштеріндегі байлардың арасында қолдан-қолға өтіп жүрмесін. Пайғамбар сендерге не берсе соны алыңдар, пайғамбар тиған нәрселерден тиылыңдар. Алладан қорқыңдар. Алланың жазасы расында қатты.

8. (Бұл олжаның бір бөлігі) мекендерінен, малдарынан айырылған, Алланың разылығын, рақымын тілеп, Аллаға, пайғамбарға жәрдем берген пақырларға беріледі. Міне, бұлар шыншылдар.

9. Олардан бұрын (Мәдинада) мекен деп, иманына берік болғандар (ансарлар) кейін оған көшіп келгендерді (мұсылмандарды) жақын көреді. Оларға берілген нәрселер үшін қызғанып өкпелемейді. Өздері мұқтаждық көрсе де, оларды өздерінен артық көреді. Кімдер сараңдықтан тартынса, солар мұратына жететіндер.

10. Ал кейін келгендер: «Раббымыз, бізді және бізден бұрын иман келтірген дін бауырластарымызды жарылқай гөр! Сондай имандыларға қарсы біздің көңілімізге дұшпандық салма! Сен расында өте мейірімдісің, рақымдысың» - дейді.

11. Екі жүзділердің кітап иелерінен иман келтірмеген ағайындарына: «Сендер мекендеріңнен қуыласыңдар, біз де сендермен бірге кетеміз. Сендер (мен соғысу) талабына бағымбаймыз. Сендерге соғыс ашылса, сөзсіз сендерге жәрдем береміз» - десіп жүргендерін көрмедің бе? Олардың анық суайт екеніне Алла өзі куәлік етеді.

12. Олар мекендерінен қуылса да, мұнафықтар олармен бірге кетпейді, оларға соғыс ашылса да көмек бермейді. Көмек берген күнде де кейін шегініп қашады да, кітап иелері көмекке қол жеткізе алмайды.

13. Олардың көңілдерінде Алладан гөрі сендер қорқыныштысыңдар. (Олар сендерден, Алладан қорыққаннан бетер қорқады). Өйткені олар түсінбейтін қауым.

14. Олар берік қалада не қамалдың тасасында болмаса, сендерге қарсы тізе қосып соғыса алмайды. Олар өз іштерінен қатты тебіседі. Сен оларды берекелі (ынтымақты) деп ойлайсың. Бірақ олардың ділдері құбылмалы. Мұның себебі, олар еш нәрсеге ой жүгіртпейтін қауым.

15. Олар (яһудилер) өздерінен сәл бұрын өткен мүшриктердің аяғын

құшып, өз қылықтарының сазайын тартты. (Ақыретте) олар сұмдық азапқа дұшар болады.

16. Олар адамзатты «Кәпір бол» деп (азғырып) алып, адамдар кәпір болған кезде: «Сенен аулақпын. Шынында күллі ғаламның Раббы Алладан қорқамын» деген шайтанның кебін кигендер».

17. Олардың (шайтан мен азғырған адамның) түпкі нәтижесі тозаққа бірге түсіп, онда мәңгілікке қалады. Залымдардың сазайы – осы.

18. Ей, иман келтіргендер! Алладан қорқыңдар! Әркім ертеңге (қиямет күніне) нелерді дайындағандығына қарап көрсін. Алладан қорқыңдар! Алла істеген істеріңнен толық хабардар.

19. Сендер Алланы ұмытқан, Алла (сондықтан) оларға өздерін ұмыттырған адамдар тәрізді болмаңдар. Олар – пасық адамдар.

20. Тозақтықтар мен жұмақтықтар (қияметте) бірдей болмайды. Жұмақтықтар мұратына жеткендер.

21. Егер біз осы Құранды бір тауға түсірген болсақ, сол таудың Алладан қорыққанынан быт-шыты шыққанын көрер едің. Осы мысалдарды адам баласы (Алланың құдіретіне) ой жүгіртсін деп баяндаймыз.

22. Ол Алла – өзі ғана, Одан басқа құдай жоқ. Ол көрнеуді де, көместі де біледі. Ол – өте қайырымды, ерекше мейірімді.

23. Ол Алла – өзі ғана. Одан басқа ешбір құдай жоқ. Ол – патша, нұқсаннан пәк, мүлде кемшіліксіз, рызық беруші, амандаушы, бақылаушы, жеңімпаз, аса айбарлы, ұлылық иесі. Алла мүшриктердің қосқан ортақтарынан пәк.

24. Ол Алла – жаратушы, жоқтан бар етуші, (барлық болмысты) бейнелеуші. Ол – ең тамаша есімдердің иесі. Көк пен жердегілердің күллісі оны мақтайды. Ол – өте жеңімпаз, хикмет иесі.

60. МҮМТАХИНА СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 13 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ей, мүминдер! Менің дұшпандарымды да, өз дұшпандарыңды да дос санамаңдар. Олар сендерге келген ақиқатты (Құранды, Исламды) мойындамаса да, оларға сүйіспеншілік білдіресіңдер. Олар Раббыларың болған Аллаға иман келтірдіңдер деп, сендерді және пайғамбарды ата мекенінен қуды. Егер сендер менің жолымда разылығымды тілеп соғысқа шықсаңдар, оларға тағы да жасырын достық етсеңдер. Мен сендердің жасырын істеріңді де, әшкере істеріңді де білемін. Кім солай

істесе (олармен достасып, пайғамбардың хабарын оларға жеткізсе), бұл оның расында тура жолдан тайғандығы.

2. Егер олар сендерді жеңсе, сендерге жауығып қол жұмсайды, тіл тигізеді. Сендерді қайтадан кәпір еткісі келеді.

3. Қиямет күні туғандарың да, балаларың да сендерге еш пайда бермейді. Алла араларыңды айырады. Алла істеген істеріңді көріп тұрады.

4. Ибраһимге және онымен бірге болғандар да, сендер үшін жақсы өнеге болды. Сол кезде олар өз қауымына: «Біз сендердің Алладан шеттеп табынғандарыңнан және сендерден іргемізді аулақ ұстаймыз, сендерді танымаймыз. Сендер бір Аллаға иман келтіргенге дейін, біздің арамызда дұшпандық пен жеккөрушілік сақтала береді» - деді. Бірақ Ибраһимнің әкесіне айтқан: «Саған, әрине (Алладан) кешірім тілеймін. Десе де Алладан келетін азаптың ешқайсысынан да сені арашалай алмаймын» - деген сөзін үлгі етулеріңе болмайды. (Ибраһим және оның жақтастары айтты): «Раббымыз саған ғана сенім арттық, алдыңа қайттық, табан тірер тиянағымыз да өзің» (десті).

5. «О Раббымыз! Кәпірлердің бізге фитна, іріткі салуына ырық бермегейсің (бізді оларға ырықсыз етіп сынай көрме)! О, Раббымыз! Бізді кешіргейсің! Шынында жеңіс иесі де, хикмет иесі де өзіңсің!».

6. (Мұхаммедтің үмметтері!) Олар (Ибраһим және оған ілескендер) сендер үшін Алланы, ақырет күнін үміт ететіндер үшін тамаша үлгі-өнеге болмақ. Кім (иманнан) бет бұрады екен, Алла ондайларға мұқтаж емес. Алла мақтауға лайық.

7. Алла өздерің өштескен адамдармен сендердің араларыңда достық орнатуы мүмкін. Алланың барлық нәрсеге шамасы жетеді әрі Алла өте кешірімді, аса мейірімді.

8. Алла дін турасында сендермен соғыспаған, сендерді мекендеріңнен қумағандарға жақсылық істеуден, оларға әділ болуларыңды шектемейді. Шынында, Алла әділдік етушілерді жақсы көреді.

9. Алла дін турасында өздеріңмен соғысқандармен, сендерді мекендеріңнен тайдыруға көмектескендермен дос болуларыңа тиым салады. Кім оларды дос тұтса, оның залым болғаны.

10. Ей, мүминдер! Сендерге мүмин әйелдер қоныс аударып келсе, оларды сынаңдар. Олардың иманын Алла жақсы біледі. Егер де олардың (шын) мүмин екеніне көз жеткізсеңдер, оларды ендігәрі кәпірлерге қайтармаңдар. Олар кәпірлерге адал емес, кәпірлер оларға адал емес. Кәпірлердің оларға берген мәһірлерін қайтарып беріңдер. Ал оларға мәһірін беріп некелессеңдер оның оқасы жоқ. Кәпір әйелдеріңді некелерінде ұстамаңдар. Оларға берген мәһірлеріңді сұраңдар. Кәпірлер де (сендерге келген мұсылман әйелдерге) берген мәһірін

сұрап алсын. Алланың үкімі осы. Алла араларыңа үкім шығарады. Алла - ғылымның, хикметтің иесі.

11. Егер кейбір әйелдерің кәпірлер жағына өтсе, (кәпірлермен соғысып) олжа алған кезде, әйелдері кәпірлерге қашып кеткен адамдардың берген мәһірінің төлеуін (олжаларын) беріңдер. Сендер өздерің сенген Алладан именіңдер.

12. Ей, пайғамбар! Саған мұсылман әйелдер келіп, Аллаға ешбір серік қоспауға, ұрлық істемеуге, зина жасамауға, балаларын өлтірмеуге, өзгенің баласын өз күйеуіне телімеуге, игі істерде бұйрығыңа қастық істемеуге серт берсе, олардың сертін қабыл ал. Олар үшін Алладан кешірім сұра! Алла шынында, жарылкаушы, өте мейірімді.

13. Ей, мұсылмандар! Сендер Алланың ашуына тап болған қауыммен достаспаңдар. Кәпірлердің қабірде жатқандардан күдер үзгеніндей, ақыреттен (оның жақсылығынан) олардың да үміті үзілген.

61. САФ СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 14 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Көктегілер (періштелер) және жер бетіндегілер (адамдар, өсімдіктер, табиғат) бәрі де Аллаға тасбих айтты. Алла аса үстем хикмет иесі.

2. Ей, мүминдер, өздерің істемейтін істі (істейміз деп) қалайша ауызға аласыңдар?

3. Істемейтін істі (істейміз) деулеріңнің өзі Алланың алдында барып тұрған жексұрындық.

4. Алла өз жолында берік қаланған құрылыстай сап түзіп соғысқандарды жақсы көреді.

5. Мұса өз кезінде қауымына: «О, жұртым! Алланың сендерге жіберген елшісі екенімді біле тұра неліктен мені ренжітесіңдер?» деген еді. Олар ақ жолдан тайғандықтан, Алла олардың ділін де (дұрыстықтан тайдырды). Алла бұзық елді түзу жолға салмайды.

6. Өз кезінде Мариям ұлы Иса: «Ей, Исрайыл ұрпақтары! Мен өзімнен бұрынғы Тәуратты растаушы, өзімнен кейін келетін Ахмет атты пайғамбармен қуандырушы, Алланың сендерге жіберген елшісімін» деген болатын. (Иса айтқан пайғамбар) оларға айқын дәлелдер әкелген кезде олар: «Бұл ашықтан ашық сиқырлық» - деді.

7. Исламға шақырылып тұрса да, Аллаға өтірік жала жапқан (Алланы

жоққа шығарған немесе Аллаға серік қосқан) адамнан өтер залым бар ма? Алла (осындай) залым жұртты тура жолға салмайды.

8. Олар Алланың нұрын (Ислам дінін, шариғатты) ауызбен үрлеп өшірмекші болады. Кәпірлер жек көрсе де, Алла өз нұрын (жан-жаққа) шашады.

9. Мүшриктер жақтырмаса да, Алла хақ дінді барлық діндерден үстем ету үшін, пайғамбарын туралықпен және хақ дінімен жіберді.

10. Ей, имандылар! Сендерге сұмдық азаптан құтқаратын бір ауқат көрсетейін бе?

11. Аллаға және Оның пайғамбарына иман келтіріңдер, Алланың жолына мал-жандарыңмен күресіңдер. Білсеңдер, сендерге осы қайырлы.

12. (Осылай етсеңдер) Алла күнәларыңды кешіреді, іргесінен бұлақтар ағып жататын жұмаққа кіргізеді. Ғадын жаннаттындағы тамаша мекенжайларда тұрғызады. Бұл - зор жетістік!

13. Сендер жақсы көретін екінші бір игілік: Алладан келетін жәрдем мен таяудағы жеңіс (Меккенің азат етілуі). (Ей, Мұхаммед!) Мұсылмандарды қуантып қой!

14. Ей, мүминдер! Мариям ұлы Иса хауариларға: «Кімдер Аллаға (дін ісі жолында) менімен бірге көмекші болады?» - дегенде, хауарилардың: «Аллаға біз көмекші боламыз дегеніндей, Алланың көмекшілері болыңдар. Исрайыл ұрпақтарынан бір тайпа иман келтірді де, бір тайпа кәпір болып кетті. Біз иман келтіргендерге өз жауларымен алысқанда жәрдемші болдық. Сонымен (олар) жеңіске жетті.

62. ЖҰМА СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 11 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Көктегілер және жер бетіндегілердің күллісі (барша әлемнің) патшасы, (барлық нұқсаннан) пәк, жеңімпаз хикмет иесі болған Алланы тасбих айтып мадақтайды.

2. Алла надандарға өз іштерінен Алланың аяттарын оқып, ұғындыратын, (күнәлардан) пәктейтін, кітапты (Құранды), хикметті үйрететін бір пайғамбар жіберді. Оған дейін олар ашық еді.

3. Алла алдыңғыларға (оған) әлі қосыла қоймағандарға (қияметке дейін дүниеге келетін бүкіл адам баласына) да осы пайғамбарды жіберді. Алла – жеңімпаз, аса даналық иесі.

4. Бұл – Алланың жақсылығы. Ол оны қалаған адамына сыйлайды. Алла – дарқан қайырым иесі.
5. Тәуратты оқу бұйырылса да, оны игере алмағандар (іс жүзінде оған амал етпей тек көтеріп жүргендер) кітап артқан есек сияқты. Алланың аяттарын жалғанға шығарған қауымның мысалы қандай жаман десеңізші! Алла залым қауымды тура жолға салмайды.
6. Ей, Яһудилер! Егер басқалардан гөрі біз Алланың досымыз деп ойласаңдар, осы ойларың рас болса, онда (ақыреттің рахатына тез жету үшін) бастарыңа өлім тілеп көріңдерші!» - де.
7. Олар әуелгі істеген қылмыстары болғандықтан, әсте, күні бұрын өлім тілемейді. Алла залымдарды біліп тұрады.
8. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: «Өздерің қашып жүрген өлім сендерге түбінде бір кездеседі. Содан соң құпияны да, әшкерені де білетін Алланың алдына қайтарыласыңдар. Ол істеген істеріңді өздеріңе баяндап береді» - деп айт.
9. Ей, мүминдер! Жұма күні намазға азан шақырылған кезде Алланы еске алуға (жұма намазын оқуға, жұма құтпасын тыңдауға) асығыңдар! Сауда-саттықты қоя тұрыңдар. Біле білсеңдер (сендерге) осы қайырлы.
10. Намаз оқылып болған соң, жанжаққа тарап, Алланың рақымына (кәсіптерің бойына) несібе іздеңдер. Мақсатқа жетулерің үшін Алланы жиі-жиі еске алыңдар.
11. (Ей, Мұхаммед!) Олар сауданы немесе ойын-тамашаны көрсе, сені тұрған қалпында (құтпа оқыған бетінде) тастап, бет-бетімен кетеді. Сен оларға айтып қой: «Алланың құзырындағы құлшылық-ырдудырду мен саудадан артық. Алла – ризық берушілердің ең абзалы».

63. МҰНАФЫҚУН СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 11 аят.

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Мұнафықтар сенің алдыңа келгенде: «Сен – Алланың пайғамбарысың, бұған біз куәміз» деді. Сенің пайғамбар екеніңді Алла біледі. Мұнафықтардың мүлде суайт екендігіне Алла куә.
2. Олар өздерінің жалған анттарын бетке ұстап, (өзгелерді) Алла жолынан тосады. Олардың қылықтары неткен жиіркенішті!
3. Мұның себебі, олар (ауызбен) иман келтіргенімен ділінде бекітпеді, сонымен олардың жүрегі бітелді. Олар иманды түсінбейді.
4. Оларға қарасаң түр-тұрпаты сені таңғалдырады. Сөйлей қалса, сені

аузына қаратады. Бірақ олар үйге сүйеулі (шірік) ағаш тамыры секілді. Олар үрейленіп барлық айқай-сүренді өздеріне қаратылған деп біледі. Олар нағыз дұшпан. Олардан сақ бол. Қайда адасып барады? Оларды Құдай төбесінен ұрсын!

5. Бағзылар оларға: «Келіңдер, Расулулла сендер үшін кешірім тілейді» десе, олардың бас шайқап, тәкаппарсып, теріс айналғанын көресің.
6. (Алладан) олар үшін кешірім тілесең де, кешірім тілемесең де бәрі бірдей, Алла (оларды) кешірмейді. Алла пасық қауымды тура жолға салмайды.
7. Олар: «Расулулланың жанындағыларға жақсылық жасамайды, олар тарап (ыдырап) кетсін» дейді. Бірақ жер мен көктің қазынасы Аллаға тән, мұнафықтар мұны ұқпайды.
8. Ол мұнафықтар: «Егер Мадинаға қайта бара қалсақ, күштілер (яғни, Абдулла ибн Ғубай бастаған мұнафықтар) әлсіздерді (Алланың пайғамбары мен мұсылмандарды) сөзсіз қуып шығады» - деседі. Күш-құдірет Аллаға, оның пайғамбарына және мұсылмандарға тән екенін мұнафықтар білмейді.
9. Ей, мүминдер! Сендерді малдарың, балаларың Алланы (жиі) еске алудан (құлшылық) етуден қалдырмасын. Кім осылай істесе, ол сөзсіз зиян шегушілерден болады.
10. Бастарыңа өлім келіп: «О, Раббым, ажалымды аз болса да кешеуілдетсең, садақа беріп, жақсы адам болар едім ғой» - деп (өкініш) айтуларыңнан бұрын, өздеріңе берілген ризық-несібелерден садақа беріңдер.
11. Алла ажалы жеткен жанның ешқайсысын кідіртпейді. Алла істеген істеріңнен толық хабардар.

64. ТАҒАБУН СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 18 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Жер мен көктегілердің барлығы Аллаға тасбих айтады. Патшалық та, мақтау да оған тән. Оның барлық нәрсеге құдіреті жетеді.
2. Сендерді (сол) Алла жаратты. Кейбіреуің кәпір, кейбіреуің мұсылмансыңдар. Алла істегендеріңді көріп тұрады.
3. Алла аспанды және жерді (өз заңы негізінде) жаратты. Сендерге бейне берді, (оны) сұлу, сымбатты етті. Түбінде - оның алдына қайтасыңдар.
4. Ол аспандағы және жердегі нәрселерді біліп тұрады. Сондай-ақ жасырғандарыңды да, жария еткендеріңді де біліп тұрады. Ішке бүккен сырларды да

біліп тұрады.

5. Сендерге бұған дейін кәпірлердің (зиян шеккені туралы) хабары келмеді ме? Оларға (ақиретте) сұмдық азап бар.

6. Мұнын себебі, өздеріне айқын дәлелдермен пайғамбарлар келгенде, олар: «Бізді (өзіміз сияқты) бір адам тура жолға сала ала ма?» деп (пайғамбарды) жоққа шығарды, (иманнан) бет бұрды. Алла оларға мұқтаж емес екенін көрсетті. Алла мұңсыз, мақтауға лайық.

7. Кәпірлер қайта тірілмейміз деп ойлайды. Айтып қой: «Олай емес, Раббыммен ант етем, өлгеннен соң сөзсіз қайта тірілесіңдер. Одан соң істеген істерің өздеріңе ұқтырылады. Бұл – Аллаға оңай».

8. Ендеше Аллаға, оның елшісіне және біз түсірген нұрға (Құранға) сеніңдер. Алла істеген істеріңнен толық хабардар.

9. Сол күнгі (қияметтегі) ұлы жиын сендердің бастарыңды қосады. Әне, сол алданатын күн (кәпірлердің иманды тәрк етуімен, мүминдердің айтарлықтайй жақсылық іс істей алмаумен алданғаны ортаға шығатын күн). Кім Аллаға иман келтіріп, жақсы істер істесе, Алла оның жамандық күнәларын жойып, іргесінен бұлақтар ағып жататын жұмаққа кіргізеді. Ол онда мәңгі тұрады. Бұл - ұлы бақыт!

10. Күпірлік істеп, аяттарымызды өтірікке шығарғандар тозақтық болып онда мәңгі қалады. Бұл неткен жаман орын десеңізші!

11. Басқа келген пәле-қаза Алланың бұйрығынсыз болмайды. Кімде-кім Аллаға (қандай бір сәтсіздік Алланың бұйрығымен болатындығына) сенсе, Алла оның ділін дұрыстайды. Алла - барлық нәрсені толық білуші.

12. Аллаға бойсұныңдар және пайғамбарға бойсұныңдар! Егер де (пайғамбардың үндеуінен) бет бұрсаңдар, (оның зияны өздеріңе), пайғамбарымыздың міндеті - (тек) ашық, айқын жеткізу ғана.

13. Алла бір, Одан басқа ешбір құдай жоқ. Мүминдер Аллаға тәуекел етсін.

14. Ей, мүминдер! Әйелдерің мен балаларыңнан өздеріңе дұшпан болатындары да бар. Оларға қырағы болыңдар. Егер олармен түсінісіп (тілдерін тауып), (күнәларын) кешірсеңдер, сендерді де Алла кешіреді. Алла расында, аса кешірімшіл, өте мейірімді.

15. Малдарың мен балаларың өздеріңе бір сынақ. Үлкен сауап Алланың құзырында.

16. Шамаларың жетсе Алладан қорқыңдар, өздеріне айтылған кеңесті тыңдаңдар, (әміріне) бойсұныңдар. Алла жолында мал-мүліктерінді жұмсаңдар, бұл өздерің үшін қайырлы. Кімде-кім нәпсі сараңдығынан сақтанса, ол мақсатына жетуші болмақ.

17. Егер Аллаға жақсылап қарыз берсеңдер (садақа берсеңдер), Алла (оның сауабын) еселеп қайырады, сендерді жарылқайды. Алла берген (аз жақсылыққа көп сауап беруші), кең пейіл (жазалауға асықпайды).

18. Ол құпияны да, әшкерені де білуші. Ол аса үстем, хикмет иесі.

65. ТАЛАҚ СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 12 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ей, пайғамбар (үмметтеріңе мынаны ұғыңдыр)! Әйелдеріңді талақ етсеңдер, олармен ғиддат мерзімі (пәк кезінде) ажырасыңдар. (Нәсіл араласпау үшін) ғиддат уақытын есептеңдер. Раббыларың Алладан қорқыңдар. Оларды (ғиддат аяқталғанға дейін) үйлеріңнен шығарып жібермеңдер, олар да үйден шықпасын. Алайда, ашық зина істесе, оның жөні бір басқа. Бұл – Алланың белгілеген шегі. Кімде-кім Алланың сызығынан шығып кетсе, ол өзін-өзі жазықты еткен болады. Алла мұнан кейін, бәлкім сен білмейтін бір істі жарыққа шығарар.
2. Олардың ғиддаты толған кезде, олармен жақсылықпен табысыңдар немесе олармен жақсылап ажыратыңар. (Табысқан, ажырасқан кездеріңде) араларыңнан әділ екі кісіні куә етіңдер. Алланың разылығы үшін (дұрыс) куәлік беріңдер. Аллаға, ақырет күніне сенетіндер үшін осылай насихат айтылады. Кім Алладан қорықса, оған шығар жол береді.
3. Алла оған ойламаған жерден ризық береді. Кім Аллаға сүйенсе, Алла оған жеткілікті. Алла өз үкімін сөзсіз атқарады. Шынында, Алла әрнәрсе үшін бір өлшем (сан) белгіледі.
4. (Жасы ұлғайып) етеккірден қалған әйелдеріңнің ғиддатына күмәндансаңдар, олардың ғиддат мерзімі үш ай болады. (Балиғатқа толмағандықтан) етеккір көрмеген әйелдеріңнің ғиддат мерзімі де сонымен бірдей. Ал жүкті әйелдердікі босанғанға дейін. Кім Алладан қорықса, (Алла) оның ісін оңына бастайды.
5. Бұл – Алланың сендерге түсірген әмірі. Кім Алладан қорықса (Алла) оның күнәларын жояды, (елеулі) сыйлығын береді.
6. Оларға (ажырасып ғиддат күткен әйелдеріңе) шамаларың жеткенше өз үйлеріңнен орын беріңдер, оларды (шығып кетуге) күштеп, тарықтырмаңдар (отыратын үй, берілетін нәпақадан қыспаңдар). Егер олар жүкті болса, босанғанға дейін тұрмысын оңдаңдар. Олар сендерге тәуелді баланы емізсе, сүт ақысын беріңдер. Өзара қарым- қатынасты кеңесіп шешіңдер. Егер де келісе алмасаңдар, баланы басқа бір әйел емізсін.
7. Қалталы бай кісі (бала шаға, әйелдерін) байлығына қарай қамдасын. Ризығы тапшы кісі өзіне Алланың бергеніне қарай қамдасын. Алла пендесін бергенінен артыққа мәжбүрлемейді. Алла бір ауыртпалықтан кейін бір жеңілдік береді.

8. Талай қаланың тұрғындары Раббыларының және оның елшілерінің әмірінен бас тартты. Біз олардан қатаң есеп алдық және оларды қатты жазаладық.
9. Олар қылмыстарының сазайын тартты. Олар соңғы есепте зиян шегушілерден болды.
10. Алла оларға (ақыретте де) қатты азап дайындап қойды. Ей, иман келтірген ақыл иелері, Алладан қорқыңдар! Алла сендерге бір зікір (Құран) түсірді.
11. Иман келтіріп, жақсы іс істегендерді қараңғылықтан жарыққа шығару үшін, Алла сендерге өзінің айқын аяттарын оқып түсіндіретін бір пайғамбар жіберді. Кім Аллаға иман келтіріп, жақсы істер істесе, Алла оны іргесінен бұлақтар ағып жататын жұмаққа кіргізіп, онда мәңгі тұрғызады. Алла оған сөзсіз тамаша ризық береді.
12. Алла жеті аспанды жаратты, жерді сондай (жеті қабат етіп) жаратты. Бұлардың арасында Алланың әмірі жүріп тұрады. Бұл Алланың күллі іске құдіреті толық жететіндігін, барша болмысты өз біліміне түгел сидырып тұрғанын білулерің үшін.

66. ТАХРИМ СҮРЕСІ

Мәдинада түскен, 12 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ей, пайғамбар! Алланың саған адал еткен нәрсесін, қалайша жұбайларыңды риза еті үшін арам етесің? Алла – өте кешірімді, ерекше мейірімді.
2. Алла сендерге (белгілі мөлшерде кәффарат төлеп) анттарыңды ақтауды белгіледі. Сендердің иелерің – Алла. Ол – бәрін білуші, хикмет иесі.
3. Кезінде пайғамбар өзінің бір әйеліне (Хафсаға) құпиялап бір ауыз сөз айтқан еді, ол мұны басқаға (Айшаға) айтып қойды. Алла сырдың паш болғанын пайғамбарына білдірген кезде, пайғамбар оған (Хафсаға) әшкереленген сөздердің кейбіреуін аңғартты да, кейбіреуін айтпады (бетіне баспады). Пайғамбар оны жұбайына айтқан кезде, ол (Хафса) пайғамбардан: «Мұны сізге кім айтты?» - деп сұрап еді, пайғамбар: «Мұны маған бәрін білетін, бәрінен хабардар Алла айтты» - деді.
4. (Айша, Хафса) екеуің Аллаға тәубе етіңдер (жақсы-ақ болар еді), өйткені екеуіңнің көңілдерің (Расулуллаға ықылас етуден) ауытқып қалды. Егер екеуің пайғамбарға қарсы бірлесе қалсаңдар, онда оған (пайғамбарға) Алла жәрдемші болады. Жәбірейіл, игі мүминдер (олардан кейін) періштелер де болысады.

5. Егер ол сендерді қоя берсе, Раббысы орындарыңа сендерден де артық, мұсылман, ізетті, тәубешіл, құлшылық еткіш, ораза ұстайтын, тұл әйелдер және қыздардан оған жұбайлар арнауы мүмкін.
6. Ей, мүминдер! Өздеріңді және үйіштеріңді, отыны адам мен тастан болған, Алланың бұйрығына қарсы келмейтін, айтқанды істейтін қатігез періштелері бар тозақ отынан сақтаңдар!
7. (Тозаққа тасталған кәпірлерге:) «Ей, кәпірлер сендер бүгін кешірім сұрамаңдар. Істеген қылмыстарыңа қарай жазаланасыңдар».
8. Ей, мүминдер! Шын ниетпен Аллаға тәубе етіңдер! (Сонда ғана) Раббыларыңнан күнәларыңды жойып, іргесінен бұлақтар ағып жататын жаннатқа кіргізу үміт етіледі. Алла ол күні пайғамбарды және онымен бірге иман келтіргендерді қорламайды. Олардың алдында және оң жағында жүретін нұрлары болады. Олар: «О, Раббымыз! Нұрымызды толықтай түс! Бізге кеңшілік жаса! Сенің барлық нәрсеге құдіретің кәміл» - дейді.
9. Ей, Пайғамбар! Кәпірлермен және мүшріктермен күрес! Оларға қатал бол! Олардың орны тозақ. Ол неткен жаман орын десеңізші.
10. Алла кәпірлерге (мұсылмандармен болған туысқандығының пайда бермейтіндігі жөнінде) Нұһтың әйелі мен Лұттың әйелін мысал етті. Ол екеуі екі жақсы құлымыздың мекенінде еді, екеуі де (иман келтірмей) күйеулеріне опасыздық істеді. Ал күйеулері (Нұһ және Лұт пайғамбар) оларды Алланың жазасынан арашалай алмады. (Ол екеуіне:) «Тозаққа кіретіндермен бірге сендер де кіріңдер!»- делінді.
11. Алла иман келтіргендерге Перғауынның әйелін мысал етті. Кезінде ол: «О, Раббым, маған өз жаныңнан, жұмақтан бір үй тұрғыз! Мені Перғауыннан және оның жамандықтарынан құтқара гөр! Сондай-ақ осы залым қауымнан да құтқара гөр!» - деп жалбарынған еді.
12. Және Мариям Имран қызын мысал етті. Ол өз намысын сақтады. Біз оған өз рухымыздан үрледік, сонда ол Исаға жүкті болды. Ол Раббының сөздерін және кітаптарын растады. Ол (Аллаға) бойсұнушылардан болды.

67. МҮЛК СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 30 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Иелік өз қолында болған Ұлы Алла – құтты, берекелі. Оның барлық нәрсеге құдіреті кәміл жетеді.

2. Ол өлімді әрі тіршілікті жаратты, мұның өзі қайсыларыңның ізгі іс істейтіндіктеріңді сынау үшін болды (демек, тіршілікте, өлім де – сынақ). Алла жеңімпаз әрі кешірімді.
3. Ол Алла жеті аспанды қабат-қабат етіп жаратты. Қайырымды Алланың жаратқандарынан ешбір кемшілік таба алмайсың. (Аспан әлеміне) қайта-қайта жіті қара, қандай да бір ақау көзге шалынар ма екен?!
4. Содан соң және тағы да назар аударшы (сырына жете алмай) күдер үзе бұлдырап талған көзің өзіңе қайтады.
5. Біз ең бергі аспанды (жарқыраған жұлдыз) шырақтармен безедік әрі бұларды (періштелердің хабарын ұрлауға ұрынған) шайтандарды ату үшін жасадық және оларға (шайтандарға ақыретте) тозақ азабын дайындап қойдық.
6. Раббыларын жоққа шығарушыларға тозақ азабы дайын. Ол неткен жаман орын десеңізші?!
7. Олар ішіне тасталған сәтте астаң-кестең қайнап жатқан тозақтан өкірген-бақырғандай (азан-қазан) дауыс естиді.
8. Тозақ долданып жарыла жаздайды. Оған топ-топ адам тасталған сайын оны басқарған періштелер: «Сендерге ескертуші келмеген бе еді?» - деп сұрайды.
9. Олар: «Расында, бізге ескертуші келген, бірақ біз оны өтірікке шығардық та “Алла сендерге ешнәрсе түсірген жоқ, сендер өздерің мықтап адасқандарсыңдар” дедік» - дейді.
10. Олар: «Егер біз сөзге құлақ асқан және оны ақылға салған болсақ, тозақтықтар қатарында болмас едік» - деп армандайды.
11. Олар (осылай) күнәларын мойындайды. Тозақтықтар (Алланың рақымынан) аулақ болсын!
12. Көрмей тұрып (көмескіде) Раббыларынан қорыққандарға кешірім және зор сауап бар.
13. Сендер сөздеріңді жасырын не әшкере сөйлесеңдер де (бәрібір) Алла жүректегі сырларды біліп тұрады.
14. Жаратқан ие (көңілге бүккенді) білмей ме? Ол заттардың нәзік жақтарын да біледі және барлығынан да хабардар.
15. Алла сендерге жерді (не істесең де) көнбіс етіп берді. Оның бетінде жүріп, ризықтарыңды теріп жеңдер. Қайтар орындарың Алланың алды.
16. (Ей, кәпірлер!) Аспандағы (Алланың) жер сілкінген кезде (жасаған күнәларың үшін) сендерді жерге жұтқызады деп (қорқып) алаңдамайсыңдар ма?
17. Немесе аспандағы (Алла), сендерге тас жаудырар деп қауіптенбейсіңдер ме? (Сендер азапты көргенде ғана) менің ескертуімнің қандай екендігін білесіңдер.

18. Расында, олардан ілгергілер де (пайғамбарларын) өтірікшіге шығарған еді. Менің азаптауым қандай екен?
19. Олар қанаттарын бірде жазып, бірде қомдап үстерінде ұшып жүрген құстарды көрмей ме? Оларды (жерге түсірмей ауада) ұстап тұрған тек рақымды Алла ғана. Ол расында, барлық нәрсені толық көруші.
20. Сендерге Алладан өзге көмек беретін қосын бар ма? Кәпірлер (тек) алданып жүр.
21. Егер Алла ризығын тоқтатса, сендерге кім ризық береді? Шындығында олар барған сайын адасып, қасарысуда.
22. Басын тұқырта төмен қарап жүретін адам түзу жол таба ма әлде еңсесін тік ұстап дұрыс жүретін адам түзу жол таба ма?
23. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: «Сендерді жаратқан, сендерге құлақ, көз, тіл бітірген сол Алла. Сонда да шүкірлік етулерің тым аз» - деп айт.
24. «Сендерге жер бетінде үрім-бұтақ жайдырған сол Алла. Оның алдына жиналасындар» - деп айт.
25. Олар: «Айтқаның рас болса, осы уәде қашан іске асады?» - дейді.
26. (Ей, Мұхаммед!) Оларға: «Мұның (қияметтің қашан болары) мәліметі тек қана Аллада! Мен тек ашық ескертушімін» - де.
27. (Азаптың) таяп қалғанын көрген кезде олардың жүздері қарайып кетеді. Сендердің тілегендерің (қиямет азабы) келді» - делінеді оларға.
28. (Ей, Мұхаммед! Оларға:) «Айтыңдаршы, егер Алла мені және менімен бірге болған (мұсылмандарды) құртып жіберсе немесе (өмірімізді ұзартып) бізге рақым етсе, (сендерге не пайдасы бар?) Сонда кәпірлерді сұмдық азаптан кім құтқарады?» - де.
29. «Ол – аса қайырымды Алла. Біз оған иландық әрі оған сүйендік. Сендер кімдердің көпе-көрнеу азғындықта екенін әлі-ақ білесіңдер» - де.
30. Оларға: «Айтыңдаршы, егер суларың жұтылып,сіңіп кетсе сендерге кім ағын су келтіре алады?» - де.

68. ҚАЛАМ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 52 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Нұн. Қаламмен және олар жазған нәрселерімен серт.
2. (Ей, Мұхаммед!) Сен Алланың рақымымен жынды емессің.
3. Саған (барлық қиындыққа сабырлылық еткенің үшін) өлшеусіз сыйлық бар.

4. Сен ақиқатында ұлы ахлаққа иесің.
5. Алдағы уақытта сен де көресің, олар да көреді,
6. Сірә, қайсыларыңның жынданғандықтарыңды.
7. Шүбә жоқ, Раббың кімнің өзінің жолынан қиғаш кеткенін де, кімнің тура жолда екенін де жақсы біледі.
8. Өтірікшіге шығарушыларға тізгініңді берме.
9. Олардың күтетіні сенің жұмсаруың, сонда олар да жұмсарады.
10. Мынандайлардың ешбіріне сенбе: ант ішкіш, жетесіз;
11. Ғайбатшыл-өсекші;
12. Жақсылыққа кедергі болған сараң, шектен шыққан, күнәһар;
13. Дөрекі (тексізге), (Уалид ибн Муғираға).
14. Оның дәулеті, ұлдары болғандықтан;
15. Оған аяттарымыз оқылып берілсе, «Бұл бұрынғылардың ертегісі» - дейді.
16. Әлі-ақ оның мұрнына таңба басамыз.
17. Біз оларды (меккеліктерді) көпшілікке мәлім бақша иелерін сынағандай сынадық. Олар кезінде өнімдерін (кедей-кепшіктер сезіп қалмасын деп) таңсәріде жиып алуға сөз байласқан еді.
18. Бірақ «Алла бұйырса» - демегенді.
19. Олар ұйқыда жатқанда, (жаратқан иеңнен) бір апат келді де;
20. Бақша (бір түнде) қап-қара күлге айналды.
21-22. Олар: «Өнім жияр болсаңдар, баққа жүріңдер» - деп, таң ата бірін-бірі шақырысты.
23-24. Олар жолда кетіп бара жатып: «Бүгін бақшаларға бірде-бір кедей кірмесін» - деп күбірлесті.
25. Олар (кедейлерге бермеуге) шамамыз жетеді деп, іске ерте шыққан болатын.
26-27. Олар (күлге айналған) бақшаны көргенде ғана: «Біз (оңбай) қателескен екенбіз. Тіпті құралақан қалыппыз-ау!» - десті.
28. Олардың ішіндегі бір жібі түзуі: «Сендерге айтпап па едім, Раббыларыңа неге таспих-мақтау айтпайсыңдар деп?» - деді.
29. (Сонда ғана) олар: «Раббымыз! Сені «пәк» деп мақтаймыз. Расында (кембағалдардың ақысын бермейміз деп), зұлымдық істеген болған екенбіз» - десті.
30. Сонымен олар бірін-бірі жазғырды:
31. «Амал қанша, біз шынында, шектенен шыққан екенбіз» - десті.
32. «Раббымыз, бәлкім мұның орнына мұнан да жақсырағын берер. Шынымен-ақ Раббымызға үміт артамыз» - (десті).

33. Азап осындай. Олар білер болса, ақырет азабы мұнан да алапат.
34. Ақиқатында, тақуалар үшін Раббыларының құзырында ырыс жаннаттары бар.
35. Мұсылмандарды күнәкар қылмыстыларға теңгереміз бе?
36. Не болды сендерге? Қалайша мұндай үкім шығарасыңдар?
37. Әлде бір кітаптан мұны оқыдыңдар ма?
38. Онда өздеріңнің шын ұнатқандарың бар ма екен?
39. Немесе сендердің үкім еткен нәрселеріңнің болатындығы хақында қиямет күніне дейін жалғасатын сенімді бір сертіміз бар ма екен?
40. Олардан былай деп сұра: «Олардың қайсысы бұған кепіл бола алмақ?
41. Немесе (дауларына кепілдік ететін) олардын серіктері бар ма?
42. Ол күні (қияметте) сыр пердесі ашылады (іс қиынға соғады). Олар сәждеге шақырылады, бірақ олар сәжде ете алмайды.
43. Олар қорлыққа түсіп, (басты көтеріп) тік қарай алмайды. Олар (дүниеде) аман-сау кездерінде сәждеге шақырылған болатын. (Сонда да сәжде етпеді).
44. Бұл сөзді (Құранды) жалғанға шығарғандарды маған қоя бер. Мен оларға өздерін (білдірмей) бірте-бірте өлім құштырамыз.
45. Оларға (күнәлары көбеюіне) мұрсат та беремін. Шынында менің шараларым тыңғылықты.
46. Сен оларды (дін Исламға үндегеніңе) ақы сұрап, одан олар борышқа (белден) батқан шығар?!
47. Әлде олардың жанында ғайып (білімі) болып, соны жазып тұра ма?
48. Ендеше Раббыңның үкіміне сабыр ет. Балық иесіне (Юнуске) ұқсап қалма. Сол кезде ол (балықтың ішінде жатып) қайғырып жалбарынған болатын.
49. Егер оған Раббынан бір жақсылық келмеген болса, ол тап-тақыр далаға тасталып қорлық көрер еді.
50. Раббы оны (пайғамбарлыққа) таңдады, сондай-ақ игі жақсылардың қатарына қосты.
51. Құранды естіген кезде кәпірлер саған (жақтырмай) қарап, көздерімен ата жаздайды әрі сені «Анық есалаң» - дейді.
52. Әсілі, Құран барша әлем үшін (шынайы ғажап) уағыз-насихат қана.

69. ХАҚҚА СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 52 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Болары хақ (қиямет).
2. Болары хақ ол не?
3. Оның (қияметтің) не екендігін сен қайдан білесің?
4. Қиямет тауқыметін Сәмуд, Ғад қауымдары бекерге шығарды.
5. Сәмудтар сұрапыл дауыстан ойран болды.
6. Ал Ғадтар да ерен суық, долы дауылдан жоғалды.
7. Алла оларға бұл дауылды ұдайы жеті түн, сегіз күн соқтырды. Сонда ол елдің құрманың куыс діңіндей құрғағанын көрер едің.
8. Олардан қалған бірер ныспыны көрдің бе?
9. Перғауын және одан бұрынғылар, сондай-ақ кенттерінің астаң-кестеңі шыққандар (Лұт қауымы) да қателесіп күнәға батты.
10. Олар Раббыларының елшілерімен қарсыласты. Сондықтан (Алла) оларды қатты жазалады.
11. Расында, су қаптаған кезде сендерді кемеге шығардық.
12. Бұл сендердің ғибрат алуларың үшін әрі құйма құлақтар естіп қалуы үшін.
13. Бірінші рет сұр шалынған кезде,
14. Жер және таулар орындарынан көтеріле бір-біріне соғылып күйреген кезде,
15. Дәл сол күні ең ірі алапат (қиямет) болады.
16. Аспан жарылады. Сол күні аспан (тоз-тоз) болып әлсізденеді.
17. Періштелер көк жүзінде (Раббының әмірін күтеді). Ол күні Раббыңның аршысын сегіз періште көтеріп тұрады.
18. Сол күні (есеп беруге) дайын боласыңдар. Сендердің ешқандай сырларың жасырын қалмайды.

19-20. Сонда амал дәптері оңнан берілгендер (қуанып): «Менің мына амал дәптерімді алып оқып көріңдерші! Өзім де бір есеп беремін ғой деуші едім» - дейді.

21. Сонда ол көңілді жағдайда,
22. Жоғары жаннатта болады.
23. Жемістері қол жетер жерде уылжып тұрады.

24. Оларға: «Өткен күндерде істеген жақсылықтарыңның есесіне емін-еркін ішіп-жеңдер» - делінеді.
25. Ал амал дәптері солынан берілгендер айтады: «Әттеген-ай! Амал дәптерім келмей-ақ қойса еді!
26. Есебімнің не екенін білмесем екен!
27. Әттең, (қайта тірілмей-ақ) іс бітіп кеткен болсашы!
28. Мал-дүниемнің маған ешқандай да пайдасы тимеді-ау?!
29. Билік-күш те қолдан кетті-ау!» - деп.
30. (Алла тозаққа қарайтын періштелерге бұйырады:) «Оны ұстап, байлаңдар!
31. Тозаққа тастаңдар.
32. Одан соң ұзындығы жетпіс құлаш шынжырмен матап тастаңдар!».
33. Өйткені ол Ұлы Аллаға сенбеуші еді.
34. Міскін-кембағалдарды тамақтандыруға ынталы емес еді.
35. Сондықтан бүгін бұл жерде оған жанашыр (дос, қолдаушы) жан жоқ.
36. Оған іріңнен өзге тамақ жоқ.
37. Оны ең ауыр күнәһарлар (тура жолдан адасқан кәпірлер) ғана жейді.
38. Жоқ, сендердің көргендеріңмен ант етемін,
39. Көрмегендеріңмен де серт.
40. Даусыз бұл (Құран) ардақты пайғамбардың (Алладан келген) сөзі.
41. Бұл бір ақынның сөзі емес. Сендердің сенулерің аз.
42. Бұл бақсының да сөзі емес, ғибрат алуларың да аз.
43. Бұл - бүкіл әлемнің Раббысынан аян болған сөз.
44. Егер ол (елшіміз) біздің атымыздан өтірікті жеткізген болса,
45. Оны, әрине құдірет күшімізбен қолға алар едік те,
46. Күре тамырын қияр едік.
47. Сендердің ешқайсысың оны қорғай алмайсыңдар.
48. Бұл Құран шынында, тақуалар үшін уағыз-насихат.
49. Іштеріңде оны жоққа шығаратындар барын анық білеміз.
50. Бұл Құран шынында, кәпірлер үшін қасірет.
51. Бұл – шүбәсіз анық ақиқат.
52. Ендеше ұлы Раббыңның есімін (кәпірлердің жаласынан) пәктеп дәріпте!

70. МАҒАРИЖ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 44 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Бір талапкер (Назир ибн Харис) болашақ азапты тіледі.
2. (Бұл азап) кәпірлер үшін, оны ешкім тойтара алмайды.
3. Ол (азап) аспан баспалдақтарының иесі Алладан.
4. Оған періштелер және Жәбірейіл елу мың жылға тең келетін, сондай бір күн ішінде шығады (демек осындай қашықтан кәпірлерге көзді ашып жұмғанша келеді).
5. (Ей, Мұхаммед!) (Қауымыңның жасаған жәбіріне) көркем мінез (жайдарылықпен) сабыр ет!
6. Олар бұл азапты өте алыста деп біледі.
7. Ал біз жақын дейміз.
8. Ол күні аспан балқыған мыс реуіштенеді.
9. Таулар түтілген жүн іспеттенеді.
10. Достар бірін-бірі көре тұра (өз басымен қайғы болып) хал сұраспайды..

11-14. Күнәһарлар сол күннің азабынан өзінің балалары мен ел-жұртын, тіпті бүкіл жер бетіндегі адамдарды түгел бодауға беріп болса да өзін құтқарғысы келеді.

15. Әсте, олай болмайды. Ол – тозақ анық жалындаған от. (Қандай да бодау берсе де, ол тозақтан құтылу мүмкін емес).
16. Ол теріні күйдіріп түседі.

17-18. Ол (хақтан) бет бұрып, теріс кеткендерді, (кембағалдарға қайырымдылық жасамай) дүние-мүлік жиғандарды шақырады.

19. Шынында, адам баласы сабырсыз жаратылған.
20. Басына қиын күн туғанда налығыш келеді.
21. Өзіне бақ-дәулет бітсе, сараң бола қалады.
22. Бірақ намаз оқығандар бұдан басқаша:
23. Олар – намазын ұдайы өтейтіндер;

24-25. Тіленетін және тіленбейтін жоқ-жітікке дүниесінен белгілі үлес (зекет) беретіндер;

26. Қиямет күнін мойындайтындар;
27. Раббыларының азабынан қорқатындар;
28. Өйткені Раббының азабынан аман қалу мүмкін емес;

29. Ар-ұятын (зинадан) сақтағандар.
30. Бірақ өз әйелдеріне, күңдеріне (жанасса) айып саналмайды.
31. Ал бұлардан өзгені(нәпсілік құмарын қандыру үшін) іздеушілер шектен шыққандар болып есептеледі.
32. Сондай-ақ аманатқа, сертіне опа берушілер;
33. Әділ куәлік етушілер;
34. Намазын уақытында өтеушілер;
35. Бұлар жұмаққа барушылар.
36-37. (Ей, Мұхаммед!) Сен жаққа (асыға) жүгіріп келіп, оң жағың мен сол жағыңа топ-талып отыратын кәпірлерге не болды екен?
38. Олардың әрбіреуі мол ырысты жұмаққа кіруден дәмелі ме?
39. Мүлде олай емес! Расында, біз оларды өздері білетін нәрседен (бір тамшы шаһуаттан) жараттық.
40-41. Шығыстар мен батыстардың Раббысымен серт айтамын, (оларды ойрандап жіберіп), орнына бұлардан да жақсыларды қоюға күш-құдіретіміз кәміл жетеді. Біз оған әлсіз емеспіз.
42. Олар уәде етілген күнге дейін (бос, мәнсіз ой-қиялдарына беріліп) ойнап-күліп, мәз-мейрам бола берсін.
43. Сол күні олар мүрделерінен асығыс шығады да, тіктеп қойған мәреге (яғни, пұттарына) жүгіргендей жүгіреді.
44. Оларды қара басып, (бастары салбыраған күйі) төмен қарай береді. Оларға уәде етілген күн осы.

71. НҰХ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 28 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Біз Нұһты өз қауымына: «Ауыр азап келуден бұрын, қауымыңа ескерт» - деп жібердік.
2. Нұһ айтты: «Уа, қауымым, расында мен сендерге (Алладан) жіберілген жария ескертушімін.
3. Аллаға ғибадат етіңдер, одан қорқыңдар, маған бойсұныңдар!
4. (Сонда ғана) ол күнәларыңды кешіреді, сендерді белгілі мерзімге дейін кешіктіреді (өмірлеріңді ұзартады). Егер білсеңдер, Алланың өлшеулі мезгілі жеткен кезде әсте аялдай алмайсыңдар».

5. (Нұh айтты:) «Раббым, мен қауымымды күндіз-түні тыным таппай (иманға) шақырдым.
6. Бірақ мен (иманға) шақырған сайын олар қасарыса берді.
7. Оларды өзіңнің кешіріміне қол жеткізуге үндеген сайын, олар (естімеу үшін) саусақтарын құлақтарына тығып, бастарына киімдерін бүркеп алды.
8. Содан соң оларды жар салып та шақырдым.
9. Кейін оларға ашық та, құпиялап та ақыл айттым.
10. Және оларға: «Раббыларыңнан кешірім сұраңдар, өйткені ол аса есіркеуші» - дедім.
11. Ол сендерге аспаннан мол жаңбыр жаудырып береді,
12. Әрі сендерге байлық, бала беріп көмектеседі, тамаша бау- бақшалар мен (оған) өзендер ағызып береді.
13. Сендердің Алладан рақымын тілемейтіндерің қалай?
14. Шынымен-ақ. Ол сендерді бір қанша басқышқа бөліп жаратты.
15. Көрмедіңдер ме, Алла жеті аспанды бірінің үстіне бірін қабаттап жаратты.
16. Айды оның ішіндегі бір нұр, ал күнді шырақ етті.
17. Алла сендерді жерден өсіріп-өндіріп (арғы атаң Адамды топырақтан жаратқан).
18. (Өлген соң) сендерді және жерге қайтарады, содан соң қайта (тірілтіп) шығарады.
19. Алла сендерге жерді жайып (жайлы) төсеніш етті.
20. Ондағы кең жолдарда (емін-еркін) жүрулерің үшін».
21. Нұh былай деді: «Иә, Раббым! Олар маған расында, қарсылық көрсетті. Сондай-ақ олар малдары мен балалары өздеріне зияннан басқа жарытып ешнәрсе бермейтін біреулерге ілесті.
22. Олар (маған және маған ілескендерге) қулық-сұмдық істетті.
23. Олар (бір-біріне): «Тәңірлеріңді тәрк етпеңдер! Уад, Суаг, Иагус, Иагук, Насырды да, әсте, тәрк етпеңдер» - десті.
24. Олар расында көп адамды адастырды. (Иә, Алла!) Сен де залымдарды адасқан үстіне адастыра бер!».
25. (Ақыры) олар қылмыстары салдарынан (топан суға) қарқ болды. Тозақ отына салынды да, өздеріне Алладан ешбір жірдем ала алмады.
26. Нұh былай деді: «О, Раббым! Жер бетінде кәпірлерден бірде-біреуін қалдырма!
27. Егер оларды аман қалдырар болсаң, олар құлдарыңды аздырып адастырады, оның үстіне құлықсыз, дінсіз әулеттерді өрбітеді.

28. О, Раббым! Мені, ата-анамды, үйіме иманды болып кірген адамдарды және мүмін ерлер мен әйелдерді жарылқағайсың. Залымдарды үстіүстіне ойрандағайсың!».

72. ЖЫН СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 28 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. (Ей, Мұхаммед! Қауымыңа) айтып қой: «Маған мыналар уахи етілді: Қаншама жын Құранды тыңдады және олар (қауымына барып) былай деді: «Біз шынында, бір ғажайып Құран тыңдадық.
2. Ол тура жолға салады. Біз оған иландық. Раббымызға ешқандай серік қоспаймыз.
3. Шынында да, Раббымыздың мерейі өте үстем. Ол не әйел, не бала иемденбейді.
4. Біздің арамыздағы ақымақтар (шайтандар) Алла туралы қисынсыз нәрселерді айтыпты.
5. Біз расында, адамдар және жындар, Алла жөнінде өтірік айтпайды деп ойлаған едік.
6. Ішінара ер адамдар, жындардың кейбірене сиынатын болып алды да, сонымен олар жындарды астамсытып жіберді.
7. Олар (адамдардың кәпірлері) сендердің ойлағандарыңдай, Алла әсте өлген адамды тірілте алмайды деп ойлайды».
8. Біз (тың тыңдау үшін) аспанға шығайық десек, аспанның күшті сақшылармен және отты жұлдыздармен толып кеткенін байқадық.
9. Біз (ұрлана) тыңдау үшін аспанның отыруға болатын орындарына отыра қалушы едік. Енді (бізден) кім тың тыңдамақ болса, ол өзін күтіп тұрған отты жұлдыздарға тап болады.
10. Жержүзіндегілерге жамандық төнгелі тұр ма әлде Раббылары жақсылық ойлап отыр ма? Біз мұны айыра алмай отырмыз.
11. Ішімізде ізгі жақсылар да, парықсыздар да бар. (Сондықтан) Өз алдымызға (бөлек-бөлек)жол ұстанып кеттік.
12. Біздің жержүзінде Алланы, әсте әлсірете алмайтындығымызды әрі Одан қашып құтыла да алмайтындығымызға көзіміз жетті.
13. Біз ақиқатты (Құранды) естідік те оған иландық. Кім Раббына иман келтірсе, ол зиян шегуден, өзіне нақақтық істелуден қорықпайды.

14. Бізде мұсылмандар да, тура жолдан тайғандар да бар. Кімдер мұсылман болса, олардың дұрыс жолға бет алғаны.
15. Ал тура жолдан тайғандар, тозақта отын болады.
16. (Алла бұйырды): Егер олар (жындар мен адамдар) дұрыс жол ұстанған болса, оларға мол су нәсіп етеміз.
17. Сол арқылы оларды сынаймыз. Кім Раббын еске алудан жалтарса, (Алла) оны аса ауыр азапты жазаға ұшыратады.
18. Мешіттер шынында, Аллаға тән. Алладан басқа ешкімге де ғибадат етпеңдер!
19. Алланың құлы (Мұхаммед) Аллаға ғибадат етуге тұрған кезде, (жындар Құран тыңдау үшін) үймелеп оны басып кете жаздады.
20. (Ей, Мұхаммед!) Былай деп айт: «Мен Раббыма ғана сиынамын, Оған ешқандай серік қоспаймын.
21. Менің сендерге залал да, пайда да жеткізуге қуатым жетпейді.
22. Расында (Аллаға қарсы келсем,) мені Алланың азабынан ешкім арашалай алмайды әрі мен де одан өзге пана таба алмаймын.
23. Мен тек Алладан аян болғандарды және оның елшілігін жеткіземін. Кім Аллаға және оның Расулына қарсы келсе, ол сөзсіз тозаққа түсіп, онда мәңгі қалады.
24. Өздеріне уәде етілген (алдын-ала сақтандырылған) азапты көрген кезде ғана, олар кімнің көмекшісі әлсіз, саны аз екендігін біледі.
25. (Ей, Мұхаммед!) Оларға айт: «Сендерге ескертілген азап жақын ба немесе Раббым оған ұзақ уақыт белгіледі ме, мен білмеймін?».
26. Алла ғайыпты біледі, бірақ сол ғайып сырларын ешкімге ашпайды.
27. Тек өзі ұнатқан елшілеріне ғана білдіреді. Өйткені, ол елшілерінің алды-артына (періштелерден) күзетшілер қояды.
28. Мұнын өзі олардың Раббыларының елшілігін (әмірлерін) шын жеткізгендігін білулері үшін. Алла (олардың) іс-әрекеттерін толық біліп тұрады және барлық нәрсенің санын түгендеп тұрады.

73. МҮЗЗӘММИЛ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 20 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ей, киімін бүркенуші (Пайғамбар!).
2-4. Түннің азырағында немесе түннің ортасында, не одан да азырағында,

не жарымынан асыңқырағанда тұрып намаз оқы. Құранды байсалды, ашық (ретімен жүйелеп) оқы!

5. Саған, әрине салтанатты сөзді (Құранды) түсіреміз.
6. Шындығында, түнде тұру (ұйқыны бөліп қиямда тұру) өте ауыр, түннің қырағаты дұрыс .
7. Рас, сен күндіз жұмыс басты болып кетесің.
8. Раббыңның атын жадыңда сақта (дәріпте). Қалтқысыз ыждағатпен оған беріл.
9. Ол шығыстың да, батыстың да Раббы. Одан басқа ешбір құдай жоқ. Сондықтан оны өзіңе ие (деп біл).
10. Олардың (Мекке кәпірлерінің сені сиқыршы, ақын, жынды деген) сөздеріне сабыр ет. Олардан сыпайылықпен ара жігіңді аш.
11. (Аяттарымызды) жалғанға шығарушы дәулеттілерді маған қоя бер. Оларға мұрсат бер.
12. Біздің құзырымызда(олар үшін) бұғаулар және (күйдіруші) тозақ бар.
13. Кеңірдектен өтпейтін тамақ және жанға бататын азап бар.
14. Ол күні жер және таулар сілкінеді. Таулар үйінді құм болып қалады.
15. Біз (Ей, Мекке мүшриктері!) Перғауынға пайғамбар жібергеніміздей (сендерге де) пайғамбар Мұхаммедті (с.ғ.с) жібердік.
16. Перғауын пайғамбарға қарсы шықты. Сондықтан біз д оны (барынша) жазаладық.
17. (Ей, құрайыштықтар!) Егер қарсыласа берсеңдер, жас балалардың шашын ағартатын күннен қалай сақтанасыңдар?
18. Ол күннің (зілзәләсынан) аспан жарылады. Алланың айтқан уәдесі де (жақсылыққа жақсылық, жамандыққа жаза) орындалады.
19. Расында, бұл (айтар) - насихат. Мұны қалаған адам Раббына барар жолға түседі.
20. (Ей, Мұхаммед!) Раббың сенің, сенімен бірге болғандардың (сахабалардың) бір тобының түннің үштен екісіне таяғанда, түннің жарымында, үштен бірінде (намазға) тұратындықтарыңды біледі. Алла түнмен күндіздің ұзақтығын белгілейді. Сендердің есептей алмайтындықтарың да оған аян. Сондықтан сендерге рақым етті. Енді (нәпіл намазда) Құранның өздеріңе жеңіл келетіндерін оқыңдар. (Бұрын түнде оқылатын таһажжуд намазы бар еді. Алла тағала оның күші жойып, нәпілге өзгертті). Сендерде сырқаттылардың, Алланың ырысынан несібе іздеп жер бетін кезетіндердің, Алла жолында соғысқа қатысатындардың бар екені Аллаға аян, сондықтан Құраннан жеңіл келгенін оқыңдар, зекет беріңдер. Өздерің үшін істеген қайыр-ихсандарың үшін Алланың құзырынан одан да қайырлы, одан да зор

сыйлық табасыңдар. Алладан кешірім сұраңдар! Алла тым кешірімді, ерекше мейірімді.

74. МҮДДАССИР СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 56 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ей, бүркеніп жамылушы (пайғамбар)!
2. Тұр! (Алланың азабынан адамдарды) сақтандыр!
3. Раббыңды ұлықта!
4. Киіміңді таза ұста.
5. Лас нәрселерден (пұттардан) аулақ бол.
6. (Бергеніңді) көп санаған халде қайырымдылық берме.
7. Раббың үшін сабырлы бол!
8. Сүр үрленген кезде,
9. Ол күн ауыр күн.
10. Кәпірлерге қолайлы емес.
11. Мен жалғыз жаратқан адамды (Уалид ибн Муғираны) өзіме қоя бер.
12. Оған көп байлық бердім,
13. Көз алдында тұратын ұлдар бердім.
14. Абыройын көтердім.
15. Ол тағы да көбірек бере түсуімді дәметті.
16. Жоқ, олай болмайды! Өйткені ол шынында да, аяттарымызға қарсы шықты.
17. (Алда) оған (мықтап) сазайын тартқызамын.
18. Расында, ол (Құран туралы) ойланды, (не айтатындығын) жоспарлады.
19. Ол құрып қалғыр, қалай жоспарлады?
20. Тағы сол құрып қалғыр, жоспарын қалай құрды?
21. Одан соң ол қарады.
22. Артынан қабағын түйді, шытынды.
23. Одан соң теріс айланып тәкаппарсыды.

24-25. Сонда ол: «Мынау бір үйреткен сиқыр, адамның сөзі» - деді.

26. Мен оны сөзсіз тозаққа саламын.
27. Тозақ дегеннің не екенін білесің бе?
28. Ол еш кәпірді де (сау) қалдырмайды (күйдіріп өлтіреді).
29. Ол (бес жүз жылдық қашықтан) ап-анық көзге түседі.
30. Оған қарайтын он тоғыз періште бар.
31. Біз тозақтың күзетшілерін періштелерден қойдық. Олардың санымен кәпірлерді сынадық. Осы арқылы (өздерінің кітабынан да, осы 19 санын көріп, Құранның хақтығына) Кітап иелері анық сенсін, иман келтіргендердің иман-

сенімі арта түссін. Кітап иелері мен мүминдер күмәнданбасын. Жүрегінде дерті барлар (мұнафықтар) мен кәпірлер: «Бұл мысалды келтіруде Алла нені көздейді?» - деп айта берсін. Алла осылайша қалаған адамын адастырады, қалаған адамын оң жолға салады. Раббың қосындарын (періштелердің санын, күшінің басымдығын, жаратылысының үлкендігін) өзі ғана біледі. Бұл (тозақ) адамдар үшін бір насихат.

32. Жоқ, олай емес. Аймен серт.
33. Өткен түнмен серт,
34. Ағарып атқан таңмен серт.
35. Ол – (тозақ) расында, алапатты пәлелердің бірі.
36. Адамзат үшін ескерту.
37. Сендерден (жұмаққа кіру үшін) ілгері (озып) кетуді қалайтындарға да, (тозаққа қарай) шегінуді қалайтындарға да бір ескерту.
38. Әркім өз іс-қылығының салдарынан (тозаққа) түседі.
39. Бірақ амал дәптері оң жағынан берілгендер бұған жатпайды.
40-42. Олар жұмаққа орнығып алып, күнәһарлардан: «Сендер не себепті тозаққа кіргізілдіңдер?» - деп сұрайды.
43. Олар (күнәһарлар) айтады: «Біз намаз оқымайтын едік;
44. Жоқ-жітікті тамақтандырмаушы едік;
45. Өсекшілермен бірге өсек айтқан едік;
46. Қиямет күнін жалғанға шығарушы едік».
47. Өзімізге өлім келгенге дейін (солай істедік)».
48. Оларға шапағатшылардың шапағаты пайда бермейді.
49. Олар неліктен уағыздан (Құраннан) жалтарады?
50-51. Олар (Мұхаммедті с.ғ.с. көргенде) арыстаннан қорыққан жабайы есектей тұра қашады.
52. Жоқ, олардың әрбіреуі кісі басына бір сахифа (Кітап) берілсе екен дейді.
53. Жоқ, олай емес, олар ақыреттен қорықпайды.
54. Олай емес, шынында, Құран – уағыз-насихат. Қалаған кісі түсініп үгіт алады.
55. Мұнан тек Алла қалаған адам ғана үгіт ала алады.
56. Ол Алла қорқуға да, кешірім сұрауға да лайық.

75. ҚИЯМЕТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 40 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Қиямет күнімен серт.
2. Өзін масқаралаушы нәпсімен серт.
3. Адамзат бізді, өздерінің сүйектерін жинай алмайды деп ойлай ма?
4. Олай емес, оның (ең нәзік) құраған саусақ (сүйегінің) ұштарын да қалпына келтіре аламыз.

5. Сөйтсе де адам баласы күнәға батып ұзақ жүре бергісі келеді.
6. (Сайқымазақ етіп) «Қиямет күні қашан болады?» - деп сұрайды.
7. Көз шағылысқан;
8. Ай қарауытқан;
9. Ай мен Күн бір араға тоғысқан кезде.
10. Сол кезде адамдар: «Қашатын жер қайда?» - деседі.
11. Жоқ, ол күні пана болатын орын мүлде жоқ.
12. Ол күні табан тірер Раббыңның құзыры ғана.
13. Ол күні адам баласына ілгері-кейінді істеген (барлық) істері түгел ұқтырылады.
14. Ал адамдар өзіне өзі айғақ болады.
15. Қанша көп сылтау айтқанмен де (қабылданбайды).
16. (Ей, Мұхаммед!) Саған Жәбірейіл арқылы уахи түскен кезде, оны (есте сақтау үшін) қайталап айтамын деп тіліңді қозғап әрекеттен бе!
17. Оны құрастыру, оқып-ұқтыру, шын мәнінде, біздің міндетіміз.
18. Біз оны (Жәбірейіл арқылы) оқып берген кезде, сен оның оқығанына ілесіп отыр (құлақ түр).
19. Одан соң түсіндіру тағы да біздің ісіміз.
20. Жоқ, сендер өткінші дүниені ұнатасыңдар.
21. Ақыретті (жыйыстырып) қоясыңдар.
22. Ол күні талай жүздер нұрланады да.
23. Раббына қарап тұрады.
24. Ол күні талай жүздер тұнжырайды.
25. Олар өздерінің қинау көретініне көз жеткізеді.
26-27. Ақиқатында, олар жан алқымға жеткенде, әлдекім: «Мұның дауасын кім табар?» - дер.
28. Ол мұның (пәни дүниемен) қоштасу екенін жете түсінеді.
29. (Жан берудің қиындығынан) аяқтары бір-бірімен шалынысады.
30. Ол күні Раббының алдына айдап апарылады.
31. (Құранға) сенбеді. Намаз оқымады.
32. Тіпті (бәрін де) өтірікке шығарды, (иманнан) бет бұрды.
33. Содан соң (ұялып, қымсыну орнына) керденді басып үйіне қайтты.
34. Басыңа пәлекет төнсін!
35. Тағы да басыңа пәлекет төнсін!
36. Адам баласы өзін емін-еркін жіберілеміз деп ойлай ма?
37. Ол (жатырға) тамған бір тамшы шаһуат емес пе еді?

38. Одан ұйыған қанға айналды ғой. Одан Алла (адам етіп) жаратты да, оған бейне бітірді.
39. Одан (ер-әйел) жыныс жаратты.
40. Ендеше (осының бәрін жаратқан Алланың), өліктерді қайта тірілтуге шамасы келмей ме?

76. ИНСАН СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 31аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Адамзат шынында (бұрын) ауызға алынбаған бір дәуірді өз басынан кешті ме екен? (Атаның белі, ананың құрсағындағы шақта?)
2. Анығында біз адам баласын аралас тамшыдан (ер мен әйелдің араласқан шаһуатынан) жараттық және оны сынаймыз. Сондықтан оны еститін, көретін еттік.
3. Расында біз оған не шүкірлік, не күпірлік ететін тура жол көрсеттік.
4. Анығында кәпірлер үшін шынжырларды, бұғауларды және тозақты дайындап қойды.
5. Жақсылар, сөз жоқ, кафур араластырылған (сусын толы) кеселермен сусын ішеді.
6. Ол (Кафур) Алланың құлдары ішетін әрі қалаған жағына ағызатын бір бастау.
7. Олар берген антын орындайды, апаты алапат күннен қорқады.
8. Алланы сүйгендіктен, жоқ-жітіктерді, жетімдерді, тұтқындарды тамақтандырады.
9. Олар айтады: «Біз сендерді шындығында Алланың разылығы үшін тамақтандырамыз. Сендерден (бұған) бір сыйсыяпат, алғыс талап етпейміз.
10. Біз сұсты, аса ауыр күннен оны келтірген Раббымыздан қорқамыз».
11. Алла оларды сол ауыр күннің апатынан сақтайды. Оларға қуаныш, шаттық сыйлайды.
12. Оларды (барлық қиындық-сынақтарға) сабыр сақтағаны үшін жаннатпен және жібек киіммен сыйлайды.
13. Олар ол арада тақтарға сүйене шалқалап отырысады. Онда ыстықты да, суықты да сезбейді.
14. Оларды жұмақтың саялы көлеңкелері аясына алып, алуан жемістері үзуге жақын тұрады.

15-16. Оларға (жеуге салынған) күміс тәрелкелер, (сусын құйылған) шыны ыдыстар, мөлдіреген күміс тостағандар ұсынылып тұрады. Оған лайықты өлшеммен құйылады.

17. Оларға Зәнжәбіл араластырылған сусын (ыдыстармен) ішкізіледі.

18. Жұмақта Сәлсәбил деп аталатын бір бұлақ та бар.

19. Қартаймайтын бір қалыптағы, өрімдей жастар оларға үйіріліп қызмет етіп тұрады. Оларды көрсең, бейне шашылған інжу-маржан деп қаласың.

20. Қарайтын болсаң, мол ырысты, ұлы патшалықты содан көресің.

21. Олар үлде мен бүлдеге оранып, күміс білезіктер тағынады. Раббылары оларды пәк сусындармен сусындатады.

22. «Шынында, бұл сендердің сыйлықтарың, сендердің еңбектерің қабыл болды».

23. Біз саған Құранды бөліп-бөліп түсірдік.

24. Сондықтан Раббыңның үкіміне сабырлы бол! Олардан шыққан күнәһарлар мен күпірлік етушілердің ешқайсына бойсұнба!

25. Раббыңның есімін ертелі- кеш ауызға алып дәріпте.

26. «Түннің біраз бөлігінде Аллаға сәжде ет. Түннің көп бөлігінде оған тасбих айт.

27. Олар (мүшриктер) шындығында, өткінші дүниеге әуестенеді де, алдағы ауыр күнді (қияметті) қаперіне де алмайды.

28. Біз оларды жаратып, болмысбітімін шыңдадық. Егер қаласақ (оларды тып-типыл етіп) орнына өздеріне ұқсас біреулерді қоямыз.

29. Расында, бұл бір насихат. Кім қаласа, Раббына барар жолын таңдасын.

30. Алланың еркінсіз, сендер бір нәрсені таңдай алмайсыңдар. Расында, Алла – бәрін білуші, хикмет иесі.

31. Алла қалаған адамын рақымына бөлейді. Ал залымдарға азапты жаза дайындайды.

77. МҮРСАЛАТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 50 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Үзбей ескен самалмен серт;

2. Гулеп-соғып ұшырушы борандармен;

3. (Бұлттарды қалаған жағына) таратушы желдермен (серт);

4. Дұрыс пен бұрыстың арасын айырушы періштелермен;
5-6. Жала айтуға орын қалдырмау, алдын ала абайландыру үшін (пайғамбарларға) уахи ала келген періштелермен серт:
7. (Ей, Мекке кәпірлері!) Сендерге берілген уәде (қиямет, есеп, жаза) сөзсіз орындалады.
8. Жұлдыздардың нұры сөнген шақта;
9. Аспан жарылған шақта;
10. Таулар тоз-тоз болып ұшқан шақта;
11. Пайғамбарлар қарарлы мезгілде жиналған шақта (орындалады).
12. (Бұл уәделер) қай күнге кешіктірілді?
13. Үкім күніне.
14. Үкім күні не? Оны қайтіп білесің?
16. (Қарсылық көрсеткен) бұрынғыларды ойрандамадық па?
17. Олардың ізімен жүрген соңғыларды да солардың аяғын құштырамыз.
18. Күнәлілерге де солай істейміз.
19. (Ақиқатты) жалғанға шығарушыларға өкінішті-ақ!
20. Біз сендерді болар-болмас шаһуат тамшысынан жаратпадық па?
21. Оны берік бір жерге (жатырға) қойдық.
22. Белгілі бір уақытқа дейін.
23. Оның тағдырын белгіледік. Біз неткен құдіретті үкім шығарушымыз!
24. Ол күні (ақиқатты) жоққа шығарушыларға өкінішті-ақ!
25. Жердің қойынын кең етпедік пе?
26. Тірілерге де, өлілерге де.
27. Біз жер бетінде асқар тауларды орналастырдық. Сендерге жағымды суларды ішкіздік.
28. Ол күні (ақиқатты) жоққа шығарушыларға өкінішті-ақ!
29. «Барыңдар өздерің, жоққа шығарған азапқа.
30. Үш бөлек (сасық, түтіні қою) көлеңкеге!» - (делінеді оларға).
31. Онда көлеңке болмайды. Оттың жалынына да қалқан бола алмайды.
32. Ол жалын үйдей-үйдей ұшқын атып жатады.
33. (Ол ұшқындар) бейне бір қара қошқыл түйелердей.
34. Ол күні (ақиқатты) жоққа шығарушыларға өкінішті-ақ!
35. Ол күні олар тіл қата алмайды.
36. Олардың жала айтуына рұқсат етілмейді.
37. Ол күні (ақиқатты) жоққа шығарушыларға өкінішті-ақ!

38. Міне, бұл сендерді және сендерден бұрынғыларды бір араға топтайтын үкім күні.
39. Амалдарың болса істеп қалыңдар.
40. Ол күні (ақиқатты) жоққа шығарушыларға өкінішті-ақ!
41. Тақуалар (ол күні) саяларда, бұлақ бойларында тұрады.
42. Сүйіп жейтін жемістерге тойып жүреді.
43. (Оларға:) «Істеген жақсылықтарыңа қарай емін-еркін, алаңсыз ішіп-жеңдер» - (делінеді).
44. Біз жақсы іс істеушілерді осылай сыйлаймыз.
45. Ол күні (ақиқатты) жоққа шығарушыларға өкінішті-ақ!
46. (Кәпірлерге:) «Қазірше ішіп-жеп, пайдалана беріңдер. Сендер анық күнәһарларсыңдар» - (делінеді).
47. Ол күні (ақиқатты) жоққа шығарушыларға өкінішті-ақ!
48. Оларға «рукуғқа барыңдар» - делінсе, рукуғқа бармайды.
49. Ол күні (ақиқатты) жоққа шығарушыларға өкінішті-ақ!
50. Олар енді осы Құраннан өзге қандай сөзге сенбек?!

78. НӘБӘ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 40 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Олар (мүшриктер өзара) нені сұрасады?
2-3. Олар өздері дауласып жүрген үлкен (қайта тірілетін күн туралы) хабарды (қияметті) сұрасады.
4. Ондай емес (олар ойлағандай емес). Олар әлі-ақ білетін болады.
5. Әсте, ондай емес. Олар әлі-ақ білетін болады.
6-7. Жерді бесік, тауларды қазық етпедік пе?
8. Сендерді (ер-әйел) жұп етіп жараттық.
9. Ұйқыларыңды демалыс еттік.
10. Түнді жамылғы еттік.
11. Күндізді тіршілікке арнадық.
12. Үстеріңе жеті қабат аспанды жасадық.
13. Жап-жарық бір шырақ (Күнді) жараттық.
14-15-16. Дәнді-дақылдарды, өсімдіктерді, ну орманды бау-бақшаларды өсіру үшін қою бұлттардан нөсер жаудырдық.

17. (Ақ пен қара айырылатын) үкім күні расында қарарлы мезгіл.
18. Ол күні Сүр үрленеді. Сендер топ-топ болып келесіңдер.
19. Аспан сетінеп (шытынап), көп есіктер ашылады.
20. Таулар ығыстырылып, сағымға айналады.
21. Тозақ күтіп тұрады.
22. Ол азғындардың барар тұрағы.
23. Олар онда сансыз ғасырлар бойы тұрады.
24. Олардың онда не бір салқынға, не бір сусынға қолдары жетпейді.
25. Қайнап тұрған су мен ірің ғана ішеді.
26. Бұл оларға өте лайық жаза.
27. Өйткені олар есеп алынатындығын да назарына алмаған-ды.
28. Олар біздің аяттарымызды мойындамаған еді.
29. Біз барлық нәрсені хаттап жазып қоямыз.
30. (Оларға айтамыз:) «Енді татып көріңдер. Сендердің тартатын азаптарыңды арттыра береміз».
31. Тақуалар үшін қол жеткізерлік табыс бар.
32. Бау-бақшалар, жүзімдіктер.
33. Бір-бірінен өткен көрікті қыздар.
34. Тәтті сусын толы кеселер тұрады.
35. Олар онда мәнсіз, бос сөз бен ғайбат естімейді.
36. Бұлар – Раббыңның молынан арнаған сыйлығы.
37. (Ол) көк пен жердің және ол екеуінің арасындағылардың Раббы, Оған ешкім тіл қата алмайды.
38. Ол күні періштелер мен Жәбірейіл сапқа тұрады. Ешкім бір ауыз тіл қата алмайды. Тек рақымды Алла рұқсат еткендер ғана әділін, дұрысын сөйлей алады.
39. Сол күннің болатыны хақ. Кім қаласа, сол Раббына барар тура жолға түссін.
40. Біз сендерді таяп тұрған азаптан сақтандырдық. Ол күні әр адам өзінің бұрынғы істеген істерінің нәтижесін көреді. Кәпірлер: «Әттең, бүйткенше топырақ болып-ақ қалсақшы!» - деп армандайды.

79. НӘЗИҒАТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 46 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. (Кәпірлердің жанын) жұлқа тартып суырушымен (қатты қол періштелермен);
2. (Имандылардың жанын білдірмей, жеңіл алушымен (періштелермен);
3. (Алланың әмірін жеткізуге аспан әлемінде) самғаушымен (періштелермен);
4. (Мұсылмандардың жанын алып жаннатқа) жарыса зымырайтын (періштелермен);
5. (Болашақ) істі басқарушы періштелермен серт.
6. (Ол күні) жер орасан қатты сілкінеді.
7. Оның артынан тағы бір сілкініс болады.
8. Ол күні жүректер қобалжиды.
9. Көздер мөлиеді.
10. Олар айтады: «Расында әуелгі қалпымызға қайтамыз ба (тірілеміз бе)?
11. Біз шіріген сүйек болып қалған едік қой» деп.
12. Олар: «Бұл жолғы қайта тірілу күйзелісті қайта тірілу ғой» - деседі.
13. Сол, бір рет (Сүр үрленісімен-ақ).
14. Сол кезде олар жер бетіне (қайта тіріліп) шыға қалады.
15. (Ей, Мұхаммед!) Саған Мұсаның хабары келді ме?
16. Сол кезде Раббы оған қасиетті Туа ойпатында дауыстап былай деді:
17. «Перғауынға бар, өйткені ол хақ жолдан аттады.
18. Оған айт: «Ағарып пәк болғың келе ме?
19. Сені Раббыңды тануға меңзесем, Одан қорқасың ба?»- деп».
20. Мұса Перғауынға ірі мұғжиза көрсетті.
21. Перғауын мойындамай оған қарсылық істеді.
22. Ол қиянқылыққа басып, (қулық-сұмдық істетуге) әрекеттенді.
23. Қарашаларын жиып жар салды:
24. «Сендердің, ең ұлы құдайларың мына менмін!» - деп.
25. Сондықтан Алла оны дүние, ақырет азабымен жазалады.
26. Мұнда (Алладан) қорыққандар үшін бір ғибрат бар.

27. Сендерді жарату қиын ба, әлде аспанды жарату қиын ба? Алла аспанды жаратты.
28. Оны биік көтерді, мүлтіксіз кемелдендерді.
29. Түнін қараңғы, күндізін жарық етті.
30. Одан соң жерді көселіте жайды.
31. Оның төсінен бұлақтар ағызып, өсімдіктерді өндірді.
32. Оған тауларды мызғымастай етіп орнатты.
33. (Осының) барлығы сендердің қамдарың және малдарыңның қамы үшін.
34. Алапатты тауқымет (қиямет) келген кезде,
35. Адам өзінің істеген істерін еске түсіреді.
36. Көрушілерге тозақ ашық көрінеді.
37. Кім шектен шықса,
38. Дүние тіршілігін (ақыреттен) артық көрсе,
39. Оның барар орны тозақ болады.
40. Кімде-кім Алланың алдында (сұраққа тартылып) тұрудан қорықса, нәпсіні қалауынан тыйса;
41. Оның барар орны жұмақ болады.
42. Олар сенен қияметтің қашан болатындығын сұрайды.
43. Сен ол жөнінде қайтып түсінік бере аласың?
44. Ол жөніндегі тиянақты білім Раббыңа ғана тән.
45. Сен қияметтен қорқатын кісілерге ғана ескертушісің.
46. Олар қияметті көрген күні (өздерін) дүниеде бір кеш немесе бір сәске ғана тұрғандай сезінеді.

80. ҒАБАСА СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 42 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1-2. Жанына соқыр (Абдуллаһ бин Умму Мактум) келіп еді, қабағын шытып теріс айланды.
3. Сен қайдан білесің, бәлкім (сенен алған тәліммен) ол тазарып пәк адам болып шығар.
4. Немесе насихатты естір, оған тәрбие қонар.
5. Ал енді өзін “мұқтаж емеспін” дегенге келсек;
6. Оларға икемделесің (уағыз-насихат айтып көңіл бөлесің).

7. Ол тазарып ағармаса, саған (одан) не түспек?
8-10. Ал Алладан қорқып, саған жүгіре басып (тәлім алуға) келген адамға (көңіл бөлмейсің).
11. Жоқ, олай етпе! Бұл (аяттар) расында, бір насихат.
12. Қалаған адам одан үгіт алады.
13-14. Ол (құран аяттары) қымбатты, дәрежесі жоғары бағаланған періштелердің (қолымен) жазулы.
15-16. (Ол) ардақты да игі жазғыштардың қолында.
17. Құрысын (кәпір) адам! Қалай бұзық істейді ол?
18. Алла оны неден жаратты?
19. Бір тамшы шаһуаттан. Оны (адам болғанға дейін) бір қанша басқыштарға бөліп, бірте-бірте жаратты.
20. Содан соң оның жүретін жолын оңайластырды.
21. Одан соң оны өлтіріп, мүрдеге қойдырды.
22. Кейін (Алла) қалаған кезде тірілтеді.
23. Жоқ, ол Алланың бұйырғандарын орындамады.
24. Енді адамзат өзінің қорегіне бір назар салсын!
25. Біз көлгөсір қылып мол су (жаңбыр) жаудырдық.
26. Содан соң қара жерді қақыраттық.
27. Сол жерде дәнді дақылдарды өсірдік;
28. Жүзімдерді, көкөністерді;
29. Зәйтүндерді, құрмаларды;
30. Ну бақшаларды;
31. Түрлі жемістерді, шөптерді.
32. Осының барлығы сендердің қамдарың және малдарыңның қамы үшін.
33. Құлақ тұндырарлық сұрапыл дауыс жеткен кезде.
34. Сол күні адам өзінің аға-бауырынан;
35. Әке-шешесінен;
36. Әйелінен, балаларынан безеді.
37. Ол күні әр адам өз басымен қайғы.
38. Ол күні кей жүздерден нұр тамып;
39. Күлкі, шаттық лебі еседі.
40. Ол күні кейбір жүздерді тозаң басады.
41. Қара түнек торлайды.
42. Солар – кәпірлер және бұзықтар.

81. ТӘКУИР СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 29 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Күннің нұры сөнген кезде;
2. Жұлдыздар саудырап төгілген кезде;
3. Таулар құлаған кезде;
4. Буаз інгендер иесіз қалдырылған кезде;
5. Жабайы аңдар иірілген кезде;
6. Теңіздер қайнатылған кезде;
7. Жан мен тән қосылған кезде;
8. Тірі көмілген қыздар сұралған кезде;
9. «Қандай күнәмен өлтірілдің?» - деп;
10. Амал дәптерлері ашылған кезде;
11. Аспан ашып тасталған кезде;
12. Тозақ қыздырылған кезде;
13. Жұмақ (имандыларға) жақындатылған кезде;
14. Әркім өзінің істеген (жақсы-жаман) істерін біледі.
15. Күндіз жасырынып, түнде көрінетін жұлдыздармен ант етем;
16. (Күнмен маңайлас болғандықтан) түнде де көрінбей жасырынатын жұлдыздармен;
17. Қараңғылана бастаған түнмен;
18. Қылаң бере бастаған таңмен (серт етем).
19. Бұл (Құран) шынында, ардақты бір елші Жәбірейіл арқылы аян етілген (Алланың) сөзі.
20. Қуат иесі, Арыш иесі (Алланың) алдында мәртебелі.
21. Періштелер оған бойсұнады, әрі ол онда сенімді.
22. Сендердің жолдастарың (Мұхаммед) жынды емес.
23. Ол оны (Жәбірейілді) айқын шығыс көкжиектен көрді.
24. Ол ғайып істерді жеткізуде сараңдық істемеді.
25. Ол (Құран), лағынетті шайтанның сөзі емес.
26. Ендеше сендер қайда кетіп барсыңдар?
27. Ол (Құран) – бүкіл әлемге насихат.
28. Сендердің іштеріңде түзу болуды қалағандарға (насихат).
29. Күллі әлемнің Раббы Алла қаламайынша, сендер бір нәрсені қалай алмайсыңдар.

82. ИНФИТАР СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 19 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Аспан жарылған кезде;
2. Жұлдыздар саудырап төгілген кезде;
3. Теңіздер бір-біріне қосылған кезде;
4. Қабірлер асты-үстіне аударылған (өліктер тірілген) кезде;
5. Әркім өзінің ілгері-кейінде не істегенін біледі.
6. Ей, пенде! Аса қайырымды Раббыңа қарсылық етуге сені алдаған (нәрсе) не?
7. Ол сені жаратты, кемелдендірді, сымбатыңды түзеді.
8. Өзі қалаған бітіміңді құрастырды.
9. Жоқ, өйтпеңдер! (Мекке кәпірлері!) Сендер дінді жалғанға шығарасыңдар.
10. Шынында, сендердің үстеріңде бақылаушылар (періштелер) бар.
11. Олар – ардақты жазғыштар.
12. Сендердің істеген істеріңді түгел біліп тұратындар.
13. Игі жақсылар даусыз нығметке кенеледі.
14. Бұзықтар, сөзсіз тозақта болады.
15. Олар қиямет күні тозаққа салынады.
16. Олар одан құтыла алмайды.
17. Қиямет күнінің не екенін қайдан білесің?
18. (Қайталап айтайық:) Қиямет күнінің не екенін қайдан білесің?
19. Ол – біреудің біреуге ешқандай қайыры тимейтін күн. Ол күні әмір Аллаға ғана тән.

83. МУТАФФИФИН СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 36 аят.

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Өлшеуде қараулық істеушілерге өкініш!
2. Олар өзгеден өлшеп алғанда толық алады.
3. Ал өзгеге өлшегенде не таразыға тартқанда кем береді.

4. Олар өздерінің қайта тірілтілетіндіктеріне сенбей ме?
5. Сондай бір ұлы күнде;
6. Ол күні адамдар бүкіл әлемнің Раббысының алдында тік тұрады.
7. Әсте, өйтпеңдер (өлшеуде қараулық істемеңдер)! Бұзықтардың амал дәптері Сижжинде болады.
8. Сижжин дегеннің не екенін қайдан білесің?
9. Ол – (бұзықтардың қылмыстары) жазылған бір дәптер.
10. Жоққа шығарушыларға ол күні өкінішті-ақ.
11. Сондай қиямет күнін жоққа шығарғандарға.
12. Оны шектен шыққан күнәһарлар ғана шығарады.
13. Оларға аяттарымыз оқылып берілсе, олар: «Бұл бұрынғылардың ертегілері» - дейді.
14. Олай емес. Олар – істеген қылмыстарының кесірінен жүректері таттасып қарайып кеткендер.
15. Иә, олар шынында, ол күні Раббыларының дидарын көруден шектелгендер.
16. Содан соң олар, сөзсіз тозаққа кіретіндер.
17. Содан соң оларға: «Сендердің жоққа шығарған нәрселерің (тозақ) осы» - делінеді.
18. Рас, жақсылардың амал дәптері, әрине Ғиллиунда болады.
19. «Ғиллиун» дегеннің не екенін қайдан білесің?
20. Ол (жақсылардың ізгі істері) жазылған бір дәптер.
21. Оған Аллаға жақын періштелер куә болады.
22. Олар мол ырысқа кенеледі;
23. Тақтарда отырып (кенелген жақсылықтарына) қарасады.
24. Олардың кенелген бақыт нұрын шырайлы жүздерінен танисың.
25. Оларға аузы мөрленген ішімдіктер ішкізіледі.
26. Ішкен соң, одан жұпар иіс аңқып тұрады. Қызығушылар (болса) осыған қызықсын!
27. Оның қоспасы Тасним болады (Тасним суы қосылады).
28. (Тасним жұмақтағы бір бұлақ.) Ол бұлақтан Алланың сүйікті пенделері ішіп тұрады.
29. Анығында күнәһарлар имандыларға күлуші еді.
30. Олар алдарынан (мұсылмандар) өткенде бір-біріне ым қағушы еді.
31. Үйлеріне қайтқанда (мұсылмандарды мазақтағанынан ләззат алып) күлісіп мәз болатын.

32. Олар мүміндерді көрген кезде: «Нағыз адасқандар - осылар» - дейтін еді.
33. Олар мүміндерге бақылаушылыққа жіберілген жоқ қой.
34. Ал бүгін мүміндер кәпірлерге күледі.
35. Тақтардың үстінде көз қырын сала отырып:
36. «Кәпірлер істеген күнәларының сазайын тарта ма екен?» - деседі.

84. ИНШИҚАҚ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 25 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Аспан қақыраған;
2. Раббына бағынған және Оған бағынуға лайық болған кезде.
3. Жер жазылып-созылған;
4. Қойнындағы нәрселерді (өліктерді, алуан кендерді) шығарып тастап босап қалған;
5. Раббына бағынған және Оған бағынуға лайық болған бір кезде (адамзат ойына да кіріп шықпаған сұмдық қорқынышты жағдайға тап болады).
6. Ей, адамзат! Раббыңа жолығу үшін тырысып жатырсың. Әрине оған жолығасың.
7. Кімге амал дәптері оңынан берілсе;
8. Оның есебі жеңілдетіледі.
9. Ол (жаннаттағы) отбасына мәз-мейрам болып қайтады.
10. Ал кімге амал дәптері артқы жағынан берілсе;
11. Ол зар илеп, запыран құсады.
12. Лаулаған отқа түседі.
13. Өйткені ол (дүниедегі кезінде) өз үйінде (бейғам) мәре-сәре болып жүруші еді.
14. Өйткені ол (Алланың алдына) мүлде қайтпаймын деп ойлайтын.
15. Олай емес, Раббы оны сөзсіз көріп тұратын.
16. Батқан күннің (қызыл арай) шапағымен;
17. Түнмен және оның құшағына алғандармен;
18. Толықсып толған (нұр төккен) аймен серт.
19. Сендер сөзсіз бір жағдайдан бір жағдайға өтесіңдер.
20. Олар неліктен иман келтірмейді?

21. Өздеріне Құран оқылған кезде неге сәжде етпейді?
22. Керісінше, кәпірлер (ақиқатты) жоққа шығарады.
23. Алла олардың көңіл түкпіріне бүккендерін жақсы біледі.
24. Оларға күйзелткіш азаппен «қуанышты хабар» жеткіз.
25. Бірақ иман келтіріп, жақсы іс істегендерге еселенген сауап бар.

85. БУРУЖ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 22 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Жұлдызды аспанмен серт;
2. Уәделі күнмен серт;
3. Жұма күнімен және Арафа күнімен серт:
4-5. Лаулаған отпен толтырылған “ұра иелеріне” лағынет болсын.
6-7. Ол кезде олар (от жағылған) ұраларының басында отырып алып, мүминдерге істегендерін (отқа қалай жаққанын) өз көздерімен көретін.
8. Олар мүминдерге жеңімпаз да, мақтаулы Аллаға сенгендігі үшін ғана өшікті.
9. Ол – көк пен жердің патшалығы өзіне тән болған Алла. Алла барлық нәрсені көріп тұрады.
10. Мүмин ерлер мен мүмин әйелдерге зиянкестік істеп, кейін райынан қайтпай, тәубе етпегендер жаһаннам жазасына тартылады, от азабына түседі.
11. Иман келтірген, ізгі іс істегендер іргесінен бұлақтар ағып жататын жаннаттарға кіреді. Бұл – ұлы жетістік.
12. Раббыңның құдіреті даусыз өте тегеурінді.
13. Ол расында, жоқтан бар етіп жаратады және (өлгеннен кейін) қайта тірілтеді.
14. Ол – (мұсылмандардың күнәсін) кешіруші және оларды дос көруші.
15. Ғарыштың иесі әрі аса ұлы (Алла).
16. Ол – істеймін дегенін бұлжытпай істеуші (Алла).
17. (Ей, Мұхаммед!) Саған хабары келді ме қосындардың?
18. (Яғни) Перғауын мен Самуд қосындарының?
19. Иә, (Құрайыштан шыққан) кәпірлер (қасарыса қарсылық көрсетіп, Алланы және сені) өтірікке шығаруда.

20. Алла оларды сырттай қоршауға алған.
21. Қайта (олар өтірікке шығарған) ол – ұлы Құран.
22. Лаухұлмахфузда сақталған.

86. ТАРИҚ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 17 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Аспанмен және Тариқпен серт.
2. Тариқтың не екенін сен қайдан білесің?
3. Ол бір жарық жұлдыз.
4. Әркімнің бір қорушысы (бақылап, қорғап жүретін бір періштесі) бар.
5. Адамзат өзінің неден жаратылғандығына бір назар салсын.
6. Ол бір ытқып шыққан шаһуат тамшысынан жаратылған.
7. Беломыртқа мен қабырға сүйектің арасынан (шыққан тамшыдан).
8. Алланың оны тегіне қайтаруға (қайта тірілтуге) құдіреті жетеді.
9. Сырлар ашылатын сол бір күнде;
10. Адам баласының (жазадан арашалайтын) не бір күші, не бір жәрдемшісі болмайды.
11. Жаңбырлы аспанмен серт;
12. Жарылған жермен серт!
13. Құран өздігінен, анығында (ақ пен қараны) айыратын сөз.
14. Ол әзіл-қалжың емес.
15. Олар (мүшриктер), сөзсіз, айла-тәсіл істетеді.
16. Мен де оларға айла-тәсіл істеймін.
17. (Ей, Мұхаммед!) Сен кәпірлерге мұрсат бер, аз ғана ерік бер.

87. ӘҒЛА СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 19 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Асқан ұлы Раббыңның есімін пәктеп дәріпте.

2. Ол (бүкіл затты) жаратты, үйлесімді етіп кемелдендірді.
3. Ол (бүкіл заттың тағдырын) белгілеп, жүрер жолын көрсетті.
4. Ол шөптерді өсірді.
5. Содан соң қошқыл қураған шөпке айландырды.
6-7. (Ей, Мұхаммед!) Саған (Құранды) оқытамыз, сен Алланың (ұмыттыруды) қалағандарынан басқасын ұмытпайсың. Ол расында жарияны да, жасырынды да біліп тұрады.
8. Сені оңай жолға (дінге) лайықтастырамыз.
9. Егер де уағыз-насихат тиімді болса, (Құранмен) насихат ет.
10. Алладан қорыққандар (насихатты) қабылдайды.
11. Бақытсыздар одан бойын аулаққа салады.
12. Сонымен олар алапатты отқа (тозаққа) түседі.
13. Одан соң онда өлі мен тірінің арасында болады.
14. (Күпір-күнәдан) таза адам мақсатына жетті.
15. Ол Раббының есімін естен шығармай намаз өтеді.
16. Алайда сендер дүние тіршілігін абзал көресіңдер.
17. Ақырет болса әрі қайырлы, әрі баянды.
18. Бұл (үкімдер), сөзсіз бұрынғы нұсқаларда бар.
19. Ибраһим және Мұсаның нұсқаларында.

88. ҒАШИЯ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 26 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. (Ей, Мұхаммед!) Саған қаптаған апат (қияметтің) хабары келді.
2. Ол күні талай жүзді үрей басады.
3. Олар - дүниеде күнә істеушілер, қияметте азап тартушылар.
4. Олар лаулап жанған отқа тасталады.
5. Бұрқырап қайнап тұрған судан ішеді.
6. Оларға ащы тікеннен өзге тамақ берілмейді.
7. Ол (тікен) не шыр бітірмейді, не тамақ болмайды.
8. Ол күні (мүминдердің) шырайлы жүзі бал-бұл жанады.
9. (Олар) өз еңбектеріне разы.
10. Олар жоғарғы жаннаттарда тұрады.

11. Еш уақытта қаңқу сөз естімейді.
12. Онда (мөлдір) бұлақтар ағып жатады.
13. Ішінде көтеріңкі тақтар;
14. Тізулі кеселер;
15. Қатар қойылған жастықтар;
16. Салулы төсектер бар.
17. Олар (назар) көзін салмай ма, түйенің қалай жаратылғанына?
18. Аспанның қалай биіктетілгеніне?
19. Таулардың қалай тіктетілгеніне?
20. Жердің қалай жайылып төселгеніне?
21. (Ей, Мұхаммед!) Сен үгітте! Өйткені сен асылы үгіттеушісің.
22. Сен әсте, оларды (дінге) зорлаушы емессің.
23. Бірақ кімде-кім (насихаттан) бас тартып, (Аллаға) қарсы шықса;
24. Алла оны ауыр (жазамен жазалайды.
25. Олар сөзсіз біздің алдымызға қайтады.
26. Содан соң есеп алуға міндеттіміз.

89. ФӘЖІР СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 30 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Рауандап атқан таңмен серт;
2. (Ораза айының бастапқы) он түнімен;
3. Жұппен, тақпен (яғни құрбан айт күнімен және Арафа күнімен немесе жұп жаратындылармен, жалғыз дара жаратушымен);
4. Жылысып өткен түнмен (серт).
5. Осылар ақыл иесі үшін серт беруге татитын шығар?
6. Раббыңның Ғадтарға не істегенін көрмедің бе?
7. Биік діңгекті (қала) Ирамдықтарға.
8. Ондай жұрт басқа қалаларда жаратылмаған еді.
9. Сондай-ақ Уадилқұрадағы жартастарға үй салған Самуд қауымына да не істегенін көрмедің бе?
10. Сондай-ақ қазықшы Перғауынға қандай жаза береді?
11. Олар елде (білгенін істеп) астамсып кетті.

12. Ол жерде талай-талай бұзықтықтарды істеді.
13. Сондықтан Раббың оларға жаза қамшысын сілтеді.
14. Раббың, әлбетте (пенделерін) бақылаушы.
15. Адам деген сондай қашан Раббы сынап, сыйлы-абыройлы етсе және жарылқаса ол: «Раббым мені сыйлы-абыройлы етті» - дейді.
16. Ал Раббы оны сынап, ризығын тарылтса, «Раббым мені қор етті» - дейді.
17. Олай емес. Сендер жетімді мүсіркемейсіңдер.
18. Міскіндерге тамақ беруге (біріңді-бірің) үгіттемейсіңдер.
19. Мирасты (адал-арамына) қарамай қылғытып жей бересіңдер.
20. Малға ересен құштарсыңдар.
21. Жоқ, олай болмайды! Жер үсті-үстіне сілкінген кезде;
22. Раббыңның әмірі және періштелер сап-сап болып келген кезде;
23. Сол күні жәһаннам келтіріледі де, адам баласына тап сол күні ой түседі (өзінің істеген қылмыстарын сонда ғана еске түсіреді). Ол кезде түскен ойдың пайдасы не?
24. Әттеген-ай! Осы тіршілігім үшін дүниедегі кезімде жақсылықтар істеген болсамшы (деп өкінеді ол)!
25. Ол күнде күнәһарларды ешкім де Алла жазалағандай жазалай алмайды.
26. Сондай-ақ ешкім де Алланың мақтағанындай мақтай алмайды.
27. Әй, жәй тапқан жан!
28. Сен Раббыңнан разы болған, Раббың саған разы болған жағдайда оның алдына қайт!
29. Менің (абзал) құлдарымның қатарына қосыл!
30. Жұмағыма кір!

90. БӘЛӘД СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 20 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Серт етемін, осы қаламен (Меккемен).
2. (Ей, Мұхаммед!) Өзің тұрғыны болып отырған (немесе мұнда соғысу саған халал болған).
3. Серт етемін бабамен (яғни Адам ғ.с.) және одан өрбіген ұрпақпен.
4. Біз расында, адам баласын бейнет (сынақ) үшін жараттық.

5. Ол өзіне ешкімнің шамасы келмейді деп ойлай ма?
6. Ол: «Көп мал сарып еттік» - дейді
7. Ол өзін (көп мал сарып еткендігін) ешкім көрмеді деп ойлайды ма?
8. Оған екі көз жаратпадық па?
9. Бір тіл, екі ерін (бітірмедік пе?)
10. Әрі оған (жақсы-жаман) екі жол көрсеттік (емес пе?).
11. Ол асудан аспады.
12. Асудан асу дегеннің не екенін қайдан білесің?
13. Бұл – бір құл азат ету.
14-15-16. Немесе ашаршылық кезінде туысы жақын жетімдерге не шаң қауып жатқан пақыр-міскіндерге тамақ беру деген сөз.
17. Сонымен бірге иман келтіріп, бірін-бірі сабырлы болуға үгіттегендер бір-біріне мейірімді болуға кеңес бергендер.
18. Осылар – (амал дәптері оңынан келген) оңғарылғандар.
19. Біздің аяттарымызды мойындамағандар – (амал дәптері солынан келген) оңбағандар.
20. Олар (қақпалары бекітілген) бітеу тозаққа қамалады.

91. ШӘМС СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 15 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Күн және оның жарығымен серт;
2. Күнге ілескен аймен серт;
3. Күнді (әлемге) шығарған күндізбен серт;
4. Күнді бүркеген түнмен серт;
5. Аспанмен және оны жасаушымен серт;
6. Жермен және оны жайып төсеушімен серт;
7. Жанмен және оны ажарлаушымен серт;
8. Оған жақсылық пен жамандықты аян етушімен серт.
9. Жанын пәк ұстағандар (сөзсіз) мұратына жетеді.
10. Жанын жамандықпен кірлеткендер мақрұм қалады.
11. Самуд қауымы шектен шыққандықтан (ақиқатты) жоққа шығарды.
12. Кезінде олардың бақытсыз біреуі (мұғжиза болған арууананы өлтіруге асыққанда);

13. Алланың елшісі (Салих) оларға: «Алланың аруанасына оның суатқа түсуіне килікпеңдер» - деді.
14. Бірақ олар оны (Салих пайғамбарды) мойындамады да, аруананы өлтірді. Осындай қылмыстарының салдарынан Раббы оларды біржолата ойрандап, түгелдей жермен жексен етті.
15. Алла мұның ақырғы кесірінен қорықпайды.

92. ЛӘЙЛ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 21 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Әлемді қараңғылығы жапқан кезде түнмен серт;
2. Жарқыраған кезде күндізбен серт;
3. Еркек пен ұрғашыны жаратқанмен серт;
4. Сендердің қимыл-әрекеттерің әрқилы.
5. Кімде-кім (Алла жолына ақша мен малын) сарп етсе, (Алладан) қорықса;
6. (Алланың жалғыз, мәужуд екенін) мойындаса;
7. Онда оның жолын оңайластырамыз.
8. Ал енді кім сараңдық істеп, (Алланың сауабын) өзіне қажетсіз көрсе;
9. (Алланың мәужуд екенін) жоққа шығарса;
10. Онда оның жолын ауырлатамыз.
11. Ол тозаққа тасталаған кезде дәулеті өзіне пайда бермейді.
12. Оң жолға меңзеу расында біздің міндетіміз.
13. Бұл дүние де, ақырет те, сөз жоқ, құдіретті қолымызда.
14. Сондықтан сендерді лаулаған оттан ескертеміз.
15. Оған кіретіндер тек қана бақытсыздар.
16. Ақыретті жоққа шығарып (иманнан) бет бұрған.
17. Одан (оттан) аулақ болатындар – нағыз тақуалар.
18. Олар мал-мүлкін (хақ жолына) ақ ниетпен сарп еткендер.
19. Оның мойнында ешкімнің де нығметтен алатын есесі жоқ (оның мал-мүлкін сарп етуі, біреудің жақсылығын қайтару үшін емес).
20. Тек ұлы Раббының разылығы үшін осылай істейді.
21. Болашақта ол өзі де (Раббының нәсіп еткен нығметтеріне) разы болады.

93. ЗҰХА СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 11 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Сәске уақытымен серт;
2. Тым-тырыс кездегі түнмен серт!
3. (Ей, Мұхаммед!) Раббың сені тастамады, саған кейімеді де.
4. Әрине, саған дүниеден гөрі ақырет абзал.
5. Раббың алда саған (ақырет жақсылықтарын) силайды, сен де разы боласың.
6. Сені жетім деп біліп, пана бола ма?
7. Әуре-сарсаңға түскеніңді көріп, оң жолға салмады ма?
8. Сені кедей көріп, байытпады ма?
9. Ендеше жетімді қорлама!
10. Тіленшіге зекіме!
11. Раббыңның (саған арнаған) жақсылықтарын (жұртқа) жария ет!

94. ШАРХ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 8 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. (Ей, Мұхаммед!) Сенің жүрегіңді (білім, хикмет және Құран нұрымен) ашып кеңейітпедік пе?

2-3. Беліңді қайыстырған ауыр жүгіңді алып тастадық.

4. Абыройыңды көтердік.
5. Шындығында ауырлық бар жерде жеңілдік бар.
6. Қайталап айтайық: шынында, ауырлық бар жерде жеңілдік те бар.
7. (Дінге шақырудан қолың) босаған кездеріңде (Аллаға) ғибадат етуге құлшын!
8. Жаратушыңа бет бұрып жалбарын!

95. ТИН СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 8 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Әнжірмен һәм зәйтүнмен;
2. Сина тауымен;
3. Осы бейбіт қаламен (Меккемен) серт!
4. Біз ақиқатында, адамды асқан сұлу бейнеде жараттық.
5. Содан соң оны төмендердің төменіне (тозаққа) қайтардық.
6. Тек иман келтіріп, ізгі іс істегендер мұнан басқа. Оларға таусылмас сауап бар.
7. (Ей, адам!) Содан (айқын дәлелдер көрсетілгеннен) кейін, қияметті өтірікке шығаруыңа не себеп болды?
8. Алла ең әділ үкім шығарушы емес пе?

96. ҒАЛАҚ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 19 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Жаратқан Раббыңның атымен оқы!
2. Ол адамды қан түйірінен жаратты.
3. Оқы! Раббың аса ардақты.
4. Ол қаламмен (хат жазуды) үйретті.
5. Адамға білмеген нәрселерін білгізді.
6. Әйтсе де адам азады.
7. Өзін мұңсыз, бай санайды да.
8. (Әй, адам!) Табан тірерің – Рабыңның алды.

9-10. (Ей, Мұхаммед!) Намаз оқыған пендеге тыйым салғанды көрдің бе?

11. Көрдің бе (намаз оқушы Мұхаммед) тура жолда болса да;
12. Тақуалыққа бұйырып тұрса да (оған тыйым салмақшы болғанын)?
13. Көрдің бе (Құранды) өтірікке шығарып, (иманнан) бет бұрса да, (Оған тәубе етуді қойып, намаз оқығанды тыймақ)?
14. Алланың оны көріп тұратындығын білмей ме?

15. Жоқ, ол мұнысынан тыйылмаса, оның кекілінен ұстап тұрып (тозаққа) сүйрейміз.
16. Суайт, қылмысты кекілінен.
17. Ол да өзінің мәжілістестерін (көмекке) шақырсын!
18. Біз де (тозақтың қолы қатты, ерен мықты періштелерін) ”Забанияларды” шақырамыз.
19. (Мұндай бұзықтар) райынан қайтсын! Сен оларға бойсұнба! Аллаға сәжде ет! Жақын бол!

97. ҚАДІР СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 5 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Біз шынында, Құранды қадір түнінде түсірдік.
2. Қадір түнінің не екенін білесің бе?
3. Қадір түні (қасиет және сауап жағынан) мың айдан да қайырлы.
4. Сол түнде періштелер және Жәбірейіл Алланың әмірімен (жер бетіне Алла тағдыр еткен) барлық істерді атқару үшін түседі.
5. Сол бір түн, ағарып таң атқанға дейін, амандық-тыныштық түні болады.

98. БӘЙИНӘ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 8 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Кітап иелері мен мүшриктерден кәпір болғандар айқын дәлел келгенге дейін күпірлігінен арыла алмады.
2-3. (Айқын дәлел) дұрыс (үкім, жол-жоба) жазбаларын ішіне алған пәк нұсқаларды оқып беретін, Алла тарапынан жіберілген пайғамбар еді.
4. Кітап иелері (яһудилер, насаралар) өздеріне айқын дәлел келгеннен кейін-ақ, (алауыз болып) бөлініп кетті.
5. Асылы, олар тек қана хақ дінінен ауытқымай, Аллаға шын ықыласты бола тұрып, Оған құлшылық етуге, намаз өтеуге, зекет беруге бұйырылған еді. Нағыз тура дін – осы.

6. Кітап иелері мен мүшіріктерден кәпір болғандар тозақ отына түсіп, онда мәңгі қалады. Бұлар жаратылғандардың ең сорлысы болып саналады.
7. Иман келтіргендер және жақсы іс істегендер – бұлар жаратылғандардың ең жақсысы.
8. Оларға Раббының алдында берілетін сый, іргесінен бұлақтар ағып жататын Ғадын жаннаттары болып, олар онда мәңгі тұрады. Алла оларға разы, олар Алладан разы болады. Бұған Раббынан қорыққандардың ғана қолы жетеді.

99. ЗІЛЗАЛА СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 8 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Жер қатты сілкініп, қозғалғанда;
2. Жер қойнындағы (кен, өлік тағы басқа) жүктерін (сыртқа) шығарғанда;
3. Адамдар (әсіресе, кәпірлер): ”Жерге не болды?” - деген кезде;
4. Сол күні жер өзінің (үстінде болған жақсы, жаман істердің) хабарларын баяндайды.
5. (Бұл) оған Раббыңның уахи бергендігінен.
6. Сол күні адамдар істеген істерінің нәтижесін көру үшін топ-топ болып шығады.
7. Кімде-кім түйірдей жақсылық істеген болса, оның сыйын да көреді.
8. Кімде-кім түйірдей жамандық істеген болса, оның жазасын да көреді.

100. ҒАДИАТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 11 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Құйындата жортқан атты жасақпен серт.
2. Ат тұяғынан от шығарғандармен;
3. Таңсәріде лап қойғандармен;
4. Шаңдатқандармен;
5. Жаудың ортасын қақ жарғандармен (серт)!

6. Анығында адам Раббысына шүкірсіз.
7. Бұған өздері де куә.
8. Олар дүние-мүлікті өте жақсы көреді.
9. Олар білмей ме? Қабірдегілер (өліктер) сыртқа шығарылған кезде;
10. Көңілге бүккен сырлар жария болған кезде;
11. Сол күні Раббылары олардың ахуалынан толық хабардар (екенін олар білмей ме?).

101. ҚАРИҒА СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 11 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Үрейлі уақиға (қиямет).
2. Үрейлі уақиға деген не?
3. Үрейлі уақиғаның не екенін қайдан білесің?
4. Ол күні адамдар тым-тырақай болған көбелек сияқты.
5. Таулар түтілген ала-құла жүндей болады.
6. Кімнің таразысы ауыр тартса, (жақсылықтары жамандығынан басым түссе);
7. Ол өзі разы боларлық тұрмыста (мол ырысты жұмақтарда) болады.
8. Ал кімнің таразысы жеңіл тартса (жамандығы жақсылығынан басым түссе);
9. Оның орны «Һауия» болады.
10. Һауияның не екенін білесің бе?
11. Ол – лаулаған от

102. ТӘКӘСҮР СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 8 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. (Мал мен басқа) молығу бәсекесі сендерді қапыда қалдырды.
2. Қашан қабірлеріңе барғанға (өлгендеріңе) дейін.
3. Жоқ, әлі-ақ білесіңдер.

4. Жоқ-жоқ! Жуырда біліп қаласыңдар.
5. Шынымен-ақ анық білетін боласыңдар (ендеше опынып қалмаңдар).
6. Сендер, сөз жоқ, тозақты көресіңдер.
7. Содан соң оны өз көздеріңмен көресіңдер.
8. Кейін ол күні (дүниеде игіліктенген) ырыс-дәулеттеріңнен әлбетте сұраласыңдар.

103. ҒАСЫР СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 3 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Ғасырмен ант!

2-3. Иман келтіріп, ізгі істер істеген, бір-біріне ақиқатты, сабыр-тақатты өсиеттеген адамдардан басқаның барлығы зиян тартады.

104. ҺУМӘЗӘ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 9 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Шағыстырғыш өсекшілерге өкініш!
2. Ол мал жиып, онысын түгендеумен ғана шұғылданып кетті.
3. Малы өзіне мәңгі өмір береді деп ойлайды ол.
4. Олай емес, ол сөзсіз Хутамаға тасталады.
5. Хутаманың не екенін білемісің?

6-7. Ол - жүректі шарпитын, Алланың жаққан оты.

8. Олар даусыз сол отқа қамалады.
9. Биік діңгектерге таңып байланады.

105. ФИЛ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 5 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. (Ей, Мұхаммед!) Раббыңның піл иелеріне не істегенін көрмедің бе?
2. Олардың айла-шарғысын тас-талқан етпеді ме?
3. Оларға топ-топ құстарды жіберді.
4. Құстар оларды балшықтан күйдіріліп жасалған таспен атқылады.
5. Жайратып қоқысқа айналдырды.

106. ҚҰРАЙЫШ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 4 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Құрайыштардың бейбіті үшін.
2. Олардың қыстық, жаздық сапарындағы сүйкімділігі үшін.
3. Олар осы үйдің (Қағбаның) иесіне құлшылық етсін!
4. (Раббы) оларды ашаршылықта тамақтандырды, қауіпқатерден сақтады.

107. МӘҒУН СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 7 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Дінді өтірікке шығарғанды көрдің бе?
2. Ол сондай бір жан – жетімді жәбірлейді.
3. Жоқ-жітікті тамақтандыруға қызықтырмайды.
4. Сондай намаз оқитындарға өкініш!
5. Олар намазды немқұрайлы оқиды.
6. Көрер көзге атақ үшін оқиды.
7. Ұсақ-түйек (тұтыну) бұйымдарын (мысалы, балта, пышақ, күрек, ыдыс-аяқ, ине-жіп сияқтыларды) бір-біріне бермейді (ауыспайды).

108. КӘУСӘР СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 3 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Біз саған кәусәрді (ырыс, ілім, мол шарапатты) арнадық.
2. Раббың үшін (ниет білдіріп) намаз оқы, құрбан шал!
3. (Сені кемсіткен) дұшпандарыңның өзі ұрпақсыз қалып құриды.

109. КӘФИРУН СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 6 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. (Ей, Мұхаммед!) Былай деп айт: «Ей, кәпірлер!
2. Сендердің табынғандарыңа мен табынбаймын.
3. Сендер де менің құлшылық еткеніме (Аллаға) құлшылық етпейсіңдер.
4. Мен сендердің табынғандарыңа (пұттарыңа) әсте табынған емеспін.
5. Мен құлшылық еткенге (Аллаға) сендер де құлшылық еткен жоқсыңдар.
6. Сендердің діндерің өздеріңе, менің дінім өзіме».

110. НАСЫР СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 3 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Алланың жәрдемі және жеңісі келген кезде;
2. Алланың дініне адамдардың топ-тобымен кіргендігін көрген кезіңде;
3. Раббыңа тасбих айтып, мақтау арна! Одан кешірім сұра! Расында Алла – тәубені қабылдаушы.

111. МӘСӘД СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 5 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Екі қолың құрысын Әбу Ләһәб! Демесе де ол құрып (кетті).
2. Оған мал-мүлкінің де, істеген кәсіптерінің де (еш пайдасы) тимеді.
3. Ол сөз жоқ, лаулап жанған отқа кіреді.
4. Оған отын көтерген (өсекші) әйелі де кіреді.
5. (Оның) мойынында мықты есілген арқан (байлаулы тұрады).

112. ЫҚЫЛАС СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 4 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. (Ей, Мұхаммед!) Былай де: ол Алла жалғыз (серігі жоқ).
2. Алла тәуелсіз (оған күллі зат тәуелді, мұқтаж).
3. Ол тумады және туылмады.
4. Оған теңдес ешкім жоқ.

113. ФӘЛӘҚ СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 5 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Былай де: таңның Раббысына сиынамын;
2. Жаратқан мақлұқатының кесірінен;
3. Қараңғылық қаптаған кездегі түннің кесірінен;
4. Түйіншектерге үрлегендердің кесірінен;
5. Күншілдердің күндеген кездегі кесірінен.

114. НАС СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 6 аят

Бисмилләһиррахманиррахим.

1. Былай де: сиынамын адамдардың Раббысына;
2. Адамдардың патшасына;
3. Адамдардың тәңіріне;
4. Сыбырлаған азғырушының кесірінен;
5. Ол – адамдардың көкірегіне уәсуаса (күмән-күдік) салады.
6. Ол (уәсуаса салушылар) жындардан және адамдардан.

ҚҰРАН КӘРІМ СҮРЕЛЕРІНІҢ АТТАРЫ ЖӘНЕ АЯТ САНЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Сүре №	Сүре аты	Аят саны	Бет №	Сүре №	Сүре аты	Аят саны	Бет №
1	ФАТИХА СҮРЕСІ	7	4	58	МҮЖАДАЛА СҮРЕСІ	22	362
2	БАҚАРА СҮРЕСІ	286	4	59	ХАШЫР СҮРЕСІ	24	364
3	ӘЛИ-ҒИМРАН СҮРЕСІ	200	33	60	МҮМТАХИНА СҮРЕСІ	13	366
4	НИСА СҮРЕСІ	176	50	61	САФ СҮРЕСІ	14	368
5	МӘЙДА СҮРЕСІ	120	67	62	ЖҰМА СҮРЕСІ	11	369
6	ӘНҒАМ СҮРЕСІ	165	79	63	МҰНАФИҚҰН СҮРЕСІ	11	370
7	АҒРАФ СҮРЕСІ	206	94	64	DER GEGENSEITIGE BETRUG	18	371
8	ӘНФӘ Л (ОЛЖА) СҮРЕСІ	75	110	65	ТАҒАБУН СҮРЕСІ	12	373
9	ТӘУБЕ СҮРЕСІ	129	116	66	ТАХРИМ СҮРЕС	12	374
10	ЮНУС СҮРЕСІ	109	128	67	МҰЛК СҮРЕСІ	30	375
11	ҺҰД СҮРЕСІ	123	136	68	ҚАЛАМ СҮРЕСІ	52	377
12	ЮСУФ СҮРЕСІ	111	145	69	ХАҚҚА СҮРЕСІ	52	380
13	РАҒЫД СҮРЕСІ	43	154	70	МАҒАРИЖ СҮРЕСІ	44	382
14	ИБРАҺИМ СҮРЕСІ	52	158	71	НҰХ СҮРЕСІ	28	383
15	ХИЖР СҮРЕСІ	99	162	72	ЖЫН СҮРЕСІ	28	385
16	НАХЫЛ СҮРЕСІ	128	166	73	МҮЗЗӘММИЛ СҮРЕСІ	20	386
17	ИСРА СҮРЕСІ	111	175	74	МҮДДАССИР СҮРЕСІ	56	388
18	КАҺФ СҮРЕСІ	110	183	75	ҚИЯМЕТ СҮРЕСІ	40	389
19	МАРЯМ СҮРЕСІ	98	191	76	ИНСАН СҮРЕСІ	31	390
20	ТАҺА СҮРЕСІ	135	197	77	МҮРСАЛАТ СҮРЕСІ	50	392
21	ӘНБИЯ СҮРЕСІ	112	204	78	НӘБӘ СҮРЕСІ	40	394
22	ХАЖ СҮРЕСІ	78	211	79	НӘЗИҒАТ СҮРЕСІ	46	396
23	МҮМИНУН СҮРЕСІ	118	217	80	ҒАБАСА СҮРЕСІ	42	397
24	НҰР СҮРЕСІ	64	223	81	ТӘКУИР СҮРЕСІ	29	399
25	ФУРҚАН СҮРЕСІ	77	229	82	ИНФИТАР СҮРЕСІ	19	400
26	ШҰҒАРА СҮРЕСІ	227	233	83	МУТАФФИФИН СҮРЕСІ	36	400
27	НӘМІЛ СҮРЕСІ	93	242	84	ИНШИҚАҚ СҮРЕСІ	25	402
28	ҚАСАС СҮРЕСІ	88	248	85	БУРУЖ СҮРЕСІ	22	403
29	ҒАНКӘБҰТ СҮРЕСІ	69	255	86	ТАРИҚ СҮРЕСІ	17	404
30	РУМ СҮРЕСІ	60	260	87	ӘҒЛА СҮРЕСІ	19	404
31	ЛҰҚМАН СҮРЕСІ	34	264	88	ҒАШИЯ СҮРЕСІ	26	405
32	СӘЖДЕ СҮРЕСІ	30	266	89	ФӘЖІР СҮРЕСІ	30	406
33	АХЗАП СҮРЕСІ	73	268	90	БӘЛӘД СҮРЕСІ	20	407
34	СӘБӘ СҮРЕСІ	54	275	91	ШӘМС СҮРЕСІ	15	408
35	ФАТЫР СҮРЕСІ	45	279	92	ЛӘЙЛ СҮРЕСІ	21	409
36	ЯСИН СҮРЕСІ	83	283	93	ЗҰХА СҮРЕСІ	11	410
37	САФФАТ СҮРЕСІ	182	287	94	ШАРХ СҮРЕСІ	8	410
38	САД СҮРЕСІ	88	294	95	ТИН СҮРЕСІ	8	411
39	ЗУМӘР СҮРЕСІ	75	298	96	ҒАЛАҚ СҮРЕСІ	19	411
40	МҮМИН СҮРЕСІ	85	304	97	ҚАДІР СҮРЕСІ	5	412
41	ФУССИЛАТ СҮРЕСІ	54	310	98	БӘЙИНӘ СҮРЕСІ	8	412
42	ШУРА СҮРЕСІ	53	314	99	ЗІЛЗАЛА СҮРЕСІ	8	413
43	ЗҰХРУФ СҮРЕСІ	89	318	100	ҒАДИАТ СҮРЕСІ	11	413
44	ДҰХАН СҮРЕСІ	59	324	101	ҚАРИҒА СҮРЕСІ	11	414
45	ЖӘСИӘ СҮРЕСІ	37	326	102	ТӘКӘСҮР СҮРЕСІ	8	414
46	АҺҚАФ СҮРЕСІ	35	329	103	ҒАСЫР СҮРЕСІ	3	415
47	МҰХАММЕД СҮРЕСІ	38	332	104	ҺҮМӘЗӘ СҮРЕСІ	9	415
48	ФАТХ СҮРЕСІ	29	335	105	ФИЛ СҮРЕСІ	5	416
49	ХУЖУРАТ СҮРЕСІ	18	338	106	ҚҰРАЙЫШ СҮРЕСІ	4	416
50	ҚАФ СҮРЕСІ	45	340	107	МӘҒУН СҮРЕСІ	7	416
51	ЗАРИАТ СҮРЕСІ	60	342	108	КӘУСӘР СҮРЕСІ	3	417
52	ТУР СҮРЕСІ	49	345	109	КӘФИРУН СҮРЕСІ	6	417
53	НӘЖІМ СҮРЕСІ	62	347	110	НАСЫР СҮРЕСІ	3	417
54	ҚАМАР СҮРЕСІ	55	350	111	МӘСӘД СҮРЕСІ	5	418
55	УАҚИҒА СҮРЕСІ	78	352	112	ЫҚЫЛАС СҮРЕСІ	4	418
56	УАҚИҒА СҮРЕСІ	96	355	113	ФӘЛӘҚ СҮРЕСІ	5	418
57	DAS EISEN	29	359	114	НАС СҮРЕСІ	6	419

АЛФАВИТТІК МАЗМҰН

Сүре	Сүренің №	Сүренің Аты
	– А –	
АҒРАФ	7	206
АҺҚАФ	46	35
АХЗАП	33	73
	– Ә –	
ӘЛИ-ҒИМРАН	3	200
ӘНФӘЛ	8	75
ӘҒЛА	87	19
ӘНҒАМ	6	165
ӘНБИЯ	21	112
	– Б –	
БАҚАРА	2	286
БӘЛӘД	90	20
БӘЙИНА	98	8
БУРУЖ	85	22
	– Ғ –	
ҒАЛАҚ	96	19
ҒАШИЯ	88	26
ҒАБАСА	80	42
ҒАДИАТ	100	11
ҒАСЫР	103	3
ҒАНКӘБҰТ	29	69
	– Д –	
ДҰХАН	44	59
	– Ж –	
ЖӘСИӘ	45	37
ЖЫН	72	28
ЖҰМА	62	11
	– З –	
ЗАРИАТ	51	60
ЗІЛЗАЛА	99	8
ЗҮХРУФ	43	89
ЗУМӘР	39	75
ЗҰХА	93	11
	– И –	
ИБРАҺИМ	14	52
ИНФИТАР	82	19
ИНСАН	76	31
ИНШИҚАҚ	84	25
ИСРА	17	111
	– К –	
КАҺФ	18	110
КӘУСӘР	108	3
КӘФИРУН	109	6
	– Қ –	
ҚАДІР	97	5
ҚАФ	50	45
ҚАЛАМ	68	52
ҚАМАР	54	55
ҚАРИҒА	101	11
ҚАСАС	28	88
ҚИЯМЕТ	75	40
ҚҰРАЙЫШ	106	4
	– Л –	
ЛӘЙЛ	92	21
ЛҮҚМАН	31	34
	– М –	
МӘЙДА	5	120
МӘҒУН	107	7
МАҒАРИЖ	70	44
МАРИЯМ	19	98
МҰХАММЕД	47	38
МУТАФФИФИН	83	36
МҮЖАДАЛА	58	22
МУДДАССИР	74	56
МҮЛК	67	30
МҮМИН	40	85
МҮМИНУН	23	118
МҮМТАХИНА	60	13
МҰНАФИҚУН	63	11
МҮРСАЛАТ	77	50
МҮЗЗӘММИЛ	73	20
МӘСӘД	111	5
	– Н –	
НАХЫЛ	16	128
НАС	114	6
НАСЫР	110	3
НӘЗИҒАТ	79	46
НӘБӘ	78	40

Сүре	Сүренің №	Сүренің Аты
НӘЖІМ	53	62
НӘМІЛ	27	93
НИСА	4	176
НҰХ	71	28
НҰР	24	64
– Р –		
РАҒЫД	13	43
РАХМАН	55	78
РУМ	30	60
– С –		
САД	38	88
САФ	61	14
САФФАТ	37	182
СӘБӘ	34	54
СӘЖДЕ	32	30
– Т –		
ТАһА	20	135
ТАХРИМ	66	12
ТАЛАҚ	65	12
ТАРИҚ	86	17
ТАҒАБУН	64	18
ТӘКӘСҮР	102	8
ТӘКУИР	81	29
ТӘУБЕ	9	129
ТИН	95	8
ТУР	52	49
– У –		
УАҚИҒА	56	96
– Ф –		
ФАТЫР	35	45
ФАТИХА	1	7
ФӘЖІР	89	30
ФӘЛӘҚ	113	5
ФАТХ	48	29
ФУРҚАН	25	77
ФУССИЛАТ	41	54
ФИЛ	105	5
– Х –		
ХАЖ	22	78
ХАДИД	57	29
ХАҚҚА	69	52
ХАШЫР	59	24
ХИЖР	15	99
ХУЖУРАТ	49	18
– Һ –		
ҺҰД	11	123
ҺҮМӘЗӘ	104	9
– Ш –		
ШӘМС	91	15
ШҰҒАРА	26	227
ШУРА	42	53
ШАРХ	94	8
– Ы –		
ЫҚЫЛАС	112	4
– Ю –		
ЮНУС	10	109
ЮСУФ	12	111
– Я –		
ЯСИН	36	83

ТАҚЫРЫПҚА БАЙЛАНЫСТЫ АЛФАВИТТІК МАЗМҰН

А

Адам өлтіру: Бақара, 178, Ниса, 29-92-93, Мәйда, 32, Әнғам, 151, Исра, 33, Фурқан, 68.

Ад қауымы: Ағраф, 65-74, Һұд, 50-59-60, Рағыд, 9, Нас, 42, Фурқан, 38-39, Шұғара, 125, Ғанкәбұт, 38, Сад, 13, Мүмин, 30-31, Фуссилат, 13-15, Қаф, 14, Зариат, 41-42, Нажм, 50-51, Қамар, 18-21, Хаққа, 4-6, Фәжір, 6.

Адам ғалайһиссәләм: Бақара, 30-34-35, Әли-Ғимран, 33-34, Ағраф, 2-19, Мариям, 58, Taha, 116-117-120-121.

Адал ризық: Бақара, 168, Мәйда, 88, Әнфәл, 69, Нахыл, 114-116.

Ақырет күні: Фатиха, 3, Бақара, 4-8-46-48-85-94-102-123-130-200-217-220, Әли-Ғимран, 22-30-45-56-106-107, Ниса 74-77-134, Мәйда, 5-33-41, Әнғам, 32-92-160, Әнфәл, 67, Тәубе, 19-38-69, Юнус, 26-27-64, Һұд, 16-19-22-103, Юсуф, 37-57-101-109, Рағыд, 26-34-36, Исра, 7-10-19-21-45, Шұғара, 75-85, Taha, 70-74-97-111-127, Хаж, 2-11-15-23-33-34, Мүминун, 100-105, Шұғара, 87-89, Нәміл, 67-91-92, Қасас, 70-83-84, Сәбә, 21, Саффат, 20-59, Зумәр, 9-26-45-48-70-75, Фуссилат, 7-27-28-31, Шура, 20, Дұхан, 16-40-57, Жәсиә, 9-10-28-35, Қаф, 21-35-41-44, Зариат, 6, Рахман, 41-77, Уақиға, 7-86-94, Хадид, 12-15, Тағабун, 9-10, Мүлк, 6-12-27, Қалам, 42-43, Хаққа, 18-32, Мағариж, 1-3-8-18, Муддасир, 38-53, Инсан, 7-22, Мүрсалат, 7-15-29-45, Нәзиғат, 33-39, Ғабаса, 32-41, Тәкуир, 8-14, Инфитар, 5-9-13-19, Мутаффифин, 15-36, Иншиқақ, 7-10, Ғашия, 1-16, Фәжір, 22-29, Бәйина, 7, Зілзала, 6-8, Мәғун, 1.

Ахмет ғалайһисәләм: Саф, 6.

Алдану: Әнғам, 32, Ғанкәбұт, 64, Мұхаммед, 36, Фатыр, 5, Хадид, 20.

Ант: Бақара, 224-225, Мәйда, 89, Нахыл, 92-94, Фатх, 10, Тахрим, 2, Қалам , 10.

Аллаға мойынсұну: Бақара, 155-156,Әли-Ғимран, 26, Әнғам, 162-163, Рағыд, 22, Каһф, 23-24.

Аллаға тәуекел: Талақ, 3,Шұғара, 217-220, 377, Ахзаб, 3, Тағабун, 13.

Алла жалғыз: Бақара, 116-117-163-165-255, Әли-Ғимран, 2-5-6-18, Ниса 48-49-116, Мәйда, 17-72-77, Әнғам, 21-24-56-80-81-94-100-103-106-148, Тәубе, 28, Юнус, 18-28-36-66-68-69-70, Рағыд, 33-34, Нахыл, 35-36-57-62-72-73, Исра,

22-39-40-42-43-44-111, Мариям, 35-89-91, Әнбия, 18-29, Хаж, 31-34-71, Мүминун, 91-92, Сәбә, 27, Фурқан, 1-2, Нәміл, 59-65, Қасас, 62-75-88, Рум, 40, Саффат, 4-5-149-163, Зумәр, 4-14-15-27-29-32-36-38-43-46-64-67, Мүмин, 3-12-15-20-66, Фуссилат, 6-7-9-37-38-43, Зариат, 51, Дұхан, 8-9, Хашыр, 1-22-24, Жын, 3, Ықылас, 1-4.

Алланың әмірлері: Бақара, 83, Әнғам, 151-153, Ағраф, 33, Нас, 30, Мүминун, 86, Лұқман, 14, Фуссилат, 34, Шура, 36-43, Хужурат, 19-22, Мүжадала, 9, Муддассир, 3-7.

Алла бар: Рағыд, 2-4, Хаж, 18, Мүлк, 19-30, Әнғам, 73-78, Ғанкәбұт, 61-63,Әғла, 1-2-3-4-5,

Алланың сүйікті құлдары: Ниса146, Юнус, 62-64, Жын, 26-27.

Алланың сипаттары: Фатиха, 1-3, Бақара, 77-107-143-160-163-182-199-218-226-235-251-255, Әли-Ғимран, 4-8-31-89-129-146-155-173-174, Ниса 22-23-25-34-43-64-70-95-96-99-100-106-110-129-149, Әнғам, 45-147-151, Ағраф, 54-99-180-181-183, Әнфәл, 30, Тәубе, 115-117-118, Юнус, 21-60, Һұд, 6-102-121-122, Рағыд, 6-31-33-41, Ибраһим, 7-27-47-51, Нахыл, 37-47-81, Исра, 25, Әнбия, 110, Хаж, 60-65-70, Фурқан, 58-60-63, Нәміл, 57-73, Ғанкәбұт, 60, Ахзаб, 24-43-53, Сәжде, 6, Сәбә, 1-2-26, Фатыр, 2-15-34-38, Саффат, 171-180-182, Зумәр, 37-53, Мүмин, 3-10, Фуссилат, 46, Шура, 23-26-44-51, Дұхан, 16, Тур, 28, Нәжім, 32, Хадид, 11, Мүжадала, 2, Мүлк, 3-10-20-23-26-28-29, Буруж, 12-14, Ғалақ, 4.

Алланың фазылы: Бақара, 5-105-213-245-253-255-269-272, Әли-Ғимран, 73-74-129, Ниса 83-175, Әнғам, 25-83-88-111-112-125-149, Ағраф, 30-178-186, Тәубе, 28, Юнус, 25-49-97-100-101-107, Һұд, 9-118-119-223, Юсуф, 110, Рағыд, 26-31-33, Ибраһим, 4, Нахыл, 9-108-109, Исра, 18-19-20-30-43-46-86-87, Каһф, 57, Мариям, 76, Әнбия, 9, Хаж, 16-17, Нұр, 21-38-46, Қасас, 56, Ғанкәбұт, 62, Рум, 36-37, Сәбә, 39, Фатыр, 8, Ясин, 43-44, Зумәр, 23, Шура, 13-27, Жәсиә, 23, Хужурат, 7-8, 517, Мүжадала, 21, Хашыр, 19-20,Жұма, 4, Тағабун, 11, Инсан, 27-31.

Алланың құдіреті: Фатиха, 1, Бақара, 22-74-115-117-164-255-259-260-284, Әли-Ғимран, 5-6-83-97-189, Мәйда, 48, Әнғам, 1-3-12-18-59-65-95-99-103,Тәубе, 116, Юнус, 4-6-18-61, Һұд, 6-56, Рағыд, 8-20-32-34, Ибраһим, 19-20-32-34, Нахыл, 1-22-40-48-52-60-61-74-77-79-81, Хижр, 16-25, 270, Исра, 25, Каһф, 109, Мариям, 65, Таһа, 6-8, Хаж, 61-66-74-76, Нұр, 35-41-50-53, Нәміл, 59-65, Ғанкәбұт, 21-22-52, Рум, 19-28-46-48, Лұқман, 10-11-16-25-30-34, Сәбә, 24, Фатыр, 3-14-15, Ясин, 12-36-41-42, Зумәр, 5-6-21-62-63, Мүмин, 5-19-61-69, Фуссилат, 39-47-48, Шура, 4-5-9-11-12-19-29, Зұхруф, 9-13-85, Ахкаф, 33, Фатх, 14, Қаф, 6-11-16, Зариат, 20-23-47-50-56-60, Нәжім, 42-55, Қамар, 54, Рахман, 1-30, Хадид, 1-6-17,

Мүлк, 1-17, Ғабаса, 23-32, Буруж, 13-16,Фил, 1-2-3

Алладан қорқу: Бақара, 74-150-194-212,Әли-Ғимран, 102-200, Мәйда, 93, Әнғам, 72, Ағраф, 35, Әнфәл, 2-29, Юнус, 31, Хижр, 45, Нахыл, 30-51-52, Нас, 34, Мүминун, 1-2-70, Зумәр, 61, Тағабун, 16, Талақ, 5, Мүлк, 12, Муддассир, 56.

Алланы сүю: Бақара, 165-177-186, Әли-Ғимран, 31-32-81, Әнбия, 90, Нұр, 31, Мүжадала, 7.

Алла жолында өлтірілгендер: Әли-Ғимран, 169-172.

Амал дәптері: Ниса13-14, Исра 13, Әнбия, 47, Сад, 16, Зумәр, 69, Жәсиә, 28, Уақиға, 8, Муддассир, 52, Нәбә, 29-40, Тәкуир, 10, Мутаффифин, 7-9, Иншиқақ, 7-15,

Амал таразысы: Ағраф, 8-9, Әнбия, 47, Мүминун, 102-103, Қариға, 6-9,

Амалсыз білім: Жұма, 5,

Ансар: Тәубе, 100-117, Хашыр, 9, Мұнафиқун, 7.

Ақыл: Бақара, 44-73-75-76-164-170-171-179-242-269, Әли-Ғимран, 65-100-118, Мәйда, 58-103, Әнғам, 32-151, Ағраф, 169, Әнфәл, 22, Юнус, 16-92-100, Һұд, 51, Юсуф, 109-111, Рағыд, 4-19, Ибраһим, 52, Нахыл, 12-67, Таһа, 53-128, Әнбия, 10-67, б. Хаж, 46, Мүминун, 80, Нұр, 58-59-61, Фурқан, 44, Шұғара, 28, Қасас, 60, Ғанкәбұт, 35-43-63, Сад, 29-43, Зумәр, 9-18-43, Мүмин, 54-67, Хадид, 27, Талақ, 10, Мүлк, 10, Фәжір, 5,

Ақындар: Шұғара, 221-227, Ясин, 69, Саффат, 35-36.

Арафат: Бақара, 198-199, Ағраф, 46-48-49.

Арабтар: Әли Ғимран, 103-104-110, Бақара, 143, Нахыл, 82-83, Мариям, 97-98, Хаж, 78, Зүхруф, 5-29-32, Тәубе, 90-97-98-99-101-110-120, Рағыд, 36, Сәбә, 15-19, Фатх, 11-12-15-16.

Аттар: Ғадият, 1-2-3-4-5-6.

Асхаб Ул-Каһф: Нахыл, 9-26.

Айт намазы: Әғла, 14, Кәусәр, 2.

Ақылдасу: Бақара, 233, Әли-Ғимран, 159, Шура, 36-38.

Азғындық: Ағраф, 33, Рағыд, 25, Юнус, 22-23,

Артықшылық: Әнғам, 123-129-165, Ниса, 95-96, Нахыл, 75-76, Исра, 21, Әнбия, 72-73, Ахзаб, 66-68, Сәбә, 31-33,

Айдап салу: Хужурат, 12, Қалам, 11, Һумәзә, 1.

Ажал: Әли-Ғимран, 145, Әнғам, 2-60, Ағраф, 34-135, Юнус, 49, Һұд, 3-104, Ибраһим, 10-44, Хижр, 5, Нахыл, 61,Ғанкәбұт, 53, Рум, 8, Фатыр, 45, Зумәр, 42, Мүмин, 67, Шура, 14, Нұх, 4, Мұнафиқун, 11.

Арлы: Ниса, 25, Мәйда, 5, Мүминун, 1-5, Нұр, 30, Мағариж, 29-35.

Арлы әйелдерге зина жаласы: Нұр, 4-6-7-23-24-26.

Аманат: Бақара, 283, Әли-Ғимран, 75, Ниса, 58, Мүминун, 8, Мағариж, 32-33-34-35,

Аманатты иесіне беру: Ниса, 58.

Азап: Әли-Ғимран, 133-134, Шура, 36-37, Мәсәд, 1-5,

Айлакерлік: Ниса, 98-99, Рағыд, 42, Нахыл, 45-46-47,

Азан: Мәйда, 58, Ағраф, 44, Тәубе, 3, Жұма, 9,

Аюб (ғ.с.): Әнбия, 83, Сад, 41-44, Ниса, 161.

Ә

Әбабил құстары : Фил, 1-2-3-4-5,

Әбу Бәкір (р.а.): Тәубе, 40-41.

Әйелдер: Бақара, 49-187-222-232-235-236, Әли-Ғимран, 14-42-61, Ниса,1-3-4-7-11-15-19-22-32-34-43-75-98-127-129-176, Ағраф, 81-127-141, Юсуф, 30, Ибраhим, 6, Нұр, 31-60, Нәміл, 55, Қасас, 4, Ахзаб, 30-32-52-55-59, Мүмин, 25, Фатх, 25, Хужурат, 11, Мүжадала, 2-3, Талақ, 14.

Әбу Ләhаб: Мәсәд, 1.

Әл-Ясаг: Әнғам, 86, Сад, 48.

Әділдік: Бақара, 282, Али Имран, 8-18-21, Ниса, 3-58-127-129, Мәйда, 8-42, Әнғам, 152, Ағраф, 29-159-181, Юсуф, 4-54, Нахыл, 9-76-90, Таhа, 2, Әнбия, 47, Шұғара, 15, Ахзаб, 5, Хадид, 25, Мүмтахина, 8.

Әзар: Әнғам, 74.

Әйелдерді талақ ету: Талақ, 1-3.

Әйелдердің киімі: Нұр, 31.

Әйелдердің бүркенуі: Нұр, 31, Ахзаб, 59.

Әдейі өлтіру: Ниса, 93.

Б

Бал жебелері: Мәйда, 3-90.

Бағыт-бағдар: Бақара, 177, Әли-Ғимран, 75-76, Әнғам, 152, Ағраф, 85, Әнфәл, 27, Һұд, 85-86, Исра, 34-35, Шұғара, 181-183, Рум, 38, Рахман, 7-9, Буруж, 1-3.

Бабил: Бақара, 102.

Басқарушылар: Ниса, 58.

Бәбісек құсы: Нәміл, 20-29.

Бұзауға табыну: Бақара, 51-52-54-92-93, Ниса,153, Ағраф, 148-152-155, Таhа, 88-89-90-91,

Бұзақылық: Әнфәл, 55-58, Юсуф, 52.

Бауырмалдық: Бақара, 83, Әли-Ғимран, 103, Ниса 25, Хужурат, 10-13, Мәйда, 32.

Бейбіт келісім: Бақара, 224-228, Ниса, 35-114-128, Әнфәл, 1-12-47-61, Хаққа, 10,

Болмыстағы мақсатымыз: Зариат, 56,

Бөтен жерге кіру әдебі: Нұр, 58-59.

Бейбітшілік: Бақара, 208-224-228, Ниса, 35-90-91-114-128, Әнфәл, 1-12-47-61, Нахыл, 28-87, Зумәр, 29, Мұхаммед , 35, Хужурат, 10.

Батыл сенімдер: Бақара, 189, Мәйда, 103.

Бәдір соғысы: Әли-Ғимран, 13-121-122-123-124-125-126-127-173-174, Әнфәл, 7-12-19-42-43-44-67-71, Сад, 11.

Баланы емізу: Бақара, 223.

Балаларды өлтіру: Исра, 31.

Бірлік: Әли Ғимран, 103, Әнфәл, 46, Тәубе, 107, Рум, 32, Шура, 13-46,

Бұйрыққа бойсұну: Ниса 59.

Бала-шаға: Әнғам, 140-151, б. 147-149, Исра, 31, Мүмтахина, 12, Каһф, 46, Тағабун, 15, Шура, 49-50, Талақ, 6, Бақара, 233, Тур, 21, Мұнафиқун, 9, Әли-Ғимран, 10, Әнфәл, 28, Хадид, 20.

Бала асырап алу: Сәжде, 4-5.

Байлық-Байлар: Сәбә, 34-37, Зүхруф, 23.

Ғ

Ғарыш:Хужурат, 14-17.

Ғайып: Бақара, 3-33, б. 3-7, Әли-Ғимран, 44-179, Ниса, 34, Әнғам, 50-59-73, Ағраф, 188, Тәубе, 94, Юнус, 20, Һүд, 31-123, Юсуф, 52-81-102, Рағыд, 9, Нахыл, 77, Каһф, 26, Мариям, 61-78,Әнбия, 49, Мүминун, 92, Нәміл, 65, Сәжде, 6, Сәбә, 3-53, Фатыр, 18-38, Ясин, 11, Зумәр, 46, 464, Хужурат, 18, Қаф, 33, Тур, 41, Нәжім, 35, Хадид, 25, Хашыр, 22, Жұма, 8, Тағабун, 18, Мүлк, 12, Қалам, 47, Жын, 26, Тәкуир, 24.

Ғайбат: Ниса, 148, Хужурат, 12, Һүмәзә, 1,

Ғұсыл (бой дәрет): Ниса 43, Мәйда, 6.

Ғиддат күту: Бақара, 228-231-234-240, Талақ, 1-7.

Ғаламның жаратылуы: Бақара, 29, Әнғам, 101-107, Рум, 19, Сәжде, 7, Ясин, 36, Зумәр, 63, Мүмин, 62, Шура, 49,Зүхруф, 12, Зариат, 49, Қамар, 49-50, Хадид, 1, Саф, 1, Жұма, 1, Тағабун, 1, Тәкуир, 15-18, Тариқ, 1-3, Әғла, 2, Шәмс, 1-8, Ләйл, 3, Тин, 1-3.

Ғарышқа байланысты аяттар: Бақара, 29-189, Юнус, 5, Исра, 12, Ясин, 37-40, Әнбия, 33, Мүминун, 17, Нәзиғат, 27-28, Саффат, 6-7-8, Хижр, 16-17, Мүлк, 5, Тариқ, 1-3-11.

Ғылыми ізденіс және білім: Бақара, 129-151-159-174-269, Ниса 113, Мәйда, 110, Әнғам, 119, Нахыл, 43, Тәубе, 122, Әнбия, 7, Ахзаб, 34, Фатыр, 19-22, Зумәр, 9-10, Ғабаса, 2-4, Ғалақ, 4.

Д

Дәрет: Мәйда, 6.

Даббат ул-Арз: Нәміл, 82.

Дәуіт (ғ.с.): Бақара, 249-250-251, Ниса,163, Мәйда, 78-79, Әнғам,

84, Исра, 55, Әнбия, 78-79-80-105, Сад, 17-26.

Дін: Фатиха, 3, Әнғам, 70, Шура, 8-9-21, Бәйина, 4-5.

Дұрыстық: Фатиха, 6, Бақара, 142-213, Әли-Ғимран, 51-101, Ниса, 67-175, Мәйда, 16, Әнғам, 39-78-126-153-161, Ағраф, 16, Тәубе, 7, Юнус, 25-89, Һұд, 56-112, Хижр, 41, Нахыл, 76-121, Исра, 35, Мариям, 36, Нас, 54-67, Мүминун, 73, Нұр, 46, Шұғара, 182, Ахзаб, 70, Ясин, 4, Саффат, 118, Сад, 16, Фуссилат, 30-31-32, Шура, 15-52, Зүхруф, 43-61-64, Ахкаф, 13-30, Фатх, 2-20, Мүлк, 22, Жын, 16, Тәкуир, 28, Ләйл, 12, Дос-достық: Бақара, 254, Әли-Ғимран, 28-118, Ниса25-125-139-140-141-142-143-144,Мәйда, 5-51-57-82, Тәубе, 16, Ибраһим, 31,Нахыл, 100, Исра, 73,Фұрқан, 28-29, Шұғара; 101, Мүмин, 18, Фуссилат, 34-35-36, Зүхруф, 67, Мүмтахина, 1-7-8-9-13, Хаққа, 35, Мағариж; 10

Дұға: Фатиха, 1-7, Бақара, 186-201-202-255-286. Әли-Ғимран; 8-26-27-191-192-193-194, Ағраф, 55-56, Исра, 80-81, б. 291, Мүминун, 118, Шұғара, 83-84-85-86-87-88-89, Нәміл, 62, Сәжде, 16, Мүмин, 60, Мүмтахина, 4-5, Муддассир, 43.

Дүние өмірі: Бақара, 212, Әли-Ғимран, 14, Ниса 77, Әнғам, 62-70, Юнус, 7-24, Һұд, 16, Рағыд, 26, Ибраһим, 3, Нахыл, 107, Каһф, 28-45-46, Таһа, 129-131, Шұғара, 60-61, Қасас, 60, Ғанкәбұт, 64, Рум, 7, Фатыр, 6, Мүмин, 39, Шура, 34, Зүхруф, 32, Аһқаф, 20, Мұхаммед, 36, Хадид, 20, Тағабун, 15, Шура, 20

Дастархан: Мәйда, 112-115.

Е

Елші періштелер: Әнғам, 61, Ағраф, 37, Юнус, 21, Һұд, 69-71-81, Исра, 95, Мариам, 19, Ғанкәбұт, 33, Фатыр, 1, Мүрсалат, 1, Тәкуир, 19.

Емізу: Бақара, 233, Ниса 23, Хаж, 2, Қасас, 7-12, Талақ, 6.

Етеккір: Бақара, 222.

Екі адамды татуластыру: Хужурат, 9-11.

Еркектер: Бақара, 28-29-30-31-32-33-213, Ахзаб, 72, Лұқман, 20-29, Жәсиә, 12-13, Исра, 11-67-68-69-70-83, Хижр, 21-26-27-29-30-31-32-33-34-35, Нәміл, 62, Сад, 71-74, Тәубе, 1-11, Фатыр, 12-13-15-27-28, Сәжде, 7-8-9, Мүминун, 12-13-14, Нас, 5-11, Мүмин, 64-67, Ғабаса, 17-22, Тариқ, 5-11, Инсан, 1-4, Нахыл, 4-18-65-67-78-80-81, Рум, 54, Фатыр, 11, Ағраф, 29-189, Әнғам, 98, Зумәр, 6-49, Хужурат, 13, Юнус, 19, Тин, 1-8, Таһа, 123, Рум, 41, Әнбия, 37, Мағариж, 19-21, Ясин, 77, Фәжір, 15-16-29, Шура, 48, Ғадият, 6-7, Каһф, 54, Нәбә, 8-16, Нәзиғат, 27.

Екі, үш және төрт әйелге үйлену: Ниса 3.

Есеп: Әнғам, 30, Әнбия, 1-47, Саффат, 24, Сад, 16-53, Хаққа, 18, Нәбә, 27, Иншиқақ, 8-14-15, Ғашиа, 26, Зілзала, 6-8.

Ж

Жамылу (тәсаттур): Нұр, 30-31-60, Ахзаб, 22-33-53-55-59.

Жеке жауапкершілік: Мәйда, 105, Әнғам, 31-104-164, Юнус, 108, Нахыл, 25, Исра, 15, Нәміл, 74-75, Сәбә, 25-50-52, Фатыр, 18, Зумәр, 7, Фатх, 4-5, Нәжім, 38, Тәкуир, 14.

Желінбейтін нәрселер: Мәйда, 3.

Жалбарыну-Хақтан қорқу: Әнғам, 63-64, Ағраф, 55-205-206, Һүд, 23, Әнбия, 89-90, Хаж, 34-35-54, Мүминун, 1-2-30, Нұр, 30, Қасас, 83, Лұқман, 18-19.

Жаратылыс мақсаты: Зариат, 56.

Жұмыс жасау: Қасас, 77, Нәжім, 39-41, Инсан, 22.

Жеңіс: Әли-Ғимран, 13-110-111-121-128, Әнфәл, 19-42-45, Ахзаб, 26-27.

Жеңіс аяттары: Бақара, 76-89, Ниса, 141, Мәйда, 52, Әнғам, 44-59, Ағраф, 40-89-96, Әнфәл, 19, Юсуф, 65, Ибраһим, 15, Хижр, 14, Әнбия, 96, Нәміл, 77, б. 385, Нұр, 61, Шұғара, 118, Қасас, 76, Сәжде, 28-29, Сәбә, 26, Фатыр, 2, Сад, 50, Зумәр, 71-73, Фатх, 1-18-27, Қамар, 11, Хадид, 10, Саф, 13, Нәбә, 19, Насыр, 1

Жаулық: Нұр, 31.

Жала: Ниса 112, Нұр, 4-5-18-19-20-23-24-25, Хужурат, 6, Қалам , 10-11-12-13-14-15-16, Һүмәзә, 1.

Жалут: Бақара, 249.

Жансыз: Хужурат, 12, Мүмтахина, 10.

Жәбірейіл (ғ.с.): Бақара, 87-97-98-99-253, Ниса 171, Мәйда, 110, Нахыл, 2-102, Исра, 85, Мариям, 17-19, Әнбия, 91, Шұғара, 193, Мүмин, 15-42-52, Нәжім, 5-6,

Жады: Бақара, 102, Ағраф, 10-126, Юнус, 2-7-76-81, Мәйда, 110, Әнғам, 7, Һүд, 7, Хижр, 15, Исра, 47-101, Таһа, 57-58-63-66-69-73, Әнбия, 3, Фурқан, 8, Шұғара, 34-41-46-49-153-185, Нәміл, 13, Қасас, 36, Сәбә, 43, Саффат, 15, Сад, 40, Мүмин, 24, Шура, 31-52, Зүхруф, 30-49, Ахкаф, 7, Зариат, 39-52, Тур, 15, Қамар, 2, Саф, 6, Муддассир, 24.

Жәһәннам: Бақара, 23-24, Әли-Ғимран, 12-106, Ниса 56, Ағраф, 36-38-41, Әнфәл, 36-37, Тәубе, 34-35, Ибраһим, 16-17, Хижр, 43-44, Таһа, 127, Әнбия, 98-100, Хаж, 19-22, Фурқан, 11-14, Сәжде, 20, Фатыр, 36-37, Саффат, 60-70, Зумәр, 24-25-47-48, Мүмин, 70-76, Дұхан, 43-50, Тур, 11-16, Рахман, 37-59-41-43-44, Уақиға, 41-56, Тахрим, 6-7, Мүлк, 8-11, Инсан, 4, Нәбә, 21-30, Муддассир, 26-37, Ғашия, 1-2-3-4-5-6-7, Һүмәзә, 1-2-3-4-5-6-7-8-9.

Жұлдыздар: Нахыл, 16, Әнбия, 33, Ясин, 40,

Жолаушылар: Әнфәл, 41, Тәубе, 60, Исра, 26, Бақара, 177.

Жолығып сөйлесу: Мүжадала, 9-10, Фатыр, 10.

Жәннат: Бақара, 25, Әли-Ғимран, 15, Мәйда, 85, Ағраф, 42-53, Әнфәл, 4-14-23, Тәубе, 72, Юнус, 9-10,

Рағыд, 20-21-22-23-24-25, Хижр, 45-46-47-48-49-50, Нахыл, 30-32, Каһф, 31, Мариям, 63-64-65, Әнбия, 101-102-103, Хаж, 14-23-24, Мүминун, 8-9-10-11, Фурқан, 15-16-24, Ғанкәбұт, 58, Рум, 15, Лұқман, 8-9, Фатыр, 33-34-35, Ясин, 55-56-57-58, Саффат, 40-61, Сад, 49-55, Зумәр, 20-73-74-75, Фуссилат, 30-31-32, Зүхруф, 69-73, Дұхан, 51-57, Мұхаммед, 14-15-16, Қаф, 31-35, Тур, 17-28, Қамар, 54-55, Рахман, 46-78, Уақиға, 1-40, Инсан, 5-22, Нәбә, 31-38, Мутаффифин, 23-36, Буруж, 11,Ғашия, 2-8-16.

Жаназа намазы: Тәубе, 84.

Жаза (амалына қарай): Әнғам, 160-164, Таһа, 74-75-76, Нас, 50-51, Мүмин, 58, Бәләд, 18-19, Шәмс, 1-10.

Жиһад: Бақара, 190-194-216-218-246, Әли-Ғимран, 146-148-157-195-200, Ниса 71-74-75-76-77-84-89-95-101-102-103-104, Әнфәл, 15-16-39-42-45-60-61-62-63-64-65-66-67, Тәубе, 12-14-16-19-20-24-25-26-27-28-29-38-39-40-41-42-46-47-53-73-82-86-89-91-123, Хаж, 39-40-78, б. 338-342, Фурқан, 52, Ғанкәбұт, 69, Мұхаммед, 4-7-20-35, Фатх, 16-17-22-25, Хужурат, 9, Мүмтахина, 8-11, Саф, 2-3-4-11, Тахрим, 9, Мүззаммил, 20.

Жындар: Әнғам, 100-128, Ағраф, 38, Һұд, 19, Хижр, 27, б. 264, Саффат, 158-166, Нәміл, 17-39, Сәбә, 12-14, Сад, 37-38, Фуссилат, 25, Ахкаф, 18-29-30, Зариат, 56, Рахман, 13-15-39-41, Жын, 1-17, Нас, 1-2-3-4-5-6.

Жомарттық: Исра, 29, Ләйл, 5-17-18.

Жуди: Һұд, 44.

Жұма намазы: Жұма, 9-11.

Жақсы әйелдер: Ниса 34.

Жақсылықты бұйырып жамандықтан тыйу: Әли-Ғимран, 104-110-114, Мәйда, 79, Ағраф, 157-199, Тәубе, 71-127, Хаж, 41, Лұқман, 17.

Жақсы болу: Бақара, 177.

Жаман мінез: Бақара, 65-66-85, Әли-Ғимран, 137, Ниса123, Мәйда, 100, Әнғам, 135, Юсуф, 27, Таһа, 124-126, Рум, 10, Сәжде, 21, Зумәр, 26.

Жаман ат қою: Хужурат, 11.

Жаман көзбен қарау: Қалам , 51.

Жаман хабар тарату: Ахзаб, 60.

Жаман ойлау: Хужурат, 12.

Жұбайлар ара-қатынасы: Ниса, 128-129.

Жұбайларды татуластыру: Ниса, 35.

Жауапкершілік: Бақара, 123-281, Әли-Ғимран, 182,Ниса 111-112-123, Әнғам, 160, Тәубе, 115, Исра, 15-34-36-84, Каһф, 29-57, Хаж, 10-76, Фурқан, 16, Қасас, 47, Рум, 41-44, Лұқман, 33, Ахзаб, 15, Фатыр, 18, Саффат, 24, Зумәр, 7, Шура, 1530, Жәсиә, 15-22, Ахкаф, 19, Тур, 16-21, Нәжім, 31, Жұма, 7, Тахрим, 7, Муддассир, 38, Зилзәл, 7-8.

Жазушы: Бақара, 79-282-283.

Жүрек: Ағраф, 43, Юнус, 57, Рағыд, 27-28, Мүминун, 78, Сәжде, 9, Ахзаб, 4.

Жала жабу: Ниса112, Нұр, 4-5-18-20-23-25, Хужурат, 11-16, Һумәзә, 1.

Жаратылыс және табиғат: Нахыл, 68-69.

Жариялық: Ниса 38.

Жаман істер: Әнғам, 151, Ағраф, 28.

Жазалау: Ниса15-16, Мәйда, 33-34-38-39.

З

Зәйд-Зәйнәп: Ахзаб, 5-37-69.

Зина: Ниса 15-16, Исра, 32, Нұр, 2-10, Фурқан, 68-69, Ахзаб, 30, Талақ, 1.

Залымдық: Бақара, 187, Ниса 105-107, Мәйда, 13, Әнфәл, 27-58-71, Юсуф; 52, Хаж, 38, Мүмин, 19, Тахрим 10.

Зина еткен еркек және әйелмен үйлену: Нұр, 3.

Зұлым: Ниса148, Шура, 40, Зариат, 59.

Зулқарнайн: Каһф, 83-86-94-98.

Зүлкифіл: Әнбия, 85, Сад, 48.

Зуннун: Әнбия, 87.

Забанилер: Ниса47-50, Тахрим; 6, Муддассир, 31, Нәбә, 21, Ғалақ, 118.

Забур: Ниса163, Исра, 55, Әнбия, 105.

Зекет: Бақара, 43-110-177-215-263-264-267-273, Ниса 77, Тәубе, 71, Нұр, 56, Әли-Ғимран, 92-134, Ниса38, Ағраф, 156, Әнфәл, 3, Тәубе, 60-67-79-80-99, Рағыд, 22-23, Ибраһим, 31, Исра, 28, Нас, 34-35-41, Мүминун, 1-4, Лұқман, 2-4, Сәжде, 16, Зариат, 19, Хадид, 7-12-13-18, Мүжадала, 12-13, Мұнафиқун, 10-11, Тағабун, 16-18, Мағариж, 24-25, Зұха, 10-11, Мәғун; 7.

Зекет берілетін орын: Тәубе, 60.

Зәкария (ғ.с.): Әли-Ғимран, 37, Әнғам, 85, Мариям, 2-7-8-10-11, Әнбия, 89.

Заққум ағашы: Саффат, 62-66, Дұхан, 43, Уақиға, 53.

И

Илияс (ғ.с.): Әнғам, 85, Саффат, 123-129.

Иман: Бақара, 2-20-82-108-136-154, Мәйда, 17-46-72-75-109-120, Тәубе, 30-111, Мүминун, 50, Зүхруф, 57-65, Саф, 6, Хадид, 26-27.

Исхақ (ғ.с.): Бақара 133-136, Әли-Ғимран 84, Ниса 163, Һұд 71, Юсуф, 6-38, Ибраһим 39, Мариям 40, Әнбия 72, Ғанкәбұт, 27, 400, Саффат, 112.

Ислам: Бақара, 11-112-127-128-135-140-141-208-221, Әли-Ғимран, 19-67-68-84-85-118, Ниса 125, Мәйда, 3, Һұд, 116-117, Әнбия, 92-93, Нас, 78, Рум, 30, Шура, 13, Зумәр, 22, Фуссилат, 33, Саф, 9, Бәйина, 5, Насыр, 1-3.

Ислам және мойынсұну: Бақара, 155-156, Әнғам, 162-163, Каһф, 23-24, Рағыд, 22, Әли-Ғимран, 26.

Исламият: Әли-Ғимран, 19-85, Мәйда, 3.

Исмайыл (ғ.с.): Бақара, 126-133-236, Әли-Ғимран, 84, Ниса 3, Ибраһим, 39, Мариям, 54, Әнбия, 85, Сад, 48.

Исрайыл: Мариям, 58-59.

Исрайыл ұрпағы: Бақара, 47-122,Жәсиә, 16-17, Жұма, 5-8, Мәйда, 12, Ағраф, 160, Юнус, 93.

Исраф: Ағраф, 31.

Истиғфар: Бақара, 199, Әли-Ғимран, 39-135-159, Ниса 62-64-106-110, Мәйда, 74, Әнфәл, 33, Тәубе, 80-113, Һұд, 3-52-61-90, Юсуф, 26-97-98, Каһф, 55, Мариям, 47, Нұр, 62, Нәміл, 46, Сад, 24, Мүмин, 7-55 Фуссилат, 6, Шура, 5, Фатх, 11, Зариат, 18, Мүмтахина, 4-12, Мутаффифин, 6, Мағариж, 10-11-12,

Ибраһим (ғ.с.): Бақара, 124-130-136-262-268, Әли-Ғимран, 65-67-84, Ниса,125, Әнғам, 74-83, Тәубе, 114-115, Һұд, 89-71-74-75, Әнғам, 6, Ибраһим, 35, Хижр, 51-52, Нахыл, 123, Мариям, 41-46, Әнбия, 51-52-54-60-62-63-65-66-69, Шұғара, 69-70-72-75, Ғанкәбұт, 16-27-32, Ахзаб, 7, Саффат, 83-85-88-95-105-108, Сад, 45, Зүхруф, 26, Зариат, 24-25-31, Хадид, 26.

Ибраһмнің отбасы: Әли-Ғимран, 33, Ниса 54, Әнғам, 161.

Ибраһим діні: Тәубе, 70, Нас, 4.

Идрис (ғ.с.): Мариям, 56-57, Әнбия, 85-86.

Ихрам киіп аң аулау және каффараты: Мәйда, 95.

Ихсан: Нахыл, 90, Бақара, 36-114, Әли-Ғимран, 15-17-134, Мәйда, 32, Хужурат, 11-12, Мағариж, 24-25, Муддассир, 44, Фәжір, 16-20, Бәлад, 12-17, Кәусәр, 3, Ахзаб, 58, Мәғун, 1-3, Ләйл, 17-21.

К

Кішімсіреу: Зүхруф, 54.

Күмән: Әнғам, 116, Юнус, 36, Хужурат, 12,

Кедейшіліктен балаларды өлтіру: Әнғам, 151.

Кешіру: Бақара, 173-182-185-287, Әли-Ғимран, 28, Ниса16-22, Мәйда, 3-89-93, Әнғам, 54-55-119-145, Нахыл, 119, Нұр, 4-33, Шұғара, 25-30-34-40, Мүжадала, 2, Мүззаммил, 20.

Келісім: Ниса 90, Тәубе, 1-13, Нахыл, 92.

Көрегендік: Әнғам, 104, Ағраф, 203, Юнус, 43, Юсуф, 108, Исра, 102, Жәсиә, 20, Қаф, 8, Қиямет, 14.

Көркем сөз: Әнғам, 112, Рахман, 1-2-3-4.

Күндер: Ниса 25-36-92, Мәйда, 89, Нахыл, 71-98, Мүминун, 5, Нұр, 32-33, Мүжадала, 3, Мағариж, 29, Бәлад, 11-13.

Көктердің әуелі тұман (газ) түрінде болуы: Фуссилат, 11.

Көктердің жаратушысы: Бақара, 117, Әнғам, 14-73-101, Ибраһим, 32, Нас, 65, Фатыр, 1, Шура, 11, Зариат, 47, Рахман, 17, Тағабун, 3, Нәзиғат, 27.

Көктердің жаратылуы: Әнғам, 101, Ағраф, 54, Юнус, 3, Һұд, 7, Рағыд, 2, Хижр, 85, Нахыл, 3, Әнбия, 30-32, Фурқан, 59, Лұқман, 10, Сәжде, 4, Фуссилат, 11,Қаф, 38, Зариат, 47, Хадид, 4, Талақ, 12, Нәзиғат, 28.

Көктердің жеті қат болып жаратылуы: Бақара, 29, Исра, 44, Мүминун, 17-86, Фуссилат, 12, Талақ, 12, Мүлк, 3, Нұх, 28, Нәбә, 12.

Кедейшілік-кедейлер: Бақара, 177-184-215-221-235-268-271-273, Әли-Ғимран, 181, Ниса 6-8-36-135, Мәйда, 89-95, Әнғам, 151, Тәубе, 28-41-60, Исра, 26-31, Каһф, 79, Нас, 28-36, Нұр, 22-32, Қасас, 24, Рум, 38, Фатыр, 15, Мұхаммед , 38, Зариат, 19, Уақиға, 67, Әнфәл, 4, Хашыр, 7-9, Қалам, 24-27, Хаққа, 34, Мағариж, 25, Муддассир, 44, Фәжір, 18, Бәлад, 16, Зұха, 8-10, Мәғун, 3.

Кітап иелері: Бақара, 105-109, Әли-Ғимран, 64-65-69-70-71-72-75-98-99-110-113-199, Ниса123-153-159-171, Мәйда, 15-19-47-59-65-68-77, Қасас, 12, Ғанкәбұт, 46, Ахзаб, 26, Хадид, 29, Хашыр, 2-11, Бәйина, 1-6.

Куәлік: Бақара, 181-282-283, Нәбә, 85, Юнус, 3, Мариям, 85, Таһа, 109, Әнбия, 28, Сәбә, 23, Мүмин, 18, Зүхруф, 86, Инфитар, 19.

Күмән: Бақара, 147, Юнус, 94-95, Нас, 11, Сәбә, 51-54.

Куәлер: Бақара, 154-181-282-283, Әли-Ғимран, 169-170-171, Ниса, 69-135, Мәйда, 8, Тәубе, 52, Нас, 58, Фурқан, 72, Ахзаб, 23, Мұхаммед, 4, Мағариж, 33-35.

Көз-қас ишарасымен кінәлау: Хужурат, 11, Һумәзә, 1-2

Күнә: Бақара, 209-286, Ниса, 31, Әнғам, 120, Һұд, 61, Мүминун, 118, Мүмин, 2-3-55, Фатх, 1-5, Нәжім, 12, Хадид; 28, Буруж, 10.

Көркем сөз: Зумәр, 18, Фуссилат, 33, Мұхаммед, 21.

Кәпірлер: Бақара, 114-161-162-170-171-210, Әли-Ғимран, 11-106-107-116-120-149, Ниса, 18-39-56-167-170, Мәйда, 10-36-37-47-60-63-73-104, Әнғам, 1-4-5-29-30-31-33-37-39-47-49-57-58-109-111, Ағраф, 40, Әнфәл, 30-36-38-39-50-57, Рағыд, 31, Хижр, 2-3-88, Мүминун, 63-67-93-96, Жәсиә, 3-11, Ғанкәбұт, 41-43-52-55, Мұхаммед, 4-12-18-29-30-34, Тур, 35-47, Нәжім, 28, Тахрим, 9, Муззаммил, 10-13, Буруж, 17-20, Кәфирун, 1-6, Мағариж, 36-44, Һұд, 109, Нахыл, 33-34, Каһф, 52-53, Таһа, 128-129-134-135, Хаж, 72, Нұр, 57, Фурқан, 40-55, Сад, 1-2.

Кітаптар: Бақара, 3-4-41-78-79-136-285, Әли-Ғимран, 84, Ниса, 136, Рағыд, 36, Ғанкәбұт, 46-47, Фатыр, 25, Хадид, 26.

Кішіпейіл: Нұр, 30, Фурқан, 63, Лұқман, 18

Көмектесу: Мәйда, 2, Әнфәл, 73, Тәубе, 71.

Киім киу: Ағраф, 26-27-31-32.

Кепілдік: Юсуф, 72, Қалам, 40.

Каһф және асхабы: Каһф, 9.

Көрші: Ниса 36, Әнфәл, 48.

Қ

Қарыз-қарыздар адам: Бақара, 280-282-283, Ниса 11-12, Тәубе, 60-88, Тур, 40, Уақиға, 66, Қалам , 46.

Қарсы келу: Бақара, 262-264, Юсуф, 92, Шұғара, 22, Фуссилат, 8, Хужурат; 17, Қалам, 3, Муддассир, 6, Иншиқақ, 25, Тин, 6.

Қорқақтық: Әли-Ғимран, 156-158, Ниса, 72-73, Әнфәл, 15-16, Тәубе, 44-49-56-57.

Қорқу намазы: Ниса 101-102.

Құлдық: Бақара, 221, Ниса 24-25-36, Мәйда, 89, Тәубе, 60, Нахыл, 71, Мүминун, 1-6, Ахзаб, 50, Мұхаммед, 4, Мүжадала, 3-4, Мағариж, 30-35.

Құмар: Бақара, 219-220, Мәйда, 90-91.

Құран Кәрім: Бақара, 185-223, Ниса 174, Мәйда, 101, Әнғам, 19, Ағраф, 204, Тәубе, 111, Юнус, 15-37-61, Юсуф, 2-3, Рағыд, 31, Хижр, 1-87-91, Нахыл, 98, Исра, 9-41-45-46-60-78-82-88-89-106, Каһф, 54, Таһа, 2-113-114, Фурқан, 30-32, Нәміл, 1-6-76-92, Қасас 85, Рум, 58, Сәбә, 31, Ясин; 2-69, Сад, 1, Зумәр, 27-28, Фуссилат, 3-26-44, Шура, 7, б. 484, Зүхруф, 3-31, Ахкаф, 29, Мұхаммед, 24, Қаф, 1-45, Қамар, 17-22-32-40, Рахман, 2, Уақиға, 77, Хашыр, 21, Жын, 1, Мүззаммил, 4-20, Қиямет, 17-18, Инсан, 23, Иншиқақ, 21, Буруж, 21.

Құран Кәрімнің түсірілуі: Бақара, 97, Нахыл, 102, Шұғара, 195, Мариям, 47-49, Ахкаф, 2.

Құран Кәрімнің сипаттары: Бақара, 2-41-89, Әли-Ғимран, 4-7-138, Ниса 82-105, Мәйда; 48-67-83, Әнғам, 92-155-157, Һұд, 1-3-14, Юсуф, 2-3-104, Рағыд; 37, Хижр, 87, Исра, 82, Каһф, 1-4, Таһа, 2-4-113, Әнбия, 10, Хаж, 16, Сәжде, 2, Зүхруф, 2-4, Хашыр, 21, Ғабаса, 2.

Құрбан: Бақара, 195, Әли-Ғимран, 183, Мәйда, 2-27-95-97, Хаж, 28-32-33-34-36-37, Кәусәр, 1-2.

Құрайыш тайпасы: Құрайыш, 1-4.

Құбла: Бақара, 115-142-145-148-150.

Қысас: Бақара, 178-179-199, Мәйда, 44-45, Нахыл, 126.

Қызғану: Бақара, 109, Ниса 54, Фатх, 15, Фәләқ, 5.

Қиямет: (қара. Ақырет күні)

Қиямет күніндегі өлшеу: Ағраф, 8.

Қиямет уақыты: Ағраф, 187.

Қыз бала: Нахыл, 57-59, Зүхруф, 17, Тәкуир, 8-9.

Құзыр: Әли-Ғимран, 17, Исра, 106-109.

Қызыр (ғ.с.): Каһф, 60-72.

Қалжың: Хадид, 16.

Қарттық: Нахыл, 70.

Қатігез болмау: Ниса 2-5.

Қателік істеу: Ниса 112, Шұғара, 51-82, Taha, 73.

Қағба: Бақара, 125, б. 20, Әли-Ғимран, 96, б. 63, Мәйда, 97, б. 125, Хаж, 26, б. 336.

Қадір кеші: Дұхан, 3-6, б. 497, Фәжір, 4, Қадір, 1-5,

Қалам: Қалам , 1, б. 565, Ғалақ, 4, б. 599.

Қалубәла: Ағраф, 172-173, б. 174.

Қарун: Қасас, 76-83, б. 395-396.

Қаза және Қадар: Әли-Ғимран, 145-154, б. 69-71, Әнғам, 2-35, б. 129-132, Қамар, 51-52-53, б. 532, Ағраф, 34, б. 155, Юнус, 49, б. 215, Һұд, 6, б. 223, Хижр, 4-5, б. 263, Исра, 58, б. 288, Нұр, 43, б. 356, Нәміл, 74, б. 384, Сәбә, 3, б. 429, Фатыр, 11, б. 436, Хадид, 22, б. 541, Хашыр, 3, б. 546, Талақ, 3, б. 559, Нұх, 4, б. 571, Жын, 25-28, б. 572.

Қарыз беру: Бақара, 24-282, б. 5-49.

Л

Лақаб ат қою: Хужурат, 11.

Лағнет-лағнеттеу: Бақара, 88-89-159-161, Әли-Ғимран, 61-87, Ниса 46-47-52-93-118, Мәйда, 13-60-64, Ниса 38-44, Тәубе, 68, Һұд, 18-60-99, Рағыд, 25, Хижр, 35, Нұр; 7, Қасас, 42, Ахзаб, 57-61-64, Мүмин, 52, Мұхаммед, 23, Фатх, 16, Ғанкәбұт, 25.

Лат: Нәжім, 19-20.

Лаухулмахфуз: Әнфәл, 68, Юнус, 19, Һұд, 40-110, Taha, 129, Әнбия, 101, Рағыд, 39, Мүминун, 27, Ясин, 7, Саффат, 171, Фуссилат, 45, Шура, 14, Зүхруф, 4, Қаф, 4, Уақиға, 78, Хадид, 22, Нәбә, 38, Ғабаса, 13-16, Буруж, 22, Ләйл, 10.

Лиуат харам: Ниса16, Ағраф, 80-82.

Лұқман (ғ.с.): Лұқман, 12-13-16-17.

Лут (ғ.ғ.): Ағраф, 80-84, Нәміл, 54-58, Һұд, 77-83, Ғанкәбұт, 26-28-35, Шұғара, 160-175, Хижр, 57-77, Саффат, 133-138, Әнғам, 86, Әнбия, 74-75, Хаж, 42-44, Қаф, 13-14, Қамар, 33-39.

М

Манат: Нәжім, 19-20.

Мейрімділік: Мариям, 13, Бәлад, 12-17.

Мәруа: Бақара, 158.

Мариям: Әли-Ғимран, 33-37-42-47, Ниса 156, Мариям, 16-34, Әнбия, 91, Тахрим, 12.

Масжид Әл-Ақса: Исра, 81.

Масжиди Әл-Харам (Қағба): Бақара, 14-125-149-158-191-196, Мәйда, 2-96-97, Әнфәл, 34-35, Тәубе, 7-19, Исра, 1, Хаж, 25-26-29-33, Фил, 1.

Махрам болғандар: Ниса 23-24.

Мал-мүлк және бала-шаға емтихан үшін: Бақара, 155-156-214, Әли-Ғимран, 186, Әнфәл, 28, Мұхаммед, 31, Тағабун, 13-15.

Мүлкін рияқорлықпен беру: Ниса 38.

Масқаралық қылу: Хужурат, 11.

Мәдина: Ахзаб, 60.

Мадиан: Ағраф, 85, Тәубе, 70, Қасас, 22.

Мекке: Тәубе, 40, Ғанкәбұт, 67, Бәлад, 1, Тин, 3.

Мінез-құлық: Бақара, 129-151-172-232, Әли-Ғимран, 77-164, Ниса, 49, Әнфәл, 53, Тәубе, 103, Кahф, 19-74, Мариям, 19, Таhа, 76, Нұр, 21-28-30, Шұғара, 137, Фатыр, 18, Жұма, 2, Мүлк, 4, Нәзиғат, 12, Ғабаса, 3-7, Әғла, 14, Шәмс, 9, Ләйл, 18,Ғалақ, 6-7.

Мүсіндер: Сәбә, 13.

Маскүнемдік: Ниса 43.

Мысалдар: Бақара, 26, Ибраhим, 25, Фурқан, 33, Зумәр, 27.

Микайыл: Бақара, 98.

Мина: Бақара, 203.

Мирас үкімдері: Ниса 2-12-176.

Мұғжизалар: Бақара, 43, Әнғам, 35-37, Юнус, 20, Юсуф, 105, Рағыд, 7-27-31-38, Исра, 1-59-60, Таhа, 133, Әнбия, 16-17, Ғанкәбұт, 50-52, Сәжде, 15, Ахзаб, 9, Мүмин, 35, Шура, 35.

Муhажирлер: Тәубе, 100-117-118, Бақара, 217, Әли-Ғимран, 95, Ниса 97-99, Әнфәл, 26-71-74-75, Нахыл, 41-110, Хаж, 58, Нұр, 22, Ғанкәбұт, 57-60, Хашыр, 8.

Муhкам және муташабиh аяттар: Әли-Ғимран, 7.

Мұса (ғ.с.): Бақара, 51-53-55-60-61-67-87-92-108-136-246-248, Әли-Ғимран, 84, Ниса 153-164, Мәйда, 20-22-24, Әнғам, 84-91-154, Ағраф, 103-104-115-117-122-127-128-131-134-138-142-143-144-148-150-154-155-159-160, Юнус, 75-77-80-81-83-84-87-88, Һұд, 17-96-110, Мариям, 51, Таhа, 9-11-17-19-36-40-49-57-61-65-67-70-77-83-86-88-91, Әнбия, 48, Хаж, 44, Мүминун, 45-49, Фурқан, 35, Шұғара, 10-43-45-48-52-61-63-65, Нәміл, 7-9-10, Қасас, 3-7-10-15-18-19-20-30-31-36-37-38-43-44-48-76, Ғанкәбұт, 39, Сәжде, 23, Ахзаб, 7-69, Саффат, 114-120, Мүмин, 23-26-27-37-53, Фуссилат, 45, Шура, 13, Зүхруф, 47, Ахкаф, 12-30, Зариат, 38, Нәжім, 36, Саф, 5, Нәзиғат, 15, Әғла, 19.

Мұсаның әпкесі: Қасас, 11-12.

Мұсаның анасы: Қасас, 10.

Мұқаддас кітаптар: Бақара, 78-113-121-159, Әли-Ғимран, 73-113-114, Рағыд, 38, Ғанкәбұт, 46.

Мүминдер: Бақара, 257-285, Әли-Ғимран, 179, Әнғам, 122, Тәубе, 71-119, Һұд, 17-112-113, Нахыл, 91-95-95, Фурқан, 63-68, Қасас, 61, Ғанкәбұт, 2-5, Сәжде, 18,

Ахзаб, 58, Зумәр, 11-14, Хадид, 12-16-19, Әгла, 14-15.

Мұнафықтар: Бақара, 8-13-20-77, Әли-Ғимран, 167-168-177, Ниса, 72-74-81-83-88-89-138-146, Мәйда, 41-52-58, Ағраф, 175, Әнфәл, 49, Тәубе, 43-58-61-69-73-77-80-87-94-98-101-107-110-124-127, Нұр, 47-50-53, Ахзаб, 1-12-20-24-48-60-61, Мұнафиқун, 69-73, б. 428, Мұхаммед, 16-20-24-29-30, Фатх, 6, Хадид, 13-15, Мүжадала, 14-18, Хашыр, 11-17, Мұнафиқун, 1-8, Муддассир, 31.

Муртадтар (діннен шыққандар): Бақара, 217, Әли-Ғимран, 77-86-91-108-177, Ниса, 89-90-137, Мәйда, 3-52-54, Әнғам, 11, Әнфәл, 13-14, Нахыл, 106-107-112, Мұхаммед, 25-28-31-32.

Мушрік әйел және еркекпен үйлену: Бақара, 221.

Мушриктер : Бақара, 217, Ниса 50-52-117, Мәйда, 60, Әнғам, 71-136-139, Ағраф, 189, Тәубе, 1-5-113-114, Юнус, 17, Юсуф, 106-108, Ибраһим, 28-29-30, Нахыл, 75-76-86-88, Исра, 56-57, Каһф, 102, Мариям, 81-88, Хаж, 12-13-73, Фурқан, 3, Ғанкәбұт, 25-68, Сәбә, 21, Фатыр, 13-14-40, Ясин, 74-75, Нәжім, 19-25.

Мұздалифа: Бақара, 198.

Н

Нәзір Құрбаны: Бақара, 70, Әли-Ғимран, 35, Мариям, 26, Хаж, 29, Инсан, 7.

Надандық: Бақара, 67-273, Әли-Ғимран, 154, Ниса, 17, Мәйда, 50, Әнғам, 35-54-111, Ағраф, 138-199, Һұд, 29-46, Юсуф, 33-89, Нахыл, 119, Мүминун, 54-63, Фурқан, 63, Нәміл, 55, Қасас, 55, Ахзаб, 33-72, Зумәр, 64, Ахкаф, 23, Фатх, 26, Хужурат, 6, Зариат, 11, Мүжадала, 22, Тахрим, 12, Мағариж, 4, Нәбә, 38, Тәкуир, 19-21, Қадір, 4.

Напақа: Бақара, 270, Тәубе, 54-121.

Намаз: Бақара, 37-43-45-46-115-142-143-144-148-177-186-238-239-255-286, Ниса, 45-101-102, Мәйда, 6, Ағраф, 55-205, Әнфәл, 3, Һұд, 114, Ибраһим, 31, Исра, 78-79-110, Таһа, 7-130-132, Хаж, 35-34-41, Фурқан, 62-64, Ғанкәбұт, 45, Лұқман, 4-5, Сәжде, 15-16, Ахзаб, 41-42; Қаф, 39-40, Зариат; 15-18, Мағариж, 22-23-34, Инсан, 25-26, Тәкәсүр, 4-6.

Намаз қылу: Бақара, 110-238, Ниса, 77-103, Әнфәл, 3, Тәубе, 71, Исра, 78, Таһа, 132, Әнбия, 73, Нұр, 56, Лұқман, 17, Фатыр, 18, Мағариж, 34.

Намаз оқылмайтын жағдайлар: Ниса, 43.

Насара: Бақара, 62-113-135, Әли-Ғимран, 64-113-114-118, Мәйда, 5-14-18-46-47-51-57-59-65-66--68-82-85, Тәубе, 30-33, Рум, 2-5, Хадид, 27.

Насих: Бақара, 106, Нахыл, 101.

Неке (үйлену): Бақара, 102-221-228-230-232-235, Ниса; 3-5-19-22-26-78-81-82-83, Ағраф, 189-190,

Нұр, 32-33, Рум, 21, Ахзаб, 37, Мүмтахина, 10-12.

Нығметті мойындамау: Әнфәл, 55, Юнус, 12-22-23, Һұд, 9-10, Нахыл, 53-55, Исра, 67-83, Ғанкәбұт, 65, Рум, 33-34-51, Лұқман, 32, Зумәр, 7-8-49-50, Фуссилат, 49-51.

Ниет: Бақара, 225.

Нұх (с.ғ.): Әли-Ғимран, 33, Әнғам, 84, Ағраф, 59, Юнус, 71, Һұд, 25-28-32-36-42-43-45-46-48, Исра, 3-17, Мариям, 58, Әнбия, 76-77, Фурқан, 37, Шұғара, 112-116-117-105-122, Ғанкәбұт, 14-15-37, Мүминун, 23-31, Сәжде, 23-26-28, Ахзаб, 7, Саффат, 75-78, Мүмин, 5-6, Қамар, 14, Нұх, 1-5-21-22-26-28.

О

Отбасы: Бақара, 215, Ниса, 36, Әнғам, 151, Әнфәл, 41-72-75, Рағыд, 38, Нахыл, 90, Исра, 23, Хижр, 54, Ғанкәбұт, 8-32-33, Лұқман, 14, Ахзаб, 4-6, Мүмин, 8, Шура, 23, Ахкаф, 15-18, Тур, 21, Хадид, 2, Тағабун, 33, Иншиқақ, 9-13.

Ортанғы намаз: Бақара, 238.

Ораза: Бақара, 183-185-187.

Ортақтасу: Сад, 21-24.

Олжалар: Әнфәл, 1-6-10-41, , Мүмтахина, 11.

Ө

Өркөкіректік: Ниса, 36, Һұд, 10, Лұқман, 18, Хадид, 23, Тағабун, 1-5.

Өтірік айту: Хаж, 30, Саф, 2-3.

Өтірік ант ішу: Мариям, 94.

Өкпе: Әли-Ғимран, 119-134.

Өмір: Бақара, 86-96-179-204-212, Әли-Ғимран, 14-117-175, Ниса, 74-94-109, Әнғам, 32-70-130, Ағраф, 32-51-152, Тәубе, 38-55, Юнус, 7-23-24-64-88-98, Һұд, 25, Рағыд, 26-34, Нахыл, 97-107, Исра, 75, Каһф, 28-45-46-104, Таһа, 72-97-134, Мүминун, 33, Нұр, 33, Фурқан, 3, Қасас, 60-61-79, Ғанкәбұт, 25-64, Рум, 7, Лұқман, 33, Ахзаб, 28, Фатыр, 5, Зумәр, 26, Мүмин, 39-51, Фуссилат, 16-31, Шура, 36, Зүхруф, 32-35, Жәсиә, 35, Мұхаммед, 36, Нәжім, 29, Хадид, 20.

Өлгеннен кейін тірілу: Бақара, 28-73-259-260, Әли-Ғимран, 106-107, Әнғам, 30-96, Ағраф, 57, Нахыл, 38-39, Исра, 50-52-104, Каһф, 21-52-100, Мариям, 70, Таһа, 102.

Өлім: Әли-Ғимран, 143, Ниса, 78, Әнбия, 34-35, Жұма, 8, Мүлк, 2, Хаққа, 8.

Өзін ұнату: Ниса, 36, Лұқман, 18.

Өш: Әли-Ғимран, 118, Ниса, 22, Мәйда, 14-64-91, Фатыр, 39, Мүмин, 10-35, Мүмтахина, 4, Саф, 3, Зұха, 3, Кәусәр, 3.

Өсім (өсім): Бақара, 275-279, Әли-Ғимран, 130, Ниса161.

Өсиет: Бақара, 180-182, Ниса, 9-11-12, Мәйда, 106-107.

П

Пайғамбарымыздың (ғ.с.) пайғамбарлығы: Бақара, 119-252, Әнғам, 14-19-48, Әли-Ғимран, 62-79-144-159, Ниса, 105-106, Мәйда, 67-99, Ағраф, 158, Һұд, 2, Рағыд, 7, Нахыл, 64-89, Исра, 54, Каһф, 110, Әнбия, 107, Хаж, 49, Фурқан, 56, Нәміл, 91-93, Ахзаб, 40-45-47, Сәбә, 28, Фатыр, 24, Ясин, 2-6, Сад, 65-70, Шура, 6, Ахкаф, 9, Фатх, 8-9, Шарх, 1-8.

Пайғамбарлықтың құпталуы: Саф, 6, Рағыд, 27-36-40-43, Ахзаб, 48, Шура, 2-7-52-53, Әнбия, 3-4-5-16-17, Фурқан, 7-10-57, Әнғам, 8-11-20-26-35-66-67-90, Мүминун, 72, Сәбә, 47, Сад, 86, Қалам 46-50, Ниса, 78-79-163-166, Нәжім, 118, Әли-Ғимран, 61-63-183-184, Юнус, 2-15-16-41-43-104, Һұд, 12-14-35, Ағраф, 184-185-187, Нахыл, 82-103, Исра, 46-47, Хаж, 49, Ғанкәбұт, 18, Фатыр, 22-23-25-26, Шура, 24-48, Зүхруф, 88-89, Тур, 29-31, Тәубе, 129, Рум, 52, Бақара, 120, Мәйда, 19.

Пайғамбарымыздың кісілігі: Қасас, 44-47, Сәжде, 3, Ниса41-59-64-65-69-80-81-113, Әнғам, 104-105-107, Ахзаб, 6-57, Бақара, 146, Ағраф, 157-188, Фуссилат, 6, Жын, 18-24, Жұма, 2, Ғанкәбұт, 48, Шура, 15, Мәйда, 49-50, Ғашия, 21-22, Әли-Ғимран, 31-32-132-152, Әнфәл, 20-46, Тәубе, 58-59-61-62-63-128, Нұр, 51-56-63, Шұғара, 215-216, Ахзаб, 33-36-69-71, Мұхаммед, 33, Фатх, 10-17, Хадид, 28, Мүжадала, 5-8-9-20-21, Хашыр, 7, Мүмтахина, 12, Тағабун, 12, Каһф, 6-28, Ахкаф, 3, Тур, 31-48, Хижр, 6-8, Исра, 47-48-73-77, Әнбия, 36-41-43-45-46, Хаж, 42-43, Фурқан, 41-44-77, Саффат, 35-39, Қалам , 1-7-51, Юнус, 94-95, Мәсәд, 1-5.

Пайғамбарымыздың кейбір ерекшеліктері: Тәубе, 40-61, Ахзаб, 6-28-34-38-39-50-53-56-59-60-62, Хаж, 15-52-53, Тахрим, 1-5, Нұр, 11-16-63, Әнфәл, 1-5-8-30-41, Фатх, 28-29, Мүмин, 77-78, Исра, 90-96, Хужурат, 1-5, Хашыр, 6-7, Мүззаммил, 1-9-20, Мәйда, 11, Хижр, 87-99, Фурқан, 52, Нәміл, 79-81.

Пайғамбарлар: Бақара, 87-98-253-285, Әли-Ғимран, 144-179-183-184-194, Ниса,136-150-152-164-165-171, Мәйда, 12-18-32-75-109, Әнғам, 10-34-61-124-130, Ағраф, 35-37-43-53-101, Тәубе, 70, Юнус, 13-21-74-103, Һұд, 59-69-77-81-120, Юсуф, 110, Рағыд, 32-38, Ибраһим, 9-11-13-44-47, Нахыл, 35, Исра, 77, Каһф, 106, Әнбия, 41, Нас, 75, Мүминун, 44-51, Фурқан, 37, Ғанкәбұт, 31-33, Рум, 9-47, Сәбә, 45, Фатыр, 1-4-25, Сад, 14, Зумәр, 71, Мүмин, 22-50-51-70-78-83, Фуссилат, 14-43, Шура, 45-80, Ахкаф, 9-35, Қаф, 14, Хадид, 19-21-25-27, Мүжадала, 21, Хашыр, 6, Талақ, 8, Мүрсалат, 11.

Пасықтық істеу: Бақара, 27-60, Мәйда, 33-64, Ағраф, 56-75-81, Шұғара, 151-152, Мұхаммед, 22.

Пітір садақасы: Әғла, 14.

Періштелер: Бақара, 30-34-98-102-161-176-177-210-248-285, Әли-Ғимран, 18-42-45-80-87-99-123-125, Ниса, 96-166-172, Әнғам, 8-9-50-92-111-158, Ағраф, 11-20, Әнфәл, 9-12-50, Һұд, 12-31, Юсуф, 31, Рағыд, 13-23, Хижр, 7-8-28-30-43, Нахыл, 2-28-32, Исра, 40-61-65, Әнбия, 26-28, Фурқан, 7, Сәжде, 11, Ахзаб, 43, Фатыр, 1, Сад, 1-4-71-85, Фуссилат, 30-32, Шура, 5, Зүхруф, 16-22-60-77, Қаф, 17-19, Нәжім, 26, Мұхаммед, 27, Хаққа, 17, Мағариж, 1-4, Муддассир, 31, Нәбә, 38, Фәжір, 22-23.

Пұтқа табынғандар: Ағраф, 37-189-190-191-198, Юсуф, 106-108, Ибраһим, 28-30, Ғанкәбұт, 25, Әнғам, 71-136-139, Хаж, 12-13-73, Нахыл, 56-75-76-86-88, Каһф, 102, Мариям, 81-82, Фурқан, 3, Юнус, 17, Ғанкәбұт, 68, Исра, 56-57, Ниса, 50-52-117, Нәжім, 19-25, Мәйда, 60, Тәубе, 1-5.

Пара алғандар: Бақара, 275-276, Әли-Ғимран, 130, Ниса, 161, Рум, 39.

Перғауын: Бақара, 49-50, Әли-Ғимран, 111 Ағраф, 103-137, Әнфәл, 52-54, Юнус, 75-92, Һұд, 96-97-98-99, Әнғам, 6, Исра, 101-102-103, Таһа, 24-40-43-72, Мүминун, 45, Шұғара, 10-11-18-19-20-21-34-42-49-53-54-55-56-57-58, Нәміл, 12, Қасас, 3-4-5-6-8-9-32-38-39-40, Ғанкәбұт, 39, Сад, 12, Мүмин, 23-46, Зүхруф, 46-55, Дұхан, 17-31, Қаф, 12, Зариат, 39-40, Қамар, 54-55, Хаққа, 9, Муззаммил, 15-16, Нәзиғат, 17-18-19-20-21-22-23-24-25, Буруж, 18, Фәжір, 10.

Перғауынның әйелі: Қасас, 9.

Р

Рамазан: Бақара, 185.

Расс халқы: Фурқан, 38, Қаф, 14.

Рия: Бақара, 246-264, Ниса, 38.

Рух: Әли-Ғимран, 145-185, Әнғам, 70, Ағраф, 28, Исра, 85, Әнбия, 35, Ғанкәбұт, 57, Лұқман, 34, Сәжде, 9, Хаққа, 8-25-27, Инфитар, 1-5, Шәмс, 1-10

Рухбандар: Тәубе, 31-34, Хадид, 27, Мәйда, 82, Нұр, 36-38.

Рум: Рум, 2-3-4.

С

Сур: Әнғам, 73, Таһа, 102, Ясин, 51, Зумәр, 68.

Сүлейман (ғ.с.): Бақара, 102, Әнбия, 78-79-81, Нәміл, 15-16-19-27-38-40, Сәбә, 12, Сад, 30-32-35.

Сүт аналар: Бақара, 233.

Соғыс: Бақара, 156-158-168-191-193-200-216, Ниса, 71-76-77-84-90-91, Әнфәл, 49-65-66, Тәубе, 20-24-29-38-42, Зумәр, 10, Фуссилат, 34-35.

Соғыста Алланың көмегі: Бақара, 124-125, Әнфәл, 9-13-43, Тәубе, 26, Ахзаб, 9-25, .

Соғыстан қашу: Әнфәл, 15-16.

Соғыс тұтқындары: Әнфәл, 67-71, .

Соғыста бұзақылар: Ниса72-73-88-91, Тәубе, 38-57-81-84-86-89-91-96-111, Ахзаб, 9-21.

Сафа: Бақара, 158.

Салих (ғ.с.): Ағраф, 73-79, Һұд, 61-68, Шұғара, 141-259, Нәміл, 45-53, Қамар, 23-31, Шәмс, 11-15.

Самири: Taha, 87-88-95-96.

Сәбә патшайымы: Нәміл, 29-34-42-43.

Сабыр: Бақара, 45-153-155-157-177, Әли-Ғимран, 15-17-200, Нахыл, 126-128, Taha, 130, Хаж, 34-35, Қасас, 54-79-80, Ғанкәбұт, 58-59, Лұқман, 17, Мүмин, 55, Қаф, 39, Муззаммил, 10, Инсан, 24, Бәлад, 17, Ғасыр, 1-3.

Сабиилер: Бақара, 62, Мәйда, 69, Хаж, 17.

Садақа: Бақара, 83-177-261-268, Әли-Ғимран, 15-17, Ниса, 36-114, Мәйда, 32, Ахзаб, 58, Хужурат, 11-12, Мағариж, 24-25, Муддасир, 44, Фәжір, 16-20, Бәлад, 12-17, Ләйл, 17-21, Мәғун, 1-3, Кәусәр, 3.

Сиыр қиссасы: Бақара, 67-68-69-70-71-72-73.

Сарандық: Әли-Ғимран, 180, Ниса, 37-128, Тәубе, 34-35, Исра, 29-100, Фурқан, 67, Фатыр, 32-33-41, Хадид, 23-24, Хашыр, 9, Тағабун, 16, Мағариж, 15-16-17-18, Мұхаммед, 36-37-38, Қалам , 17-33, Хаққа, 34, Тәкуир, 24, Фәжір, 18, Шәмс, 10, Ләйл, 8-9-10-11, Һумәзә, 4, Мәғун, 3.

Сенбі күні: Бақара, 65, Ниса, 47, Ағраф, 163, Нахыл, 124.

Сәлем: Юнус, 9-10, Рағыд, 24, Мариям, 62, Әнбия, 102, Уақиға, 26, Әнғам, 127, Әнфәл, 61, Фурқан, 63, Ахзаб, 44, Зумәр, 73.

Самуд: Хаққа, 1-7, Зариат, 4346.

Самуд халқы: Ағраф, 73, Тәубе, 70, Һұд, 61-68-95, Рағыд, 9, Исра, 59, Хаж, 44, Фурқан, 38, Нәміл, 45, Ғанкәбұт, 38, Мүмин, 30-31, Қаф, 14, Нәжім, 50-51, Хаққа, 4-5, Шәмс, 11.

Сауаб және азап мәңгі: Бақара, 80-81, Әли-Ғимран, 24, Ахзаб, 64-65, Фуссилат, 28-29, Зүхруф, 74-78, Әнғам, 128, Һұд, 106-108.

Сижжин: Мутаффифин, 8.

Сидратулмунтаһа: Нәжім, 14-16.

Сиқыр: Бақара, 102-103, Фәләқ, 1-4.

Соғыста намаз: Ниса,101-103.

Соғыс мұғжизалары: Әнфәл, 5-12, Тәубе, 25-27.

Соғыста жеңіс: Әли-Ғимран, 13-110-111-121-128, Әнфәл, 19.

Сауда: Бақара, 198, Ниса, 29, Жұма, 10-11, Мутаффифин, 1-3.

Салықтар: Әнғам, 141, Әнфәл, 41, Тәубе, 29, Мүжадала, 13.

Т

Тайпалар: Ниса, 89-90, Хужурат; 13.

Таяммум: Ниса, 43, Мәйда, 6.

Топан су: Әнғам, 6, Хаққа, 11-12.

Тур: Бақара, 63-93, Ниса, 153-154, Ағраф, 171, Мариям, 52-80, Мүминун, 20, Нәміл, 29, Қасас, 46, Тур, 1, Тин, 1.

Тууа: Таһа, 12, Нәзиғат, 16.

Тубба халқы: Дұхан, 37, Қаф, 14.

Тәубе: Бақара, 160, Әли-Ғимран, 86-90-135-136, Ниса17-18-26-110, Мәйда, 39-40, Ағраф, 135, Тәубе, 104-112, Исра, 25, Мариям, 60, Фурқан, 70-71, Зүхруф, 25, Тахрим, 8, Буруж, 10, Зумәр, 54--59, Һұд, 3-5.

Тәуекел: Әли-Ғимран, 159, Ниса, 81, Мәйда, 11, Әнфәл, 61, Тәубе, 51-127, Юнус, 85, Һұд, 56, Фурқан, 58-75, Шұғара, 216-217, Нәміл, 79, Ахзаб, 3-48, Зумәр, 36-38, Мүжадала, 10, Тағабун, 13, Талақ, 3, Мүззаммил, 9.

Тәурат: Әли-Ғимран, 3-4-48-65-93, Мәйда, 43-44-46-110, Әнғам, 157, Тәубе, 111, Әнбия, 105, Мүмин, 54, Ахкаф, 12, Саф, 6, Жұма, 5.

Түс жору: Юсуф, 43-46-47.

Талақ әйелдер: Бақара, 228.

Талақ: Бақара, 229-230-232-237.

Туыс: Бақара, 27-83-177-180-215, Ниса7-8-11-33-36-135, Мәйда, 106, Әнғам, 152, Әнфәл, 41, Тәубе, 113, Рум, 38, Ахзаб, 6, Фатыр, 18, Шура, 23, Мұхаммед, 22, Хашыр, 7, Мүмтахина, 3, Хаққа, 35, Бәлад, 15.

Тәлкек қылу: Хужурат, 11, Һумәзә, 1.

Тәкәппарлану: Бақара, 34-87, Ниса, 36-172-173, Мәйда, 82, Әнғам, 93, Ағраф, 13-36-40-48-75-76-88-133-146-206, Тәубе, 25, Юнус, 75, Ибрахим, 21, Нахыл, 22-23-29-46, Әнбия, 19, Мүминун, 46-67, Нұр, 11, Фурқан, 21, Қасас, 39, Лұқман, 7-18, Сәжде, 15, Сәбә, 31-32-33, Фатыр, 43, Саффат, 35, Сад, 74-75, Зумәр, 56-60-62, Мүмин, 27-35-47-48-57-60-76, Фуссилат, 15-38, Жәсиә, 8-31, Ахкаф, 10-20, Хадид, 23, Мұнафиқун, 5, Нұх, 7, Мүддассир, 23.

Тартысу: Ниса, 59.

Темір: Хадид, 25.

Тіңізшілік: Юнус, 22, Исра, 66, Лұқман, 31, Зүхруф, 12-13.

Тағұт: Бақара, 256-257, Ниса, 51-60-76, Мәйда, 60, Нахыл, 36, Зумәр, 17.

Тақуа: Бақара, 177-189, Мәйда, 87, Ағраф, 26, Тәубе, 17-18-107-109, Фурқан, 72-76, Қасас, 55-83, Рум, 30, Ахзаб, 35, Зумәр, 33-34, Мағариж, 15-35, Бәйина, 5.

Талақ-ажырасу: Бақара, 225-228-233-236-237-241-242, Ниса19-21, Ахзаб, 49, Талақ, 1-2-4-7, Мүжадала, 3-4.

Талут: Бақара, 247.

Табук жорығы: Тәубе, 38-39-81-83-90-96-102-117-118, Хадид, 7.

Тура сөз: Ниса 9, Ахзаб, 70, Нәбә, 38.

Теңдік-теңсіздік: Бақара, 245-247-253, Ниса, 95, Мәйда, 100, Әнғам, 50-83-165, Ағраф, 69, Рағыд, 16-26, Исра, 30, Әнбия, 109, Қасас,

82, Ғанкәбұт, 62, Рум, 37, Сәбә, 31-39, Фатыр, 19-22, Зумәр, 9-22, Мүмин, 58, Фуссилат, 34, Шура, 12-27, Зүхруф, 32, Уақиға, 3, Мүжадала, 11.

Түнгі намаз: Исра, 79, Зумәр, 29.

Түс: Юсуф, 5-43-100, Исра, 60, Саффат, 105, Фатх, 27.

Тұтқындар: Әнфәл, 67-68-70-71.

Тәкәппарлану: Ниса, 36-172-173, Нахыл, 23-29, Исра, 38, Сәжде, 15, Зумәр, 60-72, Мүмин, 35-76.

Таразыны тура тарту: Әнғам, 152, Ағраф, 85, Һұд, 84-85, Шұғара, 182, Рахман, 8-9.

Тамақ және азық-түік: Бақара, 168-172-173, Әли-Ғимран, 93-94, Ниса,160, Мәйда, 1-3-4-5-87-88-93-96-118-119, Юнус, 59, Нахыл, 66, Хаж, 28-30.

Тазалық: Мәйда, 6, Әнфәл, 11,Муддассир, 4.

У

Уәдеде тұру: Бақара, 27-40-63-80-83-84-93-100-124-177, Әли-Ғимран, 76-77-81-183-187, Ниса, 21-90, Мәйда, 1-7-12-14-70, Ағраф, 102-134-169, Әнфәл, 72-74-75, Рағыд, 20-25, Нахыл, 91-95, Исра, 34, Мариям, 78-87, Мүминун, 8-9, Зүхруф, 49, Фатх, 10.

УҺұд соғысы: Әли-Ғимран, 120-122-140-144-155-162-165-166-168-172.

Умра: Бақара, 158-196.

Узайр: Тәубе, 30.

Уахи: Бақара, 2-4-97-118-213, Ниса, 163-165, Әнғам, 79-91-93, Юнус, 47, Юсуф, 109, Рағыд, 7-38, Исра, 2-21-95, Лұқман, 27, Мүмин, 70, Шура, 51, Ләйл, 14-16.

Ұ

Ұрлық жасау: Мәйда, 38, Юсуф, 73-74-75-76-77.

Ұсыныс: Бақара, 186, Хаж, 63-33-72, Талақ, 7.

Ұйқы: Зумәр, 42.

Ұзза: Нәжім, 19-20, б. 527.

Ү

Үкімет басқару: Бақара, 30, Ниса, 59-83, Әнғам, 165, Юнус, 14, Taha, 29, Нұр, 55-62, Нәміл, 32-34-37-62, Қасас, 34, Сад, 26, Зумәр, 75, Фатыр, 39, Мүмин, 26-28, Шура, 38, Хашыр, 7, Мүмтахина, 12, Тағабун, 16.

Үйлену: Бақара, 129-221-230-232-235-237, Ниса, 3-6-19-22-25-34-127-128-129, Мәйда, 5, Нұр,

3-32-33-60, Қасас, 27, Ахзаб, 30-37-49-50-52-53, Мүмтахина, 10.

Үйлерге кіру әдебі: Нұр, 27-28.

Үйлену: Бақара, 129-221-230-232-235-237, Ниса, 3-6-19-22-25-34-127-128-129, Мәйда, 5, Нұр, 3-32-33-60, Қасас, 27, Ахзаб, 30-37-49-50-52-53, Мүмтахина, 10.

Үйлерге кіру әдебі: Нұр, 27-28.

Үміт-үмітсіздік: Юсуф, 87, Хижр, 55-56, Рум, 36-37, Зумәр, 53.

Үмметтер: Бақара, 158-213, Ағраф, 34, Юнус, 19-47-49.

Үкім: Ниса 35-65, Мәйда, 41.

Ф

Фарайз (мирасты бөлу): Ниса, 7-12-19-33-176, Әнфәл, 72-75, Бақара, 180-182-233-240, Мәйда, 106-108.

Фитна: Бақара, 102-191-193-217, Әли-Ғимран, 7, Ниса 91-104, Мәйда, 41-49-71, Әнғам, 25-53, Ағраф, 27-155, Әнфәл, 25-28-39-73, Тәубе, 47-48-49-126, Юнус, 85, Һұд, 83-90-121, Әнбия, 35-111, Хаж, 11-57, Нұр, 63, Фурқан, 20, Нәміл, 47, Ғанкәбұт, 2-3-10, Ахзаб, 14, Сад, 24-34-63-82, Зумәр, 49, Дұхан, 17, Зариат, 13-14, Қамар, 27, Хадид, 14, Мүминун, 97-98, Мүмтахина, 5, Тағабун, 15, Қалам , 6, Жын, 17, Нұх, 21, Буруж, 10.

Х

Харун (ғ.с.): Ниса163, Әнғам, 85, Ағраф, 121-142-150, Юнус, 75, Мариям, 53, Taha, 25-35-64-70-90, Әнбия, 48, Мүминун, 45, Фурқан, 35, Шұғара, 14-47, Саффат, 113-119.

Хаққа шақыру тәртібі: Бақара, 187-258, Әли-Ғимран, 20-61-66, Ниса, 107-109, Әнғам, 2-25, Ағраф, 103-171, Әнфәл, 34-37, Әнбия, 51-73, Хаж, 3-8-9, Шұғара, 69-89, Ғанкәбұт, 46, Лұқман, 20, Мүмин, 35, Исра, 53, Мүжадала, 1.

Хаман: Қасас, 6-38, Ғанкәбұт, 39, Мүмин, 23-24-36.

Ханиф (Мууаххид): Бақара, 135, Әли-Ғимран, 67-95, Ниса125, Әнғам, 79-161, Юнус, 105, Нахыл, 120-123, Рум, 30, Бәйина, 5.

Харамдар: Нахыл, 115.

Харам айлар: Тәубе, 1-5-36-38, Бақара, 194-211, Мәйда, 2-97.

Хабарлар: Ниса, 83, Ахзаб, 60-62, Хужурат, 6.

Хаж: Бақара, 158-189-196-200-203, Мәйда, 1-2-94-95-96, Хаж, 25-27-29.

Хижр халқы: Хижр, 80.

Харут және Марут: Бақара, 102.

Хасад: Фәләқ, 1-5.

Хауарилер: Әли-Ғимран, 52-53, Мәйда, 11-113, Хадид, 27, Саф, 14.

Хайбар жеңісі: Фатх, 1-15-19-20.

Хайуанат: Ниса118-119, Әнғам, 38-142, Нахыл, 5-8-66-69-79-80, Хаж, 28, Мүмин, 79-80, Зүхруф, 12-13.

Хәндәк соғысы: Мүминун, 9-25, Буруж, 4-8.

Християндар: Бақара, 62-111-113-116-120-135-140, Әли-Ғимран, 55-61-67-69-73-75, Мәйда, 14-15-17-18-47-51-69-72-73-82-85, Тәубе, 30-31-34, Юнус, 69, Мариям, 37, Зүхруф, 65, Хадид, 27.

Хикмет: Бақара, 269.

Һұд (ғ.с.): Ағраф, 65-72, Һұд, 50-60, Шұғара, 123-140, Ахкаф, 21-25.

Һұд халқы: Һұд, 89.

Һұдайбия келісімі: Мүмтахина, 12, Фатх, 1-24.

Хунайн соғысы: Тәубе, 25-26.

Хунайн күні: Ниса, 25.

Ш

Шөл тұрғындары: Тәубе, 90-97-98-101-120, Нас, 11, Фатх, 11-16, Хужурат, 12-16-17.

Шақыру: Нахыл, 125.

Шәһуаттар: Әли-Ғимран, 14.

Шаһидтер: Бақара, 154, Әли-Ғимран, 169, Ниса, 69.

Шайтандар: Бақара, 102, Ниса 118-119-120, Ағраф, 8-10, Хижр, 16-18, Нахыл, 98-100, Исра, 27-53, Каһф, 50-51, Мариям, 68-72, Фурқан, 29, Фатыр, 6, Ясин, 60-62, Саффат, 6-10, Фуссилат, 25, Зүхруф, 37-39, Мүжадала, 10, Хашыр, 15-16, Мүлк, 5.

Шайтанның қуалануы: Бақара, 34, Ағраф, 11-12-18, Хижр, 28-36-40-42, Сад, 71-85.

Шайтанның ғайып хабарларды ұрлауға тырысуы: Хижр, 17, Саффат, 7-11, Мүлк, 5, Нәбә, 8-10.

Шайтан және адам: Ниса 118-119, Ағраф, 27-30-200-202, Ибраһим, 22, Нахыл, 99-100, Исра, 61-65, Нұр, 21, Ғанкәбұт, 38, Сәбә, 20-21, Фатыр, 5-6, Сад, 62-71-85, Фуссилат, 6, Зүхруф, 36-37-38, Мұхаммед, 25, Мүжадала, 19, Хашыр, 16-17.

Шарап: Бақара, 215-219, Мәйда, 90-91, Мұхаммед, 15.

Шапағат ету: Бақара, 255, Ниса, 85, Юнус, 3, Мариям, 85, Таһа, 109, Әнбия, 28, Сәбә, 23, Мүмин, 18, Зүхруф, 86, Инфитар, 19.

Шиғра жұлдызы: Нәжім, 49.

Шиһаб (ағатын жұлдыздар): Хижр, 17-18, Саффат, 10, Мүлк, 5, Жын, 8-9.

Шұғайыб (ғ.с.): Ағраф, 85-88-90-92, Һұд, 84-91-94, Шұғара, 177-178.

Шүкір: Бақара, 52-56-152-158-172-185-243, Әли-Ғимран, 123--144-145, Ниса 147, Мәйда, 6-89, Әнғам, 53, Ағраф, 10-17-58-144-189, Әнфәл, 26, Юнус, 22-60, Юсуф, 38, Ибраһим, 5-7-37, Нахыл, 14-78-114-121, Исра, 3-19, Әнбия, 80, Хаж, 36, Мүминун,

78, Фурқан, 62, Нәміл, 19-40-73, Сад, 73, Ғанкәбұт, 17, Лұқман, 12-14-31, Сәжде, 9, Сәбә, 13-15-19, Фатыр, 12-30-34, Ясин, 35-73, Зумәр, 7-66, Мүмин, 61, Жәсиә, 12, Ахкаф, 15, Қамар, 35, Уақиға, 70,

Шіркеу: Нас, 40.

І

Ібіліс (қара. Шайтан):

Іріткі салу: Бақара, 11-12-27-30-60-205-220-291, Әли-Ғимран, 118, Мәйда, 32-33-64, Ағраф, 56-74-85-86-103-127-142, Әнфәл, 73, Тәубе, 47, Юнус, 40-81-91, Нұд, 85-116, Юсуф, 73, Рағыд, 25, Нахыл, 88-92-94, Исра, 4, Кahф, 94, Әнбия, 22, Мүминун, 71, Шұғара, 152-183, Ғанкәбұт, 30-36, Рум, 41, Сад, 28, Мүмин, 26, Мұхаммед, 22, Фәжір, 12.

Ішімдік: Мәйда, 90.

Э

Экономикалық әділет: Хашыр, 7.

Ю

Юнус (ғ.с.): Әнғам, 86, Юнус, 98, Саффат, 139-148, Қалам, 48, Әнбия, 87-88.

Юсуф (ғ.с.): Әнғам, 83, Юсуф, 4-7-8-10-11-15-16-18-19-23-26-29-31-33-35-37-42-45-46-47-50-52-55-56-58-62-69-70-76-77-84-85-87-89-90-92-99-100, Мүмин, 34.

Я

Яғқуб(ғ.с.): Бақара, 133-136, Әли-Ғимран, 84-93, Ниса163, Әнғам, 85-88-96-98, Мариям, 49, Әнбия, 72, Ғанкәбұт, 27, Сад, 45.

Яук: Нұх, 23.

Яжүж-Мәжүж: Кahф, 94-97, Әнбия, 96.

Яғус: Нұх, 23.

Яһуди: Бақара, 62-75-80-88-91-96-100-104-111-113-116-118-120-135-140-146-159-174 Әли-Ғимран, 21-23-24-52-54-67-78-112-181-184-199, Ниса, 46-51-55-60-105-107-109-151-153-157-159-161-163, Мәйда, 18-41-45-62-64-68-69-82, Әнғам, 90-114146, Ағраф, 156-159-169, Тәубе, 30-31-34, Нахыл, 118, Мариям, 37.